

Ақыш Мақсұтхан Тирмизиұлы

АҚҚУ АҚ ЕРКЕМ – АҚҚУ ӘУЕНІМ



Қарағанды 2019

ББК 34,8

УК 675

А.

АҚЫШ Мақсұтхан Тірмізінұлы

А – Аққуым ақ еркем – аққу әуенім. Қарағанды баспасы 2019. – 441 бет.

ISBN

Автордың тәлім-тағылымдық тәпсірге негіздеп жазған кітабы көпшілік оқырмандарға арналған. Тарихи оқиғалар дәлелді деректерімен құнды. Жаушы шығармасының тілі шұрайлы, оқуға жеңіл.

ББК 34,8

УК 675

ISBN

М.Т.АҚЫШ, 2019.

Қаламгердің бұл кітабында әр жылдары жазылған, туған ел мен жер, тіл мен діл, ілім мен білім, кісілік пен адамгершілік, көркем табиғат пен тылсымға толы дүние мәселелері алма-кезек, өзара тығыз байланыста қарастырылған. Шығарма шұңғылынан ұстаздық ұлағатқа, басты басымдықтар бұйырылған.

Мақсұтхан Тирмизиұлы Ақыштегі

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кентінде 1948 жылдың 19 ақпанында жарық дүние есігін ашқан. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмәмдап, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, аталмыш оқу орнын 1971 жылы бітіріп шыққан. Керней ауылындағы мектептерде 50 жыл шамасында ұстаздық қызыметте. Өлекетанушы-қаламгер. Діни-ислами ілім-білімге ден қойған. Мәскеу, Астана, Алматы, Түркістан қалаларынан білім-ілімі тәжірибе алмасып қайтқан. Көне жәдігерлерді зердесіне тоқып, оларды зерттеп білуге құштар. Жер аралау, тауға шығу, төл тарихты түгендеу оның сүйікті іс-әрекеті. Жергілікті «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, аудандық Бұқар жырауға арналған «Заман-ай» этно-фольклорлық, поэтика-саздық ансамбілінің көркемдік жетекшісі болған. Музей құндылықтарын құру мәселесінде қыруар күш-жігерін, ғылым-білімін жұмсаған Бүкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген «Физика сабақтары – 88» ғылыми – әдістемелік Фестиалына қатынасқан. Республикалық «Мастер – класс» журналының 2009 жылғы №8(44), №9(45), 2011 жылғы №1(61), №2(62), №4(64)... сандарында және басқа да түрлі деңгейдегі басылымдарда статьялары жарық көрген.

«Бейіндік оқыту-әдістемелік, психолого-педагогикалық проблеманың бірі» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2006), «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2007), «Аймақтық білім беру сапасын арттырудың қазіргі білім беру технологиялары» (республикалық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2008) кітаптарында ұстаз еңбектері жарық көрген. «Физика в школе» (6. 87), «Воспитание школьников» (3. 89) атты Одақтық журналдарда, «Учитель Казахстана», «Орталық Қазақстан», «Сарыарқа» газеттеріне статьялары шыққан.

Сабақ үрдісінде заманауи технологиялық-техникалық құралдарды, көрнекілік материалдарды қолдану, зертханалық жұмыстарды жүргізудегі

тәжірибесі, шеберлік-шындалу сабақтары аудан, облысы, республика физика мұғалімдерінің семинарларында, конференцияларында, педагогикалық оқуларында таратылған. Ұстаздың оқушылары физика пәнінен аудандық, облыстық олимпиаданың жүлдегерлері. Көптеген шәкірттері физика пәні мұғалімі мамандығын сәтті игерген.

«Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атында өткен жыр мүшәйраның Доскей Әлімбаевты атындағы жүлде иегері (17.05.2007). Журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып (19.11.2010), поэзия жанырындағы ерекше қабілеті мен ой мазмұндылығы үшін I орын алған. «Алтын қалам – 2016» Республикалық әдеби байқауына қатысып, поэзия жанры бойынша III-і нәтижеге қол жеткізген. «Кұс жолы», «Бақыт құсы», «Жернейдің әулие бұлағы», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу акеркем – аққу әуенім», «Ақындар – ақ періштелер аспандағы», «Аймағанбет қажы және оның заманы» т.б. шығармалардың авторы.

Көркем өлеңнің тууы да жаратылыс құбылыстарына тән. Сондай бір ғажап миятты мезет, шабыттың шалқары шалқыған таңғы шақта, ғайыптан түйсік түрткен сәулелі сезімдердің әдемі кескін түзіп, ой-кербезге айналуы – ақын шеберлігінің айғағы. Ә дегеннен-ақ әрбір өлеңі көңілдің күйіндей қабылданғанмен арғы түпкірінде ықылымдық сырлармен, тылсым дүниемен астарласып жататынын аңғарасың. Таразының бір басына нәзік лирика, екіншісіне өмірдің дүрмегі мен пәлсапалық қисыны тең тартылғандай, жүрек тебіренісіне әсемдік әлемін әкеледі.

Қорша айтқанда, автордың кітаптары ел, жер, тарлан тарих, айтулы адамдар мәселелерін қамтиды. Елін, жерін сүйеге, патриот болуға, салауатты өмір сүруге, қазақы асқақ болмысқа, биік адамгершілік қасиеттерге оқырмандарын тәлімдейді, тәрбиелейді. Сондай-ақ, шығармалары таудай талапқа жүгініп, бармақтай баққа ұмтылуға, асыл арманға жету жолдарын келешек ұрпаққа аманаттайды.

Жылдарға созылған педагогтық, шығармашылық, қажырлы еңбегі ескеріліп, Білім және Ғылым министрлігінің, облыстық білім беру департаментінің, аудандық-ауылдық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталған. Солардың біреуін ғана мысал ретінде келтіріп кетейін: ««Почетная грамота» – Оргкомитет XXV областных педагогических чтений награждает Акишева М.Т. за педагогическое творчество и новаторские подходы к организации учебно – воспитательного процесса. В. Каменский. Караганда 1991.» «Аудан ардақтылары» (2008 жыл), «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітаптарында М.Т.Ақыштегінің есімі ұлықталған (2017 жыл). «Бұқардан бүгінге дейін» атты антологиялық жинақтан М.Т.Ақыштегінің өлеңдер топтамасы өз орнын тапқан (2018 жыл).

Қазақстан журналистер Одағының, республикалық Педагогикалық қоғамның, Қарағанды облысының оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Аға мұғалім» атағының иегері (1989 ж.)

КІРІСПЕ

*Бисмиллаһ сөз бастайын бабам құсап,
Бабаға тартқан болмас балаң ұсақ.
Алайын ақ батасын жырымды айтып,
Ағайын ашқан кезде маған құшақ.*

*Туған елге бас иіп сәлем бердім,
Мейірімін төгетін анам құсап.
Балаң ем өнер жолын ерте құған,
Елім деп атқа мініп, белді бұған...*

Ақыш Мақсұтхан Тирмизиұлының «Аққу ақ еркем – аққу әуенім» атты шығармасында оның өмір турасындағы, туған жер мен келер ұрпақ жөнінде әңгіме-өлеңдері енген. Қарапайым мектеп мұғалімі өзінің жүрек тебіренісін өлең сөзбен өрнектеп, жастарды шыншыл да әділ болуға, мұсылмандық қағидаттан алшақтамай, ұлттық болмыс-бітімімізді қаперінен шығармай дұрыс жол таңдауға үндейді. Өлең-сөздері ойлы, тілі шұрайлы, зерде-санаға қонымды. Қиналған кездегі жан күйзелісі, жүрек сыздап, бауыр езіліп, бас ауыр тартып жатқан уақытта да уайымға салынбай, өзін-өзі сергек ұстап, ой қуатын жегіп, жоғары адами көзқарасынан жаңылмай, жанына серік еткен жыр дестесін қымыздай сапырып, ішкі толғанысы мен көңіл толқуын өлең-сөзбен өрнектеген.

Өлең-сөздері аса мәнді, кең тынысты, терең мағыналы, оқырман қауымға сан-салалы ой салып, рухани нәр беріп, намысты оятып, ақ пен қараны ажыратып, адами ұғымнан мақұрым қалмай, көзді бадырайта ашып қарап, оның мен солыңды дұрыс бағдарлауға бастайды. Ұлытжандылық пен патриоттық сезімді қозғап, өз ұлытының қадір-қасиетін ұғынып, ұлыттық бояудан, үрдісіміз бен ата-бабадан ұрпаққа ғасырлар тізбегінен мирас болып келе жатқан ізгі қасиеттерімізді һәм қастерлеуге жастарды шақырады.

Туған жер, Отан ана, сұлу табиғат туралы... жазған өлең-сөздері де көкірекке ән әуенін таяп әкеледі, қанды қайнатады, намысты шындай түседі. Әсерлі де әсем, табиғаты сұлу, тарихтың тар жол тайғақ кешуін сақтап жатқан тау шыңдары, көлеңкелі орманы мен жанға жылу беріп, көңілді сергітер сазды бояуға малынған, көздің жауын алардай келбетті туып-өскен аймағын асқан шабыт, өтімді бір терең тебіреніспен толғайды.

«Өмір жоқ қой, өмір жоқ қой мәңгілік, өте шығар өзегінді талдырып», - деп ақын Сырбай Мәуленов жырлағандай, адам баласы мынау жарық дүниенің аз күндік қонағы екені белгілі. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр жөнінде өлең-сөздерде түсінік шынайы да көркем суреттелген.

Осынау еңбекті жазу үшін жазушы Семізбұғы тауынан бастап Қу, Қарқаралы, Шет, Алатау, Қаратау, Қазығұрт, Балқантау, Баянтау, Қызылтау, Сарытау, Далба тауларын аралап, өр Алтайдан ару Атырауға дейін зерделеп, жолшыбай кездескен қариялармен сұқбаттасып, үлкен-кішіден дерек-дәйек

жинаған. Жер-су, ел-жұрт, өнер-білім, иман-парасат мәтінді кітаптарды оқи отырып, аймақты зерттеп, Керней төңірегіндегі жер-су атауларын жаңғыртқан.

Ой-арманын жүзеге асыру үшін Мақсұтхан Тирмизиұлы: Семізбұғыдан 100 жасар Ақылбектің Қамидасы, Таяқбай Шәкірұлы; Ақжардан Ахмедия (Ақтай); Алғабастан Екпінтай Әкішұлы, Сәби Бақшиұлы, Айтқожа Шәйкенұлы, Мұсаның шешесі; Кернейден Жылгелді Жаманбайұлы, Нұрғайша Саманбек келіні; Ботақарадан Айтбай ақын, Құрмет Бұқпанұлы; Қарағандыдан Бәтім Аймағанбет қажы келіні, Серік Ағыбайұлы т.б. тұлғалармен сан мәрте кездесіп, шығармашылық еңбекке шабыттанған.

Жазушы шығармаларында қазақтың әсем табиғатымен ел азаматтырын өзара тығыз байланыста қарастырып, олардың ұлттық, бірегей болмыстарын баяндауға өнерін дөп салған. Қазақты бұлақтай мөлдір, қайындай сымбатты, ақкудай пәк, сандуғаштай өнерлі, жылқы мінезді, кең даладай дархан етіп көрсетуге тырысқан.

Қорыта айтқанда, ақын жүректі азаматтың күндіз тыным таппай, түнгі ұйқысы шала болып, жан-тәнін толықтай беріп жазған бұл кітабы өзіне ғана тән үнімен, өзіндік ой-толғамымен, жүректі сыздатып, көңіл-күйді толқытарлық әсем әуезімен, қомақты да қонымды тағылымдылығымен, ой-өрісінің өрімді өрелігімен қатар тілінің түсінікті де қарапайымдылығымен құнды деп есептеймін.

Айтбай Жұмағұлов айтулы ақын, ұлағатты ұстаз.

Бұл еңбегімді жер шарындағы барлық әз аналарға арнаймын!

Ана тілі.

Нәресте ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жатады деймсіз ғой. Осы уақыт толымдалып, нәресте жарық дүниеге шығатын сәт таянып қалады.

-Ал енді бірінші әлем, құрсақ әлемінен шығып, екінші әлемге, жер бетіндегі қоғамға барасың, - дейді Ана нәрестеге.

-Мұнда маған өте жақсы! Еш қайда да менің барғым келмейді. Адамдар қоғамына барып, мен олармен қарым-қатынасты қалай жасаймын? Қиын болады. Оларменен сөйлесуді білмеймін, - дейді нәресте.

-Сөзді сөйлеп, кісілермен ортақ тілді тез-ақ табысып кетесің. Қоғамдық ортада саған атап айтарлықтай қиындықтар кездеспейді, - дейді Ана.

-Жоқ! Ол жерге бармаймын! Кісілердің өзара сөйлесетіні кімнің тілі? Ол жерде адамдармен сөйлесуді маған кімдер үйретеді? - дейді нәресте.

Әне-міне дегенше, әп-сәтте-ақ, Ананы толғақ өте қатты қысып, нәресте сұрағына жауап алып үлгермей, туып қояды. Ана құрсағында жатқанда да, жарық дүниеге келгенде де, өзара сөйлесетін, дидарласатын тіл – Ана тілі екен. Үш әлемде де балаға тілашар жан – Ана! Сондықтан да, қазақтың тілі әке тілі, ата тілі, баба тілі деп айтылмайды, ол Ана тілі деп ғана ұлықталады. Жоғарыда меңзелген үш әлем мынау: ана құрсағы, жер беті, жер асты. Тіл – адамдарды өзара түсіністіретін тірек-тетік. Қазақтың ТӨЛ ТІЛІ – АНА ТІЛІ!

I АҚҚУ АРМАН – АҚҚУ ӘУЕН



Мәпіш (Мария) Әмішқызы

Ана!

*Ана махаббаты алауынан,
Ана алақаны жылуынан.
Болмасам да затым ақын,
Жүректен тасыр толқын.*

*Ежелден, көк аспанда қыран еркін самғаған,
Жортып тұлпар, қазақ еркіндікке ұмтылған.
Үй шаңырағы биік, босағасы берік болып,
Ана, гасырдан гасырларға теңдікті аңсаған.*

*Гүлденген кең кербезді даламыздай,
Халқымның ұшан-теңіз санасындай.
Ана батыр, ел-жұртының ұйтқысы,
Көңіл-көші көл-дариядай, қонақжай.*

*Өмір силаған адамзатқа,
Ананың бар тілегі, жанұя амандығы.
Жер шарындағы халыққа,
Асқақ бейне, мүсіні жария даналығы.*

*Түн ұйқысын мың бұзған,
Жыламасын деп бөбектер.
Толғаныспен таң атырған,
Алаңдамасын деп сәбилер.*

*Қымбатты да аяулы, жан ана,
Әрқашан, жадымдасың бір өзің.
Қиырда жүрсем-дағы, қашанда,
Есімде жүреді, тілеулі бар сөзің.*

*Ақталмас Меккелік парызымыз,
Құдіретке толы, сол ананың сүті.
Сарқылмас сырлы сандығымыз,
Қасиетке толы, сол ананың тілі.*

*Жыр тербедім жүрегіммен,
Мөп-мөлдір, бұлақ суындай!
Шөлігіп келген сағыныштан,
Бала махаббатым, осындай!*

Ана сүті ақ, ата тілегі хақ

*Көл жағасыдна көк-құрақ,
Ана сүті ақ, ата тілегі хақ!
Баршаңа жақсылық сипап,
Аспандар ән тілінде қазақ!*

*Қоймауға басы артық сұрақ,
Тимесін десеңіз рухыңа мазақ,
Ұлы-қызы болып, тізе қосып,
Біз құрметтейік тілін қазақ!*

*Жұлдыздай жанар шам-шырақ,
Күшіне кірер құрғаған ақ бұлақ.
Ұлы-қызы болып, тізе қосып,
Жүз құрметтейік тілін қазақ!*

*Тарихымызды тұтып ардақ,
Түсірмейік ана жүрегіне салмақ.
Ұлы – қызы болып, тізе қосып,
Мың құрметтейік тілін қазақ!*

*Ұшы-қиыры жоқ, жерім байтақ,
Ақыл-парасаты мол, халқым асқақ!
Жұдырықтай жұмылып, ел болып,
Ешқашан жүдетпейік, тілін қазақ!*

*Болмасын жалғанда дозақ,
Ана сүті ақ, ата тілегі хақ!*

*Баланы еркелете-мәпелеп,
Оқытайық, тілінде қазақ!*

Аққу арман – аққу әуен

*Аққу арман, сен қандасың?
Арайлап атқан сұлу таңдайсың!
Аққу қаздар сондайсыңдар,
Махаббат көлін таңдайсыңдар!*

*Махаббат көлінде бақ-дәулет бар,
Көл төңірегінде сән-салтанат бар.
Салатанатты да дәулетті елде,
Өр өсиет, ұрпақтарға аманат бар.*

*Тарихи ақ керуенді жолға салып,
Қырдан қырлар асып кете береміз,
Талай ақ таңдарды қарсы алып,
Ақ армандарымызға жете береміз.*

*Аққу арман – даналыққа талпыныс,
Аққу арман – кеудеңдегі кең тыныс.
Кісіні жеткізбейтін шексіздіктегі,
Биік таудың шыңдарына ұмтылыс.*

*Аққу әуен құлағымнан кетпейсің,
Жан-дүниемді ләззатқа бөлейсің.
Аққу арман мәңгі жеткізбейсің,
Мен жақындасам өрге жөнейсің.*

*Аққу арман – аққу әуен,
Құлағымнан жыраққа кетпейсің.
Аққу арман – аққу әуен,
Көзімді үміттендірмей өтпейсің.*

*Бабаларымыз асқар тау болса,
Мен аласа гана төбе болармын!
Қазақ еліме, шұрайлы жеріме,
Жан-тәніммен адал қалармын!*

Для человека, который идет к достойной цели, возможно все. Пусть говорят, что Вы выбрали непростой путь в этой светлой жизни. Я уверен: продвигаясь по выбранному пути и открывая для себя новые возможности, Вы, в этой не простой жизни, добьетесь больших успехов!

II ӨТІНІШ - ӨСИЕТ

Би-исми-л-лаһи-р-рахмани-р-рахим – қайырымды, рақымды Алланың атымен.

Алла Тағала төрт пайғамбарға төрт кітап түсірді: Мұса пайғамбарға – Тәурәт, Дәуіт пайғамбарға – Зәбүр, Ғайса пайғамбарға – Інжіл, Мұхаммед пайғамбарымызға – Құран. Құран Кәрім – мұсылмандардың қасиетті кітабы. «Құран» сөзі арабтың «оқу» деген сөзінен шыққан. Жаратушы – Ұлы!!! ...

Жер жүзіндегі барлық зат атаулы төрт түрлі тектен тұрады: от, су, жел, жер. Оттан жылуды сездім. Судан тазалықты көрдім. Желден әуенді естідім. Жерден бақ-дәулетті түйсіндім. Жерім бар самалды, ен жайлау. Топырағы құнарлы, шөбі шүйгін. Құс ұшқан, аң жортқан. Қазағым бар сабырлы, кең пейіл. Жер тау-тастан тұрады. Тастар: алмаз, корунд, гауһар, лағыл, санбадат, асфар, зумруд, забржад, жақұт... Тау өсіп тұрған бәйтерк тәрізді тамыры бар. Тау неғұрлым биік болса, оның тамыры жер қыртыстарына тереңірек бойлайды. Алыстаған сайын тау биік көрінеді. Адам тауға ұқсайды. Уақыттың жылжыуымен тарихи тұлға асқақтай береді. Жақсыдан өнеге алатын дана халықпыз. Тарихтан тағылым алу біздің парызымыз. Келешек турасында көп ойлаған сайын, тағылымды тарихты көбірек білгің келеді. Тарихты білмей ел болашағын дұрыс бағамдай алмайсың.

Жерді қадірлеу, Елді құрметтеу, Отанды қастерлеу, Тәуелсіздіктің Туын құлатпау – жігер-жебемді жаниды, қайрат-қылышымды қайрайды, сана-семсерімді серметеді, тіл-тұлпарымды тулатады!

Жадыраған күн. Мөлдіреген аспан. Жұпар исті ауа. Қасиетті жұмыр жер. Мұз шынды тау. Толықсыған шалқар көл. Ұшы-қиыры жоқ, ұлан-ғайыр ұлы дала. Туып-өскен, ойнап-күлген ата мекен. Мамыражай, кең пейілді, ұлы халық. Кәусар бұлақтай сыңғырлаған қазақы үн, әуен, дауыс. Жұдырықтай ғана жүрегіме өзімше жарты әлемді сүйіспеншілікпен сыйдырғандаймын. Титімдей ғана түйсігіме жарты ғаламды сыйдырғандаймын. Жарты әлемім! Жаты ғаламым! Бір бүтін дүнием! Гүл – сұлулықтың сыйы! Өмір-өріс – жаратқанның тартуы! Келбетіне көңілі сай, мәңгілік ел! Биік мақсат-мұрат! Асқақ арман-тілек! Ұлағатты ұлық ұранға, өшпестей өмірлік өсиетке, қиянат кірбіңі келтірілмейтін аманатқа қайран да қайран қаламын! Арғы тегім Көкбөрі көк аспанға арқаланып қараған. Сонау көктүріктің керуені төбе төрінен көрінді тұлпарын тулатқан, дүниенің үш өлшем кеңітігін дуылдатқан, айбынды күш-қуатымен, абройлы іс-әрекетімен дұшпандарының мысын басқан, қасиетті елі мен қастерлі жерін қорғауда қаһармандығы асқан, шіркін-ай, қарға тамырлы, қара орман қазағым-ай!

350 түрлі, жеті түсті, он төрт реңді қазақы ою-өрнектер мынандай дүние танымдарын меңзейді: тағы аңдар, үй жануарлары, құстар және

өсімдіктердің көрінісі, геометриялық фигуралар мен ғарыштық фрагменттер әлемі.

Кіндік кескен, кіндік қан тамған жер қымбат. Тәрбиелеп өсірген ел қымбат. Адам шүйіркелесетін ана тілі қымбат. Жаратқанымыз жан иесіне бір мәрте ғана беретін өмір қымбат! Ең қымбат – Отан! Басыма өлім аждаһа төніп тұрса да Ұлы Отанымды сатпаймын! Арымды, намысымды және иманымды еш уақытта да, ешқандай бағаға да сатпаймын. Бұл үшеуіне бүкіл пұл-дүние байлығы жетпейді.

Мұхтар ағамыздың «Тас үгіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөз ғана, халқымызбен бірге жасап келе жатқан мұра сөзімді арзандатып алмайық» деген сөзін ұран ғып ұстап, тілімізді келер ұрпаққа дәріптесек, тіліміздің мәңгі жасары хақ.

Қарымды ми қауқарымен, қарулы қол қарымымен, әріптерді жік-жігіне келтіре, алтынды-күмісті, гауһар тасты құйма кірпіштер тәрізді, қиуластыра қалап, жазиралы жеріме, марғасқа еліме, мәңгілікке ой-сана ескерткішімді орнатқым келеді. Жүректен шыққан сөз жүректерге жететіндігіне кәміл сенемін. Сондықтан да, осынау қансонарлы хатымды сіздерге арнап, жазып отырмын. Айтылған сөз із-түзсіз жоғалып кетеді, желге ұшқан тозаң тәрізді, ал ақ қағазға, не болмаса, тақталы қара тасқа түсірілген ақ тебіреніс, хатталып та, жатталып та қалады – талай-талай зиялы тұлғаларды толғандырады, ал жарқын болашағымыз, жасампаз жастарға тарихымыздан, мәдениетімізден ілім-тәлім-тәрбие, сондай-ақ, тағылымдық тарту-жоралғыларға айналуы әбден мүмкін. Киелі кітап – аса құнды рухани азық, іздесең таптырмас асыл қазына, баға жетпес, зор байлық. Рухани дүниесіз адамның өмірі жұтаң, ғұмыры мәнсіз болмақ. Өз халқыма, еңселі еліме, жан-бауырларыма, сүйікті балаларыма, алтын асықтай немере-шөберелеріме өсиеттеп өтінерім: зираттағы құлыптасыма, төмендегі он алты түйін өлеңімнің бір-ер шумағын, айна-қатесіз, толған ай жарығында, көзге анық көрінетіндей түр-түспен (цвета), қазақы ою-өрнекте, мұсылмандық қағидаға сай келтіре, әдіптете-әшекейлетіп жазғызу...

*Күтті мені маңдайыма жазылған,
Қыл көпір өмір менен өлім жігіндей.
Мұны ойласам дір етеді нәзік жан,
Көктемде қылтиған өскін көгіндей.*

*Ұрпақтар гүл жайнасын деп,
Нұр халқыма айтамын өсиет!
Данадан жастарға дарысын,
Отан сүйгіштік ұлық қасиет!*

Отанға деген махаббат,

*Ошақ басынан басталады,
Өмірге деген махаббат,
Кісіні сүйумен расталады.*

*Қазағым! Ата-бабам сатпаған арын,
Төгіп жатыр өмірге мұңы мен зарын.
Ұрпақтар жалғастырып ізгі ниетті,
Біледі, болашақта өлмес өнер барын.*

*Сөнбейді жүрегімдегі өлеңнің оты,
Сайраған Сарыарқада мен бір тоты.
Туған жер, ел-жұрт, Отан дегізген,
Ақиқат туым болды арымның соты.*

*Өткен мына гұмырымды саралап,
Елім мен жерімді жырлап өтейін.
Қыран қанатты өмірімді даралап,
Құлыптас белгіні тастап кетейін.*

*Қайың, қарағай, тал-терек ектім,
Сана мен зердені жұптап жектім.
Табиғаттың тынысына тамсанып,
Айналама жүрек шуағымды септім.*

*Мұнарлы Семізбұғым, бұл бір дара,
Жері жұпар, ең жайлау, тауыма қара!
Самалменен тербеледі дариға дала,
Тұп-тұнық, мөлдір көздей көліме қара!*

*Күлімдеген күн көзім болды,
Аспандағы аққу-қаздар сөзім болды.
Ғарыш көкжиегінен қарағанда,
Тарпаң тұлпар-жорға төзім болды.*

*Фәни-жалғанға сыймадым,
Қалам-қағазымды жимадым.
Қандай іс басыма түссе де,
Кісіні жамандыққа қимадым.*

*Өмірім өтті күндей күркіреп,
Бауыр менен жүрек тұсынан.
Төрт тамшы жас боп іркіліп,
Төмен құлаған кірпік ұшынан.*

*Түбіме жетіп қуғыны мен сүргіні,
Өмірім өксіп, табылмағанда амалым.
Мәңгілік ұйқыға жатқан сол күні,
Көрпеңді аш туған жерім, жамалым.*

*Өмірімді арнадым қазақ еліне,
Ғұмырымды силадым гүл-жазира жеріме.
Ұрпаққа өшпес сөз қалдырсам,
Ғарыштан жеті нұр түседі менің көріме.*

*Сырым бар-тын бір үзік,
Еліміз жасайды мәңгілік!
Айтқаным, дүр шындық,
Ойда болмасын, еш күдік!*

*Мәңгілік елімнің күш-қуаты,
Ұлы көштің шаршамас аты!
Телегей-теңіз сан, қарыпты –
Тектіліктің шежірелі хаты!*

*Ата-баба тінін тұғырлап,
Даналықтың ділін берік ет!
Қазақ дәстүрін ғұмырлап,
Ананың асыл тілін серік ет!*

Туған жерге – жүрек тағызымы!

Биік шынға шыққан қарағай күндіз-түні желдің өтінде тұрады, күн шыққаннан бастап, батып кеткенінше оған нұр төгіліп тұрады. Сол айтылған шың басындағы қарағайдан алып, таза суға үш қайтара қайнатып, жүрек жылуымен домбыра жасаған керемет болад. Ол домбыраны күн көзіне тастасаң қаңсымайды, дымқыл жерде ісінбейді, оны тартсаң күндіз де, түнде де бұлбұлдайын сайрайды. Семізбұғы тауында, өкінішке орай, қарағай ағашы өспейді. Тау бір жерден екінші жерге көшпейді. Қазақтың кең-байтақ жерінде бұлбұл құстар сайрайды! Өнерлі қазаққа қыр қарағайынан жасалған домбыра жетпейді-ау, жетіспейді.

Өсімдіктер жер бетіне көбінесе желдің, құстың, анның арқасында тарайды. Бұл мәселеде адамның алатын орны айтарлықтай. Мен биолог-бағбан болмасам да, өмірімде көптеген бұталар мен ағаштарды әр жерде өсірдім. Белағаш тоғай белдеуінен қарағайдың тұқымын жинап, Семізбұғы алқабына сеуіп, азғана экологиялық міндетімді орындағандаймын. Іяк Жаратқан жар болса, Семізбұғыда да қарағай дәндері өскінін беріп, «Бал-қарағай» әні Қарақат пен Мәдинаның орындауында шырқалғандай, халыққа толағайлы әсерін береді деп ойлаймын.

*Айтар сөзім болса жүйелі,
Болған еді-ау ауылым түйелі.
Тарихқа үңіле білген кісіге,
Семізбұғы тауы, тасы киелі!*

*Жерді жайнатқан бал-қарагай,
Қысы-жазы жасыл, берігім-ай!
Қазаққа мәңгілікке жан-жолдас,
Ән-домбыра, қарагай серігім-ай!*

Семізбұғы-домбыра!

*Ассалаумағаликүм деп беріп сәлем,
Бисмилла деп ғылым, ілім дәмін ілем!
Сәлем сөздің атасы, сөз патшасы,
Асыл сөздің киесін бабалардан білем!*

*Туған жерге не жетсін мына жалғанда,
Жетпістен асып, қойдың жасы қалғанда?
Жүз ойланып, мың бір мәрте толғанып,
Құран кітабын таң ата қолыма алғанда!*

*Құран кітабын оқып көп жасағандаймын,
Рухани азығымды молынан асағандаймын!
Тарлан табиғаттың құпияларына үңіліп,
Теңіз тәрізді толқындап тасығандаймын!*

*Семізбұғы тауының шыңы,
Ауданның ең жоғарғы нүктесі.
Кеншілер күшінің тыңы,
Еңбек қаһармандарының кестесі.*

*Туған жерім тұғырым,
Сенсіз жоқ қой менің өмірім.
Туған елім ән-жырым,
Таусылмас, менің гұмырым.*

*Домбырада екі шек, бір тиек,
Пернеде билейді көп саусақтар.
Сайраймын, тілде жоқ сүйек,
Ақ пейілді адамды ел ардақтар.*

Домбра дегенім, менің кием,

Қоңыр даусына басымды ием.
Дала мен аспанды бусантар,
Қазақ халқының өнерін сүйем.

Домбыра қайда, тез әперсеңші,
Күйді тыңдайын тау бұлағындай!
Керемет әуен келіп тұр құлаққа,
Көктем күнінің таңғы шуағындай!

Домбырамды жанымнан тастамаймын,
Өлең өркенімді сенсіз бастамаймын.
Қайран домбыра, сайран домбырасыз,
Әндерді еш уақытта да қоштамаймын.

Тау жаңғырығын домбырадан естимін,
Тау шыңына көтерілуге қамданғанымда.
Көгілдір көгімді кереметтейін көремін,
Ғалам ғаламаттарына тамсанғанымда.

Ой домбыра, сөз домбыра, күй домбыра,
Қазақты, ұрпақты ұлықтап қырға өрлет.
Үн домбыра, жан домбыра, сыр домбыра,
Тарих пенен болашақты жырлап төрлет.

Домбырам Семізбұғы деп сөйлейді!
Семізбұғы дегенім – Отанның бір-ақ нүктесі.
Тағдырдың теңізіне кім қалай бойлайды?
Туған жер – жастық шақтың әдеп, бүкпесі.

Болмысым жақсы өлеңді қалайды,
Алыстан естігендеймін саз-сырнайды?
Елін сүйген сазгер өз туындысын,
Туған жеріне, Ұлы Отанына арнайды!

Мың отырып, мың жүріп, мың бір жүгіріп,
Еркіндіктің алтын бесігін тербеткендеймін.
Айналама көз жүгіртіп, нұр нүктеге үңіліп,
Шабыттың ақ тұлтарын терлеткендеймін.

Қарағайдан қара домбыра шапқанымда,
Сыр, саз, жыр, ән, күй домбырам сайрайды!
Жазық далаға, асқар тауға қарағанымда,
Шалқар шабытымды қайрақтай қайрайды!

*Аталар шешпеген дау жоқ,
Адамдар шықпаған тау шыңы жоқ,
Маңдай тер жерге сіңгенде,
Жемісін бермейтін бау-бақша жоқ.*

*Өлкелі өмірім өтті ұстаздықпен,
Темір төске темір балға ұрғандай.
Қайда жүрсем, қайда барсам да,
Шәкірттер жанымда тұрғандай.*

*Ғалам ғұмырым ұзарды тәрбиешілікпен,
Майыстырмай тал-шыбықты өсіргендей.
Бала дедім, дала дедім, арман қала дедім,
Ілім-білім-ғылым керуендерін көшіргендей.*

*Семізбұғы мен үшін сен қандайсың?
Басынан бұлт аспас зор таудайсың!
Семізбұғы мұнарланған сондайсың,
Қарағайы аралас бақша-баудайсың!*

*Тағдырыма тәубешілік келтіріп,
Еліммен, жұртыммен шарықтаймын!
Өткен өміріме ризашылық білдіріп,
Туған жер, ұлы Отанды ұлықтаймын!*

Қайратты қайраған қасиетті қағыба

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Алланың құдірет-қарымы шексіз. Мұхаммед (с.ғ.с.) – зажайып бір қасиет иесі. Адам – Алланың құлы. Адам –Пайгамбардың үмбеті.

Ұлыттық, діни құндылықтар негізгі мәдениет деген болмыстық қабаттардың жүйесі, асыл арнасы. Құндылық егер өзінің тұтынушысы тарапынан қажетсіз болса, оның сәні де мәні де жоқ. Құндылықтарды керегіне жарататын адам, отбасы, қоғам, мемлекет.

Жоғарыда айтқанымдай, құндылық өз алдына таным, тәжрибе, қор, қазына. Енді оны қажет ететін адам да сол жүйені игеруге итермелейтін, оған байланысты санасы мен жауапкершілік сезімі. Демек, басты мәселе орталығы адам баласы. Қазаққа «қазақ болмысын сақтауға» деген ниет, байланыс қуаты және жауапкершілік қажет.

Құдайдың құдіретінде, мүмкіндігінде шек жоқ. Алла Тағала бар әлемді алты-ақ күнде жаратты. Жан иелеріне жеті кат жерді, жеті қабат көкті сый қылды. Табиғатты әсем, тіршілік әлемін көркем етті. Жаратқанымыз бір

мезетте бәрінде көреді, естиді, сезініп біледі. Алла тарапынан еш кімде, еш нәрседе ескерусіз қалмайды. Жан иелері ішінен адамға ерекше сымбат-көрік, ақыл-ой және пайым-парасат берді. Алла Тағала Адам баласына мынандай кереметтей қасиеттерді келтірді: көруіне – көз, естуіне – құлақ, сезінуіне – жүрек, жүруіне – екі аяқ, еңбектенуіне – екі қол. Қазақ жадысын (адамның есте сақтау мүмкіндігі) жеке алып қарасақ, не нәрсе ой елегімізге оралады? Жыр-дастанды домбырамен сүйемелдеп, нақышына келтіре, ән сазымен тұздықтай отырып, таңды таңға тіреп шырқау деген қандай ғажап мүмкіндік? Бұл дегенім таңқаларлық, адам нанғысыз құбылыс: жыр мәтінін, ән әуенін, күй кереметін бір-ақ рет естіп қана, жүрекпен сезініп, жүректен жүрекке жеткізіп, жаңылмастан жатқа шарықату. Мұндай мүмкіндік: бірінші – Алланың шексіз құдірет-қарымы, екінші – адамның қабілет-қарымы.

Адами қарапайым түсінігімізде туған жерден ыстық, жанымызға жақын жер жоқ тәрізді. Ұзақ уақытқа алыс жерге кетсек өсіп-өнген жерімізді аңсаймыз, сағынамыз, түсімізге де кіреді. Дегенмен де, жер бетінде ерекше қасиетімен, ерекше сипатымен дараланатын жерледің бар екендігіне күмән келтіруге болмайды. Ол жерлердің адам нанғысыз, күнделік түсінігімізге симайтын, таңғажайып әсері айқын көрінеді. Адам баласының болмысына, ағзасына, оның психологиясына ықпалы байқалады. Адам болғандықтан, көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң, өз сана-сезіміңмен түйсінбегендіктен, айтылған әңгімеге иланбайсың. Мысалы, мұндай жер мұсылмандар үшін – Мекке-Мәдина. Мекке-Мәдинаның шынайы бет-бейнесін, керемет-келбетін сөзбен суреттеп адам баласына жеткізу әсте мүмкін емес тәрізді. Меккеге барып келген адамның өзі де Мекке тылсымын толығымен түсіндіріп бере алмайды деп топшылаймын.

Тау шыңына шынар шыққан, төбе бетінде көде көктеген, жаз жайлауын төрт түлік жайлаған, көк майса, шөбі шұрайлы да шүйгін жерім-ай! Аққу үнді, сұңқар сезімді, тұлпар текті, жаны жайсаң да жомарт елім-ай! Сайран жерім – жұмақ төріндей! Қайран елім – жәннат піріндей!

Атыраудан Алтайға дейін, Қаратаудан Теріскейге дейін керіліп жатқан, ұлан-байтақ, жасыл-желекті қазақ жері! Осынау жалпақ та жайлы мекеннің бір пұшпағына, осы күнгі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарасты Мыңбұлақ (Алабас), Тасбұлақ, Ұзынбұлақ, Қызылшал, Ақжар, Шідерті, Өлеңті... өлкелерінде көбіне-көп Бабас баба ұрпақтары қоныс тепкен. Буырлы айғыр мен буырлы биеден тараған Бабас баба жылқылары жүріске жайлы, мініске мәйда, сүйегі серпімді. Бабас баба жылқыларының сүті мен етті құнарлы.

Тасбұлақ қорымынан Бабас баба мәңгілік мекенін тапқан. Кен дала, мөлдір көл, таза ауа, еркін өмір адамның бойына ерекше күш-қуат құяды. Көне дүниенің көзіндегі үнсіз жатқан қорымның маңы теңіздей толқыған гүл-майса, айнадай жарқыраған көк айдынды көл іспетті. Айналасында балғын құрақтар жайқалып, өсіп тұр. Құстар түрі көп-ақ екен. Құстың төресі аққу да көл бетінде ақ қанатын керіп баяу қалқиды...

Көп жылдар бойына ел аралап, жер көріп жүріп, табиғат әлемімен етене араласып кеткен бабам, жер-су атауларының тарихын, жайылым, өзен-көлдердің шаруашылыққа тиімділігін өте жақсы білген. Шежіреге жүйрік, сөзге шешен, «Қариялардан қалған қазына ғой» деп тереннен тербеп, терме тиегін тарқатқанда – көкірегі көк кербездің, даусы дархан даланың құпиясы мен тылсымына, тарих-теңізі толықси толқындатып тұрғандай тегеурінділіктің сезіміне куәгері боласыз. Көкірегі ояу, санасы сұңғыла, көзқарасы айқын, бір естігенін ұмытпайтын, сөз сарасы өнеріне тұлпар сынды тұлғаны, кең даладаның төсінен кезіктіргендей кейіпке кіресін.

Дүние дүрмек аспанында құстың қос қанаты іспетті, ой мен зерде бірдей қимылдауы қажет. Егер де екі қанаттың бірі қағылмай қалса, ой-ұшақ, зерде-зымыран Жер бетіне құлап түседі. Дүние-болмыстың бір қанаты – дін-дария, діни тұжырымдардың жүйесі, ал екіншісі – ғылым-ғалкия, ғылыми тәжірибелер мен зерттеулердің нәтижесі. Таңғажайып (сверхестественный) құбылыстарға дін толығымен, бұлтарыссыз жауап береді. Табиғи (естественный) заңдылықтарға ғылым жан-жақты дерек-дәлелін жеткізеді.

Күйеуіне әйелі аманат. Әйеліне күйеуі аманат. Ата-анаға балалары аманат. Жер мен ел ата-бабалардан ұрпақтарына қалған, жеткен аманат. Дін ілімінде – аманатқа қиянат жасауға болмайды! Аманатқа қиянат жасау – күнаға белшеден бату! Жер мен елге, табиғат ана мен адам баласына қиянат қылмайық, бөлінбес бауырларым, қаһарман халқым, ардақты адамзат! «Сұлулық әлемді құтқарады» дейді қазақта. Қырмызы гүлден табиғат тамашасын түйсінеміз. Қылықты қыздан сұлулық сымбатын сезінеміз. Табиғат тамашасына, слулық сымбатына не жетсін, шіркін!

Қазақта «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Туғанында көрмеген, өлгенінде жыламайды», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Қызым үйде, қылығы түзде» тәрізді өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарап отырсаңыз бар мәселе отбасынан басталатынын байқаймыз. Ұлт тіршілігінде, болашағында отбасы ең басты алтын орда.

«Қызға қырық үйден тыйым» деген сөз ол бүгін, ұлтқа қырық бәледен, қатерден сақтану деген. Сондықтан ұлттың, қазақ мәдениетінің баяндылығы да болашағы да қыздарымыз бен аналарымыздың жауапкершілігінде жатыр.

Отбасылық құндылықтардың орталығы – ана. Алдымен осы тұғыр туралы ойлағанымыз орынды. «Ел болғың келсе, бесігіңді түзе» деп қазақ бекерден бекер айтпаған ғой. Ана рухани құндылықтарды ұрпақ болмысына сіңірсе, ата сол ұяны сақтаушы, қорғаушы болуы тиіс.

Қызын силамаған ел, анасын бағаламаған үйден береке-бірлік кетеді. Береке-бірлік – жанұяның қайырлы құты. Құты қашқан елдің арасында құрмет, бауырластық, силастық, махаббат, ізет, жауапкершілік, сонымен қатар, иман байлығы қайдан болсын? Қызға қамқор, қызға қалқан болу ол қазақтың басты ұлттық парызы екендігінде дау бар ма?

Дінді қолданып, тағы сол қазақтың қызын мазақ қылып, тастап кетіп, «жігіттік сөзін» аяқасты еткендерді, онысын тағы да шарифатпен ақтап кетіп жатқан «жігіттерді» естіп, қазаққа келген «жұт жеті ағайынды» екен деген ойда қаласың. Себебі бұл құбылыстың астарында надандық, білімсіздік, жауапсыздық деп аталатын нәпсіқұмарлық пен ойсыздық ойраны жатыр. Азғындық атаулының шегі жоқ. Бірақ азғындықтың басы қазақта оның анаға, қызға деген көзқарасы мен таным түсінігінен бастау алады.

Сондықтан қазақ қыздарынан тілерім, сен тілдің де, сен ділдің де, сен ұлттың да, сен құндылықтың да орталығысың. Өзің кешегі аталар жолы тарихының көзісің, жанпидалық пен ерліктің де негізісің. Сондықтан бүгінгі қазақ қыздары пәктікті сақтау саған серт, ал сендерді қорғау жігіттерге серт! Ант ішпеске амал қалмады, басқа жол жоқ.

Адам болғандықтан айналаңа қарайсың, төңіректегі табиғатқа тамсанасың, несіне жасырайын, қызға да көзіңнің қырын тастайсың. Мұндай сәтте көзіме оттай басылатыны, қазақтар аса сымбатты да, өте сұлу келетіндігі. Мен сізге қазақ қыз-келіншектерінің ішкі-сыртқы сұлулығын тіліммен айтып, сөзіммен толғап, жеткізуге тырысайын. Ару қыздардың сүйкімділігі ақ қағазға маржандай ғып, тізіп жазған, сезімді селт еткізер, түйдек-түйдегімен жібектей төгілген, жан-дүниені толқытатын, сазды өлеңнің сырлы шумақтарындай. Көзіне қарасам – мөлдіреп, ерініне қарасам – үлбіреп, жүзіне қарасам – таңғы күндей арайланып, гүл тәрізді құлпырып тұрады, сондайын сыбатты да сұлу қыздар. Қазақ қызының аппақ мойнына қарасам – құтты бір алтын ренді, мөп-мөлдір көлдің шетсіз-шексіз айдынындағы аққу-мойынды құстың келбетін көзімнің алдына келтіреді. Ал қазақ қызының ішкі жан-дүниесін тіл түгілі, сөз түгілі, саз әуенімен де, би қимылымен де мен сізге жеткізе алмаймын. Қазақ қызының қылығы – сансыз сұрақ, жұмыр жұмбақ, құлыптаулы құпия.

Қазақтың кең жазығында да, аласа қырында да, биік тауында да қырмызы, қырық түсті, қырық ренді гүл шоғырлары кезігеді. Мұндай жердің жастары гүлдей құлпырған, қор қызындай қырмызы болмақ. Қыздың бет әлпеті қаншалықты қылықты болса, оның бар болмысы, жан сезімі, кәусардай тұнжыраған мінез-құлқы мінсіз келеді. Сондықтан да «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деп, қазағым тегіннен-тегін, жайдан-жай айтпаса керек. Міне, қоршаған ортаның қасиетінен қазақ қызының келбеті, қазақ қызының сымбаты, қазақ қызының сұлулығы толған айдай көрінеді. Ал ибалы, инабатты, ишратты қыздың пәк көңілімен, шын пиғылымен, бар өнерін салып пісірген еті, тәбетті ашып, бал татымай қайтсін?

Қазақтың ет тағамдары – оның сан дәуірлік болмысы. Қазақ малдың, мимандостықтың, имандылықтың арқасында ел болып, жұрт болып, адамзат атаулыға сөзі өтетін халық болып отыр. Қазақтар бір-бірімен кезіккенде «Ассалаумағалейкүм»-ді айтқаннан кейін «Мал-жан аман ба?» деп сұрайды, сонан соң барып, сәлем салысады, қол алысады, құшақ жая төс қағыстырады. Адал ас адамның арқауы. Тағамсыз тыныс жоқ. Біріншіден

Алланы, екіншіден малды, үшіншіден жанды сауын қыламыз. Яғни, бірінші – тақуа, екінші – тағам, үшінші – тыныс.

Қазақ қонақтарына етті астауға үйемелете толтырып кең дастарханға тартады. Дастархан ортасына қойылған астаудағы тағамды реттеуші кісі сүйектерді мүше-мүшесімен алып, етті өткір пышақпен әйбеттей, жапырақтай турап, бас-омыртқа-жамбасты... дәреже-құрметіне, даңқ-абройына қарап, шеңберлей днжелене жайғасқан меймандардың қолдарына ұстатады. Туралған ет толы табакқа тұздық құйып, үлкен, құрметке лайықты кісі бастап, қалғандары жас-жастарына қарай ілесе қостап, дәруменді дәмді әдеппен, бес саусағымен алып тамақтанады. Осыған мен қайран қаламын. Мұның қандай мән-мағанасы, сыры бар деп ойлаймын.

Қазақтың «ет дегенде, бет бар ма?», дейтіні бар. Қазақтардың бірінші тағамы, ең қадірлі асы – ет. Етті мол асу – кеңдіктің белгісі. Қазақтың жері қандай ұлан-ғайыр болса, оның көңілі де кең-байтақ. Асты бір астаудан жеу – теңдіктің белгісі. Қазақтар бірін-бірі кемсітпейді – теңдікті тереңінен түсінеді. Тағамды бес саусақпен алу – бірліктің белгісі. Бірлікте беріктік болатынын әрбір қазақ бесікте жатып-ақ сезінеді. Дастарханға үйеме табак ет тарту – іріліктің белгісі. «Ірілік» ұғымы нағыз қазақ үшін, жылқы мінезді қазақ үшін, құрыш болаттан құйылған, күн алтынмен күптелген, айбатты да, қайратты да, қуатты да, алып самұрық құстың тау тұлғасы тәрізді. Неліктен қазақ жерінде жүтірген жылқының тұяғы тозады, ұшқан құстың канаты талады? Оның себебі қазақ жерінің келісті көлемінде. Жер үсті – дүр-дарынды, бақ-берекелі адамдардың бірлігі. Жер асты – сан-сөрелі, тас-текшелі кендердің ірілігі.

*Көктемнің, жазың, күзің, қысың бар,
Уақыт төреінің аттар адымы нар.
Имандылық белгісі, кісіліктің үлгісі,
Парасатты адамдарға қымбаты ар.*

*Жаңа айдың жайлап жатқаны,
Кісі жанындағы жайсыздық нышаны.
Сақалды қарияның көзі қырауда,
Ертеңгілік күн аязды таңның атқаны.*

*Сақылдаған сары аяз бетті қариды,
Мұндайда дене мұздап, тәнің ариды.
Қысқа деп жем-шөп дайындамасаң,
Өрістегі мал қандай шөпке жариды?*

*Қалайша басарсың сен алға,
Жем мен шөп болар ас малға?
Жас кісінің көңілі көншір ме,
Рухани күшті алмаса жалға?*

*Я, Құдайым, Құран сөзі жанатым,
Мұхаммедтің сүннеті қос қанатым.
Он сегіз мың галамды жаратушы,
Алла деп танып, бір Өзіңе сыйынамын.*

*Біздер, бүгіндері қилы-қилы қиялардан аттап жүрміз,
«Іллолаһ Мұхаммед Расуллах» сөзін жаттап жүрміз.
Мұсылманның ардақты да мейірбан тау тұлғасы деп,
Мұхаммед есімді пайғамбарға салауат айтып жүрміз.*

*Тіршілікте таусылмай сан гажабымыз,
Қырлардың астында қалсын азабымыз.
Намазға барша жамағатты шақырып,
Төрт құбылага тарасын, рух азанымыз.*

*Иманға берік болып жан-тәніміз,
Исламмен жарассын жыр-әніміз.
Бүгінгі ниет-тілегіміз қабыл боп,
Алла нұрымен сәулеленсін сәніміз.*

*Мәңгілікке ашық болып көк аспанымыз,
Биік белестер болсыншы әрі асқанымыз.
Исламға иланып бүкіл галам адамдары,
Иманды бола берсін кәрі-жастарымыз.*

Өткенге салауат

**«Өткендерін ескерген - өскендіктің белгісі,
Өткендерін ұмытқан - өшкендіктің белгісі»**

Халық нақылы

Ерте кездерде әр ауылдың, әр елдің сөзін сөйлеп, намысын қорғайтын, рухын көтеретін білгір де білімдар қариялары көптеп кісі көзіне түсетін. Олардың жүрген жерлері түйткілді мәселелерді тарқатудан бастау алып, аламан айтыс, той-думан, өлең-жырмен жалғасатын. Өзін өзгенің орнына қоя білетін, өзінше өмір сүретін адамдар – құт адамдар, ал өзін өзгенің орнына қоя білмейтін, өзгенің ойымен өмір сүретіндер – дат адамдар. Құт адам – ел ішіне келген бақ. Дат адам – ел өзегіне түсер дақ. Құт-берекесі, бақ-дәулеті бар жұрт өсетін ел. Дат-сызаты, бас бұзары бар жұрт өшетін ел. «Аллаға тіл кезеген, пайғамбарға тіс қайраған, кісіні кемсіткен адам да, қоғам да, мың бір бөлеге шұрайды, заманы тозып, қайырылмас құрдым құдығына құлайды», - деген екен Аймағанбет қажы.

«Ұстаз – жол беруші. Ұстаз – жол сілтеуші. Ұстаз – жол көрсетуші.»

Аймағанбет қажы

Жас кезінен-ақ адами асыл қасиетімен, ислами имандылық рауанымен, ілім-білімге құштарлығымен ерекшеленген, Алланың ақ жолын ақида жол ретінде бағдарлаған, ғұмырына ғұмыр қосыла келе төбе ақсақалға айналған, қазналы қарияны, дала академигі десек болмай ма? Елі силайтын, сөзі өтімді, жұртқа жағымды, көңілі кіршіксіз таза, тірілігі телегей-теңіз адамды жолықтырғаныңда бір жасап қаларың айдан анық болар? Мұндай адамды кезіктірсең көңілің көтеріліп, оған сүйсіне де, қызыға да, таңдана да қарайсың. Жылы жүзді, жайсаң мінезді, келбеті келесті, парасат-паймы кір тасындай салмақта, кісіні көргенінде өз-өзіңнен масаттанып та, марқайып та, мамражайланып та қалмайсың ба? Алыс-алыс аралықтарды аралаған, көптің көзін көрген, саналының сөзін саралаған көнекөз қариялар елдің ақылманы, жұрттың жанашыры, көркем кісінің киелісі емес пе? Қазыналы қарт жазып қойған хатпен тең. Көсем келбетті кісіден бас бармақтай базарлық байқалады. Ойы орамды, зердесі заңғар, қалауы қарымды адам елінің ертеңін бағдарлайтын тұғырлы тұлға. Дүниеде өзінің бір күнгі қызығы мен қарнын тойдыруды ескерер адамдар да бар. Ұрпағының, жұртының, елінің қамы мен қарымын ойлайтын азаматтар да болған, өкінішке орай, бола да бермек. Мысалы, дүйім жұрт сөзін тыңдап, пікіріне құлақ асқанды абыз, ауыл-аймаққа әмірі жүретінді ақсақал деп әспеттеп атайды. Ал елдік сананы қалыптастыра алмай, ауыл күйбеңінің шырғалаңында жүрген адамдар шал санатында. Қазақтар қарттарын бірінен-бірі биік келетін үш топқа бөлген:

1. Көже қариясы, өзімшіл қария, яғни құлқынынан басқа ойлары жоқ.
2. Ақыл қариясы, ойлы қария, ол өзінің төңірегіндегілерге, мейлі туыс болсын, мейлі бөтен болсын, тіпті онымен бірінші рет кездесіп тұрған бөгде адамға өзінің білген ақылын айтуға дайын.
3. Бата қариясы, қазыналы қария, яғни оның тілегі – «Батаменен ер көгереді, жаңбырменен жер көгереді» негізінде. Мұраты – жақсы арман-мақсат.

Ауылда, жұрыт арасында қадірлі, ел ертеңін ойлаған тұлға Аймағанбет қажыда да соңғы екі қасиеттің болғанын, елді таңдандыра, көзі қырақты, сөзі шырақты адамдар осы күнге дейін айтып отырады. «Көре-көре көсем, сөйлей-сөлей шешен боласың» деген халық даналығы бар емес пе? Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. «Аймағанбет қария бата жасап, «Келешекте үміт күтер, елдің ақылшысы болуға лайықсың» деп Сәдуге үкілі үміт артқан еді» деп Шопанай ақсақалдың маған айтқаны бар-тын. Ол үміті ақталып, Сәдуге көрегенділікпен берген ақ батасы шындыққа айналған. Сәду өз заманында елге елеулі, халқына қалаулы, сөзге шешен азамат болған. Ел басына күн туған тұста, қазақта, екінің бірі сарбаз саналады, үштің бірі ақын аталады,

төртін бірі шешенше шешіледі, бестін бірі көсем көрінеді, білектісі батыр, жүректісі жаужүрек, ақылдысы ақылман болады.

Рух екі дүние жаратылмас бұрын Алла тағалаға: «Сен – менің иемсің, саған ғана ғибадат етем!», - деп ант берген. Мінекей, осы серт сәті – барша болмыстың басы, алтын қазығы, тұғыр тасы. Болмыс тұрағың – көркем мінез, иманды ісің. Ынта-ықылас, көңіл-күй, ілім-ғылым, тіл-діл бәрі жинақталып бір Жаратқанға, оның шынайлығына, оның бір ғана екендігіне сенуде жатса керек.

Діл дәрменін ұғынған – тілі өткір абыз. Дін ілімін мида тоқыған – аузы дуалы ақсақал. Рухы биік, парасаты мол – қазыналы қария. Пешенесіне берген, білімді діндар – тағыдыр сыйы. Ескі сөз. Есті сөз. Аталы сөз. Ата-баба шежіресі. Әлімсақта қаншама тарих жатыр. 2000 жылдың арғы-бергі тарихы. Тонакөктен бастау алған тарих. Бергіден 28-дің кәмпескесі, 37-нің кесірі, 41-дің қасіреті, 86-ның қаһары.

Қазақтың болмысында, қазақтың бойында, қазақтың ойында тіл, тарих және тәуелсіздік деген тәу етерлік, алтын тұғырлы ұғымдар, қадір тұтарлық сөздер бар. Сөз қадірі – өз қадірің. Сөз қадірін білген жан естігенін жадында сақтайды да оны өзге адамдарға жырдай қылып жеткізіп жүреді. Сондықтан ұрпақ сабақтастығынан сөз сабақтастығы туындайтыны түсінікті. Осылайша шынайы шайырлық сөз, түрен тарих тәпсілі қалыптасады. Өз аузыңнан, өз топырағыңнан тараған тарих боямасыз, бұрмесіз, бүкпесіз тарих – шынайы тарих. Шет жұрттың, шет елдіктердің, бөгде бөспелердің жазған тарихы жасанды, құртиқы, басқаша сипаттағанда, саяси сұрқия тамырлы тарих болуы әбден мүмкін. Заман зымырап, уақыт ұзап, ұрпақтар жалғасады, ал табиғи құбылыстар күш-қайратын көрсете береді. Дүние құбылып тұра бермек. Ата-баба жері қала бермек. Елін, жерін, тілін, ділін және дінін сүйе отырып, оларды әспеттеу қасиетіміз де бар. Тіл – қасиет. Дін – құдірет. Тәуелсіздік бақыты тәуеклге түскендерге бұйырады.

Дархан даланың ауызша тарихнамасы мен терең тамырлы тарихи деректерді сабақтастыра қарастырғанда түрлі тарихи ақтандықтардың түйіні тарқатылады. Дегенмен де, ел тарихын тиянақтау үшін шетел ғалымдарына шынтақты тірей беру теріс әрекет. Шет мемлекет ғалымдары қазақтың шынайы тарихын шын жүрегінен жазбауы әбден мүмкін. Олардың өзіндік орамды саясаты төбе астында тұруы ғажап емес. Төл тарих өз ана тіліміз арқылы ұрпақтан ұрпаққа қазыналы қарияларымыз арқылы беріліп отырған. Төл тарихымыздың қайнар көзі халықымыздың жадынан бастау алады, бұлақ тәрізді адамға өмірлік нәрін сыйлайды. Тарих сахнасынан 1465 жылдан бастап «қазақ» ұғымы көрініс берді. Осыған байланысты арғы-бергісін тәтпіштемей-ақ, қазақ тарихын 1465 жылдан бастап алсақ, сол 550 жылдың ішінде түрлі-түрлі, қилы-қилы дүрмекке толы дәуірлер қазақ халқының басынан қаздай қалықтап өтті. Адам басында бәрі де болады – өрлеу де, құлдырау да, құлау да, тұру да, жақсы да, жаман да. Қазақ елі бойынша, 1931 – 1953 жылдары Кеңес Одағындағы ресми саясатқа, асыра сілтеуге, пәрменді пікірлерді айтқаны үшін 3 миллион 777 мың адам ату

жазасына кесілген, 2 миллион 369 мың адам 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге тоғытылған, 705 мың адам жер аударылған. Аймағанбет қажы да қан сонарлы Үкіметтен теперіш көргендердің қатарынан. Бұл күнде (2019 жыл) жер бетіндегі 193 мемлекеттің бірі Қазақстан. Қазіргі уақытта шет елдерде 5 миллионнан астам қазақтар тұрады. Кезінде сол қазақтардың көбісі қуғын-сүргін құрбандары қатарынан саналған. Орта есеппен алғанда, халқымыздың саны 18 миллион. Қазақтың тарихында зұлмат, қасірет болмағанда біз әлдеқайда көп болар едік.

VII ғасырдан бергі уақытта діни ақуал қазақ жерінде, ел арасында кеңінен етек жая бастады. Дін – ұлы сенім. Дін – ғылым анасы. Сенім – адамзаттың тірегі. Ана – тіршіліктің жүрегі. Ислам – Аллаһ Тағаланың хақ діні. «Ислам сөзі – «амандық, есендік, мойынұсыну, берілу, бағыну» ұғымдарын меңзейді. Өзіміздің мәсхабымызды ұстанатын болсақ, мәдени құндылықтарымызды сақтай аламыз. Мәдениеттен айырылу – ұлттың жоғалуы. Ислам хадистерінің бірінде «Адамдардың ең қайырымдысы – ілім үйренетін және үйренгенін үйрететін адам. Дінімізден бір сөз үйреніп, оны басқа біреуге үйрету – мың рет қажылыққа барудан да сауапты» делінген. Мұхаммед пайғамбар: «Дұрыс жолдан адасқан адамды қайта дұрыс жолға түсірген адам менің жанымда», - деген екен. Дұрыс жолдан адаспай жүргенге не жетсін, ардақты бауырларым.

Түн де, күн де, үн де ортаға, оның ішінде, адам болмысына да әсерін үздіксіз тигізіп тұрады. Дала тәрбиесі... Дана тәрбиесі... Бала тәрбиесі... Даланың түні бар. Дананың күні бар. Баланың үні бар. Даланың дауылы бар. Дананың даңқы бар. Баланың даусы бар. Даладан баланы кездестіресің. Даладан дананы кезіктіресің. Даладан ананы іздестіресің. Арман канатыңды қағып, дала көгін кезіп, аспан кеңін сезіп, дананы да, ананы да, баланы да сағына, гүлдің жұпарын, ауаның самалын, таудың шыңын іздейсің. Тәрбиенің қақ төрі, тәлімнің нақ төресі сағыныштан екендігін сезінесің. Жолды мол жүрген кісі көппен кездеседі, көпшілікті көреді. Білімге құштар адамдардың сауалы біткен бе? Білмегенінді көп жүрген, көпті көрген кісіден сұра. Сан сауалыңа сусының қанарлық, бір басқа жетерлік, тұшымды жауап алуың ықтимал. Ұстаздық қасиет, шынайы ғылым, тәлімдік ілім – қазыналы қарияда!

Ел араладым. Жер көрдім. Қызыққа тоймадым. Толассыз қонаққа шақырған жерлерден қалмауға тырысып бақтым. Ел-жұртым барынша сый-құрметін аямады. Арда халқым әр уақытта ақ дастарханын жайып, қас төрдегі орынын ұсынып отырады. Һақ Жаратқан нәсіп етіп, көптеген шақырымдарды жаяу да, түрлі көліктермен де, жүріп өттім. Қариямен де, жаспен де тең дәрежеде дәмдес, сырлас, мұңдас бола білгендеймін. Қара сөздің көлікті көшін қадірледім. Әсерлі сөздің әлемін әспеттедім. Дана сөздің дариясын дәріптедім. Поэзия – сөз перизаты. Ән – әуен падишасы. Күй – саз патшасы. Әдебиет әлемін, тарих тағылымын, білім-ғылым ғаламатын бағалайтын шешендер көбіне-көп маған қарап, көңіл қоя, ілтипат көрсете сөйлейді. Неге маған қарап айтасыз дегенімде ол дариялар, алдын-

ала өзара келісіп алғандай, «Сіз сөзді зейін қоя тыңдайсыз» деп, жауаптарын келте, қысқа қайырады. Қазақтың тілі жазиралы даладағы түрлі-түсті гүлдер тәрізді, кең кеңістіктегі сән-салтанатты серілер іспетті аса бай да, өте шұрайлы. Түрік қоғамының, қоғамдастығының ар төрі, нар өрі бүгінгі қазақстан территориясында тұғыр тапқан. Түрік тілінің, түрік киімінің заңды мұрагері – қазақ халқы. Бұл дегенім, өрімді де өрісті түрік тілінің, өркенді де өрнекті түрік киімінің қарым-қалыпын қазақ халқының ойынан да, бойынан да байыптап байқаймыз. Бүгінгі күні қазақтың лексикондық қоры 1 000 000 сөз және сөз тіркестерінен тұрады. Қара сөзде қарқын бар. Әсем сөзде сәуле бар. Дана сөзде қарым бар. Маржан тастардай түзілген сөздер, пәрменді поэзия, әсем әндер, кербез күйлер үкілі жүректен үлбірей шығып, найзағай отындай ұшқындайды. Сүбелі сөздердің шексіз әлеміне кірсем, хаттанамын. Пәрменді поэзия есігінен қарасам, шаттанамын. Әсерлі ән бесігінде тербелсем, бәрін айтта бірін айт, бір кезде ғарыш шексіздігіне аттанардаймын. Кербез күйдің ендігіне енсем, бір әлем биігінен екінші әлем биігіне көшкендеймін. Құран кітабын зерделей оқып, пайғамбарлар хадисін миға тоқып, ғылымның терең тұңғығына түсіп, ой-зерде кереметіне кетіп, білім-ғалам-ілім кеңіне сыймайтындай кейіпке кіргендеймін.

Айшықтап айтқанда – ұстаздық жұдырықтай жүректен бастауын алады.

ІІІ ӘБУ ХАНИФА МӘЗҒАБЫ

VII ғасырдан тарала бастаған Ислам X ғасырдың соңында қазақ жерінде құрылған мемлекеттердің ресми діні деңгейіне дейін көтерілді. Исламның Әбу Ханифа мәзһабының дін, қоғам мәселелерін шешуде Құран, шарифат үкімдерімен қоса жергілікті халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін де ескеруі секілді ерекшелігі Орта Азияның көшпелі тұрғындары, соның ішінде, қазақ халқы үшін де ұтымды болды. Осы ерекшеліктің негізінде бүгінге дейін біз Исламның Ханафи мәзһабын ұстанамыз және Ислам қазақ халқының дүниетанымы, дәстүр-ғұрпымен үндесіп, сан ғасырлар бойы қазақ мәдениетімен тұтасып, ұлыт тарихының ажырамас бөлігіне айналды. Ислам – ата-бабаларымыздың тарихи таңдауы. Себебі, біз тарихымызды зерделей, саралай отырып, Исламның қазақ ұлыттық болмысы мен мемлекетінің қалыптасуына, мәдениеті, әдебиеті, өнеріне, жалпы дүниетанымына қосқан зор үлесін айқын байқай аламыз. Ұлы даладан тарих сахнасына шыққан дана тұлғалар мен ұлағатты ұстаздардың діни танымы өте кең болды. Олар діннің қыр-сырын меңгеруде Ислам әлемінің көптеген рухани-мәдени орталықтарымен тығыз байланыс жасады. Білім-ғылым мен тәлім-тәрбие ауыз әдебиеті арқылы беріліп отырды. Медреселер, имамдар, қажылар қызымет атқарып, тұрғындардың діни сенімінің дұрыс бағытта дамуына ықпал жасады.

Жаратқанға жалбарыну, баба-даналарды қастерлеу, ата-ананы құрметтеу, жетім-жесірлерге қайырымдылық жасау игі істер қатарынан ғой. Пайғамбарымыз айтады: «Қарты бар үйде береке бар». Сондықтан, қарттар

– біздің тарихи-мәдени қазынамыз. Еліміздің берекесі мен бірлігін келтіріп отырған білгір қарттарымыз деп білу керек. Сол қарттардың айтып кеткен сөздерін бір саралап, бір бағалап көрейік.

Халық даналығы: «Ниетінді түзе, ол ойына айналады, ойынды түзе, ойынды түзесен, сөзінді дұрыс сөйлейсің, сөзінді дұрыс сөйлесен, әдетіңе айналады, әдетінді түзесен, ол мінезіңе айналады, мінезін түзу болса тағыдырың да түзу болады» дейді. Бұл адамды адамгершілікке баулудың бастапқы баспалдағы, адамдыққа апарар арна.

Қазақ айтады «Қасқадан қасқа тумаса да төбел туады» деп. Сол марқасқа атадан туған бір төбел мен болармын-ау, сірә? Қазақ айтады «Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деп. Сол көреген әкенің тас тұяғы мен болармын-ау, мүмкін? Қазақ айтады «Өлі разы болмай тірі баймайды» деп. Сол ірі бәйтеректің бір бүршігі мен болармын-ау, бәлкім? Кім білсін?

Адамдарда мінездің екі түрі байқалады: тума, кума. Тума мінез адамның жеті атасынан кәделеніп келетін жайсаң мінез. Кума мінез өзге жаннан адамға желпіне-желіге кеп қонатын тайсаң мінез. Мәрт мінезді қазаққа жарасатын, лайықты мінез күштеп тартса да үзілмейтін, тепсе де бұзылмайтын тектілік мінез. Тұлпар мінезді бабаларымыз болған. Жылқы мінезді аталарымыз болған. Прақ мінезді перизаттарымыз болған. Қайран дүние-ай! Екі дүние бар: біріншісі – фани, екіншісі – бақи. Сол екі дүниенің қылдай жіңішке шекарасы бар. «Алла сол екі дүниенің абройлық базарын, имандық назарын берсін» деп тілейік, арда қазағым. Барға тәубе деймін. Фани дүие мен бақи дүниенің арасы өткір ұстараның жүзіндей-ақ шығар. Жарық дүниеден қараңғы дүниеге жарқын да өнегелі болмысымен өткен адамдарды еске алып, олардың қарым-келбетін, ол кісілердің отырған орнын, сөйлеген сөзін, атқарған ісін ой-сана жадымызда жаңғыртсақ, біздің жұмыла атқарып жатқан жұмыстарымыз, жүрген жерлеріміз, сөйлеген сөздеріміз, менің ойымша, ұсақтау болып сезіледі, мардымсыздау болып көрінеді. Сондықтан да келесі ұрпаққа, жеткіншектерге айтарым – осы әрбір шуақты шақты, әрбір кербез күнді жадында ұстау, есте мықтап сақтау керек. Өмірдің өрімі – өзен. Өмір-өзен ағады да кетеді. Ата-бабаларымыздың біздерге айтқан сөздері - өсиет, берген ақылдары - қазына, ізгі істері - ғибрат. Бұқар жырау бабамыз «Үлкенді аға десеніз, кішіні іні десеніз, бақытты болмай немене?» деген. Қазыбек бабамыз «Егер сіз сөз сөйлесеніз, сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық» деген. Абай атамыз «Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген. Менің ұлықтайын деп отырғаным – бірлік пен ірілік. Менің айтайын деп отырғаным – шындық пен кісілік. Менің уағыздайын деп отырғаным – имандылық пен ізгілік. Бірлік пен ірілікте, шындық пен кісілікте, имандылық пен ізгілікте парасаттылық қағидатының том-том боларлық кітап парақтары тоғысқан. Қазақтың әр тасында, әр төбесінде, әр тауында қара орман қазақтың тебіреніске толы тарихы теңіздей тұнып тұр. Табиғаттың үйлесімділігі мен ішкі еркіндікті біріктіре білу қабілетімен қайран қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының еркіндіктері қатар тіршілік етіп, заманауи өнерге

шығармашылық нәр беріп келеді. Бұл – ұлағатты ұлттың жанындағы, қан тамырындағы шетсіз де шексіз кеңістік пен билік сезімі, асулы дала мен асқарлы таулардың ұланы – адамға тән рух еркіндігі. Біздің түп тарихымыз өте тереңнен тамырланған. Тастың да, төбенің де, таудың да тамырлары бар. Тас та, төбе де, тау да тамырланған, тектілік қазық. Терең тамырлы тарихты, терең тамырлы халықты, терең тамырлы мәуелі бәйтеректі балталы бетпак та, дүлей дауыл да құлата алмайды. Сондықтан да қазағым жеті қат жердің үстінде де, жеті қабат аспанның астында да бекем, тұғыры табжылмастай мызғымастықта мықты тұрады. Біздің төл тарихымыз тым кұнарлы қара топырақтағы тарам-тарам тамырларынан өмірлік пен елдіктің нәрін алады, ал ол нәр ғұмырылық пен ғұламалықтың бәрін де мәрт кісіге береді. Өмірлік пен елдіктің нәрімен бар боласың. Ғұмырлық пен ғұламалықтың бәрінен нар боласың. Бар болудың басты есебі тәубешілдікте. Нар болудың шешімді есебі - қанағатшылдықта. Тәубешілдік әдеп тарлық етпейді. Қанағатшылдық қарын тойдырады. Тағыдырға тәубе дейміз дағы... Қолдағыға қанағат дейміз дағы...

*Өтіп бара жатқан заман-ай,
Артың ашық, алдың тұман-ай.
Қайда кетіп барасың, қазағым,
Аталардың дәстүрін ұмытып?*

*Қайран жүрегім сыздайды-ау,
Қаным қайнап, денем қызады-ау.
Сезімімнің сандуғашы сайрап,
Уақыттың ұлы көші ұзайды-ау.*

*Жалғыз адамнан қорған болмас,
Жалғыз ағаштан орман болмас.
Ну ормандайын арда қазағым,
Ата-бабалар ізі жаман болмас.*

*Көгіңдегі терезелерің тең,
Көкжиегіңдегі керегелерің кең.
Алтын ғасырың туганда,
Арда қазағым қандай болар ең?*

*Көңілімді қалдырма,
Адамзаттың тәтті тілі.
Дұшпанға алдырма,
Азаматтың қуатты пірі.*

*Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.*

*Арпалыстан шыққан адам,
Тыныш ұйқыдан тынығады.*

*Сарыарқада талай-талай тарих өткен,
Қилы-қилы оқиғалар алыстап ұзап кеткен.
Кеңістіктің кеңінен, уақыттың тезінен,
Қариялардың өзінен, ұрпаққа сөз жеткен.*

*Бұл күнде ұрпағыңнан қайғы қаиқан,
Жеті жұрт елі болып, абройы асқан.
Тарихи тұлғаларға арнап, ас беріліп,
Ат тұяғы дүбірлеген, тойға ұласқан.*

*Елдік бар, ерлік бар, өрлік те бар,
Даналық, даралық, тірілік те бар.
Төрінде дүйім дүние билік айтар,
Қазақы, дараланған ірілік те бар.*

*Ұйыған иман-нұрға бет-әлпеті,
Нәсібі менен несібесін жиган елі.
Асқарлы таудай сырт-келбеті,
Сарқылмас берекесі сыйған белі.*

*Аталар «Сақтаңдар» деп өсиет қылған,
Қойнауына атамекен қасиет тұнған.
Жүректі тебірентіп, сезімді оятып,
Аққу құсты айдынына әділет қонған.*

*Кісінің туған өлкесіне жер жетпейді,
Кіндік кескен жер киесі ойдан кетпейді.
Көзі ашық, көкірегі ояу, иманды адам,
Қорымды ескеріп, қол жаймай өтпейді.*

*Аштықта отыз екі аждаһа тажал,
Жылқы жоқ, көрмедік жая мен жал.
Шұбаған ел, үлкен-кіші терді масақ,
Жеміс жоқ, ашаршылық сеуіп ажал.*

*Шолақ белсенділер ойран салды,
Кеңестің колхозына алды малды.
Жан-жаққа жұрт босып кетті,
Ен жайлау, әр ауыл босап қалды.*

.....

*Қазақтың айбоз баласы,
Сарыарқаның боз даласы.
Ерке Есілдің жағасында,
Астана, елдің бас қаласы.*

*Адамдардың тағдыры,
Жаратқанның қолында.
Адамгешіліктің қадірі,
Ар-ожданның жолында.*

*Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шыңдалады.
Жауыз торығып тосылады,
Жырау жорықта тыңдалады.*

*Алланың айтқаны болады,
Адамның айтқаны қалады.
Осы он сегіз мың галамға,
Мұхаммед сәлемін салады.*

*Мұсылманның сәлемі,
Имандылықтың көлемі.
Кісіліктің әр керуені,
Тәңіріге көрінер төлемі.*

Қасиетті мектеп

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз»

Б.Момышұлы

Қажылық – мұсылмандарға қасиетті мектеп. Мұнда мейірімділік пен мәрттік үйретіледі. Үздіксіз ғибадат жасап, нәпсі тарапынан келген талап-тілектерді тежеу арқылы мұсылман бауырларға одан да өзекті әрі өзара жылы қарым-қатынасты қасиетті қажылық мектебі береді. Жақсы мен жаман қылықтар айқындалып, Аллаһ достары мен дұшпандары қырағы көзге көрінеді. Шайтанға тас тасталып, Қағбаға тауап етіліп, Мединеге зиярат жасалады. Қасиетті қара тасқа қос алақан тигенде, жүрегің жадырап, санаң самғап, тәнің тазарады, ағзаң ағарады. Қасиетті мектептің жан-жүрегі, білім-ғылымы, тұғыр-тірегі – Бір Алла, ұлы ұстаз. Жаңғыздық Құдайға ғана жарасады. Ұлылық Құдайға айтылады. Тақуа адамның ұлы ұстазы Құдай Тағала. Ұстаз деген ұлағатты сөзді естігенімде, өзімді бақыты мол, баянды

шәкірттей сезінемін. Ұстаздың ұстазын көргенде, өзімнен өзім мықты кірпіштей тас іргеге қаланып, рухани кемелденемін. Ұстаздан да, ұстаздың ұстазынан да көп үйренгім келеді. Ол кім? Не үшін? Неге солай? Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Өзіне-өзі сауал қоя білмейтін жан несі, ештеме де үйренбейді. Сұрақтар легі шексіз болар. Үйренбейтін адам тексіз болар. Өсер адамда, болар кісінде сауын-сауал таусылмайды. Болашағы бар адамда білімге қызығушылық азаймайды. Тас дегенім не? Тастың неше атасы бар? Ата дегенім кім? Атаның балаға қандай батасы бар? Гүл дегенім не? Гүлдің неше қасиеті бар? Ана дегенім кім? Ананың балаға қандай тілегі бар? Адам баласы тастан берік, гүлден нәзік. Ғұмырымда аталар жөнінде сұрақтарым мол қойылды. Аталардан өнеге алу, үйрену мәселелері де кемшін тартқан жоқ. Сұрақ қойған адамға – ұтымды, нақ жауаптар. Үйренуге ынталы адамға – тұшымды, мол сауаптар. Бұл шығармамда аналарды ардақтай отырып, ата-бабалар турасында сөз тарқатуды жөн тұттым.

Ғалымдардың пайымдауынша адам баласы биологиялық тұрғыда 250 – 300 жыл бойына өмір сүруге қауқарлы көрінеді. Өте қолайлы ішкі-сыртқы жағыдайда қазақ жерінде 160 жыл ғұмыр кешуге әбден болады. Бұқар жырау бабамыз 113 жыл жасады деген дерек бар. Мұнда адам табиғаты мен жалпы табиғаттың үндестігі, бірін-бірі толықтыруы жатса керек. 63 жас – пайғамбар жасы! Алла тағала Құран Кәрімде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Сол уақытта Раббың періштелеріне: Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!» - деген. Бұл аяттың аясында адамның жердің асты-үстіндегі нығыметтерді, оның игіліктерін пайдаланып табиғатты игеретіндігін пайымдаған. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз табиғат тылсымдарын дөп танып, оны өз орнымен тиімді пайдалануды қреметтейін дәлдікпен кәдеге жаратқан. Мысалы. Тобылғының майын жағу арқылы бет, аяқ-қолдың жарылып кетпеуінен сақтаған. Сабын орнына қарағайдың ұнтағын пайдаланған. Адыраспан шөбінің құрамында көптеген пайдалы дәрумендер шоғырланған. Бөлме ішіне түтеткен кезде ол әртүрлі микробтарды жояды. Осындай қасиеттеріне қарағанда жоғарыда Құранда келтірілген аятқа сай табиғаттың тартуларын орынды игере білген жақсы. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән келетін кілтін, рухани-мәдени құндылықтарын қалыптастырған. Отбасы мүшелерін еңбекке баулу, оларға кәсіптік-техникалық бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді іске тікелей қатысуы оқуға деген ынта-жігерді тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Табиғат – барша жаратылыс. Қозғалыс – бой қимылы. Сараптау – ой құдіреті. Иmandылық – күй қылы. Яғни, табиғаттың бір тұтастығы, уақыттың бір қалыптылығы, сараптаудың бір жүйелілігі, иmandылықтың мың иірімділігі адамды адамгершілікке, жамағатты жақсылыққа, кісіні кербез де кереметтейін биік тұғырға көтереді.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата мен жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»

Абай

Күн шуағы түспеген жер ылғалданып, өздігінен өзі күлімсіленіп, бүліне истеніп кетеді. Осы тәрізді адамзат санасының көлеңкеленуі күндердің күнінде өзінің жағымсыз әсерін тигізіп, адамды ақ жолынан тайдырады. Үш түрлі кісі қоғамды құрдымға құлдилатады. Олар: шала дәрігер, шала молла, шала ұстаз. Шала дәрігер денсаулықты, шала молла дінді, шала ұстаз баланы бұзады. Бұл үшеуі бұзылса, бүкіл қоғам бұзылады. Әрбір адам дін арқылы жан-дүниесін жаңғыртып, игілікті істерге ел-жұртты бастайды, имани шуақтандырады, рухани байытады. Егер де ол адамның жан-дүниесі бос болса, онда ол рухани жүдейді, адамдық қасиеттерден жұтайды. Ислам мен дәстүрді ұштастырған, ежелгі Қарахан дәуірінен бастау алған Әбу Ханифа масхабымен келе жатқан дініміздің хақтығы айдан да анық, күннен де жарық. Елбасы Назарбаевтің «мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс» деген сөзін негізге алатын болсақ, мемлекет пен қоғам өзінің тыныштығы жолында, болашағының жарқын болуы үшін бірлесе отырып күресуі керек. Себебі, үйде ата-ана, мектепте мұғалім-ұстаз, қоғамда оқымысты-ғалым қадағалап, Абай хакім айтпақшы, «адамның баласы – бауырын» деген қағиданы жадында ұстап, аталар жолынан адасқан үлкен-кішіге немқұрайлы қарамай, нақты ақ жолын сілтеуі абзал. Дін мен дәстүр ұлт тұтастығының алтын дінгегі екендігін есте мықтап сақтаған жөн. Осындайда адамдарға діни тұлғалар тарихын біліп, атақты абыздардан ғибрат сабақтарын алған ғибадат.

Қадір түні рахмет пен азап дәптері Жәбірейілге (ғ.с.), шөптер мен ризық дәптері Микәйілге (ғ.с.), жауын мен жел дәптері Исрафилге (ғ.с.), ажал дәптері Әзірейілге (ғ.с.) тапсырылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім Қадір түнінде екі рекағат намаз оқып, әр рекағатында «Фатихадан» кейін, жеті мәрте «Ықылас» сүресін тәмамдап, сәлем бергеннен соң, жетпіс рет «Астағфирулла уа атубу иләйһи» деп айтса, орнынан тұрғанша ата-анасының және өзінің күнәсі кешіріледі және де бұл дүниеден өтерде пейіштегі мекенін көреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағыда бір хадисінде былай дейді: «Қадір түнінде төрт ту түсіріледі: мадақ туы, рахмет туы (мейірім туы), мағфират туы (кешірім туы), керемет туы (ұлылық туы). Осы әрбір туды мың періште ұстап түседі. Осы тулардың әрқайсында «Лә иләһә илалла, Мухаммадур Расулулла» деп жазылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде-кім осы түнде «Лә иләһә илалла, Мухаммадур Расулулла» деп үш рет айтса, бір рет айтуымен Алла Тағала оның күнәсін кешіреді, екінші рет айтуымен тозақ отынан құтқарылады, үшінші мәрте айтуымен жәнатқа кіргізеді, мақтау туын аспан мен жер арасына, мағфират туын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабірінің үстіне, рахмет туын Қағбаның үстіне, керемет туын бәйтул Муқоддәс үстіне қояды. Рахмат

пен Керемет туларының әрқайсысы осы Қадір кешінде әрбір мұсылманның есігінің алдына жетпіс мәрте келіп, оларға сәлем қылады».

Фәнилік жан несі – рух. Рух үнемі еске алуды қажетсінеді. Аруақтарды еске алғанда тірілер рухы тазарады. Өліні дұға ғана жарытады. Өліні Құран ғана жарытады. Өлі дұға бағышталғанда ғана, Құран түсіргенде ғана жариды. Дұғаны, Құранды оқу арқылы мүмін мүсілімдік міндетінен құтыла алады. Топырақтан жаралып, сол жерге қайрадан қайырыламыз. Тірінің жаруына, тірінің баюына даңғыл жол ашылады. Содықтан да, «Өлі жарымай, тірі байымайды» деген сөз айдары қазақта ғана айтылған.

Алғашқы араб дін таратушылары Орталық азия мен Қазақстанға 670-і жылдардан бастап келе бастады. X ғасырдың басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін салушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғрахан Харұн Мұса 960 жылы Исламды мемлекеттік дін деп жариялайды.

Ертедегі қазақ жеріндегі Ислам ғұламалары:

Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби (870-950).

Ибн Сина (975 – 1037).

Әл-Бухари (?).

Әл-Матуриди (944 - ?).

Әбу Әли әл-Фарсиси (900-987).

Әбу Нәсір Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари (1179-1229).

Ахмад бин Мансур аз-Зафарми әл-Худжанди әл-Исфиджаби (?-1087).

Хусам ад-Дин әл-Баршынлығы (?-?).

Наджм ад-Дин әл-Кубра (1145-1231)

Шайқы баба Сығанаки (1187-?).

Әбу-л-Фазл Мухаммедұлы (1230-1315)...

Қазақтың дәстүрі мен дүниетанымы исламмен тығыз байланыста. Біздің дініміз – біздің рухымыз. Дін мен рух – біздің өткеніміз, бүгінгіміз, болашағымыз. Қазақ исламға бүгін келген жоқ. Мың жыл бойы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) салған жолмен жүрген ұлттың ұлы ғұламалары қалдырған ата дініміз – ислам.

Құдай Тағаланың құдіреті шексіз екендігіне шұба келтірмеймін. Құдай Тағала кешірімді. Қажылыққа барып қайтқан адам анадан жаңа ғана туғандай болып, періштедей тазарып келеді.

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі шынайы ақиқат дін – Ислам діні. Бұл шындық Ұлы Алла тарапынан Құран Кәрімде былай білдірілген: «Алла құзырындағы дін тек Ислам ғана» («әл-Имран» сүресі, 19-аят).

Ғұламаларымыз айтты: «Кімде-кім осы зулхижжа айының бастапқы күндерін, яғни құрбан айт күніне дейін оразамен өткізсе, Алла Тағала ол адамға он жақсылық береді» деп. Міне сол он жақсылық:

1. Өміріне береке кіргізеді.
2. Байлығын арттырады.
3. Отбасына жамандық дарытпайды.
4. Күнәларын кешіреді.

5. Сауаптарын арттырады.
6. Өлім сәтін жеңілдетеді.
7. Қараңғы қабірін жарық етеді.
8. Мизан таразысында сауабы басым болады.
9. Қиямет қорқынышынан аман қалады.
10. Дәрежесі биіктей береді.

Алла тағала жыл ішінен үш он күнді таңдап алды, олар – рамазан айының ақырғы он күні, себебі осы он күн ішінде Қадір түні бар.

Екінші он күн ол зулхижжа айының он күні, себебі бұл он күнде таруя, арафа, құрбан айт, тәлбия, қажылық, тағы басқа да құлшылықтар болғандықтан.

Үшінші Мухаррам айының он күні, бұл айда Ашура күні бар.

Абдулла ибн Аббас риуаят қылған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде осы зулхижжа айының 1-ші күні Алла Тағала Адам (ғ.с.) атаның тәубесін қабыл қылды. Егерде кім осы күнді оразамен өткізсе күнәлары кешіріледі.

2-ші күні Жүністің (ғ.с.) дұғасы қабыл болып, балық ішінен шықты, осы күнді оразамен өткізген адам жыл бойы құлшылық қылғандай сауап алады.

3-ші күні Зәкәрияның (ғ.с.) тілегі қабыл болған күн, осы күні ауызы берік болған адамның тілегі қабыл болады.

4-ші күні Исаның (ғ.с.) туған күні, осы күнді оразамен өткізген адам пақырлық пен қиындықтан аман қалады.

5-ші күні Мұсаның (ғ.с.) туған күні, осы күнді оразамен өткізген адамды Алла Тағала екі жүзділіктен және қабір азабынан сақтайды.

6-шы күні Алла Тағала Пайғамбарына (с.ғ.с.) жақсылығын төккен күн, егерде кім осы күнді оразамен өткізсе, ол адам Алла Тағаланың рахметіне ілігеді және одан кейін еш азап шекпейді.

7-ші күні тозақ есіктері жабылып осы он күн өтпейінше ашылмайды, бұл күнді ауыз бекітіп өткен адамға қиындықтың отыз есігі жабылып, жеңілдіктің отыз есігі ашылады.

8-ші күні таруия деп аталады, бұл күнді оразамен өткізсе мөлшерін Алла Тағала ғана білетіндей сауап алады.

9-шы күні арафа деп аталады, кімде-кім осы күні ораза ұстаса алдыңғы және артқы күнәларына кәффарат болады. Осы күні Құранның ақырғы аяты нәзіл болды.

10-шы күні Құрбан айт күні, егерде кім осы күні құрбан шалса, құрбаннан аққан бірінші тамған қанмен Алла Тағала сол құрбан шалған адамның және туған туысының күнәларын кешіреді, егер сол құрбан етімен құдайы тамақ берсе, немесе садақа қылса Алла Тағала ол адамды қиямет күні қорқытпайды, сауабының ауырлығы Ухуд тауынан да басым болады.

Қайталап айтайын, араб тілінде «Ислам» сөзі бойұсыну, бағыну, мойындау мағынасын меңзейді. Шарифатта бұл ұғым «Аллаға, тек Аллаға ғана ғибадат етіп бағыну, бұйрықтарын орындау арқылы бойұсыну» деген

мағынада айтылады. Хазіреті Адамнан хазіреті Исаға (ғ.с.) дейін келген барлық пайғамбарлар адамдарға Алланың бір екендігін мәшһүр еткен және де Аллаға қалай ғибадат қылу керектігін жамиятқа үйреткен. Алла Тағала соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы бүкіл адамзатқа соңғы және ең қасиетті Ислам дінін жіберген. Бүгінгі күні бүкіл әлемдегі шынайы ақида дін – Ислам діні. Бұл ақиқат Ұлы Алла тарапынан Құран Кәрімде былай бағамдалған: «Алла құзырындағы дін тек Ислам ғана» («әл-Имран» сүресі, 19-аят); Мұхаммед (с.ғ.с.) бір сөзінде былай дейді: «Бейкүнә бір адамды өлтіру – күллі адамзатты өлтірумен тең». Мұндай мәтін қасиетті Құран кітабында да бар. Мейірім, рахмет ұғымдарының Ислам дінінің ең маңызды негізгі ерекшеліктері болғаны соншалық, Қасиетті Құранның «Бисмиллаһир рахманир-ра-хим» деген ең басты сөздер де Хақ Тағаланың ең ерекше аты болған. Алла деген есімнің қасында мейірім ерекшеліктерін баяндайтын рахман және рахим сөздері келген, әрі ең алғашқы «Фатиха» сүресінің екінші аятында да осы есімдер қайталанған... Ислам – рахмет, мейірім діні. Ислам – дүниежүзілік дін. Ислам – қиямет күніне дейін жалғасатын дін.

Ізгілік пен ізеттіліктің, береке мен бірліктің, екі дүние бақытының кәусар бастауы – Ислам діні. Қазақтың Ислам дінін қабылдағанына 1255 жыл толып кетті. Ұлан-байтақ даланы мекен еткен ата-бабаларымыз өзінің салт-дәстүрі мен болмыс-бітіміне барынша келісті дінді VIII ғасырда қабылдай бастаған. Сол ғасырдан бері Ислам діні қазақтың басар соқпағы, бағам-бағдары, қорған-тірегі. Ислам дінінің зор ықпалының нәтижесінде халқымыз қамыққанға қамқор, жұрттар арасындағы ынтымаққа ұйтқы болар дәрежеге жетті, өнегелі елге айналды. Ислам дінінің қазақ жеріне кең жайылуына үлес қосқан мына ғұламалар: Әбу Насыр әл-Фараби, Махмуд әт-Тарази, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалайри... Мұсылман қауымына белгілі оқымыстылар: Әбу Ханифа, Имам Матуриди, Имам әл-Бұхари, имам Тирмизи... Мұсылмандарды ізгілікке шақырғандар Арстан баб, Қожа Ахмет Яссауи сынды дін таратушылар Ислами білім мен ғылымға зор үлестерін қосты. Ислам дінінің Имам Ағзам Әбу Ханифа мәһабін ұстанатын халқымыз өркениет пен даму жолына түсті. Иманды, текті бабалардың осы күнгі ұрпағы олардың ғибратқа толы ғұмырына тандана отырып, ізгі де парасатты амалдарды жалғастыра бергеніміз жөн.

Қожа Ахмет Яссауи негізін қалаған хикмет жанрының жалғаструшылары: Сүйлеймен Бақырғали, Камаладдин Иқани, Жүсіп Байдауи, Шәмсатдин Өзгенди, Құл Шариф Бұхари, Шайх Хұдайдад, Құл Убайди... Яссауи ілімін жалғастырушылардың ішіндегі ірі тұлғалардың бірі – Жүніс Өміре.

Қазақ үшін Маржанидің шәкірті Камаладдин қажының еңбегі орасан зор. Семейдегі мешітте сабақ берген. Камаладдин Абайдың тұңғыш ұстазы. Камаладдиннің Баянауылдағы ең алғашқы шәкірті Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Камаладдин Хазіреттің мешітінен сабақ алғандар: Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Қайыржан Бекхожин, Шапық Шокин...

«Ислам» - бейбіт өмір! Исламның түп негізі – Калам, Кадим, Хадис-Шәріп. Намаз – жаратқанға жақындау. Қари – Құран Кәрім кітабын жатқа сөйлететін адам. Ғұлама – тәліп, үлкен ғалым. Ғалым екі түрлі болады: ғылымқал, ғылымхал. Ғылымқал – адамнан адам сабақ алу, көзбен көру, тілмен оқу. Ғылымхал – көңілден көңілдің сабақ алуы. Құдай сөзі – Құран, пайғамбар сөзі – хадис-шәріп. Құдай сөзі де, пайғамбар сөзі де еш уақытта тозбайды, ескірмейді, жерде қалмайды. Құдайға жақындасу, жақын болу ниетінде болса: бай – малын, жарлы – жанын білім-ғылым жолына жұмсасын. Жағдайын көтерсе, Құдайға жақындау үшін мешіт пен медресе сал. Өтімді тілді, ұтқыр қаламды, толағай пікірлі, көркем мінезді, өнері өрімді түлектерді ұстаздары медреседен түлетсе игі.

IV АЙМАҒАНБЕТ ҚАЖЫ

Аймағанбет аса діндар, әділеттілікті сүйетін кісі еді. Жыл он екі айда бір келетін оразасын тұтып, намазын қаза қылмай, Құдайға құлшылық етіп, бай-манаппен тең тұрып, кедейге көз қырын мейірімімен салып, әлсіздерге қорған болып, парасаттылықты ту тұтқан, қайырымды жан-тын. Өзі мығым денелі, мінезі жұмсақ, сөзі өтімді, сөйлемдерді өруі мәнерлі, ой-зерде толғамы тәлім-тәрбиеге толы екен. Мерейлі мінез-құлқымен еліне жаққан, халқы оны қадір тұтқан.

Толғауы тоқсан дүниенің түрлі түйткілдерін бойына жинаса да, ел арасынан тек қана жақсылықты көретін Аймағанбет қажы қашанда жылы шырай, иманжүзділік танытып, шуақты сөздерін халқына төгіп жүрген.

«Аймағанбет Кенжеәліұлы (1838 – 1925). Туып-өскен жерлері қазіргі Бұқар жырау ауданындағы Қызылтау, Қожакерөгетас, Ақжар, Шымылдықжал өңірлері. Аймағанбет 1871 жылдан бастап жоғарыда аталған аймақтың (21-ші ауылдың төңірегінде) ақсақалы – еліне ақыл айтар, бата берер қариясы болған. 1870-73 жылдар аралығында «Меккеге жол тартпақпын, Аллаға құлшылық айтпақпын, Қасиетті жерде боп, Кәусардан дәм татпақпын» деп, қажылыққа барып қайтқан. Ақсақалдардың айтуынша, Аймағанбет қажы көп сөйлемейтін, ойындағысын нық айтатын, қиындыққа мойымайтын, тиянақты, дегеніне жетпей қоймайтын, жұртқа сыйлы жан болған. «Байлық пен кедейлік, жақсылық пен жамандық, қызық пен қайғы егіз, дүние өткініші. Адамның жарық дүниедегі ғұмыры шолақ, осы уақыт үзіндісін саналы да салиқалы, сапалы да құнды өткізу, еліне, жеріне өшпестей із қалдырып, адамзаттың болашағына сәуле-шуақ төгу абзал. Алланың мейірімі, мұсылмандық жол, адал еңбек өз жемісін береді» дейді екен. Ел арасына жиі шығып, шаригат айтып, мейірімділіктің шуағын төгіп жүретін Аймағанбет қажы кең пейілділігі, сабырлылығы, білім-ілімділігі, жоғары адамгершілік қасиеттерімен Арқа жұртына танымал болған. 87 жасында дүниеден өтіп, Шымылдықжалда жерленген, Самарқаннан көк түсті құлыптас

әкелініп, басына қойылған. Керней ауылында мешіт ашылып, Аймағанбат қажы есімі берілген.»

«Аудан ардақтылары», Фолиант баспасы. Астана-2008. 23 бет.

Адам ата, Хауа анадан өрбіген жан – бәрі бір кісінің тумасы екендігін біліп, бір-біріне жаны ашып, ауысып-берісіп, кем-кетіктерін жабысып жүрсе игі. Адамдардың бір-біріне жәрдемші болуын құп көру – бір бас пен бір тілек, бір бөрік пен бір шапанның ішіне сияды деген мағанаға келіп саяды. Бөрік деп айтқаным – аспан-әлем. Шапан деп тұрғаным – жер-жаһан. Тағыдыр – осы әлемді және оның ішіндегі сан-алуан түрлі жаратылыс иелерін белгілі бір жүйе мен тәртіп бойынша басқаратын иләһи заңдылық. Өлім – Аллаһтың ежелден, әу бастан белгілеп, тағдырға жазып қойған құбылыстар мен жаратылыстардың уақыты, сағаты, мезгілі, сәті келген мезгілде жүзеге асады.

Байыппен жылыстай жылжый алатын ғасыр тарих сахнасынан алыстай бермек. Оның орнын келесі жүзжылдықтар баспақ. Отарлық саясаттың не бір ауыр теперішін көрген қазақ тәрізді халықтар жиырмасыншы ғсырдан үлкен үміт күтті. Бірақ өмір өрнегі онша өзгере қоймады. Қайта бұрынғыдан да күрделене түсті. Ресейде әр түрлі күш-қысымға шұрап, басар жер, барар тауы қалмаған қара шекпенділер жаңа отарға жыл сайын көптеп ағыла бастады. Осы жағдайға байланысты халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-санасы сең соққандай сарсаңға түсті. Бірте-бірте құлдық, құлазу психологиясы қалыптасты. Оған пара беру, пара алу сияқты сұрқиялықтар сұғынды.

Патша үкіметінің жерді қазыналық деп жарылауына байланысты орыс мұжықтарының бейбіт даламызға шұбыра бастағаны, мұның өзі Столыпин кезінде дәстүрлі сипатқа ауысып, соңында қазақ жұртшылығы ата-бабасының қонысынан айырылды, амалсыз шөл-шөлейтті жерлерге ығысты. Алғашқы күннен-ақ отаршыл өкімет тарапынан байырғы, көне тұрғындарға, кешірімнің де, қамқорлықтың да жоқ екеніне көздері әбден жеткен соң келімсектер еркінсіп, кесірлене керіле көсілді. Төрт-бес жыл бойы жергілікті халықтан еңбек қолын, жұмыс күшін, сауын малын тегін пайдаланып, соңында шаруашылықтарын тұрғызып алғаннан кейін кесапат қылыққа ашық көшті. Малдары егінімізге, шабындығымызға түсті деген сылтаумен момын да жуас көршілеріне орынды-орынсыз басымдықты да, басынғандықты да байқатты.

Халыққа келген келесі кесапат – түптеп келгенде сол надандықтан желі тартатын қулық-сұмдық, ырың-жырым, алыс-тартыс, алтыбақан-алауыздық, көреалмаушылық, рушылдық, жікшілдіктің, мансапқорлықтың кесірінен іргесі шайқалған бірліктің, ынтымақсыздықтың қарасы қазақ жерінде белеңін білдірді.

Аталы сөз

*Ұшқыр мінезіммен дарамын,
Қауызыма сыймай барамын!
Кісі көзінің қос жанарынан,
Сезінемін адалы не арамын?*

*Өлтіріп дұшпанның уын,
Көтеріп жеңістің туын.
Ақ қар, көк мұзды ерітіп,
Ішкендеймін кәусар суын.*

*Бозбалалық сол бір кезім,
Жүрдім алабұртып өзім.
Жүрек шіркін, алып-ұшып,
Бойымды биледі асау сезім.*

*Бала кез, таптадым тағатты,
Ертеден бағаладым уақытты.
Бір де көрмеппін соғыс-егесті,
Мен бақыттымын, бақытты.*

*Тұла-бойымды түзеп қалғандаймын,
Төреден тәлім-тәрбие алғандаймын.
Зерде-ойымды терең салғандаймын,
Абайды оқып білімге толғандаймын.*

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді қазақта! Бұл уақыт үзіндісі ұлттық өлшемінің бір белгісі ғана. Ол деген елдің рухани деңгейінің анағұрлым жоғарырақ сатыға көтерілуі. Яғни, халықтың жаңара жаңғырып, биіктен көрінуі. Уақыт – салықалы сарапшы, сабырлы сыншы, төрден табылар тұлғалы таудай төреші. Уақыт төреші кателеспейді. Уақыт бәрін де өз орын-орындарына қояды. Тарихи құбылыстар мен оқиғалар кеңістік-қозғалыс-уақыт үштігі шеңберлерінде, спинальды сипатта, тізгінсіз ядролық реакция тәрізді, өршелене өрби өрлейді. Тарих дегенді қалай түсінеміз? Қандай сала тарихы адамдарды толғандырады? Өсімдіктің, жануардың, адамның даму тарихы ма? Ұлттың, немесе мемлекеттің тарихы ма? Тарих – ықылым замандарда, өткен ғасырларда, кешегі күні болған адамдар, жануарлар, құбылыстар, оқиғалар, әрекеттер тізбегі. Түрлі тарихтың құрылымдық негізін қандай мызғымас тұғырға тұрғызамыз? Тарихтың бастау бітімін, түп тамырын қандай тереңдіктен аламыз? Шынайы, бүкпесіз

тарихты кім тарката шежірелеп, тәтпіштейді? Тарих теңізінің қандай көздері келісті де керекті, оның адамзатқа тигізер тигімдей де, нүктедей де падасы бар ма? Қазыналы қарияның ауызыменен айтылған ауызша тарих па? Тас тақтаға қашалған таңба тарих па? Кітаптың бетіне түскен жазба тарих па? Ғылыми негізделген, бұлтарыссыз, дәлелді, дерек-дәйекті дана тарих па? Археологиялық қазбалар нәтижесіне сүйеніп, зертханада нақтыланған тарих па? Техниканың көмегімен көрнекіленген дәл дүние ме? Ресімі құжаттан алынған көшірме ме? Қандай жолмен алынған тарих болсын, мәлімет-мәселелері толық қанды шешілген мәтін-хаттамалардың шыншылдығында, ақпараттың ақиқаттығында жатыр. Тарихқа қиянат жасау еш уақытта да, еш жерде де, небір кісі үшін де кешірілмейтін, орны еш нәрсемен толмайтын күнә. Тарлан тарих тазалығы – адалдықтың астауы, даналықтың бастауы. Ауызбенен айтылған тарих – халықтың аталы сөзі! Құлақпенен тыңдалған тарих – білімнің қайнар көзі! Айтылған тарих, тыңдалған тарих – тәлім мен тәрбиенің нағыз өзі, білім мен ілімнің қайнар көзі! Тарихтан санамызға тамшылап түсері – ғибратты тағылым, ұлағатты ұғым! Тарих тәпсілі – аталы сөзге адамды сендіру. Тарих тағылымы – қаһарлы жауды қаһармандықпен жеңдіру. Тарих тақуасы – жұдырықтай жүрекке иман байлығын қондыру. Біздің күш-қуатымыз тағылымды тарихта. Тағылымды тарих – көсем сөзде. Тағылымды тарих – көреген көзде. Тағылымды тарих – имандылықтың, парасаттылықтың, кісіліктің, адамгершіліктің, ізгіліктің ізінде. Тартымды тарих – болашақтың балаларына бағдар шам. Ізіміз де, көзіміз де, сөзіміз де, болашағымыз да, иллаһи шырақты, имани тұрақты болсын!

«Иман етудің негізгі қағидасы – жүрекпен бекітіп, тілмен айту»

Қария сөз

Ғылымдардың барлығы діннен бастау алады. Ислам – ғылымның ортаймас, сарқылмас, таусылмас көзі. Ғылым – дін іліміне тәуелді. Адам баласын рухани кемелдікке жетуідегі сәлді сыр, қою құпия Жаратқанның жазуында, яғни сүттей ақ сөзінің қаймағында. Дін ғылыми-ағартушылық бағытты үнемі басшылыққа алып отырған. Алла кітабына үнілумен қатар, алып әлемнің тылсымға толы құпияларын зерттеп, зерделеуге адам баласын шақырады. Оның айқын дәлелі – Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен алғашқы аятта: *«Сондай жаратқан Раббыңның атыман оқы!»* деп адамзатты ғылым мен білімге шақырумен басталады.

Алланың ризалығы үшін ниет еттім

«Амалдың өлшемі – ниет»

Аймағанбат қажы

Иман – Алла Тағаланың барлығына, бірлігіне көңілмен сеніп сыйыну, тілмен айтып мойындау және іс-әрекетпен дәлелдеу.

Қазақ қоғамы даму дүрбеленінде. Қай кезде де игілікті толысулар, ізгілікті толықтырулар өзінің оң нәтижелерін берері белгілі. Мұның қоғам дамуына тигізер пайдасы зор. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді қазақта. Озық дәстүрді дамыту, тозық дәстүрді тоқтату қазналы қарияларға жүктелер міндет. Озық дәстүр мен салт-сананы кісінің зерде сандығына құю, оны ұрпақтан ұрпаққа үкілеп жеткізу, өнеріміздің маржандарын саф алтындай жарқыратып, адамзат мүддесіне қызымет еткізу иманды адамның қолынан келері еш бір күмән тудырмайды. Салт-сананың уақыт толқынында толыса, жалғаса жұмырлануы табиғи заңдылық. Солай бола тұрғанмен де бабалардан қалған баға жетпес мұраны гүл-жауһар күйінде келер ұрпаққа аманаттау – парыз. Ойды ой қозғайды да пікірді туындатады. Жүрек қалаған ой-сананы айтқың келеді, термелеп толықтыра толғағың келеді. Иманды адамнан шыққан әсерлі әңгіме жаныңды жадыратады, ар-ұятыңды оятып, намысыңды қайрап, рухыңды шыңдай аспандатып, жұдырықтай жүректің жарығын жарқырата түсуге түрткі, әрекетіңе қозғалыс береді. Имандылық бар жерде сыйластығың, басқаға деген құрметің арта түседі. Мұның бәрі ата-бабадан бізге жеткен ізгілік шарапатының жұлдыздай жарқыраған болмыс-бітімі.

Қазақ қоғамында қазақ балаларының білім алуына, ілім ілуіне молдалар мен қожалардың, дін уағыздаушылар мен қажылардың, мешіттер пен медіресілердің орыны бөлек. Мұсылмандық жолды ұстану адамзатты адами парасаттылықтың сүрлеу-соқпақтарында адастырмайды. «Текіден текті туады, тектілік жолын қуады» демекші, Аймағанбет елге белгілі тұлға, Кенжалының бел баласы. Кең аумақтың тарихына мәшһүр – Қызылтау жерінде «Кенжеәлінің қара тасы», «Кенжеәлінің бұлағы», «Кенжеәлінің қорымы» бар.

Мұсылмандық ілім мәселесі үш тарамда талданады:

1. Алланың ілімі. Алла ілімі шексіз. Алла ілімінің шегіне жету, әсте, мүмкін емес, ол бір жұмбақ дүние. Алла ілімін Құран кітабынан үздіксіз ізегеніміз сауаптан.
2. Пайғамбарлардың ілімі. Пайғамбар ілімі шетсіз. Пайғамбар ілімінің берері мол, оның шегіне жету анау-мынау адамның қолынан келе бермейді. Пайғамбар ілімін хадистен іздегеніміз абзал.
3. Адамдардың ілімі. Адам ілімі тексіз. Адам ілімінің айтары бар, ол ғалымның, данышпанның, әулиенің нәсілі мен ұлтына, наным-сеніміне, терісінің түсіне қарамайды. Адам ілімін өз ортамыздан іздегеніміз дұрыс.

Ақылды адамдардың ойында адалдық, тазалық, пәктік берік болады. Ақылсыз адамдардың бойында арамдық, пасықтық, жаттық болады. Шайтан – жындардан болып табылады. Аллаһ әміріне пасықтық жасаған жындар – шайтан. Мұсылман, мүмін жындар бар. Шайтанның азғыруынан, арбауынан құтылу үшін құран оқу қажет. Құран Кәрім – Алла сөзі. Құран Кәрім

имандылықтың қастерлі қасиеттерімен берік. Тахуа, білімдар адамдардан ілімділіктің самалы есіп тұрады. Ілімді адамға білімін шәкірттеріне, жұртқа жеткізу сауапты да, жауапты да іс, қайтымды әрекет – ұлы ұстаздық ұлық ұлағат. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» демекші – ілім, білім, ғылым қазынасын елге тарату мақсатында Аймағанбет қажы жол тауқыметін көп көріп, ел-жұрттың мол ризалығына бөленген тақуа тұлға. Аймағанбет қонақжай адам. Сонымен қатар, қажыны төрге отырғызып, әңгімесін тындап, ақ батасын алу үшін ол кісіні қалың қазақ қонаққа да, асқа да, тойға да көптеп шақырып, құрметтеген. Мысал ретінде бір сапары жайын сөйлетейін.

Кең жайлаулы, кен толғаулы, Шат өзені бойындағы ел арасы, «Шымылдықжал» жерінен бастап, шығыс беткейдегі «Қызылтау» аралығында отырған кезі, Аймағанбет қажы бабамыз Төренің шақыруымен, жанына серіктерін сайлап, сапарға шығып, жолшыбайғы Ақтерек, Бидайық өңірлеріндегі қыпшақтардың, Жарлы бойындағы төрелердің, Күзеуадыр, Ақсоран, Алаайғыр бойындағы қаралардың, Ақшоқы, Ақдонғал, Ақсу-Аюлыдағы Әлтеке-Сарымдардың, Ақшатау, Босаға, Мойынты, Ақшағыл, Ақадыр жеріндегі Карсон-Кернейлердің, Таңбалытас, Ақдала, Тайтқан-Шұнақ, Айғырұшқан, Болаттауы етегіндегі шұбыртпалылардың, одан әрі қалың үйсіндердің біріне түстеніп, біріне қона жатып Төренің ауылына кеп жетті. Аман-саулықтан соң, «Замандас, Шұбаланды Шат өзені бойындағы Шымылдықжалдан Аймағанбет қажы келіп қалдым» деп, жанындағыларға аты-жөндерін айтып, Төреге таныстырды. Төре өз жігіттеріне алыс жолдан келген қадірлі қонақтарды ақшаңқай киіз үйге орналастырып, ту бие сойып, ардақты ақсақалдарды шақыртып, күтіндер деді. Қонақтар да тынығып, аттарын оттатып, жайбарақат жата береді. Бір жеті өтіп, екінші жетіге ауысқан күні, Төре:

-Соншама алыс жерден ат терлетіп, келіп қалдыңыздар, сіздерді көргеніме қуаныштымын! Ұзақ жол қиын болған жоқпа? Қалай жеттіңіздер?

Аймағанбет қажы:

-Тас тұяқты, тарпаң тұлпарларды алыс жолға жаратпаққа, иллаһ ғылымының, ізгілік ілімінің алтын дәнін халық арасына таратпаққа жүрміз, замандас Төре. Алла ризалығы үшін, Мұхаммед Пайғамбарға (с.ғ.с.), Ғазірет Әліге (ғ.с.), періштелерге, әулие-әмбиілерге, діни ғұламаларға, Мекке-Мәдинаға, әруақтарға байланысты әңгіме-дастандарды айтып, Аллаға деген ғибадат-құлшылықты, мұсылмандық мимандостық мұраға мойын ұсынып, адамдардың жүрегіне имандылық шуағын дарыту мақсат-мұратындамын. Мені Алла, пағамбар, нәпсі, ақиқат, фана, күнә, пенде, періште, әулие, шарифат, сопылық, о дүние, жұмақ, тозақ т.б. суын-сұрақтар мазалайды. Сондай-ақ, осы жарық, фәни дүниедегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне көңіл аударып, түйткілді тілектеріне ден қойып, көмек қолымды созу ниетіндемін. Адам ниетінің кендігі екі дүниеде де тарлық қылмайды. Кісіге бергенімді міндетсінбеймін. Көңіл кендігімді кербездемеймін. Аллаға ризалығымды білдіремін. Жоғыма өкінбеймін. Тағыдырыма тәубе. Барым – базарлық.

Кедей-кепшікке демеу болу дәулеттінің мойнында. Халыққа рухани азық беру сәулелі ой адамының міндеті. Ел арасынан көзбен көргеніміз, құлақпен естігеніміз, ішкі түйсікпен сезінгеніміз: адамдар бірін-бірі қадірлеп, тату-тәтті өмір сүріп, ерекше силасады, азық-түлігі таусылса өзара бөліседі. Азаматтар өте төзімді. Сқырлаған сары аязға да, қорғасынды ерітер ыстыққа да көнбіс келеді. Ел ішіндегі, жер шалғайдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы, ынтымағы, бірлігі, ілтипаты, өмірге, өнерге деген құштарлығы, жастардың діни құндылықтар негізінде тәлім-тәрбелеуі бізді қуанытуда, тәнті етуде.

-Еліміздің бірлігі мен жеріміздің тұтастығын сақтау үшін де, салт-санамызды дамыту мен салауатты өмір сүру үшін де, имандылық талаптарын Құран Кәрімнің аяттары арқылы терең түсініп, мойындап, орындауымызға тікелей байланысты екендігіне өз басым еш шүбә келтірмеймін. Ғылымның дамуы да Құран Кәрімнің аяттарымен тікелей байланысты екендігіне де еш даум жоқ. Айрықша құрметті Айеке сіздің имандылық, ислами ғибратқа толы ұлық ұстанымыңызға қайран қаламын! Иmandылыққа толы сапарыңыз сауаптан болсын!

-Қазақ мұсылман қағидаттарын бекемді ұстанып, Пайғамбарымыздай (с.ғ.с.) мейірім-шапағатты, әзіреті Әбубәкірдей (ғ.с.) парасатты, әзіреті Омардай (ғ.с.) әділетті, әзіреті Османдай (ғ.с.) жомарт, әзіреті Әлидей (ғ.с.) қайратты болса екен деп жалғыз Жаратқанға жалбарынамын. Бұрындары дүниеден өтіп кеткен ата-бабаларымыздың ұлағаттары мен ғибраттары ұрпақтан-ұрпаққа жете берсе екен деп һақтан тілеймін. Сол шапағатты іс-шара үшін қызымет қылудан жалықпаймын. Бұл имани сөздерімді Алланың ризалығы үшін халыққа айтамын, уағыз жүргіземін, дұға қыламын. Жаппар Жаратқаннан рақым сұраймын. Құран, пайғамбар, дұға, діни-имани тәлім-тәрбие жөнінде не айтасыз?

-Құдай сөзі – мәңгілікте өшпейтін сөз. Пайғамбардың хадис-шәрифі – өміршең. Құдай жолын, имандылық жолын ұстану мұсылмандарға парыз. Аллаға ғибадат ету парыз. Әруаққа зиярат ету парыз. Құдайға құл бола білген жақсы.

Пайғамбар (с.ғ.с.) – Алла тарапынан адамдарға арнайы жіберілген елші. Пайғамбар (с.ғ.с.) күнәдан, кемшіліктен ада жан. Олардың әр басқан ізі мен ісі бүкіл адамзат үшін қастерлі қасиеттің, асқақ мінез-құлықтың үлгі-өнегесі. Пағамбар (с.ғ.с.) – адамзатқа Алла Тағаланың дінін жеткізу арқылы оларды жаман іс-әрекеттен, қылықтан сақтандырып, жақсылық жасау мақсатында жерге жіберілген елші.

Дұға ету, яғни Аллаһ Тағалаға жалбарыну, тілек айту – мұсылман тіршілігіндегі елеулі орын алатын ғибадаттың бір түрі.

Исламға деген сенімнің негізі – иман. Иман дегеніміз Алла Тағаланың һақтығына, пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) түсірген илләһи үкімдерге сену. Сол сенімменен қатар, Аллаһтың ақ жолымен жүріп, қасиетті Құранды үлгі тұтып, оны жүрекпен сезініп, тілмен айтып, іс-әрекеттерімен жүзеге асыру.

Иманды жанның жүрегі пәк, ойы таза, сөзі тартымды, батасы ақ ниетті. Иманды адам жылағанды жұбатады, жабырқағанды жебейді, тарыққанға демеу, деміккенге дәру.

Ислам діні бойынша адамдар имани тұрғыдан төртке бөлінеді:

1. Мүмін – Алладан басқа Құдай болмағандығына және Мұхаммед ғаләйһиссәләм оның Пайғамбары екендігін шынайы көңілімен қабылдап, тілімен айтып, жүрегімен сезінген жамағат. Адам иман ететін мәселелердің кейбіреуін қабылдаса мүмін санатында.
2. Кәпір – Алланы, Мұхаммед ғаләйһиссәләмның пайғамбарлығын және оның хабар берген мәселелерін қабылдамаған адам. Кәпір Құдайға еш сенбейді.
3. Мұнафиқ – иман етпесе де іс-әрекеттерімен иман еткен адам іспетті. Мұнафиқтер мұсылмандар арасында алауыздық туғызушылар, іріткі салушылар санатында.
4. Мүшрік – Аллаға серік және ортақ қосқан адам. Мүшрік, таухид немесе бір Аллаға сенуді қисынсыз деп қиғылық салушылар.

Имандылықты адамның мінез-құлқынан, Аллаға және оның елшілеріне деген сүйіспеншілігінен және жақсы істерінен, көркем мінезінен, байыпты қылығынан көріп-байқаймыз.

Тақуалар Алла Тағаланың сүйіспеншілігіндегілер. Дүние мен ақретте Алла Тағаланың құрметіне лайық жандар есебінен. Алла Тағаланың жәннәттағы үйі тақуаларға тиесілі.

Ишан – дүниетаным кең, ғибраты мол, исламдық дін ілімі мен жалпы білім салалаларын ұштастыра білген, исламдық жолды уағыздап насихаттаушы, суфизм бағытын берік ұстанған рухани жетекші-тәлімгер, түрік тектес тұлғаларға тақуа адамдардың тарапынан тағайындалатын құрметті атақ.

Сопылық дүниетаным бойынша, адам болмысы тұтастай алғанда 999 қасиеттер мен жаратылыс әлемінен тұрады. Сопылықтан кез келген тіл – тілдік, ділдік, мәдени, моральдық, этикалық, эстетикалық, қиял-ғажайыптық, муза-поэтикалық, образдық-символикалық, тағы да басқа құндылықтардың жүйесі болғандықтан, тілдік құрылымы да мейлінше күрделі. Мысалы, ауыз тілі, көңіл тілі, сыр тілі, рух тілі т.б. тілдер.

Осы тұста, ұлыттық тілдің, қазақ тілінің тарихилық, тереңдік, кемелдік, кербездік, нәзіктік, нәрлілік, танымдық, тағылымдық, өткірлік, өтімділік, мөлдірлік, молдық қасиеттерін, айшықтап айтқанда, терең тамырлылығын, сансыз сырлылығын, яғни ойлаудағы орамдылығын, сөйлеудегі сұлулығын, жазудағы жорғалығын, сондай-ақ, ән әлеміндегі әуезділігін, күй кеңістігіндегі кереметтілігін күміс көмеймен, сұңғыла сезіммен, әуеннің әлпешіне қосып, атап өтуге тұрарлық.

Әулие – Алланың досы! Әлсізге демеу, зарыққанға жебеу, тарыққанға тіреу болғанға не жетсін? Қазақта тақуа, әулие, иманды... деген ұғымдар бар. Айеке, Сізді, шын мәнісінде иманды жан деп, әңгіме-дүкен құруға шақыртқан едім! Рух жөнінде не айтасыз?

-Білген – жан иесіне маржан, білмеген – жан иесіне арзан. Маржанға – жол бар. Арзанға – жол жоқ. Барлық сұрақтың жауабын толық білу – Алладан. Қарапайым ғана сұрақтың өзіне де жауап бере алмау – менен. Сөзімде артықтық ия қате болса, Құдай өзі кешірет деп үміттенемін. Төреке, сан қырлы ойларымды тізбек-түйінінен тарқатайын, төтеден түскен сұрақтарыңызға жауап іздеп көрейін.

Адам баласы екі түрлі қасиетке ие:

1. Ағзалық – денелік.
2. Рухани – рухтық.

Рухтың өзі екіге бөлінеді:

1. Сұлтандық – адамның көңіл-күйлік астастығы.
2. Хайуандық – адамның ағза-тәндік жалғастығы.

«Көңіл» ұғымының мән-мағынасы кең де терең де. Бұл ұғымға «діл», «сыр», «рух», «жүрек»..., «құдай әлемі» сияды. Көңіл көлінде, көңіл жауһарында дүр-гауһар бар. «Дүр-гауһар» – наурыз айындағы «рахмет жаңбыры» кезінде көзге түсетін таң-тамаша құбылыс.

Хайуандық рухты нәпсінің тікелей көрінісі іспетті деп те ұғынуға тұрарлық. Нәпсі – адамның адалдыққа келмейтін жымысқы ойы мен кісілікке жатпайтын қылығы, іс-әрекеті, жымысқы да жағымсыз жұмысы. Адамның еріншектігі мен жалқаулығы, ерсі әрекеті мен есерлі сөйлеуі, намаз бен оразаға немқұрйлы қарауы т.б. мәдениеттілікке жат көріністер тізбегі де нәпсіге жатады. Ал нәпсіні тазарту – күпірлік пен надандықтан, жағымсыз сезім мен жаман мінезден арылу. Нәпсінің құрсауынан құтылған адам көркем мінезімен, көсем сөзімен, телегей-теңіз білімі және ілімімен, пайм-парасатымен, асқарлы хикметімен, жүрегіндегі имани кәмілдігімен, тұғырлы тақуалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Құдай үшін берер қаржы-қаражатыңды мешіт, медресеге жұмсаған абзал. Ақылға бағынған дұрыс. Нәпсіге бағынған, әсте, бұрыс. Әрқашанда, кесірлі нәпсіні кесімді ақылдың мысымен жеңген жақсы. Дін исламды пәктікпен сезініп, ақылмен ұғынған ұлағаттылық сипат. Ислам діні, Құран Карім кісі нәпсісін жоюды емес, оны тәрбиелеуді, оны орынды пайдалануды бұйырады. Білім-ғылымның қоймасы зерде теңізін, ақыл мұхитын толтырады. Сондықтанда, жөнсіз нәпсіні біліммен де, ғылыммен де жеңуге болады. Білімнің көзі, ғылымның өзі, атаның сөзі, дананың өсиеті, Исламның ниеті – арсыз нәпсіні жеңетін әлімнің хаты, ырықсыз нәпсіні құрықтайтын әлемнің заты. Ниет пен тәубе дұрыс болса, әлімнің хаты мен әлемнің заты өлмейді. Пәк нәпсіміз адал қызыметін қарқынды жүргізер, адамдар Алланың көрсеткен ақ жолымен жүрер деген үкілеген үмітім бар.

-Адамның қандай мінездерін атап өтер едіңіз?

-Құдайдың өзін танып білу қандай қиын болса, сөзін танып білу сондай қиын. Адамды танып білу де оңай шаруа емес. Себебі, адам, ауа-райы тәрізді, мың құбыла алады. Құдайды танып білу ғылымның ұлысы. Адамды танып білу ғылымның бір саласы.

Қайыра қалайын, ғылым екі түрге жіктеледі:

1. Ғылымқал – тілмен сөйлеспек.
2. Ғылымхал – көңілмен сөйлеспек.

«Ғылымқал» - көзбен көріп, құлақпен естіп, тілімен жететкізілетін ғылым. Адамнан адам тәни сабақ алады.

«Ғылымхал» - көсемдік көңіл сандығынан ой-сана күшімен сүзіп алынатын ғылым. Адамнан адам рухани сабақ алады.

Асыл иман ақ жүректен, сондықтан да адамдардың мінезін екіге бөлемін:

1. Құдайдың жаратқан жақсылығын бұзып алғандардың мінезі: менмендік, тәкаппарлық, күншілдік, кереқарлық, қысастық, дандайсулық, дұшпандық, жүрексіздік...

2. Жаратқанға шүкіршілік айтып, шын жүрегімен жалбарынатын, «Алла» дейтіндердің мінезі: түзулік, туралық, жомарттық, салмақтылық, ерлік, бауырмалдылық, ұяттылық, сабырлық, салмақтылық, намысқойлық, рухтылық, қайырымдылық, қайсарлық, инабаттылық, біреуге жақсылық ойлаушылық, жүректілік...

ИМАН – сенімін жүректен қуаттап, тілмен айту дегенді қостаушылардың ұстанымдары. Бұл тұжырымның дәлелі, мына хадистер куәлігі: «Әнас (р.а.) риуаят етті: «Кімде-кім шын жүрегімен «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде арпа дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) бар болса, ол – тозақтан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде бидай дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) болса, ол – тозақ отынан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде тозаңның салмағындай жақсылық (иманы) болса, ол – тозақ отынан құтылушы» деді» (Бәхари, Иман-33; Муслим, Иман-84; Тирмизи, Жаһәннам-9). Бір адам иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенімін айтатын болса, ондай кісіні мүмін деп есептеп, мұсылманша қарым-қатынас жасап, артында тұрып намаз оқиды. Сойған малынан жеуге болады, зекеттен жауапты етіледі, өлсе мұсылмандық жолмен жерленеді. «Лә иләһә иллаллаһ» деп, ақ жүрегімен қуаттап, қазақ тілімен қостап, Аймағанбет қажы турасында ой мәйегімді мәтіндедім, мәтіндеймін.

«Ер ұлттық діл үшін туады, қазақ халқы үшін өледі»

Қария сөз

Қазақ шежіресінде бір ата ғұмыры 25 жылға теңестірілген, сондықтан да, 7 ата жалғасы 175 жылды құрайды. Мұсылмандықтың бір белгісі ай ғаламымен байланысты. Мұсылмандық жолды берік ұстанғандықтан, имандылық негізбен, Кенжалы бабамыз баласына Аймағанбет деген есімді берген. Мәнісі: Ай маған бет. Яғни, Айды бетке ұстаймын – Иллаһ дініне берік болуды меңзейді. «Ай» – мұсылмандық белгі (знак). Әрбір қазақ баласы жеті атасын жетік білгені жөн. Қазақта былай дейді: «Жеті атасын білмеген жетесіз. Жетесізге сауын салма... Жетесіздің қызын алма...» Жеті

атасын білмегендіктің салдарынан, адам баласы, түптің-түбінде, шырғалаңның иірімінде (водооборт) шырқөбелек айналып, жан-дүниесі қиналып қалуы мүмкін. Жеті ата киесіне мән бермесеңіз, жеті ата тиесіне тән болмасаңыз, қысылтаянды, қарбаласты, қиналған бір сәтте, қателесумен өмірден өкінішті күйде өтіп кетуіңіз ықтимал. Жеті ата – гендік қор. Жеті ата жүйесінде гендік ерекшелік, гендік-сандық жалғас жасырынып жатыр. «Гендік қор» дегеніміз адамның болмыстық, рухтық қасиеттері ұрпақтардың сана-сезімдік жадындағы өскіні. «Жеті ата» дегеніміз ұлыттық негіз. «Ұлыттық негіз» ұғымына адамның бойында кездесетін мынандай қастерлі қасиеттер кіреді: пәлсапалық пайым, пәтуалық пейіл, сарқылмас ақыл, сүбелі ой, келісті денсаулық, кәміл имандылық. Гендік қорда, ұлттық негізде Алла ілімінен адаспаудан, сонымен қатар, ата жолын сақтаудан, ана сүтін ақтаудан көрінетін, тұлғаның түйсік тереңіне тұрақтаған, пәлсапалық пәрменге жетелейтін тағылымдық тебіреністер, тәрбиелік тарамдар бар. Атадан өсиет. Анадан қасиет. Атаның өсиетті сөзі, ананың қасиетті сүті тектілік бұлағының «кәусар» суының басты бастауы іспетті. Ата-бабаның даналығымен, данышпандығымен қазақтың аты, ұлыттың асқак даңқы жер-жаһанға жайылары аксиома, дәлелдеуді қажетсіңбейтін ақида ақиқат. Ата-бабаның батылдығынан, батырлығынан қазақтан дұшпаны жығылған. Дана да, данышпан да, батыл да, батыр да текті де ардақты анадан туады, ата-баба жолын қуады. Ата-бабаларымыз тектілігімен тарихтың қақ төрінен көрінеді. Ата-бабаларымыз қазақ қағанатын құрған. Қазақ қағанаты да, Қазақ мемлекеті де, Қазақ елі де тектілікті тұғыр тұтқан дана халықтың құт-берекелі, бақ-мерекелі қоғамы!

Қазақта: «Әуелі өзіннің үйіне жақ, онан соң аймағына, онан соң халқына, сонан соң барып Құдайына жақ» - деп айтады. Мұнда – терең толғаныс, телегей-теңіз тағылым, тұшымды да толымды өмірлік тәжірибелердің алтын өзектері, жақсылықтың жөні, тәлім-тәрбиенің жүйесі сайрап жатыр. Бұл орамды-орамды ой шеңберлерінен – қасиетте, өсиетте, мәдениетте, айшықтап айтқанда, имандылықтың көкжиегі кереметтейін көрінеді. Осы тұста бес қымбат қағиданы атап өтейін: ақыл, сабыр, шүкір, әдеп, иман. Атам қазақта былай деген де сөз бар: «Ғақ жандырған шырақты ақымақ үріп өшіре алмайды». Осы тұжырымнан шығатын нұр-сәуле – ақыл, сабыр, шүкір, әдеп және иман – зиялы жан иесінің көркем мінезінің, жүрек жылуының жарқыраған жарық жұлдызы.

Мысал ретінде, өсімдіктер әлемін ой-елек айналымына түсірсек, мына көріністі еріксіз мойындаймыз: көктемде жер қыртыстарындағы тамырлар өтімді өскінін береді. Жазда өсімдік жайқалып, гүлдеп құлпырады. Олар күз мезгілінде жетіліп, тұқымдарын айналаға шашып, бойына шырынын құйып, жаудыраған жеміс-жидектерін асқан жомарттықпен, көздің жауын алардай жаудыратады. Осы тәрізді адамдардың өмір жолдарын да, тағыдыр тарамдарын да, салыстырмалы түрде, кезең-кезеңге бөліп қарастыруға болады. Мұндай салыстыру-саралау салдарынан табиғаттың бұлтартпас заңдылығының куәгеріне айналамыз. Яғни, туу барда, даму бар. Түптеп

келгенде, туу барда, өлу бар дегенге әкеліп саяды. Бірақ материалдық тән өлгенімен, рауанды рух өлмейді, оның ішінде, елге ауызбен айтылып, қағаз бетіне түскен сөз өлмейді. Тасқа қашалған аталы сөз адамзат рухымен бірге жасайды. Мәңгілік рух тау тұлғалы бабалардан жеткен аманат сынды, адам зердесіне сөз арқылы жетіп, ұрпақтар санасына сіңеді, жаңа тұрпатта жаңғырып, естелік-ескерткіш есебінде кітаптар мен компьютерлерден көрінісін береді.

Қайталап айтамын. Аманатқа қиянат жоқ. Бабалар аманатын орындау ұпақтар үшін абройлы міндет-парыз. «Батамен ел көгереді, жанбырмен жер көгереді» дейді қазақ атамыз. Бата адамның мерейіне медет береді. Өмір сабақтарында, ұрпақтардың сабақтастығы жатыр. Тағыдырға тергеу, өлімге өкпе, шөліккенге шара жоқ. Туған жерден артық жер жоқ. Туған жерінде еленбеген ер жоқ. Алланың нығыметтеріне сан жетпейді, ол шексіз. Шүкір етсеңдер нығыметтерің арта береді. Көрінетін және көрінбейтін нығыметтер бар. Жалпы Алланың нығыметі екі түрге бөлінеді:

1. Діни нығымет.
2. Дүниелік нығымет.

Өзін-өзі сөзбен қорғай бастаған қарттық аянышты. Бастағы ағарған шаш та, бетке түскен әжім де абройлы болуға септігін тигізе алмайды, ал өнегелі өткен өрелі өмір өзінің жауһар жемістерін базарлы да назарлы бедел түрінде барша адамзатқа берері айдан да анық. Титімдей ғана және өте қарапайым көрінгенімен адамдардың арасындағы құрмет пен ізеттің белгілері мынандай мағаналарды меңзейді: жаныңызға жақын келеді, иіліп сәлем салады, ізетпен жол береді, сіз келгенде орнынан ұшып тұрады, сізден өтініп ақыл сұрайды, кетеріңізде сізді бар салтанатымен силап, құрметтеп шығарып салады. Ақ сақалды адамға құрмет, ақ жаулықты анаға ізет – ел ішінде қалыптасқан қастерлі ниет, қазыналы қасиет. Міне, өсімдіктердің бал-шырыны сөгілген бақ-бағыбандығы жемісті көрініс. Міне, адамдардың нұр-сәулесі төгілген бақытты бет-бейнесі.

Ұзаған сайын «Ұлы тау» биіктей түседі. Заңғар тау тәрізді, ел арасында парықына парасаты сай, көңіл-күйі жай, жұмсақ мінезді, көргенге көсем, естігенге шешен, тереңнен толғай, түйдек түйдегімен, сәнді де мәнді сөйлейтін адамдар жұрт жадында жатталып қалады да, уақыт ұзай бере тарихи тұлғаға айналары сөзсіз. Аймақтағы ел-жұрт жадында жатталған сондай азаматтың бірі де бірегейі – Аймағанбет қажы.

Аймағанбет Мекке барып, Алланың ризалығы үшін құран бағыштап, Пайғамбарға (с.ғ.с.) салауат айтып, еліне амандық, жұртына тыныштық тілеп, қазақ еліне төмендегідей баталы да өсиетті сөз-шумағын қалдырған:

*Сөйледім тілім жеткенше,
Өмір сүрдім гасыр өткенше.
Ел-жұртымды жүз ойлап,
Еңбектендім әлім кеткенше.*

*Атаның нық сөзімен ой өседі,
Ананың ақ сүтімен бой өседі.
Ойдың өскені, бойдың өскені,
Қазақы мерейдің мың өскені.*

*Алла деген адамдар арымас,
Құдайы жоқ жан жарымас.
Запраны зар замандарда да,
Иманы кәмілге бәле дарымас.*

*Жаманның ісі өнбесін,
Жақсының ізі өшпесін.
Қапасқа бас көнбесін,
Ғаламдық нұр сөнбесін.*

*Жүгінсең де асыққа,
Жұғыспа сен жасыққа,
Босаңсып қастыққа,
Жақындаспа насыққа.*

*Асығың түссе де омпта...,
Томсырайып тарықпа.
Қарайғаннан қорықпа,
Кейін шексең де жапа.*

*Асығың түссе де алышы...,
Ел баласы болып қалшы.
Парасаттылық негізде,
Ата-бабадан үлгі алышы.*

*Алланың ақ жолымен аяңда,
Тақуа дұрыс басқан қадамда.
Жұмақ елі, алма-бақ саяңда,
Адамгершілік имани адамда.*

*Талай тұлға өтті өмірден,
Тегеуріні қатты темірден!
Адамның жаны шыдар ма,
Болатта жасыса көмірден?*

*Жоқтан бар болмайды,
Бардан жоқ болмайды.
Рухани жұтаң болсаң,
Көңілің тоқ болмайды.*

Тағыдырға тергеу жоқ,
Шөлдегенге төкпе жоқ,
Соңғы дем біткен соң,
Арсыз өлімге өкпе жоқ.

Атар мұңға толы таң,
Кұлаққа жетіп соңғы ән.
Шығар бойдағы жан,
Жұмылып көз, өлер тән.

О, жарық дүние-ай,
Байлыққа кім ие-ай?
Оу, қанас дүние-ай,
Жүремін күйіне-ай!

Тарихымыз тақиядай,
Аспандап биік тұрған.
Тарихымыз тәрбиелі,
Кісінің көңілін бұрған.

Істер істеріміз аянды,
Тірлігіміз баянды-ай.
Түзу шығар түтініміз,
Бауыр бүтін болғай!

Қара орман қазағым –
Гүл-жайнап өсе берсін.
Ата-баба салтыменен,
Ұлы керуен көше берсін.

Тарих-өткеннен білім,
Таң-тәрбиелі көз болсын.
Көріп-кеткеннен ілім,
Паң-тәлімді сөз болсын.

Әуезді күйлерім саз ізденіп,
Зерделі сандықтарға түссін.
Кергелеріміз кербезденіп,
Болашақ ұрпақ алға бассын.

Қара орман қазаққа –
Бақ пен дәулет көктен толсын.
Қасиетті жерімізге –

Мәңгіліктің елі жеткен болсын!

*Жылдың төрт мезгілі құт,
Май-майсалы жеріміз болсын!
Төрде төрт құбыласы тең,
Аталы, баталы еліміз болсын!*

Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы еліне сыйлы, халықына қалаулы кісі болған. Атаның аялы алақаны, майса мейірімі, жылы жүрегі, кіршіксіз таза көңілі, сүбелі де сүмбіле сөзі, иллаһи имандылығы осы уақытқа дейін базарлы жерінің өрінде, назарлы жұртының төрінде.

Қолымызға бақ құсы қонсын. Көшемізге дәулет көші келсін. Өміріміз мәнді, болмысымыз сәнді де мәнді болғай. Ел-жұртымызға: Алладан – рахым, Пайғамбардан (с.ғ.с.) – шапағат! Жаратқанымыз бәрімізге де екі дүниенің абройы мен рақатын көруге нәсіп етсін. Алла Тағала өліге иман байлығын, тіріге береке сыйлығын тарту етсін.

Аспанның астын, жердің үстін құтты мекен етіп, күннен күш, айдан шабыт алып, тіршілік қылған адамзат тарихының шексіз де шетсіз шежіресі, терең де түпсіз құпияларға толы, сол адамзаттың дамуында қаншама ой-пікір, қарама-қайшылықты таразы-толғамдар мен ғылыми негізделген пайымдаулар легі жатыр десеңізші. Сол мындаған ұлыт-ұлыстардың ішінде ағаш керегелі, дөнгелек шаңырақты, дархан дала еркесі – қазақ халқы да бар.

Жер бетіндегі адам атаулы тіршілік жасауға қолайлы, құнарлы мекеннің ең көлемдісі де қазақ халқының еншісінде. Жер көлемі жөнінен әлем елдерінің ішінде Қазақ сахарасы тоғызыншы орында. Қазақ үшін тоғыз киелі сан ретінде саналады. Жердің шеті, шегі жоқ деп түсінген ата-баба танымымен бағамдасақ – қазақ ең байтақ жер иесі, ең бақытты елдердің қатарынан көрінеді.

Қажытархан (Астрахан), Сарытау (Саратов), Төмен (Тюмень), Қорған (Курган), Шәләбі (Челябинск), Омбы (Омск), Өр Алтай, Құлынды қыраттары, тағыда басқа жерлер, қашан және де қайда өтіп кетті, белгісіз? Ол өлкелердің қызығын кім көріп жатыр?

Жалпы, Сарыарқаның еңсіз жазығын емін-еркін, жайбарақат ие еткен қазақ халқының қабырғалы елі XI – XIV ғасырларда Дешті Қыпшақ аталған сары далада табан аудармай тіршілік етіп, мындаған жер-су аттарын өз тілдерінде қойған. Қазақтың осы күнгі ұлан-байтақ ата-баба қоныс-мекеніне шүкіршілік айтып, Сарыарқадай самалды саясына, біз, қайран қаламыз да, теңіздей тәубемізге түсеміз. Сарыарқаның кеңінен Сарытау мен Қызылтау қыстақтарын да тауып алуға болады. Бұл қыстақтар Аймағанбет қажының туып-өскен, тарихи тар жол, тайғақ кешуге толы төңірегі.

XVI, XVII, XVIII, XIX ғасырлар қазақ халқы үшін айтулы тұлғалар дәуірі десе дегендей-ақ! Қазақ халқының туын көтерген Керей, Жәнібек сұлтандардың асқақ арманы, сұңғыла саясаты қандай жағдайда болмасын,

әсте, өзінің заңды жалғасын дөп тауып отырды. Қазақ хандары, батырлары, билерімен қатарласа рухани рауанды дін Ислам өзінің тамырын қазақ жеріне, қасиетті қарағай сынды, жасыл желегін жайқалта, кеңінен жайды. Имандылық мәселесінде Арыстан баб пен Қожа Ахмет Йассауидің орны ерекше.

Қожа Ахмет Йассауий кесенесіне тәу етіп, әулиеге дұға бағыштап, Алладан медет сұрадым. Ел-жұртқа күш-қуат, дін-исламға ерік-жігер беруін, жасаған зияратымды қабыл алуын, өзімнің діни ілімімді арттыруын, Құдай Тағаладан тілеп, бата қылдым.

Жалпы ілім атаулы екі санатқа бөлінеді:

1. Ғақли – бәрімізге де етене таныс, кәдімгі өзіміз оқып үйренген, күнделікті көзбен көріп, құлақпен естіп жүрген, шүбә келтірмейтін, айқын дәлелді, адамның сана-сезімінің жеткенімен пайымдалып, кеңінен игерілген жалпы ғылым.
2. Ладуни – Алланың аян ілімі, ғылымдардың басы мен соңы болып саналатын бұл мұғжиза ілім ғылымның барлық саласын қамтиды, ғылым тармақтарын бір жүйеге келтіретін ғылымдардың ұлы ғылымы.

Шіркін, Баянауыла, Семізбұғы, Қандыкөл, Ақөре, Жосалы, Белағаш, Аюлы, Керней, Қарқаралы, Ботақара, Ақбел, Қызылтау, Керегетас, Шмылдықжал... Осы аталған жер жанаттарын жыл он екі ай аралап, ішкені сары қымыз, жегені семіз ет, сіміргені мөлдір су, жұтқаны таза ауа болса, сол адамдардың арманы бар ма? Олар күшіне күш қосып, өнеріне өнер жалғап, көңілдері өскен үстіне өсе түсіп, өрнекті өмірге деген құштарлығы арта түсетіндігін білу, айтпаса да түсінікті.

Өмір-өзен ақ пен қарадан, қуаныш пен реніштен, жеңіс пен жеңілістерден тұратыны баршаға белгілі жайыт. Кезектескен дүние. Ата-бабаларымыз жайлау-жайылым құнарлығын бағамдап, бұлақ-өзен-көл суын сағалап, ыстыққа күйіп, суыққа тоңып ерен еңбегімен төрт түлікті түлетті. Мал санын көбейте жүріп, тұқымын асылдандыра отырып, малсақтық міндетін, ілім-білімін, қажыр-жігерін жұмсады. Табын-табын ұсақ тұяқты мен ірі қара малдар, үйір-үйір жылқылар тіршіліктің қайнар көзіне, жердің сәніне, жұрт елдігінің мәніне айналды. Төрт түлік малды көбейту адамның көңіл-күйіне, жердің құнарлығына, телегей-теңіз еңбегіне, сонмен қатар, ауа райын болжай білуіне тікелей байланысты. Ауа-райының өзгеруін болжай білу де іргелі бір ғылым.

Табиғат көріністеріне, жануарлардың мінез-құлықтарына қарап, ауарайның өзгеруіне орай, сол ата-бабаларымыз мынандай болжамдар жасаған:

Торғай ұясына мамық таси бастаса, күн суытады.

Торғай ерте ұя басса, кешікпей күн жылынады.

Малдар кешке таман бір бағытта күйіс қайрып жатса, келер күні сол тұстан жел тұрады.

Көкектің шақырғаны көп естілсе, алдағы апта жаймашуақ болады.

Қарлығаш аспанда самғап, биіктеп ұшса – күн ашық. Қарлығаш жер бауырлай, төмендеп ұшса – күн жаңбырлы.

Дауыл боларда құмырсқалар илеуіне кіріп-шығып, әбігерге түседі.

Құмырсқалар илеуін құрғақ жерге салса – жауынның, дымқыл жерге салса, жаздағы құрғақшылықтың хабары.

Құмырсқалар илеуінің аузын бекітіп алса, ақ жауын сіркіреді.

Құмырсқалар илеуін биіктеу тұсқа көшірсе, қатты жаун жауып, ауа ылғалдылығы артады.

Бал арасы шырын жинауға топтанып аттанса, күн жаимашауақ болады, егер ұясынан ұзамаса, күн райы бұзылады. Ара жұмысын ерте бастап, кеш аяқтаса, жаун-шашын ұзаққа ұласады. Ара ұядан шықпай, ызындап отырып алса, көп кешікпей жаңбыр жауады.

Ара омартадағы кіріп-шығатын тесігін жартылай жапса, қыс суық, ал ашық қалдырса, қыс жылы болады.

Балық айдынның бетінде шоршыса, кешікпей жауын-шашын жетеді.

Елік топ-топ болып басқа жаққа беттесе, суық болады.

Сиыр танауын пысылдатып, басын шайқаса, суық жел соғады.

Жауын немесе боран жұма күні басталса, ол келесі жұмаға дейін созылады.

Ай шалқасынан туса, ауа-райы қолайсыз болады. «Өзіне жайлы, өзгеге жайсыз» деген тұжырымға келеді.

Қыста күн құлақтанса, кешікпей-ақ шытынаған аяз келіп жетеді.

Күн қызарып қалың бұлтқа батса, келер күн жауынды болады.

Қараторғай топтанып ұшып, аспанда қалықтап жүріп алса, күз ұзаққа созылады.

Жылан мезгілінде ініне жатпаса, күз ұзақ әрі жылы болады.

Ордалы жылан, құрт-құмырсқа топ-тобымен басқа жаққа көше бастаса, көп ұзамай жер сілкінеді, не басқа бір табиғи апат болады.

Жазда құйын көп болса, қыс аязды.

Қараша айында күн күркіресе, қыс мезгілі қысқа.

Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы.

Көктемде күн көп күркіресе, егін-шөп бітік шығады.

Қой тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды.

Қой тісін қайраса, дауыл не боран соғады.

Батар күн қызыл шапакқа малынса, келер күн жазда ыстық, қыста жылы.

Қыста күн құлақтанып шықса, суық болмақ, құлақтанып батса, аяз болмақ.

Бұлт ортасынан ыдыраса, күн райы бұзылады, шетінен ыдыраса, күн жылынады.

Оңтүстіктен ұзақ соққан жел өзгеріп, шығысқа ауысса, ауа райы жақсарады да, батыстан соқса – бұзылады.

Жазда аңызак ыстық болса, қыста қатты аяз болмақ.

Қызара батқан күн – желдің, ашық сары болып батса – жаңбырдың нышаны.

Күн шыжып, тымырсық болса, артынша найзағайлы жаңбыр жауады.

Ай қызыл түспен қорланып, әлгі шеңбер кеңейіп барып жоғалса, келер күн ашық болмақ. Осындай екі шеңбер немесе күнгірт бір шеңбер қатты суыққа көрінеді.

Ай бетінің бұлыңғырлануы жаңбыр, ай айқын көрінсе күн райының ашық болатындығының кепілі.

Аққу жылы жаққа кеш қайтса, күз әрі ұзақ, әрі жылы болмақ.

Желсіз күні түтін жербауырласа, жазда жаңбыр, қыста қар жауады.

Аспан бұлтты болса да жел жоқта түтін көкке шаншыла шықса, ауа райы жақсы болмақ.

Суық күні терезе шынысы мен жақтауы терлесе, күн жылынады, жазда терлесе ауа райы бұзылады.

Мысық пешке тығылса – аязға, ит аунаса – боранға.

Жаңбыр алдында балық қармақ қабады, қармаққа балық түспесе жел болады.

Қойлар сүзиссе желге дайындық.

Өгіз құйрығын шаншылта көтерсе, қатты желге белгі.

Жылқы ішін тартса ауа райы бұзылады, пысқырса – жауын келеді.

Тышқан ін қазғанда топырағын алысқа тастаса – қыс жұмсақ, ін аузына тастаса – қыс қатты.

Тышқан інін суға жақын қазса – жаз құрғақ, алыс қазса – жаз жауын-шашынды.

Тышқан ініне дәнді мол жинаса – қыс ұзақ.

Тырна тырауламай, жоғары ұшса, күн жылы болады.

Құстар қанатын жайып, тарана бастаса, келесі күн жаңбырлы.

Масалар кешке қарай қаптап ұшатын болса, ертенінде жаңбыр шүмектейді.

Наурыз күні қар жауса, сол жылы береке мол болмақ.

Қой қорасына еркін кірсе, көктем ерте келеді.

Жылқы күзде құлын тастаса, қыс қаһарлы.

Қордаланған күн шеңбері тар болса, ауа райы күрт бұзылады.

Қой өрістен шөп тістеп қайтса, жұт болмақ.

Жеміс ағашы күзде гүлдесе, қыс қабағы жылы.

Шырылдауық шегіртке жым болса, жаңбырдың жауатыны.

Киік ауа бастаса, кешікпей боран келеді.

Шолпан жарқырап тұрса, егін, шөп, жеміс бітік шығады.

Құрбақа күні бойы құрылдаса, алдағы күндері күн ашық, жайлы болмақ, құрылын қойса, күн райы бұзылады, жағада отырса, жаңбыр жаумақ.

Көктемде жылқы ықтаса, алдағы қыс қатты.

Бөгелек жаздың аптап ыстығында жылқы сауырында жүрсе, қыс аязды, жалына шығып кетсе боранды.

Сыйыр өріске шықпай қойса, не өрістен ерте қайтса, кешікпей ауа райы бұзылмақ.

Ит қараптан-қарап үрсе, жерді тырналап, ерсі, оғаш мінез көрсетіп мазасызданса, жер сілкінеді.

Ит арқасынан түлесе, қыс жайлы, бауырынан түлесе, қыс жайсыз.

Жазда жұлдыздардың жарқырап көрінуі келер күн ыстығына, қыста жарқырап көрінуі келер күннің аязды болуына меңзейді.

Ұзақ қарға алдымен келсе, көктем ерте білінеді, ал сары-ала қаз келсе, көктем кешеуілдеп жетеді.

Қыста кемпірқосақ көрінсе, жыл берекелі, жайлы, мал төлді, егін-шөп шығымды болады.

Жаңбыр жауып тұрғанда судың бетінде көпіршік тұрса, жауын ұзаққа созылады.

Көктемнің алғашқы жаңбырында күн күркіресе, шөп мол шығады.

Күн шығар алдында бұлт қызғылт тартса, жел тұрады.

Бұлт жербауырлай көшсе, жаңбыр ұзақ уақытқа созылады.

Құр, шіл қардың астына тығылса, ұзамай боран соғады.

«... Шамасы жеткен адамдарға Алланың разылығы үшін Қағбаны қажылық ету парыз...»

Қария сөз

Кейбір кісілер «Бармын, байимын, көзқарасым оң, көкірегім ояу...» деп өзінше токмейлсініп, күпірлікке барады, қателесіп адам алдында, Құдай алдында күнаға белшесінен батады. Кей-кейде адам баласы надандықтың құрбаны екенін білмей де қалатын жағыдайлар кезігеді. Өркөкіректікке, өрескелдікке, орынсыз маңғаздыққа, мен-мендік қылығына бой алдырады, адамгершілік қасиеттерден жұрдай болғандығын өзі де білмей қалатындығы тағы да бар. Ел-жұрт арасында қолға шыққан сүйелдей көрініп, сыйласуды да, сыйлауды да білмейтін, ел-жұртты ұятқа қалдыратын адамсымақтарға барынша арланып, Аймағанбеттің қағанағы қарс айырылып, қатты қиналды. Халық болашағын ойлап, күнә кәрінен ел-жұртын арашалау мақсатында, Жаратқаннан кешу-ғапу сұрау ниетімен қажылыққа барып-қайтуға алды-артын барлап, жан-жақты ойланып-толғанып, бірнеше жылдар бойына қаражат жағынан да, рухани жағынан да дайындалды.

...Бірде, күн ұзағына, ас-сусыз, ойынның қызығына түсіп, қыстақтың балаларымен «қанталапайлатып», Аймағанбет ұтылып, бар асықтарынан айырылып қалды. Көңіл-күйі түсіңкі түрде үйге оралған немересін көріп, Есентүтел:

-Не болды, құлыншағым? Біреу-міреулер ренжітті ме? – деп сұрайды.

-Ешкімде ренжіткен жоқ. Асықтарымның барлығын балаларға беріп қойдым. Бір сақам ғана қалды, деп мұның шағады, ол.

-«Алтын сақан» қолыңда қалғаны жақсы ырым екен, қарағым. Мұның өзі өмірлік бір белгі болып шықпасына кім кепілдік бере алады? Бұл менің

жай ғана айтқаным, көңіліңе алмай-ақ қой, жаным. Қандай да қылықтың, құбылыстың төрелігін бір Алла ғана айна-қатесіз, доп басып айта алады. Жасың жетіге жетті. Өзің кәдүмгідей жігіт болып қалдың. Қамшың бар. Ала тайыңа мініп теңге аласың. Айналайын, кел менің жанымға жақын отыр, құбыла жаққа бетінді қарат. Саған ақ батамды берер сәт жеткендей ме қалай, өзі? Алақандарыңды биікке көтеріп, кеңінен жая ғой. Бисмиллаһир-ир-рахманир-рахим! Малың белді, маңың елді, сапарың практы, сөзің шамшрақты болсын! Заңғар таудай талабыңа, атар тандай жүзіңе, гауһар тастай жүрегіңе, аппақ қардай көңіліңе кірбіңнің титімдей де түйірі еш уақытта да түспесін! Білім-ғылымың биік асуларынан асып түссін, бақ-дәлетің толған теңіздей тасысын, қас-дұшпандарың қас-қабағыңнан айдалаға қашсын! Қара орман халқыңның жалынды жанашыры, қарымды қорғаушысы бол! Әумин!, - деп Жаратқанға жалбарына, Аллаға таусылмас тәубесін айтып, бетін қос қолдарыменен сипап, атасы немересіне ақ батасын берген...

Қазақ халқының өміріндегі болып жатқан әлеуметтік-тұрмыстық, ғылыми-техникалық, саяси-экономикалық, мәдени-спорттық салалардағы оң өзгерістер, ана тіліміздің дамып, сөздік қорымыздың лексикалық қабаттарының, соның ішінде антропонимдердің де өсіп, жетіліп, баюына игі әсерін тигізуде.

Қазақ есімдері (антропонимдері) тілдегі сөздік құрылымның бір бөлігі болып саналады. Ол өз бастауын жалпы халық тілі қорынан алады да тіліміздің ішкі заңына оңтайлы әсерін тигізеді. Сөйтіп, тілдегі сөздердің (лексикасының) барлық салаларынан нәрлі негіздерін алады. Лексикалық тұрғыдан алып қарағанда, олардың қабаттарының түпкі ұйтқысы, тұғырлы тірегі болып табылып, төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктеледі:

- Мал шаруашылығымен байланысты есімдер;
- Табиғат құбылыстарымен байланысты есімдер;
- Тағы аңдарға, үй хайуандарына, түрлі құстарға байланысты есімдер;
- Асыл металлдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер;
- Өсімдік аттарымен байланысты есімдер;
- Жеміс-жидек аттарымен байланысты есімдер;
- Туыстық атаулармен байланысты есімдер;
- Жер-су аттарымен байланысты есімдер;
- Үй жиһаздары мен мүліктеріне байланысты есімдер;
- Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер...

Кейбір есімдердің мән-мағынасы (семантикасы) мен дыбыстық сипаттары арқылы белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін анық байқауға болады.

Ислам діні адам аттарының қойылуына айтарлықтай ықпал етті. Ислам дінін қабылдаумен байланысты балаларға ат қоюдағы дәстүр мен әдет-ғұрып өзгеріске шұрап, көне түркі тектес есімдер қолданыстан аздап шығып қалып отырды.

Қазақ жерінде, Түркістан төңірегінде аты тарихқа мәшһүр Ысқақ бап болған, ал Жанарқа жайлауында атақты Ысқақ қажы ғұмыр кешкен. Осы

адамдардың қадыр-қасиеттеріне тамсанып, жақсы ырымға балап, Аймағанбет қажы екінші ұлының есімін Ысқақ атаған. Аймағанбет қажы, азан шақырып, өзінің балалары мен немерелеріне мынандай есімдерді қойған: Шеризат, Мұхамедия (Мина тауы), Тирмизи, Мәдина, Уайда т.б. Мұндағы Шеризат «шариғат» сөзінен алынған, Мұхамедия – Мұхаммед пайғамбардың, Тирмизи – ғалым, Имам Тирмизидің, Мәдина – Мәдина шаһарының құрметіне қойылса, ал Уайда аты Жаратушының шексіз құдіретіне таңғалыстан келіп туындаған, айырықша есімдер қатарына жатқызылады.

Қаржас – Бабас шежіресінен үзінді: Қасаболат – Бабас – Жанак – Есентүтел – Кенжалы – Аймағанбет қажы. Аймағанбет қажыдан: Ақыш, Ысқақ, Манап, Шеризат, Оқаш.

Ақыштан: Сейіт, Баттал, Зейтін, Тирмизи.

Ысқақтан: Мұхамедия (Мина).

Манаптан: Мәдина, Шайхан.

Шеризаттан: Жәзира.

Оқаштан: Уайда.

Тирмизиден он бала (жұбайы Әмішқызы Мәпіш (Мәрия)): Мақсұтхан (Мәтәй), Мұсахан, Қапиза, Райхан, Мұрат, Әсимә, Шолпан, Мұхтар, Қайыр, Әлия. **Мақсұтханнан** (Сәуле): Нұрлан, Асқар, Нәзігүл, Асыл. *Нұрланнан:* Мирас, Арсылан. *Асқардан:* Наргиза, Жәния, Сұлтана. *Нәзігүлден:* Аяулым, Арайлым. *Асылдан:* Әлмедин, Әлина. **Мұсаханнан** (Қалима): Нүркен, Арғын, Ардақ, Болат, Қымбат. *Нүркеннен:* Айгерім, Думан. *Арғыннан:* Әлия. *Ардақтан:* Назерке. *Болаттан:* Нұрсұлтан. **Қапизадан** (Қабдрахман): Гүлмира, Қайрат, Қанат. *Қайраттан:* Әмірхан. *Қанаттан:* Аңсар. **Райханнан** (Айтжамал): Гүлнар, Махмет, Мәдина, Айдын. *Гүлнардан:* Мадияр, Алдияр, Нұрай. *Мәдинәдан:* Әлиасқар, Әлижан. *Айдыннан:* Айзере. **Мұраттан** (Ғалия): Әсел, Ботакөз. *Әселден:* Нұрдәулет, Нұрайым, Жанель. *Ботакөзден:* Әділхан, Нұрасыл. **Әсимәдан** (Еркін): Алтын, Меруерт, Еркебұлан, Ерқанат. *Алтыннан:* Рашит. *Меруерттен:* Камила, Назерке. **Шолпаннан** (Қайролла, Рымбай): Әсет, Гүлзат. *Әсеттен:* Бекзат, Айым. *Гүлшаттан:* Нұрасыл. **Мұхтардан** (Алтынай): Аян, Темірлан, Дарын. **Қайырдан** (Алтыншаш): Нұрым, Гүлім. **Әлиядан** (Аманкелді): Айнұр, Мәдияр, Гүлнұр, Ажар, Олжас, Бақтияр.

Мұхамедиядан (Мина) он бала (жұбайы Шүкейқызы Күлшира): Гүлнаһар (Нәркен), Қадырхан (Кәтәй), Гүлжауһар (Жәукен), Асылхан, Гүлназия, Гүлзипа, Фазылхан, Гүлнафис, Әлихан. **Гүлнаһардан** (жолдасы Әзкенұлы Әлімкен (Сайлау)): Марат, Жанат, Айгүл, Данияр, Бақтияр, Айжан, Тоғжан. *Мараттан:* Әсем, Әрлен. *Жанаттан:* Аида, Айдана. *Айгүлден:* Дамиля, Нариман. *Даниярдан:* Ботакөз, Назерке, *Бақтиярдан:* Ернұр. *Айжаннан:* Батырхан. *Тоғжаннан:* Арман, Ділназ, Аружан, Нұрәли. **Қадырханнан** (жолдасы Қасенқызы Нәзипа): Шарипа, Айман, Айдын, Әсет. *Шарипадан:* Дәулет, Санжар. *Айманнан:* Малика. *Айдыннан:* Әлішер,

жамағат! Жамағаттың бас қосатын орны, Аллаға мәдақ айтатын үйі – мешіт! Ал, көпшілікпен, яғни, жамағатпен тыңдалған уағыздың, оқылған намаздың, сауабы анағұрлым молынан болмақ.

Ұлағатты ұстаздың әрбір сөзіне имандай сенген жөн. Біз көбінесе көзге көрінетін шындықты қабылдаймыз. Табиғатта көзге көрінбейтін шындықтың барлығын ескермей де қалатын жайымыз болып қалады. Жалғыздық бір Жаратқанға ғана жарасады. Ал табиғатта барлығы да жұбымен: аталық және аналық. Сол жұптар жарасымы дүниенің тепендігін таразылайды. Мынандай қасиеттер кезектесіп келеді: бақыт пен қайғы, құштарлық пен нәпсі, ...ақ пен қара... Сезімге сызат түссе, бақыт сізден безінеді. Нәпсінің жетегінде кетсең, кейін опық жеп, жападан-жалғыз, қу тізенді құшақтап қаласың.

Ұлағатты ұстаздың алдын көрмеген, ата сөзін тыңдаған періште-сәби балаларыңызды, кәусар пікірлі, кіршіксіз таза жүректі, тағылым мен тәрбие алған, үздік те үлгілі, өнерлі де өнегелі оқу орнынан шыққан инабатты да парасатты ұстаз-мұғалімдерге тапсырыңыздар. Мұндай оқу орны – мәртебелі медресе! Он сегіз мың ғаламды алты күнде жоқтан бар қылған, Жаратушының бір сипаты болса, шынайы ғылым дарыған жамағатқа жалған дүниенің не үшін қажеттілігі де, бір құпия? Құдай Тағаланың жаратқаны: ғалам-шар, жер-көк, тау-тас, ұшқан құс, жүгірген аң... Бұларды зерттеу мен зерделеу ғылымдар көкжиегін іздегенге, үздіксіз талпына ізденгенге – дәріс дарытады, білім береді.

Білмегеннің, білуге ұмтылмағандардың бәрі де надан. Өзің надан, өзің жаман болма. Надандық блапыт-батпан көрініс. Надандықта адалдық жоқ. Адалдық жоқ жерде арамдық жауызы жорғалайды. Арамдық бар жерде надандық ұшқыны бар. Надандық пен арамдық бір-біріне жақын, арасында қанжардың жүзіндей ғана қашықтық бар. Адалдық жоқ жерде имандылық жоқ. Имандылық пен тазалық бір-біріне өте жақын. Сақтықта қорлық жоқ. Сақтанғанды бір Алла сақтайды. Надандықта – арамдық! Имандылықта – адалдық! Құдайға жуықтасу, жақын болу ниетінде болсаң: бай малыңды, жарлы жаныңды білім мен ғылымның жолына сарп ет.

Кенжеәлі Есентүгелдің кенже баласы. Кенжеәлі жанұяда еркін өскен – есті ерке – еті тірі, пысық, бірлікшіл, болайын деп тұрған бала еді. Есейе келе ерке-шолжақтығын пшақ кескендей тыйып, арманның нар тұлпарына мінді, алдына зор мақсат-мұраттарды қойды. Ел-жұртына қарасты ойы өзгеріп, айналада жүріп жататқан сан қилы құбылыстар мен оқиғаларды түсінуге тырысып, оны ұғынуға деген ынта-жігері артқан үстіне арта түсті. Кенжеәлі жаратылыстың тылсым құбылыстардың сыры мен құпиясын бір сыдырғы шеше алуымен, жалпы тіршілік иесіне, оның ішінде, жануарға деген сүйіспеншілікті көзқарастарымен елдің назарына ілікті. Кенжеәліден екі бала дүниеге келді, олар: Аймағанбет, Нұрғаза. Нұрғаза ортадан ерте шетінеді. Аймағанбетке әкесінің имани-адамгершілік қасиеттері дарыған, мәселен, білуге, ұғынуға деген аса құштарлық, асқан ынтазарлық. Кенжеәлі баласының талап-тілегін құп алып, оны Бұхара медресесіне оқуға берді.

Дәрісші Аймағанбетке алғашқы күндерден-ақ көңілін ерекше аударып, бауырына тартты, ілімге айырықша баулыды. Бала терең ойлылығын, ілім-білімге дарын-қарымды екендігін дәрістестер, сабақтар барысында айқын байқатты. Құран-Кәрім оқу сайыстарында, тағылым-тәрбиеге негізделген байқауларда ұстаздар мен шәкірттердің зор ілтипатына бөленді. Шәкіртінің алғырлығын байқаған сыншыл да талапшыл, ұлағатты ұстаз, Аймағанбетті жеке-дара баулуға бел буды. Таң-тамаша іршілік тарамдарының, табиғат тылсымдарының қыр-сырынан жан-жақты мағлұмат беруге тырысып бақты. Алланың бірлігін, пайғамбардың хақтығын шәкірт көкейіне кұйды. Құламас құрмет-қарымы қалыптасқан, ғалым-ұстаз табиғат тылсымының тереңінен тындаушыларын тәнті етіп, шәкірттерін тамсандырды.

Қазақ жеріне, қазақ еліне жомарттық пен даналық қасиеттер неден дарыған, немесе, қайдан келген? Тектіліктің тамыры тереңнен тартар. Осынау асыл қасиеттер қазаққа атам қазақтың текті қанымен жетіп, дархан даласынан дарыған деп ойлаймын. Жаратқанның жазуымен, ақсақал-қариялардың хаттары мен есімдері ескірмейтін, жұрттың жадында жаттала жаңғырып тұратын тарихи тұлғалар болатындығы баршамызға әлімсақтан-ақ аян. Сондай тұлғалардың бірі Қаржастың Бабасынан шыққан Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы. Аймағанбет қажы жөніндегі тарихи деректерді газеттерден, кітаптардан, мұражайлардан, тарихи маңызы бар кесене-кешендерден, көнекөз қариялар қазынасынан және басқа да көптеген ақпарат көздерінен кездестіруге болады. Аймағанбет қажы «Кесенесі», «Қорымы», «Қара тасы», «Құдығы», «Бұлағы» тәрізді ұғымдар тізбегі жұрттың жадында жылдардың жарнамасындай, өшпестей болып өріліп, жартасқа қашалып жазылғандай. Аймағанбет қажы қазақтың гауһар тілін, қазақтың дара даласын, Ислам Ағзам мәзһабын ғұмыры бойына қастерлей жүріп, ел-жұртына әріптеп-дәріптеп кеткен тарихи тұлға.

«Кім жаман сөз сөйлемей және жаман іс-қылық жасамай Алла жолында қажылық етсе, анасынан жаңа туған баладай күнәдан арылып қайтады»

Хадистен

Аймағанбет 1871 жылы қажы атанып, сауапқа ие болған адамның бірі деп білеміз. Өмір бойына жамиғатқа діни уағыз жүргізіп, шарифат айтып, Ислам Ағзам мәзһабын халық арасына таратуда табандылық танытқан. Қазақ халқының табиғатына, көшпелі өмір салты мен әдет-ғұрпына ең жақыны, ең тағылымдысы Исламдық Ағзам мәзһабы. «Мәзһаб» сөзін арабшадан қазақшаға тажмалағанда мынандай мағаналарды меңзейді: «жол», «бағыт», «көзқарас», «мектеп». Ислам дінінде арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығын «мәзһаб» деп атайды. Ханафи мәзһабы негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жамиғатына кеңінен тараған. Көнекөз, көп жүрген, көпті көрген

қариялардың айтуынша Аймағанбет алдымен ойлана-толғана атқошыларын, қызыметшілерін іріктеп, жауапты жол-сапарға жан-жақты, егжей-тегжейлі дайындаған. Он мың шақырымдық, ұзақ жолдың, барып-қайтуы қауіп-қатерлерге толы болатындығын топшылаған. 1870 жылы Меккеге аттанар алдында өзіне жаназа намазын шығартып, туған-туыстарымен, ел-жұртымен қапу-кешу алысып, қоштасқан. Қастерлі мұсылмандық парызды орындау ниетінде атасы Есентүгелден «Ақ жол, сәтті сапар» тілек-батасын алған. Қажылыққа бару үшін ол заман адамдары ат, түйе, кеме тәрізді көліктерге жүгінген. Меккеге барып-қату үшін екі-үш жыл шамасындағы уақыт қажет-тін. Исламның бесінші парызын орындауға тілек білдіргендер жол-жөнекей қауіпті қақтығыстарға, атыс-шабыстарға кезіккен. Оның үстіне қазақтың Сарыарқасының түтеген май бораны мен сары аязы да, Қашығардың қаңғыған қарақшылары мен дүлей дауылы да, Арабтың бет перделі бадауилері мен мый қайнаған құмы да, жолды торуылдаған тонаушылар да, кара пиғылдағы қаңғыбастар да Аймағанбеттің ниетіне, қасиетті қажылық сапарына кедергі жасай алмады, жету мұратын мұқалтуға қауқарсыз қалды. Керісінше, жол қиындықтары көбейген сайын, Аймағанбеттің ой-пайымы, күш-қуаты, рух-қайраты, ұйымдастырушылық қарым-қабілеті артқан үстіне арта түсті. Аймағанбеттің салмақты мінезі мен сабырлы қаракеті, көрегендік кемеңгерлігі мен мейлінше мейірімі маңайындағыларға сенімділік нұры мен серпін нәрін берді, алға жылжи берулеріне оңтайлы ықпал-әсерін үздіксіз тигізіп тұрды. Меккелік сапар сынағындағы, ұзақ жол жортуындағы айсыз, тасқаранғы түннің тұңғығы да, толықсыған теңіздің дүлей толқыны да, мұнарланған таудың мұңы да сапарластардың мұрат-мысын құм кылуға қауқарсыз-тын. Аймағанбет алған бетінен қайтпады, жанындағыларға жігер-қайраттың қайтпас мыс беріктігін көрсетті. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) зиратына зияра-тәу етіп, мұсылмандық парызын парасаттылықпен орындап, Мекке шаһарында қажы атанып, қазақ жеріне, туған еліне 1872 жылы аман-саулықта, мәртебесі онан сайын өсіп оралды. Аймағанбет қажы қасиетті қажылық жолынан өз жеріне, өз еліне жеткізген Құран Кәрім кітабын, Пайғамбар хадисін, зәмзәм суын және де таспихтарды, аса қамқор да қайырымды, Алла Тағаланың, адам баласына деген рахмы мен Пайғамбар шапағатының үлгі-өнегесі ретінде, еш уақытта да сөгілмес қабырғалы, кара орман қазағына, сүйіспеншілікпен үлестіріп, шаттықтың шалқарында да, сезімнің серуенінде де, иманның иірімінде де болды.

V ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮКЕН АҚИҚАТ

Алла Тағалаға иман келтірген мұсылман баласы Оны көркем сипаттары арқылы тануға тиісті. Ұлы Жаратушыны тану дәрежесіне қарай адамның Оған деген махаббаты маздап, үміті мен сенімі артады. Тәңіріні таныған сайын жамиғаттың иманы анағұрлым күшейе түседі. Ұлы Жаратушысына деген сүйіспеншілігін жүрегімен сезінген жан иесі, жамиғат тақуалығы мен бауырмалдығын, еш уақытта да құламайтын, бекем тұғырлы ту ұғымында

ұстанады. Ұлы Жаратушысын жеткілікті түрде таныған тұлға ғана күнә атаулыдан бойын мейлінше аулақ ұстап, түрлі күдікті ойлардан арылады. Адам баласы Ұлы Алланы толықтай танып, біле алмайды. Өйткені адам шектеулі, ал Ол – шексіз. Десек те, Құдайды Құран кітабы арқылы, әр-бір хадисте айтылған сипаттары арқылы танып-білуге болатындай ниет керек. Ұлы Хаһтың Әл-Уәхдания сипаттары:

Сәлби – Алла Тағалаға ғана тиесілі: 1) Әл-Қидам – Алла Тағала бар; 2) Әл-Бақаа – Алла Тағала мәңгі; 3) Әл-Уәхдания – Алла Тағала біреу, жалғыз, дара; 4) Әл-Мухалафатул лил-хауадис – ақылға, қиялымызға, ойлау кеңістігімізге қандай нәрсені пайымдасақ та Алла Тағала одан басқа, әрі өзгеше; 5) Қиям би нәфсиһи - Алла Тағала бар болу үшін басқа біреуге мұқтаж болмау.

Субути - Алла Тағала барлық кемел сипаттардың шын мәніндегі иесі: 1) Хаят – тірі болу; 2) Ілім – білу; 3) Сәмғ – есту; 4) Басар – көру; 5) Ирадә - қалау; 6) Құдірет – күш-қуат; 7) Кәлам – сөйлеу; 8) Тәкуин – жоқты бар етіп, бар нәрседен екінші бір нәрсені жарату.

Аймағанбет қажыдан бізге жеткен бір үзік әңгіме:

-Исламның шамшырағы болған, пағамбарлардың ең соңғысы және ең үстемі Мұхаммед (с.ғ.с.) 571 жылы, сәуірдің 20-на рабиуләууәл айының, 12-сі, дүйсенбі күні, таңға жақын, Меккеде дүниеге келген. Бұл күн мұсылмандардың ұлық мерекесі. Әлемдегі мұсылмандар тарапынан жыл сайын бұл күн «мәуліт күні» ретінде жаппай тойланады. Жер-жерлерде мәуліт-шариф өлеңдері айтылып, пағамбарымыз жөнінде әңгіме тарқатылады. «Мәуліт» араб тіліндегі «уәләдә» түбірінен туындаған ұғым. Түсінігі «туылған жер, туылған уақыт, туған күн» дегенге саяды. Пайғамбарды еске түсіру салиқалы ғибадат болып есептеледі. Бұл күннің құрметіне Аллаһ ризалығы үшін мәуліт жиындарын ұйымдастыру, мәуліт оқу, салауат айту, тәрбиелік мән-мағынасы зор іс-шараларды өткізу, адамдарға жақсылық қылу, қайыры мол шаруа жасау – атап айтарлықтай зор сауап.

Ардақты пағамбарымыздың (с.ғ.с.) ғибратты ғұмырынан өнеге алу – мұсылмандарды «Жаратқанға лайықты құл, оның елшісіне ақиретте мақтан тұтарлық үмбет болдым ба?» дегендейін ой-зерделік тоқтамға жетелеп, оның имандылық ишратына қайта көз жүгіртуіне септігін тигізеді. Мұсылмандардың осы игі мақсаты үшін бір жерге жиналуы араларындағы бауырмалдықтың күшеюіне даңғыл жол ашады. Мұсылмандардың ең көп жиналатын жері Мекке! Адамзатты жақсылыққа шақыратын мұндай іс-шараның пайдалы екені, ал әрбір пайдалы да сауапты іс-әрекетті Ислам дінінің құп алатындығын түсінгеніміз абзал. Ал сауаптың ең зоры туған еліңді сағынуда, туған жеріңді сүйеде, Меккеге барып қажы атануда, өмір бойына Алланың ақ жолынан адаспай жүруде жатыр. Өзің туған жерді, тәрбиелеген елді сағынғанда, қос жанарыңнан ыстық жас шығып кетеді екен! ...

Бүкіл саналы ғұмырын адал еңбек етуге арнаған, ауыл-аймақ әпсанасын, Есентүгел әулеті жылнамасын, ел тарихын бір адамдай білетін Серік Кәрібайұлы Ағыбайтегі (Ертеректе ата-бабалары Есентүгел ұрпақтарымен аралас-коралас тұрған): «Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы 1838 жылы Қызылтаудың оңтүстік-батыс етегінде дүниеге келіп, 1925 жылы 87 жасында бақилық болған. Қара шашты, кең маңдайлы, қою қасты, ай қабақты, сақ құлақты, қоңыр көзді, қыр мұрынды, жұқа ерінді, ат жақты, қияқ мұртты, жалпақ жауырынды, сұңғақ бойлы, терең ойлы, сөзге шешен, білімге құштар, иманы кәміл, аса байсалды, бетке ұстар тұлға, ел-жұрты үшін адалынан туған жан – Аймағанбет қажы-тын. Аймағанбет жастайынан алғырлығымен, тапқырлығымен, өлең-жыр сөзге құмарлығымен, ой-зерде жүйріктігімен ел-жұрт көзіне түскен. Аймағанбет Баянауыл медресесінде Нәжметдин молдадан, онан соң Қамаралдин хазреттен оқып, араб, парсы және шағатай тілдерін үйренген. Алты жыл бойына діни дәріс алып, шарифат заңдарын меңгеріп, Қарнақ медресесінен, кіндік қаны тамған жері, Қызылтауға оралған. Жігіт шағының өзінде-ақ халқына қалаулы, жұртына елеулі боп, Аймағанбет Арқаға Құран Карім ілімін, Мұхаммед пағамбардың (с.ғ.с.) хадисін, Қожа Ахмет хикіметін уағыздаған...»

Дін – адамзаттың бүкіл әлем мен жалпы болмыс, адамды қоршаған ортасы мен табиғаттың тылсым құбылыстары турасындағы дүниетанымы, сенім-нанымы. Дін – адамдардың бір Жаратушыға, Оның тылсым күштеріне табынуы. Ерте замандағы діни сенім-нанымдардан, олардың әрекетінен, сол кезде өмір кешкен адамдардың бүкіл болмысы, тіршілік түйткілі, қоршаған қоғамы көрініс тауып отырған.

«Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, құлшылық, шарифат, заң, жол, ұлыт. «Діннің» термин ретіндегі басты тұжырымы – Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін тәртіпке келтіретін, адамның жан-дүниесіне рухани-психологиялық азық болатын заңдылықтарды, ақыретте Аллаһтың разылығына келуімен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа бағыттайтын жолдарды меңзейді. «Дін» - адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен бір Жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен талаптары...

Аллаһқа, Оның Елшісіне және ислам дінінің әкелген барлық үкімдеріне күмәнсіз, сенімді түрде иман етіп, ислам дінінен басқа дінді қабылдамаған кісіге мүмін, не мұсылман дейміз.

Ислам – біздің заманымыздың 609 – 632 жылдар аралығында (VII ғасыр) шығыс пен батыс мәдениеттері тоғысып жатқан Араб түбегінде пайда болған әлемдік діндердің ең жасы. Қазақстан мұсылмандары Әбу Ханифа мәзһабын ұстанады. Қайталап айтайын – «Мәзһаб», «жол», «бағыт», «көзқарас», «мектеп» дегенді меңзейді. Қазақстанда діни алауыздыққа жол берілмей, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан аулақ болудың басты сыры Ханафи мәзһабында жатса керек. Ислам діні ғылымның дамуына айтарлықтай оң ықпал етуде. Алғашқы түскен Құран әмірі «Оқы» сөзімен басталған.

Ислам – адам өмірін сақтаушы, денсаулықтың қорғаны, адамның өзін-өзі құртып, жүре-жүре жер бетінен жойылып кетуіне тосқауыл боларлық, таңғажайып нәтижелер жиынтығы.

Ислам – өмірдегі ең ұсақ құбылыс бөлшегін түсіндіретін жетілген қоғамдық құрылымдар жүйесі.

Ислам – қайырымдылық пен зұлымдықтың не екенін нақты түсіндіре алады, дұрыс өмір сүру, әдепті тамақтану, бала тәрбиелеу, әйелді қастерлеу, ұқыпты киіну, тазалықты сақтау, қоғамдық өмірдегі қатынас т.б. маңызды сұрақтарға жауап бере алады.

Ислам – басынан аяғына дейін құрылым-жүйесі жетілген кремет дін. Ислам мемлекеттерінде тұрмыс жағдайы төмен болса да, қылмыс көрсеткіші мен ажырасу саны ең аз, рухани бақыт салтанаты мен денсаулық деңгейі жоғары. Дамыған елдерден төмен тұрса да, жоғары санатты мораль мен өнегелі тәртіп көрінісі сақталған.

Қағыба – мұсылман әлемінің орталығы. Дүние жүзіндегі барлық мешіттер михрабтары осы жаққа бағытталған. Қағыба – он бес метірлік, куб пішінді мәрмәр тас. Қағыба тасы «кисуа» деп аталатын қара матамен қапталған. Кисуаның шеттеріне алтын жіптермен Құран сөздері жазылған. Қағыбаның есігі қажылық кезінде ғана ашылады. Бұл михрабы жоқ жалғыз ғана мұсылман мешіті. Оның қабырғалары Құран сөздерімен өрнектелген.

Хадис – хазрет Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сөзі, іс-әрекеттері және жүзеге асуын мақұлдаған өзге де ойлары.

Сүннет – жол, Пайғамбарымыздың тек қана іс-әрекеттерін білдіреді.

Иман – жүректің нұры. Иман – бір Алла сөзін растау, айтқанға илану, сенім көрсету. Пайғамбарымыздың Аллаһ Тағаладан алып келген үкімдерін, Оның айтқандарын бұлжытпай орындап, ақиқат екеніне шын жүректен сену.

Иманды адам үшін таза жүрек, таза дене және таза киім қадірлі. Мұсылманның жарық пен жақсылыққа, махаббат пен төзімділікке толған таза жан-дүниесі тіптен қадірлі. Сондықтан, сенің жаның таза болсын, күнәларыңнан, шайтанның азғыруынан құтылғаның жөн. Себебі Алланың қалауы сондай және Оның ілімі де сол жайында екенін Аймағанбет өмірі-ғұмыры бойына қараша халыққа айтудан, түсіндіруден, уағыздаудан еш жалықпаған, еш шаршамаған.

Ислам дінінің мынандай бес парызы бар:

1. Куәлік (кәлимә) сөзін айту.
2. Намаз оқу.
3. Ораза тұту.
4. Зекет беру.
5. Қажыға бару.

«Қажылықты және ұмыраны Алла үшін толық орындандар»

Құран Кәрім, «Бақара» сүресі, 158-аят

Қажылықтың сөздік мағынасы ниетпен қасиетті жерді зиярат ету, ал шариғи шарты рамазан айында, Меккедегі Қағыбаға, Сафа, Маруа, Мина, Арафа, Мұздалифаға... барып, арнайы бекітілген амалдарды орындау. Басы бос, балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс, дені сау мұсылманға бір рет қажылыққа бару парыз. Қажылыққа ниеттенген адамның ұзақ жолға төзім-қайраты жеткілікті, барып-қайту шығынын әл-ауқаты көтеретін тұлға болуы шарт. Сондай-ақ, қажылыққа жиған мал-мүлікі тұратын үйінен, шаңыраққа керекті дүниеден және қайтып оралғанынша әйелі мен бала-шағасына және қарамағындағыларға жететін нәпақадан артық болуы міндет.

«Кендіктің кемдігін еш уақытта да көрмедім»

Амаганбет қажы

Қажылықтың парызы:

1. Ихрамға кіру;
2. Арафада тұру;
3. Зиярат тәуеп жасау.

Өзін заманында осы бес парызды мүлтіксіз орындаған адамның бірі Аймағанбет қажы болатын. Кейініректе қожалардан, онан соң сопылардан өз білім-ғылымын байытқан. Алғашқы қожалар төре мен сұлтан, бай мен манап ауылдарына тоқтаған. Қазақтар рухани жағынан «Жаратқан» ұранды қожа ғұламаларына, сопы, ишан, пірлерге иланып, ислам ілімін құп алған. Қожалар легі рухани жетекшілік саласынан басқа саяси, мәдени, әлеуметтік және құқықтық билік пен қазақы рәсімдерге оң ықпалдарын тигізген. Негізінен, Қазақ жеріне араб қожалары дін ілімін уағыздау мақсатында жіберілген. Мысалы, Ақжар аулына Жыржыс қажы, Ғазали, Абдрахман қожалардың әулеттері қоныстанған. Сопылық ислам әлемінде кеңінен тараған қарымды қозғалыс. Алғашқы сопылар үнемі жүннен тоқылған киім киген. Сондай-ақ Пайғамбардың (с.ғ.с.) заманында үй-күйі жоқ адамдар Алла үйін, мешіт үйін паналаған. Мүсәпірлерге мұсылмандар көмек көрсеткен, дін уағыздаушылар жиын-тойларда төрден табылған. Сопылық дәреже жаны таза, ағзасы пәк, тақуа адамдарға берілген. Олар ханнан басқаға бағынбаған. Түркі халықтары ішінен шыққан ең алғашқы сопы – Арыстан баб. Арыстан баб өмір сүрген XI ғасыр – ислам дінінің Қазақстанның оңтүстігінде толығымен орныққан тұсы.

«Дінді жиіркенішті емес, сүйінішті етіп, ауыр емес, жеңіл етіп жеткізіндер»

Мұхаммед (с.ғ.с.)

Түркістан – қазақтың қара шаңырағы, діни бас ордасы. Түркістан – қазақтың қазақ халықы болып, бастау алған жері. Түркістан – қазақтың рухани астанасы. Түркістан жерінде Арыстан баб, Қожа Ахмет Йассауий, қазақтың 18 хан-сұлтандары, 105 батыр-баһадүрлері, би-бабтары жерленген.

Қожа Ахмет Йассауий – ақын, ойшыл, ұстаз, түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни ағартушы, сопылардың пірі. Йассауий Сайрам қаласында туып, Йасыда тұрған, сондықтан Йассауий деген атпен әлемге кеңінен танымал.

XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Түркістан қаласы қазақтардың билігіне көшті. Исламдық, діни көзқарас Түкістаннан бастау алып, қазақ жеріне біртіндеп тарады. Сырдарияның орта және төменгі ағысының жағалауларына Орта Азияның мәдениеті ілгері дамыған халықтары ежелден-ақ көз салып, олар біртіндеп осылай қарай қозғала бастады. Көшпенділердің кең-байтақ жеріне алғаш жеткен саудагерлер мен қолөнершілер, ал оларға ілесе келген дін уағыздаушылар мұнда отрықты мәдениет үлгілерін орнықтырды. Әуелгідегі уақытта сауда орындары тұрақты базарға айналып, қалалардың ірге тастары қаланды. XII ғасырдан бастап Шаш (Ташкент) қаласынан шығатын керуен жолын ала, Сырдың оң жағалауын бойлай бірқатар қыстақтар пайда болды. Сол тұста Йассы аталған, бүгінгі Түркістан қаласында түркі сопылығының атасы Қожа Ахмет Йассауий ғұмыр кешті. Оның атасы Ибраһим ибн Махмұт ибн Ифтихар. Әсершіл, байсалды Ахмет бала кезінен жергілікті түркі шайқысы Арыстанбабтың назарына ілігіп, тәрбиесін көреді. Ұстаз қайтыс болған соң Қожа Ахмет Бұқараға аттанып, сондағы атақты шайқы Қожа Жүсіп Хамаданиден ілім үйреніп, мүршидінің қолынан иршад алады. Аз уақыт кейіннен «нақшпандия тарихаты» деп аталған Бұқар сопыларының қауымын басқарып, Йасыға қайта оралады. Мұнда Ахметке қолайлы өріс бар болатын. Жергілікті ортада жедел бедел алған Ахметтен кеңес сұрап, таяныш іздегендер түкпір-түкпірден ағылып келе бастайды. Жеке басының үлгісімен өнеге танытқан Қожа Ахмет өзіне келгендерге сопылық ілім-ғылымның қағидасын: қайырымдылықты, Жаратқанға бағыныштылықты, хаһ жолынан адаспауды жергілікті халыққа өз тілінде түсіндіре уағыздады. Оған еліктеушілер саны тез өсті. Исламды санасына сіңіріп үлгере қоймаған сол тұста, Орта Азияға шығыстан қарақытайлар баса-көктеп кірді. Шу өзенінің алқабына орныққан олар 1137 жылы Қожент түбінде Самарқан ханы Махмұтқа тойтарыс беріп, 1147 жылы Самарқанның теріскейіндегі Қатауан даласында селжүк сұлтаны Санжар мен самарқандықтардың біріккен қолының тас-талқанын шығарды. Олар құрған жаңа мемлекетте ислам өзінің басым дәрежесінен айырылмады, басқа бағыттармен теңдестірілмеді. Бәлкім, Қожа Ахмет уағзының жәмиғат жүрегінен тезірек орын алуына мұның шапағаты молырақ тигені шығар. Сопылық бағытта түркі тілінде жазылған Қожа Ахметтің «Хикметі» ел арасына кеңінен тарады. Түркі тектес көшпенділер мен Орта Азияның мұсылмандары үшін ғұмырын кедейшілікпен өткерген йасылық әулие халық мақтанышына айналды. Аймғанбет қажы – Қожа Ахмет Йассауийді, һақ жолын көрсетуші ғұламаны, ғұмырнама ғалқиясын, нұсқаушы дананы – өзінің өмірлік ұлық ұстазы етті. Ахмет Йассауийдің өмір иірімдері жөніндегі жасампаздығын,

махаббат тұрғысындағы толғаныстарын, жан тебіреністерін, өрлі өнерге жақын жандарға өнеге өрнегі ретінде, өлең сөзбенен келтіріп кетейін:

*Ғашығыңа өліп-өшіп жанбасаң,
Қу нәпсіңді құрбандыққа шалмасаң,*

*Көкірегің һақ нұрына толмаса,
Олла-біллә, сенікі жай ғана далбаса.*

*Қаның сезіп құштарлықтың жалынын,
Қайнамаса сол үш жүз алтыс тамырың,*

*Қолдамаса төрт жүз қырық төрт қыраның,
Сенікінің бәрі жалған, бәрі жалған шырағым.*

*Рахат көрмей, мехнат шегіп, өртеніп,
Таң сәріден күні бойы ебіл-себіл тер төгіп,*

*Ырду-дырду, шудан безіп шыққандар –
Мінекей, нағыз махаббатты ұққандар.*

*Ғашық дертін дертсіздерге сөз етпе,
Ол бір асау, шыға алмайтын бозөкпе.*

*Сата көрме, махаббаттың лағылын,
Бейхабарлар білмейді оның мың қадірін.*

*Ғашық емес жан бермесе сен үшін,
Диқан емес-ау нанын бермесе ел үшін.*

*Мұнда жылап, айнып кетсе о жақта,
Тәңір өзі-ақ шырылдатар от дозақта.*

*Ей, бейхабар, ғашық жайын сұрама,
Өзің ізде, құлдық ұрып қадірлі құдаға.*

*Ғашық болсаң, таба алмайсың емін де,
Қапияда өліп кетсең арманың жоқ сенің де.*

*Қожа Ахмет, сен де адамнан жаралдың,
Қазағым қасиетті жолын ұста бабаңның.*

*Һақ жолынан аямашы шыбын жаныңды,
Жаныңды бермесең, ұмытқаның бір Алланы.*

Жоғарыда айтқанымның бір-ерін еске түсіре кетейін. Аймағанбет 1863 – 1868 жылдарда Баянауыл медресесінде Нәжметдин молладан, 1868 – 1869 жылдарда Қамаралдин хазреттен оқып, араб, парсы және шағатай тілдерін терең үйренді. Сонан соң, Түркістан қаласынадағы молланың қарамағына барды. 1872 – 1874 жылдары Бұқарадағы Көкілташ медресесінде оқып, ілім-білімін жетілдірді. Ол 1875 – 1886 жылдары Орта Азияны аралап, оның ішінде, Самарқан, Ташкент, Түркістан, Бұқара қалаларынан рухани нәр алып, діни білім деңгейін тереңдете түсті. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс шайырларының шығармаларын зердесінің түкпіріне тоқып, санасының сандығына сала білді. Аймағанбет қажы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымен рухани сырлас, ал Иманжүсіп Құтпаұлы, Бақтыбай Жолбарысұлы және Жаяумұса Байжанұлымен силас-сырлас болды. Мешіті бар ауылда діни мектеп болған. 1873 жылдан бастап Аймағанбет медресе жұмыстарына белсене араласты. 1867 – 1868 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформаға дейін мектеп және медреселер негізінен еш кедергісіз өз жұмыстарын атқарып жатты. Қазақ даласындағы әкімшілік нысанның қайта құрылуына байланысты діни мектептердің қызметінде де өзгерістер орын алды. Семей облысының 13 қалалық мектебінде 1887 жылы 605 ұл бала оқыған. Бұл мектептерде әліппені оқытып, арифметикалық төрт амалды үйретті және құран сүрелерін жаттатты.

Медресе жүйесі жан-жақты білім беруге негізделді. Онда құранды дәрістеумен қатар мүлікті мұраға қалдыру және бөлу туралы заң, тарих, пальсапа және жаратылыстану, араб тілі, догматика, логика сияқты ғылым салалары мен қатар астрономия-математика дәрістері оқытылды. Медресені бітіргендер өз білімдерін Бұхара мен Ташкенттегі діни оқу орындарында жалғастырып, ауыл мұғалімі ретінде медресенің қызметіне араласты. Кей медреселерде жаңа пәндер де енгізілді. Мысалы: метофизика, мұсылман заңдары, физика. Қазан, Орынбор және Орта Азиядағы діни семинарияны, медресені және жоғарғы оқу орындарын бітірген ұстаздар шәкірттерінің санасына адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұялатты, яғни, тыңдаушылар арасында мұсылмандық-имани сауаттылық дәрежесін өте жоғары сатыға көтере алды.

«Өз намысынан ел намысын жоғары қойған – нағыз азаматтық!»

Қария сөз

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Қазақтың бір басына бұйырмай тұрғаны, сол өзінің, кіндік кескен, туып-өскен, байырғы ата-тек жер-мекені болатын. Жер иесі бола тұра қазақтар жалға (арендаға) түсті. Материалдық жағын былай қойғанда, Ресей саясаты ұлыттың рухани-ділдік құндылықтардан да жұртты қатты жұтатты, тұтас бір халықты қинады. 1916 жылғы маусым айының 25 жұлдызында орыс патшасы Николай II Романов «19 бен 43 жас аралығындағы қазақтарды майдан шебіндегі қорғаныс құрлыстарын салу жұмыстарына, сонымен қатар, мемлекеттік қорғаныс

үшін қажет жұмыстарға тарту туралы» жарлығын шығарды. Қазақ жерінде 1916 жылғы ұлтазаттық қозғалысқа түрткі болған себептің біріншісі – өз жеріне өзінің иелік етпеуі; екіншісі – қазақтан солдат алмау, оны окоп қазу қорлығына салу. Қазақ халқына батқан езгі, әділетсіздік 1916 жылғы халық наразылығын, отарлау саясатына деген қарсылықты тудырды. Негізінен казактардан құрылған патшалық жазалаушы жасақтарға қарсы күш ретінде, қазақ сарбаздары соғыс ашты.

Аймағанбет ауылы бүгінгі күні көтеріңкі көңіл-күйде. Үй-үйдің арасы қаптаған адамдар. Кермелер толы ерттеулі аттар. Ауыл шетіне қатар-қатар жер ошақтар қазылып, қысыр емген тайлардың еті аспалы қазандарда бұлк-бұлк етіп, қайнап жатыр. Жер ошақтан көтерілген көк түтін жібектей желбіреп, көк-зеңгір аспан кеңіне бұйраланып көтерілуде. Ауылдың төр тұсындағы он екі қанат ақшаңқай үйдің айналасы айырықша абыр-сабыр. Бұл үй – Аймағанбеттікі. Бүгін мына қырда (төбеде) ақ патшаның сұмдық жарлығы туралы қаржас ақсақалдары мен ел билеушілерінің, әрі кетті, жалпы ел-жұрттың кеңейтілген мәжіліс-жиыны өтпек ниетте. Қаржас ақсақалдарының, игі-жақсыларының, басшыларының ұйымдастыруымен Қызылтау тауы мен Қаратоқа өзені өңіріне ел-жұрт жан-жақтан жиналып жатыр.

Ауыл сыртында, айналасы түгелдейін көрінетін, көрнекті төбеге төселген төсеніш-текеметте Аймағанбет қажы бастаған ақсақалдар мен елдің белсенді де беделді азаматтары жайлап жайғасқан. Күн арқан бойына көтерілген. Киіз үстінде отырғандарға тұс-тұстан ағыла, топ-тобымен келіп жатқандардың бәрі-бәрі де ілтипат көрсетіп, ізетпен сәлемдесуде.

Түске таман ауыл маңы дуылдасқан адамдар мен ертоқымды аттардан көрінбей кетті. Қонақтарға арналған киіз үйлер аспанда ұшқан қоңыр-ала қаздар тәрізді тәртіппенен, тігіле тізбектелген.

Алыс-жақыннан келгендер ет жеп, қымыз ішіп дегендей, дәм татқаннан кейін, түс ауа жиын өтетін жерге жақындап, жинала бастады. Ақсақалдар төсеніш жайылған төбе биігіне қайрадан оралды. Жұрт бас-алқа мүшелері отырған төбені, шеңбер құра, дөңгелене орнықты. Көпшілігі көкмайсаға малдас құра жайғаса, өзара күбірлесе сөйлесіп отыр.

Ел тегіс жиналып болды-ау деген кезде, үстіне жібек шапан жамылған, басына өрнекті тақия киген, қияқ мұртты, дуалы ауыз, қаржастың қажырлы қара сақалдысы, Аймағанбет орнынан теңселе тұрып, төңірекке тебірене көз тастап, бір шамаға бөгелді. Жаңа ғана күбір-күбір сөйлесіп отырған халық, сілтідей тына қалысып, шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнады.

-Уа, қайран халқым! – деді, сұңқар даусы саңқ еткен Аймағанбет. Қалың қазағым! Ардақты ағайын-бауырлар, туған-туыстар! Ойдан-қырдан келген азаматтар, төрт көзімізді түгел көруге нәсіп қылған Құдайға шүкіршілік, шүкіршілік, шүкіршілік дегендейін, бүгінгі бас қосуымыздың жөні бөлек, тосын екенін барлығыңыз да білетін шығарсыздар? Осынау құтты қоныс, атамекенімізде қыс қыстаулы, жаз жайлаулы берекелі іргеміз

сөгілмей, бірге көшіп, бірге қонып, тіршілік кешіп келе жатқан еркін ел едік. Терең тыныс алғандай болды да...

Енді міне, ауыл болып ақылдасатын, халық болып кеңесетін кез келді. «Ел шетіне жау тисе, батыр менен биге сын» дейді, сыналтытын сәт Арқа жеріне, еліне сығалады бір саңылауын тауып. Өздеріңізге белгілі, мына жатқан жалпақ жұрт, қалың қазақ орысқа қосылып, ақ патшаға қарағанына биыл алпыс екі жыл толды. Орысқа бағынғанда ұлықтар: «Қазақтан солдат алынбайды. Мал санына, жан басына, қал-жағдайына, мүмкіндігіне қарап салық салынады» деп ақ қағазға жазылған. Оған ақ патша өз қолын қойып, мөрімен бекіткен. Уәде-антпен айғақтанып, ел билеушілері де бармақтарын бадырайтып басқан. Содан бері қалың қазақ, оның билеушілері патша өкіметіне берген сөзінен жаңылған жоқ. Не айтса да, не сұраса да, бас тартқан жан баласы болған емес. Бұл жөнінде бізге қояр кінә болмаса керек-тін. Бірақ, ақ патша бізді аялы алақанына салмады, басымыздан сипамады. «Бұлар да біздей ел ғой, жұрт қой» демеді. Қайта есіктен еніп, төр менікі дегеннің керімен қыр көрсете, көсіле керіліп, бар болмысымызға шөгірдей болып кірді. Елін билеп-төстеудің байырғы, қазақы әкімшілік ережелерін түбегейлі өзгертіп, өздерінше өркөкіректенді, шіренді, шалқайды. Алдымен бүкіл қазақ жері мемлекеттің меншігіне алынды деген заңын шығарды. Мұның өзі қазақ жерін қалай болса солай жырымдай тілімдеп, кесіп алуға қолайлы болды. Онымен қоймай, «Жаңа қоныстанушы» деген ойранды ойлап тауып, жер қорын жасаймыз деген желеумен қазақтың жайлы жайлауларын, құнарлы қоныстарын өзінің жеке меншігі жасады.

Осындай зорлық-зомбылық күн өткен сайын күшейіп бара жатқанын көзіміз көріп отыр, құрметті ағайын! Ақ патшаның құлық-сұмдығына құрық бойламайтыны айқын байқалуда. Әлгі бізден алған жерлерге «Қырымнан» қаңғып келген қарашекпенділерді қоныстандыруда. Соңғы кезде олардың шұбыруы бұрынғыдан бетер шыйрығуда. Әсіресе, осыдан үш-төрт жыл бұрын күн-түн демей көшкендер, көктемде тасыған өзендегі сеңдей шайқала аласұрып келді-ау, қара ниеттілер. Осы кезде көп қазақ жерінен, ата қонысынан айырылды. Енді міне, өз жерінде қазақтар қаңбақша қаңғуда. Жанбағу қамымен орысқа жалданған қазақтар қаншама?

Қарашекпенділер келген бойда ең шұрайлы, ең сулы да нулы жерлерге орналасып, оның тарихи атауларын қайдағы бір түкке де тұрмайтын, мәнсіз орыстардың есімдеріне ауыстырды. Қазақтарды құмдақты, тастақты, сортаң да сусыз, қу тақырларға қуып тығыртты. Қайсы бірін тәтпіштей айта-айта таусайын, мұндай сорақылық әрекеттерде есеп жоқ-ау. 1913-1915 жылдары мыңдаған шаршы шақырым егістік пен шабындық жерлерді казак-орыстарға зорлық-зомбылықпен алып берді. Сонда да соры қайнаған қазақ қың етпеді, бұғып жатты, үндемеді, өзінің жерінде мұңылы, шерменді. Патша әділеттен тайды. Салықты үстемеледі. Ұлықтардың жемқорлық аранындызы ашылған үстіне ашылды.

Осынау озбылықтың бәріне соғыс мәселесі келіп қосылды. Ол да ұзаққа созылып барады. Соны қайда апарып соғарын бір Құдай біледі. Енді

міне, сол соғыстың кесірі біздерге де желпіне-жұлқына жетті. Өздеріңіз білесіздер, соғыс басталғалы қазақтан алынатын салым артты, рамат пен тұяқтан екі есе көбейді. Бұған дейін талағаны аздай, соңғы екі жыл шамасында майданға деп, қазақтың малын да, киізін де алды. Көрдiңiздер ме, қазақты орыстар көрер көзге сүліктей сорып та, қарақшылар тәрізді тонап та отыр. Ақ патшаның бізге көрсеткен зорлық-зомбылығы еттен өтіп, сүйекке жетті! Күн өткен сайын ел болудан қалып барамыз ба, қалай? Үндемеген сайын «жуас жүндеуге жақсы» дегендей патша шабармандары не бір адам айтқысыз зұлымдықтарын үдеткен үстіне үдетуде.

Ол аз десеңіздер, енді міне, өңкей жастарды қойша қуып, айдап соғыс сергелденіне алып тынбақ! «Бейбақ көндім дейді» деп, енді де үндемей отыра береміз бе? Жоқ, ағайын! Енді қорлыққа төзе алмаймыз! Жетті! Кез келген шаруаның да жетер шегі бар емеспе? Патшаның әділетсіз соғысы үшін бір де бір кісіні қара жерді қазуға жібермейміз! Оның қанқұйлы жарлығын орындамаймыз! Біздің ұлыққа беретін қортынды жауабымыз – осы! Бұған не дейсіздер? Басқа айтарларыңыз бар ма? Өзге жол таба аласыздар ма? Халқым, шешуші сөз түйіні сіздерде! Халық айтса, қалт айтпайды! Не дейсіздер? – деп тұлпарша адуындап тоқтады, Аймағанбет қажы.

Тыңдаушылар желсіз күнгі судай тұнып, тұншыға тынып отыр, айнала дала тым-тырыс, мүлгіген, меңіреу үнсіздік. «Қажы тағы да не айтар екен?» дегендей жерге қарап, Аймағанбеттен көздерін тайдырмайды, жиналған жұрт...

Көпті көрген көнекөз, жақсылы-жаманды талай мәрте басынан өткерген, ақ патшаның сұмдық, сұрқиялық саясатын бір адамдай білетін, сөйлесе сөзге шешен, ойласа ақылға кешен, данагөй дарынның дөптегені көңілдеріне қонып, жұрт сүттей ұйып, таңырқай тыңдап тұрған.

Аймағанбет айтқандары талай тағыдырдың тәлкектерінде тексерілген, талай топта таңдай қақтырған. Көптеген қазақ баласы оның алдына ақыл сұрай келіп, көкейге қонымды, елге жағымды жауап алып, мәселені мәнді шешіп шығатын.

Сол Аймағанбет бүгін тағы да сүбелі де сүмбіле сөйлеп, тереннен толғап, еңсесі езілген елдің жігерін жанып, қажыр-қайратын қайрап, ерікті ел болуға, бірлікке, ірілікке, тірілікке жұртты бастап тұр. Ақ патшаның қанаушылық қылығын, арам арбауын жеріне жеткізе жариялап, жан-жақты жұмырлап, жұртқа ұғындыра жеткізіп, тайға таңба басқандай қылып, айтып түсіндірді. Көргендердің көкірек көзі ашылып, сөз тыңдағандар рухани рауанға шомып, күннің шуағына шомылғандай, алспан биігіне асылғандай күйде.

Сәл кідірістен кейін, Аймағанбет тағы да жайлап:

-Берсек бала өледі, бермесек кәрі өледі. Өрімдей жас өлгенше, алжыған шал мен кемпір өлсін! Болашақ базары, келешек келбеті жас өрендерде. Шенеулік назары наркескенде, баскескенде. Дегенмен, кәрі де, жас та, бәрі де, амандықта, дені саулықта болсын! Бала бермейміз... деп талқы сөздің

төрелігін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, сөз сарасын нығыздап тәмәмдады. Қалың жұрт теңіздей толқып, селдей сіркіреді:

-Бермейміз! Бермейміз! Бозбалаларымыздан безінбейміз!

-Аймағанбеттің айтқандары айдай анық, бүкпесіз сөз!

-Токетері осы. Ризамыз сізге, Айеке!

-Айеке! Айтқандарыңыз айғақты!

-Ақ патшаға балаларды бермейміз!

-Айеке, сізге рахмет! Көзімізді аштыңыз! – деген дауыстар әр тұстан естіліп, тауға жаңғырып, жалпақ далаға жайылып жатқандай...

Осы кезде Аймағанбеттің оң жағында тұрған жар қабақты, шұңғыл көзді, түр-келбеті биязы, тұлға-тұрпаты шағын да шымыр, орта бойлы, Жүніс оң қолын көтере, ұшқыр түрегеліп:

-Ағайындар! Кішкене сабыр сақтаңыздар! – деді қатқыл дауыспенен. Айекем айтарын айқын айтты. Ақ патша жұрытқа, ел билеушілерге берген уәдесінен, қағаз жазып қол қойған құжат ақуалынан ауытқыды. Енді келіп қара жұмысқа аламыз деп сұрқиялылықпен бізден балаларды сұрап отыр. Неғылған жұмыс ол? Қолдан кеткен соң, ол балаларды соғыс сергелдені, өлім өртіне салмай, қайда апарады дейсіздер?! Өмірінде мұндай сұмдықты көрмеген жастарды жанып тұрған отқа салса да, жауып тұрған оққа тосса да, оған патшаның ештеңесі де кетпейді, титімдей де жаны ашымайды. Бауыр еті баласынан безген, өсіп-өнер ұрпақтарынан жиренген жан жоқ. Өсер жас өзіміздің ізіміз, жүрегіміз, етіміз емес пе? Жастарды жапан жүзде жетімсіретіп, қарға-құзғынға жем қылмаймыз. Боздақтарынан айырылған ата-аналарының жағыдайы қандай болмақ? Ақ патшаның оған бір тал қылы да майыспайды. Патша әділеттен тайды, ағайын! Оның қисынсыз, қиянатты әмірін орындамаймыз! Жаңа ғана Айекем айтты ғой. Шынында, бұлардың көрсеткен құйтұрқысы осы ғана ма? Не істемей келеді ол бізге! Ел болып табандылық танытатын сәт туды! Істерін істеп алсын ол, момын халыққа! – деп қолын сермей сөйлеп, ой-толғамын түйіндеді.

Жұрт орағыта озбырланып, дуылдаса даурығып, қалың қара бұлтты, нөсер жаңбырлы, түнерген түндей түйіліп, шырт ұйқы қараңғысынан үрейлене оянғандай кейіпте. Жастар жағының отты көздері аспан әлемін тілгілеген найзағайша жарқылдады. Төбедегілер де өзара топталып, серпіле тебіреніп, жарыса сөйлей жөнелген сәтте...

-Оу, айналайындар, арда қазағым! – деген қатты шыққан дауыс елді елең еткізді, төменгі тұстан. Сүйткенінше болған жоқ, ұзын бойлы, толықша келген, қара торы кісі, шапанының етегін шұбата, жұрт ішінен суырыла шығып, аяқтарын нық баса, төбеге қарай бетін түзеді. Бұл әр сөзін баптап сөйлейтін, ойын салмақты өрнектейтін, ел билеушілердің бірі Боқай би болатын. Ол тамағын сәл кернеп барып, айтар айғағын астарлады:

-Біздің ақ патшаны әділ деп жүгеніміз, жоғарғы ұлық деп сенгеніміз бос әңгіме болып шықты, ардақты ағайын! Не айтса да оны мақұлдаушы болдық! Айекем мен Бөкеннің айтқандары ақылға арқау. Ақ патшаңыз өзінің айтқанын өзі орындамады. Бір сөйлейді, бөтен істейді. Бізді адам екен деп

сыйлаудан қалды. О, қалайық, өздеріңіз ойлаңыздаршы, жеріңді жырымдап, малыңды ырымдап, енді адамыңды әскерге әкетпек, одан соң немізді алады? Мал-жанымызды құжынаған құртша кеулеп, жегідей жеп келе жатыр ғой, тәйірі. Қазақ баласы бұрындары қиян-кескі соғысқа кірмеген. Олар қолына мылтық ұстап көрмеген. Соғыс, әскер ісі дегеннен мүлдем бейқабар. Мұны ұлықтар жақсы біледі. Біле тұрып, қасақаны қылып отыр. Майданның қара жұмысы деп қояды ғой. Ойбай-ау, қан майданның, оқ пен дәрінің ортасында қандай қара жұмыс? Астан-кестен соғыс болып жатса, ал соның ортасында біздің балалар жұмыс істеп жүрсе, «Қой, мынау әкеп қазып жатқан қазақ екен, атпайық» дей ме екен сонда? Жоқ, ағайын! Бұл аңқау қазақты, момын қазақты алдап құртудың қақпан-құралы. Осылай түп тамырымызды отап, тоз-тозымызды шығарып, тәнімізді таптап, тектілік түбірімізді отамақ – озбырлық отына түсіру.

Араны ашылып, пиғылы бұзылды ақ патшаның! Енді атқа қонбасақ, құқығымызды қорғамасақ, ел болудан қаламыз. Елдігіңнен айырылғаннан кейінгі қарныңның тойғаны кімге керек? Ендеше, бірігетін, оянатын уақ – тап осы кез! «Әлде қалай болады» деп бұғып, жалтақтайтындар бар тәрізді. Жоқ! Құдай берген жанды Құдай өзі алады. Аянатын, толғанатын, ойланатын ештеме де қалған жоқ! Айкем мен Бөкеңнен бөлектеніп қайда барамыз, сонда? Енді өзге сөз болмаса керек! Соғысқа бала бермейміз! Тізімге тіркеуді тоқтатамыз! Көрейік. Мәселені, күнде ертеңге салып, сағызша созғаннан нендей нәтиже шығады? «Біраз байқайық» дегеннен не қайыр, нендей үміт бар? Жоқ. Бұлай болмайды. Созбидалаудан еш береке шықпайды. Токетері: бала бермейміз! – деп қос қолын көкке көтере, Боқай би, сөзін тәмәмдады.

-Шындығында патша өкіметінің қазақ халқына көрсетіп отырған зорлық-зомбылығы күн өткен сайын күшейіп келеді, - деп бастады сөзін, орта бойлы, тұлғасы көз тартатын Нүкіш болыс.

-Бара-бара жер басып жүргізбейтін тәрізді, бұлар. Жүрген-тұрғанымыз аңдулы. «Жер қоры» деп кесіп алған жерді басып кетсең, бәлеге қалғаның. Дәнемесі жоқ кедей-кепшіктен бір сом ақшаға, тәуір киінген адам болса, үш сомнан стражниктер айып-құн, штрап алатын болды. Сол жерге мал түссе, он бес тұяқтан тандап біреуін алып қалады. Оны айтасың, тіптен, судағы балықты үркітесің деп, көлден мал суартпайды. Бұл не деген басынғандық? Бұл нендей барымталық? Тура өзінің ата-бабасынан мирас ретінде қалған, меншікті жері тәрізді, оларға. Бұдан артық қорлық, бұдан артық зорлық, сірә, болмайтын шығар-ау. Боқай өте жақсы айтты. Және, ең бір негізгі мәселелердің түйінін ашып берді. Майдан жұмысына, солдатқа бала бермеу, атамекен жерімізді қорғау, ел бірлігін бағалау, ауызбірлікте болу, біздің ұрпақ алдындағы абройлы міндетіміз, өтеуге тиісті парызымыз, бабалар өсиеттеген, асқарлы да абройлы аманатымыз. Осының бәрі, қазақтың деген әрқайсымыздың көкейіміздегі жағдай. Біз тағылымды тұжырымға тоқтап, бір байламға бекінсек, оны жалтақтамай, ұлыққа, одан зорғыға да, не болса да, «бала бермейміз» деп турасын айтуымыз керек. Ал енді, бала бермейміз

дегенімізге, «е, бопты, бермесен өзін біл» дей салмайды олар, құметті Бөке. Жендеттер қылыштарын қайрап, сойылдарын сайлап, мылтықтарын кезеніп шыға келеді деп солардың зорлық-зомбылықтарына көніп, өгіз өреде, есек бүкшенде жүре береміз бе? Сонда не істеуіміз керек? Бұл түйінді мәселені ойланып көрдіңіздер ме? Еее-е-е! Сол ақ патшадан көретін теперішіміз әлі де алда ғой.

Сондықтан да құр босқа уақытты өткізбей, осы кезден қам жасауымыз қажетті-ақ. Ол үшін ақыл-ойға салып, жұдырықтай жұмылып, ынтымақпен ынғайланып, қимыл-қаракет жасағанмыз жөн. Ұзын сөздің қысқасы, азаматтық пен азаттық жолындағы күреске жан-жақты дайындалғанмыз дұрыс. Жастар, патшаның сойылын соғып өлгенінше, өз елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін арпалысқа түсетіндей күш-жігерлерін қосып жанысын. Осы бастан, кешіктірмей, қолда бар малға, алтын, күміске, басқа да асыл бұйымдарға айырбастап, қару-жарак, оқ-дәрі қорларын қамдайық. Сөздің тоқетері, қарулы жасақты жабдықтап, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» ақ патшаға қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа шығуға қамдану керек.

Нүкіштің ұсынысы жұртқа ұранап әсерін тигізді. Дәл осы сәтте, қарулы жаудың қалың қолын көріп қалғандай, көктемгі көбесі жаңа ғана сөгілген сендей серпіліп, дойыр қамшыларын бөріктерінен асыра көкке көтеріп, жас-өспірімдер орындарынан ор қояндарша орғи-орғи көтеріле тұрды. Тіптен, алдыңғы қатарда отырған қарттардың өзі де жас жігіттерше ыршып, жылы жерінен ырғи оп-оңай тұрып-тұрып кетті. Ақ патшаға деген ашу-ызалары бойларын билеп, намыс найзаларын кернеп, рух рауаны жас-кәрінің жігер жебесін жанып, шыдамдары шегіне жетіп, жалпақ жұрт қазанат қылықты, тұлпар тұқымды, құрық көрмеген көкшегір тәрізденіп, тағаты таусылғандай тыпыршып тұрды. Төбе басындағылар қопарыла қозғалған жұртқа таңырқай қарап, дағдарып қалған-тын. Бір-ер сәттен соң...

-Уа, қалайық! – деген дауыс естіліп, төбе төрінен төрт адам суырыла ілгері шығып, олардың жасы үлкені:

-Нүкіштің айтқандарының бәрі-бәрі шындық. Ақ патшаның қорлығы жанымызға батты ғой, батты! Жазықсыз кісіні жазалағаны былай тұрсын, адамды итке де талататын болыпты. Әбден мазақ қылып бітті! Ел болудан қалғанмыз ба? Өз жерімізде өзіміз еркін жүріп-тұра алмайтын болдық. Көтерілу керек, күресу керек, соғысу керек! «Қара шекпенді атаулыларға қарсылық көрсетеміз» деген дауыстар әр тұстан төңірекке тез тарап, ат үстіндегілер қамшыларын көкке көтеріп, кіжіне кектеніп, бүтіндей ел-жұрт батылдық кейіпіне кіргендей көрінді.

Бұлардан соң да бірнеше адам сөйледі. Басым көпшілігінің ой-пікірлері бір арнаға тоғысып, бір сөз өзені сарқырап аққандай болып жатты. Оларға қарсы шыққандар да секем берді. Жүніс, Боқай, Нүкіш, Әбіжік сияқты елге сыйлы азаматтар да ақ патшаның сұрқия саясатын айыптап, оларға бала бермеуді, тіпті қарулы көтеріліс ұйымдастырып, ұлыт-азаттық күрес-мйданға шығуды қолдайтындарын дәлелді де айғақты айтты.

Ата-баба дәстүрін берік ұстанған, қария сөз мәйегін қадір тұтқан, Әбіжік ұлы Жетпіс (Бүгінгі күн сөзі):

-Атамның айтуы бойынша, 1916 – 1917 жылдар аралығындағы қазақ азаматтарын окоп қазуға жібермеу мақсатында Қызылтау – Сарытау төңірегіндегі жүздеген сарбаздар Қаратоқа жеріне жиналады. Бұл уақытта Теңдік төңірегінде Нүкіш болыс болатұғын. Салт аттылар Теңдікке таянған тұста оларға мұздай қаруланған орыс солдаттары мылтықтардан оқты қарша боратты. Отты қару жанды қойсын ба, орыстар қазақтарды бірінен соң бірін аттарынан құлатып, қара жерді жастандырады. Қанғыған оқ Қаратайдың қақ маңдайынан, Жағыпардың жүрек тұсынан тиіп, олар да қайм-қапияда мерт болады. Аймағанбет қажы:

-Нақақтан-нақақ қырылып қаласындар, Қаратоқаға қайтындар. Жүніс пен Әбіжікті Баянауыладағы дуан басымен келіссөз жүргізіп, адамдар арасында туындаған түйткілді мәселелер мәнісін түсіндіруге жіберейік – дейді. Жүніс (Қасқабастың Жүнісі орыс тіліне жетік, оқыған – дәрігер):

-Қажының айтқаны дұрыс. Әбіжік сөз біледі. Дуанға екеуіміз барып қайтайық деп Жүніс дыбыс беріп, жауап қатады. Жүніс қарақасқа дөненмен, Әбіжік шұбартөбел атпен «Баянаула қайдасың?» деп, желе-жортып, жүріп кетеді. Жолшыбай шұбар ат болдырған соң, жүргіншілер қарақасқа дөненге мінгесіп, мұратты жерлеріне барып, аман-сау Қаратоқаға қайтып оралады. Елші жігіттер Дуан басына хлықтың зғарлы сөзін жеткізді. Қаратоқаға жиналған ел-жұртқа Аймағанбет қажы басу айтып, тоқтау салып, қарсылық білдірушілер үйді-үйлеріне тарасты. Ел-жұрт іші біршама тынышыды...

Екі қазақ кездессе жасы кішісі жасы үлкеніне «Ассаламағалейкүм!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкені оған «Уғалайкүмассалам!» деп жауап қайырады. Әйел адамдар иіле ишрат білдіре, сәлем салады. Жас адам үлкен кісінің алдынан кесіп өтпейді. Жасы үлкен адам барлық мереке-басқосуларда, жиын-тойларда жоғарғы орынға, төрге шығарылады. Үлкен адам табақтан ас алмайынша жасы кішілер табжылмайды. Мұның бәрі кішінің үлкенге деген сый-үрдісі, қазақы құрметі, ата-бабаларымыздан келе жатқан кемелдік кәде. Оның ішінде, қазақта қажы ақсақалға деген құрмет айырықша. Ақсақалдың сақалын силаса, қажының қажырлығына қайран қалып, адамдық қасиетке кәні кісілер бастарын иеді, ілтипат пен ізеттің үлкен үлгісін үкілейді.

Мұқыш ақсақалдың аталары өз замандарында Кенжеәлінің белді жылқышылары-тын. Бала кезінде, Мұқыш Аймағанбет қажыға өте жақын жүріп, атқосшысы да болып, қазақы салт-дәстүрді, жорылғыны бір адамдай ұстауымен ұлықталған, әңгіме-дастанның, жыр-өленнің майын тамызатын. Мұқыш ақсақал мақал-мәтелдетіп, тебірене-тақпақтатып сөйлейтін, Бұқар жыраудың жырларын жатқа жүйткітер, дуалы ауыз дарын-тын. Мұқыш ақсақал, Бота Өтеулі келінінің әкесі. Мұқыш қариядан қалған бір үзік, бір жүзік әңгіме:

-Кенжеәлінің төрт түлігі өрісте мейлінше өрби өсіп-өніп, Қызылтаудың көп қырларына симады. Сондықтан да, Кенжеәлі мен Арық келісе отырып,

жайылымдық жерлерді үп кеңітті. Кенжеәлі Қызылтаудан Шымылдықжалға дейінгі жерді иеленді. Қоныс-жайын аустыра, қыратты жерге қыс-қыстауын тұрғызды – жатын үйлер мен мал қораларын салғызды. Кежалының жылқылары да, сиырлары да, қойлары да, ешкілері де сары-ала түсті, қара суық пен аптап ыстыққа төзімді жануарлар еді. Алтын ренді төрт түлік малдардың түктері, күн сәулесімен шағылысып, анадайдан-ақ адамның көз жанарын өзіне тартатын. Асылданған төрт түлікке түздің төрт аяқтысы да, төңіректің екі аяқтысы да, құтты бір дұғалап қойғандай, жылдың төрт мезгілінде де ешбір жан иесі тимейтін.

Бабас ұрпақтарының қылқұйрықтары денесі кесек, бітімі бөлек, кеудесі көлемді, аяқтары жуан, сауыры шығыңқы, жүрісі жайлы, салт мініске де, арба тартуға да қолайлы келетін. Мұндайда, жылқы сүріншек емес, мініске көмпіс, жүрісі шапшаң, жорға желісті, жолға төзімді, етін бермес, бұлқыныс бабында болатын. Себебі, алыс жолда үстіндегі адамды соғып тастамауы тиіс. Жол жануарын көктемнен бастап мінбей, жаз бойы қондайды. Сапарға шығардан 15 – 20 күн бұрын атты ұстап, тәртіпке тәрбиелеп, әбден әккі етеді. Атты арқандап қойып, таңертең-кешке маңайға тер шығармай бір апта бойы аяндатып жүреді, тағы да бір апта бойы желдіре шоқытып, арам терін алады. Кейін қосаяқтата шауып, жұмасына бес-алты күн қатарынан таң асырады. Осылайша жолға шығардан бұрын екі-үш күн сайын суарып, етін шыңдайды, екі аптадан соң тұяғын қар мен мұзда таймайтын бүршік шегелі тағамен тағалайды. Еті қатқан ат жолға шыққанда қарны тоқ болғаны жөн. Ұзақ жүрген сайын қарнындағы жем-шөп кетіп, іші тартылып тұрады. Түнде шөпті мол салып, қатты тойдырып алады да, таңертең жолға шығардан бір сағат бұрын оны суға қандырады. Дем алуға тоқтаған соң атты 2 – 3 сағат бойы қаңтарып, ет-майын суытады. Түнге қоярда аунатып алса, тері кетеді, ат денесі кебеді. Ат суыған соң сұлы беріп отырса, әуелі бойындағы ыс-ыстықты толық кетіреді, кейінгі жүрісінде тоқтық қуатын толықтырады. Ертеңгі жүрісте жүрегі қараймайды, яғни ішінен шөп кетпей, шаршап-шалдықпай, еркін көсіле-шешіле қимылдайды. Атқа қыс бойы сұлы, көк шөп, тұз беріп отыру орынды. Әрі ат өз етін өзі ұстайтын болса, қыс бойына қарқынды мініс береді. Негізі атты екі ай мініп, басқа атпен алмастырып отырған ұтымды. Қыста осылай ұстаған қылқұйрықты күн аралатып суарып, шөбін мол беріп, үнемі қозғалтып, аяндатып отырса, бір жетіде қайрадан бабына келе кетеді.

Қазақта «ер қанаты – ат» дейді. Мұнда терең мағына жатыр. Баталы да ақылман аталарымыз межелі жерлеріне жүрісті аттарымен уақытылы жетіп отырған. Батыр да қаһарман бабаларымыз осынау ұлан-ғайыр жерді, туып-өскен елді жұланша жалаңдаған жаудан, зіл батпан білектің күшімен, алты құлаш найзаның ұшымен, тер төгіп, қан бөгіп, тұлпар ат ұшқырлығымен қорғап, жер асты, жер үстіндегі, баға жетпес, зор байлықты ұрпақтарына мирас, халқына аманат етіп кеткен. Қазақ тарихында мынандай ат төрелері ерекше ескеріледі: жабы ат, қазан ат, көкшегір ат, тарпаң ат... Аяқ алыстарына қарай аттар аяңшыл, желісті, шабысты, жорға, су жорға, бәйгі,

жекпе деп те жіктеледі. Жерімізде, елімізде түрлі-түрлі, төкпелі, алмағайып замандар болып өтті ғой – әріректе жоңғар-қалмақ шапқыншылығы, бертін қызыл қуған, ақ қашқан, немесе керісінше, ақ қуған, қызыл қашқан. Малдарын бағып, ұрпақтарын өсіріп, тып-тыныш жатқан елді мәжүбірлеу, жәбірлеу, арбау, тонау тәрізді қылықтар қазақ жерінде, қазақ елінде, оқтын-оқтын байқалды-ау. Аймағанбет қажының қазақы, күміспен көмкерілген, алтынмен апталған, бағасы атан түйелік ертоқымы болған. Кейінірек сол ертоқымды Үлгі ауылының тумасы Бекен ақсақал Шымылдықжалдағы Аймағанбет қорымынан, қажының рухына дұға бағыштап, құнды жәдігерді жақсылыққа балап, киелі ертоқымды қабір үстінен қазып алған. Абзалында, Бекен қарттың ел арасында қадірі комактанып, бақ-дәулеті артып, ат-көлігі жүрісті болған.

Аймағанбет қажының келіні Бәтім:

-Адам ағзасының, болмысының тоқыраған тұсы болады. Адам баласының қиындыққа қамыққан кезі кездеседі. Адам атаулының шарасыздық шеңгеліне шырматылған шағы да болуы әбден мүмкін. Мұның бәрінде де адам баласы қиналады, не істерін білмей дал болып та, сал болып қалуы ықтимал. Кісі құдық шыңырауына, құрдымға құлдилап құлағандай күйге түсіп, қиындықтың қас-қырсығы жанына батып, дүдәмалдыққа бой алдырады. Адам атаулының доптай домаланған басында қиын-қыстаудың «қырсықтың қарасы, сұғанақ сауысқанша сұңқылдағанда, қара қарғаша қарқылдағанда», оның ауызына дем салып, қос қолтығынан демеу қажет. Демеушілік, жай ғана қазақ тілімен түсіндіргенде, әлеуметтік тұрғыдан қолдау, материалдық жағынан жәрдемдесу, адамның рухани қажетін ашу. Бірде, ауыл-аймақты індет дерті дақпырттап, көптеген адамдар жантәсілім етіп, жұрттың әл-әуқаты төмендеп, төсекке таңылып, қалжау күйде қалады. Жұртқа жұланша жұт жалмауызы жақындағандай, үрей айдары көрінгендей, кісілердің көз жасы тамшысын жанарларына үйіртеді. Адамдардың басы ауырып, балтыры сыздайды. Шыбын жан иесі, сол нәзік жанын жалақтаған жалмауыздан сақтауға, өзін қоярға жер таппай, денесінің қызуы көтеріліп, қалшылдап тоңады, ағзасын діріл дерті демдейді. Қиналып мүлгіген мүсәпірлерге тұзқұрт езілген ыстық сорпа, майы бетіне шыққан балқымыз, жан-дүниесіне жағымды, улы жыланды да қаһырынан қайтаратын жылы сөздің ауадай қажеттілігі туындайды. Осынау қалың қазақты шарпыған дерттің жайын қажының құлағына құмалақшы қария жеткізеді. Сонда Аймағанбет қажы: «Елдің бас көтерер азамттарын үлкен үйге шақырындар, тез жиналсын!», - дейді анадай жерде тұрған атқошысына.

Әне-міне дегенше шипагерлер де, әп-сәтте, жеделдете жетеді. Жұрттың жағыдайы оларға да мәлім екен. «Ел аузы алтау, жұрт құлағы жетеу» деген сөз бар емес пе, атам қазақта? Жақсылық та, жамандық та ел арасына қолыма-қол тарайды, жылы жабылып жата қоймайды. Қажы қобалжулы көңіл-күйін жасыра алмай, шешімді шырайда, бұйыра баяндайды:

-Ақылға ақыл қосайық, ем-домға керектің барлығын жасайық, мәселені шапшаңдатып шешейік, ауырудың қыл қырсығын түп тамырынан,

дөп түбінен отап қиайық. Не қажеттіліктің барлығын, керектің барлығын табайық, қаржысын біздің әулетіміз көтереді – құлынды биелер сауылсын, қысырақ емген тайлар сойылсын, бесаспап балгер-емшілер сақадайын сайлансын, Алланың ризалығы үшін, дерттілеге барынша ем-дом, көмек жасалсын. Іс-шараларды ұйымдастырып, жүзеге асыруды өздеріңе сеніп тапсырамын, елдің бетке ұстар, абзал азаматтары! Бір Алла өзін қолдай гөр! Әумин! Дөп, қажы бетін қос қолымен сипады.

-О, қажы ата, айтқандарыңызды бұлжытпай орындаймыз!

-Оу, Алла! Оу, Алла! Оу, Алла! Жаратқан иеміз өзі жар болсын! Ауырмаған жан иесі денсаулықтың қадірін қайдан білсін? Ауырудың құнын денсаулығынан айырылған, жаны қысылған адам ғана біледі. Адамның бірінші байлығы – денсаулық. Денсаулықты ешқандай да ақшаға, алтынға сатып ала алмайсың. Ауыру адамға шыбын жанынан басқа ештеменің де керегі жоқ. Оған шыбын жанынан қымбат, шыбын жанынан қастерлі дүние болмайды. Ауырған адам денінің саулығына зар. Ауырған адам бақыттың бақыты денсаулықта екенін барынша тереңнен ұғынады. Дерттің жабысуын, ауырудың асқынуын адам баласының басына бермесін! Бастапқыда, құрт қосылған жылқының ыстық сорпасының емдік қасиеті өлшеусіз мол. Кейініректе, майы бетіне шыққан асау қымыздың шипалық қасиеті дертке дауалығы зор. «Дерт денеге батпандап кіреді, мысқылдап шығады» дегендейін, Алла адам баласын айықпас ауырудан алыстатсын. Алла сәтін салып, әлгі ауыл-аймақ адамдарына емшілердің ем-домдары қонып, бір айдың ішінде дерт күші әлсіреп, бір жылдан соң жөтел жойылып, бірте-бірте олар ауырудан құлан-таза айығып, жазылып кетті. Міне, жылқы дегеніңіз: мінсеңіз - көлік, жесеңіз - тамақ, ішсеңіз - сусын, ағзаға – дәрумен. Жазатайым, ауырып қалсаңыз – бал-дәрі! «Мейірбандыққа не жетсін? Аман-саулықта жүгіріп жүрсек те, ауырып төсекте тарығып жатсақ та, бір-бірімізге деген махаббатымыз, ынта-ықыластарымыз, сүйіспеншілік-бауырмалдығымыз, жүректен шыққан, шынай жанашырлық сөзіміз еш уақытта да жоғалмасын, ел-жұртқа, халыққа қолымыздан келгенінше көмектесейік, құрметті қалайық! дер еді, Амағанбет қажы.

Байлардың мал-мүліктерін тәркілеу, өздерін жер аудару, тап ретінде жою туралы 1928 жылы Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің және халық комиссарлар кеңесінің бірлесе отырып шешкен «Байлардың шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы» қаулысы қабылданды. Бұл науқанды атқару үшін ауылда құрылған, кедейлер қатысқан комиссиялар жұмыс жүргізді. 1928 жылы байларды тәркілеу амалы басталып та кетті.

Байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы декретті жүзеге асыру сол кездегі астана – Қызылордадан емес, Мәскеу қаласынан келген мүлтіксіз орындауға тиісті нұсқау негізге алынды. Ол кездегі ауыл адамдарының көбінің түсінігі төмен, ал өздері сауатсыз еді. Бұл саясаттың астарында не жатқанын олар қайдан байыптасын? Байлардың мал-мүліктерін тәркілеу жергілікті жеңдеттердің күшімен жүргізілді. Қазақстандағы сол тұстағы 450-ден астам байлар мен 45 мың орта шаруалардың мандайының терімен,

адал еңбегімен жинаған қорына аяусыз, сұқты қолдар орынсыз салынды. Өздерін Итжеккенге айдап, кейбірін сотсыз-ақ атып тастады. Туыстарына күш көрсетіп, жұдырық жұмсады, балағат сөздерді айтып, ары мен намысын қорлады, рухын таптады. Сол себепті байлардың көпшілігі жан сауғалап, жанұясын сақтап қалу ниетімен жан-жаққа жортты – шекарадан өтіп, шет ел асып кетті. Бұл жортуылға жете алмаған, ауылдан сытылып шыға алмаған қаншама адам жер аударылып, түрмелерге тоғытылды. Адамдық құқығынан айырылып, кемсіту механатын тартты.

Байлардан тартып алынған мал-мүліктің шамалы бөлігі ауыл кедейлеріне таратылып берілді. Көбі Ресейдің ашыққандарын тойындыруға, қалған-құтқаны құрылуға тиісті ұжымшарларға бөлінді. Бөлінген мал-мүлік ұжымшарға толық тимей ауылдағы орташа немесе бұған жата қоймайтын ауыл тұрғындарынан алынып, кеңшар құру іс-шаралары күш көрсету арқылы жүргізілді. Солақай саясаттың кесірі орташаларға тиіп, көптеген ауыл тұрғындары аброй-беделінен, мал-мүліктерінен айырылды. Оның үстіне ұжымшарды ұйымдастыру жұмысы да үлкен қателіктермен қабысып, «жататын орының бір, бір қазаннан ас ішесің, жеке тірілікке тыйым салынады» деген түсініктер ел арасында етегін кеңінен жайды. Сол себепті де қолдағы азын-аулақ малды түнделетіп, жасырын сою басталды. Біраз күннен кейін ол еттің жеуге жарамай иістеніп, айналасына жаман ауру таратқанын да, адамға зиян екенін түсіндірген де жан болмады.

-Аймағанбет қажының бақ-дәулеті мен атақ-абройы аймақта сқақтап, қажының шапағаты бай-манаптарға да, жарлы-жақыбайларға да бірдей тиді. Қажы кәрі-кұртандармен де, жас-жеткіншектермен де тең дәрежеде сөйлесе білді, еш уақытта да мен-менсініп дандайсымады, әулеті жоғары қауыммен де, қарапайым халықпен де бірдей деңгейде дидаласа алды. Адамдарды «сауатты-сауатсыз, текті-тексіз, дәулетті-дәулетсіз» деп асырып я кемсітіп қарамады, еш бірін де бөліп-жармады, барлығына бірдей қабақ танытты, өте қатты, атап айтарлықтай, қадір тұтты, сый-сиапатын мәрттігімен көрсетті. Қажы қызыметкерлері мен жұмыскерлері кісі атаулыдан кемсіту мен қағалжу қасіретін тартпады, не ішейін, не жейін демеді, көңілі де, көрегені де, бәрі де жеткілікті болды. Барлығының болмысында бағамы, алдында тағамы, жадысында қазақы, қарапайым қоғамы болды. Қажы адамдарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етті. Шарипа апасы мен Гүлше құрдасының ақ наны, сары майы және асау қымызының дәруменді дәмі өмір бойыма аузымнан кеткен емес. Малшылардың тамақтары тоқ, киімдері көк, көңіл-күйлері шат-шадыман болатын. Талай жерлерді бастым, төніректегі түрлі елдерге бардым. Ленинді қол созым жерден көрдім. 1925 – 1933 жылдары Филипп Голощекин Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Қазақ жерінде кәмпеске жүрді. Ақбоз аттар аяғынан шалынды, ақшаңқай киіз үйлер құлатылды. Шолақ белсенділер байлардың малдарын тартып алып, қазақтарды ұжымға күштеп кіргізді. Есентүгел әулетінің малдарын колхоздарға да берді, жарлы-жақыбайларға да үлестірді. Бірақ та, ол мал ешкімге де адалынан төрт түлік болып тұрақтамады, сойылғаны

сойылды, сойылмағаны қарасан тигендей, өз-өзінен қырылып қалды. Зорлықпен алынған малдардан аша тұяқ та, жұмыр тұяқ та, атымен қалған жоқ. Шымылдықжалдың иесі, Аймағанбет қажының рух киесі жібермеді, Голощекин қорлық қорымында, оқ өкінішінде өлді – көзбен көзделіп, мылтықпен атылды. 1931 – 1933 жылдары қазақ жерге нан, ішерге сусын таппады, іштері бұралып, ағзалары арып, көздері шүнірейді. 1932 жыл – қазақ жерін аштық нәубеті жайлаған тұс. Бір ғана тойып татар тағам табағы төңіректен табылмады. Аштықтан, ісінген адамдар көмусіз, жол-жөнекей жайрап жатты. Өлген әйелдің емшегін еміп жатқан баланы көрген адамдар да бар. Мұның барлығын да мен өз көзіммен көрдім ғой көрдім, - дейді Мұқыш ақсақал.

Қазақ жерінде бата беру әдет-ғұрпы кеңінен тараған. Бата беру жөнінде Аймағанбет қажының мына төмендегі тұжырымы ел жадында бүгінгі күнге дейін сақталған.

-Бата көркемсөз түрінде, жұртқа бет бұра, қос қолды ілгері қарай жоғары жая-соза, екі алақанды өзінің жүзіне қарата, төрде отырған кісі тарапынан елге беріледі. Бата соңында әумин деп адам бет-жүзін сипайды. Батаны жасы үлкен немесе өте беделді адам береді. Бата беруші өзгелерге Жаратушыдан бақытты ғұмыр, ізгі жақсылық, іс-әрекеттерінде телегей табыс тілейді. Әрбір маңызды іс-шара беделді адамнан, ақсақалдан бата алған соң басталғаны жөн. Батада рухани қыруар күш-жігер жатыр...

Жүрекпен берілген жүрек бата, ақ бата адамдарды адамгершілікке жат, теріс қылықтардан сақтандырады, ол ұрпақты қайырымды істерге бастайды, баулиды. Қандай да тың іске кірісерде, жауапты қылық жасарда, ұзақ сапарға шығарда немесе соғысқа аттанарда әркім, дастарханнан дәм татуға отырғанда, ақсақалдан ,яки, өте беделді адамнан бата алғаны абзал. Бата тұрмысқа шығатын бойжеткенге де, шаңырақ көтеріп, жеке үй болған жастарға да беріледі. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді» дейді ғой қазақта. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрығыдан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл білдіру кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған ұрпағына да ізгі тілектер жолданады. Ақ сақалды аталардан, аса беделді азаматтан оң бата алып жүргенге не жетсін, шіркін? Теріс батадан бір Алла өзі сақтасын. ...?

«Табиғат ананың» кереметтейін мүсінші екендігіне шүбә келтіре алмайсың. Қызылтаудан Аймағанбет қажының «Қаратасын», ал жалғас жатқан Сарытаудағы «Әулие» шаттан «Үйтас» пен «Ертасты» көріп, қайран қалып, тамашалайсың. «Ертас» - қазақы ертоқымнан, «Үйтас» - киіз үйден, ал «Қаратас» - сонау Араб еліндегі, Меккедегі «Қаратастан» сыр шерткендей күйге жан-дүниенді дөп түсіреді. Осынау тастар тұрған таулар Керней ауылынан 40 – 50 шақырым шамасы ара-қашықтықта, теріскей-шығыс тұста орналасқан.

*Қасиетті жеріңді, қастерлі еліңді көздің ағы мен қарасындай қорғай
біл, баға жетпес, асыл қазынаңдай сақтай біл! Ақыл-парасатың асып,
көңіл-күйің тасып, рух-рауаның асқақтап, жаныңнан жамандық атаулы
қашық тұрсын! Қазақ халқының болашағы – балауса өскін, келер ұрпақ,
өздерің!*

*«Ұлы даланың иесі де, киесі де қазақ. Азға қанағат, барға тәубе,
Құдайға шүкіршілік ету керек. Тектілік, тепсең де кетпейді. Тектілік
тамырында жан-жақты тәлім-тәрбие жатыр. Тектілікте телегей-
теңіз ұлы адамгершілік қасиеттердің, қағидаттардың пәлсапалық
тебіреніс пен толғаныс тұнықтары топталып тоғысқан»*

Аймағанбет қажы

Ас – қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы көрінер үлкен той-томалақ. Ас беру, көпті бір мақсатты істі жүзеге асыру төңірегіне халықты топтастырады, адамдарды ұйымдастыру мүмкіндіктерін байқатады, олардың бір-бірімен арақатынасын нығайтады, кісінің іскерлік қабілеті ашылады, жақсылығы да, тіпті жамандығы да жұрттың назарына ілігеді. Ас берудің мұрат-мақсаты асы беріліп жатқан адамның ғұмырнамасын, адами айырықша қасиеттерін ой-зерде елегінен өткізіп, ел-жұртына сіңірген еңбегін, халықна тигізген пайдасын, ишрат-шарапатын еске ала отырып, оның озық тәлім-тәрбиелік үлгі-өнегесін келер ұрпақтарға мирас ету.

Әмірханов Шопанайдың ата-бабалары Есентүтел әулетімен қоян-қолтық араласқан, өзара сыйласқан жандар. Шопанайдың әңгімесі:

-Қажының атымтай-жомарттығы айтылып, ол кісіге арналып 1926 жылы Шымылдықжалда үлкен ас берілді. Асты Аймағанбет қажының Ысқақ атты баласы басқарды. Асқа арғысы Самарқан-Тәшкеннен, бергісі Баянауыл-Қарқаралыдан мың шамасындағы адам жиналды. Аста алқалы жиын, аумалы-төкпелі заман адамының тұрмыс-тіршілігі, қазақ халқының болашағы, тәлім-тағылымдық маңызы бар жарыссөздер ұйымдастырылды. Аймағанбет қажы асына Баянауылдан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Түркістаннан Кете Жүсіп Ешанияұлы қатысып, халыққа терең мазмұнды, асқарлы сөз сарасын ағытты, көсемдік келбет көрсетті, шешендік шашу шашты.

Осы тұста, Аймағанбет қажы асына орайластыра, Мәшһүр Жүсіптің өкініш-өсиет сөзін келтіре кетейін.

*Дүниенің базарында, арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Тіршілікте ағайынға қадірім жоқ,
Өлген соң әттеген-ай дерсің нар халқым.
Көшірдім ақ қағазға, Рауан сөзін,
Бұлдырап, көрмей барады қос жанарым.
Дұғаға қолдарың жай, жамигаттар,
Енді көрмейсіңдер Мәшһүрдің басқан ізін.*

- деп, үш қабат дем алып, көзін жұмып, ұйқтаған кісі тәрізді, осынау жарық дүниеден өтіп кетіпті.

Құрбандыққа бірталай жылқы-қойлер шалынды, саба-саба қымыз сапырылды. Жеті рудан жеткен жеті молла аруақтарға арнап құран бағыштады. Айтыс пен күйтартыс, ән мен жыр көбесі сөгілді. 10-100 шақырымдық қашықтықтағы жорға және аламан бәйгіге 150 шамасы ат қосылды. Зілтемір көтерушілер көрікті қыздырды. Түйе палуандар атой салды. Теңге алу мен жамбы атудан жастар жағы жасындай жарқырады. Бірінші орындарға – жорға жабылар, екінші орындарға – міністі мәстектер, үшінші орындарға – тарпаң тайлар тігілді. Жарыс алаңына шыққандардың барлығына да сый-құрмет, мадақ-марапат көрсетілді. Ру басылары мен көрнекті ақындарға зор қошамет көрсетіліп, жол-кәделер беріліп, алдарына құрмет-табақтар тартылды. Елдің игі-жақсыларына Меккеден жеткізілген Құран кітаптары, ташпиқтар, кәусар суы үлестіріліп, иықтарына оқалы шапандар жабылып, бастарына кәмшат және құндыз бөріктер салтанат-сымбатыменен кигізілді. Кедей-кепшіктің қарндары кампиып, бір байып қалды. Ас соңына қарай көрші елдердің сал-серілері өздерімен бірге ала келген, араб-шағатай қарыптарымен өрнектелген, самарканның көк түстес құлыптасын Аймағанбет қажының басына орнатып, ел-жұртқа деген көңіл-күйлерін жыр жолдарымен жеткізді. Қажының дүниетанымдық көзқарасы мен ұстанымы, ақыл-парасаты, қарым-қабілеті, өзін туып-өсірген халқына деген жанашырлығы мен сүйіспеншілігі, имани көркем мінезі мен діни ілімі осы аста онан сайын айғақтала түсіп, тағы бір мәрте қара орман қазаққа жан-жақты паш етілді...

Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы
/1838 – 1925/



Жәнібек Қанағатұлы Жұмаділдиннің тарихи деректерді зерделей отырып салған Аймағанбет қажының автопортреті.

Қазақ даласында тарихи-мәдени ескерткіштер жетерлік. Мысалы, Батыс Қазақстан жерінде 300-ден астам тарихи-мәдени ескерткіштер тіркелген. Аса ірі тарихи-мәдени ескерткіштер қатарына Түркістандағы Қожа Ахмет

Йассауи кесенесі, Сырдариядағы Алаша хан кесенесі, Тараз тұсындағы Айша бибі кесенесі, Жетісудағы Шоқан мемориалы, Алматыдағы Абай ескерткіші, Абайдың туған жеріндегі Абай мен Шәкәрімге арналған мемориал, Орталық Қазақстандағы Өтеулі, Төртқара, Түлек кесенелері т.б. Осы орайда, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Аймағанбет қажы кесенесі мен қорымының айтылуына мүмкіндік келіп тұр. Жазғанымды растау мақсатында мына бес дәйек-дәлелдерді сіздерге көрнекілік негізінде ұсынамын:

№ 6-шы әкімшілік ауылы

Рет №	Шаруашылық-қыстаулар Ақсақалдар атымен	Жер аттары	Соңғы ата аты	Өзен, құдық, бұлақ аттары
1	Ордабай-Қабан	Обалы	О	Шолак қарасу өзені
2	Салықбай-Жанғара	Қантас	С	Қантас құдығы
3	Шолабай-Боқұс	Шаңтимес	Б	Боқұс бұлағы
4	Алпысбай-Қарасен	Теректі	Қ	Қарасен құдығы
5	Төлеубек-Мәсек	Топай	М	Мәсек бұлағы, құдық
6	Жансақбай-Қанай	Сарышоқы	Қ	Қанай бұлағы
7	Нысан-Ынтықай	Қойтас	Н	Нысан құдығы
8	Есенқұл-Құдас	Үрпек	Қ	Құдас бұлағы
9	Жоламан-Сүгірәлі	Қарабұлақ	С	Сүгірәлі бұлағы, құдық
10	Нөгербек-Бәйкүшік	Тұйық	Б	Бәйкүшік құдығы
11	Мысалым-Надырбай	Керней	Н	Надырбай құдығы
12	Тастен-Бектас	Қойтас	Т	Тастен құдығы
13	Еспенбай-Бектас	Қызылағаш	Б	Бектас құдығы
14	Әпейіс-Арық	Шымылдықжал	А	Арық бұлағы, құдық
15	Балтабай-Тұрлыбек	Қарабұдыр	Т	Тұрлыбек құдығы
16	Әділмолда-Сарғалды	Қаракұдық	Ә	Әділмолданың үш құдығы
17	Боқыш-Байғабыл	Қызылаяқ	Қ	Қызылаяқ құдығы
18	Жүрен-Мама	Қандыадыр	Ж	Жүрен құдығы
19	Дәлетбек-Шақа	Қандыадыр	Ш	Шақаның екі құдығы

20	Көпбай- Тұрғымбай	Айдаршат	К	Шідерті өзені
21	Аймағанбет- Кенжалы	Қожа- Керегетас	А	Аймағанбет қажы бұлағы, құдығы
22	Көрпебай- Ақкүшік	Үшсола	А	Ақкүшік құдығы
23	Добай-Жұмабай	Қаражар	Д	Добай бұлағы, құдығы
24	Оспан-Бebеш	Қанайтүскен	О	Ошағандыбойы өзені
25	Тоқболат- Жасқара	Сарыадыр	Ж	Жасқара құдығы
26	Ағыбай-Иткүшік	Көктасты	А	Ағыбай құдығы
27	Ақпан-Иткүшік	Сарыадыр	А	Ақпан құдығы
28	Жаспан- Қыстаубай	Егіндібұлақ	Ж	Шөптікөл көлі
29	Мүсәлім- Надырбай	Жусанды	М	Ашысу өзені, үш құдық
30	Зәлем-Құдаәлі	Құдашөлген	З	Зәлем бұлағы, құдығы
31	Жаппар-Аязбай	Ақбиік	К	Кіндік бұлағы
32	Жаманбай-Бегәлі	Тоқтысалға	Б	Қарағанды өзені, үш құдық
33	Бектемір-Арық	Маяжен	Б	Ашысу өзені, бұлақ
34	Далабай-Жажан	Шат	Ж	Шат өзені, он құдық
35	Жүсіп-Байқошқар	Жартас	Ж	Ашысу өзені, құдық
36	Смағұл- Наурызбай	Сұлтанкелді	С	Смағұл құдығы
37	Төлшім- Наурызбай	Құсмұрын	Т	Төлшім құдығы
38	Айтей-Шақа	Қаратас	Ш	Ашыбайын өзені
39	Көрпебай- Шамахан	Қарақыстау	Ш	Дуана, Шерпелі бұлақтары
40	Құсайын-Шикібай	Қарабұлақ	Ш	Қарабұлақ бұлағы
41	Арымбай-Бейбіт	Үшқара	А	Тасбұлақ бұлағы
42	Шаутыбай- Әшекей	Сарыжал	Ә	Әшекей құдығы
43	Жақын-Ақкүшік	Қаратоқа	Ж	Қаратоқа өзені

Қарағандының мұражайынан

Ескерту. Қанша жылдан бұл қыстауларды мекендейтіні, ауылдың уезді қала, отырықшы ауылдардан, сауда орындарынан қашықтықтарын көрсететін екі бағана қысқартылып тасталынды.

Керней төңірегінде мың ағаш шоғыры болса, соған сәйкесінше мың бұлақ бар. Қазақта әрбір төбе-шұңқырдың, қырат-алаңның т.б. атаулары ықылым замандардан бері тарихи қалыптасқан. Сондықтан, бұл мәселе үлкен, ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ел-жұрттың, туып-өскен жердің әділ сөзін ұстану, болашақ ұрпаққа аманат.

Бұқар жырау ауданы бойынша

Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

№ р/с	Ескерткіш атауы	Ескерткіш түрі	Ескерткіш тұрған жер
1	Ботақара қорғаны, қола дәуірі	Археология	Петровка ауылынан Б-қа 4,7 шм жерде
2	Тас жәшіктері, қола дәуірі	Археология	Ростов ауылы, Нұра өзенінің оң жақ жағасында, Қызылжар ауылының жанында
3	Хорошевское қорымы, қола дәуірі	Археология	Белағаш ауылынан ОБ-қа 17 шм жерде
4	Ащысу 1 қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 5 шм жерде, Ащысу өзеніндегі көпірден СШ-қа 2 шм жерде
5	Алтынсу 1 қорымы, ортағасыр	Археология	Ащысу өзенінің оң жақ жағасында, бөлімшеден ОШ-қа 7 шм жерде, Шешенқара ауылы
6	Алтынсу 2 қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден ОШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
7	Алтын-төбе кенші, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан О-ке 20 шм жерде
8	Ташық қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 3,5 шм жерде
9	Алтын-төбе қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
10	Алтын-төбе 2 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
11	Ақбалықты қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден СБ-қа 0,2 шм жерде, Шешенқара ауылы
12	«Хорошевское» қорғаны, ЕТД	Археология	Белағаш ауылынан О-ке 3 шм жерде

13	Қойтас қорғаны, қола дәуірі	Археология	Көпірден ОШ-қа 100 м жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Самаркандт ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
14	Шешенқара 1 қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара тауынан СШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
15	Құлса қорымы, қола дәуірі Құлса 1 қорымы, ЕТД	Археология Археология	Ботақара кентінен Б-қа 4 шм жерде Ботақара кентінен 6 шм жерде, Құлса өзенінің оң жақ жағасында
16	Кішкентай қорымы. ЕТД	Археология	Шешенқара ауылы, Ащысу ауылынан С-ке 4 шм жерде
17	Қуандық-қозы қорымы, ЕТД	Археология	Мазардан ОШ 600м жерде, Ащысу теміржол бекетінен СШ- қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
18	Құлса 2 қорымы, ЕТД	Археология	Ботақара кентінен Б-қа 9 шм жерде
19	Жыланды тау қорымы, қола дәуірі	Археология	Тоғызқұдық ауылы, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу ауылынан СШ-қа 3 шм жерде
20	Нұра қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан СШ-қа 2 шм жерде
21	Съездтөбе қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан 350 м жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу теміржол бекетінен СШ-қа 3 шм жерде
22	Дермен 1 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылы, Дермен қыстағынан С-ке 2,5 шм жерде
23	Дермен 2 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара қорымынан СБ-қа 9 шм жерде
24	Нұра 1 қорымы, ЕТД	Археология	Ботақара кенті, Қарағанды- Қарқаралы жолынан 70 шм жерде
25	Дермен тұрағы, тас дәуірі	Археология	№3 теміржол бекетінен С-ке 3 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында, Шешенқара ауылы
26	Шешенқара қорымы, ЕТД	Археология	№3 теміржол бекетіне БСБ-ке 3,5 шм жерде, Шешенқара ауылы
27	Демен қорымы,	Археология	№3 теміржол бекетінен БСБ-ке

	ЕТД		3,5 шм жерде, Шешенқара ауылы
28	Алғабас қорымы, ЕТД	Археология	Алғабас ауылынан ОБ-қа 6,5 шм жерде
29	Бұқар жырау кесенесі, 1993 ж	архитектура, қалақұрлысы	«Садык» қыстауына таяу, Шалқар ауылынан С-ке 25 шм жерде
30	Православиялық шіркеу ғимраты, XIX ғ	архитектура, қалақұрлысы	Ботақара кенті
31	Аяпберген қорымы, қола дәуірі	Археология	Бұқар жырау ауылынан С-ке 20 шм жерде, Аяпберген сайында, Садык қыстауынан СБ-қа 3 шм жерде
32	Сарыорман қорымы, ЕТД	Археология	Ботақара кентінен (құс фабрикасы) СБ-ке 6 шм жерде
33	Жамал қорымы, ЕТД	Археология	Ақжар (Жартас») су қоймасының С жағында, Жартас және Ақжар екі өзенінің құйылыс тұсы
34	Ақтөбе 3 қорымы, ЕТД	Археология	Ақтөбе ауылынан ОБ-қа 4 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
35	Довгуев алаңындағы қорған, ЕТД	Археология	Керней ауылынан С-ке 6 шм жерде, Сарқырама шатқалында
36	Қойтас 2 қорғаны, ортағасыр	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
37	Қойтас 3 қорғаны, ортағасыр	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
38	Қойтас 4 қорғаны, ЕТД	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 2,5 шм жерде
39	Белағаш қорымы, ортағасыр	Археология	Белағаш ауылынан ОШ-қа 12 шм жерде
40	Ащысу қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан О-ке 5 шм жерде, Ащысу өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу өзеніндегі көпірден Ш-қа 110 м жерде, Қарағанды-Қарқаралы жолы
41	Ащысу 2 қорымы, ортағасыр	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 2 шм жерде, Ащысу суқоймасының бөгетінен ОБ-қа және 1,5 шм су ағымы бойынша төмен
42	Ташық 2 қорымы,	Археология	Ащысу суқоймасынан ОБ-қа 1,5

	кола дәуірі, ЕТД		шм жерде, Аюлы ауылынан ООШ-қа 1 шм жерде
43	Жиендік қорымы, ортағасыр	Археология	Ташық ауылынан О-ке 1,5 шм жерде, Ащысу су қоймасынан ШОШ-қа 2,5 шм жерде
44	Нұра қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан С-ке 2 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
45	Қаратал қорымы, ЕТД, кейінгі ортағасыр	Археология	Ақжар (Жартас) суқоймасының бөгетінен С-ке 800 м жерде, бір атаулы өзеннің оң жақ жағасында
46	Құйылыс қорымы, ЕТД	Археология	Ақжар (Жартас) су қоймасының ОШ-қа 700 м жерде
47	Ордабай қорымы, қола дәуірі	Археология	Керней ауылынан С-ке 5 шм жерде, таулы-орман алқабының Сарқырама шатқалында
48	Довгуев алаңындағы қорым, ЕТД	Археология	Керней ауылынан С-ке 6 шм жерде, Сарқырама шатқалында
49	Ащысу 1 тұрағы, тас дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОБ-қа 5 шм жерде, Қарқаралы-Қарағанды жолынан СШ-қа 2 шм жердегі автотұрақта
50	Қызылжар қорғаны, ЕТД	Археология	Тегісжол ауылынан 5 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
51	Қима қорғаны, ЕТД	Археология	Қима сайында, Теміртау қаласынан О-ке 10 шм жерде
52	Тегісжол қорымы, ортағасыр	Археология	Теміртау қаласынан Б-қа 10 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Самарқанд пен Тегісжол ауылдарының арасында
53	Тегісжол қонысы, қола дәуірі	Археология	Теміртау қаласынан Б-қа 10 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
54	Қарағанбас қорымы, ЕТД	Археология	Тегісжол ауылынан Ш-қа 1,5 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
55	Темірқаш қорымы, қола дәуірі, ЕТД	Археология	Теміртау қаласынан ОБ-қа 7 шм жерде
56	Тасауыл қорғаны, ЕТД	Археология	Тасауыл ауылынан ШОШ-қа 400 шм жерде
57	Темірқаш қонысы,	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 2

	кола дәуірі		шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
58	Қойтас қорғаны, кола дәуірі	Археология	Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Нұра өзеніндегі көпірден ОШ-қа 500 м жерде, Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
59	Ростовка 1 қонысы, кола дәуірі	Археология	Ростовка ауылынан Ш-қа 1,2 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
60	Ростовка 2 қонысы, кола дәуірі	Археология	Ростовка ауылынан Ш-қа 1,4 шм жерде, Ростовка 1 қонысынан 200 м жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
61	Алшынбай кесенесі, XIX ғ	қала құрлысы, архитектура	Үміткер ауылынан СБ-қа 8 шм жерде
62	Аймағанбет қажы кесенесі, XIX ғ	қала құрлысы, архитектура	Ақжар ауылы

Үзінді. «Орталық Қазақстан», 10.06.10.

11 – кесте.

Ботақара-Нұра жаңа мезгілдің тарихи ескерткіштері.

2	Алшынбай кесенесі, XIX ғ.	Үміткер селосынан СБ-қа 8 км жерде
3	Аймағанбет қажы кесенесі, XIX ғ.	Ақжар селосы
4	Бұқар жырау кесенесі, 1993 ж.	«Садық» ферм. жанында, Шалқар с. солт. 25 км

1820-1830-шы жж. ішінде құрылған 8 сыртқы округтың 3 округінің шекаралары осы қазіргі Бұқар жырау ауданы аумағымен жүрді. Бірақ барлығы да қазақ шежіресі бойынша бес округ немесе бес Мейрамнан өрбіген тумалар еді.

1815 жылы Орта жүзде хан сайлауы болды. Ол Барақтың ұлы Бөкейді хандыққа сайлануымен байланысты.

211

Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы (1838 – 1925)

Алпысбес М., Аршабек Т. «Бұқар жырау ауданының тарихы» (зерттеу).

Қарағанды 2012. 211 б.

Аймағанбет Кенжалыұлы (1838-1925), қажы. Туып-өскен жерлері қазіргі Бұқар жырау ауданындағы Қызылтау, Керегетас, Шымылдықжал өңірлері. 1870-72 жылдары «Меккеге жол тартпақпын. Аллаға құшылық айтпақпын. Қасиетті жерде боп, Қаусардан дәм татпақпын» деп, қажылыққа барып қайтқан. Ақсақалдардың айтуынша, Аймағанбет қажы көп сөйлемейтін, айындағысын нық айтатын, қиындыққа мойымайтын, тиянақты, жегеніне жететін сыйлы жан болған. «Байлық пен кедейлік, бақсылық пен жамандық, қызық пен қайғы егіз, дүние өткінші. Адамның жарық дүниедегі ғұмыры шолақ. Осы уақыт үзіндісін саналы да салиқалы, сапалы да құнды өткізу, өлмес із қалдырып, адамзаттың болашағына сәуле-шуақ төгу абзал. Бізге керегі — Алланың мейірімі, адал еңбектің жемісі» дейді екен.

Ел арасына жиі шығып, шарифат айтып, мейірімділік шуағын төгіп жүретін Аймағанбет қажы кең пейілділігі, сабырлылығы, жоғары адамгершілік қасиеттерімен Арқа еліне танымал болған. 87 жасында дүниеден өтіп, Шымылдықжалда жерленген, Самарқаннан көк түсті құлпытас әкелініп, басына қойылған. 1926 жылы үлкен ас берілген. Керней селосында мешіт ашылып, Аймағанбет қажы есімі берілген.

Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы (1838 – 1925)

Алпысбес М., Аршабек Т. «Бұқар жырау ауданының тарихы» (зерттеу).
Қарағанды 2012. 329 б.

Аймағанбет қажы Кенжеәліұлы (1838 – 1925)
Алпысбес М., Аршабек Т. «Бұқар жырау ауданының тарихы» (зерттеу)
. Қарағанды 2012. 139 б.

Тарихи құжаттың мекен-жайы және бабасы жөніндегі деректі іздеуші
Искаков Әлібектің электрондық поштасы – mail: iskakov _ alibek@mail.ru
VK.com / группа каржасы.

Тарихи құжаттың компьютерлік мәтіні:
ЦГА РК фонд 64 опись 1 дело 2339 связка 230.

«Удостоверение

1905 года ноября 6 дня. Дано сие от Крестьянского Начальника 2 участка Павлодарского Уезда киргизу Аккелинской волости Аймағанбетю Кенжалину на основании удостоверения Аккелинского Волостного Управления от 5 октября сего года за № 809, в том, что он – Кенжалин под судом и следствием не состоял и не состоит, причитающегося с него денежные повинности внесены полностью, никаких недоимок за ним не состит, остающаяся семья его в материальном отношении вполне обеспечена и на поездку Кежалина в Мекку и Медину в качестве полонника, а также на получение для этого заграничного паспорта препятствий не встречается, что и удостоверяется подписью с приложением казенной печати.

Крестьянский Начальник

2 уч. Павлодарского Уезда

Штабс – Капитан: подпись.

Печать.»

Тарихи құжаттың түп нұсқасы төменде келтірілген.

ЦГА РК фонд 64 опись 1 дело 2339 связка 230

Мұражай мұрағаттары

Материалы киргизскому землепользованию. Воронеж 1903.

Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз.

Павлодарский уезд. Семипалатинск 1912.

Список населенных пунктов. Павлодарский уезд. Семипалатинской губернии. С приложением карты уезда. Кызыл-Орда – 1928г.

Аккелинская волость, административные аулы №№ I – IX

Убедившись что большинство аулов сохранило свои урочища в промежутке времени 10 лет, можно полагать что и ауыл Аймағанбета Кенжалина остался при том же урочище.

№126 земельная площадь	Урочище	Примечание
	1910/1897	
Аккелинская волость административный аул №6		
1 Аширбекъ Сулеймень	Кара-тока/+	
2 Мусабек Шоки	Кара-тась/+	
3 Тольчимъ Наурызбай	Кус-мурунь/+	
8 Энеубай Сапы	Маяжень/+	
12 Скакъ Аймагамбетъ	Кара-тась/Кожакерегетась	
13 Заманъ Кулатай	Тас-кудукъ/Сары-адырь	Акпанъ Иткушукъ
в 1910 году Алексеевская волость административный аул №5		
1 Нукай Джусупъ	Жар-тась/+	
2 Байбосынъ Дюйсембай	Шать/+	Далабай Джажанъ
3 Шанкель Сокуръ	Тохты-салганъ/+	
4 Жапаръ Аязбай	Акь-биікь/+	
5 Джамили Надыбай	Жусанды/+	
6 Оспанъ Бабешъ	Капай-тускенъ/+	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТІНІҢ ҚОҢАЛДАУ АЛДЫРАТ
ҚИЗМЕТІ ҚОҒАМДАУАТ ҚИЗМЕТ
МҮРАТ КОМИТЕТІНІҢ
«ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МҮРАДАТ» ҚҰАМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТІНІҢ ҚОҢАЛДАУ АЛДЫРАТ
ҚИЗМЕТІ ҚОҒАМДАУАТ ҚИЗМЕТ
МҮРАТ КОМИТЕТІНІҢ
«ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МҮРАДАТ» ҚҰАМ



ҚҰАМ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТІНІҢ ҚОҢАЛДАУ АЛДЫРАТ
ҚИЗМЕТІ ҚОҒАМДАУАТ ҚИЗМЕТ
МҮРАТ КОМИТЕТІНІҢ
«ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МҮРАДАТ» ҚҰАМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТІНІҢ ҚОҢАЛДАУ АЛДЫРАТ
ҚИЗМЕТІ ҚОҒАМДАУАТ ҚИЗМЕТ
МҮРАТ КОМИТЕТІНІҢ
«ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МҮРАДАТ» ҚҰАМ

100017, г. Карағанды
пр. Н. Абдыраманов, дом 48/1, кв. 57
Қазыбеков А.Ф.

Ушарманов Алабек Фазылович

На Вашей просьбе направлено архивное справочное в Комитет по Архивному делу в 1985 г. в архивную копию его удостоверение

Содержит, что в архивных документах фонда «Коллекция Стенограмм генерал-губернаторов, административных областей архаивные» за (1970-1977) гг. и «Центрально архивные по архивации документов и документов быв. республик» за 1928-1929 гг. других сведений о Административной Службе в Казахстане Мухомедов и других, имеющих личные файлы и фото не найдено

К тому же, в системе архивного фонда Ф.847 «Коллекция стенограмм адм. органов ССР Казахской области» отсутствует стенограмма Шайы Ахмедовской волости Павлодарского уезда ССР Казахской области

Примечание: Архивное справочное № 1 а. о. 1 кв. по русскому языку

Зам. генерального директора *М. И. Кручинин* М. И. Кручинин

Шайы А. Ф.
2671457

002419

Handwritten notes and stamps at the top of the page.

Уголовный Акт № 01/0000000000

По Вашему обращению сообщаем, что на основании уголовного постановления № 01/0000000000 от 10.08.1999 г. прокурором Калининградской области в отношении лица, указанного в постановлении, возбуждено уголовное дело по статье 158 УК РФ.

В соответствии с постановлением Калининградской ОДПТУ от 21 сентября 1991 г. установлено, что Калининградская ОДПТУ (р. п. Калининград) в соответствии с постановлением Калининградской ОДПТУ от 21 сентября 1991 г. постановила выдать постановление о возбуждении уголовного дела по статье 158 УК РСФСР (статья 158 УК РФ) в отношении лица, указанного в постановлении Калининградской ОДПТУ от 21 сентября 1991 г.

По постановлению прокуратуры Калининградской области от 19 ноября 1999 г. Калининградская ОДПТУ постановила на основании Закона РК от 14.06.1993 г. «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».

Других сведений в отношении Калининградской ОДПТУ в отношении уголовного постановления № 01/0000000000 не имеется.

Дополнительно сообщаем, что в соответствии со ст. 50 Закона РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14.06.1993 г. № 2143-III республиканский реабилитационный акт, выданный на основании и в соответствии с постановлением Калининградской области от 19 ноября 1999 г. постановило на основании Закона РК от 14.06.1993 г. «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».

Начальник Специального государственного управления
Калининградская область
А. Кузнецов

«21» октября 2013 года

И.И. Иванов
И.И. Иванов

Large area containing a grid with handwritten entries, a stamp, and other markings. Includes the handwritten number '56' and the name 'Иванов'.

Архивный материал

АТОРКО. РАБКА.

1. АТОРКО РАБКА...
2. АТОРКО РАБКА...
3. АТОРКО РАБКА...

4. АТОРКО РАБКА...
5. АТОРКО РАБКА...

6. АТОРКО РАБКА...
7. АТОРКО РАБКА...

8. АТОРКО РАБКА...
9. АТОРКО РАБКА...

10. АТОРКО РАБКА...
11. АТОРКО РАБКА...

12. АТОРКО РАБКА...
13. АТОРКО РАБКА...

14. АТОРКО РАБКА...
15. АТОРКО РАБКА...

16. АТОРКО РАБКА...
17. АТОРКО РАБКА...

18. АТОРКО РАБКА...
19. АТОРКО РАБКА...

20. АТОРКО РАБКА...
21. АТОРКО РАБКА...

22. АТОРКО РАБКА...
23. АТОРКО РАБКА...

24. АТОРКО РАБКА...
25. АТОРКО РАБКА...

26. АТОРКО РАБКА...
27. АТОРКО РАБКА...

28. АТОРКО РАБКА...
29. АТОРКО РАБКА...

30. АТОРКО РАБКА...
31. АТОРКО РАБКА...



АТОРКО. РАБКА.

1. АТОРКО РАБКА...
2. АТОРКО РАБКА...

3. АТОРКО РАБКА...
4. АТОРКО РАБКА...

5. АТОРКО РАБКА...
6. АТОРКО РАБКА...

7. АТОРКО РАБКА...
8. АТОРКО РАБКА...

9. АТОРКО РАБКА...
10. АТОРКО РАБКА...

11. АТОРКО РАБКА...
12. АТОРКО РАБКА...

13. АТОРКО РАБКА...
14. АТОРКО РАБКА...

15. АТОРКО РАБКА...
16. АТОРКО РАБКА...

17. АТОРКО РАБКА...
18. АТОРКО РАБКА...

19. АТОРКО РАБКА...
20. АТОРКО РАБКА...

21. АТОРКО РАБКА...
22. АТОРКО РАБКА...

23. АТОРКО РАБКА...
24. АТОРКО РАБКА...

25. АТОРКО РАБКА...
26. АТОРКО РАБКА...

27. АТОРКО РАБКА...
28. АТОРКО РАБКА...

29. АТОРКО РАБКА...
30. АТОРКО РАБКА...

31. АТОРКО РАБКА...
32. АТОРКО РАБКА...

33. АТОРКО РАБКА...
34. АТОРКО РАБКА...

35. АТОРКО РАБКА...
36. АТОРКО РАБКА...

37. АТОРКО РАБКА...
38. АТОРКО РАБКА...

39. АТОРКО РАБКА...
40. АТОРКО РАБКА...

41. АТОРКО РАБКА...
42. АТОРКО РАБКА...

43. АТОРКО РАБКА...
44. АТОРКО РАБКА...

45. АТОРКО РАБКА...
46. АТОРКО РАБКА...

Мавзолей Аймаганбета (некрополь)

Авторы и датировка: XIX в.
Состояние: Удовлетворительная
АТО: Бухаржырауский район
Местонахождение: село Акжар
Координаты по GPS: N 50.22.112, E 074.34.186



Описание: некрополь Аймаганбет кажы состоит из трех каменных сооружений, которые расположены на склоне горы Кызылтау.

Сооружение 1. Длина – 3 м, высота 50-70 см. Толщина стены – 30 см.

Сооружение 2. Длина – 2 м, высота 30 см. Толщина стены – 40 см.

Сооружение 3. Длина – 4 м, высота 30 см. Толщина стены – 50 см.

Бабас Касабола

В Акмолинской области по материалам переписи стр.238 Акмолинская область Атбасарский уезд Терсакканская волость адм.аул №4 хоз.аул №20 на реке Терсаккан обнаружена местность Бабасъ-мола (но это может быть род Найман-Бабас).

Источник: Официальный сайт Баянаульского района <http://bayanaul.pavlodar.gov.kz>.

В настоящее время в селе Баянаул расположена мечеть Муса мырза, названная в честь Мусы Шорманова. У одной из стен мечети стоит камень в виде книги на котором написаны имена кажы, совершивших паломничество в Мекку из этих мест. На этом камне мы видим имя Айтмаганбет Кенжеальулы.

Источник: karnasledie.kz, Инспекция по охране культуры и памятников Карагандинской области.

В 2003 году Постановление акимата Карагандинской области от 16 апреля 2010 года N 11/03 (Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 02 июня 2010 года N 1879) мавзолей(некрополь) Аймаганбет кажы, находящаяся при селе Акжар, признана памятником архитектуры и градостроительства. По дате относится в XIX веку.

Состояние удовлетворительное. АТО: Бухаржырауский район, село Акжар. Координаты по GPS: N 50.22.112 E 074.34.186. Некрополь Аймаганбет кажы состоит из трех каменных сооружений, которые расположены на склоне горы Кызылтау. Сооружение 1. Длина – 3 м, высота 50-70 см, толщина стены – 30 см. Сооружение 2. Длина – 2 м, высота 30 см, толщина стены – 40 см. Сооружение 3. Длина – 4 м, высота 30 см, толщина стены – 50 см.

Источник: Список населенных пунктов. Павлодарский уезд Семипалатинской губернии. 1928г.

По переписи 1927 года Аккелинская волость состоит из четырех аулсоветов., 487 аулов-кстау, с население 19054 человека обоего пола. В аулсовете №3 число аулов-кстау 141 с мужским населением в количестве 2927 человек. В том числе:

Аул-кстау Айтмагамбет в урочище Керегетас (18 хозяйств);

Аул-кстау Аймагамбет в урочище Шымылдык-жал (10 хозяйств)

"Баянаудан қажылыққа барған қазақтар

АПТЫВАСАР ЖІЛҚЫЯЙДАРЫҒЫ
 АЯЛБЕРГЕН САХЫРБАЙҒЫ
 АЙНУБАЙ АЙТПАЙҒЫ
 ӘБЭЙІНДӘ НАНЫБЕКҒЫ
 ӘДІЛ НАПАРУҒЫ
 ӘДІЛБЕК СЕМСЕМБАЙҒЫ
 ӘМІРЕ БАПАҚАЙҒЫ
 ӘУЕЛБАЙ БАПТАБАЙҒЫ
 БАЙСЕРКЕ САТАЙҒЫ
 БАЙМОЛДА АҚБАЛДАҚҒЫ
 БАЙҚОНАҚ ҚҰРМЫСЫҒЫ
 БАЛҒЫН ШЕТЕСБАНҒЫ
 ҒАЛЫ СЕРГАЗЫҒЫ
 ДОСҚАРА БӘЗІПҒЫ
 НАРЫПҒАЛБЕРДІ НҰМАБАЙҒЫ
 НӘМИ АЙТАЙҒЫ
 НҰМАДЫЛДА ЕСЕНТАЙҒЫ
 НҰАНТЕМІР ЕРКЕДҰЛАНҒЫ
 ИСАБАЙ ҚҰДИЯРҒЫ
 ИСАБАЙ ПЕКЕРҒЫ
 ҚАРАМАН ҚОСҚҰЛАҚҒЫ
 ҚҰЛКЕН ӘЛІРБАЙҒЫ
 ПЕКЕР БЕКБОЛАТҒЫ
 МҰРСАЛ ШАҚАЙҒЫ
 МАҚЫ ӨЗДЕНБАЙҒЫ
 МҰСАБАЙ ҚҰДИЯРҒЫ
 МҰСТАФА СОЛТАНБЕКҒЫ
 НАУРЫЗБАЙ ҚОСҚҰЛАҚҒЫ
 НҰРҒАЛИ ТАШБАЙҒЫ
 ОРАЗБАЙ МЫҚРАЙҒЫ
 СМАНАЙ АЙТУҒАНҒЫ
 ТАЙМАС ШОМАНҒЫ
 ТАСТЫ ТЫРМАҚҒЫ
 ТҮСІП БАЙНАНҒЫ
 ҰҚТАН ТӘЛІЕБАЙҒЫ
 ХҰСАЙЫН БӨШТАНҒЫ
 ШЫРАЙ ТҰРПЫҚҒЫ
 ШЕГЕБАЙ БӘЗІПҒЫ
 БАРАМАЛЫҒЫ

АХМЕТ АДИРАЙҒЫ
 АНАЙ ШӘКІПҒЫ
 АСЫП ҚЫРАСҒЫ
 АЙТМАҒАНБЕТ КЕНЖЕАЛЫҒЫ
 АЙТЫНБЕК МЕЛДІБАЙҒЫ
 АҚБЕСİK НАНЫСБАЙҒЫ
 АЛТЫНШАШ БУҒАТҚЫЗЫ
 АЛДЫҚАЙ ШАБАҚБАЙҒЫ
 АХМЕТ ӘНБЕКҒЫ
 ӘЛІБЕК АХМЕТҒЫ
 ӘБІШ АБАЙҒЫ
 ӘДІЛБАЙ НАҚЫПҒЫ
 ӘЗІЗ АҚБАЙҒЫ
 ӘКТАЙ ШАҚАҒЫ
 БҒАЙ БАЙТАҚҒЫ
 БАТАРБЕК ЕРДЕНҒЫ
 БАЙҚОШҚАР ТІЛЕУБЕРДІҒЫ
 БАЙМУРЫН ТИТУҒЫ
 БАҚТЫБАЙ БӨКІҒЫ
 БЕКЕШ МАЙҚАРАҒЫ
 БЕКЕТ ӘБЕТҒЫ
 БАҒАНА САЙҚЫМҒЫ
 БҮЙЕК БЕРКІНДІҒЫ
 БҮКІ ДҰЛАТҒЫ
 БӨЛТІШ БҰҒЫБАЙҒЫ
 БЕСІМБАЙ МАМАТҒЫ
 БИМАҒАНБЕТ ҚОНАНБАЙҒЫ
 БҒЕНБАЙ АҒЫБАЙҒЫ
 ДҰРЖАНБАЙ ШӘГЕЛҒЫ
 ДАҒАЛ МӨНТЕНҒЫ
 ЕКІБАС ШҰКЕЙҒЫ
 ЕРІННІН НАРҚАЙҒЫ
 ЖҰНС АҚШАБАЙҒЫ
 ЖҰМАБАЙ ҚАШҚЫНБАЙҒЫ
 ЖҰМАҒАЛ ШЫҒҚОНАҒЫ
 ЖҰМАҚАЙ ШЫҒБАЙҒЫ
 ЖҰМАҚАЙДАР МАЙҚАРАҒЫ
 ЖҰМАНБЕК САРЫҒЫ
 ЖҰЗБАЙ БАЙНАНҒЫ


Кенжалы Есентугел

На карте 1897-1910 годов указана могила Кенжалы. Могила Кенжалы обнаружена на двух картах предположительно 1897-1910 годов. Границы района места таковы — с севера-востока могила Оспан и горы Карагайлы. Также можно определить как между ключом (на карте виде реки) Кара-булак и ключом Кара-су. С юга местоположение ограничивается горами Сарытау и отметкой 50гр20минут широты, с востока 74гр45минут долготы. Все это севернее озера Кандыкколь и гор Семиз-булы. Возможно это тот же могильник Аймаганбет кажи, просто уже названный по имени более позднего умершего человека. Если так то становится известны имена двух из трех похороненных на этом могильнике. Возможно третий Скак Аймаганбет или Есентугел, что предстоит исследовать.

" Баянауыл селосы, Мұса мырза мешіті.

Аллақия Шакенұлы
 Аймақан Тогыманұлы
 Асқар Метелісулы
 Баянболат Сапақұлы
 Баямақаш Ибраһимжанұлы
 Дүйсенбі Бексейітұлы
 Даянбай Қыстауұлы
 Иманбай Беркіндіұлы
 Имансақбай Мүсірепұлы
 Имандыбай Иманұлы
 Иманболды Қарсенұлы
 Еламан Байжанұлы
 Иманбай Тентікұлы
 Күзен Бөркіндіұлы
 Қапалыбай Тілемісұлы
 Қызылтоппа Досжанұлы
 Қожанмет Қошқарұлы
 Момынбай Пенжисұлы
 Мұса Торғайұлы
 Нәке Шоқларұлы
 Омарбек Әзіреткерікұлы
 Сыздық Бекжанұлы
 Самал Тоқпанұлы
 Сәрсенбі Дөңдәрікұлы
 Сәрсен Беркіндіұлы
 Сымаң Байытұлы
 Тәнтөке Әбісұлы
 Тілеубай Сәдуақасұлы
 Тәліман Машанұлы
 Төмірболат Мақсұтұлы
 Тілепберген Байшағарұлы
 Төшен Тәйірбергінұлы
 Түсіп Иманұлы
 Тыншытықбай Сатанұлы
 Тімеке Дөнекбайұлы
 Тұяң Әбісұлы
 Тілесбай Наутқанұлы
 Трәшәнбай Қосақұлы

Қадырбек Қарасекітұлы
 Бағай Көбекұлы
 Еламан Бәзілұлы
 Дүйсенбек Кемеңгерұлы
 Дүйсенбі Бәленұлы
 Иманьшбай Асаубайұлы
 Иманьшбай Қуттыбайұлы
 Иманболды Қарсенұлы
 Зейнобид. Алтынтоғай
 Зікірия Иманбайұлы
 Исабай Бопанұлы
 Кәрім Бекболатұлы
 Қармыс Бәкітұлы
 Қуттыбай Өтекұлы
 Қонылдақ Байқараұлы
 Құпатай Найзабекұлы
 Қожанмет Қошқарұлы
 Қарекө Нылықбайұлы
 Қоңқашбай Иманұлы
 Мақдәлібай Пабайұлы
 Мақан Бекімбайұлы
 Мақсұт Талпырбайұлы
 Мақиян Малғозыұлы
 Мақмет Дүрменбайұлы
 Мәукө Монтанұлы
 Мүсет Атанжанұлы
 Малғозы Қорысбайұлы
 Мұхаметназарымберліұлы
 Мұса Нылайдарұлы
 Молдабек Ибраһимұлы
 Нәгерек Шабықұлы
 Назан Шапшақұлы
 Назғай Ментанұлы
 Омар Шақитұлы
 Омаржан Мүсәпірұлы
 Отыншы Асаубайұлы
 Олжабек



Мухамедия Исаков (1900г-12.11.1959г)

По Исакову Мухамедье (Мина) имеются сведения с 1936 года, с момента его трудоустройства на руднике Семизбугу. Эти сведения содержатся в Государственном архиве Карагандинской области фонд №125 «рудник «Семиз-Буга» Главного управления абразивной и алмазной промышленности «Главабразивалмаз» (1927-1977)» (159 ед.хр.). Адрес ГАКО: г.Караганда, ул.Ержанова, 6; те ч. 8(7212)432824.

Ниже приведены некоторые сведения:

Ф.125 опись№1 дело84 лист9 от 01.01.1955г

ФИО	Исаков М.
Год рождения	1900
Национальность	Казах
Партийность	Б/П
Образование	4-кл.
Занимаемая должность и когда назначен	Зам.нач.горн.цеха с 25.02.1952
Стаж работы	1936
Где в данное время учится	Ни где

В 1910 году Исакову Мухамедье исполнилось 10 лет (скорее всего он учился в 4хлетней школе). Соответственно в таком возрасте он живет со своими родителями.

Таким образом можно вывести место его рождения.

Его дед Аймагамбет Кенжалыулы в 1897 году был аксакалом зимовки/хозяйственного аула №21 административного аула №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области в урочище Кожакерегетас.

Его отец Скакъ Аймагамбетъ в 1910 году был аксакалом хозяйственного аула №12 (по переписи 1897г - №21) административного аула №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области в урочище Каратас.

Таким образом я прихожу к общему знаменателю - административный аул №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области. Разница только в географии урочищ.

Так как год рождения больше тяготеет к переписи 1897 года то, исходя из этого, место его рождения урочище Кожакерегетас.

Таким образом я зн. ю о жизни Мухамедьи только с возраста 36 лет до его смерти в 59 лет, то есть двадцать три года его жизни. Назовем известный период его жизни вторым периодом. Очень интересен первый период его жизни с рождения до 36 лет. Потому что история того периода крайне насыщена историческими событиями: революция 1905 года, национально-освободительное движение 1916 года, октябрьская революция 1917 года, гражданская война 1920х, раскулачивание байских хозяйств 1927-1929 года, голод 1930-1933 года. Надеюсь найду какие нибудь сведения.

Могила Исакова Мухамедии умершего в 1959 году находится на кладбище при поселке Семиз Бугы Бухаржырауского района Карагандинской области.

отделов, цехов, их заместителей

Фамилия, имя, отчество	Дата рождения	Национальность	Должность	Стаж	Специализация	Год
Моргулов Д.	1917	русск.	Зам. нач. цеха	7-кл.	Зам. нач. цеха с 2/II-1944г.	1944
Масяков М.	1910	русск.	Зам. нач. цеха	4-кл.	Зам. нач. цеха с 2/II-1944г.	1944
Кутяшев П. А.	1903	русск.	Нач. а/тран.	7-кл.	Нач. а/тран. с 1/II-1951г.	1951
Верховенко Н. П.	1903	русск.	Гл. механик	4-кл.	Гл. механик с 15/X-1947г.	1947
Половин П. Т.	1906	русск.	Инженер	Средн.	Инженер с 20/III-1951г.	1951
Свядков К.	1903	казах.	член КПСС	Средн.	Нач. Д. П. О. с 1/II-1951г.	1951
Молков Н. В.	1907	русск.	Инженер	4-кл.	Ст. бух. с 22/II-1944г.	1944
Землякин В. В.	1912	русск.	Инженер	7-кл.	Зам. ст. бух. с 1/X-1944г.	1944
Машухина М. А.	1921	казах.	член КПСС	6-кл.	Инженер с 0/II-1951г.	1951
Балин О.	1900	казах.	член КПСС	6-кл.	Нач. отд. снаб. с 15/X-1948г.	1948
Бектыбаев Б.	1910	казах.	член КПСС	7-кл.	Зав. бур-базы с 8/V-1951г.	1951
Милеев К.	1904	русск.	Инженер	4-кл.	Нач. отд. с 15/X-1948г.	1948
Вронец П. В.	1921	русск.	Инженер	7-кл.	Нач. отд. с 22/II-1951г.	1951

13/03/2013

Полное наименование ИТР. в 1955 году



Кенжеәлінің кара тасы



Аймағанбет қажы қорымы

Оң бата мен теріс бата

Таңсәрі шақтағы алағөбе мезгілде әлденеден шошынып ояндым. Елең-аландағы бозғылт сәуле түнгі қараңғылықты біржолата жеңіп, бөлме ішіне алагеуім жарық түсе бастады. Жақсылық пен жамандық егізделіп, қуаныш пен үрей сегізделіп, кенет ойымды да, бойымды да, найзағай жарқылындай түн қараңғысы алдаспанды тілгілеп өтті. Ойыма түскені – өмір деген ақ пен қараның үдіксіз, бітімсіз күресі екендігі. Ойымда қалғаны – ақ қараны, қыран қарғаны, әділеттілік әділетсіздікті әр уақытта да, сөзсіз жеңетіндігі.

Елу жыл ұстаздықты ұстанып, зейнеткерлікке зейін-зердемді заңғарлап шықтым. Халққа сүбелі сөз, қабырғалы құлыптас қалдыру ниетіммен, бүгінгі күнге дейін қызмет қылып, адалынан қаражат қорын қоржындадым. Тәлім-тәрбиелік кітапқа да, ілім-білімдік құлыптасқа да мол

ақша қажет. Осыншама жүкті өз ойыммен, өз мойныммен қап-қара нардай көтеріп, аброймен алып шығу менің темірдей берік ұстанымым.

Кісі, не қорықпақ, не жүректі, не мейірімді, не тасбауыр, не нанғыш, не күдікшіл екенін жақсы біле ме? Адамдардың арасында ағы-қарасы, адалы-арамы, жұпар асығы, күлімсі сасығы, парасаттысы мен пасығы болады. Үйді тонауға байланысты көршілерден күдік көрінеді. Ертең үй тонаушылар менің бетіме, халықтың көзіне, ұялмай қалай ғана қарайды? Елді жылатып тапқан табыс ұрыға, оның үрім-бұтағына адал ас бола ма? Ақадал малды ұрлағандар, жазықсыз жан иесін қинағандар, Іақтың қаһарына, адамның қарғысына шұрамайма? «Ұрлық түбі қорлық» болатынын байыптамай ма?

Үйіме ұрылар түсіп, дүние-мүлкікті тарыдай қопара-шашып, маңдай теріммен, ынта-жігеріммен қайран халкым деп жинап-терген ақшамды да, алтын-күмісті заттарымды да, түгін де қалдырмай, соңғы тиыныма дейін, кешкі алаң-елеңде, бір-ақ сағаттың ішінде алып кетті. Жау алыстан келген жоқ, осы «Күнгей» ықшам ауданынан. Мелиция дейме, полиция дейме, мен білмеймін, олар бір жерге қағылып қойған қауқарсыз қазықтар. Мен мұны айдан да анық білемін. Себебі бұрындары да талай мәрте тоналғанмын. Сол ұрыларды бірде-бір полиция анықтаған жоқ, оларды мен өзім ақылмен, нақылмен, ой-зердеммен, зерттей жүріп тапқанмын. Мәшһүр Жүсіптің былай айтқаны есімде: «Жетпіс жыл дінсіздер, еліу жыл ұрылар, онан соң қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған замандар болады». Мәшекеннің бұл айтқаны ақ қағазға Алланың мөрін мықтап тұрып басқандай дәл келуде. Ұрыларға, арам пиғылды адамдарға лағынат зарымды айтып, теріс батамды баттатып беремін. Ал менің сіздерге жүрегімнен айтайын деп отырғаным қағынған-соғынғандар жайлы емес, керісінше, жақсы-жайсандар жөнінде. Жақсы жандарға ақ батамды көл-көір ғып, теңіздей толқытып беремін.

Өзінің біліміменен, білігіменен, іскерлігіменен жан иесін баурап алатын адамдар, Құдайға шүкір, қазақ қоғамынан көптеп табылады. Олар өздерінің ақ пейілімен, пәк жүрегімен кісінің көңіл-күйін күн шуағындай жадыратады.

Серікбай Игенбайұлы Абильдинов Жаңаарқа ауданы, 69 разъезінің тумасы, қазақы қарапаймдылығыменен адам баласын баурап алу қасиетімен ерекшеленеді. Өрелі өнеріменен қажы бабаның құлыптасын құйып берді.

Аркенов Жаркынбек Мақсұтбекұлы Ақтоғай ауданындағы, Көрпетай ауылының тумасы. Тартымды әңгіме-дастан айтуыменен, қазақы қанатты қайырымдарды білуіменен айшықталады. Қажының құлыптасын тиісті жерге жеткізді. Есімдері аталаған екі ініме рахметімді айтып, ризашылығымды білдіріп, төмендегі тәлім-тәпсілімімді жолдаймын.

Темірдің сапасы қандай екенін отқа қыздырып көрген соң ғана біледі емес пе? Меніңше, адам да солай. Әншейін кезде кісі өзін-өзі білмейді. Ғұмыр бойы өзін-өзі білмей, дүниеден өтіп кететіндер де аз емес шығар? Өрбір адам өз басына таудай тауқымет түспей, өмір өткелдерінде аздап аздап отына күймей өзін-өзі біле алмаса керек. Өзімнің кім екенімді білдім десем иланасыз ба? Бұл сөзім сіздерге сенімсіздеу естілуі ықтимал. Өйткені жай

уақытта адам басқа біреу түгілі, өзін-өзі терең түсініп, тереңнен сезінуге еш әрекет жасамайды, оған басын қатырмайды да. Мұндай жасырын сезімдерге мән-мағына бермейді де. Жалпы адамның табиғаты солай ма?

«Адам үшін ең қиын нәрсе не?». Бұл сауалға сонау көне заманның ақыл-ой алыптарының бірі Фалес: «Өзін-өзі танып-білу», - деп жауап беріпті ғой. «Өмірдегі ең оңай іс не?», - деген достарының сауалына данышпан : «Басқа біреуге кеңес беру», - деген екен. Бұл – ақиқат пікір. Бірақ сол шындыққа кейде көз жеткізіп, көңілді сендірудің өзі де жеңіл-желпі шаруа емес қой.

Мен сияқты басқалар да өзінің қандай адам екенін жаны жар жотасына таянғанда ғана сезе бастайды ма екен, қалай? Әлде не қорқақ, не ер жүрек, не мейірімді, не тасбауыр, не нанғыш, не күдікшіл екенін о бастан-ақ жақсы біле ме? Бірақ сын сағат соққан сәтте сол жаймашуақ кездегі өзің туралы пікірдің көбі қате болып шығады-ау деп ойлап қалатыным да бар.

Мен бұрын өзіме-өзім құдды жас баладай нанғыш адам болып көрінуші едім. Күдікшілдеу жан екенімді қазір ғана байқадым. Өткенге ой жүгіртіп қарасам, менің сапты аяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қарайтындай тым секемшіл болып кеткен кездерім де бар болыпты. Оған тек қазір ғана анық-қанық көзім жеткен тәрізді.

Ақиқатқа көз жеткізу үшін, адам баласы кей-кейде әлденеге күдіктеніп те қалады. Бірақ, ашығын айтқанда сенімсіздік жиіркенішті сезім емес пе? Соны қалай ұқпай келгем? Рас, күдіктің жақсы нәрсе емес екеніне бұрын да ақылым жеткен сияқты еді. Бірақ, оны бар жан-жүрегіммен тек қазір ғана сезіндім. Ақылмен түсіну бір басқа да, ал жүрекпен сезіну бір басқа екен. Бұл екеуінің арасында жер мен көктей айырма барын қалай ғана сезінбей келгем?

Рас, мен өмірімде орынсыз күдікпен сіздерді, жұртымды ренжіте қойған жоқ шығармын? Бүгін менің ойымда тырнақтай да күдік қалмаған сияқты. Мүмкін сондықтан болар, қазір маған барлық нәрсе ап-айқын, кіршіксіз, мөлдір болып, аспандағы күндей жарқырап, анық көрініп тұр. Тіпті өзімнің ой-пікірім де әрі ашық, әрі қалтқысыз тәрізді. Қазір кез келген адамға иланғым келіп тұр. Мені кім немесе кімдер тонап, қара жерді жайбаракат басып жүр? Үй тонаушылардың жеті атасына дейін қарғысымды жіберемін!

Материалы киргизскому землепользованию. Воронеж 1903.

Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз. Павлодарский уезд. Семипалатинск 1912.

Список населенных пунктов. Павлодарский уезд. Семипалатинской губернии. С приложением карты уезда. Кызыл-Орда – 1928г.

Аккелинская волость, административныйе аулы №№ I – IX

Убедившись что большинство ауылов сохранило свои урочища в пормежутке времени 10 лет, можно пологать, что и ауыл Аймаганбета Кенжалина остался при том же урочище.

№126 площадь	земельная	Урочище 1910/1897	Примечание
Аккелинская волость административный аул №6			
1 Сулеймень	Аширбекъ	Кара-тока/+	
2	Мусабек Шоқы	Кара-тасъ/+	
3 Наурызбай	Тольчимъ	Кус-мурунь/+	
8	Энеубай Сапы	Маяжень/+	
12 Аймагамбетъ	Скакъ	Кара- тасъ/Кожакерегетасъ	
13	Заманъ Кулатай	Тас-кудукъ/Сары-адырь	Акпанъ Иткушукъ
в 1910 году Алексеевская волость административный аул №5			
1	Нукай Джусупъ	Жар-тасъ/+	
2 Дюйсембай	Байбосынъ	Шать/+	Далабай Джажанъ
3	Шанкель Сокуръ	Тохты-салганъ/+	
4	Жапаръ Аязбай	Акъ-биікъ/+	
5	Джамили Надыбай	Жусанды/+	
6	Оспанъ Бабешъ	Капай-тускенъ/+	

Шәдетов Жәністің естелігі

«Үлгі» ауылынан солтүстікке қарай, 11 шақырым жерде «Шымылдықжал» аталатын мекен бар. Ата-бабаларымыз жер атын көрінісіне, сондағы мекендеген аң-құстардың, өскен өсімдіктердің атына атаған ғой.

Шымылдықжал атауы жазық жердегі таудың ұзыннан-ұзақ тартылған шымылдыққа ұқсастығы болар? Ертеректе бұл жерде бір тұғын үй мен мал қорасы болған. Кейін кеңшар таратылған соң бұл жерге ешкімнің жолы түсе бермейтін.

Оқу бітіріп келген 1967 жылы Үлгі ауылында мал маманы болып істеген едім. Жұмыс бабымен Шымылдықжал қыстағына барғанымда таудың бастау алған оңтүстік-батыс сілемінде бұрын мекендеген Орта жүз Қаржас руының Бабас аталарының Жанақ, Есентүгелден тараған ұрпақтарының қорымы бар екен. Қорымдағы ерекше ескерткіш тасқа көзім түсіп, барып тастағы жазуды оқып, ауылға келген соң әкем Жұмаш Шәдетұлына айтып бердім.

Әкем көзі ашық, көкірегі ояу кісі, ертедегі тарихи оқиғаларды көп білетін, шежіреге жетік адам:

-Қарағым, бейіттің жанынан атыңмен тасырлатып өте шықпай, барып тастағы жазуды оқығаның дұрыс болған. Тасқа жазылған Аймағанбет қажы Кежеәліұлы заманында елге өте сиы адам болған.

Күшті сезім-қабілеттері, алдағыны болжап отырған, емшілік қасиеттері болыпты, халыққа көп жақсылық істеген адам. Арабша көп оқыған, Орта Азиядағы медіресілерді бітірген адам, - деп әңгімесін аяқтап еді.

Кейіннен Керней ауылында мешіт ашылғанда, мешітке Аймағанбет қажы Кежеәліұлының аты берілген.

Үміткер ауылы. 21.10.17.

VI ЕЛИГАЙ ЕЛІМ-АЙ!

*Нұрлы жол – болашаққа бағыт дермін,
Жыр дүлдүлі, сөз сарасын ағыт дермін.
Қыйндықтарды басынан бәлен кешкен,
Халқыма тілейтінім зор бақыт дермін.*

*Қайран Қазыбаның қасиеті-ай,
Алланың адамдарға пәктік ниеті.
Қайрат қарымын қайраған сол,
Бұрынғы ата-бабалардың өсиеті.*

*Құс қанаты талатын,
Тұлпар тұяғы тозатын.
Қайран қалам жеріме,
Жүрегің ләззат алатын.*

*Адалға есік ашатын,
Ерінен жауы қашатын.
Қайран қалам еліме,
Күн шуағын шашатын.*

*Көктем, жастық шақ гүліменен,
Жаз, ұзақ күнім шуақ сәулесімен.
Күз, мөлдіреген бал шырынымен,
Қыс, уақ қар шашуы боранымен.*

*Көктемім өтті күлімдеген,
Анам еркелетіп күнім деген.
Жасым жетпіске таянды,
Келер қараңғы түнім деген.*

*О жазым жайлы болды,
Күзім асау тайлы болды.
Қыраулы қысым жетіп,
Аяқ астым сайлы болды.*

*Табиғат тындырған көп істі,
Алтын күзімде өтті жемісті.
Жарық дүние есігін аштым,
Соғыста жеңген соң немісті.*

*Айналам ақ қар, көк мұз,
Аспанға ұмтылды шың-құз.
Азғаға пайдасы тиетін,
Көл түбіне тұнған, ас-тұз.*

*Кісі керуенде төрт із –
Көктем, жаз, күз, қыс іспетті.
Уақытта кедрегі жоқ,
Төрт өмір, гажап түс іспетті.*

*Өзгені менсінбей қайқайып,
Біреулер өзін-өзі бір пір көреді.
Қыртия шірене шалқайып,
Біреулер өзге кісіден кір көреді.*

*Өткендерін ескерген ел-жұрт –
Жүзі жайнап, өскендіктің белгісі.
Өткендерін ұмытқан ел-жұрт –
Соры қайнап, өшкендіктің белгісі.*

*Әй дүние-ай дүние,
Жақсылыққа жүремін сүйініп.
Әй дүние-ай дүние,
Жамандыққа тұрамын күйініп.*

*Жершілдіктен аулақ кетіңіз,
Бауырмалдыққа кеп жетіңіз.
Ру-руга мың мәрте бөлінбей,
Кесірлі кедергілерден өтіңіз.*

*Аспанды жапалақ қарлар торлады,
Табиғат түтегі тіршілікті қорлады.
Жапаннан паналауға орын таппай,
Ақ бораннан топ торғайлар сорлады.*

*Қаталдық тіршілікті сынағандай,
Адамды бір шыбықпен айдағандай.
Көктемнің кереметтері күлімдеп,
Өмірге құштарлықты қайрағандай.*

Мәңгілік бақ құсым қайдасың,
Ақ алаулы арманым қайдасың?
Іздерімде кезіксе де кедегілер,
Іздедім өзіңді өркенді өлкеден!

Қазақ жерін құшқанмын,
Қазақ ұясынан ұшқанмын.
Аққу қаздай қанат қағып,
Отанға құшақ ашқанмын.

Отаным мнің ардағым,
Асқақсың сен нар-керім.
Мәңгі сағынышым едің,
Қасиетті жұрт-жерім.

Рухы асқақ ерім бар,
Наз сазды серім бар.
Сыйлы кісі отырар,
Ақ киізді төрім бар.

Келген сайын мен сенің қойнауыңа,
Өткен ол күндер оралады ойларыма.
Мөлдіреген бұлақтай жан сырымды,
Қойтастарың жасырып қоймады ма?

Өткен өмірің, ой менен сана барда,
Көрінбейді тау тұлғалы аталар да.
Ақ бесікте тербетіп, ақ сүт берген,
Көрінбейді ақ жаулықты аналар да.

Көк майсалы төсіңді араладым,
Тулай аққан өзеніңді жағаладым.
Көріп ізін ата-баба өтіп кеткен,
Туған ұлы Отанымды сағаладым.

Түндер, түндер, айлы түндер,
Күндер, күндер, өткен күндер.
Айлар, айлар, жылжыған күн,
Қандай қымбат жастық шақ?

Көзім талды тауга қарай-қарай,
Ашылып жұпар исінен ішкі сарай.
Мөлдіреген кең дүние тербетеді,

Жадырап жайлау, түсті де арай.

*Жұтайынышы Семіздің озонды ауасын,
Жан сарайымды ашсын да тазаласын.
Түнімен түсіме еніп сол балалық шақ,
Жүз жарылған жүрегімді жазаласын.*

*Жас тұлғаң жылылықты тұндырып,
Боранның да дүлей екпінін сындырып,
Жыл он екі ай жайраң қағып жүресің,
Ұзақ тірліктің талай ісін тындырып.*

*Көріп ек заңғар таудың күшін,
Мезгіл-мезгіл өзгертеді түсін,
Қыс, көктем, жаз, күз бәрі де,
Кезегімен атқарады-ау өз ісін.*

*Бұған құз құлақ аспайды,
Асықпайды да саспайды.
Төпелеген ақ жауын да,
Күн нұрынан қашпайды.*

*Ойтырмай, отырмын ойға шомып,
Маңдайымды қос қолыммен таңып.
Сөздің көсемінен, ойдың нөсерінен,
Дірдектеймін, бүкіл дүнием тоңып.*

*Жел гуілдеп, қар терезені ұрып,
Ақ боранда қабаққа мұз тұрып.
Табиғат өнеріменен көрінетін,
Аязби шыныға суреттер құрып.*

*Жер бетін азартып кететін қыс,
Қыспенен көктем тіресетін тұс.
Мөлдір сулар ағып жылғалардан,
Көктен көрінетіні қанатты құс.*

*Төңірек қуаныштан айқай мен шу,
Тұмандатқан, көлден көтіріліп бу.
Қар еріп, мұз жүріп, өзен тасып,
Гүрілдете, дүрілдете сөйлейді су.*

Ұстаз!

Гүл-шашу шаштың нұр жолыма,

*Ұстатып алғаш қалам оң қолыма.
Оқытқан мұғалімін кім ұмытар,
Сөзімен жетелеген ақ арманыма.
...*

*Көктемде жапырағын жаяды ағаш,
Кең далада өседі гүлдер құлаш-құлаш.
Жолдасым-ау сен қалай ұқпай жүрсің,
Тиетін еш қылығың жоқ, маған оғаш.*

*Сені өзгеден кем санамадым мен,
Қазанда қазақ боп туып едің сен.
Алтынга баладым жан-дүниеңді,
Даламыздың баурайында мол кен.*

*Жартаста ақ қайың өсіп тұр,
Айнала кеңістікке нұрын шашып нұр.
Оқып білім алып, еңбек қылып,
Жастық шақта сауық-сайранды құр.*

*Асқақ армандарың таусылмасын,
Бойыңа кінә-кінәраттар тагылмасын.
Жеріңді қандай жау торласа да,
Дұр дауылдардан тауың шагылмасын.*

Ақындар – ақ періштелер аспандағы

*Поэзиям – арым менің,
Ақындар – нарым менің.
Жыр-өлең жұбанышым,
Бір Аллаһ – пірім менің.*

*Ақын – боз таң ататын,
Жырдан шашу шашатын.
Ақын – аққу құс ұшатын,
Сөз сұлуы бетін ашатын.*

*Ақын – ақ періште аспандағы,
Көкжиек шымылдығын ашқандағы.
Жазушы – қара жол жорғасы,
Қаратау бөктерінен әрі асқандағы.*

*Өшпес өлеңі түсіме енді,
Жыр әлеміне белгілі есім.*

*Менің сөзіме кім иланар,
Толғаныста өтті кешім?*

*Әдеби есімдер есімді алған,
Жаттала, жадымда қалған.
Түн іші адасып жүргенімде,
Бағымды ашып, жол салған.*

*Есім бір кірді, бір шықты,
Боранды күні кім ұнатпайды ықты?
Әуезді әуенді естігенімде,
Рух қуатым боран мысын жықты!*

*Әдеби есімдерді мен іздедім,
Ұзақ жол жүргенімді сезбедім.
Алыс сапарлардың сұрлеуінде,
Өлеңді оқымағаныңа төзбедім.*

*Абайым деп ұшқындадым,
Бұқарым деп жалындадым.
От-жүрек лүпілін үптеп,
Мәшһүр деп тасқындадым.*

*Мен өртендім, лауладым,
Мүлгіген әлемде қалмадым.
Тау өзеніндейін арқырап,
Күндіз-түні дем алмадым.*

*Өлместейін өлең өркендеші,
Жан сырымды өзің өрнектеші!
Жалғаса берсін өнердің кеші,
Ақын, көш бастар еркем деші!*

*Жазушыны тыңдауға жұртым дайын,
Әсерлі әсем табиғатымды айналайын!
Жанарым жарқырайды жұлдыздайын,
Өнер сүйер арда халқымнан айналайын!*

*«Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді.
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын»*

Б.Момышұлы

VII АНА – ЖЕР-АНА, ОТАН-АНА!

*Есімде қанша түніңіз,
Сәбилеріңіз үшін ұйқысыз өтті.
Нәзік те сырлы үніңіз,
Жүрегімізге жан жылуын септі.*

*Атпайды сізсіз ақ таңымыз,
Қорғанымыз, ана бір өзіңізсіз.
Жүзіңіз мейірбанды жалын,
Бізге мақтаныш нұр сезімсіз.*

*Әдеп әпсәнасынан мен аспайын,
Ана атыменен сөзімді бастайын.
Жолымда қандай кедергі тұрса да,
Дүние-дүрмек дүлейінен саспайын.*

*Сүйікті перзенті ол сол ұлы Ананың,
Болды өзі шамшырағы жыр даланың.
Жанары терең ойдан жаралған шын,
Маңдайы кере-қарыс, бұл гұламаның.*

*Қос жанарын сыр-жауһар тас жаулаған,
Жер қойнауын зерттеуден бір тынбаған.
Гұлама галым Сәтбаевтің галамшары,
Ғарыштың шексіздігінен күй тыңдаған.*

*Ұмытқандар салт-дәстүрін адасар,
Салт-дәстүрін сақтағанның бағы асар!
Халқымыздың ұлттық бөрік-шапанын,
Киіп жүрген өрлі тұлғамызға жарасар!*

Асыл аналарым!

Бірінші, Алла деймін. Екінші, Отан деймін. Үшінші, Ана деймін. Алладан – рақым. Отаннан – ризалық. Анадан – рауан. Ана – өмір бастауы. Ана – мейірім бесігі. Ана – поэма, жыр-дастан. Ақын да, батыр да, дана да анадан туады. Ең мейірбан адам – Ана. Сені бірінші болып іздейтін – Ана. Саған жанын беруге дайын адам – Ана. Ана бір қолымен тал бесікті тербетсе, екінші қолымен бүтіндей әлемді тербетеді. Соғыстан кейінгі сүреңсіз де сұрықсыз, қиын-қыстау жылдар. Киерге киім, ішерге тамақ, жағарға отын тапшы. Қыс мезгілі. Желіккен жел. Үй салқын. Мен туылғанда, анам Мәпіш (Мария), қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалған. Емшегінен сүт шықпаған. Сол тұста Семізбұғы кеншінің

келіншектері күн демей, түн демей, реніш қабақ көрсетпей, мейірім шуақтарын төгіп, мені кезектесе жүріп емізген екен. Емізгендері де бір түрлі, таңқаларлық. Етектерін көтеріп жіберіп, мені ашық кеуделеріне тартып, емірене емізген. Осы уақытта келіншектер осылай кісілік, ерлік жасай ала ма? Бұл сауалдың жауабын мен білмедім. Сондайын ардақты да, аяулы да асыл аналарым осынау мәрт жандар: Гүлшира, Гүлзейнеп, Мәку, Қалжа, Жамила, Маптуқа және Нәпиза. Ақ аналарыма, бақ аналарыма, батыр аналарыма арнап, он сегіз шумақ, сезімнің гүл жауһарын сыйлаймын.

*Сөздерімді салмақтаймын,
Аналарымды ардақтаймын.
Бөбек кезімді еске түсіріп,
Сүттің нәрін, бір ақтайын.*

*Семізбұғы нуым бар еді,
Семізбұғы тауым нар еді.
Семізбұғыдағы арулар,
Ағаларға сүйікті жар еді.*

*Аналарым аспандағы айдай еді,
Аналарым күлімдеген күндей еді.
Таудың шыңына шыққанымда,
Жүрегімнің төріндегі әндей еді.*

*Түнгі ұйқыларын төрт бөлген,
Аналарымның ақ сүтін ақтадым ба?
Өмір бойына «балам» деп өткен,
Аналарымды жадымда сақтадым ба?*

*Ағымнан мен жарыламын,
Ару аналарымды сағынамын.
Аналардың жан-жылуын,
Алау алақандай табынамын.*

*Жеті ананы емген едім,
Өлім кәрін мен жеңген едім.
Бесікте жатқанымда,
Болашаққа мен сенген едім.*

*Жолым – көк құрақтай болды,
Өмірім – шекер бұлақтай болды.
Күнім – жан шуақтай болды,
Елім – жайлы тұрақтай болды.*

*Шабытпен толқыдым түнделетіп,
Байқамалпын кеткенін күндерім өтіп.
Қайтқан құстай ұшқан жырларым,
Қай жерді жүрмін өзіме мінбер етіп?*

*Аналарым бар еді гой, мұңдасым,
Аналарым бар еді гой, сырласым.
Тай-құлындай тебісіп, бір ойнаған,
Сендер қайдасыңдар, қатарласым?*

*Бір ананың емшегін емдік,
Әр ананың әлди әнін естідік.
Сонау бөбектік шағымызда,
Көрмедік еш жаннан кемдік.*

*Түсіме енсең, оянамын құр аттай,
Жайқалады жан-дүнием құрақтай.
Ұмытамын бөбек күнгі мұңымды,
Ұмтылам, саған сағым мұраттай.*

*Күннің нұры, ақын жыры, әніменен,
Жеңістер жеткен, қызыл қанменен.
Бес жүз елу жыл, қазақ хандығына,
Ұлы той болады гой, сән-мәніменен.*

*Әкем туган бұл галамат ғасырда,
Кез болды адам фашист тасырға.
Шараптай сімірді қан, жасын да,
Жауы тигенде іс шапты насырға.*

*Байқағанда жеті белестің басына,
Жақындай түсем ғасырлар қасына.
Тарихи, Ұлық тойлардың алдында,
Көз қырымды саламын, ел жасына.*

*Жастардың көзінде от шашу,
Соңдарынан қалып барады асу.
Елдің мақсаты, ердің мұраты,
Жарқын болашақ жолына түсу.*

*Кей-кейде көк аспаным ашылып,
Шабытым шырагын жаққанда,
Жұлдыздай өлеңдерім шашылып,
Моншақтап көзден жас аққанда.*

*Өрмене жанып, өзімді-өзім қинаймын,
Кең құшаққа, от құшаққа сыймаймын.
Жыр жазиралы, сырлы даланы аралап,
Аналарыма гүл жауһарын сыйлаймын!*

*Гүлді әлемді көріп, зор мына,
Мен аналарға алғыс айтамын.
Жүрек лүпілім түсіп орнына,
Алтын ұя, жеріме қайтамын.*

*Басымды иемін аналарға,
Қайран қаламын даналарға.
Сүйсініп жүрем батырға,
Айдыным болганда қонарға.*

*Бабалардан өсиет белгісі әріден қалған,
Аталардан ізгілік белгісі беріден қалған.
Әжелерден күміс сандық әріден қалған,
Аналардан алтын сандық беріден қалған.*

Отан – Ана! Отан ана деп бекерден-бекер, жайдан-жай, әсте, негізсіз айтылмаған. Отаныңды сатқаның – анаңды сатқаның. Жан иесі туған анасын тажалдың талжауына еш уақытта да бермейді. Анаң – ақ-пырағың. Анаңның барында тұлпардай түлейсің. Отаның – от-шырағың. Отаның барда ортекедей орғисың. Ана – жылы шуақ. Отан – жанған шырақ. Жанған шырақ, жылы шуақ мәңгілік елдің өшпес оты. Қаһарманның анасы бар. Ханның анасы бар. Пайғамбардың анасы бар. Қаһарман да, Хан да, Пайғамбар (с.ғ.с.) да жердің бүтіндігі үшін, елдің бірлігі үшін, Отанның беделі үшін, халқына қызымет қылып, жан-тәнін аямай, өмір қымбатын сарп еткен, жұмсаған.

*«Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге гашық болып өседі»
М.Әуесов*

Қыз өссе – елдің көркі!

*Қыздар – қырмызы гүлі көктемнің,
Жадыраған жарығындай нұрлы күн.
Бота көзіндей жәутеңдейді дүние,
Айналам жырлайды, бұлбұл құс, үн.*

*Қыздар – қуаныштың базары,
Әрбір таңмен жарысқан ажары.*

*Қыздар арайланыңдар ертемен,
Айдай сұлуға ауады адам назары.*

*Қыздар – сезімнің көл-дария теңізі,
Жыр-дастанның аққу айдын аңызы.
Өлеңім де бір өзің, әнім де бір өзің,
Жер көкжиегінен айтылар маңызы.*

*Қыздар – махаббаттың ең мөлдірі,
Аспандай көңілімнің сарайы, кеңдігі.
Қыздар жоқта түйіп әлем қабағын,
Қажеті болмай-ақ қалар өмір ендігі.*

Жүректе адами намыс шоғының жоқтығы ма? Шет елдердің шөгінді, теріс ықпалы ма? Қыз-ару тәрбиесінің кемсін тұсы ма? Мен білмеймін. Кей-кейде мынандай келенсіз жағыдайға куә болып қалатынымыз бар – некесіз туылған бала, көшеден табылған шарана, тастанды жетім, тұл жетім. Табиғат аясында көкек атты құстар «көкек-көкек-көкек...» деп сайран-сауық құратыны белгілі. Көкек жұмыртқаларын өзге, жат ұяға тастап, артына бір де қарамай, аулаққа кете береді. «Жұмыртқа басып, балапанымды зенгір көкке ұшырайын» деген ойдан аулақ болады. Қазақтың лексиконында да «Көкек ана» деген ұғым құлаққа түрпідей тиеді. Ондайларды көкек ана демей, «қарға-көкек» деген дұрыс тәрізді. Қашқын, қатыгез, қайырымсыз, бауыр еті баласын күл-қоқыстың арасына тастап кететін қатын, біздің жерімізге қайдан келген? «Мұндай маскара бұрнағы қазақ даласында, қазақ қоғамында болған» дегенді құлағым естіп, көзім көрген емес. «Жетім» деген ауыр сөз. Тірі жетім атанған қандай өкінішті? Бұған кінәлі кім? Ұл ма? Қыз ба? Екеуі де ме? Ата-ана ма? Орта ма? Арам пиғылды ұл қайдан келген? Жүзі қара қыз қай жақтан шыққан? Имандылық, инабаттылық, ибалылық қасиеттер дәні қайда қалған? Жерді мәуелі бәйтерекке баласак. Адамды қасиетті құсқа баласак. Мынандай мысал ой-зердеге қонымды шығар-ау? Көрегенді ұл анасынан екі бұтаққа төмен қонса игі. Көргенді қыз анасынан үш бұтаққа төмен қонса игі. Ұл-қыз тәрбиесі, ең алдымен, ата-анадан болмақ. Ұл – болашақ ата! Қыз – болашақ ана! Бала, ана құшағында болса игі. Бала, бесік жырын естісе игі.

Қазақ хандығының 550, Ұлы Отан соғысының 70, Қазақстан халықы Ассамблеясы мен Конституциясының 20 жылдық мерейлі тойларымыз құтты болсын!

VIII ТӨЛ ТАРИХЫМ – ТҮП ТАМЫРЫМ

«Тарих – адамзаттың, одан қала берді әр халықтан өткенінің тәжірибесін жинақтап, жақсысынан үлгі, жаманынан сабақ алатын ұлы мектеп!»

Н.Ә.Назарбаев

«Ұлыт – ұлы атаң»

Халық нақылы

Текіден хан туады

*Көркем ойдың кәсібімен,
Алланың жазу нәсібімен.
Хан заманын сөз етейін,
Теңдеп адами асылымен.*

*Тектінің тектісінен хан болар,
Теріс адам өр көкірек паң болар.
Ел тыныштығын бұзып жүрер,
Терісқойды түзетер, заң болар.*

*Жер бетін мұң басты мың батпандай,
Тал түсте де қара түнек күн батқандай.
Жауыздық жаманнан, жын қаққандай,
Шығыстан жоңғар жау кеп жатқандай.*

*Хан үш жүздің басын қосқанда,
Жоңғар жолын жауынгерің тосқанда.
Жау бетін қылыш жүзі осқанда,
Ғас батыр жасы болған еді тоқсанда.*

*Бар дүниені батырып батасына,
Сарбаздар сыйынды кәрі атасына.
Жалаңдаған жоңғар жаушылары,
Ту қойды Қаратаудың жотасына.*

*Таңғы ауаны дүрліктіре шайқап,
Көрініп қалды жауыздар жақындап.
Шоқпар-найзаны қолынан байқап,
Сарбаздар жетті, атын тақымдап.*

*Елестер сайын, сайранды
Даласы шетсіз, шексіз де!*

*Бар еді халқым қайранды,
Не дейді тақыр, тексіз де?*

*Жұпар иіс бұрқырамай сайран бақтан,
Жазың да өтті, ханым, жайраң қаққан.
Ата тіршілігі сиып жатыр кең далаға,
Киіз үй, нар сарайдай, шырагдан жаққан. ...*

Бұл Ұлы Далада ру, тайпа, ұлыс болып, қаншама ру-тайпалар бірлестіктері өмір сүрген. Олардың тілі де, діні де, сат-дәстүрі де ортақ болған. Біздің эрамызға дейінгі 2000-ші жылдары, осыдан 4 мың жыл бұрын осы түркі халықтарының өз әліпбиі мен сандық жүйелері болған. Түркі халықтарының өзіндік тұрар тұғыры да, өзіндік жүрер ізі де бар-тын. Уақыт өте бере іздің соқпаққа, соқпақтың жолға айналары айқын. Қазақ эрасына келіп түссек, мынандай жолдарды айта аламыз. Есім ханның «Ескі жолы», Қасым ханның «Қасқа жолы», президент Нұрсұлтанның «Нұрлы жолы». Жолдар, жолдар, жолдар, шексіз жолдар. Бұл жолдар – қазақ халқының жүріп келе жатқан үлбіреген, үкілеген, үміттенген жібектей жолдары. Бұл жолдар, Қазақ халқын мәңгілік елдікке апарар қара жолы, сара жолы, дара жолы.

*«Өткендерін ескерген - өскендіктің белгісі,
Өткендерін ұмытқан - өшкендіктің белгісі»*

Халық нақылы

*Абыз, аңыз адамдарды еске алып,
Ғарыштың кеңдігінде жеке қалып,
Ғалам шарындағы елімді-жерімді –
Мадақтайын жүрек күйіме салып.*

*Бүтіндейін дүниені шолып өтейін,
Естіген-білгендерімді жазып кетейін.
Жоғалғандарымды мол іздестіріп,
Мақсат-мұраттарыма мен жетейін.*

Бойға бітер өрлік пен өнер, елдік пен ерлік, Отаншылдық пен еңбекқорлық, жанды жадыратар жақсылық қасиет пен айтар өсиеттің бәрі, бәрі, бәрі де тепе-теңдікті табиғаттан, ата-анадан, үлгілі үлкендерден, батыр бабалардан, аруақты аталардан, ғаламдық деңгейдегі ғұламалардан, дарыны дария данышпандардан дариды. Талай жерде болсам да, талай елді көрсем де, талай тұлғаны тыңдасам да тарихтың тереніне, болмыстың биігіне, шежіренің шетіне еш бір уақытта да жете алмадым, жете алмадым, жете алмадым-ау. Жайсаң жерді, елгезек елді, таң-тамаша тұлғаны зерделемей, ой-толғаныс өткелінен өте алмадым. Жерге таңырқамай, елге тамсанбай,

тұлғаға таңданбай алға кете алмадым. Бір-ер ой-толғаныстарымды, зерде-элеуетімді, ести жүре көріп білгендерімді, музейлерден мұралағандарымды, әдебиеттерден әуездегендерімді, ұлылардан ұққандарымды, кәусар бұлақтай мөлдір махаббаттан марқайғанымды, құпиясы мол табиғаттан тергендерімді дара сөзбен де, қара өлеңмен де сіздердің жұдырықтай ғана жүректеріңізге жеткізіп көрейін, қымбатты да қадірменді оқырмандарым. Осынау әңгіме-дастандарымды тап қазіргі сәтте айтпасам, ұмытылып кетеді, жылжып жыл өтіп, жадыдан өшіп қалады. Айтарым көп – сақтар, ғұндар, көк түрік, ... , билер, батырлар, ақындар... – әттегенай, оған шығармаға ұлықсат етілген көлем көтермейді. Сондықтан да, хан, жырау, қажы, тәуелсіздік, Ұлы Отан соғысы және тылсым табиғаттың таң-тамаша ғажайыптары төңіректерінде ғана сіздерге баяндайын.

*Төл тарихым – түп тамырым,
Мәңгілік елім, қоныс, тұрағым.
Бел-белестерден көзді тартар,
Төл тарихым – шам-шырағым.*

«Үйді қорғау – есіктен, Елді қорғау – бесіктен басталады»

Халық нақылы

Тұғырлы тәуелсіздік – мызғымас мемлекеттік

*Таңым бар арайлап атқан,
Кешім бар қызара, жай батқан.
Төр текеметті төскейде,
Мал-жайым бар, тоқ жатқан.*

*Ел дегенде емешегім езіледі,
Жер дегенде жаным үзіледі.
Мұрат – мәңгілік ел дегенде,
Жүрегімнің әр лүпілі сезіледі.*

*Ежелгі қазағым бар – үш арыс,
Айдыным бар бақыттың құсы қонған.
Маңдайдағы бағым үш қарыс,
Жоталарым бар кен-байлыққа толған.*

*Ханым болды досына қамқорлы,
Ханым болды дұшпанына қаһарлы.
Досына да, дұшпанына да жайлы,
Тұрақ-жайым да бар от-шаһарлы.*

Есімім бар Мақсұтхан,

*Таразылаған тарихын хан,
Маған дос болатының,
Оқу-білімге аянбаған жан.*

*Ежелгі тарихым бар – тарлан,
Жаужүрек ерлерім бар – арлан.
Жауынгерлер жат жаумен алысып,
Тәуелсіздік ата-бабаға болған арман.*

*Бес жүз елу жыл жылжып өтті,
Ерлері елі үшін жанын пида етті.
Тәуелсіздіктің туын желбіретіп,
Қазақ халқы ақ арманына жетті.*

*Қазақ өз әлемінде ашаң басып жүр,
Аспандағы күннен төгіліп сәулелі нұр.
Қазақ елінің бірлігі, тірілігі жарасып,
Тәуелсіздік мызғымас тұғырында тұр.*

IX ДӘСТҮРІМІЗДІҢ ДІНІ ДЕ, ТІНІ ДЕ – ДІНДЕ

Қазақпын дегенін – мұсылманмын дегенін

Автор

*«Ұғымдылық, шынайылық және табиғилық – күллі өнер
шығармаларына тән тамаша қасиеттің гажайып үш белгісі, міне, осы»
К.Глюк*

Қағыбаның төрт қапталынан – шығысқа, оңтүстікке, батысқа, солтүстікке бағытталған, 1618 шақырым қашықтық есебіменен қайталанып тұратын, таңғажайып тылсым күш әсер ететіндігін ғалымдар осы заманғы техиканың дәрменімен дәлелдеген. Қағыба екі қабатты екен. Біріншісі қабаты жамағаттың еншісінде, екінші қабаты періштелердің құзырында. Құрбан айт, қажылық айларында Қағыбаның екінші қабатына мыңдаған періштелер ұшып келіп-кетіп жататын көрінеді. Қуатты фотоаппараттың көрсеткені – сүттей аппақ періштелер, кең құлаш, аққу қанатты, кәусар бұлақтай таза, пәктіктің символы іспетті.

*Бұйра шашын маңдайына түсіріп,
Көрсеткен-ді алыптық тұлғасын.
Ойда отыратын қатты күрсініп,
Есіне соғыс өрті түсіп тұрғасын.*

Қатты тиді тағыдырдың тезі оған,

*Отан соғысының даласы кезікті оған.
Балалық дәурені, жастық жалыны,
Сый қылып беріп еді, төзімдікті оған.*

*Мәре-сәре болғаны семсер ісіне,
Сеніп еді-ау, ақ білектің күшіне.
Енді міне, бәрінен де бас тартты,
Ұшақ-ракета кірді де оның түсіне.*

*Ұстанып ата-баба жолын,
Тамызды тәтті сөздің балын.
Қайтармай кісілердің қолын,
Жақсартты халықтың қалын.*

Шопанай Әмірханұлы

Шопанай

Шопанай Әмірханұлы – партия, шаруашылық қызметкері, жалпы тарих білгірі, берірек айтқанда – қазақ тарихы, оның ішінде Бұқар жырау, Абай, Мәшһүр-Жүсіп, Аймағанбет қажы сынды тұлғалар тарихы. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Үлгі аулының тумасы. Бұқар жыраудың есімін халыққа насихаттау жолындағы ерен еңбегі: бабаның 325 жылдық мерейлі тойының өтуіне күш-қуатын жұмсаған. Егіндібұлақты Қазыбек би, Ульяновканы Бұқар жырау деп өзгертуге байлансты, тарихи негізге сүйене отырып, шенеуліктерге ұсыныс түсірген. Ботақара кентінде Ш.Әмірханұлының есіміне арналып көшенің атауы берілген. «Қызыл Жұлдыз», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Ағамен арада болған сыр-сұқбаттан үзіндіні сіздерге ұсынамын.

**-Ассалаумағаликүм, Шопанай аға!
-Уағаликүмассалам, Мақсұтхан мырза!**

-Сізге қояр бірнеше сұрағым бар еді...

-Бұрындары Шымылдықжалға мені алып бар, тарихнама жөнінде, қажы атаң турасында толғау-толғау сыр шертейін деп едім, апармадың. Өзінді, әлбетте, үлкен жиын-тойларда қак төрге, оң жағыма отырғызамын. Мұның мәнісін білесің бе? Мәнісі, Аймағанбет қажыға деген зор құрметтің бір белгісі ғана. Ал енді сұрақтарыңды суырғайсың.

-Қай кезден бастап фашистердің құты қаша бастады?

-1944 жылдың маусым айында «Катюшаның» отты жалын-жарқылынан кейін фашистердің құты әбден қашты. «Катюша» деген сөздің өзінен-ақ, немістердің зәре-құты қашып, шала есті болғандай-тын.

-Шопанай аға, жаңа ғана сіз өз наз-өкпеңізді айттыңыз. Мен кінәмді толығымен мойындаймын.

-Мен жасай береді деймісің? Өмір деген мәңгілік емес-ау. Адам бүгін бар, ертең жоқ. Ұрпақтар легі жалғаса бермек. Олар қайдан шыққандығын, кім екендігін білулері керек. «Жеті атасын білмеген жетесіз» дейді қазақта. Жеті атасын білмеген адам оңбайды. Соғыс жөнінде сөз қозғау маған оңай шаруа емес. Дегенмен де, Қазақ тарихын айтудан мен еш жалықпаймын, қайта одан ләззат аламын.

-Мәшһүр-Жүсіп пен Аймағанбет қажыға байланысты қозғаған сіздің тарихи тұжырымдарыңызға сүйене отырып, осынау қазаққа белгілі тұлғалар турасында әңгіме-әлқиссамды айтып өтсем қайтеді?

-Бұл тарихи тұлғалар турасындағы тебіреністі әлқиссаны ел-жұтқа тарқата тәтпіштеп берсең, халық та, рух та риза боларына мен кәмілдік беремін. Ұрпаққа жеткізер дәлдік-деректерінді игі іс деп санаймын және де өзіннің қазақ ұлтына деген, қазақ халқына деген ілтипатты жанашырлық, шығармашылық жұмыстарына сәттілік сәулесін шын жүрегімнен тілеймін.

-Бұқар жырау бабамыз былай деп еді: «Дүйім жұрттың алдына шығып сөз сөйлеу қиынның қиыны...». Менің айтарым: дүйім жұрттың алдына шығып сөйлеу оңай емес, әрине, мыңдаған адам оқитын дүние жазу да оңай шағылар жаңғаққа жатпайды.

-Адам баласына қиыншылықтың кезігіп тұрғаны бір жағынан жақсы, бір жағынан жаман. Қиыншылық кісіні шыдамдылыққа шақырып, қайрат-қанжарын қайрайды, жігер алдаспанын жаниды. Қиындықпен адам өзін-өзі таниды, өзін-өзі жеңеді, түптің-түбінде табысқа да жетеді. Білгендерінді, естігендерінді, көргендерінді жаз. Білген адам бір сыдырғы білімді болмақ.

-Рахмет, Шопанай аға!

-Қара сөзбен де, қара өлеңмен де жаз. Естігенінді жазғаның, көргенінді жазғаның, зерделегенінді жазғаның бүгінгі әдебиет үлесіне кіреді, ертеңгі тарихқа титімдей болса да тамызық. Көркем әдебиет – адам баласына рухани азық. Терең тарих – өсер, өнер ұрпақтың тұрақты тәлімгері. Өнеге – жақсыдан. Кім болсада тұлғадан үлгі-өнеге шырынын сіміріп өссе, келешек уақытта жаман адамдар санатына енбейді. Қазақтың «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» дегені осы, Мақсұтхан балам. Екіншіден, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп айтқан болатын дана бабаларымыз.

Адамды Отансүйгіштікке тәрбиелейтін шығармаларың көп болсын. Қалам-қағазыңды ал да, ой-зердендегі дүниелерді ақ қағаздың беттеріне түсіре бер. Жазғандарың оқырмандарға асықсын. Ата-бабалар сөзін ел-жұртқа жеткіз. Ата-бабалардан халық тұшымды тәлім-тәрбие, салиқалы дәріс-сабақ алсын.

-Сіздің айтқандарыңыз мен үшін үлкен аманат. Аманатқа қиянат жасауға хақым жоқ, Шопанай аға!

-Иске сәттілік тілеймін, Мақсұтхан!

Шопанай ағаның айтуымен жазылған екі нұсқа:

1. Мәшһүр-Жүсіп

XIX – XX ғасырлардың ара жігін ақыл-ой парасатынан өткізген Мәшһүр-Жүсіп – қазақ халқының маңдайына біткен ұлы ғұлама, жарық жұлдыз. Ол балаң шағынан бастап ислам ғылым-халын меңгеру жолына түсіп, телегей-теңіз ілім-білім-ғылым бұлағынан сусындаған. Ауыл-аймақ молдаларының оқуын таусып, ілім іздеп Түркістан шаһарына жол тартты. Мұнда Ахмет Иассаuidiң діни-ағарту туындыларымен танысты. Мәшһүр-Жүсіптің одан арғы сапары Орта Азияның Бұқар, Ташкент қалаларында жалғасын тапты. Мұнда ол алдыңғы қатарлы медреселерден дәріс алып, табиғаттың тылсым күштерін тануға талпынды. Ислам ілімінің тереңінен маржан сүзді. Білім мен ғылымның нұры болған Орта Азия ман Шығыс мәдениетін меңгерді.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының дәні – адам рухының биігі мен жанның тазалығы, адам бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеу болып табылады. Мәшһүр-Жүсіп:

«Құранның мағынасы – бұйрық заң,

Сүренің мағынасы – насихат,

Аяттың мағынасы – ақыл-кеңес,

Иманның мағынасы – көркем мінез», - деп түсінік берді. Иманды болу үшін оның қарызын өтеген жөн. Егер көркем мінезді болмасаң, намаз оқып, ораза тұтып, мұсылман бола алмайсың. Сондықтан да барлық ғибадаттан көркем мінез артық болса керек.

Атағы шартарапқа жайылған Мәшһүр-Жүсіп бірде жолы түсіп, Абай ауылына келген екен. Сонда хакім Абай:

«Мәшһүр болсаң айт, Құдай қайда?» – деп сұрайды. Сонда Мәшһүр-Жүсіп көп ойланбастан:

«Құдай жүректе!» – деп оң қолымен кеуде тұсындағы жүректі нұсқаса керек.

Дін – жүрек тазалығы. Жүрексіз адам жоқ, ол бәрінде де бар. Бірақ, таза жүрек таза ақылмен амал қылған адамда ғана болады.

Мәшһүр-Жүсіп жастарға ғылым-білім-ілім игеруге кеңес беріп, көкірегі ояу адамның алар биігін айқындайды. Ғұламаның мына сөзін есте сақтаған абзал: «**Ғылым жолына кіргендегі мақсат – қарын тойғызу, дүние табу,**

өз тұстасынан артық ішіп-жеу емес». Ол өзі өмір сүрген қоғамның дамуына, еліне қызмет етуі керек. Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша жарық-нұрдың асылы Құдайдан болатын болса, ғылым нұрынан жарық, ғылым нұрынан күшті нұр болмақ емес.

Ғұлама жастарды үш нәрседен сақтандырған: кежірлік, еріншектік, ұйқы. Бұлар бірі жіберсе де, бірі жібермей, ішетұғын астан, алатұғын олжадан құр қалдырады. Бұл үшеуінен құтылған адам әрнәрсеге қол жеткізеді.

Әрбір адам бес нәрсені орындаса, Алла соған лайық бес нәрсе береді:

1. Құдайдың бергеніне шүкіршілік танытса – бай болады.
2. Қайғыға сабыр етсе – көп жақсылыққа жолығады.
3. Тәубе жасаса – Алла қабыл етеді.
4. Дұға жасаса да Алла Тағала тарапынан қабыл алынады.
5. Ыстығпар айтса – Алла оның күнәсін кешіреді.

Ғұлама әулиенің рухани ағарту ұстанымы – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола бермек. Адам табиғаттың бір бөлігі. Адам табиғатының жұмбағына бойлаған Мәшһүр-Жүсіп фальсапасы әлем данышпандарының ой-ғақылдарымен үндес келеді. Сан қырлы дарын иесі Мәшһүр-Жүсіптің терең толғамдары толығымен ашылған жоқ. Уақыт өткен сайын ғұлама жүрегінің жауһар нұры жарқырай бермек. Мәшһүр-Жүсіптің сегіз қырлы, бір сырлы алтын қазына сандығы, ғалымдардың ізденісіне таптырмайтын, түпсіз теңіз.

2. Аймағанбет қажы

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ұлы ақын, ғұлама, дін білгірі, сазгер, пальсапашы, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – көрнекті ақын, публицист, пальсапашы, ұстаз, дін танушы, этнограф, ағартушы, шежіреші, қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы.

Аймағанбет – діндар, әділ кісі болған. Жыл он екі ай ораза тұтып, бес уақыт намазын қаза қылмай, Құдайға құлшылық етіп, кедейге көз қырын салып, әлсіздерге қорған болып, әділетті пір тұтқан, қарапайым адам. Өзі мығым денелі, мінезі жұмсақ, көзі өтімді, сөзі бітімді, сөйлемі тұжырымды, ой толғамы дәлелді екен. Өзінің осындай қасиетімен еліне жаққан, халқы оны қадір тұтқан.

Аймағанбет Кенжеәліұлы – қазыналы қария, дін ілімін дәріптеуші, қажы. Бүтіндейін ғаламда нендей құбылыс болып жатыр, не бар, кім бар, бүкілі-бүкілі, кеңістік кереметіне сияды, қозғалыс толқынында тыпыршиды, уақыттың ұйғарымынан еш бір де аспайды. Кеңістікте – кеңдік. Қозғалыста – мәңгілік. Уақытта – төрелік! Кеңістіктің де, қозғалыстың да, уақыттың да өзіне ғана тән өлшем бірліктері бар. Уақыт төреге бір сыдырғы тоқталайын. Мұсылман әлемінде, қазақ түсінігінде жеті саны қасиетті сандар қатарында. Бір жеті – 7, екі жеті – 14, үш жеті – 21... Қазақтың үш тұлғасының туған және дүниеден өткен жылдарын есеп өрнегінен өткізейік. Аймағанбет қажы Кенжалыұлы (1838 – 1925 = 87), Абай Құнанбайұлы (1845 – 1904 = 59) және

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858 – 1931 = 73) дүниеге келген, бақилық болған және олардың ғұмырлық жылдары арасындағы өзара байланысты бағамдап көрейік.

Мәшһүр-Жүсіп пен Абайдың туған жылдары айырмасы: $1858 - 1845 = 13$

Мәшһүр-Жүсіп пен Абайдың өлген жылдары айырмасы: $1931 - 1904 = 27$

Абай мен Аймағанбеттің туған жылдары айырмасы: $1845 - 1838 = 7$

Аймағанбет пен Абайдың өлген жылдары айырмасы: $1925 - 1904 = 21$

Мәшһүр-Жүсіп пен Аймағанбеттің туған жылдары айырмасы: $1858 - 1838 = 20$

Мәшһүр-Жүсіп пен Аймағанбеттің өлген жылдары айырмасы: $1931 - 1925 = 6$

Аймағанбет пен Абайдың жарық дүниелік жас айырмашылығы: $87 - 59 = 28$

Аймағанбет пен Мәшһүр-Жүсіптің жарық дүниелік жас айырмашылығы: $87 - 73 = 14$

Мәшһүр-Жүсіп пен Абайдың жарық дүниелік жас айырмашылығы: $73 - 59 = 14$

Аймағанбет, Абай және Мәшһүр-Жүсіптің жалпы жасағаны 219, ал орташа жас – 73. Үш адамның орташа арифметикалық жасы 73-ке, яғни Мәшһүр-Жүсіптің ғұмырнамасына тең.

Мәшһүр-Жүсіп пен Абайдың тіршілік жылдары айырмасы: $27 - 13 = 14$

Абай мен Аймағанбеттің тіршілік жылдары айырмасы: $21 - 7 = 14$

Мәшһүр-Жүсіп пен Аймағанбеттің тіршілік жылдары айырмасы: $20 - 6 = 14$

Бұл есептеуден ескеретініміз: Аймағанбет, Абай және Мәшһүр-Жүсіп өзара 14, яғни екі жеті жыл шамасында замандас болған.

Аймағанбет қажының келер ұрпаққа арнап айтқан, төрт тілек-өсиеті:

1. Ақыл. Ақыл адамға құнарлы топырақтан дариды, көктемгі өскін іспетті жан иесіне біртіндеп беріледі. Топырақтың рені қаншалықты қанық келсе, ақылының салымы соншалықты керімдікке, қазақтың сыр даласындай кеңдікке ие болады. Нар ақылға ақыл, бар нақылға нақыл қосайық. Ақылдың да, нақылдың да қайнар көзі дананың сөзінде, кітаптың өзінде. Құран Карим – кітаптардың ең киелісі, аса қасиеттісі, кітап төресінің падишасы. Ақылға тың ақылды қосқанаға не жетсін? Ой ойды қозғайды, ақыл адамның ойынан қылаң көрсетеді. Ақыл-ой сөз құдіретімен адамнан адамға жетеді. Ой маржаны, сөз сарасы жүректен жүрекке жетеді. Адам – кен, ақыл – күн. Күн жарқырайды, тіршілік иесілеріне жарық пен жылуын береді. Кен кеніштен қазылып алынады, адамзатқа пайдасын тигізеді. Бір адам екінші бір адамнан ақылдылығымен, парасаттылығымен, инабаттылығымен асады. Ақыл мәнді де сәнді, ұшы-қиыры жоқ, терең мағыналы сөз төресімен түйінделеді, тарихи тозбас құндылыққа айналады,

келер ұрпақтарға хат болып, өшпес мәтінде, тасқа қашалғандай қиыстырылып жазылады. Аталар сөзі – нақылдың өзі, ақылдың көзі! Нақыл – данадан! Ақыл – данышпаннан!

2. Рух. Рух күші, рух қуаты адам баласына самал жел есуімен жеткендей. Мақпал жел жайлап қана ескенде, сенің маңдайыңнан сипайды да, еркелетеді де, мәпелейді де адами, кісілік болмыс зерде-мәртебенді онан сайын жоғарлатып, аброй-даңқыңды асқақтатқан үстіне асқақтата түседі. Рухты шындап, ішкі сезіміңді тындап, ел-жұрт үшін қызымет қылғанға не жетсін? Адам – нар, рух – нұр. Нар еш қиындыққа мойымайды, ауыр жүкті қиналмай-ақ көтереді. Нұр шаршауды білмейді, бар ғаламды шарлай береді. Нұр – асыл тектіліктің сәулесін келбеттейді. Рух елдікке, ерлікке адамзатты үндейді, шақырады. Рух – ұранды сөз. Рух елес сынды естір құлаққа жетеді, көрер көзге көрінеді, елтаңба іспетті елдігіңді барша әлемге танытады, ту тәрізді аспан биігінде желбіреп, қазақы даңқыңды дәріптейді, ұлттық ұлық мәдениетіңді адамзат алдында айғақтайды, Алланың алдындағы пенделік қасиетіңді паш етеді. Тұлға халық қалыңынан өз орнын ойып тұрып алады, сол халыққа қалтықсыз қызымет қылады, қайғысын да, қуанышын да ел-жұртыменен теңдей бөліседі. Ұранды сөз - намысыңды жаниды, туыңды тұғырлайды, ерлігіңді, елдігіңді бүкіл жаһан жұртына жариялайды. Дін – рухани сарқылмас қазына. Құнды қазынадан ада қалмайық. Қазыналы қарт – тұнып тұрған, шексіз шежіре-тарих. Тарихи, шежірелі адамда шер-мұң да, рух-нұр да бар. Адамдар рух пәрменімен түрлі деңгейге көтеріледі. Дананың данышпандығы жігеріңді жаниды, рухыңды көтереді, жақсы мен жаманның ара жігін ажыратуға пәрмен береді! Әрқашанда рух күшіне, рух қуатына тағызым ет!

3. Нәпсі. Нәпсі түтінді келеді. Нәпсіге түскен от ұшқындата шашырай келіп, жалын-тілін сүйреңдете жанғанда, оның кәззап қызуы дененді шарпығанда, қызара бөртеп шоқтанасың, тұтанып өртенесің, шыбын жаныңды қоярға жалқы жапырақ аумағындай да жер таппайсың. Ұятты жерде, ар нәпсіңді тежей біл. Адам – тұлға, нәпсі – сырға. Тұлға табанды, алтын асық, ел-жұртына өрелі де өрлі өнеге. Алтын сырғаны тот та, тат та алмайды. Нәпсің оңынан, дұрысынан болсын. Ізгі тілегің арда арманыңа қарай жетелесін. Діл – адамгершіліктің інжу-маржаны, асыл тасы. Нәпсі – ішіп-жеу, пенделік қажеттіліктер. Нәпсінің құлы болғаннан бір Алла өзі сақтасын. Көрінгенге қызықпай, барға қанағат қыл. Көрсек қызарлыққа салынбай, құлқынның тоймас қазанын тый. Не нәрсені, не істі нәпсінің қуы қылма, не қиын шаруаңды тың ақылға жеңдір. Қараңғы жан – бір адамның қарғысында, түн түнектің қараңғысында, надандықтың құрлығында, нәпсінің құлдығында қалуы мүмкін. Имансыз адам мына қысқа, пәни ғұмырында нәпсісін қанағаттандыруды, құрсағын тойдыруды мақсұт тұтады. «Соңы өлемін, олай болса, осы қысқа ғұмырымда барлық нәрсенің дәмін татып, емін-еркін жүрейін, өмірдің қызығын көрейін», - деп жақсы-жаман, арам-адал деп ажыратып жатпай нәпсінің құлына айналып, күнәға белшесінен батады. Нәпсінің құлына айналған адам: «Тек мен ішейін, мен

ғана жейін, мен алсам болды» дегендіктен қара басын ғана ойлайтын, өзімшіл, өркөкірек, кінәмшыл келеді. Өзгелерді бір сәт болсын еш ойламайды. «Өзім жақсы болайын, сені қайтейін», - дейді. Мұндай түсінікке ие болған адамнан көркем мінез, салиқалы іс, өнегелі өмір күтуге еш болмайды. Алла ешбір жаратылысты бекерден-бекерге, я болмаса, жаманшылық жасау үшін жаратпаған. Шайтан әу баста шайтан болып жаратылмаған. Ол – періштелердің арасында ғұмыр кешкен жаратылыс иесі болатын. Алайда, ол, Алла Тағаланың алғашқы сынақтарынан-ақ оңбай сүрінді. Оған берілген сынақ, Алла Тағаланың «Адамға сәжде ет!» деген бұйрығы еді. Шайтан осы бұйрыққа қарсы шығып, қырсыққан үстіне қырсыға түсіп, тәкәппарлікке бой ұсынды. Панданып, Алланың бұйрығына қарсы шығуының салдарынан, Жаратушының шексіз ризалығынан қуылды. Яғни, ол өз қалауымен шайтан болды. Шайтанның алғашқы сынақта көрсеткен қылығы – оның Аллаға емес, өз нәпсісінің құлы болғандығын білдіреді. Пенде ақылды болса, күш-жігерін нәпсіге жұмсамай, игілікті іс-шараға жұмсасын! Қанағат қуатынан шығатыны – көңіл тоқтығы!

4. Көңіл. Көңіл – адамның табиғи-рухани тылсымына толы жан дүниесі. Көңіл-күй – ішкі сезім, тебіреністі толқын, ой-орамы. Көңілдің кірі жуса кетеді. Көңіл – Ананың сүтіндей ақ, Алланың сөзіндей пәк болса игі. Көңіл – судай таза, мөп-мөлдір, тұнық мұхит айдыны айнасындай жалтыраған болса игі. Орынды жерде, ақ көңіліңді тасыта біл! Адам – жыр, көңіл – күй. Жыр - бүлкілдеген көмекей қуысында, дауыс ырғағында. Күй - үлбіреген жүректің лүпілінде, саз аспабында. Жыр теңіз толқынындай, көкіректен төгіліп, алысқа кете береді. Күй – жүректен шығып, жүректерге жетеді. Саз аспабында күмбірлеген күй әуені көңіл-перненді кең даладай етеді, жан-сезіміңді тебіреністе толқытады. Ақ көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? Ой тұлпарыммен барып қайтар жерім шалғай, аман-саулықта болындар, болашық буын, ұғымтал да зерек ұрпақ. Көтеріңкі көңіл-күйім ой кербезін кернеді. «Күй дастан» көңілді қозғайды, сезімді шымырлатады, өзіңді түсініксіз, таңғажайып қалыпқа түсіреді. Ақ жауынды көңіл-күйімменен тау өзеніндей сарқыраймын, тау тұлпарындай арқыраймын, күннен қуаттанамын, қиялымменен айға аттанамын. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көтеріңкі көңілдің шуақты шапағаты. Көңіл – адам сезімінің сандуғашы.

5. Иман. Иман – адам болмысындағы ақыл мен жүректің жұмақ бағындағы жемісі. Иман – адам баласын екі дүниеде де бақытты ететін сенім – мұсылмандық сенім. Ұлы Жаратушы «Адам айналасына қарап, Алланы танысын, оның кітабын оқысын, пайғамбарын білсін, оған салауат айтсын» деген. «Жаратушының құдіретінің, ұлылығының, шеберлігінің алдында таң қалып, бас исін, иман етсін» деп мына жарық дүниеге кісіні келтірген. Ұлы Жаратушымыз бізге рақым қылып, мейірімділік жасап, осынау теңдесі жоқ, алып кітапты қатесіз түсінуіміз үшін жер бетіне пайғамбар жіберіп, Құран Карим кітабын түсірген. Құран осы бір ғажайып «ғалам» атты кітаптың түсіндірмесі мен мән-мазмұны болса, Мұхаммед

(с.ғ.с.) оны адамдарға түсіндіруші, ұлағатты ұстаз. Аллах елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Иман етпейінше жұмаққа кірмейсіңдер, ал бір-бірінді жақсы көрмейінше кемел иманға қол жеткізе алмайсыңдар». Иман шуағына шомылған жан мына жарық дүниеден кейін екінші бір жұмбақ дүниенің бар екеніне иланғандықтан Раббымыздың ризалығы үшін тек игі істерді атқаруға тырысады. Имандарың кәміл, істерің адалынан болса игі! Иманды болайық, қара орман қазағым!

*Мұнартып мизам ұшқан мидай далам,
Қолыма алдым алтын сия, дәуіт-қалам.
Қамысты көлдеріңнен, ақ белдеріңнен,
Бабамнан да, өз атамнан да өнеге алам.*

*Естілер ерен ердің қажы аты,
Болған соң, асыл тастан заты.
Қилы-қилы замадар озғаннан,
Ешқашан өшпес, жазған хаты.*

*Ширатылмай жыр жолдары кезінде,
Жүз толғанып, мың ойландым өзім де.
Жан-дүниемде найзағай оты ойнап,
Жүрегімдегі шоқтан сәуле бар сөзімде.*

*Уақыттың өзі жетелеп мені барады,
Самал жел шашымды сипап тарады.
Пәк жолдан жаңылып қалсам бірде,
Мойныма ғасыр ауыр жүгін артады.*

*Көңілімнің сандығы толмағандай,
Күш бар еді атыр-ау, қолда қандай?
Дала кезіп, шарқұрып кетпейінші,
Кетейін алаңсыз-ақ, жолда қалмай.*

*Жақыбай, жарлы, кедейді сұлатпаймын,
Келер ұрпаққа бос дүниені сұратпаймын.
Көгімде желбіреген туды құлатпаймын,
Жетім-жесірлерді де мен жылатпаймын.*

*Туған ел сыйын берген маған-дағы,
Халқыма қылығыммен жағам-дағы.
Көңілімді өр арман бесігіне бөлеп,
Жүздірдім, аққу жырды санамдағы.*

Ар деген жеңіл сөздік емес, бірақ,

*Ой бар ойнақтаған тұлпар-пырақ,
Ашуыңды ақылға жеңдірсең сен,
Сезімге сианар өшпейтін шырақ.*

*Қаратауым мұң-өкінішімді көрмеді,
Күндізде, түнінде ойым жатқа ермеді.
Аяз сарсаңында қалып, қиналғанда,
Қара жерде, көк аспанда көмек бермеді.*

*Ұят қалмай барады бетті қарып,
Жүрегімді жаралап кетті жарып.
Адамгершілік қасиет қалтақтап,
Дәуір-дәуренім кеткені ме тарып?*

*Күтіп келген көктем, бұл көрген,
Бұл күні мені жыр-бесігіне бөлеген.
Ақ анам тербеткенде тал бесігін,
Жыр-құдіреті мені көкке көтерген.*

*Беріпті маған есімді,
Мақсұттың ханы болсын деп.
Бастады бақ көшімді,
Бұлбұл боп, тауға қонсын деп.*

*Адамда болса мақсат,
Бір қадам алға басқаны.
Кісіден көрінсе мұрат,
Екі қарыс ілгері кеткені.*

*Тілек, мақсат, мұрат –
Топтасса адам басында,
Арманда жол тұрат –
Мен мұңдалап қасында.*

*Бәрін де қазір ұғындым,
Жадымда қалды айтқаның.
Күн нұрына жылындым,
О жақсылықты тапқаным.*

*Оқигалар көп ед жасырған,
Қос-қостан уысым тоймаған.
Қарымым қырдан асырған,
Нөсер келіп құйды дөп маған.*

Қолдап биік тау өркешін,
Баптап ешкі мал серкесін.
Төрге төсеп көк көрпесін,
Бағып жүрдім түз еркесін.

Аспанға сонау үмітпен,
Таңырқап әлемім қарады.
Жарқырап жұлдыз көп,
Айдыныма келіп, құлады.

Қызыға, ұзақ қараймын,
Биігіне көктің бүгін мен.
Күн шуақты ақ араймын,
Осынымды біл ертең сен.

Жаз шуағы жаныңда,
Дос-жараның маңыңда.
Демің ұқсас жалынға,
Жылулық бар, қаныңда.

Асыл қасиеттерді үйретіңізіші,
Ғылым-тәлімді сізден алайыншы.
Темірдей төзімді үйретіңізіші,
Тәрбиелі адам болып қалайыншы.

Қажысыз әрі ұстазсыз,
Халықтың қасіретін ұққансыз.
Араша түсіп қиналғанға,
Арсызды құлатып жыққансыз.

Не деген мынау көп орман,
Ақ қайыңдар көзін ілмейді?
Не деген мынау көп арман,
Кідіру дегенді еш білмейді?

Таранып тоты құстай сылаң қағып,
Ақ қайыңдар сәнденеді сырға тағып.
Сандугаш ағаш бұтағында сайраса,
Ән-күйлері барады құлағыма жағып.

Жайқалып көк майса өзектен,
Гүлден тұр-ау нәзіктік сезіліп.
Қайғы-мұң көрінеді кезекпен,
От сезімді, өрт жүрегім езіліп.

*Жүрегімнің желегі желкілдеші,
Сенімсіздік азабын келтірмеші.
О, Жаратқаным, сен бар болсаң,
Қазақы рух-намысты өлтірмеші.*

*Арзанға қызықпадым қор болмасқа,
Адал адамның талабы зор болмас па?
Бұл дүниенің дүрбелең-сарсаңында,
Арам адамның құлары ор болмас па?*

*Әрқашан ақ озады жеңіп бәрін,
Қара өшеді зой ала алмай нәрін.
Жеңе алмай келе жатыр әділді,
Әзәзіл жібергенмен неше кәрін.*

*Ел төрінде жарқырайды алтын,
Ер қастерлейді ең бағалы затын.
Қиын-қыстау сонау бір заманда,
Данам шығарған қазақтың атын.*

*Ғұн, масагет, скиф, сақ бабам,
Ой-санаңды алтынмен қаптаған.
Тас мүсін тұр даланы күзетіп,
Жел үрлеп, күн сәулесі қақтаған.*

*Өз басыңа кезігіп нелер өтті заман,
Жолыңнан кезікті жақсы мен жаман.
Бойыңдағы қуат пен қайсарлықтан,
Зорлық-зомбылықтан қалдың-ау аман.*

*Өзіңмен тілдесуге әзір жандай,
Соғылды зой талай жарға маңдай.
Қажылыққа барып келу қандай,
Қайнаған құмда құрғайды таңдай?*

*Жалыны оттың бетті қарығанда,
Адам баласы іздегенін таппай ма?
Әрі қарағаныңда күн жарығында,
Ай бетін нұр ұшқыны жаппай ма?*

*Аймағанбет қажы, бергі атам,
Көп жерлерге барып қайтайын.
Егер Жаратқаным нәсіп етсе,*

Қария сөзді сізге мен айтайын.

*Ақ тілегіңізден аз қасиет құйылған,
Жан-жағыңызға дүйім жан жиылған.
Өрлі де мәнді сөздеріңізді естігенде,
Дұшпандар гүрілі қаймығып тиылған.*

*Келген емессіз бұл өмірге тегіннен,
Келер күнге қарайсыз, сенімді сезіммен.
Сегізінші сезгіштік бар байқайтын,
Данасыз, көрдім мұны мен өз көзіммен.*

*Сұраңыздаршы бір асыл тектен:
-Айтыңызшы, қанша заман өткен?
Кесек уақыт ұзыны кетсе-дағы:
-Арманның шегіне кімдер жеткен?*

*Сондай сәнді аққу мойын,
Кім білген ақынның гауһарлы ойын?
Бақ-дәулетім жетіп тұрса,
Асқақтатар едім қажының тойын!*

*Ғұмыр шіркіннің сан қилы қиясында,
Қаһарманша жаныңды сен қиясың ба?
Бір қарағанда екінің бірі дос аясында,
Түлкі заманда, бір құшаққа сиясың ба?*

*Ғұмыр-бәйге қамшылап асықтырса,
Тұла бойыңдағы қуатың тасып тұрса.
Одан-дағы опық жер сәттерің бар,
Біреу-міреулер аяғыңа тұзақты құрса.*

*Озып шықтың дүрмегінен өмірдің,
Мықтылығы дарыған тас пен темірдің.
Нақ төрінен орын алып тарихтың,
Бала жасыңнан-ақ биіктерден көріндің.*

*Төгіледі ғой имандылық жүзіңнен,
Сәуле шашырар шоқ қызған көмірден.
Алға қарай жақсылыққа ұмтылсаң,
Не қажеттілікті аласың осы өмірден?*

*Шығыстан жарқырар көп тас,
Қажы атаның басында көк тас,*

*Қызылтау ия Шымылдықжал,
Жошыбайы кезігеді Керегетас.*

*Ата, мен сізді бір түсімде көргенімде,
Ұқсап тұр екенсіз қайыспас нар-дария селіне!
Ата, мен сізді бір түсімде көргенімде,
Өсиет сөз айтып тұр екенсіз, бар қазақ еліне!*

Атаның ақ батасы

*Үстіңнен қаз қаңқылы өтпесін,
Бұрама шойын, сом-сом алтын,
Теңге салсаң батпасын,
Бақ Тәңірім берген несібең,
Мың тепкілесең де кетпесін.
Ұзын желіңнің бір шетіне,
Оқ шырқасаң да жетпесін,
Сенен бақ-дәулет кепесін.
Алтын есігіңнің алдына,
Алтыс інген келіп боздасын,
Қораңнан бес жүз саулық қоздасын.
Қойшыңды мақтап салғайсың,
Бұлтты күн жауын жауғанда,
Кең адырлы жерге жайғанда,
Қойыңан айырылып қалмасын,
Қасқырға қойыңды бермесін.*

*Күніміз ұлысты болсын!
Жеріміз ырысты болсын!
Кең даламызға медет болсын!
Елбасы бірлікке себеп болсын!
Жаппар Ием жар болып,
Бұл бата қабыл болсын!
Әумин, Аллаһу әкбар!*

X ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА ӨТКЕН

«Біздің елдігіміз, қазақ жұртының аргы түбі зұндардан басталады. Ғұнардан кейін көктүріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке тіреледі»

Н.Назарбаев

Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы...

«Степь, скованная лунным светом, ждала утра. Стояла та предрассветная тишина, которой нет названия. И только очень чуткое, привыкшее к этой тишине ухо слышало бы непрерывный шорх, всю ночь доносившийся из степи. Один раз что-то звякнуло...»

И.Есенберлин

Сайын далада түнжамылып келе жатырмын. Жел жоқ. Мүлгіген тыныштық. Аспан ашық. Толған ай. Су айдыны айнасынан аққу құс көрінеді. Төбемнен сан жетпес көп жұлдыздар жымын қаққандай, жағдайым жақсы, мамыражай әсердемін. Қас қағым сәттен соң, айдын бетінен құзғын құстың қара сұлбасын сезіндім. Биенің бір сауынындай уақыт өткен жоқ, кенеттен көзіме айға тұмсығын тіреп отырған көкжал қасқыр түсті. Көздері шок тәрізді қызарып, желке тұсы жаңа қызған көмірдей жарқырайды. Көкжал айға қадала қарап, ұлысын кеп ұлысын! Күрт көңілім құлдырап, аяқтарым терең орға құлдилағандай. Айнала кеңістік күңіреніп, ағынды сең соққандаймын, бүкіл денем мұздап кетті. Қара жер, қара аспан, қаһарлы бүркіт, бәрі, бәрі, бәрі де күңіренгендей кейіпте, көзіме жас үйірілді, шыбын жаным мұрнымның ұшына келгендей. Жаратқаным! Бір өзің ғана жар бола гөр! Әп-сәтте екі көрініс: масаттану мен мүсіркеу, шаттық пен жабырқау, қуаныш пен қорқыныш. Өзім секем алдым да, тоңға қаққан қазықтай, қақиа қатып қалдым. Осы тұста, сонау әлімсақтағы ата-бабалар бойыма дем салып, намысымды нұрландырып, қайратымды қайрап, рухымды көтеріп рауандағандай. Көктүрік бабам, көз алдыма көк арлан қасқыр, аспан иесі сұңқар кейпінде келіп, сағымды сынағандай. Көк бөріде, көк сұңқарда, көк түрікте, көк аспанда нендей мән-мағына, ой-сана, зерде-түсінік жатыр? «Көк бөрі» деп неліктен айтамыз? «Көк түрік» деп несіне сөйлейміз? Көкке қарап

неге қос алақанымызды жаямыз? Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды дегендейін, арлан мен атада бір байланыс бар-ау деймін? Сүт байланыс па? Қан байланыс па? Жан байланыс па? Тарихта қисынсыз сөз, қиялды сөз, қиянат сөз айтылмайды деп ойлаймын. Түрік пен қасқырдың өзара қандай қарым-қатынасы, қаншалықты байланысы, нендей сабақтастығы бар екен? Мүмкін, көкбұйда арланның қабілеттілігі, қайсарлығы, қаһарлығы, жалпы жақсы қасиеттері, ата-бабалар бойынан ұшырасқан шығар? Неге менің көзіме жас үйірілді? Мен неден қаймығамын? Мен кімнен қорқамын? Мен наданнан налимін. Мен дүлейден қаймығамын. Мен Құдайдан қорқамын. Мен өмір-бақи наданмен де, дүлеймен де күресудемін. Жақсы адамнан үйренудемін. Жаман жаннан жиренудемін. Қандай да қиындық болса-дағы, сағымды сындырмаймын, алдаспанымды алдырмаймын. Нақтың қаһарынан ғана қорқамын! Енді мен, көк түрікке, көк бөріге байланысты толғаныс-тебіренісімді сіздерге жеткізейін.

Бағызы замандарда бабаларымыз дұшпанға қарсы шайқасқа шыққанда, бөрі басты байрақты көкке көтере, «Аттан» дабылы кернейін сарнатып, жауынгерлерді сағы сынбастай сайландырып, аш қасқырдай қабақ шыта, «Жерім үшін, елім үшін, Отаным үшін шыбын жаным пида» деп, ұрандата, ата жауына арыстандай айбаттанып, жолбарыстай қайраттанып, сұңқардай серпіле, түздің де, көктің де тағысы тәрізді тұтқиыл тұстан тұқырта тиген. Бөрілі байрақ – найзаның ұшына ілінген, жеміне де, жауына да шабуылды бастаушы, сақа қасқырдың басы. Арлан – қызыл қанды, шешуші шайқасқа бастайтын көкжал жыртқыш, көсем қасқыр. Көк жал бөріде мынандай қасиеттер шоғырланған: азулы жыртқыш, қаһарлы жауыз, жеңбей тынбайтын, өліспей беріспейтін, өртті көз, қарыс ауыз, қанды балақ, жортуыл, жанкешті. Яғни, бабаларымыз бөрінің басын ту қыла жүріп, қаһар айдаһарына мініп, дұшпанына дес берместей, қайсарлық қылышын қайрап, жауына жақ аштырмастай айбаттанған, шапқыншылардың қанын судай ағызып, қара жер жастандырған. Осынау тәлім-тәрбиеде, дұшпаға – бөрі мен бүркіттің кектілігі, досқа – бал-шырынның тәттілігі іспетті сезімдер шоғыры жатыр деп пайымдауға әбден болады.

Ерлік пен елдікті өлең тілімен өрнектеу жайын сөз еткен кезде аттап немесе айналып өтуге болмайтын ілкі де іргелі түркілік ұғымдардың бірі – көк бөрі бағызы бейнесі. Ертегілер мен аңыз әңгімелерде әрі ата, әрі құтқарушы ретінде сипатталатын көк бөрі бүкіл түркілер үшін қасиетті саналып кеткен және түркілердің ұлттық символына дейін көтерілген.

**ЖЕР АНАНЫҢ, ҰЛЫ ОТАННЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫ – БІРЛІКТЕ! КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!
ТАБЫСЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ! БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ! МӘҢГІЛІК ЕЛДІГІМІЗ –
МӘҢГІЛІК БІРЛІКТЕ!**

XI ОТАН ОТТАН ДА ЫСТЫҚ

Отан үшін от кешкен

*«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»*

М.Жұмабаев

Батыр бабалар аманаты

«Елдестіркем елшіден, дауластырмақ жаушыдан» деген даналық ой, дала пәлсапасынан алынған. Мысалы, ел бірлігін ұран еткен, ұрпаққа ойланар терең ой қалдырған қазақтың үш биі – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би елінің ары да, нары да бола білді. Қаз дауысты Қазыбек би қалмақтарға барып, талауға түскен малын, тұтқында кеткен жанын жүйелі сөзбен дәлелдеп, бір жағынан қорқытып, өз елін арқа сүйеп, жауының мысын басып, ерлерін еліне қайтарған.

Тәуелсіз халық болу үшін, ең алдымен, тіл, діл, дін керек. Бұл үш ошақтың туындап, қалыптасып дамуына ұзақ уақыт, ғасырлар қауқары қажет. Ұзақ уақыт, дүбірлі дүрбелең дәуір-дәурен тарихты, тарам-тарам тамырлы тарихты үндейді де, өндейді де, салиқалы сөйлетеді, кісілік болмысты қалыптастырады, адамдар легін рухтандырады. Ғасырдан ғасырлар жылжиды, ұрпақтан ұрпақтар ауысады, адам алға адымдай басып, пәрмен-пайымды кісілер прогресс-парасаттылыққа қарай жылжиды, ой-зердесін жұмсайды, бой-кескінін ұсынады, ақылын салады, зәулім-зәулім шыңдарға ұмтылады, ілім-білім-ғылым көкжиектерін бағындыруға барынша тырысады. Қайталап айтайын, «Өткендерін ескерген - өскендіктің белгісі, өткендерін ұмытқан - өшкендіктің белгісі» дейді арда қазақ. Өткен шақтың өрнекті оқиғалары, толғанысты құбылыстары, өзекті мәселелері, кезекті әрекеттері – төл тарихымыздың есепті еншілігінде, көп елдің елшілігінде.

«Абылай хан – XVIII ғасырдағы хандардың ішіндегі ең құдіреттісі»

В.В.Бартольд

1456 жыл. Қазақ деген есім құлаққа жетті. Қазақ атты халық әлемдік кеңістіктен жүзін көрсетті. XV ғасырда қазақ хандығы дүние есігін айқара ашты. 1456 – 1847 жылдар аралығында, Керей ханнан бастап, Кенесары ханға дейін, 40 сан сұлтандар мен хандар жарық дүниеден өтті. Хандарды қаралауға болмайды. Текті халық кез келген адамды тектен-тек хан көтермейді. Халқы нар тұлғаны, зор тұлғаны хан ретінде қабылдап, ақ киізбен аспандатып, жаратқанға жақындатады. Хан – халықтың сүйеніші, тіреуіші, жанашыры. Хан – сарабдар саясаткер. Хан – қарымды қолбасшы.

Әрбір хан ұлттық мемлекеттікке барлық күш-жігерлерін жұмсады, өз дәрежесінде халқына қалтқысыз қызмет қылды.

Батырлар туралы тарихи деректерде Шалпырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында болғандығы айтылады. Жүз он үш жас жасаған, қазақтың бес ханын көзімен көрген, Абылай ханның ақылшысы, осынау, қазырғы заманымызды көрегендікпен, болжаған Бұқар жырау осы үш қолбасшының маңында мынандай қаһарман батырлардың жүргендігін осы уақытқа жеткізді: Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық қожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл. Сонымен қатар: Жасыбай, Малайсары, Қожаберген, Түгел, Шақантай, Қошқарбай, Байболат т.б. Жоңғарға қарсы шайқастарға әйелдер де қатысты. Батыр қыздар қатарында: Айтолқын, Айбике, Гауһар, Назым т.б.

Ер есімі – ел есінде

«Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішіп өлген артық»

Б. Момышұлы

Түн ауып, сағат көрсеткіші таңғы төртке таянды. Тек шекарашылар ғана ояу. Кенет батыстағы шекарашылар жарқылдаған, от тәрізді сәулелерді көрді. Жарқыл тез көбейіп, шекараға жақындай түсті. Өне-міне дегенше болған жоқ, тездете жеткен ұшақтар біздің аэродромға, соғыс қару-жарак тұрған қоймаларға, қалалар мен селоларға үсті-үстіне бомбыларды тастады. Айналада қаптаған техника: танкілер, солдат толы жүк машиналары, мотоциклдерге мінген фашистер. Аласапыран, қасіретті көрініс, бүкіл дүние дүрбелең сарсаңына түскендей. Құлаған үйлер, қираған қалалар мен селолар, өртенген тоғайлар, абдыраған адамдар. 1941 жылғы маусымның 22-де, таңсәріде Кеңестер Одағының батыс шекарасындағы сұрапыл соғыс осылайша басталған-тын. «Соғыс» деген суық хабар Қазақстанның түпкір-түкпіріне, сол 22-ші маусым күні-ақ тарады. Бұл соғыс тарихқа «Ұлы Отан соғысы» деген атауменен енді. Соғыс 1418 күн мен түнге созылды. Осы соғыста фашистердің қолынан, Кеңес үкіметі тарапынан 20 миллион адам қаза тапты. Қазақстан жағынан соғысқа 1 миллион 300 мың адам қатынасты. Керней төңірегінен қан майданға 226 адам аттанып, оның 127-сі ұрыс даласында шейіт болды. 99 жауынгер туып-өскен өңіріне оралып, туған топырағын басу бақытына кенелді. Қазақстандық дивизиялар, орта есеппен алғанда, 2800 шақырым қашықтықты, бораған оқ арасы, шайқас даласымен, солдаттық биік рухты сақтап, әскери құрамалардың қызыл туларын жықпай желбіреті, жаяулата-көліктете аброймен жүріп өтті.

«Егер жазушы, не ақын болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарияны сия етіп, «Батыр Бауыржан» деген хикая жазған болар едім»

М.Ғабдуллин

Сонау Ұлы Отан соғысы кезінде ортақ жауға аттанған ұл-қыздарымыз – халық қаһарманы Б.Момышұлы, екі мәрте Батыр атағын алған Т.Бигелдинов, Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен Р.Қошқарбаев, партизан бөлімінде болып, жауына маза бермеген Қ.Қайсенов, жау ордасына өртке оранған ұшақпен бірге құлап, жанып кеткен Н.Әбдіровтермен қатар Шығыстан шыққан қос жұлдыз Ә.Молдағұлова мен М.Мәметовалар елінің жүрегінде мәңгілікке жатталып, әнге айналып, Ұлы Даласын аңызға бөлеген, елі сүйсінген, өзгелерді таңқалдырған һас батырлар.

Жеңіс күні құтты болсын!

*Ау, сұм соғыс қайдан келдің,
Оқ жұландайын жалаңдаған?
Қайғы мен қасірет іші елдің,
Ана жүр баласына алаңдаған!*

*Қаһармандық қасиет атадан,
Келгені әкенің қызыл қанынан.
Отансүйгіштік өсиет анадан,
Бойма дарыған аппақ сүтінен.*

*Жамандықты құлаққа ілмеппін,
Соғыс аждаһаны мен білмеппін,
Елімді фашистен сан қорғасам,
Бекеден-бекер ғұмыр сүрмеппін.*

*Отан үшін менің жаным пида,
Көрсетші, сол жауызың қайда?
Шығайық жер қорғауға айда,
Бұғып жата алмаймын сайда!*

*Жетпіс жыл толды ұлы жеңіске,
Құштармыз бейбітшілік сәлеміне!
Лағынет айтып фашист-неміске,
Кім қуанбас ашық аспаны әлеміне?*

*Отаным менің – оттан ыстық,
Отан дегенде ақ құстай ұштық!
Тоғызыншы мамыр, қуанышты,
Жеңіс күні бір-бірімізді құштық!*

*Ұмытпа ұрпақ күркіреп өткен,
Жауынгерлік қаһарын, Отанның.
Ұмытпа ұрпақ күркіреп өткен,
Жауынгерлік қаһарын, атаңның.*

*Жарық екен жасын отындай,
Ұлы жеңістің қызыл ту-алауы.
Парша-парша жүн тоқымша,
Лақтырылды, жауыз жалауы.*

*Күннің нұры, ақын жыры, әніменен,
Бейбітшілік үні, өмір гүлі сәніменен.
Ерлеріме, батырларыма бар алғыс,
Қорғаған Отанын, жан-тәніменен.*

*Өтті күндер, өтті түндер,
Алыстан естілді көңілді үндер!
Жеңіс күні құтты болсын,
Сөйленіп сөздер, төгіліп әндер!*

Ерлікке тағызым – ата-бабаға құрмет

*«Баукең – табиғаттың перзенті... Ол кітаптарымен отаншыл
үзеңгі жолдастарын, қатардағы жауынгерлерді дәріптесе, жұрт оның
өзін аңызға айналдырған»*

Т.Әлімқұлов

*Бауыржан Момышұлы – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты
жауынгері, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Міне,
тарихтың түкпірінен сөз келді, аждаһа соғысқа, сұм фашистке лағынат
айтып, батыр бабаларға, қаһарман халққа алғыс дейтін күн де туды.*

Бауыржан Момышұлы:

*«Қадірін білмейміз ғой тірі кезде»,-
Деп жырлар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде...»*

Бауыржанның қанатты сөздері:

*Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.
Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызымет еткін.*

Отан үшін отқа түс – күймейсің.

Опасызда Отан жок.

Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды.

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық!

Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге мәжбүр етудің нәтижесі.

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.

Ана үшін аянба – ант ұрады, Бала үшін аянба – бетің күйеді. Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

Қайратыңа әдісінді жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Қырағының өзі де, көзі де батыр.

Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызымет ет. Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызымет ет.

Сабырлылық алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады.

Сын – ерді шындайды, Қорқақты кинайды.

Маған деген атакты міндет етсең, өзің ал. Әділдікке бас ұрып, у берсең де маған бал.

Ежелден ел тілегі – ер тірегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Қорқақ қаққа шөгіп өледі.

Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық.

Көп тұрған су сасиды, Ойламаған ми сасиды.

Намысты нанға сатпа.

Арпалысып жүріп алған абырой – өмірдің ең шырын рақаты.

Өмір үшін өлгенше күрес.

Соғыс жылдарындағы Ұлы Достық

Кешегі қанды қырғын халық жадынан оңайлықпен өше қоярма екен? Соғыс салған терең жара жүректі де, жанды да кинады, әлі де адам тәнін ауырта берері сөзсіз. Боздағынан айырылып, боз інгендей боздап қалған ата-аналар қанша? Асқар тауы әкесінен, тірегі ағасынан, артынан ерген ізбасары інісінен айырылған адамдар қанша? Осының бәрі ұмытыла қоятын оңай шаруа емес. Атадан балаға аңыз болып қалатын ерлікті талай-талай ұрпақтар жыр етері айдан анық, айқын шындық. Фашистік басқыншылыққа қарсы кеудесін қамал етіп, рух-намысын жалау етіп, Ұлы Отанын қорғаған қаһармандардың осы күндері қатары сиреп бара жатқаны баршамызға мәлім. Қанды соғыс жылдары алыстаған сайын оның куәгері болған қарт майдангерлердің естеліктері мен сол бір қаһарлы кезден қалған ескерткіш белгілердің құны артып, маңызы жоғарлай берері қан. Осынау аз қалған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірегейі, атакты генерал И.А.Плиев басқарған атты әскер құрамның кавалерия пулеметшісі Қ.Б.Танашев.

Рауанды рух – тәуелсіздік туы

*Күрекем мен үшін қорған еді,
Жау аяғына тұзақ құрған еді.
Сонау сұм соғыс жылдарында,
Кеңес шекарасында тұрған еді.*

*Жеңдірген екенмін талай ашуды,
Аттап өткендіктен алтын асуды.
Соғыс адамы баласы болған соң,
Білмеппін қиындықтардан қашуды.*

*Белгілі зой ақ таңның атары,
Даланың гүлжайнап жатары.
Уақыт жылжып, жас келіп,
Сиреді майдангерлер қатары.*

*Өтті бәрі. Келмеске кетті соғыс.
Таудан құлады су. Тоқтаусыз ағыс.
Ел-жерді жендттерден қорзаған,
Қаһарман ағаларыма шексіз алғыс!*

Құрмет Бұқанұлы 1924 жылы Сүгірәлі Қарабұлағында дүниеге келген. Ақжар ауылында бастауыш білім алып, оқуын Үлгі мектебінде жалғастырған. Ұлы Отан соғысы басталып, ел басына ауыр күндер туғанда ел-жұрт қатарлы Ақжар ауылынан майданға аттанған. Белоруссия, Украина, Польша, Чехословакия жерлерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Сталиннен жеті мәрте алғыс хат алған, бірнеше орден-медальдармен марапатталған. Ұлы Жеңіс күнін Прага қаласында қарсы алған.

Танашев Мақсат Нығымет ұлы «Ұлан» әскери мектебін бітіріп, білімін әрі қарай жетілдіру ниетімен, бүгінгі күні, жоғары оқу орнында студент.

-Жауды алғаш көргендегі көңіл-күйіңіз...

-1943 жыл. Россияның Белград облысындағы Волуика қаласы, аудан орталығы, онда 40 мың шамасында адам тұратын. Қала арқылы оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын темір жол торабы өтетін, паровоз депосы қызмет атқаратын, ауданда қант қызылшасын өсіріп, оны өңдейтін, шекілдеуік өсіріп, одан май шығаратын, сонымен қатар, спирт тұндыратын, сүт тағамдарын дайындайтын заводтар жұмыс жасайтын. Қаланы фашистер мықты қорғап тұрды. Біздің 8-і гвардиялық атты әскер дивизиясының 29,30,31-і полктері түн ішінде тұтқиылдан Волуикаға шабуыл жасап, фашистерді қаладан қуып шығып, тұқырту пәрменін үдете түсті. Уразово және Волохоровка деген екі қаланы келесі екі аптада жаудан босатты. Немістерден де бізден де адам шығыны көп болды. Қираған танк, зеңбірек,

басқа да қару-жарақтарын тастай сала, үрейге бой алдырып, алды-артына қарамай жау қаша жөнелді. Үш күнде 45 шақырым алға жылжып, немісті тықсырып тастадық. Волуика қалсының стратегия-тактикалық маңызын біз кейін ғана түсіндік. Осы үш қаланы жаудан босатқаны үшін дивизиямызға Сталиннің бұйрығымен «гвардия» атағы берді. Бұл соғыста фашистерге алғаш рет қатты тойтарыс беріліп, жеңістер жүйесіне қадам басқандықтың нышаны байқалды. Жауынгерлік рухымыз көтеріліп, жеңіске деген ынтамыз арта түсті. Шабуылға шығар алдында командиріміз Бас штабтың бұйрығын оқып, үш қаланы жаудан азат ету мақсатын солдаттарға түсіндірген болатын. Сол бұйрық комсомол қатарындағы жас солдаттарға жігер берді. Фашисті алғаш рет көргенімде менде қорқыныш сезімі болды, бірақ өліспей оған беріспеуді кейінірек ұғындым.

-Бірінші атқан оғыңыз дұшпанға дарыды ма?

-Мен, «Максим» атты пулеметтің бірінші санатты атқышы болдым. «Максим» пулеметі бір минутте 800 оқ шашады, оның 100-і бронды, 50-і өртегіш, 50-і тойтарғыш, ал қалған 600-і кәдүмгі мылтықтыкі тәрізді. Менің атқан оқтарым жауды әрі өртеп, әрі топалаң тигендей жайратып жатты. Осы үш қаланы алғаннан кейін біздің дивизияны Мәскеу түбіндегі жауды талқандауға бағыттады. Мәскеуде басқа әскер бөлімдерімен бірлесе отырып, фашистерді түре қуып, Белоруссияның Смоленск облысына қарайтын Ельна қаласын жаудан тазарттық. Мәскеу түбінен жауды қуу текетірес түрінде өрбіді. Сағы сынған жау біздің әскер тегеурініне шыдамай, батыс тұсқа қарай ығыса-қысыла түсті. Белоруссияның қалалары мен селоларындағы ағаштан тұрғызылған үйлерін өртеп, күлін көкке ұшырды. Белоруссия мен Украинаның түйісіндегі Полесья облысының жерінде ми-батпақ болғандықтан, фашистер қорғанысы жоқ екенін барлаушылар анықтап, 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың қаңтар айларында жердің қатқанын пайдаланып, атты әскер қалың орманның ішімен 200 шақырым батысқа қарай беттеп, борпылдақ батпақтан өтіп кетті. Украинаның Ровно қаласы артта қалды. Ол қалада фашистердің Украинадағы штабы орналасқан. Штабтың бастығы генерал-фельдмаршал Ерик Хокк. Бұл қалада неміс бекінісі болған. Біздің дивизия осы қалаға тұтқиылдан, батыстан шығысқа қарай, күтпеген жерден, көк желкеден, ұшқыр шабуыл жасап, 1944 жылдың ақпан айының екісі күні Ерик Хокк штабын талқандап, қаланы жаудан тазартты. Ерик Хокк алды-артына қарамай, ұшағымен ауаға көтеріліп, «Германия қайдасың?» деп, ұшып кетті.

-Соғыс уақытында қиналған сәттеріңіз болды ма?

-1943 жылы Белоруссияда оң жақ иығымнан оқ тиді. Көшпелі госпитальға түстім де, бір айдан соң қайрадан соғысқа кірдім. 1944 жылы ақпан айының соңында Дубно қаласы үшін қырғын соғыста сол жақ санымнан жараланып, госпитальда 1,5 ай емделіп, бөлімшеммен қайтадан қауыштым. 1944 жылдың 24-ші тамызында Венгрияның Дебрецен қаласын азат ету үшін кескілескен ұрыста, сағат 3-4-дің арасында оң жақ балтырымнан ауыр жарақат алып, қансырап жатқанда, бөлімше командирі,

сержант Петров деген еңгезердей, қарулы жігіт жанұшырып келіп, мені арқалап, жер бауырлай (по пластунски) еңбектей жорғалап, арт жақтағы 1,5 шақырым қашықтықтағы медсанбатқа әрең дегенде жеткізіпті. Ондағы дәргерлер маған екпе салып, ағып жатқан қанды тоқтатып, жараны таңыпты. Менің жатқан жерімнен сүйемелдеп отырғызып, аузыма су тамызыпты. Жауға қаным қайнаған болуым керек, ызаға булығып, пистолетімді қолыма алып, «Жауға шауып, немісті құртамын!» деген сөзді айтып, жұртты әбігерге түсіріппін. Медицина подполковнигі мені тыныштандырып, қолымдағы қаруымды тартып алып: «Сіз ауыр жаралысыз, орталық госпитальға жібереміз, сонда көп уақыт емделесіз», - деп, адамды ұйқататын екпе салғызыпты. Қан көп кеткен болуы керек, есімнен танып, соңында ұйқтап кетіппін. Бір мезетте есімді жиып оянсам, кең палаткада жатырмын. Айналамда ауыр жаралы солдаттар мен офицерлер. Қасымдағы ыдыста су мен қос тілім нан. Нанды алып жеуге шамам жоқ. Сырттан жел гуілі естіледі. Тағы да есімнен танып қалыппын. Екі ай бойы есімнен алжыса беріппін. Тағы бір уақ есім кіргенде, көзімді ашып карасам, мектептің үлкен бөлмесі тәрізді жерде жатыр екенмін. Терезеден күннің сәлесі түсіп тұр. Қасымдағы орындықта ақ халатты бір қыз бала отыр. Кейінірек білдім, палатада ауыр жаралы 17 солдат жатқан көрінеміз. Қасымыздағы венгір-мадияр қызы солдаттардың кіші дәретін шыныдан жасалған уткамен, ал үлкен дәретін қаңылтырдан істелген, эмальді судномен алады. Сол медбике қарындас күніне төрт мезгіл тамақ беріп, біздерді ерекше ілтипатпен күтті. Шалқадан жатқан төсектегі жаралыға таңертең 50 г., түсте 100 г. ақ арақ ішкізіп, артынан құнарлы тамақ жегізеді. Егер ақ арақ таусылып қалса, оның орнына таңертең 150 г., түсте 200 г. қызыл арақ береді. Арасында сүт тағамдарын жегізеді. Балтырыма операция жасап, денедегі жарықшақты алғаннан кейінгі болған осы оқиғалар-тын. Жарамнан бірте-бірте айыға бастадым. Екі айдан кейін, қос санитарка екі қолтығымнан сүйемелдеп, аяғымды бастыра, қайрадан тәй-тәйлап жүруге үйретті. Ақыры жағыдайым түзеліп, әскери қалыпқа келдім-ау. «Госпитальдің күзетінде қал», - деп бізді үгіттеді. Мен сияқты 6 солдат, біркелкі жас жігіттер – 19-20 жастағылар, кеудемізді ыза-ашу кернеп, жаудан кек алу үшін, қайрадан соғысқа сұранып, дереу жолға жаяу-жалпы шығып кеттік. Төрт ай госпитальда емделгенде фронт батысқа қарай 600 шақырымға ұзап кеткен екен. Күні-түні 30-40 шақырым жол жүре отырып, 1,5 айда Чехословакияның бергі шетіндегі өзіміздің дивизиямызға қосылып, соғысқа қайрадан кірдік. Карпат тауынан ағатын төрт өзенді жалдап өтіп, 14 қала мен мыңдаған елді мекендерді жаудан азат етіп, Чехословакияны жаудан толық тазартып, соғысты аяқтадық. Төсекте қаңтарылып, қозғалыссыз жату, адам баласын қатты қинайды екен. Адамзатты Алла Тағала төсекке таңып, еш қозғалыссыз жатып қалудан сақтасын. Қозғалыссыз, өзгелерге көз сүзе қарап жату – азаптың азабы, азаптың төсегі.

-Майдандас достарыңызды атап өтсеңіз.

-Маклоков П.П. Украинаның Луцк қаласында тұрады. Артелерия взводының командирі, кіші лейтенант болған, ал 1945 жылдан отставкадағы полковник. Облыстық прокуратурада қызмет істейді, оны Россияның теледидарынан көрсетті. Ол менімен құрдас, үйінде екі рет болдым. Быстревский А.И. отставкадағы полковник, Украинаның Стрии қаласында тұрған, 1943 жылдан командир эскадрона, үйінде екі мәрте қонақ болдым. Тупытцын И.Ю. Мәскеуде тұрады, 6-ы казачо-кубан кавалерия корпусының ардагерлер кеңесінің төрағасы.

-Құрмет Бұқпанұлы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы солдат жөнінде нендей пайым-пікіріңіз бар?

-Соғыс уақытында кез келген солдат артында әке-шеші, туған-туыстары, ел-жұрты бар екенін есінен шығармады. «Отанымыз үшін, Ұлы қолбасшымыз Сталин үшін қайтсе де қиянатшыл жауды жеңуіміз керек» деп ойлап жүрді.

Ұрыста жеңіске жету әрбір сарбаздың табысты іс-қимылына байланысты. Жауынгер қарсыластың тірі күші мен техникасының көзін жойған сайын, алға шабуылдап жылжу, соғұрлым тез болмақ.

Әрбір сарбаз өзіне бекітіліп берілген қару-жарағы мен соғыс техникасын жете меңгеріп, оларды ұрыс алаңында шеберлікпен пайдалана білуі тиіс.

Сарбаз соғыста өз міндетін, бөлімшенің жауынгерлік талабын, қарсыластың әлсіз және күшті тұсын, шабуылда батыл қимылға, қорғаныста табанды тіресуге, командирін қорғауға, жолдасына көмек көрсетуге жауапты.

Армия бұрынғыдай болып қалды. Талап та бұрынғыдай, тек күшеймесе азайған жоқ. Армиядағы басты қағида – дара басшылық. Барлығы заңға, тәртіпке бағынуы керек. Жаттығу алаңында, мәселен, уақыт секундқа дейін есептеліп қойылған. Оның өз мөлшері бар: 10-15 секундта оқ атылады. **Уақытты жіберіп алдынба өлгенің. Бұл аман қалу заңы.** Әскери адам уақытты дәп-дәл есептеп, жеңіске немесе жеңіліске апарар секундтарын ескеріп, қауіп-қатердің алдын алу түймесін дәп басуы тиіс.

Осы заманғы сарбаз әскери тәртіпті темірдей сақтайтын, Қазақстан Қарулы Күштері уставын бұлжытпай орындайтын, техникалық тұсынан жан-жақты сауатты, физикалық жағынан болаттай берік, шыныққан, рухы биік, ой-өрісі кең, кез келген жағдайда дұрыс шешімге келе алатын, аса сезімтал болуы заңдылық. Келер ұрпақ, **Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Сағадат Нұрмағанбетов** сынды сарбаздарды өздеріне үлгі-өнеге тұтқандары абзал.

Ерлікке тағызым

Генерал Сағадат Нұрмағанбетов 2004 жылдың 27 мамырында 80 жасқа толды. Осы күнге дейін ол Алматыдағы маршал Конев атындағы әскери академияда дәріс бкруде, жастарға тәлім-тәрбие беріп, ұрпақтар санасына отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін ұялатуда.

Сағадат Нұрмағанбетов – Ақмола облысындағы Ақкөл елді мекенінің тумасы, Кеңестер Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, армия генералы, Қазақстан Қарулы Күштерінің министірі болған аса ірі әскери қайраткер.

Крен жүректілік пен қайтпас қырағылық, ағасының өлімі үшін кек алу сезімі мен әрбір сарбаздың өмірін сақтап қалуға деген асқан сардарлық қамқорлық, үлкен жауапкершілік пен қаһармандық қасиеттері Сағадаттың бойынан табылып, өзгелерді тыңдатуға мәжүбір етті.

Ел барда ер қор болмас, ер барда ел қор болмас

«Қырағының өзі де, көзі де батыр»

Б.Момышұлы

*Катюшам келіп көмекке,
Қуатым айналды берікке.
Жау бекінісін талқандап,
Күш-жігер берді Серікке.*

*Асау рухты мың бораттым,
Ол рухты күшке жараттым.
Боз тұлпарды ерттеп мініп,
Дивизияны өзіме қараттым.*

*Қар төсеніп, өтті күн, мұз жастанар,
Келді мынау тыныштықты мол заман.
Жауымыз жоқ ел болып көп қастанар,
Төрт түлік мал өрісте, ел-жұрт аман.*

*Көзімнің нұрын көрінген сұмға түсірмей,
Тұра аламын ба, арам пигылға күрсінбей?
Туған жеріме аман-саулықта оралсам да,
Жүрмін фашистің жауыздығын түсінбей.*

Серік Тілеубайұлы 1922 жылы Баянауыла ауданы, Далба тауының баурайында дүниесігін ашқан. 1940 жылы Семізбұғы кеншінде жер қазушы болып, еңбек жолын бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942 – 1949 жылдары 2066-әскери бөлімі, Түркістан әскери округі атты полкында қатардағы сарбаз, №13 заставада бөлім басшысы, №2 заставада старшина шенді әскери қызметкер болған.

Серік

Соғыстан кейін 1949 – 1950 жылдары Семізбұғы кеншінде еңбегімен көзге түскен. 1951 – 1971 жылдар аралығында әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы. Семізбұғы кенттік кеңестің төрағасы, аталмыш партия ұйымының хатшысы, кен бөлімінің басшысы қызметтерін ждахаттықпен атқарған. 1971 жылдан «Красный Октябрь» совхозының №4 бөлімшесінің управляющийі, 1974 жылдан Ульянов арнайы шаруашылық бірлестігінің құрылуына байланысты, осы бірлестіктің №2 бөлімшесін зейнеткерлікке шыққанға дейін басқарған. Серік Тілеубайұлы қазақы жылқы мінезімен, әскери қалыптасқан тәртібімен, тарихи тұлғалық тұрпатымен ел-жұртының жадында сақталған. Әскери жетістіктері мен елеулі еңбектері үшін, Үкімет тарапынан медальдармен, мақтау парақтарымен бірнеше мәрте марапатталған. Серік ағамен жүргізген сұқбаттан қысқаша үзінді келтірейін.

-Серік аға, айқас алаңында сарбаздар рухы биік болып, көп жауды шағын күшпен күйреткен тұс болды ма?

-Болды. 1944 жылдың маусым айының соңғы күндері Украинаны толық азат етіп, Польша жерінде кезекті шабуылға шықтық. Бұл айда күн өте ыстық болып тұрды, біздің шабуылымыз елдің оңтүстік өңірінде қауырт басталды. Поляк жері құмдақ болғандықтан, кавалерия бөлімшесіне үш ат жегілген тачанкамен жауды тықсыра қуу өте ауыр болды. Шауып келе жатқанда аттардың біреуі ыстық самал мен қайнаған құмнан зорығып, мұрттай ұшып, әне-міне дегенше өліп кетті. Бір кавалеристің жылқысын жедел арбаға жегіп жіберіп, өзін тездете тачанкаға отырғызып алдық. Алдымыздағы, оң және сол қанаттағы фашистер, тегеурінді атты корпус шабуылына төтеп бере алмай, үш жаққа бытырай шашылып, соңы, быт-шыт болып, снаряд тәрізді бытырап түсті. Біздің алдымыздағы, орта тұстағы жау солдаттары абдырап, шапшаң қозғалған атты әскер шеңберінде қойша камалып, қоршауға қалай түскенін өздері де байқамай қалды. Осындай айла-тәсілмен фашистерді бөліп-жарып алып, оларды аяқ асты, көзді ашып-жұмғанша күйретіп жүрдік. Кейін білдік, осы уақыт ішінде немістер Висла өзенінің арғы жағына өтіп алып, күшті бекініс жасай қойыпты. Қанша мәрте

шабуыл жасасақ-та, жау бет бақтырмай, оқ боратып, қасарысқан қасқырдай қарсылық көрсетті. Біз ілгері жылжи алмай-ақ қойдық. Қайықпен, плотпен өзенге түссек болды, қолыма-қол солдаттарды жойып жібереді. 20 шақты күндей осынша теке-тіресті соғыста көп шығынға шұрадық. Ақырында, көмекке ауыр зеңбіректермен қатар, реактивті кондырғы, «Катюша» бөлімдері бізге көмекке келіп, жауға от шаша соққы беріп, олардың бекіністерін күл-талқан етті. Өзеннің арғы жағасына өттік. Осы соққыдан кейін немістер қасқырдан қашқан қояндай күй кешіп, үрейге бойларын билетіп, күн батар тұсты беттеріне ұстап, алды-артына қарамай, зыта-зыта жөнелісті. Атты әскер шұғыл маневр жасауға, жауды тоз-тоз қылып, бытырата бөлшектеп, қоршауға түсіріп, жойып жіберу үшін, таптырмайтын әдіс-тәсіл, ерекше қайратты күш-қуат. Жоғарыда қолданылған тактикамен саны жағынан бірнеше есе жоғары жауды шағын-шағын атты бөлімшелер арқылы жойып жіберіп отырдық. Тачанкадағы, яғни, жылдам қозғалыстағы пулеметтің пайдалы әсер коэффициенті, бір жерде тұрған пулеметтен гөрі, анағұрлым жоғары болады.

-Серік аға, сіздің құралайды көзге атар мергендігіңізге ел-жұрт тәнті. Бұл қасиет сізге кімнен келген, дарыған?

-Қайбір қазақты алып қарасаң да сегіз қырлы бір сырлы болып келеді. Өн айтады, күй толқытады, палуан түседі... дегендейін. Мынау ұлан-байтақ жер бізге не себептен бұйырған? Бұл ата-бабалардың ақыл-ой пәрменділігі. Бұл ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы, ат тұяғының мысы. Әрине, жер кеңдігі, ел еркіндігі ақылды әректсіз, өтімді көзсіз қазаққа келген жоқ. Мергендік мәселесі мықты жүйкеде, өткір көзде, сәтті кезде, ұтқыр жезде. Садақпен нысанаға дөп тигізу қиынырақ, ал мылтық немесе автоматпен жауды опат ету оңайырақ. Мергенге ең алдымен жүйке мықтылығы, онан соң аса сезімталдық қажет.

-Серік аға, өзіңіздің ат үстіндегі сымбат-көркіңіз, кез келген кісінің көзін магнит тәрізді тартады, сізге деген, атқа деген ынтазарлықты арттырады. Мұның сыры неде жатыр?

-Мен өзім нағыз қазақты атсыз елестете алмаймын. Қазақ болар атты құлын кезінен-ақ байқайды, таниды. Атты тәрбиелеп, баптай білу керек. «Бақ шаба ма? Бап шаба ма?» дегендей, атты баптай білсең, оның бағын ашасың. Бабы келісті ат жарыс жолындағы жабыларды артқа тастап, бәйгінің алдын өзге жылқыларға еш уақытта да бермейді. Қазақы текті жылқыға мына сипаттар дөп келеді: міністі, көнікті, төзімді, сенімді, жүрісті, желісті, шабысты, сымбатты, жем-шөпті талғамайтын, ет-қоңын бермейтін. Жылқы малын түрлі-түрлі ат өнеріне үйретуге болады. Мысалы: жерге жату, тік тұру, қаз тұру, әуен-сазға ілесе билеу, қару-жарақпен үйлесу, сонымен қатар, түрлі бәйгіге жарату, спорттық ойындарға дағдыландыру. Өнер кереметіне үйретілген ат аяқтарын жерден тарпаң алып, өрімді де өрлі, әсем де асқақ жүреді. Әрине, ат үстіндегі ер жігіт те, тас тұяқты тұлпарына сай, көзге тартымды көрінуі керек. Жігіт серісіне – су-жорға жарасымды. Жігіт сұлтанына – тапаң-тұлпар тартымды.

-Серік аға, жоғарыда айтылған ел, ер, жер, ат, мергендік мәселелерін қортындылап жіберсеңіз деймін?

-Ер жігіт, ерттеулі ат, ереуіл қару, сұр мергендік ел бірлігі мен жер кеңдігін ел-жұртына, дана халықына нәсіп етеді. Яғни, бөлінбес жеріміз бен бауырлас еліміз батыр бабалардан бізе берілген салиқалы сыйлық, баянды бақыт. Бабалар аманаты – Отанды қорғау. Отанды қорғау – ұрпақтарға парыз.

-Сүбелі де, салиқалы сөздеріңізге рахмет, Серік аға!

-Аспанымызға ашықтық, Отанымызға тыныштық тілеймін! ...

*«Сабырлық алдында дұшпан сасады,
Сабырсыздан береке қашады»*

Б.Момышұлы

Сағы сынбаған сарбаз

Шәймен

*Көкірегінде күркіреген от ағын,
Фашист сындыра алмады сағын.
Ерлікпен шайқасты жендетпен,
Ешкімге де бермей намыс тағын.*

*Менің далам тәкаппар да, өр мүлдем –
Жоқ болса да көкті сүйген оқ шыңдар.
Бәрің немістің жеңілгенін көрдіңдер,
Оның құл болғанын көрген жоқсыңдар.*

*Аралап кеттім ақ ауылды,
Қуаныштың нұры сөгілмей.
Жүректер сыздап ауырды,
Көз жас тұр әрең төгілмей.*

*Ойлаймыз, еске аламыз, сағынамыз,
Кісілік қасиеттеріңізге табынамыз.*

*Ұрпақтарыңыз үшін, жұртыңыз үшін,
Сізбен өткен өмірдің бәрі де бәрі аңыз.*

Шаймен Сәрсенбайұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Биыл Ұлы жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Осы от кешуге қатысып, соғыс өртінде болып қайтқан майдангерлердің барлығын да батыр десек, қателеспейміз. Сондай жанның бірі менің ардақты атам Шаймен Сәрсенбайұлы. Арқа серісі Сәкенге ән шығарып, сұлу сезімге бөлеген атам Далбаның бір шеті Сарыадыр жерінде, Ақжар ауылы жанындағы Қызылтауда дүниеге келген. Бұл өңір ғалымдар мен оқымыстылар мекені – атақты Алшынбайдың көші өткен, от ауызды, орақ тілді ақындар жырға, әншілер әнге қосқан, табиғаты әсем жер. Біреудің ыңғайына, қапталына жата кететін мінез атама жат еді. Ақын Жұмекен Нәжімиденовтің *«Қарсы біткен түк сықылды мақпалға, Ажарыңды бұзады жанға батқанда»*, - деп келетін өлеңі бар. Сол секілді, атам ойындағысын бүкпесіз айтқан, әділ азамат еді. Қылышынан қан тамып тұрған кеңес дәуірі кезінде өз мамандығының кәсіби маманы екенін дәлелдеп, орыс аралас совхоздың Ақжар бөлімшесінде агроном болып жүріп, өзін талай басшыларға мойындатқан. Қиыншылығы мен қызығы көп тіршілікпен араласа жүріп, астық тапсырудан ауылы үнемі алдыңғы межеден көрінуіне ат салысты. Атамның бойында мәдениеттілік те мол еді. Ол мейлінше көп оқитын, оқығанын көңілге тоқып, көпке үлгі бола білді. Оның дәлелі – шағын ауылдағы үйіміздің ауласы қысы-жазы көк майса, жасыл желекке оранып тұратын. Тұрмыс

– адам әрекетінің жемісі дейміз. Әркімнің несібесінен бір үзіп-жұлып, айла-шарғымен де тұрмысты гүлдентіп қоятындар болады. Менің атам өзі қызымет жасап жүрген ортасында, ағайын туыстары мен дос – жарандарының арасында тазалығымен, адалдығымен, өр мінезімен 67 жылдық қысқа ғұмырын сәнді де мәнді өткізген азамат еді. Атам өмірде жалғыз болып, жоқ болса да «бармын» дейтін, өзінен өнген ұрпағын байлығына балаған жан-тын. Бойында отбасы бақыты, бала жанын аялау, ағайынды ардақтау, дос көңілін күзету, бар қадірін бағалау секілді адамгершіліктің мәңгі тіректері байқалатын. Шаймен әкесі Сәрсенбай мен анасы Рахиланың еркелетіп өсірген жалғызы. Сондықтан болар, атамның өр мінезі, қызу қандылығы көзге ерекше көрініп тұратын. Балалық шақ, балдәурен күндерім өткен Ақжар ауылы – ата-баба қонысым бүгін сағына еске алар мекеніме айналды. Пенде кашанда уақытқа тәуелді ғой. Атам келместің кемесіне мініп, дүние сапарын аяқтағанына сәуір айының 24 жұлдызында тура 30 жыл болды. Атамның әңгімесінен есте қалған, сұрапыл соғыс жылдары туралы айтқандарын еске алып, сәл шегініс жасасам...

Шаймен Сәрсенбайұлы өзі сұранып, 19 жасында бір топ ауылдастарымен бірге майданға аттанады. Бірден Украина даласындағы майданға кіреді. 1943-44 жж. Украина совет-герман майданында стратегиялық операциялар қызу жүріп жатқан өңір еді. 1943 жылдың қаңтарында осы стратегиялық майдандағы операцияға қатысқан

жауынгерлердің көбі туған жеріне оралмаған. Украина үшін шайқасқа екі жақтан миллиондаған адам қатысқаны мәлім. Атам алғашында Брянск бағытындағы ұрысқа енеді. 1943 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Донбасты және Украинаның солтүстігін, қыркүйекте батыс бағытындағы Брянск және Смоленск қалаларын жаудан азат ету ұрысына қатысқан. Сәуір айында жарақат алып, Куйбышев облысының Кошкин ауданында госпитальда емделеді. Госпитальдан шыққан соң, Москва облысындағы Красногорскіге артеллеристер даярлайтын полкке оқуға жіберіледі. Онда бір жарым ай 152 мм гаубицаны ату тәсілін үйренеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық артеллериялық дайындықта, контрабатареялық ұрыста, белгіленген аудандарға шабуыл жасауда 152 мм гаубица қолданылған екен. Бұл қару, әсіресе, фашистердің ауыр танкілерін жоюда үлкен роль атқарды деуші еді атам.

1943 жылдың 24 желтоқсаны мен 1944 жылдың 14 қаңтары аралығында Житомир-Бердичев операциясы жүреді. Бұл операцияның мақсаты жаудың Корсун-Шевченков тобын жою болатын. Желтоқсан айында 1-і Украина майданы Житомир-Бердичев операциясын бастап, оның Барысында жаудың ауыр танк жасағы талқандалып, Радомышль, Новогород-Волынский, Житомир, Бердичев, Белая Церковь қалалары жаудан азат етілді. 1-і Украина майданының әскерлері солтүстік батысқа қарай жылжи отырып, жаудың Корсун-Шевченков тобын талқандап, Житомир қаласын жаудан тазартады. Бұл қала екі рет жау қолына өтіп, өте қиындықпен қайтарылған екен. Атам осы шайқаста ауыр жарақат алып, Ровно-2, Ровно-1 госпиталында алғашқы көмек алды. Кейін жарақаты ауырлығына байланысты Сухуми қаласындағы госпитальға жіберілді. Житомир қаласын азат ету шайқасындағы ерлігі үшін «Даңк» орденімен марапатталды. Сондай-ақ, атамның соғыстағы ерлігі бағаланып, 1 жәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалын иеленді. Үйдің төрінде ілулі тұрған костюмінің өңірінде атамның он шақты орден-медалы осы күнге шейін жарқырап тұр. 1944 жылдың желтоқсанына дейін сауықтыру батальонында емделіп, жарақатына байланысты 3 ай демалыс беріліп, Қарағандыға қайтады. Жұмыс қолы жетіспегендіктен, Киров аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен шахтаға жіберіледі. Атамыздың анасы Рахила туған ерін тастап қалаға келмеген екен. Атам 1945 жылы, Жеңістен соң туған ауылы

Ақжарға оралады. Ауылда әр түрлі жұмыс атқарып жүріп 1947 жылы енем Күлшира екеуі отау көтереді. 1958-1961 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы жоғары партия курсына аяқтап, 1979 жылға дейін туған ауылында агроном болып қызмет атқарды. Халқының сүйікті азаматы, балалары мен жарының махаббатына молынан ие болды. Бүгін мен атамды сағына еске аламын, ол тек жақсы жағынан ғана есте қалды. Үнсіз ғана қиялай қарайтын қырын қабағы бізге ақыл мен парасаттың ұясы тәрізді елестейтін. Ақжардың құнарлы топырағынан өніп шыққан әрбір өскіннің тағдырында атамның қолтаңбасы бар.

Ауылдағы алаңсыз өміріме көз жүгіртсем, дастархан басында, балаларының арасында енеміз Күлширамен бірге үпір-шүпір болып отырған қуанышты сәттерімізде де атамның көзінен терең мұң байқалушы еді. Бұл қандай мұң екенін енді ғана түсінгендеймін. Ең жақын апасы Күлайшадан, сүйікті анасынан айырылды. Сонда да сырт көзге сыр бермейтін. Салиқалы, салмақты қалпынан танбаушы еді. Менің содан ұққаным – қайғыны да көтере білетін күш-қуат, қажыр-қайрат керек екен. Атамыздың кіндігінен тараған оншақты баланың әрқайсы олардан мөлдірлікті, адалдықты, шыншылдықты бойларына сіңірді. Атамның қыз баласы, Светлананың естелігінен: «Кіршіксіз таза адамды тағыдыр да сыйлайды екен. Бүгінде әрқайсымыз бір-бір өзенге айналғандаймыз. 1990 жылы Жамбыл атындағы №7 мектеп-интернатта мұғалім болып жүргенде өзім жетекшілік еткен сыныбымда «Әкем-әнім» тақырыбында әкеммен кездесу кешін ұйымдастырған едім. Ол соңғы кеш екенін білсемші сонда... Сол кезде №2 мектепте алғаш ашылған 1-қазақ сыныбының оқушысы, жиені Азамат сол кештің ең жас көрермені болған еді. Әкем бізге ұшарға канат, шабарға талап берді, өмірлік үлгі-өнеге болды, көктемде бұр жарып шыққан қызғалдақ гүлдей сегіз қызына, қос қозысы Болат пен Маратқа анам екеуі сұлулық сыйлады. Бұл – жан сұлулығы, бұл – мінез сұлулығы, бұл – өмірге деген құштарлық. Осыдан кейін, біздің бүгінгі биігіміз. Әкем әдеби шығармаларды, тарихи романдарды, газет-журналдарды мейлінше жақсы көретін, көп оқитын. Әкемнің шежіре кеудесінің шуағына шомылған балғын күндерім – ғұмырымдағы ұмытылмас сәттерім. Кекілді маңдайымнан сипап, еміреніп искемесе де, отты көздерінен тәңірдің мейірім шуағы төгіліп, нұры тарап тұратын еді. Мереке алдында әкеміздің аруағына құран бағыштап, қол жайған батамыз қабыл болсын!»

Дзоттын өті – дозактын өрті

«Өмір үшін өлгенше күрес»

Б.Момышұла

Тирмизи

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ жерінен 1 миллион 300 мыңдай адам қан майданға аттанды. Ресейдің түкпір-түкпірінен 170 мыңдай қазақстандықтар соғысқа қатысты, олардың 10 – 15% қазақтар. 655 мың солдат майдан даласында мерт болды. Соғыс басталар сәтте Брест қамалында 3000 қазақстандықтар әскери борыштарын өтеп жүрді, олардың 1500-і қазақтар. Соғыс жылдарында Кеңес әскерінің 3,5 миллион адамы жау тұтқынына түсті, олардың 3 – 5% қазақтар. Бүгінгі күні 128 қазақстандық Кеңес Одағының батыры есебінде. Шын мәнісінде, батырлардың саны одан анағұрлым көп деп топшылаймын.

*Аттап өтсем де темір-істік асудан,
Бойымды алыс ұстадым, мен, ашудан.
Өңімде де, түсімде де азап көрсем де,
Аулақ едім отанымды сатып қашудан.*

*Жүрегімді түсінуші ең айтпай-ақ,
Дозақтың өртін өзіңмен бір кешкелі.
Сонау қан майданнан қайтпай-ақ,
Неміс жерінде жанар тауым өшкелі.*

*Барған қайла ұстап терең орға,
Батып тұрса-дағы көңілім сорға.
Айнала дөңгелене шыр айналып,
Арқасына мінгестім өмір-жорға.*

*Түнек түндер ұмытылар ма ақ таңда?
Мәңгілікке қош бол, көрмедің өмір сиын.
Қанды көйлек достар өліп жатқанда,
Тірі тұруым – күнә! Тірі жүруім – қиын!*

Ақышұлы Тирмизи 1904 жылы осы күнгі Бұқар жырау ауданындағы Қызылтау жерінде дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысына қатынасып, жауға деген ымырасыздық пен табандылық үлгілерін көрсеткен.

1943 жылдың 27 қаңтары күні он жетінші атқыштар дивизиясы немістердің қоршауында қалды. Снаряд жарылысынан шұңқырға жартылай көміліп, қарақұс тұсынан жараланып, ес-түссіз жатқан қазақ сарбазын немістер тұтқындады. Тұтқындады да сұм ажалдың аузынан құтқарды. Солдатты демдеді, емдеді. Төрт айда аяғынан тік тұрғызды да денесін ширатты, ойын ойнатты, еңбек қазанында да қайнатты. Онан соң концлагерде гитлершілер ұрып-соғып, аяқтан қағып, жерге құлатып, қайратты қазақтың қызыл қанын қара жерге тамшылатты. «Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме» дейді баба сөзі. Егерде шалажансар жатқан жанды жолдасы ұрыс даласынан өзімен бірге алып кете алса,

бұл жаралы жауынгер дұшпанының уысына түспесе еді? Кім біледі? Өлімге өкініш бар ма? Тағыдырға тергеу бар ма? Адамның тағыдыры маңдайға жазылған. Өкінішке өксу бар ма? Не шара?

Ұлы Отан үшін болған сол арпалыста, Тирмизи контузия алып, фашистердің Освенциум концлагерінен бір-ақ шыққан. Лагерде қараушылардың бақылауында жүріп, тас қопару карьерінде еңбек еткен. Фашистік концлагерьде тұтқындарды қараңғы қаталдықпен қинап, жан түршігерлік тегеурінмен жазалаған: шаштарын қырқып, тістерін қағып, терілерін сыпырып, адамдарды ажалдың пешінде тірідей тұншықтырған. Шаштан – парик, тістен – протез, теріден қоржын жасаған, өртенген адам күлін тыңайтқыш ретінде қолданған.

Уақыт өте, снаряд жарқыншағынан алған жарақаты сыр беріп, адам жаны төзгісіз, ауыр жұмысқа жарамаған соң, Тирмизиді Дрезден қаласына ауыстырған. Дрезден қаласы Германияның ғылыми-тарихи-мәдени орталығы. Мұнда немістің тілін тәп-тәуір меңгеріп, Тирмизи жергілікті тұрғындармен жақсы қарым-қатынаста болған. Неміс солдаттары мен тұтқындардың арасында лагерь басқармасы тақыл-тақыл футбол ойындарын ұйымдастырып тұрған.

1945 жылғы Кеңес әскерінің тегеуріні арқасында тұтқындағы адамдар «азаттық» алған. Солай дегенмен де, кінәсіз жауынгерлерді тұтқыннан құтқарып алынғанымен, «тұтқынға түскен, сатқын...» деген оларға лақап сөз тіркеп, негізсіз күдік туғызып, сенімсіздіктің қара дағы мойындарынан алынбаған. Көсем-сымақтар, жаза ретінде, тұтқында болғандарды өз еліне қайтармай, жер астының, шахтаның ауыр жұмыстарына тоғытты. Сенімсіздіктің желеуімен 1945 – 1947 жылдары Тирмизи де Донбас шахтасына түсірілді. Кеңес үкіметі де, неміс фашизмі де қазақ сарбазының сағын сындыра алмады. Термизи қазақы қайсарлық тұғырынан таймады, қара жерге қағылған қара қазықтай, қасқып тұрды. 1941 жылы соғысқа кеткен кісі 1947 жылы ғана туған ауылы, Ақжарға әуірімдеп, «Шықпа жаным шықпа» деп жетті-ау әйтеуір. Еліне оралған соң, зейнет жасына жеткенінше, Семізбұғы ауруханасы бас дәрігерінің шаруашылық жөніндегі орынбасары қызыметін асқан ждаһаттықпен атқарды. От пен суды ұзағынан кешкен, зұлымдық пен қатыгездікті өз көзімен көрген Тирмизи, ешқашан да адамгершіліктің ақ жолынан таймады. Өмір тауқметіне де, соғыс теперішіне де бір адамдай көндікті, қой аузынан шөп алмайтындай жуастығымен ерекшеленген, дауысын көтеріп сөйлемейтін, досқа адал, дұшпанға қатал, төзімді де тартымды, тиянақты да тәртіпті тұлға – Аймағанбет қажы тегі Тирмизи-тін.

ХІІ АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЖОҚ

Ата-баба аманатына берік бол!

*«Ежелден ер тірегі – ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі»*

Б.Момышұлы

Жақсының атын ауызға алса, төбесі көрінеді. Жақсы болу – анадан. Жақсы болу – атадан. Жақсы болу – батадан. Жақсы болу – Жаратқаннан. Жақсы адам еліне жат емес, өзгеге тат емес. Өзінің әдебиетін, өзінің тарихын, өзінің мәдениетін білген жақсы. Жақсыдан жақсыны үйренесің. Жақсыдан үлгі-өнеге аласың. Жеті атасын білгенге де тәубе деймін. Қазақтың әрбір баласы жеті атасын білуі шарт. Өмір өзен иірімдерінен жеті атасын білген жанның басы айналмайды, әрқашан да өзінің асулы соқпақ жолын тауып жүреді. Жеті атадан жоғары, әрі қарай білу, қазақ екендігіне мастану, жан иесі, үй баласынан ел баласына айналды деген сөз. Қазақта «Ата баласы болма, ел баласы бол» деген ғибратты ой-тұжырым бар. Мұның мәнісі – бірдің баласы емес, мыңның баласы атану зор бақыт екендігінде. Бір дегені - әке баласы. Мың дегені – ел баласы. Бір дегеннің – үйім десе араны ашылады. Мың дегеннің – елім десе емешегі үзіледі. Бірдің баласы қоғамдық ортада жүріп, у-шу шығаруы мүмкін. Мыңның баласы ел басына күн туған тұста, ту-байрақты көтеруі мүмкін. Бірдің баласы елден өзіме алсам дейді. Мыңның баласы өзінікін елге берсем дейді. Әке баласы ошағым деп күйінеді, арындайды, бықсиды. Ел баласы Отаным деп сүйінеді, жалындайды, оттей болып өртенеді. Сондайын, бірді емес мыңды толғайтын, бірдің қамын емес, мыңның қамын ойлайтын, Нияз бен Гүлмираның, Алғабас негізгі мектебі мен аталмыш ауыл тұрғындарының тәлім-тәрбиесін алған, ата салтын тал бойна сыйдырған, даналар ұлағатын сана сандығына салған жас – Аспандияр!

Кадлет корпусы іргесінде, өзінің айырықша ынта-жігері мен білім-ғылымға деген құштарлығын байқатып, еңбек пен спортта табандылық танытып, ТМД елдері бойынша бірден бір кәсіби сержанттарды дайындайтын әскери оқу орнын қызыл дипломмен тәмамдады.

Кадет корпусын бітірген соң, Алматы облысындағы Сарыөзек кентінде әскери қызыметін бөлімше командирі лауазымында бастап, бригаданың сержанты дәрежесіне дейін көтерілді.

Ш.Уалиханов атындағы кадет корпусының іс-әрекеті Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесі негізінде жүргізіледі. Шет мемлекеттерден курсты бітіріп, тәжірибе алмасып келген әскерилер, елге оралған бетте Қорғаныс министірлігінің алдында есеп беріп, аталмыш құрылымға өздерінің жаңа, тың, заманауи да өзекті ұсыныстарын жеткізеді. Америкадағы алты айлық сержанттық курста жүріп, сол елдің орталық алаңында жылына бір мәрте

өтіп тұратын, түрлі ел өкілдерінің бастарын косатын, ұлттық құндылықтарды паш ететін, фестивальдің ортасына түсіп, оқалы шапанды, құндыз бөрікті киіп, қазақтың көк байрағын желбірете ұстап, топты бастап жүруден артық бақыт осынау жалған дүниеде болар ма екен? Осындай бақытқа ие болған біздің шәкіртіміз, ел баласы, Аспандияр Ниязұлы. Сонау Америка жерінде ту ұстап, топ бастап, келе жатқан Аспандиярды көз алдыма әкеліп – марқаямын, масаттанамын, мақтанамын!

Алғабаста, Бурабайда, Швейцарияда, Америкада оқып, Алматыда қызымет атқарған жігерлі жігіт ерен еңбегінің арқасында алынбайтын қамал болмайтынын жастарға үлгі-өнеге ретінде көрсетіп, тартымды деректермен дәлелдеді.

Бүгінгі күні Аспандияр қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген, білігі мол, білімі зор қазақ офицері. Бұрындары өзі үздік бітірген кадет корпусында ұстаздық мінберден лекция оқып, шәкірттеріне әскери әдеп пен әдетті үндеуде, олардың бойына ұстамдылық, патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерді дарытуда.

Шәкіртім, Аспандияр жайлы ойымды, жібек өлең жібіменен кестелей-тоқып берейін.

Ұстазына қарап шәкірті...

*Қолыма алғаным кәрі домбыра,
Бетімді қаратқан тұсым құбыла.
Зулаган уақыт көшіне ілесумен,
Заман өтіп барады, мың құбыла.*

*Шапқан аттың тұяғы тозатын,
Ұшқан құстың қанаты талатын.
Жеріміз бар жазиралы да нулы,
Көрген адам таңырқап қалатын.*

*Ұландар – әскери білім алатын,
Батырларым жолын жалғайтын.
Соғыс өнерін бекемді меңгеріп,
Ұтқырлы ұшақтарды талғайтын.*

*Қарамайтын болдық қымыранға,
Қолымыз жеткен соң зымыранға.
Қос жанар тұнжырап тұрғанда,
Ұқсаймыз самғап ұшқан қыранға.*

*Қалқан-садақ дәуірі келмесе кетті,
Зеңбірек-танкінің кезеңі де келіп өтті.*

*Жиырма бірінші ғасырдың төрінде,
Сандық технологияға ой-санаң жетті.*

*Құла тұлпар шығып үйірден,
Кісінеп шауып, жөнеді далаға.
Темір тұлпар келіп бүйірден,
Техника кілтін ұсынды балаға.*

*Алдаспан ұстаған еді бабалар,
Зеңбіректі сүйреген еді аталар.
Автоматтан оқ боратқан әкелер,
Қаруды ұстамасын, жас балалар.*

*Әскер қатарында тұру міндет,
Аспандияр, өзің атандың кадет.
Ұлан міндетін жетік атқарып,
Ротаңа сыйладың көркем әдет.*

*Аға буыннан алған, өзіңе сай білімің бар.
Аспандияр сынды қазаққа тән есімің бар.
Әскери ғылымды сан-сатылай меңгеріп,
Генералдықты межелеген бір кесімің бар.*

*«Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады.»
Білімі, күші өзіне сай,
Ақылды бәрін жығады.*

*Аспандияр, көк аспандайсың,
Найзағайдан жасқанбайсың,
Батыр бабалар жолын қуып,
Көп белдерден, асқандайсың.*

*Аспандияр, қазақтың қырағы көзі бол,
Ақылы ерен, бабаның даналық сөзі бол!
Отан-ананы жан-тәнімен құлай сүйген,
Бейбітшілік қорғаны, батырдың өзі бол!*

**Ұлыттық рухтың тамыры – ұлыттық ұлық тәрбиеде.
Мәңгілік Ел – асыл арманым, үзілмес үмітім.**

«Елдің татулығы екеудің татулығынан басталады»

Халық нақылы

*Мәңгілік ел – асыл арманым,
Мәңгілік ел – үзілмес үмітім.
Мәңгілік ел – тектілік қызыл қаным,
Бойымды демдеген, шыбын жаным.*

*Туған жер өзің дегенде,
Жан-жүрегім лүпіл қағады.
Туған ел өзің дегенде,
Жыр-өзенім лыпсып ағады.*

Ұрпақтарымызға – ұлыттық тәлім-тәрбие

*«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.
Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін
де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол
ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз»*

Б.Момышұлы

Досқа адалдық – бірлікке іргетас.

Құрметті, Баян Көкенұлы! Келбетті аға, әділетті дос!

Жаңа, 2015 жылыңыз, құтты да, береклі де, мереклі де болсын!
Шабытты шығармашылығыңыз арайлы аспанға шарықтап, кітаптарыңыз
жарыққа үздіксіз шығығып, бақ-дәулетіңіз артқан үстіне артсын. Қазақтың
абройына, Қазақстанның желбіреген туына, Қазақтың асқақтаған рухына
жасай беріңіз, жасай беріңіз, жасай беріңіз!

Құттықтау

*Құлтырған қырда гүл өзі,
Шығыстан шыққан шырайлы.
Жібектей жұмсақ мінезі –
Жұртына төгілген жыр-айлы.*

*Келбеті де сондайын әдемі,
Сүйсінген көрген сыртынан.
Сөзінің ойы маржан әлемі,
Дарыған жастай ұлтынан.*

*Арманы бала кезінен –
Қиын есепті зерттеген.
Бәрін де зерделеп өзі,*

Тау шыңына беттеген.

*Көзінің майын тауысқан,
Жазылды бірнеше оқулық.
Алынбас қамал алыстан –
Төрінде ғылым отыр нық.*

*Жемісі ише түбінде,
Атанды физиканың собкоры.
Береке-бірлік үйінде,
Ашылмай жатыр көп қыры.*

*Өнеге толы алдынан
Мыңдаған шәкірт түлеген.
Қасиет бойға дарыған –
Дарынды жасты сүйеген.*

*Осындай ізгі істерін біл,
Кетпесін алдап бөтен із.
Ерен еңбектері үшін бұл,
Біз бүгін мақтан етеміз!*

*Сізді мазалады ғой талай ой,
Баққаныңыз болыпты ғой ешкі-қой.
Қара орман қазақ халқы үшін,
Елімнің егемендік алғаны ұлық той.*

*Маған түнде бір гажайып келіп ой,
Жаңа гасырдың азаматы сізсіз ғой!
Сексеннің сеңгіріне шыққан шақта,
Толықсыған таңшолпанға теңсіз ғой!*

*Ой түбіне мың батып, мың шығамын,
Баян Көкенұлының есептерін мен ұғамын.
Найзағайдың отын аспанда ойнатып,
Ғылымның сөнбес шырағданын жағамын.*

*Болашаққа ениі – жаңа гасыр жасауы,
Босатылған цифрлік технология тұсауы.
Ілім-білім-ғылым тұлпарының шу асауы.
Заулайды үзіліп темір-шынжыр құрсауы.*

*Баппен ашып жаңа гасыр қақпасын,
Ұстаз шәкірттері босағасын аттасын,*

*Баян Көкенұлының ақ батасын алып,
Физика мен техника тілін жаттасын.*

Баян Көкенұлы – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға, білімі жан-жақты, тәлімгер-ұстаз. Ол «ҚазКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісі, «Еңбек ардагері» медалы, ҚазКСР оқу министірлігі және Қарағанды облыстық оқу бөлімінің көптеген мақтау-мадақтау қағаздарының иегері. «Физика пәнінен тестік есептер» (2007), «Физика пәнінен есептер шығарудың үлгілері» (2008), «Физика пәнінің есептерін шығару» (2009), «Физика пәнінен есептер және оларды шығару жолдары» кітаптарының және де т.б. құнды-құнды шығармалардың авторы.

Өзге, көптеген педагогика-психологиялық ой-толғамдарын ескермегеннің өзінде, Б.Көкенұлы қажыр-қайратын жұмсап, қос жанарының майын таусып, абыз ақсақал, қарт-қариялығына да қарамай, іскерлігі мен біліктілігін сарп етіп, ғылыми өзектілігі келісті, ғаламдық бәсекелестікке қабілетті, тегеуріні мен тереңдігі тоғысқан, түсіндірілуі мен талданылуы тұшымды, 898 беттік үш кітабындағы 1269 есепте физикаға, техникаға және технологияға байланысты шығармашылық шабытын, әдістемелік қарымын, сұрақ жауаптарын табудың сан қилы әдіс-тәсілдерін, оның пәлсапасы мен логикасын, көзі қырақты, ойы шырақты, физико-математикалық бағытты оқырмандарының сана-зердесіне жүйелі түрде жеткізе білген.

-Баян Көкенұлы, сіздің өте мықты физик-техник екендігіңіз ел-жұртқа мәлім. Ал, көркем әдебиетке, тарихи шығармаларға көз қарасыңыз қалай?

- Жыраулардың айтып кеткендері, олардың ішінде Бұқардың жырлары – тұнжырап тұрған тарих емеспе?

-Ақын-жазушылардың ішінен кімдерді айырықша атап өтер едіңіз?

-Әрбір оқырманның деңгей-дегібіріне қарай, өзінің сүйіп оқитын ақындары, жазушылары, тарихшылары болуы әбден мүмкін ғой. Менің көбіне-көп сүйсіне оқитын ақын-жазушыларым: Абай Құнанбаев, Мәшһүр-Жүсіп, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Ілияс Есенберлин, Бауыржан Момышұлы, Ғафу Қайырбеков, Қадір Мырзаәлі, Марфуға Айтқожина, Мұхтар Мағауин, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Сауытбек Абдрахманов, Ілияс Есенберлин, Шерхан Мұртаза, Баянғали Әлімжанов, Фариза Оңғарсынова, Дихан Әбілов, Бейбіт Құсайнов, Тоқтағұл (Қырғыздың ақын-сазгері), Мақтымқұл (Түркіменнің халық ақыны)...

-Баян Көкенұлы, сіз қызыметте боласыз, қиын-қиын есептерді шығарасыз, кітап жазасыз... «Уақыт тұлпарды» қайдан аласыз? Қалайша мұншама авторларды оқып үлгересіз?

-Махсұтхан, мен сенің де өлеңдерінді газеттерден қиып алып, тақыл-тақыл қайталап, оқып санама тоқып жүремін. Өлең сөзді жанымдай сүйемін, өрнекті сөзді пір тұтамын! Уақытты үнемді пайдалану – жұмыс кестесін дұрыс түрде, оптимальды нұсқада ұйымдастыруда жатыр.

-Келер ұрпаққа қандай тілек-пікір айтасыз, Баян Көкенұлы?

-Балалардың шығармашылық шабыты он бір, он екі жасында ерекше болып, атап айтарлықтай ашылады. Мен осындай тұжырымды екі ақынның еңбегінен кездестірдім. Ұлы Абайдың және Ғафу Қайырбековтың. Мырзатай Жолдасбековтың «Абайша сүйіп, Абайша күліп жүрміз бе?» деген мақаласында айтылғандай: Ұрпақтарды да Абай үлгісінде тәрбиелеп тәлімдеуіміз абзал.

Абай өсиет қылып, аманат етіп айтып кеткендей ұлтымызды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, өткенді игеру, ата-баба салт-дәстүрлерін бойға сіңіру, сағалы да, саралы да, саналы да сөзге тұлпардай тоқтау.

Өзімнің тәжірибемнен жастарға, оқушыларға айтайын дегенім бостан-босқа уақыттарыңды өткізбеңдер. Кітаптарды оқып, оны санаға тоқу керек. Адам өзіне мақсат қоя білгені дұрыс. Соны орындауға өзінді баулы. Ата-аналар балаларын еңбекке жүйелі түрде дайындағаны бәріне аброй әпереді. Мұғалімдер көп ізденіп, сабақтарын түсінікті, озық тәжірибелерді қолдана отырып, заманға сай жабдықталған кабинеттерде өткізгендері шәкіртті ғана есмес, бүкіл адамзатты оң нәтижеге, зор ұтымдылыққа жеткізеді.

ХІІІ ӘБЕБИЕТ ӘЛЕМІ – КӨРКЕМ СӨЗ КЕЛБЕТІ

«Мен, мен, мен едім, еңіреп жүрген ер едім, Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім»

М.Өтемісов

Әдебиет – ұлыт руханиятының алтын қазынасы.

«...Әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі, өрнек етіп аламыз?...»

А.Байтұрсынов

Керней ауылында көптеген ұлттар мен ұлыстар, атап айтқанда – қазақтар, орыстар, украйындар, белорустар, шешендер, немістер, молдавандар, корейлер, татарлар, чуваштар, азербайжандар, балкарлар, сығандар тағы басқа ұлт өкілдері – тату-тәттілікте, шат-шадымандықта өмір сүріп, ғұмыр кешіп жатыр. Олар өзара ынмақтастықта тәрбие алып, білімге сусындап, өнерлерін шындап, «Отаным – туған жерім, Отаным – туған елім, Отаным – Қазақстан!», - деп еңбектенуде.

Қазіргі қазақ тілінің сөдік қоры 10 томнан тұрса, оның сөзік қоры 66 мың 931 атауға ие және, сонымен қатар, 24 мың 498 фразеологиялық тіркеспен бірігіп, бәрін қосқанда 91 мың 428 лексикалық түсіндірме сөзді құрайды. Оларды саралап, жіктеп мағыналарын түсіндіргенде, қазақ тілінің жалпы 103 мың 627 сөз қоры бар. Сөз сарасын, сөз зергерін, сөз өнерін қайдан таба аласыз? Сөз сарасы да, сөз зергері де, сөз өнері де әдебиеттің

әлемінен, тарихтың толағай-толымды қойнауынан тірнектеліп табылады. Іздеген табады. Іздемеген қалады. Жер бетіндегі әрбір халық, ұлт әлемдік деңгейге рухани ой еңбектерімен, көркем шығармаларымен танылады. Ондай ұлылардың қатарында қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұт Қашқари сияқты даналар әлемдік алыптардың қатарында тұрады. Абай әдемі бөлек бір дүние-дастан. Абай қазақ ғаламшарының жарқырай жанған жарық жұлдызы іспетті. Аллаға шүкіршілік, Абайдан кейінгі тебіреніс-толқынды, шокжұлдыз шоғырлары баршылық!

Жігіттің төресі – Ермек Хасенұлы!

Алды-артына қарамай, зымыраған уақыт-ай, қайда асығып барасың? Таң атса, көзді ашып-жұмғанша күн батады. Кешегі балауса жастық шақ сен қайдағы қырда қалып қойдың? Ата-бабаларым, туған-туыстарым, жора-жолдастарым, кешегі өзімнің ұстаздарым қара жер қойнында. Қара жер енді бір тойсаңшы, тоятын уақытың болды. Бабалар өлмесе, олар қайда? Күннен-күнге замандастарымның қатары сиреп барады. Еліу жыл еңбек өтілімде үзеңгілес болған азаматтардың көбі арамыздан келмеске шетінеп кетті. Олар: Петрусеевич П.В., Матвиенко П.С., Саметов М.М., Рахимов Е.Х. т.б. Дүние шіркін осы, бүгін барсың, ертең жоқсың. Осы жалған дүниеге кім келіп, кіп кетпеді дейсіз? Бұл ұзын тізімде бәрі де бар – қарапайым адам да, ғұлама данышпан да, сәуегей сұңғыла да. Менің әңгімелейін деп отырғаным «Жерней» мектебінің бұрнағы ұстазы Рахимов Ермек Хасенұлы. Ермек Қаракесек руы ішінде Майлық тармағына жатады.

Ермек

Алланың жазуымен бала болып ата-анадан тудық. Бесікке бөлендік. Құйрығымызды бастық. Ентіге-тыпырлай еңбектедік. Үстел жанында қаз тұрдық. Аяғымызды тәй-тәйай басып жүрдік. Ойын қызығына тоймадық. Таяқты ат қылып мініп, олай-бұлай шапқыладық. Жеті жасқа жеткенше бір сүрініп, бір құлап қара жерден талай мәрте таяқты да жедік. Былдырлап-шүлдірлеп, жанымызға ең жақын, сондай тәтті сөзді бірінші рет айттық. Ана! Дана! Жұмыр жер бетінде анадан асқан дана барма? Айтыңызшы! Әрине жоқ! Қара торғайдың балапаны тәрізді, жанұядан қалықтай ұшып, қос қанатымызды қатайттық. Орындалмас қиялдарға, жеткізбес армандарға тырыса-тырбана талпындық, жігерлене ұмтылдық, өткінші өмірдің базарлы

да назарлы қызығына тоймадық. Осылайша, тәтті қылыққа толы балалық бал-дәурен шақты басымыздан өткердік. Кейінірек еңкейіп қалатынымызды ескермедік. Қара жер қойны тойымсыз екендігін сезінбедік. Түн ұйқысында дөнбекши мазасызданып, ертегі іспетті, өзге әлемге түскендей болып, шымшытырық түстерді көрдік. Түсімізде де отырдық та, жүрдік те, жүгірдік те, шексіз кеңістікте ұштық та, бір сәтте омақаса кеп құлағандаймыз. Бір уақ түнгі елестерден арылып, өз-өзімізге де келдік, дегенмен де, сол түстердің көбісі өңімізде жалғасын тауып, олар өзара сабақтастыққа да ие болды. Таңдана төңірекке шола-барлай қарадық та, тағыдырдың түрлі-түрлі тәлкектеріне түсіп, өзіміздің сара жолымызда жорға жылқы тәрізді желе жорттық та, тарпаң тұлпарға ұқсап тұра шаптық та, қанатты пырақ сынды биіктен биікке самғадық та. Жерлерді көрдік. Ел-жұрытпен етене араластық. Ер жетіп, ел-жұртымыздың азаматы болдық. Ата-ана тәрбиесімен, ата-әже тәлімімен, бабалардың тағылымымен, әулиелердің әпсаналарымен, ислам дінінің ілімімен нәрлене, күш-жігерімізді жүйелі жұмсап, өзіміздің шама-шарқымыз жеткенінше талпына-тырыстық. Ойланып толғандық. Ойға ой, толғанысқа шығармашылық шабытымызды қостық. Тең-құрбыларымыздан білімімізбен өзгеше көріндік. Ой тоқтаттық. Өсе есейдік. Адам баласының арманы таусылар ма? Тілектен мақсатқа қарай жылжып жетпіс жасқа қалай келіп қалғанымызды өзіміз де бйқамай қалыппыз. Айтар әңгімеме иланасыз ба, жоқ па? Оны өзеріңіз білесіздер, бірақ мен жалған айта алмаймын. Не айтсам да имандай шындықты сөйлеймін. Шын тарихты толғаймын. Нені толғасам да ақиқат айдынына қонамын. Бұл дегенім, құлағыммен естігенім, көзіммен көргенім, ғылыми-танымдық әдебиеттерден қазыналап алғаным. Дуалы ауыз, қазыналы қарттардың тағылымға толы әңгіме-дастандарынан нәрленіп, санама сіңгенін ел-жұртқа қажет дүниелерді сезімімнің сүзгісінен өткізіп, ислам іліміне иман келтіріп, өмір өзен өрнегін зердеме алтын кірпіштерше қалап, танымдық тұңғиығыма түйгілей тығыздап, ізгіліктің асылын, қазақы салт-дәстүрдің інжу-маржанын ой-зердеме балапан сынды қондырдым. Осылайша суреттеуіме лайық келетін, менің замандас әріптесім болған, адал дос, халқына қадірлі, елі үшін еміренген, марғасқа жігіт ағасы Ермек Хасенұлы Рахимов еді.

Ермек Хасенұлы білімдар, ізденімпаз тарихшы, орысша-қазақшасы тең дәрежеде, сезімталдығы ерекеше жан болды. Жазу-сызудағы кереметтілігі және сурет салудағы мүмкіндігі таңқаларлықтай, қыздың баласындай сүйкімді, бірде-бір грамматика-орфографиялық қате, артық белгі-таңба таба алмайтындай, сұрыптаудан өткендей, әріптер тізбектері көктегі тәртіппен ұшқан аққу-қаздардай әсем көріністе, тайға таңба басқандай түзілетігұн. Сурет салуын былай қойғанда, кей сәттерінде қоңыр даусымен халық әндерін шырқап, домбырасымен күй төгілтіп те қоятын.

Ерекең Кеңестік заманда білімді орыс тілінде алды, соған қарамастан ана тіліне мығым, қазақы болмысы айырықша әспетті, ұлыттық үрдіс-қарымы үстем ерекше жан-тын. Сөзі мен ісінде алшақтық және қарама-қайшылық байқалмайтын, айтты бітті, аузынан шыққаны қайткенде де іске

асатын. Мұндай адамда бастыққа немесе бір ықпалды адамға деген жағымпаздану бола ма? Әрине, жоқ! Ауыл-аймақ, жер-су атауларын тарихи қалпына келтіруде Ерекең айтарлықтай еңбек сіңіріп, табандылық көрсетті. Керней аулының тарихи «Керней» аталуын қайыруға күш-жігерін жұмсап, ғылыми тұрғыда зерттеп, дәйекті деректермен, тұшымды ой-пікірлермен дәлелдеп бақты. Керней қорымының орны мен оның су ішкен бұлағын көне көз қариялардың көмегімен дәлме-дәл анықтады. Жағымпаздар мен орыс текті ұлтшылдарға дес бермеді, қасқая тұрып қара ниеттілеге қарсылық көрсетті. 2012 жылы сол байырғы қыстақ орны мен бұлақ басына Кернейдің ұрпақтары құлыптас қойды.

Денсаулығының мүшкілдігіне қарамай, «Керней» мектебінде қазақ сыныбын ашуға да менімен бірлесе жүріп білімі мен біліктілігін сарп етіп, қазақ тілінің болашағына, қазақ елінің болашағына алаңдады, қазақы тіл мен діл мүшкілдігін бүтін болмысымен сезініп, жаралы жүрегі канжылды. Бұл күндері «Керней» орта мектебінде он бір қазақ тілді, он бір орыс тілді сыныптарда балалар білім алуда.

Ерекең мектеп директоры, мен оның оқу-тәрбие ісі жөнінен орынбасары болып тұрған кез. Мені ол кабинетіне шақыртты. Кабинетке кіре байқағаным: Ерекеңнің түсі солғын, көңілі түсіңкі екен. Орындықты нұсқап, зілді дауыспен: «Отыр!», - деді.

-Менің мына жалған дүниедегі күндерім санаулы ғана. Сен басқарып мені ақтық сапарыма мұсылмандық жол-жоралғымен шығарып саласың. Мен шеше алмаған мәселелерді сен шешесің, мен тындыра алмаған шаруаларды сен аяқтайсың, мен жетпеген армандарға сен жетесің. Менің аққу-қаз армандарым келместік жағасына жылжиды. Алланың жазуына шара бар ма? Әрине жоқ қой жоқ! Артымда жұбайым, бала-шағам, туған-туыстарым, шәкірттерім, достарым, ел-жұртым қалып барады. Жан дегенде жалғыз ұлым, ізбасарым Арманым артымда қалып барады. Бұған да Жаппар Аллаға шүкіршілік деймін.

-Ереке, мұның қалай!? Не болды? Бұлай деуге болмайды ғой. Жаратқаным бір өзі сақтасын.

-Айттым. Бітті...

Айтқандарыма бір Хал Тағала куә. Бір жетіден сәл асқан соң, Ермек үйі мен мектептің қақ орта тұсындағы соқпақ жолда дүниеден өтіп кетті. Маған айтқандары айна-қатесіз, дәлме-дәл келді.

Болашағынан зор үміт күттірген көрнекті азаматтан, ұлағатты ұстаздан ел-жұрт қапияда айырылып қалды. Ерекеңнің артында жұбайы Рымтай мен бес баласы зар илей, жылап қала берді. Шерлі жанұя ауыртпалығы да, ауыр қайғы-қасіреттің уыты да, Рымтайдың қыл мойнына түсті.

Ерекеңнің жақсы қасиеттері балаларына, оның ішінде Арманға дарыды. Балалары ер жетті. Білгір маман иесілері атанды. Тәрбие көрген тұлғаларға айналды.

«Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату» дейді қазақта. Қалай дәл айтылған? Бұрындары Харьков Университетін өте жақсы тәмәмдаған,

кезінде экономист қызыметін аброймен атқарған, осы уақытта еңбегінің зейнетін көріп отырған, Ермектің бірегей де, сүйкімді де бажасы, Серікбай Бекқожановтың мынандай өлең шумақтары ақ қағазға дестеленіп қалған (2007):

*Өзіңмен бірге өткізген өмір елес,
Сағынсақ та ол еш қайтып келмес.
Жабырқаумен бәріміз еске аламыз,
Өтіпті екен желдей жылдар он бес.*

*Айтсақ та өткініші гої дүние жалған,
Сен тірісің тұрғанда ұлың Арман.
Аруағың риза болсын жеткіземін,
Жалғасын өміріңнің артта қалған.*

*Сыйлы едің ортамызда, қадірлі едің,
Әсем ән, тәтті күймен тербең едің.
Өміріңнің жазында ойда жоқта,
Өкінішпен дүниеден ерте кеттің.*

*Сол қалпы бірге жүрген есімде әлі,
Жиналып жолдас-жора танымалы.
Марқаны өрістегі сойып тастап,
Дем алатын жеріміз «Керней» көлі.*

*Он бес жыл өтті, сенсіз көңіл алаң,
Кімге айтамын сырымды, кімге барам?
Құдай қосқан бажа едің ерте солдың,
Сақталады жүректе жарқын бейнең.*

Тобықтай түйін: Рахимов Ермек Хасенұлы жігіттің төресі еді. Жерін, елін сүйген, арманда кеткен азамат-тын. Өттең, қысқа ғұмыр-ай! Көрік десең көркі, өнер десең өнері, білім десең білімі, адамгершілік десе зор адамгершілігі бар-тын. Аққу-қаздары тым ерте қайтты-ау, шіркін дүние-ай! Мына жыр шумақтарды Ермек Хасенұлы Рахимовтың рухына тағызымым ретінде жолдаймын:

*Сынбайтұғын шөлмек жоқ,
Өлгеннің артынан өлмек жоқ.
Жазымыштан озымыш жоқ,
Қайғы мен қасірет кімде жоқ?*

*Қалайша мен тыныш жатамын?
Қазалы үйге келіп, тіл қатамын.*

*О дүниеделік досыма аза тұтып,
Көңіл айтпасам күнаға батамын!*

*Айдын-шалқар көлім бар қозғалы,
Жиналды аққу-қаздар қайтқалы.
Айырылып қалдым гой әп-сәтте,
Ағам еді-ау алтыннан да бағалы.*

*Аққу-қаздарың өткенде,
Төбеден бұлт төнген де,
Денең мұздап кеткенде,
Ақ жұлдызым сөнген де.*

*Аққу-қаздар қайтқанда,
Ақырғы сөзін айтқанда,
Ішің өртеніп жанғанда,
Пәктік болсын бойыңда.*

*Аққу-қаздар қайтқанда,
Алысқа ұшып кеткенде,
Иманың тұрсын ойыңда,
Хаһтан хабар жеткенде.*

*Аққу-қаздар қайтқанда,
Соңғы демің шыққанда,
Көр қазады жұртыңда,
Дүниең қалады артыңда.*

*Аққу-қаздар қайтқанда,
Күнің арайлап атсын де,
Моллаң құран оқығанда,
Тән рахатқа батсын де.*

*Аққу-қаздарың қайтқанда,
Жас мұз болып қатқанда,
Жоқтау айтып жатқанда,
Сауап болар жұбатқанда.*

*Аққу-қаздарың қайтқанда,
Астыңнан тұғыр тайғанда,
Жаңғыз қаласың қорғанда,
Басыңа құлыптас қойғанда.*

Аққу-қаздарың қайтқанда,

*Зиратқа бөгелемін аз гана,
Жаратқанға жалбарынып,
Дұғамды оқимын, толғана!*

*Аққу-қаздарым қайтқанда,
Жетемін ғой туган жеріме.
Қимай дүниенің бар қызығын,
Өсиет қалдырамын нар еліме!*

Серікбайым серігім – сері сұнқарым!

*Серікбайым менің Серікбайым,
Сені көргенде көңілім көтерілгенді.
Зердемде ойнап құлын-тайым,
Тұлпар сөздерім әсерленіп өріледі.*

*Серікбайым бауырмал замандасым,
Астанада жүрген жаңғыз сырласым.
Серікбайым асыл туган қандасым,
Андасаңда бір сөйлесетін, мұңдасым.*

*Серікбай, жап-жақсы ақынсың,
Болмысыңменен маған жақынсың.
Қазақ жүрегін ақын деп қараса,
Жұлдыздайын жайнап, жанасың.*

*Жанғандағы сәулең сондай жарық,
Жер жаһан жүзі кетеді шуақтанып.
Әңгімелеріңді естіп боламын қарық,
Көңіл-күйім қалады ою-құрақтанып.*

*Ақ мойнына төгілген қара шашы,
Қыз көркі толған аймен таласады.
Орақтай қиыла иілген қара қасы,
Сүттей аппақ бетіне жарасады.*

*Аппақ жүзі жарқырайды,
Ақ қағазға жазған хаттай.
Мінезі жаздай жайдары,
Нұрланады лағыл тастай.*

*Поэзияны жаны сүйеді,
Әнін сызылта шырқатқандай.
Күй құдіретінде күйеді,*

Жыр шумағын тарқатқандай.

*Қызда болады екен мұндай сұлулық,
Таң-тамаша қалатын адам баласы.
Қайдан келеді екен сымбаттылық?
Көркемдік белгісі қазақтың даласы!*

*Біз бір қызға гашық болғандаймыз,
Махаббаттың өртіңде күйіп-пісіп.
Ол бір адамға ұқсап қалғандаймыз,
Күннің ақ сәулесіне қақтала-түсіп.*

*Сонау аппақ қыздың есімі Сәуле,
Сол қыз үшін болып тұрдық әуіре.
Қолаң шашы өскен бұйраланып,
Көзге шоқ үйірілді оны көре-көре.*

*Өмір шіркін не деген түсініксіз,
Ойы мен қыры қырық арпалысқан?
Махаббат әні не деген кіршіксіз,
Ұлы мен қызы сүйсініп, табысқан?*

*Серікбай сені жоғары бағалаймын,
Өзіңменен бірге өзенді жағалаймын.
Өзен жағасындағы құраққа қарап,
Сөз-жыр тұлпарымды тағалаймын.*

*Сөз-жыр тұлпарым шаршамасын,
Қазақтың өмірі таусылмас жолында.
Жігітің білер болар өзнің шамасын,
Желбірегенде көк байрағы қолындағы.*

*Көгілдір туымның биікте желбірегені,
Халқым деп менің жүрегімнің елжірегені.
Көгімде қос аққудың қанатын қаққаны,
Бақыт құсының қолыңда тұнжырағаны.*

*Достығымыз болсын көл айдынындай,
Желсіз күні жалтыраған жазық айнадай!
Айнадай айдынга қонсын аққу-қаздар,
Баянды бақыттан, көзіміз жайнайды-ай!*

*Серікбайым, серігім – сұңқарым,
Таудың қарлы шыңынан сұңқылдаған!*

*Серікбайым берігім – тұлпарым,
Менімен, мәңгілікке дос болып қалған!*

Мындаған шәкірттерімнің маған жолдаған хаттарынан үзінді:

Құрметті Мақсұтхан Тирмизиұлы!

*Ұстазымыз ардақты,
Үлгі тұтамыз сіздерді.
Білім беріп жан-жақты,
Тәрбиелеген біздерді.*

*Аяулы жандар, ұстаздар!
Сіздерге құрмет қыламыз,
Шәкірттің бәрі дән риза,
Ақ жүрегімізден мың алғыс!*

*Жерден галам-ғарышқа,
Жеткізетін алысқа,
Физиканың күші зой.*

*Жарықтан сәуле шашатын,
Тылсымның күшін ашатын,
Физиктердің өзі зой.*

*Соның бәрін үйретіп,
Қолымен берген көрсетіп,
Мақсұтхан ағай ісі зой!*

Бұқар жырау ауданының үн қағазы, ән парағы

*Шексіз де түпсіз ғарышта,
Жүректей ғана жұмыр жер.
Сонау көз жетпес алыста,
Қай шаруамен жүр асыл ер?*

*Хабар күттім ғарыштан,
Мәлімет күттім алыстан.
Мың сезімнің арбауында,
Көрінгенім бар қалыстан.*

*Сарыарқам туган жерім,
Жөргегімді жуган жерім.
Оқуды оқып, тәлім алып,*

Өнер-білімді қуған жерім.

*Бұқар жырауды таныған жерім,
Тіл ұшын қайрап, шалқайған жерім.
Бұқар жырау жаршысын барлап,
Қазақшасын іздеп, қалқйған жерім.*

*Бірлік-түсіністік тілінде тілдесетін,
Аумақты ауданымыз бар – «Бұқар жырау»,
Қазақтың тілінде халықпен сөйлесетін,
Газетіміз бар – «Бұқар жырау жаршысы».*

*Бұрындары «Сарыарқаның тілшісі»,
Сары даланы тіліменен тебіренткен.
Бүгіндері «Бұқар жырау жаршысы»,
Бұқара елін жырыменен тербеткен.*

*Қолыммен парақтап газет бетін,
Ідедім дерек-ақпарат сөздің шетін.
Хабарды күттім жүрек лүпілімен,
Жегідей жеп, жұп жанардың етін.*

*«Бұқар жырау жаршысы» газетім,
Жыр-өлеңнен аларым – ләззатым.
Әдебиетті, тарихты оқығанда,
Жарқыраған, алтын-күміс затым.*

*Мен босқа тағдырыма назаланам,
Өмірдегі қатем үшін, жазаланам.
Кеудемдегі қоқыстардан арылып,
Туғандай қайта өмірге тазаланам.*

*Өмір өзі жаралған алданыштан,
Махаббаттың шоқ гүлін құшқан.
Тамсандырып адамның жанын,
Аққу арманым, пырақ боп ұшқан.*

*Өтті бәрі, бір түнде көрген түстей,
Кеудемдегі арманымды көмген іштей.
Таразылап байқасам, гұмыр көшімді,
Түсініксіз бір тосыннан төнген істей.*

*Жалғыз жұлдыз қараңғы аспанда,
Түн ұйқымның біршамасы асқанда.*

*Таңдана таңсәріден тұрып алып,
Жаңылмас әлемге қадам басқанда.*

*Өлеңімді сөздермен өрнектеймін,
Сөзімді әріптермен көркемдеймін.
Аудан газетінен ақпараттанып,
Тың деректерді оқып өркендеймін.*

*Арда қазақтай елімді сүйдім,
Сарыарқадай жерімді сүйдім!
Махаббатымда болмай шек,
Күлім көзді аруымды сүйдім!*

*Таулардың қойны мың бұлақ,
Ойға түсе әндетеді сыңғырлап.
Ән-жырды еститін сақ құлақ,
Тұрса қыз сырғасы сыңғырлап.*

*Тояттанып келемін, шөлім қанбай,
Аңсауменен семірген көңілім нардай.
Сұлулардан несібем таусылған күн,
Мен қорқам, жар түбі өлім бардай...*

«Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді.»

Ж.Аймауытов

Жыр дәптерінен.

Мақсұтхан АҚЫШ – Бұқар жырау ауданының тумасы. Керней ауылындағы мектепте 50 жыл ұстаздық қызымет еткен. Тарих пен көне жәдігерлерді зердесіне тоқыған шежіреші. Қаламынан қара сөз де, жыр да туады. Халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атындағы және Доскей Өлімбабайұлы атындағы жыр мүшәйраларының жүлдегері. 2010 жылы журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып, поэзия жанрында болған сайыста I орынды иеленген. «Құс жолы», «Бақыт құсы», «Кернейдің әулие бұлағы» атты кітаптардың авторы. Біз бүгін Мақсұтхан Тирмизиұлы ағамыздың бір топ өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Тәуелсіздік

*Төкпелі замандардан аман өттік,
Аңсаған армандарға талмай жеттік.
Егеменді ел болып өз алдына,
Көк туымызды биікте желбіреттік!*

*Қазаққа тәуелсіздік қиын тиді,
Талай боздақ шырылдап отқа күйді.
Рухы мықты, намысты елді көріп,
Бүкіл әлем қазаққа басын иді.*

*Басымызда Тәуелсіздік бақыты тұр,
-Ей, жас ұрпақ, сен оның қадірін біл!
Халқына бағыт беріп, көш бастайды,
Елбасының жүзінен төгіліп нұр.*

*Баянды бола берсін шаттық өмір,
Жаратқаннан болсыншы жағымды әмір.
Гүл жайнаған еліміз аман болып,
Көшбасшыға сыйласын ұзақ ғұмыр!*

Бұқардайын бабамнан

*Ғасырлардан бел асып,
Тілдесем бе бабаммен?
Заман жайлы толғанып,
Үндесем бе бабаммен?*

*Хан деп басын имеген,
Жағынуды сүймеген.
Қара қылды қақ жарып,
Әділ сөзбен түйреген.*

*Ел! деп мұңын жоқтаған,
Ер! деп ұлын ақтаған.
Жер! деп байтақ еліне,
Аруақты ұран тастаған.*

*Үш жүз басын қоссын деп,
Жауын таптап бассын деп,
Кеңес құрған ханымен,
Елдің бағын ашсын деп.*

*Үлгі алайын данамнан,
Бұқардайын бабамнан.*

*Сәуегейлік сөз айтқан,
Сіздей дана таба алман!*

Шүкіршілік

*Атым желісті болды,
Малым өрісті болды.
Арманым орындалып,
Істерім келісті болды.*

*Тар жолдан өткендеймін,
Тарихтың тереңіне кеткендеймін.
Сапарым оңынан болып,
Басты мұратыма жеткендеймін.*

Жалқы шумақтар

*Тегін білген адам текті,
Тексіз түсінбейді түкті.
Текті азамат болсаң сен,
Ел үшін көтересің жүкті.*

*Жүрегің болсын шырақты,
Жанарың болсын қырақты.
Бақытқа әр кез бөлейтін,
Махаббат болсын тұрақты.*

*Біздің қазақ алған беттен қайтпады,
Жауға ұмтылды, қарап бекер жатпады.
Тұрса-дағы қылдай мойны тұзақта,
Дұшпанға досын қиып, еш бір, сатпады.*

*Еліне жаны ашыған хан,
Халықтың сүйіктісі болып кетеді.
Айтқан сөзде тұратын жан,
Асыл армандарына әсерлі жетеді.*

**Облыстық «Орталық Қазақстан» газеті, 12.01.13. №4-5 (21430) 1733
Жоғарыдағы өлең-сөз интернет жүйесіне де түсіріліпті.**



Туған жерге – жүрек тағзымы!

Биік шыңға шыққан қарағай күндіз-түні желдің өтінде тұрады, күн шыққаннан батып кеткенінше оған нұр төгіп тұрады. Сол айтылған шың басындағы қарағайдан алып, таза суга үш қайтара қайнатып домбыра жасаған керемет. Ол домбыраны күн көзіне тастасаң қаңсымайды, дымқыл жерде ісінбейді, күндіз де, түнде де бұлбұлша сайрайды. Семізбұғы тауында қарағай өспейді. Тау бір жерден екінші жерге көшпейді. Қазақтың кең-байтақ жерінде бұлбұл құстар сайрайды! Өнерлі қазаққа қыр қарағайынан жасалған домбыра жетпейді.

Өсімдіктер жер бетіне кебінесе желдің, күстың, аңның арқасында тарайды. Бұл мәселеде адамның епатын орны айтарлықтай. Мен биолог-бағбан болмасам да, өмірімде кептеген бұтапар мен ағаштарды әр жерде өсірдім. Белгаш тоғай белдеуінен қарағайдың ғұқымын жинап, Семізбұғы алқабына сеуіп, азана экологиялық міндетімді орындағандаймын. Ғаң жаратан жар болса, Семізбұғыда да қарағай дендері өскін беріп, «Бал-қарағай» өкі Қаражат пен Мәдинаның орындалуында шырқалғандай, халыққа асары берад деп ойлаймын.

Айтар сөзім болса жүйелі,
Болған әді-ау ауылым түйелі,
Тарихқа үңіле білген кісіге,
Семізбұғы тауы, тасы киелі!
Жерді жайнатқан бал-қарағай,
Қысы-жазы жасып, берігім-өмі
Қазаққа мәңгілікке жан-жолдас,
Өн-домбыра, қарағай сәрігім-ай!

Семізбұғы – домбыра!

Ассалаумағалікум деп беріп сәлем,
Бисмилла деп ғылым, ілім демін ілем!
Сәлем сөздің атасы, сөз патшасы,
Асыл сөздің киесін бабалардан білем!

Туған жерге не жетсін мына жалғанда,
Жеткістен асыл, қойдың жасы қалғанда?
Жүз ойланыл, мың бір мәрте толғанып,
Құран кітабын там аға қолыма алғанда!

Құран кітабын оқып көп жасағандаймын,
Рухани азғындық мопынан асағандаймын!
Тарлан табиғаттың құпияларына үңіліп,
Теніз терізді толқындап тасығандаймын!

Семізбұғы тауының шыңы,
Ауданның ең жоғарғы нүктесі.

Кеншілер күшінің тыңы,
Еңбек қатарманының көстесі.

Туған жерім туғырым,
Сенсіз жоқ қой менің өмірім.
Туған өлім өн-жырым,
Таусылмас, мәнің ғұмырым

Домбырада өкі ішек, бір тиек,
Пернеде билемді көп саусақтар.
Сайраймын, тілде жоқ сүйек,
Ақ пейілді адамды әл ардақтар.

Домбыра дегенім, менің киім,
Қоңыр даусына басымды ием.
Дала мен аспаңды бұсантар,
Қазақ халқының өнерін сүйем.

Домбырам қайда, тез әперөкші!
Күйді тындайын тау бұлағындай!
Керемет әуен көліп тұр құлаққа,
Көктем күнінің таңғы шуағындай!

Домбырамды жаныма тастамаймын,
Өлең-өркенімді сенсіз бастамаймын.
Қайран домбыра, сайран домбырасы,
Өндерді еш уақытта да қолтамаймын.

Тау жаңғырығын домбырадан естимін,
Тау шыңына көтерілуге қамданғанымда,
Көгілдір көкімді кереметтейін керемін,
Ғалам ғаламаттарына тамсанғанымда.

Ой домбыра, сөз домбыра, күй домбыра,
Қазақты, ұрпақты ұлықтап қырға өрлет.
Үн домбыра, жан домбыра, сыр домбыра,
Тарих пенен болышақты жырлап төрлет.

Домбырам Семізбұғы деп сөйлейді!
Семізбұғы дегенім – Отанның бір-ақ нүктесі.
Тағдырдың теңізіне кім қалай бойлайды?
Туған жер – жастық шақтың өдеті, бүктесі.

Болмысым жақсы өленді қалайды,
Алыстан есіпіндеймін сөз-сырнайды?
Елін сүйген сазгер өз туыңдысын,
Туған жеріне, ұлы Отанына арнайды!

Мың отырып, мың жүріп, мың бір жүгіріп,
Еркіндікті алтын бесігім тербеткендеймін.
Айналама көз жүгіртіп, нұр нүктеге үңіліп,
Шабьттың ақ тұлпарын терпеткендеймін.

Қарағайдан қара домбыра шапқанымда,
Сыр, сөз, жыр, өн, күй домбырам сайрады!
Жазық далаға, асқар тауға қарағанымда,
Шапқар шабытымды қайрақтай қайрады!

Атапар шешпеген дау жоқ,
Адамдар шықпаған тау шыңы жоқ,
Маңдай тер жерге сіңгенде,
Жемісін бермейтін бау-бақша жоқ.

Мақсұтхан АҚЫШТЕГІ,
Көрней ауылы I

«Бұқар жырау жаршысы» газеті, №38 (1329), 21.09.19.

Абельдинова Рымкеш Оразқызы (20.07.1949 ж.т.) – ұстаз. Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау) ауданы Аюлы ауылының тумасы. Белағаш орта мектебін аяқтаған. 1972 жылы ҚарМУ-дың физика-математика факультетін аяқтаған соң, Егіндібұлақ ауданына жолдамамен жіберіледі. 1975 жылы Токаревка (бүгінде Мұстафин) кентіне орта мектепке математика пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасады. 1987-2007 жылдары аталмыш орта мектеп оқу ісінің меңгерушісі болады. Білім саласындағы еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.



Айкенов Қайрат Сағымбекұлы (26.08.1940 ж.т.) – ұстаз. Колхозное селосының тумасы. Орта мектепті бітіріп, Қарағанды музыка училищесінің домбыра сыныбын бітірген (1960). Алғашқы ұстаздық еңбек жолын

Елтай орта мектебінен бастаған (1965-1970). Одан кейін Ульянов аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1970-73), аудандық балалар музыка мектебінің директоры (1973-2004) қызметтерін атқарған. Бірнеше рет кенттік кеңестің депутаты болып сайланған. Қ.Айкенов ұстаздықпен қатар, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, мәдениетін дамытуда айтулы үлес қосқан азаматтардың бірі. Білім саласындағы жетістіктері үшін «ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен (1998), «За доблестный труд» медалімен марапатталған. Қазіргі күні зейнеткерлікке шықса да, музыка мектебінде еңбек етіп, шәкірттер тәрбиелеуде.

Ақыш Мақсұтхан Тәрмізиұлы (19.02.1948 ж.т.) – ұстаз. Семізбұғы ауылының тумасы. ҚарПИ-ді бітірген (1971). Керней мектебінде 37 жыл бойы физика пәнінен ұстаздық етіп келеді. Қарағанды, Алматы, Мәскеу қалалары деңгейінде өткен ғылыми-практикалық конференцияларына, Бүкілодақтық педаго-

гикалық Ғылым Академиясы өткізген Бүкілодақтық «Физика сабақтары – 88» ғылыми-әдістемелік фестиваліне қатысушы. «Құс жолы» тәлім-тағылымдық кітабының авторы.

Алтайбекова Мәрия (18.02.1923 ж.т.) – ұстаз. Үлгі ауылының тумасы. Жоғары білім алған алғашқы қазақ қыздарының бірі ретінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын Үлгі орта мектебінде бастаған. Кейін Ақжар мектебінде жұмысын жалғастырған. 14 баланың анасы. Тыл және еңбек ардагері. Еңбек Қызыл Ту орденінің, Алтын Алка иегері. Қазір Құрылыс ауылында тұрады.

Асқарұлы Токташ (10.05.1941 ж.т.) – ұстаз. Қазыбек би ауданы, Егіндібұлақ селосының тумасы. Егіндібұлақ селосының орта мектебін (1959), Киров атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Егіндібұлақ аудандық білім беру бөліміне нұсқаушы қызметіне қабылданды (1965). Абай атындағы мектептің оқу ісінің меңгерушісі (1968), кейіннен директоры болып тағайындалды. Талды ауданының Доғалаң кеншарында партия комитетінің хатшысы (1975-1987). Қаракөл орта мектебінде оқытушы, ұйымдастырушы (1987-1988), аудандық білім беру бөлімінде нұсқаушы (1988-1992), Қазыбек би ауданы кәсіподақ комитетінің төрағасы (1992-1997). 1997 жылдан Бұқар жырау ауданы Ботақара селолық орта мектебінің директоры. Ерен еңбегі үшін Т.Асқарұлы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1989) белгісімен, ХШЖК алтын медальдарымен, ҚазКСР білім беру Министрлігінің, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен (2007) марапатталған



Әбдірахманов Қазали Сақауұлы (5.03.1928-4.10.2003) – ұстаз. Жастілек ауылының тумасы. Алматы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазМУ) тарих факультетін бітірген (1952). Еңбек жолын

Ворошилов аудандық білім бөлімінің мектеп нұсқаушысы қызметінен бастаған. Одан кейін Қ.Бабаев атындағы кеңшары бастауыш мектебінің меңгерушісі, №5 Үлгі орта мектебі оқу ісінің меңгерушісі, Колхозное селосы сегізжылдық мектебінің мұғалімі, Ульянов аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Гагарин атындағы орыс мектебі тарих пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарған. Қ.Әбдірахма-

**Ақыш Мақсұтхан Термизиұлы (19.02.1948 ж.)**

Қарағанды обл. Бұқаржырау ауд. Семізбұғы аул. туған. Қарағанды пед. институтын бітірген. Шежіре жинаушы, өлкетанушы. Пед. өтілі – 39 ж. 1976-2015 жж. – Бұқар жырау ауд. Керней ОМ физика пәнінің мұғалімі. Сабақ үрдісінде техникалық құралдарды, көрнекілік материалдарын қолдану, зертханалық жұмыстарды жүргізудегі тәжірибесін ауд., обл. физика мұғалімдерінің семинарларында таратылған. Оқушылары физика пәнінен ауд., обл. олимпиаданың жүлдегерлері. Республикалық «Мастер-класс» журналында ғылыми мақалалары жарық көрген. «Құс жолы», «Кернейдің әулие бұлағы», «Бақыт құсы», «Аққу арман», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу әкеркем – аққу әуенім» шығармашылық еңбектерінің авторы; халық ақыны А.Байсалбайұлы ат-ғы мұшайраның жүлдегері (2007 ж.); ақын М.Айнабеков ат-ғы қаламгерлер байқауының жүлдегері (2010 ж.). Қазақстан журналистер Одағының, республикалық Педагогикалық қоғамның, Қарағанды обл. оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Аға мұғалім» атағының иегері (1989 ж.).



Родился в с. Семізбуга Бухаржырауского р-на Карагандинской обл. Окончил Карагандинский пед. институт. Собирает шежіре. С 1976-2015 гг. – учитель физики СШ с. Керней Бухаржырауского р-на. «Использование технических средств, наглядных материалов на уроках физики, на практических и лабораторных занятиях» распространен в школах р-на, а также на районном обл. семинарах учителей физики. Его учащиеся – победители и призеры районных, обл., республиканских олимпиад по физике (2002-2008 гг.). Творческие труды опубликованы в республиканском журнале «Мастер-класс». Автор книг «Құс жолы», «Кернейдің әулие бұлағы», «Бақыт құсы», «Аққу арман», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу әкеркем – аққу әуенім». Призер конкурса стихов им. А.Байсалбайұлы (2007 г.), конкурса им. поэта-сатирика М. Айнабекова (2010 г.). Обладатель звания «Старший учитель» (1989 г.). Награжден почетными грамотами МОН РК, Союза журналистов РК, республиканского Педагогического общества, Карагандинского областного управления образования.

Алдажуманов Ғайнолла Сейсенбаевич (1939 ж.)

Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Тегісшілдік аянда туған. ҚарПИ-ді бітірген (1962 ж.). Еңбек өтілі – 26 жыл. 1962-1971 жж. Қарқаралы ауд. «Қарқаралы» с-зы ОМ математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, 1971-1980 жж. Бесоба а. №8 ОМ директоры, 1980-1988 жж. Қарқаралы ауд. білім беру бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі, содан кейін 1988 ж. Бейбітшілік а. №14 ОМ директоры болып тағайындалады. Бейбітшілік а. №14 негізгі мектебінің 1992 ж. орта мектепке айналуына және жаңа мектеп құрылысының салынуына және мектепке қазақтың тұңғыш құқық магистрі Ж.Ақбаевтың атын беруге елеулі еңбек сіңірді. №14 ОМ директоры ұстаздардың өздерінің педагогикалық мүмкіндіктерін бағалауға өз диагностикалық зерттеу әдістерін енгізді. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен (1990 ж.), «Еңбек ардагері» медалімен (1986 ж.), В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне мерейтойлық медалімен (1970 ж.), Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Родился в с. Тегісшілдік Каркаралинского района Карагандинской области. Окончил Карагандинский пединститут. Стаж работы в организациях образования – 26 лет. Преподавал математику в СШ с-за «Каркаралинский» (1962-1971 гг.). Работал директором СШ №8 с. Бесоба (1971-1980 гг.), заведующим методическим кабинетом Каркаралинского районного отдела образования (1980-1988 гг.), затем назначен руководителем школы №14 с. Бейбитшилик (1988 г.), которая благодаря Алдажуманову Г.С. была реорганизована из неполной в среднее учебное заведение, переехала в новое здание и получила имя первого казахского магистра Ж.Ақбаева. Успешно внедрил в школе педагогические консилиумы для всестороннего изучения личностей учащихся. Для подготовки выпускников к поступлению в ВУЗы, начал вводить элементное тестирование по предметам, внедрил зачетную систему, принесло отличные результаты. Награжден нагрудным знаком «Отличник народного образования КазССР» (1990 г.), медалей «Ветеран труда» (1986 г.), юбилейной медалью к 100-летию В.И.Ленина (1970 г.), Почетными грамотами.

Алиахмет Баршагүл Төлеуханқызы (03.01.1968 ж.)

Балқаш қаласында туған. Е.А.Бөкетов ат-ғы ҚарМУ-ді 2005 ж. бітірген. Жезказған обл. Приозерный ауд. Қарасу с. С.Сейфуллин негізгі мектебінде және Ақтоғай ауд. Абай ОМ бастауыш сынып мұғалімі, технология пәнінің мұғалімі, мектеп жағындағы интернет меңгерушісі, 2005 жылдан оқу ісінің меңгерушісі, 2013 жылдан Абай негізгі ОМ директоры. Мектеп түлектері 80%-ы жыл сайын мемлекеттік білім грантының иегерлері болады. Оқушылары аудандық, облыстық, республикалық пән олимпиадалары жүлдегерлері атанды. Сол жылдары орта мектепті бітіретін оқушыларды жоғары оқу орнына түсуге дайындау үшін тестілеу жүйесін енгізді, өте жақсы нәтиже берді. «Мен және мені қоршаған орта», «Қолөнер» таңдау курстарына арналған бағдарлама құрастырып шығарғаны үшін «Әдістемелік вернисаж» байқауына қатысты. Қарағанды облыстық білім басқармасының, Республикалық әдістемелік «Мектептегі технология» журналының Құрмет грамоталарымен марапатталып, Ақтоғай аудандық білім бөлімінің Ағыс хатына ие болды.



Родилась в г. Балхаш. Окончила КарГУ в 2005 г. Работала учителем труда, начальных классов, технологом зав. пришкольным интернатом школы им. С.Сейфуллина с. Карасу Приозерного р-на Жезказганской области и СШ им. Абая Ақтоғайского района Карагандинской обл., с 2005 г. зам. директора по учебной части с 2013 г. директор Абайской основной СШ. Каждый год 80% выпускников данного учебного заведения завоевывают государственные гранты на получение высшего образования, ученики становятся призерами республиканских, областных, районных олимпиад, внедряют методы диагностического исследования, прогнозирования результатов своего труда. Алиахмет Б.Т. разработала программы прикладных курсов «Я и окружающий меня мир», «Руководитель». Участвовала в конкурсе «Методический вернисаж». Награждена Почетными грамотами Управления образования Карагандинской области, республиканского методического журнала «Технология в школе», получила благодарственное письмо от дела образования Ақтоғайского района.



Мақсұтхан Термизиұлы
Ақыштегі
(19.02.1948 жылы туған)

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кенішінде дүниеге келді. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмамдап, Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, 1971 жылы бітіріп шықты. Елу жылға тарта Керней ауылындағы мектептерде ұстаздық қызмет атқарып келеді. Көне жәдігерлерді зердесіне тоқып, оларды зерттеп білуге құштар жан. Жер аралау, тауға шығу, төл тарихты түгендеу - оның сүйікті іс-әрекеті.

«Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атында өткен жыр мүшәйраның Доскей Әлімбайұлы атындағы жүлде иегері (2007). Журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып (2010), поэзия жанрындағы ерекше қабілеті мен ой мазмұндылығы үшін I орын алған. «Алтын қалам – 2016» Республикалық әдеби байқауына қатысып, поэзия жанры бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген.

«Құс жолы», «Бақыт құсы», «Кернейдің әулие бұлағы», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу ақеркем – аққу әуенім», «Ақындар – ақ періштелер аспандағы», «Аймағанбет қажы және оның заманы» т.б. шығармалардың авторы. Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім беру департаментінің, аудандық-ауылдық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталған. «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітабында М.Т.Ақыштегінің де есімі ұлықталған. (2017).

Ақындар – ақ періштелер аспандағы!
Ақын үшін, өзін туған жер ыстық,
Керегі оған оңашалық, тыныштық.
Қараңғы түн, жарық күннен сұрап,
Ұшқынды найзағаймен де ұрыстық.

Шабытты шақта дүлей желдеймін,
Ағыл-тегіл, аласұрған, асау селдеймін.
Ойдың тереңінде, дүниенің шетінде,
Жалғыз тұрсамдағы, үлкен елдеймін.

Поэзиям – арым менің,
Ақындар – нарым менің,
Жыр-өлең жұбанышым,
Бір Аллам – пірім менің.

Ақын – боз таң ататын,
Жырдан шашу шашатын.
Ақын – аққу құс ұшатын,
Сөз сұлуы бетін ашатын.

Ақын – ақ періште аспандағы,
Көкжиек шымылдығын ашқандағы.
Жазушы – қара жол жорғасы,
Қаратау бектерінен әрі асқандағы.

Өшпес өлеңі түсіме енді,
Жыр әлеміне белгілі есім.
Менің сөзіме кім иланар,
Толғаныста өтті кешім?

Әдеби есімдер есімді алған,
Жаттала, жадымда қалған.
Түн іші адасып жүргенімде,
Бағымды ашып, жол салған.

Есім бір кірді, бір шықты,
Боранды күні кім ұнатпайды ықты?
Әуезді әуенді естігенімде,
Рух қуатым боран мысын жықты!

Әдеби есімдерді мен іздедім,
Ұзақ жол жүргенімді сезбедім.
Алыс сапарлардың сүрлеуінде,
Өлеңді оқымағаныңа төзбедім.

Абайым деп ұшқындадым,
Бұқарым деп жалындадым.
От-жүрек лүпілін үптеп,
Мәшһүр деп тасқындадым.

Мен өртеңдім, лауладым,
Мүлгіген әлемде қалмадым.
Тау өзеніндейін арқырап,
Күндіз-түні дем алмадым.

Өлместейін өлең өркендеші,
Жан сырымды өзің өрнектеші!
Жалғаса берсін өнердің кеші,
Ақын, көш бастар еркем деші!

Жазушыны тыңдауға жұртым дайын,
Әсерлі әсем табиғатымды аймалайын!
Жанарым жарқырайды жұлдыздайын,
Өнер сүйер арда халқымнан айналайын!

Төкпелі замандардан аман өттік,
Аңсаған армандарға талмай жеттік.
Егеменді ел болып өз алдына,
Көк туымызды биікте желбіреттік!

Қазаққа тәуелсіздік қиын тиді,
Талай боздақ шырылдап отқа күйді.
Рухы мықты, намысты елді көріп,
Бүкіл әлем қазаққа басын иді.

Басымызда Тәуелсіздік бақыты тұр,
-Ей, жас ұрпақ, сен оның қадірін біл!
Халқына бағыт беріп, көш бастайды,
Елбасының жүзінен төгіліп нұр!

Баянды бола берсін шаттық өмір,
Жаратқаннан болсыншы жағымды әмір.
Гүл жайнаған еліміз аман болып,
Көшбасшыға сыйласын ұзақ ғұмыр!





Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл

Ғұмыры өнеге Қаныш аға

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (Ғабдулғани) – зоолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті. Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.

Был биыл аты аңызға айналған академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр. Кезінде Жезқазған-Ұлытау өңірінің тарихын, мәдениетін зерттеуде көп еңбек сіңірген ғұламаның өсімін ұлықтау – өте маңызды міндет. Әлемге қазақ жерінің дархандығын, қазақ елінің данышпандығын, сүйікті Отанының дарабоздығын өзінің қазақы, көркем келбетімен алғашқылардың бірі болып көрсеткен – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкөлін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Нәрестеге Ғабдул-Ғани деген есім берілді. Үлкен ұлы Ғабдул-Ғазизді әркелетіп Бөкеш дегені сияқты, Ғабдул-Ғаниын да анасы Әліма "Ғаныым, Ғанышым" деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Арғын, Сүйіндік руы, Қаржастан шыққан.



Қаныш Бабына келтіріп, өшекейлеп жасайды екен. Бірде ресорлы, жеңіл, оймақтай арбаға Негірбай молла қызғып

–Теләубек, мына ербемі маған бер, – дейді. «Сүрінбейтін түйе жоқ, жарылмайтын жақ жоқ» сөзін қазық малшаларда айтылғандай, шөбер арбаны қимай, не қы, не жоқ деп тіп қатпай, тақыр жәрме қарадан қазақ тарды, үй-түсіні, мәңгілік қала берей. Солан соң Теләубек кісіміздің дертіне тұрғышпаңай. Ұр жақынға қазына тұспай, түрнеке тұрғышпаңа күн мен түннің аяққа берей. Мына бақсаған ал-құрт!

–Теләубекке недей жам жабысқан? Кезінде адам көрсе көрпеге орнап, тығылп қалады. Сөзден сөз шығып, Теләубектің Негірбайға арбасын борамендей ал-құрттын құлағына жалпымен жалғай өсп жетпей. Бірде ауылдың ақсауы:

–Теләубек, Негірбайға арбадан өспей, ат-шалаң аяғыңды бер, қорық қорсаңды қайыру икеңнен, молладан қашып сүре дейді. Теләубек қарияның айтқанын ая өтпей орындап, жәпті күн ағара, тал-бойына жабысан жаманын тазарады. Сонда Негірбай:

–Теләубек, мен саған теріс беткем әдейілеп бермадым. Бірақ та қалауыма қарсымен жағарғаным китей ғана ренімді сөздей, – дейді.

Мына, осындай адам баласы қанышысы, шын өмірінде болған арбағы Қаныш таңалғандарға сол түрде жеткізіледі. Бірақ шын дегенін алғашқы бұл мысалдан тіп-қандай ішкі сезімін, терең түйсіктің адам психологиясына оң немесе теріс әсерін тигізгендігі, қазақ болмысында салт-дәстүрдің, атап айтқанда, қолдан келетін мен тәртібінен қорық көрсеткендігі хабарлап өтіп, адамның сана сәнділігіне оңай алып діңкән сөздей. Бұл «Көңілді – қорыққа қорықпа. Талап – досқа өкпе бер. Берген қолы – алған, алған қолы – берген. Қанышты іс-шарада берсе, адамның қалағын дүние-сің бергенде мереке бар» деген ұлылар ұлымына пера-пер түйсікпен ойнай топшылады. «Жанның алауы, жүректің қалауы» тұжырымынан тұмдайтын қазыны салт-сананың ұлағатында өрнек өрнек-жар мен керемет қызық жасарғандығы Ақша ауылында болып өткен оқиғадан айтып байқалады.

В Желаровтың 1911 жылдары Павлодардағы училищесінде оқып жүрген кезін суреттейтін өлеңімізде айтылғандай, жасаны көретін өз, омы түйсіне білетін көңіл аралы туған жерге өр тасынан байлығы, иті-лік көре білетін зеректігі, өлең деген өлең сүйсініп-шілігі Қанышты ұлы сөзге өтті. «Ақбетте бұл құран, қалыпай ұшқан қос сұрылым, ат тұсақы аттейтін қарай орманым, жаулар Жасыбай қалың қалас ботқа-қарсаң алуы, өлінің желі ауым қылып, ауызқала қосуы, зерттеу жүргізген жерлерім көркем-шұрылғы тілімен жетізіп, беріше жылға болсама жасай алуы – ғалымның көп қырларының бір ғана зертін.

Шығыста да, теологияға сүйрген еңбегі ұшан-теңіз Қанышты қазы қана өлең, бүкіл өлең қырғандар. Ғалымды мен ғылымға сәйресін өкбей қайғы баға беріп қолдан келімес, бірақ, қаламы келгендігімен менің тұрғышмайтын қызына көтеріп келгенім айту – лары! Шексіз мәңгілікте, уақыт қырағында, күн жүйесінде, өзге планеталарымен бірлесіп, «Сәтбаев ғалым-шары» да қалыптау!

Мақсұтхан АҚЫШТЕП,
өлкетанушы, ұстаз,
Керней ауылы

Есте Сәтбайдың өулеті.
Қаныш ғалымнан өнеге алмай!
Жер қойнауын зерттеп,
Пайдалы қазбаларды ашап
Құла түлпарын өртеп,
Айналасына шығам шашқан
Ағаштарды жемік құрып,
Қазақтың бойын өсірген.



Тұяң толпырағында тұрып,
Елде жерді өңіретін көшпен,
Қазақ ұлы даланың нес,
Беріңдігі, ақпайт өр өткен
Елге қызық жер мекен,
Бөсіңде бірлікті тербеткен
Ұлылығы өл тасынады,
Қаныш жарырады жасындай!
Қаныш өркінді ағарды,
Тұядан қыран-бүркі құсындай!
Ғылымның шырын алған,
Ұлы тұламалықын ұраны,
Ғаламшарда өсім қалған,
Қаныш, қазақтың қыраны!

Аққар ауылдан қырысы, руы Баба-Жанды-Шөгірты соғыды тарыптан, сол күзде бесінші сәуір айына, Шайықсұлтан Салыңқылы Қойлыбайтың айтымы, «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1950 жылы Жоғары Кеңестің депутатына үміткер болған тұста, кәзірі Бұқар жырау ауданындағы Үлгі ауылына ақ түтес, ат құлағы көрінебізін боран күні, неші шыарт уағында жетті. Кәнеңді ауылдың үлкендісі өрнекді ізет-түтпалымен, тіп түркіп, көтеріңкі көріліммен күтп алаы. Ғалым ауылдың барлық адамның көп ұстастан, ақсаң ақалттықпен, өрнексіз мейірімділікпен, сондай үлкен сәғиыншымен сәлемдесті. Атақты ғалымның бойының биіктігіне, қалымын жұмсақтығына, көрнектілігіне шайықтанды, жас бала болсам да, қайран да қайран қалып, қатты теңдидім! Ол Шәдірте Журналдың үнінде өск қырайт құлақ болып, ағыс жолдан шыршаң-шылдыңтың кейіндеріне қарап, қартымды да тәлімдеді, қазақы едет-сұрылғы, салт-дәстүрге, талам-тәртіпке өте бай, ибарғты өкіл-мәнермен, үй ішіндегі жұртты еп-сатта толығымен баурап-ақ алды. Ертенкісі тұтаған боранның өскірін, өкініші орай, тұяң толпырағы, Теңдіке табын іргей алмай, Керней мен Алғабас ауылдарына көш бөсей тұрып-ақ, Алматы қаласына жол тартты.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Ақша ауылында Теләубек есімді шөбер атарға мен аша-

Дарыды ұлдың анасы Әліма Исанымы кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде дүние салады. Жас бала Имантайдың бейбәнесі Нұрмы Тасболатқызының мейірімін әрі құтты бауырында өсіп, Болашақ ғалым өз өскінін, ауыл молдысымен, оған қоса жерілікті төрт жылдық Ақкөл мектебінен алғашқы білімін алды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда ақтайды. 1911 жылдан бастап Павлодардағы 2-сыныпты орыс-қазақ училищесіне аттанады. Аталған білім ордасын мерзімінен бір жыл бұрын бітірі шығады.

1914 жылы Семей мұғалімдер семинариясына түсіп, омы төрт жылда ақтап, бастауыш мектептерге орыс тілінен сабақ беруге құқық беретін куәлікке не болады.

1918 жылдың күзінде Земство басқармасының көрсетуімен Алаш қаласында ашылған ауылдық қазақ мектептері үшін мұғалім болудан еңбек қолын бастайды. Курс бастауы - Троицк мәдресесін төмедаған Мәниан Түргөмбаев, оқы іосың мейірушісі Павлодарда және Семейде өзі-мүш сыныптас - Жусыбек Аймауылов.

Томск технологиялық институтының математика факультетіне түсуге даярланады. Оқуға түсу үшін математика және ағылшын тілінен өткізіледі тексеру керек-ті. Осы мақсатта Томск университетінің математика факультетіне бітірген Семей қаласында еңбек ететін Ғарифола Нығметұлының қолына математика пәні бойынша жұмыс сабақ алады.

1919 жылы қатты науқастың, ауруханаға түседі. Ауруханада өмірден дерлік С.Н Рауфбердиев науқасқа бұдан былай Семейде қалуға болмайтындығын өскертпей.

Неміс жаушысы Леох Фейхтвангердің «Талақтың адамы – қой істе болсын талақтың деген сөзі Қанышты Сәтбаев тұяғында деп сүйсінеді. Қазақ «кісі қылты адам» деп баға беретінінің бірі, өр бірегей, тәлем, геологияғы өз алдына, жоқенер де өз, зәңгер де өз. Қалаңгерлік, суретшілік өз неге тұрады?!

«Ол – он жылды қазақ мектептеріне алгебра оқылып алғаш жазған. Ол – Абай шығармаларының алғашқы бір басылымының редакторы. Ол – Ер Елге тұрағы жарға ұялы, тұяғына жасып, жонқ өліп шығарған. Ол – Мұрын жырау мен Қырымның қырық бақырын жазған. Ол – өз дәуірі тыныс-тыңдығын шежіресі» деп баға берей Қаныш тұялы қаламың тербеткендер.

Егер табиғаттың тілін түсінбесе, өз айтқандай, тұяң қарын тақтарына толғанбаса, ол тұялы ойланбаса, тұяң жарын ірге тасын қарған өле білмесе, тұяң жарың, гүл мен тасын деп Сәтбаевтың зерттеу алу күмен өскен. Елің өр тұяң, өр тасын қадірлеп, жән-жәнмен сөзіне білу – Қаныштың өң бесті қасиеті. Өзінің алдында өмір сүру және жұмыс істеу сөзді зор құрамытқы үлесіне тиендік өз ұяң оң өл ұяң басып салады. Оның алды деген қырайтты Антания Барған саларында «Мәңгілікте» «Сіздің өңде қазықтардың бар сіздей бін пе?» деген сұрағына «Ол не дегенді, халқым менен де бін» деп жауап бергендінен-ақ байқайды.

Семейдегі Қызылтай, Бөлету – Бір-бірімен үйлесімді халқсаң Қареген қала түсуді Ақбеттау – Тең шалғын сұлулығын таласаң Бағалықтан бұл дәуірде маңында, Шалар жерде шығуы өңк бесінде, Жора-жолға жүргені жән-жән, Қызыл ір, қараған сәлімнің ішінде, Өң тербей, ұлы даланы күй көрнеген, Төбе-хоталар жүр жолды қиялаған, Қазантың көң маңдайлы перзентке, Жар-дәст бинам нұр жауыры үлкен, Балықта – жер сөзге, Қаранды көріп қайран қалам!

20 апрелі 2019 года **Бұқар жырау жаршысы** 20 сәуір 2019 жыл 7 бет

16 (1307)

«Бұқар жырау жаршысы» газетінен

Ғайыптан мұнарланған мұң мұңылық

*Ғайыптан мұнарланған мұң мұңылық,
Тұрғандайсың төбе астына тығылып.*

*Қай тұстан қарасаң да көз сұғынып,
Көрінбейсің адамдарға мың құбылып.*

*Ақыл айтқың келеді жайыменен,
Жүгіргің келеді жердің сайыменен.*

*Таласқың келеді тұлпар тайыменен,
Тілдескендейсің, адамның дәйіменен.*

*Нұрлы күн шуақ шапсам дейді,
Қос қанатты құс ұшсам дейді.*

*Балғын бала өссем дейді,
Мұратыма жетсем дейді.*

*Бозбала ақбелден ассам дейді,
Алга қарай адым бассам дейді.*

*Бойжеткен қыз кетсем дейді,
Қылдай өткелден өтсем дейді.*

*Әкесі баласына сыншы,
Сен, осынымды түсінші!*

*Ана балаға мейірбан,
Анадан баланы кім айырған?*

*Ұстаз шәкіртін үйретейін дейді,
Шәкірт ұстаздан үйренейін дейді.*

*Жарлы бай болсам дейді,
Бай елге би болсам дейді.*

*Би хан болсам дейді,
Хан құдай болсам дейді.*

*Құдай боламын деп,
Әуіре-сарсаңға түспе.*

*Маңдай теріңді төкпей,
Жоқтан барды сен күтпе.*

*Арманыңа тек жетпейсің,
Сен құдай болып кетпейсің.*

*Сені күтеді қауіпті жорық,
Әр уақтта құдайдан қорық.*

*Адамгершілік істен аспа,
Адал еңбектен сен қашпа.*

*Жарлы, бай, би ия хан бол,
Кім болсаң да тәубешіл бол.*

*Тәубешілдік тоқ қылады,
Имансыздық жоқ қылады.*

*Жаманнан кесепат дейді,
Жақсыдан шарапат дейді.*

*Кесепатың жоқ болсын,
Шарапатың мол болсын.*

*Көзің болсын қырақты,
Жүрегің болсын шырақты.*

*Сөзің болсын қанатты,
Қос аққудың пірі іспетті.*

*Сөзімнен таба алмайсың мін,
Жаратқан берсін пәк ниетті!*

*Менің айтқаныма илан,
Ата-баба тілегі, өсиет!*

*Отан – асқақты ардағың,
Құрыш қолды, сом білегің!*

*Отан деп соқсын жүрегің,
Бұл менің саған ақ тілегім!*

*Еліне жаны ашыған хан,
Дана адам болып кетеді!*

*Айтқанымды ұққан жан,
Асыл армандарына жетеді!*

XIV АРТЫҚ ҒЫЛЫМ - КІТАПТА

Ғылым ғақлиясы – ғаламдық деңгейдегі ғылымға даңғыл жол

«Абай – адамзаттың өркениет тарихындағы ұлы тұлға. Абай – қазақтың гана емес, адамзаттың ақыны»

Ф.Майор

Мәшһүр-Жүсіп – әрі ақын, әрі ақылгөй, данышпан, пәлсапашы. Ол – XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, Жанақ ақын тағы да басқалардың жыр толғауларын жинаушы. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс дастандарының үлгісінде «Гүлшат – Шеризат», «Ғибратнама», «Шайтанның сауабы» т.б. қисса-дастандарды жазды...

Біз бұрын өзіміздегі ғылымның дәрежесін одақ деңгейімен саралап-бағалап келдік. Соған қарамастан ол кезде де Одақ шеңберінен шығып кетіп, әлемдік шеңберден орын алған ғалымдарымыз, Құдайға шүкір, болған. Бұл қазақ даласында Ш.Уалихановтан кейін Қ.Сәтбаевты айтамыз. Ол кісінің әлемдік геология ғылымында алғаш рет жасалған, металдарды, қазба байлықтарды барлаудың геологиялық картасы - әлемді мойындатқан дара еңбектердің бірі. Аспан әлеміндегі кішкентай ғаламшар «Сәтбаев» атымен аталады. Бұл әлем астрономдарының біздің елдегі ғылымды, елді силағаны, бағалағаны деп білеміз. Ө.Марғұлан әлемдік деңгейдегі ғалым, ал қазақ математикасының дамуына зор үлес қосқан, жаңалық ашқан А.Тайманов, Ө.Жәутіков, А.Жұмаділдаевтардың еңбектерін бүкіл әлем елі мойындады. М.Айтқожин молекулярлық генетика саласында клеткалардың құрылымын ашты, әлемдік ғылымға үлес қосты. Химия ғылымы саласында Ө.Бектұровтың фосфор химиясына қосқан үлесін талай елдердің ғалымдары бағалады. Ал металлургия мен химияда Е.Бөкетов орасан зор жаңалықтар ашты. Тарих саласында М.Қозыбаевтің, философия ілімінде Ж.Әбділдиннің, геологияда А.Абдуллиннің, механизмдер мен машиналар саласында Ө.Жолдасбековтың, лазерлі технология саласында Ғ.Әбусейітовтың, тамақ мәселесі жөнінен Т.Шормановтың еңбектері мен есімдерін әлем ғалымдары өте жақсы біледі.

*«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы...
Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,*

Аққуым менің, аққуым

*Аққуым менің, аққуым,
Айдынды көл-дарияны көркейтесің.
Аққуы менің, аққуым,
Ілім-ғылым кеңістігімді кеңейтесің.*

Қазақ халқының табиғатына тән бір ерекшелік, жер-су атауларын тарихи оқиғалармен не болмаса тарихи тұлғалармен байланыстыра отырып, ат қою болып табылады. Нәтижесінде қазақ даласындағы әрбір тау-төбелер, өзен-көлдер, тұрақ-жайлар атаусыз қалмаған. Олардың әрқайсысына тән әңгімелер баршылық. Осыған орай әрбір атауларға байланысты көргені көп, естігені мол ел азаматтарының пікір айтуға, ұсыныс жасауға ой-толғауларын жазуға хақысы бар деп есептеймін. Есімдермен аталатын жер-су атаулары да жиі кездесіп отыратындығы баршамызға белгілі. Атап айтқанда, Баянауыла аңыздағы Баянсұлудың есімімен байланыстырылса, Семей өңіріндегі Жидебай қыстауы Жидебай батырдың құрметіне аталған деген пікірлер бар. Сондықтан, осы тұрғыдан алып қарағанда Керней ауылын Керней батырдың есімімен байланыстыру тарихи тұрғыдан да, халықтық тұрғыдан да қисынға келіп-ақ тұр.

Кітапта елең еткізер елеулі тұжырымдар баршылық. Солардың бірі осы кітапты жазуға көп жылғы ізденісінің нәтижесінде қол жеткізген. Нақтырақ айтқанда, көпті көрген көнекөз қариялармен мүмкіндігінше жүздесіп, солардың айтқан ой-пікірлерін еңбегіне арқау ете білген. Екінші мәселе, кітапты жазу барысында Керней батырдың замандасы Ақтамберді жыраудың шығармаларынан үзінді келтіріп отырған.

Кітап шығармадан гөрі зерттеу, іздену еңбегіне жақынырақ тәрізді. Бірнеше тақырыпшалардан тұратын қайырымдардың әрқайсының өзіндік түйіні, тілге орайлы шешімі бар. Еңбек тарихи деректерден де құралақан емес. Есімханның өмір сүрген кездері, оның баласы Салқам Жәңгір ханның заманы тарихи мәліметтерге сай алынған. Керней батырдың да өмір сүрген кезін аталмыш хандармен тұстастыруы көңілге барынша қонады. Әрине, шығармадағы айтылған мәселелердің барлығын нақты тарихи дерек деуге болмас, дегенмен де, белгілі бір деңгейде тарихи шындықтармен түйісетін тұстары баршылық. Мәселен, Кернейдің Корнеевка аталуына байланысты ой-пікір Ю.Г.Поповтың «Ботакаринский узел» деген еңбегінде жан-жақты айтылған (86-100-бб.). Сондай-ақ Керней батыр туралы С.Смағұловтың «Қаракесек-Көкбөрі Керней» атты тарихи романын да атап айтуға болады. Осылардың барлығы Керней батырдың өз кезінде елі мен жерін қорғаған атақты батыр болғандығын нақтылай түседі. Ал, халық батыры «мынау сенің жерің, анау менің жерім» деп еш уақытта бөліске салмаған. Төңіректің

тұтастығын сақтау үшін ел шетіне жау келсе, бес қаруын асынып, шалғай деп алыссынбай тоқтаусыз, атойлап жауға шапқан. Олай болса, автордың кітабындағы Керней жайындағы тұжырым-түйіні көңілге қонады.

Көпшілікке ұсынылатын шығармалардың қай-қайсысы болмасын, белгілі деңгейде тәрбиелік өзегі болуы тиісті. Аталмыш еңбектің Керней батырдың ерлігін дәріптей жазуы, оның тарихта болғандығын дәлелдей көрсетуі жастарды Отан сүйгіштікке тәлім-тәрбиелейді. Әсіресе, шығарма соңындағы өлең түрінде берілген толғау біздің пікірімізді айғақтай түседі.

Автордың тілі жатық, мазмұны оқырман жұртқа жеңіл, шығармашылық тәжірибесінің мол екендігі анық аңғарылады. Ойы орамды, қаламы қарымды Ақыш Мақсұтхан Тирмизиұлының «Көсем келбетті ер – Көкбөрі Керней батыр» кітабын жариялауға болады деп санаймын.

М.І.ӘБДУОВ,

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Толқынын көңіл жеткізе алған өлеңмен

*Толқындайды көңілім мұхиттай,
Қазақтың байтақ даласына қарағанымда!
Жан-жағым меруерт-жақұттай,
Бұйра шашымды самалмен тарағанымда!*

Ақыш Мақсұтханның жаңа «Аққу арман» шығармасына оның өмір турасындағы, туған жер мен келер ұрпақ туралы әңгіме-өлеңдері, пайымдары мен ой-толғамдары, қара сөздері енген. Қарапайым мектеп мұғалімі өзінің жүрек тебіренісін өлең сөзбен өрнектеп, жастарды шыншыл да әділ болуға, мұсылмандық қағидасынан алшақтамай, ұлыттық болмыс-бітімімізді тұғыр етіп, дұрыс жол таңдауға үндейді. Сол жолда ілгері-кейінді ғұмыр кешкен ғұламалардан қалған пайымдарды оқушылар назарына жаңа қалыпта ұсынады, ашық пікірталасқа шақырады. Өзінің алға қойған мақсатына жету жолында риторикалық сұрау салуды сәтімен пайдалана білген. Дайын жауапқа дайын сұрақты місе тұтпай үлкен сауалды іздейді. Сұрақ көп те, жауап аз. Кітап ойлы, тілі шұрайлы, зерде-санаға қонымды. Қиналған кездегі жан күйзелісі, жүрек сыздап, бауыр езіліп, бас зіл тартып жатқан уақытта да уайымға салынбай, өзін-өзі сергек ұстап, ой қуатын жегіп, жоғары адами көзқарасынан жаңылмай, жанына серік еткен жыр дестесін қымыздай сапырып, ішкі толғанысы мен көңіл толқуын өлең-сөзбен өрнектейді. Шымырқанып қара сөзбен баяндайды, су-жорға сөзбен жырлайды.

Өлең-сөздері терең мәнді де кең мағыналы, оқырман қауымға сан-салалы ой салып, рухани нәр беріп, намысты оятып, ақ пен қараны ажыратып, адами ұғымнан мақұрым қалмай, көзді бадырайта аша қарап, оның мен солынды бағдарлауға шақырады. Ұлтжандылық сезімді оятып, туған ұлтының қадір-қасиетін ұғынып, ұлыттық бояудан, үрдісіміз бен ата-

бабадан ұрпаққа ғасырлар тізбегінен мирас болып келе жатқан ізгі қасиеттерімізді һәм қастерлеуге шақырады.

Туған жер, Отан ана, сұлу табиғат туралы... жазған өлеңдері де көкірекке ән әуенін әкеледі, қанды ысытады, намысты жани түседі. Әсерлі де әсем, табиғаты сұлу, тарихтың тар жол, тайғақ кешуін сақтап жатқан тау шыңдары, көлеңкелі орманы мен жанға жылу беріп, көңілді сергітер сазды бояуға малынған көз жауын алардай келбетті туып-өскен аймағын асқан шабытпен, аса бір терең тебіреніспен толғайды.

«Өмір жоқ қой, өмір жоқ қой мәңгілік, өте шығар өзегінді талдырып» деп ақын Сырбай Мәуленов жырлағандай, адам баласы мынау жарық дүниенің аз күндік қонағы екені рас қой. Осынау еңбектен жазушының Семізбұғы тауынан бастап Қу, Қарқаралы, Бұғылы, Тағылы, Алатау, Қаратау, Қазығұрт, Балқантау, Баянтау, Қызылтау, Сарытау, Далба тауларын аралап, өр Алтайдан ару Атырауға дейінгі ел, жер тарихына қатысты деректің баршасын айналымға қосуға асыққанын көреміз.

Жазушы шығармаларында қазақтың әсем табиғаты мен ел азаматтарын өзара тығыз байланыстыра қарастыра отырып, олардың ұлттық, бірегей болмыстарын оқырманына көркем тілмен жеткізе алған. Қазақтың бұлақтай мөлдір, қайындай сымбатты, аққудай пәк, сандуғаштай өнерлі, жылқы мінезді, даладай дархан тінін ақындық қуатымен кестелей алған.

Болат ҚАЛИ,
Ақын, ҚР АША құрметті академигі

Менің Қазақстаным – достықтың асқарлы мекені

«Музыканы сүю үшін ең алдымен оны тыңдай білу керек»

Д.Шостакович

*Дәмін татырған астарынан,
Сөзді асырмаған бастарынан.
Семізбұғы тауы тұр қасқыып,
Шұғыла шапқан тастарынан.*

Қазақ елі ХХ ғасырдың соңында ұрпағына 30 мың әнді, 3 мың күйді қалдырған екен. Қазақ әндері мен күйлері – ұлытымыздың рухани асыл қазынасы. Халық өзінің басынан кешкен ұлан-ғайыр тарихи оқиғаларды осы әндері мен күйлері арқылы айта білді, бере білді. Өз көкірегінен шыққан шабыт сезімін арманы мен үмітіне арнаған-тын. Сондықтан болар француз жазушысы Ромен Роллан, поляктің саяхатшысы Янушкевич, орыстың зерттеушісі Затаевичтердің пікірлерінен-ақ ән мен күй күдіретінің қасиеттерін анық сезінеміз. Атақты Ромен Роллан А.Затаевичтің «Қазақтың мың әндері» деген жинағымен таныса келе былай деген екен: «Қазақтың Отаншылдық жігерге толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше танымдылығы сондай, қазақ әнін тыңдағанда, күллі

дала алдыңнан өткендей елестейді». Қазақ топырағында әншілік өнердің кеңінен өркен жайуына Мұхит, Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Жаяу Мұса, Әсет тағы да басқа өнерпаздар өлең жазып, оған ән шығарған дала дарындары-тын. Құманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сүгір, Ықылас, Дина, Секендердің күй құдіреттері әлемдік деңгейге сай саз-әуендік шығармалар қатарында.

«Музыка – күллі өнердің ішіндегі ең құдіреттісі, ең әсерлісі»

Г.Берлиоз

Қос Семіз мұнарланған

*Қайран Семізбұғым сайрандаған,
Өмірің өтіп барады тайраңдаған.
Қолға қайла, күрек, шелек ұстап,
Есте, корунд теріп, тауға барған.*

Қайырмасы:

*Қос Семіз мұнарланған,
Көруге естіген жан құмарланған.
Нанын жеп, суын ішіп,
Түрлі халықтардың мейірі қанған.*

*Семіздің малы сыймады-ау етегіне,
Жайылған қой-ешкі семірген бетегеңе.
Алтыс жыл дәурен сүрген есіл Семіз,
Әркімнің жел жетегінде кеткенің бе?*

Қайырмасы:

*Қос Семіз мұнарланған,
Көруге естіген жан құмарланған.
Нанын жеп, суын ішіп,
Түрлі халықтардың мейірі қанған.*

*Қос Семіз басың биік, шөбің сұйық,
Балаларың ойнаушы еді болып киік.
Корундіңді талап – талап алғанда,
Төсекке жата алмадым ішім күйіп.*

Қайырмасы:

*Қос Семіз мұнарланған,
Көруге естіген жан құмарланған.
Нанын жеп, суын ішіп,
Түрлі халықтардың мейірі қанған.*

Ескерту. Қанша жылдан бұл қыстауларды мекендейтіні, ауылдың уезді қала, отырықшы ауылдардан, сауда орындарынан қашықтықтарын көрсететін екі бағана қысқартылып тасталынды.

Керней төңірегінде мың ағаш шоғыры болса, соған сәйкесінше мың бұлақ бар. Қазақта әрбір төбе-шұңқырдың, қырат-алаңның т.б. атаулары ықылым замандардан бері тарихи қалыптасқан. Сондықтан, бұл мәселе үлкен, ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ел-жұрттың, туып-өскен жердің әділ сөзін ұстану, болашақ ұрпаққа аманат.

Бұқар жырау ауданы бойынша

Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

№ р/с	Ескерткіш атауы	Ескерткіш түрі	Ескерткіш тұрған жер
1	Ботақара қорғаны, қола дәуірі	Археология	Петровка ауылынан Б-қа 4,7 шм жерде
2	Тас жәшіктері, қола дәуірі	Археология	Ростов ауылы, Нұра өзенінің оң жақ жағасында, Қызылжар ауылының жанында
3	Хорошевское қорымы, қола дәуірі	Археология	Белағаш ауылынан ОБ-қа 17 шм жерде
4	Ащысу 1 қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 5 шм жерде, Ащысу өзеніндегі көпірден СШ-қа 2 шм жерде
5	Алтынсу 1 қорымы, ортағасыр	Археология	Ащысу өзенінің оң жақ жағасында, бөлімшеден ОШ-қа 7 шм жерде, Шешенқара ауылы
6	Алтынсу 2 қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден ОШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
7	Алтын-төбе кенші, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан О-ке 20 шм жерде
8	Ташық қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 3,5 шм жерде
9	Алтын-төбе қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
10	Алтын-төбе 2 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
11	Ақбалықты қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден СБ-қа 0,2 шм жерде, Шешенқара ауылы
12	«Хорошевское» қорғаны, ЕТД	Археология	Белағаш ауылынан О-ке 3 шм жерде

*«Жата алмас ем, топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай тасың болсам мен егер..»*

Қасым

*Жан-жүрегімнен жыр аңқыған,
Сарыарқа жеріме таңқаламын.
Қасиеті өр ел-жерімді аралап,
Мен қайранда қайран қаламын!*

Жер мен ел егіз ұғым. Қазақтың қасиетті елі, кең-байтақ жері сөз бола қалса, «Ат шапса тұяғы тозатын, құс ұшса, қанаты талатын» мидай жазық даласы мен сол дала төсіндегі дархан да қонақжай елі көз алдымызға еріксізден еріксіз келіп тұрады. Ұлы дала! Ұлы халық! Мәңгілік ел! ...

Бір биікке шығып, өмір өзенге қарағаныңда өз-өзіңнен қайранда қайран қаларың қаһ. Бұл нендей аса тәттілік? Бұл не деген асқан сұлулық? Бұл не деген асқарлы қимастық? ...

*«Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтып қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.»*

Абай

*Өмір, асқар тау өзені,
Биіктен құлап кетеді!
Тезімен өтер гұмырың,
Арманына кім жетеді?*

Серік Кәрібайұлы орта бойлы, кең жауырынды, мығым денелі, жүзі жарқын, сөз өнеріне шебер, өте кішіпейіл, адамгершілігі мол, үлкенді аға, кішіні іні ретінде құрметтей білген, ішкі мәдениеті бай, жұмысқа өте ұқыпты, шынайы досқа адал, мейірімді жан-тын.

Серік Кәрібайұлы, бұрынғы Ульянов аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Ульянов ауданының Ульянов кентінде № 354 жолдарды пайдалану участкесінің бас инженері, «Қарағанды жолдары» АҚ № 54 жолдарды пайдалану участкесінің бастығы болып жүрген уақыттарда ауданымыздың өркендеп-көркейуіне ынта-жігерін, білім-ғылымын сарп еткен, ауданымыздың қарқынды дамуына мол үлесін қосқан аптал азамат-тын.

Серік Кәрібайұлы туған ел тарихының, туған жер тарихының, еліміздің саясаты мен эконимикасының, сондай-ақ қазақтың төл мәдениетінің білгірі болатын.

*«Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.
Қуатың ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.»*

Абай

*Сан хатымды жаздым,
Мен сізді есіме де алдым.
Қуатым жетпеген соң,
Кешігіңкіреп те қалдым.*

*Жол бар ма адаспауға, жаңылмауға,
Өмір өзеннің жаңа гұрпын қабылдауға?
Тарихтың парақтарын мың ақтарып,
Тым құрығанда бір өзіңізді сағынбауға!*

Көктем... Алты ай қыс бойы қара жердің бетін жауып жатқан қар еріп жатыр. Табиғат жандана түскен. Көктем жылы күндердің хабаршысы тәрізді, адамдар үшін жаңа белестерге деген бетбұрыс басталады. Осындай көктемнің жаймашуақ күндерінің бірі ой-елегіме, жады-зердеме, көз алдыма оралғандай әсердемін.

Зеңбір көк, шексіз ашық аспан. Домаланып, Жерге алтын шапағын шашқан сұңғыла биікте орналасқан көңілді күн бүгін күндегіден де ерекше нұрланып, Жер-Анаға мейірім шуағын молырақ төккендей. Жан-жағымда бір-бірімен сыбырласып, әңгіме-дүкеннің көрігін қыздырған бірі биік, бірі аласа, бірнеше қатарға сап түзеген сарбаздар іспетті, сыр-сымбаты жарасқан ағаштар легі. Ағаштардың жанында күңіреніп, кейде күмілжіп, бірде арқырап, енді бірде арнасынан мүлде жоғалып кететін ерке Нұра өзені сусыған суық жүзді жылан секілді ирелендеп, біртүрлі лайланып, аққысы келмесе де өз-өзіне қысас қылғандай жүйткі жылжып жатыр. Осы өзен мен ағаштардың арасында қатарынан дүйім жұрт сиятындай етіп жасалған жол бар. Жолдың жиегінде әдемілеп безендіріліп, ағаш түстес лакпен сырланған орындықтар қойылған. Сырт тұстан зер сала қараған адамға, ұмытылмас әсер бергендей құбылыс жанарыңның тап алдына жақындап келгендей.

Иірім-іірім, талай-талай жолдарда Серік Кәрібайұлымен сырлас-сапарлас болдым. Бірде Серік Кәрібайұлы мені аудан орталығына шақыртып алды да «Екеуміз жол белгілерін, аудан жолдарының бойындағы атау-жазбаларды қарап шығайық», - деді...

Серік Кәрібайұлы Бұқар жырау ауданының жол белгілерін қазақшалап, ұлттық нақышқа, ою-өрнекке келтірген бірден-бір, текті тұлға-тын.

*Сапар мынау, сағым қуып, асыққан,
Көзім табиғат кереметіне қаныққан.
Көкжиекке сіңген иісің – сырласым,
Өзге емес, ағам алдымнан жолыққан.*

*Жанымды қыстың аязы қалтыратып,
Өтер жортуыл тірілік, тездеп уақыт.
Күн нұрымен қол ұстасып кетіп барам,
Бүгінімнің алды – қайғы, арты – бақыт.*

Бірде, 1980 жылы, осы жолмен, Ульяновканың (қазіргі Ботақара кенті) көшесімен келе жатқанымда, «Мақсұтхан, Серік Кәрібаевичтің кабинетіне кел» деген дауыс радио-күшейткіштен саңқ-саңқ етіп, бірнеше мәрте жаңғыра-қайталана құлағыма жетті. Өкінішке орай, мұндай ғажайыпты ғұмырымда көрмеппін де, естімеппін де. Аң-таң кейіпте, мелшиіп, қаққан қазық тәрізді, қақиғаннан қақиып, тұрып қалыппын. Есімді жиып, өз-өзіме келіп, Секеңнің кабинетіне құрақ ұшып жеттім-ау, бір уақта.

-Ассалаумағаликүм Серік Карібаевич!

-Оғаликүмассалам, сәлемші жігіт!

-Секе, мені шақырттыңыз ба?

-Шақырттым! Кел-кел, келе ғой, төрлет, Мақсұтхан! – деп, орындыққа отырумды меңзеп, тілек-ишаратын білдіріп жатыр, ағай.

-Жай шақырттыңыз ба?

-Аудандық газеттен өлеңдерінді оқыдым. Өте жақсы жазыпсың. Жаза бер, жаза бер, жаза бер, Мақсұтхан.

-Рахмет, аға! Менің мұнда жүргенімді қайдан білдіңіз?

-Мен сен туралы бәрін де білемін, - деп жымия әзілдеп, масаттанған кейіпте, қарқ-қарқ күліп алды, Секең...

Биылғы жылы (2009), сәуір айында, Посевой ағайдың жетпіс жылдық тойында Секеңмен кездесіп қалдым. Оқиға былай өрбіді: Ботақара кентіндегі «Бәйтерек» кафесінің дәлізінде көп адамдар арасында қаннен-қаперсіз тұр едім, есікті ашып, ішке қарай беттеген Секең маған қарай, мен ол кісіге қарай жүгіре басысып, «О Секе», «О Мақсұтхан» десіп, қос қанаттарымызды кеңінен жайысып, қырмызы қыздардай қуана қауыштық. Орындыққа жайғасқан соң мал-жанның амандық-сулығын сұрастық, бір-бірімізге деген аға-інілік, асқарлы аңсау ықыластарымызды, бауырмалдық аса болмыста білдірдік. Секең аудан орталығынан Қарағандыға қоныс аударғанын айтып, өзі кіндік кескен жерін, туған елін сағынатынын, менің ата-бабаларымды өте қатты сыйлайтынын, әңгіме, өлең-жырларымды оқып жүретінін тебірене толғады, жалпы еңбек сүйгіштігіме барынша баға бере сөз тиегін домбырадай тербетті. Мұндай жайтты күтпеген жағдайда, аң-таң күйде Посевой ағайға: Мұндай сәт болашақта болмайды. Мен өзгеге осы әңгімені айтсам ешкім де нанбайды. Сіз бұл сөздерге куә боласыз. Посев Аринович, уақытыңызды бөліп тындаңыз, Секең маған өмірлік бағамды беріп жатыр... - деп, бойымдағы толғаныс сезімімді еш баса алмадым.

Бірінші столдан кейін Майдан Майбасұлы, Шарапат Қауденұлы үшеуіміз әңгіме-дүкен құрып тұр едік, Секең мені қайрадан өзіне шақыртып алды. Екі ара сөз сарасын қысқа да нұсқа негізде келтіріп кетейін.

-Қағаз-қалам тауып әкел, қаладағы мекен-жайымды, телефон номерімді жазып ал. Қала ішіндегі үйдің орналасу тәртібін өзім сызып берейін, сонда бізді оп-оңай тауып аласың. Маған дереу жет, қадірлі қонағым боласың, саған айтар назарлы да базарлы әңгіме-әпсанам мол.

-Сіздерге дайындап жүрген сыйлығым бар еді, соны алып, жазғы демалысқа шыққан соң, жеделдете жетемін, аға, дедім көтеріңкі көңілде.

-Байқа, бейқам қалып жүрме, кешікпей кел, Мақсұтхан, - деп мені кеудесіне тартып, құшағына құшып, бетін бетіме тигізіп, қолымды қайыра-қайыра қысты. Содан барып, бірер уақыттан кейін туыстарына қымбат, халқына қалаулы айтулы азамат, ел-жұрты мен туған жерін жұмақтың төріндей ардақтаған асыл аға, келместің кемесіне мініп, мәңгіліктің меніреу мекеніне кетіп қалды.

*Көңілім бос, тебінгі сау, терілік аман,
Мәуелі жерім, тәуелсіз елім, еркін қоғам!
Күндерден күн ұзап, өтті өксік заман,
Тек енді тіл қатпайды өр тұлғалы ағам!*

Адамзаттың асыл да жарқын қасиеттері, Отан сүйгіштік өркен-өскіні, Серік Кәрібайұлы сынды, сәулелі азаматтан айқын көрініс беретін, ол кісі өз маңындағы жан иелеріне оң әсерін тигізетін. Ағаны қимастық сезіммен еске алып, ой тереңіне, зерде шұңқырына түсіп кеткендеймін. Бір адам жарық дүниеге келеді. Бір адам жер астына кетеді. Жарық дүние қызығына кім тойған? Күннің жарығына, айдың нұрына масаттана білейік, ағайындар. Адамның көркемдік бейнесін жадымызда берік ұстап, оларға екі дүниенің жақсылығын шын жүректен тілейік.

Серік Кәрібайұлының жарқын бейнесі отбасының, туыстарының, жалпы, ел-жұртының жадында әрдайым сақталары сөзсіз деп білемін.

Мәуелі бәйтерек

Мәуниянов Рахатай Қалиұлы – партия-шаруашылық қызметкері. Ақжар ауылының тумасы. Кеңшар директоры, Ульянов аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін абройлы атқарған. «Құрмет Белгісі» орденімен және ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

«Бұлбұл құс туған жерден гүл іздейді...»

Бәкір Тәжібаев

*Текіден текті туар дараланып,
Асыл ой шығар бойдан сараланып.
Көрінгенге еліктеймін деп жүріп,
Діл, ата-салтымыз қараланбасын.*

Қазақ халқы ықылым замандардан-ақ жалғасқан түрде текті елдер қатарынан табылған. Тек дегеніміз сол ұлттың түпкі ата-бабалары болмақ. Тегін білмеу, ұлттық өз ділін білмеу – қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпында «әдепсіздік», «тексіздік» деп сыналады.

Үлгі тұту мен еліктеу адамзат жаратылысындағы жасырын сезім. Сөз ұзақ, бірақ, үлгі қысқа әрі ықпалы мықты. Адам баласы жай ой мен үгіттен гөрі нақты үлгілер мен мысалдарды мойындайды. Бұл оның үйренуіне қолайлы болғаны тәрізді толығымен қабылдау үшін өте қажет.

*«Махаббатпен қарап бақ,
Тамыр соқса солқылдап.
Мен жазайын сізге хат,
Оқып көрсін ол шындап.»*

Абай

*Айдан ай туып, келсе сәуір,
Жан-дүниеміз болар тәуір.
Есіл ел-жұртым дегенімде,
Елжіреп езіледі тасбауыр.*

Бақытқа жетудің бірден-бір жолы – әділдікпен өмір сүру – жақсыға еліктеу, үлгілі болу. Өмірінің сәтсіз тұстарын емес, қуанышты күндерін еске ала отырып, бақыт құсына қолын жеткізген адамдар нұр-сәулетті жерімізде, бақ-дәулетті елімізде, Құдайға шүкір, баршылық. Сәттілік-сәтсіздікке орайлы бұлай дегенмен де, бір-ер шегініс жасағаным жөн шығар деп топшылаймын.

Республикамыздың кішкентай ғана бір нүктесінде біздің ауыл орналасқан. Аты – Ақжар. Кішкентай болған соң карта бетіне түспей қалған. Бірақ ол ауыл кішкентай болғанымен, мен үшін ең үлкен, қасиетті де қастерлі жер. Ол жерден үлкен-үлкен адамдар, әділетті де намысты, парасатты да еңбекқор аға-апалар – ислам ғылымхалын насихаттаушылар, дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар, өзге де түрлі-түрлі сала мамандары, сондай-ақ ғалымдар шоғыры шыққан. Мына жарық дүниеге келген күнінің сәтіне байланысты, сондайын салықалы азаматтардың қатарынан Рақатай Қалиұлын атап өтудің орай-орамы келіп-ақ тұр.

Біздің ата-бабаларымыз жақсы мінез-құлықтың қайнар көзі болған ғой. Ол кісілер терен иманды, сөзге шешен, дауда дана, елге пана бола білген. Бұл қастерлі қасиеттер Рақатай Қалиұлына да тектілік негізбен, ата-баба қанымен дарыған. Ол қарапайым да кішіпейіл-тін. Баламен бала, данамен дана тәрізді сөйлесетін. Рақанның ақылы, білімі, мәдениеті және де еске сақтау қабілеті, мен мұндалап, көрер көзге анық көрінетін.

Таң шапағының арайы, самал желдің екпіні, бір шөкім бұлттың рені, қара құмырсқалардың көшуі, боз торғайдың шырылы, төрт түліктің мінезі келер күннің, айдың, жылдың қандай боларынан хабар береді. Қазақ

таңсәріде тұрып, аспан жұлдыздарына карап, ауа-райының құбылу қарқынын болжап, алдыңғы аптаға арнап ойша жұмыс жоспарын жасаған. Таң намазын оқып, үстел басына отырған. Онан соң мал-жаймен айналысқан. Кешкі астан соң да далаға шығып, айналадағы табиғи құбылыстарға зер қойып, ой-зерде әлемі тереңіне түсе білген. Мұның барлығы, барлығы да адамның денсаулығына, болмысына, алдағы іс-әрекеттеріне оңтайлы ықпал-әсерін тигізетін. Адамның асылы денсаулығына не жетсін, шіркін?!

Агроном ағаның алажаздай жамбасы жер искеген емес. Тынығуды ұмытқалы қашан? Егін-жайларды бақылайды. Жайлау-жайылымдарды аралайды. Ауа-райын барлайды, бағамдайды. Дикан-малшылардың қал-ақуалын қадағалайды. Ел-жұрттың жағдайларын жасайды. Халқының қамын ойлайды. Үлкен-кішіге салықалы сөзін айтады, аяғын шалыс басқан адамға деген ақыл-кеңесін аямайды, оның дұрыс жолға, ақ жолға түсуіне ықпалын тигізеді.

*«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»*

Абай

*Сөйле тілім сөйле, шаршама,
Айтылар сөздерім бар қаншама?
Өтер айлар, жыл, гасырлар да,
Жазылар тарих-дастан соншама!*

... Бақыт құсы, сен өзі қайдасын? Емхана қабырғалары шынайы, жүректі жарып шыққан тілектерді көбірек естіген деуші еді. Бұл сөз шын сөз тәрізді. Сай-сүйегім сырқырап, жаным жай таппай, жүз-мыңдаған ойдың шетіне тікенеңдей қадалып, түп-шегіне жете алмай, күйзеліс үстінде жатырмын. Өткен өмірім – артта, бұлыңғыр мақсатым, жете алмай келе жатқан асыл арманым – алда. Бүгінгі күнім емхананың күңгірт қабырғасына сыр шертумен, көмескілеу өтіп жатыр. Осынша толқыған сәтте сағат тілінің бір орында тұрып қалатыны кісі көңілін күйзелтеді. Осы заманда ештеңеден сескенудің, еш қорқудың да қажеті жоқ деп өз-өзімді сабырға шақырып, тыныштандырғандаймын. Сөйтіп жатқанымда, тәтті ойлардың ерік-ырғағына еріксізден еріксіз еріп кеткенімді өзім де білмей қалдым. Сол қансонарлы ойымды жобалап, аман-саулықта жүрсем, оны қағаз бетіне түсірем деп – өз-өзіме серт еттім ...

*Қатар жүрер қуаныш пен қайғы,
Әрбір адам өмір деген көшке ерер.
Сонау көп көштің ішіндегі әр кісі,
Үлгілі ұрпақтың жетілуін ескерер.*

Тау етегінен сығырайған күннің өзі күңіреніп батты. Самал жел де аспандағы бұлттарды жинап алып, сарғайып тұрған күннен бір нәрсені жасырғандай көзін жаба береді, жаба береді, жаба береді. Содан ба, таңғы суықтың ызғары мен ызыңы басылар емес. Қырық жамаудан құралған ескі лашықтың иесіне бұл суық ауыр тиері белгілі болатын. Дірдектеген дене жылы көрпенің астында жатса да, жылу бере алмайтын жағдайға жетті. Бір жағынан кара суық, екінші тұсынан ауыруы асқынып, жігіт ағасының ығыры шықты. Денесінің шыдамдылық танытуға қауқар-қабілеті жетпеді. Жалғыздықтан ба әліде қараңғылықтан ба, әйтеуір бұл өмірден жалыққандай, өз-өзін дайындап, өмірден үмітін үзе бастады. «Е-е-е өте шыққан өмір-ау!» - деп асқынған ауыруға, денені демдеген дертке ешбір қарсылықсыз берілуді жөн санады. Шыдамсыздықпен өлімді күткен себебі, келесі өмірде жан рақатын көретін шығармын деген оның ойы бар-тұғын.

«Өлді деуге сия ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»

Абай

*Өмір – жарық қылует,
Өлім – қараңғы силует.
Қуанышта да, қайғыда да,
Төгілші өр өлеңім, құдірет!*

*Жанымды мың мұң үңгиді жұртта,
Сұңгимін көзімнің көл-дария жасында.
Молалар шоғыры мүлгиді ымыртта,
Жарты ай мүсіні жалтырап басында.*

Өмірін өлімнің өткір өксігі кесіп кетпегенде, Рақатай Қалиұлы 2015 жылғы қазан айының 25-ші жұлдызында 75 жасқа келер еді. «Өлімге өкпе жоқ. Тағдырға тергеу жоқ» дейді қазақта. Жаратқанның жазуына көнбеске шарамыз жоқ. Аруақтың жатқан жері жайлы болсын.

Кез келген кісі басына түскен сынаққа шыдауы керек. Дегенмен де тікелей, тосыннан түскен тауқыметтен, демдеп кеткен дерттен құтылу, айығу, әсте, мүмкін емес-ау. Адам баласында ауыруымен де, қоғам ортасы кереғарымен де күресе білген азамат Рақатай Қалиұлындай-ақ болар, сірә. Адалдық үшін айқас, Отан үшін отқа түсу, күрестің күресі – жанкиярлық, ауыр да адал еңбектің жолында жатыр. Сондай еңбекқор жандар қатарынан Рақатай Қалиұлы да табылды.

*Бәйтерекке айналған-ды тал шыбық,
Сол бәйтерек биігіне талай шықтық.
Ұлы тұлға ұлағаттарын бек тыңдап,*

Ұлы Отан деген атау, мәнісін ұқтық.

*Туған жерім, сұлусың неткен көркем,
Сағынамын алыстап кетсем сенен жан еркем!?
Салғаным - өзің жайлы ән-жыр болса,
Мұнан асқан менде болмас самғаулы мерекем!*

Сонау 1940 жылы, соғыс өрті өршіп тұрған тұста карт Қызылтауда бір ағаш өскін берген болатын. Сол ағаш 75 жыл ішінде мәуелі бәйтерекке айналды. Діні дәуленіп, бұтақтары әуеленіп, көктем сайын бүршіктерін жарып, мәуелі бәйтерек жапырақтарын жайсаң жаяды. Күз қырауы қабағын шытқанда жасыл жапырақтар сарғайып, қара жерге жайлап-жайлап қона береді. Мәуелі бәйтерек адам сияқты, ауа райына орай мың құбыла, такапарланып та, паңданып та, мейірленіп те қояды. Бірде – көңілді. Бірде – мұңылы. Жақсылыққа бала тәрізді қуанады. Жамандыққа қарияға ұқсап ренжиді. Қуанышты хабарды естісе, ағаш жапырақтары көңілденіп, әуенді әнін салады. Ренішті хабарды естісе, ағаш жапырақтары көз жасын моншақтатып, төгіле-егіле жылайды. Сол мәуелі бәйтеректің ұшар биігіне «бақыт құсы» келіп қонарына мен кәмілінен сенемін. Себебі, қазақ халқының көңілі ақ, күтері бақ. Мәуелі бәйтерекке тіл біте қалса былай деп айтары сөзсіз: «Мен қазақтың, ал менің көп-көп бұтақтарым қазақтың ұранды ұрпақтары. Алла Тағала жар болса, қазақ халқы өзінің өнегелі де өнерлі ұрпақтарымен мәңгі жасайды, бүкіл ғаламшардағы адамзат атаулы таңқаларлықтай мәңгілік елге айналады!»

Ақжар

Ақжар төңірегінен шыққан оқымыстылар да жеңіске өз үлестерін қосты деп мен есептеймін, олардың халыққа көрсеткен қызметтері мен өмір жолдары келер ұрпақ үшін тәлім-тәрбиенің таптырмас алтын көзі бола бермек:

Жаңақала колхозының тумасы, Бабас атамыздың екінші баласы Бапақтан тараған, *Қасенов Болат Қоңырұлы* химия ғылымының докторы, академик-фитохимия ғылыми орталығында қызмет атқарған.

Қайыржан Әбілов-техника ғылымының докторы, академик.

Ақан Дүйсенбаев экономика ғылымының докторы, профессор, академик.

Арстан Ғазалиев- химия ғылымының докторы, профессор, академик.

Қадырхан Ысқақов- медицина ғылымының докторы, профессор.

Айман Қадырханқызы- медицина ғылымының докторы, профессор.

Болат Шаяхметов-техника ғылымының докторы, профессор.

Бораи Төлеуов- химия ғылымының докторы.

Мәулен Ғазалиев-медицина саласының доценті.

Адам Ыбырайұлы-техника ғылымының кандидаты.

Мылтықбай Ғазалиев-экономика ғылымының кандидаты.

Қайрат Кәкенов-экономика ғылымының кандидаты.
Адам Ыбырайұлы-техника ғылымының кандидаты.
Болат Сәрсенбаев-химия ғылымының кандидаты, капитан.
Нызымет Танашев-экономика ғылымының кандидаты.
Елубай Әбжанов-медицина ғылымының кандидаты.
Әнуарбек Жамбосов-экономика ғылымының кандидаты.
Ғазиз Мағзұмов-медицина ғылымының кандидаты.
Арыстан Ғазизұлы- медицина ғылымының кандидаты.
Шарапат Мәшірапов-техника ғылымының кандидаты.
Саят Түсіпов-техника ғылымының кандидаты.
Шарапат Әміров-педагогика ғылымының кандидаты.
Жанат Өскембекова-техника ғылымының кандидаты.
Гүлнар Әрінова- медицина ғылымының кандидаты, доцент.
Сәуле Әрінова- медицина ғылымының кандидаты, доцент.
Зәуре Абсатова-химия ғылымының кандидаты, доцент.



Солдан оңға қарай: Мәніш (Мария) Әмішқызы, Қадырхан (Кэтай)
Мұхамедияұлы (Мина), Тирмизи Ақышұлы

Қадырхан Ысқақов (1944-1994)-медицина ғылымының докторы, профессор. Семізбұғы кетінің тумасы. 1951-1961 жылдары Семізбұғы орта мектебінде оқыған. 1961-1967 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтында білім алған. Алғашқы еңбек жолы кәсіби аурулар және еңбек гигиенасы қазақ институтында невропатолог дәргер қызметінен басталған. 1969 жылы сұрыптау бойынша өтіп, Қарағанды мемлекеттік медицина институтының аспирантурасына қабылданған. Аспирантурадан кейін Орталық ғылыми-зерттеу зертханасының кіші ғылыми қызметкері болған. 1973 жылы «Некоторые клинико-функциональные особенности кардиологического синдрома при вибрационной болезни у горнорабочих»

атты кандидаттық диссертациясын қорғап, госпитальдық терапия кафедрасының ассистенті қызметінде табысты еңбек етті. Қадырхан Мұхамедияұлы байқау бойынша Қазақ ғылыми-зерттеу институтының кардиологиясына қан тамырларындағы тапшылық бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып, 1981 жылы осы бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Осы қызметінде медицина саласына көптеген тың жаңалықтар енгізіп, ойлап тапқыштығы үшін бірнеше куәліктер алған, 100-ден астам ғылыми еңбектерін жариялаған, бірнеше медицина ғылымының кандидаттарын дайындаған. 1993 жылы «Разработка новых методов ограничения зоны некроза и профилактики реперфузионных осложнений при остром инфаркте миокарда» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған. Медицина саласындағы еңбегі үшін «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Қарағанды қаласындағы Ботаника бағындағы көше *Мәулен Ғазалиевтің* атында.

Нәукебай Әбілов пен *Құлкен Шаяхметов* Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлер.

Посевной Әрінұлы-жоғары санатты дәрігер, Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет тақтасына суреті ілінген.

-Адамзат атаулыға қандай тілегіңіз бар!

-Ғаламшарымыздағы адамзат тату-тәтті, бай-дәлетті өмір сүрсін, тірі жан еш уақытта соғыстың өртін көрмесін. Ұлы Отан соғысында қанын төгіп, елі мен жерін жудан қорғаған төменде есімдері аталған және аталмаған ерлерді халық еш уақытта есінен шығармасын:

Алтайбеков Имантай.

Ақышұлы Тирмизи Аймағанбет қажы тегі.

Блудчий Николай Прокофьевич.

Бурдядь Дмитрий Ильич.

Дарьев Виктор Алексеевич.

Демченко Александр Макарович.

Дудник Сергей Гордеевич.

Жумашев Бейсенбек.

Жоров Василий Митрофанович.

Жоров Михаил Федорович.

Жоров Павел Иванович.

Коляда Илья Карпович.

Қожанов Кәрібай.

Кулаков Александр Васильевич.

Леоненко Иван Кириллович.

Лукьяненко Григорий Харитонович.

Леоненко Николай Ефимович.

Леоненко Максим Гаврилович.
Лукьяненко Андрей Васильевич.
Левченко Василий Дмитриевич.
Матвенко Петр Сергеевич.
Матвенко Петр Павлович.
Маханов Кәрібай.
Пузырын Иван Тихонович.
Пугачев Сергей Иванович.
Петров Николай Гаврилович.
Скулков Иван Федорович.
Слизенок Павел Павлович.
Сущенко Иван Емельянович.
Самойленко Василий Иванович.
Царенков Константин Дмитриевич.
Эверт Виктор Михайлович.
Ярославцев Николай Михайлович.
Вовченко Дмитрий Афанасьевич.
Богданцев Николай Павлович.
Танашев Құрмет Бұқпанұлы.
Глеубаев Серік.
Слизенок Карп Михайлович.
Садченко Андрей Васильевич.
Кудрявцев Леонид Петрович.
Литошенко Иван Минович.
Литошенко Александр Иванович.
Гануш Григорий Васильевич.
Беков Нұрахмет.
Иманбаев Мұқыш.
Кәкенов Қабі.
Қалиев Тәбарәк.
Мағзұмов Қабылтай.
Сәрсембаев Шәймен Оспантегі.
Түсіпов Әбдірайым.
Әлиленов Хасен.
Байдәулетов Әліпбек.
Жанғожин Майбас.
Жұмашев Сәрсенбай.
Машрапов Сұлтан.
Нүрілдинов Қали.
Тәшімбаев Жексенбек.
Арынов Әділхан.

Тағы да басқа, түрлі себептермен аттары аталмай, қалыс қалған аяулы да ардақты азаматтар.

Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен табылар

Қойсары-Қалқаман – бір соғыспай тарқаман!

Халық сөзі

Бәрі де есімізде!

*Атым желісті болды,
Малым өрісті болды.
Қиялым биік самғап,
Істерім келісті болды.*

*Ата алдынан өтілдім,
Азамат боп жетілдім.
Қыз мұраты кету,
Жол мұраты жету.*

*Тар жолдардан өткендеймін,
Тарих тереңіне кеткендеймін.
Сапарларым өңынан болып,
Мұраттарыма жеткендеймін.*

*Бәрі де есімде, бәрі де есімде,
Ұмытпаймын ата-баба ерлігін!
Бәрі де есімде, бәрі де есімде,
Ұмытпаймын ата-баба серілігін!*

2011 жыл. 27 мамыр. Құрмет Бұқпан ұлы менімен әңгімелескісі келіп, телефон арқылы, 42 шақырым қашықтықтағы, Ботақара төбесі етегіндегі, Ботақар кентіндегі өзінің үйіне қонаққа шақырды. Ақ тұлпарымды ерттей салып, аудан орталығы қайдасың деп, сәске түс мезетінде, Құрекеннің үйіне жетіп, ат тізгінін тежеп, еңселі шаңырақ қонырауын қақтым. Оң аяғыммен киелі табалдырықты аттай беріп, «Ассалаумағалейкүм» сәлемімді беріп, бөлмеге кірдім. Үмітай жеңгей өте жылы шырай танытып, құшақ жая, мені қуаныш сезімінде қарсы алды. Апай: «Төрлет, құлыным!» сөзімен өзімді майрқайтып тастағандай еді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Құрекен қайда кеткен?» деп, уақыт тапшылығын сездіргендей кейіпте, келгендегі басты сауалымды апайға қойдым.

-Жайлаубайдың қайын ағасы қайтыс болған. Бүгін сол кісіні жерлейтін күн, намазға кетті.

-Иманды болсын, жарықтық!

-Әумин!

-Ағай қашан үйге келер екен?

-Келіп қалатын уақыты болды. Өне-міне дегенімізше үйге келіп те қалар.

-Апа, Құрекен үйге келгенше көшеге шығып, керекті кеңселерді аралап, шаруаларымды тындырып, олай-бұлай жүріп қайтайын.

-Жарайды, жаным. Шаруанды ыңғайлап, бір айналып келе ғой.

Жұмыстарымды жайлап, үйге қайрадан оралсам, Құрекен де намаздан келген екен. Жаңа ғана бабына келіп, қайнап піскен семіз жылқының сүр етінің исі мұрын жарғандай, өзіңізге тіл үйірткендей, тәттілік әсерін сыйлайды. Сәлемдесіп, аман-саулық сұрасып, түрлі-түрлі тағамдармен жайнап тұрған столды айнала біздер жайғасқан соң, атадан атаға жалғасып, өшпей, ұрпақтарға мирас болып келе жатқан сөзден сөз шығып, ойды ой қозғап, Құрекеннің әсерге толы, мәні терең, қызықты әңгімелері Қорқыт атамның баяғыдағы желмаясындай желе-жортты: «Қазақтың Қаржасынан төрт рулы, еңселі ел тарайды. Біз, Бабастар, осы төрт руға кіреміз. Ел-жұрт арасында мынандай тұжырым кенінен таралған: «Өкір Бабас!» Бұл ұғымның түсінігі – Бабастар өте ұйымшыл, бірі үшін бәрі тұрады, бәрі үшін әрқайсысы тұрады деген ұғымға келіп саяды. Басқаша айтқанда: ынтымағы жарасқан, бірлігі берік, бір-бірлеріне бауырмал ел түсінігінде.



**ҚарМТУ-дін ректоры, академик Арыстан Мәуленұлының қолынан
Құрмет Бұқпанұлының «Ұрпаққа ғибадат- өнегелі тұлға» атты
кітабын, қабылдап алу сәті**

Орта есеппен алғанда, менің әкем Бұқпан 1878 (1976) жылы, атам Танаш 1821 жылы, арғы атам Сүгірәлі 1759 (1856) жылы, бабам Байкүшік 1701 жылы, арғы бабам Үсен 1658 жылы, алтыншы атам Жанақ 1617 жылы, жетінші атам Бабас 1570 жылы дүниеге келген тәрізді. Әкем Бұқпанның айтқандарына қарап, Жанақ пен Керней (1619-1702) бабаларымыздың

жастары қатарлас, замандары тұстас екенінде еш бір күмәнім жоқ, айдай анық дүние деп есептеймін.

Жоғарыда есімдері аталған ардақты аталарымызды жүз жасаған адамдардың қатарына қосқанымыз дұрыс. Бабастардың байырғы жері Бұқар жырау ауданындағы Қандыкөлден бастау алып, Молодежный ауданындағы Шідерті өзеніне дейінгі кең алқапты алып жатыр. Бұл үлкен өлкенің төңірегінде Ақшоқы, Борсықты, Қара және Ақ құдықтар, Қызыл Еспе, Шағалалы және Шыбынды көлдері, бұлардан да басқа тарихи, адамдарға берер тәлім-тағылымы мол географиялық атаулар аймақта жетіп артылады. Шорман Сүгірәліге «Белағаш бойын жайла» дейді. «Белағаш» Баянауыла тауларынан басталып, Қарқаралы тауларына дейінгі аралықты қамтитын, ойдым-ойдым орманды, бұталы және тобылғы-қарағанды, ұзынша келген жота-жолақ тәрізді. Сүгірәлі құдығы мен жайлауы, Танаштын Ақшоқысы мен тұйығы, Бұқпанның белағашы мен бұлағы Керней тауының солтүстік-шығысына қарай 15-20 шақырымдай қашықтықта тұр. «Белағаш» сөзінің мәнісі: қисая-майыса, арбаның белдік ағашы сыяқты өсетін қайың ағаштарының көптеген шоғырлары. «Ақшоқының» биігіне шыққан адамға айналаның барлығы алқанға салғандай, ап-анық көзге көрінеді. 1600-1700 жылдары, жаугершілік заманда қазақтың қарауыл адам қойятын көптеген шоқыларының бірі болған.

Керней тауының шығысна қарай мол сулы, көп көзді, «Кернейдің қара суы» бар. Бұрындары бұл қара судан керней ұрпақтары малдарын суарса, бүгіндері осы төңіректегі елдің төрт түлігі шөлдерін кандыруда. Сөзден сөз шығады дегендейін, есіме мына оқиға түсіп отыр.

1700-1800 жылдары, қыс уақытында жылқышылар қамыс үстіне киіз үй тігіп, көл қопасында малдарын жайған. 1797 жылы Баянауыла-Қарқаралы аймақтарында жаз жайлау құрғақ-қуаңшылық, қыс қыстау қақаған-қаһарлы болып, төңіректегі көптеген көлдердің сулары ортайып, кейбірі тартылып та қалған. Сол жылы, ен даланы алып жататын, мындаған жалқының шөлін кандыру қиындаған. Осы кезде Шорман (1788-1837) мырзаның қалың жылқысы Қаракөл жайылымында екен. Ерементәу бағытында, солтүстік тұсқа қарай, қазіргі Молодежный кентінен 40 шақырымдай жерде Қаракөл көлі орналасқан. Қаракөлдің суының деңгейі күрт төмендегендіктен, жылқыларды Шыбындыкөлге түсірмек ниеті туындаған. Жылқылар Шыбындыкөлге жақындатқан сайын, олардың алдынан бір дәуқара адам, ақбақай тұлпарын ойнақтата, ақыра кеп, айғайға басқанда, қыл құйрықтылар кейін серпіліп, суға қарай беттей алмай, қасқырлар қысканнан да бетер үрке оскырынып, тарыдай шашылады екен. Жылқышылар жан ұшырып, айғайға басып, сойыл астына алып қуса дағы, жылқылар Шыбындыкөлге түспей қойыпты. Таңқаларлық жайыт Шорман мырзаның құлағына да жетеді. «Бұл, сірә, «Керней ұранды, дуалы дауыспен» жауына тиетін, жүз басы Сүгірәлі батыр. Жылқыларды Шыбындыкөлге беттетпес бұрын Сүгірәлі батырға барып сәлем беріңдер, үй белдеуіне ту биені байландар, сөздің шырайын келтіріп, жылқыларды суғаруға рұқсаттарыңды сұрандар. Сонда ғана

Сүгірәлі батыр жылқылардың алдын кесіп, дауыл дауысқа баспас болар», - деген екен Шорман мырза. «Жылқышылар Шорман мырзаның айтқан сөзіне құлақ асып, Сүгірәлі батырдың жауға тиер найзағай ойнағандай күркіреген даусынан біржола арылып, қарасы калың жылқыны Шыбындыкөл жайлауында емін-еркін жая берген екен», - дейді қариялар.

Қазіргі уақытта Керней тауының солтүстік беткейіндегі жер телімі Бабас ішіндегі Бапаққа жататын Сансызбай Саманбек ұлына (Жоғарыда әңгімеленген емші, Нұрғайша, Сансызбайдың жұбайы) қарайды. Қазақта Бапаққа байланысты мынандай фәлсафалық сөз бар: «Бай болсаң Бапақтай бол, Азнабай сапақтай бол!» Құдайға шүкір бүгіндері Бапақ ұрпақтары ата атағына сай келерлік дәрежеде, бай-дәулетті негізде өмір сүріп жатыр. Ата-баба аманаттарына адал, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қағиданы берік ұстанған. Біраз шегініс жасап, Бапақ бабадан тараған аталарымыз жөнінде бір қысқа естелік айтып өтейін.

Танаштың замандастары, Бапақтан шыққан Түлкібай, Қойлыбай және Рамазан, барлығы да, алып денелі, аса зерделі, аталар сөзінің қадірін білетін батырлар. Олардың да ата-баба қоныстары кернейлермен көршілес, Керней тауының теріскей тұсына таман 10-25 шақырымдай жерде орналасқан. Рамазан батыр жарық дүниеден өткенінше омырау-құйысқаны қайыспен таспаланып өрілген, күміспен өрнектелген ертоқымды, жеті өрім қыл шылбырлы, жезбен әшекейленген нокта-жүгенді, желісі майда, жүріске шыдамды, жолбарыс жонды, арқалы «көкшағыр» атынан түскен емес. Зор тұпатты тұлпарына, сол жүзден асқан жасында да, өзі мініп, өзі түсетін, сүйегі асыл, еті тірі жан-тын. Көршілес ауылдардағы шаруасын тындыруға да, той-томалаққа да, намаз-дұғаға да, автокөлікті керек етпей, Көкшағырын ерттеп, шапанын киіп, бөгелмей желе-жортып баратын. Рамазан батырдай, көкшағыр аттай көненің жәдігері тәрізді алтынның сынығын байқамау, оны өз көзіңмен көріп, өнерлерін тамашалау осы заманда мүмкін болмай бара жатқан сияқты ма, қалай өзі? Рамазан батыр 111 жасында, қарттық сый-сымбатын айбалтаның өткір жүзіндей жарқыратып, өр рухын асқақтатып, Алғабас ауылында бес күндік бұл жалған дүниеден, сөнбес жұлдызға ұқсап, нұр-сәулесін шашып өтті. Көкбөрі Керней-Қаракерей Қабанбай-Иманның Амангелдісі сынды батырлар замандарындағыдай Сүгірәлі, Түлкібай, Қойлыбай, Рамазан, тағы да басқа ардақты аталарымыз тәрізді, сол кездердің қан-қырғынды майдандарында ерліктің үлгісін көрсетіп, елі мен жерін жаулардан қорғауға бір кісідей қатынасып, халық абройына бөленіп, батыр-қаһарман атанған. Көкбөрі Кернейдейін келбетті ерлер мен батырлар жөнінде аталарымыздың әңгіме-дастандарын талай мәрте құлағыммен естіп, көзіммен көргендей әсерленіп, сана-сандығыма қастерлеп дестелеген жайым бар, Мақсұтхан.»

Ұлан-байтақ жерді баянды тұрғыда иемдену, оны жаулардан қызғыш құстай шырылдап жүріп қорғау, оңай дүние емес екендігі бес енеден белгілі. Мұндай ұшы-қиыры жоқ жерді өз бақылауында ұстау үшін, күш-қуатпен қатар, адамдарға ұшар құстың ұшқырлығы қажет. Қазақтардың қанаты

пырақ тәрізді көлік. Жылқы атаулы шұрқырап туылған жеріне жусағанды аңсайды, өскен өлкесі түсіне кіреді, өзінің ат бегіне емренеді. Жылқы малы таза ауаға, мөлдір суға, қайратты шөпке тоқтайды, қом жинайды. Жылқы қазақ үшін мінерге көлік, ішерге сусын, ауқаттануға тамақ. Жылқы қазақ үшін сапарда жол серік, самғай ұшарға қанат, шығармашылыққа шалқарлы шабыт. Қазақ үшін жылқы малы ерекше әспеттелетін, нәзік сезімді, асыл тастай, ақіреттік-шынайы достайын жануар. Қазақ елінің еркіндігі-бабалар батылдығының ұтқырлығынан. Қазақ жерінің жалпақтығы – тұлпарлар тұяқтарының тұтқырлығынан. Халықтар арасында «қазақ жылқы мінезді» деген теңеу тегіннен тегін қазаққа телінбеген. Мұнда терен мән-мағына жатыр. Бұл сонау Көкбөрі Керней заманынан бері халық арасында айтылып келе жатқан қанатты да қайратты ұғым.

Қазы-қартаны бес саусағыммен алып, бал қымызды сүйсіне тартып, әңгімені рақаттана тыңдадым. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа, көк сандық есте сақтау қабілеттің арқасында, өтіп кеткен сонау ғасырлар шежіресі, қаз қалпында, беріліп келе жатқан, баға жетпес, қымбат дүние. Шынайы, жанды деректерге негізделген алаулаған тарих шам-шыарққа үңіліп, сол санаға сіңісті оқиғаларды ой-елегімнен ыждахаттықпен, сараптай және саралай ұсақ көзді елеуіштеп өткіздім. Ас қайырып, аруақтарға құран бағыштап, Құрмет Бұқпанұлының ақ батасын алып, Үмітай жеңгеме бар рахметімді жаудырып, бір Алладан медет тілеп, Керней ауылына қарай жаңа үмітіммен бірге бетімді бұрып, жыланша ирелеңдеген кара жолға түстім. Ұзын жол бойында түрлі-түрлі ой тереңіне қайра-қайра баттым. Қазақ жерінің көлемі қандайын ауқымды? Аталардың есте сақтау, жадында ұстау қабілеттері таңқаларлық, осы заманғы компьютерден бетер, анағұрлым ауқымды. Ата-бабаларымыз дархан елін, дардай жерін нендей күшпен сақтап қалған, біздерге, ұрпақтарына бақ-дәулетті шашып-төкпей, бүтіндей қалайша мирастаған? Бұл білектің күші, көсемдіктің көрінісі, ақыл-парасаттың ауыз толтыра айтарлықтай тәтті жемісі, адамдар арасындағы өзара түсіністіктің, ынтымақтың, бірліктің киелі шаңырағымызға даншпандықпенен дарығаны. Жаппар Жаратқанның әмірімен бақыт құсының еліміз бен жерімізге ұшып келіп, ұзағынан сүйіндіріп қонғаны.

XV БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Түлкібай мен Қойлыбай



Түлкібай

Шежіреге қысқаша үңіліп өтейін. Қазақта мынандай қанатты сөз бар: «Бай болсаң Бапақтай бол, Азнабай Сапақтай бол». Бұл сөздің төркіні өте тереңде жатса керек. Бапақтан асқан бай болу, төрт түлігі сай болу, көргені толған ай болу көрінген адамның маңдайына жазылмаған бақыт шығар. Мұндай болмыс, мұндай байлық, мұндай бесаспаптық мәрмәр ойлы да, қажырлы кісінің ғана алақанына қонатын «бақыт құсы». Сонымен, қысқаша шежіренің кезегі келіп жетті: Бапақ – Байсары – Тұрғынбай. Тұрғынбайдан: Көпбай, Әйміш, Сәти. Көпбайдан: Түлкібай. Әйміштен: Ырымжан. Сәтиден: Рамазан. Әнипа Ырымжанқызы Төлеубек бидің жұбайы. Қай кезде де адамдар арасында бір түйір жер үшін егес, күрес, тартыс болып тұрғаны айдан анық, ақиқат. Тұғырлы татулық түйткілін, жер мәселесін ойластырып, Бапақ әулетін қазіргі «Сәти» төңірегіне Шорман би орналастырған. Кезінде Байсары мен Тұрғынбай старшын шенінде, ал Төлеубек би дәрежесінде ғұмыр кешкен.

Молдежный ауданында, осы уақытқа дейін «Түлкібай бұлағы» бар. Бірде көршісі Түлкібайға былай дегені бар: «Торыала бие жан атаулыны өзінің маңына жолатпайды, ол ешбір жылқышыға ұстатпайды». Бір күні сол бие үшті-күйлі, із-түзсіз жоғалып кетеді. Иесісі жыл бойына іздеп, бие ізіне түсе алмайды. Кешқұрым, сөз арасында Түлкібай: «Құрдас, есінде ме қыс уағында шеке мен телшікті сүйсініп жегенің? Сол асарлы ас өзіннің ала биеннің етінен дайындалған болатын. Бұл қылықты амалды сен беталды сөйлемесін, сөздің байбына жетіп, ой толғамына дұрыс түсіріп айтсын деп жасадым. Енді сен менің жылқыларымының ішінен таңдап жүріп құлынды биемді ал», - дейді. Осы қылықтан кейін, Түлкібайдың құдайы көршісі, әр уақытта да байқап, ойланып барып, толғанып тұрып, аса байыппен сөйлеу керектігін ұғынып, ғұмыры бойына, сөз қасиетін тереңірек түсініп жүруге тырысып баққан екен.

*Ақындық жемісі піскен бағындамын,
Ақсақалдық асқартауы шағындамын.
Ата-жау шайқаста атой салғандай,
Зарлы заман қыңырына бағынбадым.*

*Бақытым – бойыма өлең дарығаны,
Бай қолын ашып, жарлы жарығаны.
Жан қиналғаны ерім мұз жастанып,
Арқаның сары аязы бетін қарығаны.*

*Дарига дүние ақ ниеті кең еді,
Ата-бабалар аруағы сан жебеді.
Жүнісбек, Рамазан, Түлкібай –
Тау-тұлпарлары тулаған ер еді.*

*Тағыдыр қосты кісілердің тәуірін,
Тыңдап тұрамын тау мен тас үнін.
Қыздарым күйші, ұлдарым батыр,
Өткізді жыр-дастанымен әр күнін.*

*Бұлбұл әуен естілген әр сөзден,
Әсем саздың салтанаты шашылды.
Құлпырып кетемін сол кезден,
Іздегендей жер-жаһаннан асылды.*

*Саңқылдап аққу сөйлеген,
Айна айдынды көлге асығам.
Жанымды әні көмкерген,
Көл-дария тәрізді тасығам.*

*Сол жалған күндерді санаған,
Қиялардан қиялдарға қараған.
Туған жер көркіңе тамсанып,
Сөйлейлеуге мен бір жараған.*

*Сараптап салтанатты сөз дегенді,
Дөп айтыпсың, қазағым, көздегенді.
«Жеті өлшеп, бір кесетін» мінезді,
Құдайым берген біздерге көз дегенді.*

*Қарқындап өтіп кетті ме,
Қаһармандардың сол бір дәуірі?
Әз ата-аналардан ұрпаққа,
Дарыр ма екен сезімнің тәуірі?*

*Гәккулетіп әуендетер әншім дайын,
Сол айдынга түскенде келбеті айдың.
Қуандым көргенімде «Ақбелді» сайын,*

Қимылын келтіре билегенде ақ қайың.

*Аспан, ғалам, шексіз ғарышта,
Жердегі өзара жаяу жарыста,
Қандай қиындыққа кезіксең де,
Тірішілікті азаптауға барыспа!*

*Тарихтан титімдей білеміз,
Көкірегімізге гибратын ілеміз.
Ата-бабалардан біз естісек,
Ұрпаққа, сөз жалғап жүреміз.*

*Ойымды мына менің құпташы,
Ру-руга мың бөлінуің – жұт басы.
Өмірден арпалыспен өтсек те,
Қара жер, ер даңқын жұтпашы.*

*Ескерусіз қалмайды таң-тамаша ер ісі,
Құрмет тақтасынан табылар зерлі кісі.
Қорымда салауат айтатын құлыптас,
Ескіден тағылым алудың қазақы белгісі.*

*Көкжиегі жарқырайды Сарыарқаның,
Жеріміз шұрайлы, айналамыз мол шабын.
Өзен тарауында, бақташы қарауында,
Жайылған жылқыларың табын-табын.*

*Жылқы деген қазақтың қанаты,
Батырларда болады екен күш аты.
Тарихтың қақ төрінен төгілген,
Бабалардан бізге жетті көп хаты.*

*Батыр бабаларым бармысың,
Жер үшін намыс жігерін қайраған?
Баталы бабаларым бармысың,
Елі үшін даналық дәрісін сайраған?*

*Анадан қаһарман туады халқым деп,
Жері мен елін дұшпаннан қорғайтын.
Атадан ақылман туады Отаным деп,
Праққа мініп биіктен биік самғайтын.*

*Нар тұлға, еңсегей ер еді,
Жылқышы батыр атанған.*

*Ақылы мен күші тең еді,
Жауының бетін қайтарған*

*Өз халқының жадында қалған,
Келелі киесімен көрінеді Түлкібай.
Жау найзасынан қалқан болған,
Ақыл-ойына білегіндегі күші сай.*

*Жарасқан сауыт-қару, ат-тұрманың,
Айтқан сөз екі етпедің тапсырғанын.
Сөзі өткір, бетті батыр, ел қорғаны,
Көрдік, жауын, майыра қапсырғанын.*

*Ізіңмен жүріп тағылым дәмін таттық,
Елге сіңірген еңбегіңе сүйсініп жаттық.
Туып-өскен жер сізді есіне қайта алып,
Той-тойлап, әр нысананы кезек аттық.*

*Көп тарих көз алдымнан сырғанайды,
Түнде көрдім биікте қалықтаған айды.
Кешегі өткен Түлкібай мен Қойлыбай,
Күн көтеріле байқадым, түпсіз сайды.*

*Түнейтін жерлері сайын далада қос еді,
Түлкібай мен Қойлыбай үзеңгілес дос еді.
Талай шақырымдарды артқа тастаған,
Таңсәрідегі аттардың шылбыры бос еді.*

*Бірінші мал қазақта жылқы,
Айласын асырған аң ішінде түлкі.
Бірінші қас адамзатта ұйқы,
Ұзын жолда кісіге дос емес күлкі.*

*Басылмай батырлықтың зор әсері әлі,
Кезіп келемін Сарыарқаның даласын әлі.
Қиядан өте бере ат-жануар арқырады,
Ер тұлғасы жанар таудай жарқырады.*

*Қуғыншылар легін жолынан адастырған,
Жеткенін тобықтан ұрып шатастырған.
Тілге шешен топтың ортасына түскенде,
Түлкібай мен Қойлыбай сөз жарыстырған.*

Білесіздер ме өзі, сіздер, үлкен аға,

*Бармаңыздар дегенді бір барымтаға,
Егер барсаңыздар жүз барымтаға,
Жолын ашасыздар мың қарымтаға.*

*Қазақтың кең даласы,
Сен атажұрт панасы.
Сол жерде өніп-өсті,
Ақылман, нар данасы.*

Жүнісбек пен Қысқыш



Жүнісбек

«Болатын ел бірін-бірі батыр дейді, болмайтын ел бірін-бірі қатын дейді.»

Хадық сөзі

*Өтті ғасыр, өтті жылдар қарамай,
Солды терек, солды емен, қарагай.
Азаматтың парыз-жүгі ақталмас,
Көтермесек өткендерді даралай.*

Ж.Т. Асқартегі

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме қазақта? Жақсылардың ел-жұртына жасаған жақсылықтарын айтайын, олардың нұр-сәулелі жүздері жарқырап, аброй-даңқы түпсіз теңіздей тасысын!

Батыр батырлығын жасайды, жаужүректі тұлға болғандықтан. Қорқақ қорқақтығын жасайды, сужүректі тайқыма болғандықтан. Батыр – халықтың қорғаны, адамның арланы. Қорқақ – елдің соры, адамның қоры. Ел-жұрты үшін туған батырларымызды бағалайық, құрметтейік, оларды еш уақытта да ұмытпайық. Қорқақ болып туғандардан бір Алла сақтасын. Тарлан тарихты алдай алмайсың, әр кезде де ақиқат қуаты адасқанды жеңіп шығады. Мұны білетін сәт боларма ма екен, ә? Қандастар ішінен қысыр қызғаныш, аяқтан шалу, артқа тарту тәрізді жағымсыз қасиеттер оқтын-оқтын бой көрсетіп қалатыны шындық. Қазақтың бірін-бірі көре алмаушылығының тыйылатын күндері келе ме? Ата-бабаларымыз үш жүздің басын қалай қосып ұстаған?

Татулыққа, бірлікке жеткізу де, жету де өз алдына бір адамның ерлігі іспетті. Бұл күндері екі қазақты татуластырып, бастарын біріктіре алмайтын жағыдай, өкінішке орай, қылаңын беріп те қалады. Қырық бір ру бір қазақ болғандықтан татулықта, бірлікте өмір кешейік, ағайын! Өмір біреу, өкініш төртеу. Бес күндік мына дүниеде игі істерді ғана атқарайық. Батырды батыр дейік, қорқақты қорқақ дейік. Жікке, руға бөлінбейік. Қалай ойласақ та, қалай сөйлесек те, бұл жарық дүниеде жақсы адамдар да, жаман адамдар да бар. Жақсы адам ел мен елді жарастырады. Мұндай елге бір Алланың жазуымен, рақымымен бақыт құсы келіп қонады. Жаман адам ел мен елді араздастырады. Бұл елдер бір Алланың кәріне, қайғы-қасіретке шұрайды. Рушылдықтан, қазақшылдықтан биігірек көтеріліп, адамдық, адамзаттық жоғарғы деңгейге ұмтылайық. Бүкіл әлем алдында бір қазақ, нар қазақ, дана қазақ болайық, құрметті қандастар! Қара жерге көмілген асыл тас түсін де, нарқын да еш уақытта да жоғалтпайды, жайнаған үстіне жайнай түседі, жарқыраған үстіне жарқырай береді. Асылды қара күйемен бояп татасаң да, ол қайрадан сәулеленіп, нұрланып, асқақтап көрер көзге көрінеді. Батырдан айбындықтың сесті желі еседі, ал ақыннан жүректің жылы сәулесі төгіледі. Асылды қараңғы жерге мың жылға көміп тастасаң да, түптің-түбінде жарыққа жұлдызша жарқырап шығады. Қазақ жерінің асты кенге қандай бай болса, жер үстіндегі адамдары да адамгершіліктің асыл қасиеттерінен кенде емес. Асыл қасиет иелеріне сай жерімізде, елімізде ерте дәуірлерде болып өткен, тарихи оқиғаларды, еш ұмытпай жадымызда ұстау, есімізде сақтау абзалдық. Сондай асыл қасиет иесінің бірі, Керней ауылының байырғы тұрғыны, Егеубай Бекұлы. Егеубай атадан атаға жалғасып келе жатқан сәлем хатты зерде қоймасына нығыздап дестелеген, білімдар азаматтардың бірегейі. Астарлап сөйлеудің де, мақтамен союдың да сәйгүлігі, қара халық ортасынан шыққан тарихи дерек-дәйектердің шынайы қайнар көзі.

2011 жыл. 24 мамыр. Керней ауылы. Сағат 12. Егеубайдың үйі. Егеубай осы төңіректегі ата тарихын, ел тарихын, жалпы қазақ тарихын өте жақсы біледі. Қазақы иірімді, шынайы әңгімелеудің әудемі. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауызша тарихты тарқатудың шебері, тасқа таңба қойғандай қылып тартымды мәтіндейді. Кернейлердің Кернейтауда тұрғанын, Көкбөрі Кернейдің уланған жебеден қалай қайтыс болғанын Жүнісбек әкесінен естіген көрінеді. Аталардан бүгінгі күнге жеткен дастан: «Қалмақтармен болған шайқаста Көкбөрі Кернейге уланған жау жебесі тиеді. Көкбөрі Керней денесіне қадалған жебенің шыбығын қиратып, лақтырып жібереді де, әрі қарай соғыса береді. Жау жеңілгеннен кейін ғана жантәсілім етеді». Егеубай Көкбөрі Керней жөнінде ешбір әдебиетті оқыған емес, ал оның маған кернейлер туралы айтып берген әңгімелері, кеше ғана менің қолыма тиген Дау ұрпағы Садық Смағұловтың кітабында келтірілген деректермен дәлме-дәл келіп тұр. Егеубайдың айтқан сөз сарасына, ой түйініне таңырқай қарап, бар ынта-жігеріммен оның әңгімесін тыңдап отырдым.

Осы уақытқа дейін ел-жұрттың аузынан түспей жүрген батырлардың бірі Жүнісбек. Алынтөрі руынан тарайтын Жүнісбектің төрт атасы мына кісілер: Айту, Шындәулет, Кемел, Байділда. Жүнісбек пен Бек бір ата-анадан туған, ағалы інілі. Жүнісбек батыр 1888 жылы туып, 1990 жылы 102 жасында Алғабас ауылында дүниеден қайтқан. Жүнісбектің өз кіндігінен ұрпақ жоқ. Бектен екі ұл: Данышпан, Егеубай. Данышпаннан Дастан. Егеубайдан Рүстем. Егеубай Жүнісбек батырдың бауырында өскен, оның бел баласы есебінде.

Керней ауылына таяу жердегі кіші Топада Жүнісбек Байділдаұлы дүниеге келген. Үш мың шамасында қойлары, ондаған сиырлары, үйір-үйір жылқылары бар Байділда ол заманының аukatты адамдарының бірінен саналған. Байділда Жүнісбектің бетінен қақпай, ерке ұл қылып өсірген, ол ойын баласы болып ер жеткен. Жүнісбектің бойының ұзындығы 2 метр шамасында, кең иықты, қақпақтай жауырынды, білек еттері зілді балғадай жұп-жұмыр болған.

Жүнісбек қазақы жыр-дастандарды тыңдағанды қатты ұнатқан. Той-томалақтарда, астарда, Қоянды жәрмеңкесінде балуан түскен, көкпар тартқан, ат бәйгілеріне қатынасқан. Ат деген батырдың қанаты ғой! Атты сонау жерден таныған, оның алар белес-биігін дөп бағамдаған. Жүнісбектің айырықша айтуға тұрарлық үш аты болған:

Кіші торы – алдыңғы аяқтары аяндаса артқы аяқтары жорғалайды, ал алдыңғы аяқтары жорғаласа, артқы аяқтары аяндайды, үстіндегі кісіні олай-бұлай теңселтпейді. Аттың үстінде келе жатып толық тостаған қымызды еш алаңсыз іше беруге әбден болады.

Үлкен торы – дұшпанды көрсе оскырынған, досты көрсе жуасыған, өте сезімтал. Бос, байлаусыз, еркін жүрген. Жүнісбектен өзге жанды жанына жолатпаған. Жауды өңгерерде алдыңғы қос аяғын бүкшелеп, Жүнісбектің ыңғайына қарай келе берген. Алыс жолға арындамаған.

Шегір көз шұбар, тас бүйрек тұлпар. Тас бүйрегі қатыңқы болғанда – шабан жүрісті, тас бүйрегі босағанда – пырақ қанатты. Бабында жүгіргенде бәйге жүлдесін бермеген. Бұйра бүйректері қызып, тынысы толығымен ашылғанда, созыла, керіле, көсіле шапқанда құйысқанын үзіп жіберетін еді. Шапқан сайын жылдамдығын үдете түскен. Мәре сызығынан соң қанатты атты тежеп тоқтату қиынға соққан.

1932 жылы аталарымыз Омбыға көшіп барған. Омбы қаласында «Қаржас ауылы» бар. Не шықса да өзіміздің қазақтан шығады. Сондай бір қазақ ел-жұртқа қоқан-лоқы көрсетіп, кәдүмгі, өзі білетін қазақтарға маза бермейді. Бірде Омбыға Қажымұқан келіп, халыққа өз өнерін көрсетеді. Қажымұқанға ел жанағы бұзақы қазақты көрсетеді. Қажымұқан дайын арбаны нұсқап: «Мынаған он адам мініңдер, ал сен сотқар, мықты болсаң менің мойыныма отыр» дейді. Арбаға отыз шақты адам мінеді. Жетектегі Қажымұқанның мойынына әлгі еңгезердей адам дөп орнығады. Қажымұқан мойнындағы малғұнның екі балтырының үстінен асыра, қос жетекке қыл шылбырды байлатып, арбаны сүйрей жөнеледі. Сотқардың балтырларына

қыл шылбыр батып, ойбайға басып, жан даусын шығарады, қан-қақсап бақырады. Балуан мойнындағы мисызды екі қолымен көтеріп алып, анадай жерге лақтырып: «Сенен де зор адамның барын біліп жүр. Көрінгенге керексіз күшінді көрсете берме. Олар да кәдүмгі кісі екенін ұмытпа. Күш емес, адамгершілік қасиет жоғары тұрсын», - деген екен.

Кейінірек әлгі бұзақы Жүнісбектің үйіне келіп, ағаш кесіп алу үшін балта сұрайды. Бұл үйде ұстара жүзді қайралған 3-4 балта іргеге сүйеулі тұратын көрінеді. Жүнісбек сотқарға: «Ала ғой» дейді. Ай жоқ, қой жоқ, бұзақы балтаның біреуін ала салып, Жүнісбекке тұра ұмтылады. Оның екі қолын жаралап, иық етін шауып жіберіп, әлгі әңгүдік үй есігін сыртынан күршектеп, бөренемен тіреп, мықтап тұрып жауып кетеді. Әрең дегенде есікті ашып, тәлтіректеп далаға шығады да, Жүнісбек қансырап, жерге омақата құлап түседі. Кейін елден барғандар жиылып: «Көргенсізден кек аламыз», - деп оның үйінің алдына жиналады. Сонда Жүнісбек: «Оған тиіспеңдер, ел мен ел арасы ашылады. Не шықса да қазақтың өз ішінен шығады. Өзіміз кейінірек есептесе жатамыз», - дейді. Бұл 1932 жылы болған оқиға.

Біздің аталарымыз оншақты үй кернейлерді Шилі өзенінің бойына 1640 жылдары өзі бас болып, көшіріп әкелген. Сол Кернейлер егін салуға, онан мол өнім алуға машықтанған екен. Көшіп келген кернейлер Шилі өзені ағарының сол жақ беткейінде, Сандықтастың теріскей баурайында егін және мал шаруашылықтарымен айналысқан. Жергілікті адамдарға жер жыртуды, егін салуды үйреткен. 1900 жылы топографтар осы төңірекке келіп, бұл жер қалай аталады дегенде, орысша білмейтін кісілер «Керней» деп жауап берген. Яғни, «Керней» деген жердің атауы орыстар бұл төңірекке келмей тұрып-ақ, анағұрлым бұрынырақ болған. Әңгіме желісінің қызғаны сонша, Егеубай екеуіміз сұрақ-жауапқа көшіппіз.

-Егеубай, Кернейдің өзі жөнінде не білесің?

-Үлкендердің айтуы бойынша: «Керней-айбынды батыр. Көкбөрі Кернейге садақтың жылан уы жағылған жебесі бір үлкен қазақ-қалмақ шайқасында тиеді. Көкбөрі Керней жебенің шыбығын сындырып тастап, соғыс аяқталғанша қалмақтарды бірінен соң бірін аттарынан құлата береді». Көкбөрі Керней батыр недеген төзімді, жанкешті адам болған десеніңші? Мұндай қасіретке төзу мүмкін емес тәрізді!

-Көкбөрі Кернейдің заманында Қаржастан шыққан қандай батырлар соғысқан?

-Қойсары, Қалқаман, Қарағай т.б. батырлар. Токадан Қаратоқа батыр.

-Сол кездің айтыскерлерін білесің бе?

-Қаракесектен - Қараби, қаржастан - Айту.

Кемелден алты ағайынды тараған. Олардың егін салып жүрген құнарлы жерлерін орыстар күштеп тартып алған. Содан, амалсыздан қазақтар Ұялы, Қарақойтас ағаштарын паналаған. Ол жерлерден де аталарымыз қуғынға шұраған. Қорғанкөлден де Бабастарды орыстар Шідертіге дейін қуып тастаған. Кейін Бабастар Қызылтау төңірегіне тұрақтаған.

1903 жылы «Керней» ауылына белорус, украин, орыстар көшіп келе бастаған. Олар негізінен Шарилар, Жоровтар, Степанюгалар, Левченколар, Черненколар т.б. Осы тұста Керней қарасуына Хорошовтар да орныққан. Патшалық Ресей Министрі Столыпинның, шалғайдағы жерлерді игеру саясаты негізінде, Керней төңірегіне екі жағдайдағы келімсектер жетті:

Патша жарлығымен 500 рубль ақшамен келген, ауқаттылар.

Жұмыс күші ретінде келген, кедей шаруалар.

1910 жылы казактар келіп, қазақтардың малдарын айдап әкеткен, құнарлы жерлерді орыстарға қарату мақсатында. Қазақтарға казактар құйтырқы қылықпенен: «Егін салуға жарамды, құнарлы жерді босатсаңдар, малдарыңды қайырып береміз» деген. Керней төңірегіндегі ағайындардың көбісі «қой аузынан шөп алмайтындай» момын болатын. Жүнісбек батырға еріп, орыс қыспағына қарсылық көрсетуге жұрт шыға қоймаған. Дегенмен де, батылдық көрсетіп, кернейліктердің малын Жүнісбек, Кәбіш, Қасым т.б. қайрадан айдай жөнелген. Қуғыншыларды Жүнісбек батыр сойылымен бірақ ұрып құлата берген. Бұдан кейін орыстар қарулы әскер шақыртқан. Келген 9 казакты Жүнісбек батыр ұрып жығып, оларды тырдай жалаңаш шешіндіріп, үлкен торы аттың бауырына алып, Кернейдің ең ұзын көшесімен мал сияқты, қамшысымен қақпайлап, айдап өткен. Орыстарға Жүнісбек: «Қазақтарға тисуді қойыңдар!» деп бұйырған. Жасырын түрде орыстар Ақбелдегі дәу Полтаранинге: «Жүнісбекті өлтірсең біз саған екі ат, пар өгіз және соқа береміз» депті. Алып орыс қос саусағымен адамның маңдайынан бір шертіп жіберсе, ол кісі өліп қалады екен. Полтаранин уәделі күні Керней ауылындағы дүкенге келіп, Жүнісбекті орындықта күтіп отырады. Есікті ашып бір адам дүкенге кіреді. Дүкенші Полтаранинге ымдап, Жүнісбек батырды нұсқайды. «Мынауың Жүнісбек пе?» деп менсінбеген кейіп танытып, дөрекі дауыс көтереді. Дүкенші «Сол» деп ишрат білдіреді. Полтаранин Жүнісбекке: «Сен батырсың ғой? Сені саусағыммен емес жұдырығыммен маңдайыңнан ұрайын. Қазақ заңы бойынша бірінші кезекті маған бер, қонақпын. Шартқа келіссең мына орындыққа отыр», - дейді. Жүнісбек орындыққа отырғаннан кейін, Полтаранин теке басындай жұдырығымен оның маңдайынан ұрады. Соққының қатты болғаны сонша, Жүнісбек есенгірегенін білдірмеуге тырысып, зорға дегенде орындықтан әуірімдеп тұрады. Дәу орыстың мықтылығында гәп жоқ, ерен қара күш иесі. Жүнісбек Полтаранинге: «Ал енді сен сол қолыңмен желкенді баса отыр. Мен оң қол жұдырығыммен жүрек тұсыңнан ұрамын», - дейді. Уәденің аты уәде, артқа шегінер уәж жоқ. Полтараниде шара жоқ. Келіседі. Жүнісбек Полтараниннің жүрек тұсынан жұдырығымен құлаштай ұрады. Полтаранин орындық-морындығымен анадай жерге, ес-түссіз ұшып түседі. Ес-түссіз сұлап жатқан Полтаранинді дүкендегілер жабыла жүріп есіктің алдына, далаға зорға дегенде, әуірімдеп алып шығарып, әрең дегенде оның есін жиғызады. «Полтаранин жатқан жерінен тұрды деген соң» ызбарланып отырған Жүнісбек батыр, аяғын жайлап басып сыртқа шығады.

Үлкен торы ат тізерлеп, төмендей қалады. Жүнісбек Полтаранинді үлкен торы ертоқымының алдына өңгеріп алып, Белағашқа қарай шаба жөнеледі. Мұның бәрін қызықтап көріп тұрған ел-жұрт аң-таң болысып, бір-біріне өзара қарасады. Белағаш қырына Полтаранинді шығарып, құйрығын жалаңаштап, жеті өрім қамшысымен орыстың майлы жерінен үш тартып, «Алғабас қайдасың?», - деп үйіне қарай бірақ тартады. Полтараниннің жан айғайына байланысты, кейін бұл төбе «Ағай төбе» атанып кетті. Бұдан кейін «Жүнісбек» деген сөзді естіген орыстардың бойын үрей күш-қуаты билейтін болған. Жүнісбек Керней ауылының көшесінен тұлпарымен жүріп өткенде, далада тірі пенде болмайтын, қатын-бала, ер жеткендер, кемпір-шал, барлығы да, үйді-үйлеріне тығылатын. Қазақтарды мазалау осы оқиғадан кейін ғана тыйылған. Соңында Жүнісбек батыр мен Полтаранин батыр үзеңгілес дос болып кетіпті, өзара сыйласыпты. Полтаранин батырдың ұрпақтары осы уақытта да бар. Батырдың шыбын жаны, үзеңгілес батырдың шыбын жанында болса керек!?

Аласапран заманда, ақ қашып, қызыл қуған, немесе, қызыл қашып, ақ қуған уақыттарда ақ-боз атты, атақты Қысқаш батыр Жүнісбектің үйіне түседі. Қысқаш батыр үнемі бес қаруын асынып жүретін көрінеді. Кіреберіс дәлізге қару-жарақтарын қалдырып, үйге сәлем беріп, төрге жайғаса кетіпті. Үйде отырғандар: «Батыр аға, үйге қару-жарақсыз кірдіңіз ғой. Мұныңыз қалай?», - деп сұрайды. Сонда Қысқаш батыр: «Жүнісбектей ерен батырдың үйінде отырған адам қорқсын ба?», - деп қолыма-қол жауап қайырыпты. Батыр батырды алыстан таниды. Қарымды батыр қайыспас батырға өзіне өзі сенгендей сенеді.

«Жүнісбек батыр Жыржыс қажыны, Аймағамбет қажыны, Мәдиді, Дос Қырбасұлын, Мәнжі Күржікейұлын, Жаяу Мұсаны, Иманжүсіпті, Мәшһүр Жүсіпті, Балуан Шолақты, Қажымұқанды, Сәкен Сейфуллинді тағы да басқа атқа қонар адамдарды біліп қана қоймай дастархандас, дәмдес болған», - дейді, Жүнісбек батыр сынды әкесін сағыныш сезімімен есіне ала отырып, Егеубай. Қазақстанның қай түпкіріне барсам-дағы, ата тегімді айтқанда, Жүнісбектің баласы екенімді біліп, «Жүнісбек батыр! Жүнісбек батырды білеміз. Жүнісбектей батырдан туған бала осал болмайды. Батырдың тұяғы, жоғарлат, төр сенікі, жата қонып, қонақ бол», - деп мәйек болып, құшақ жая қарсы алып, қадірменді мейманы қылады, ел-жұртм. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген данылық сөз осы екен ғой!



Рамазан

«Қазақ – Қалмақ соғысынан қалған бір үзік сыр... Ботақара – қазақ батыры. Шешенқара – қалмақтың батыр қызы. Ботақара батырдың Шешенқара батырға деген пәк сезімі, мөлдір махаббаты ел-жұрттың көзіне түскен. Осы батырлар есімдерімен Бұқар жырау ауданындағы Ботақара және Шешенқара шоқылары аталған. Ботақара батыр Шешенқараға ғашық болған қалмақтың бас батырының қанжарлы қолынан қапыда қаза тапқан.»

Халық сөзі

Керней жотасының айналасында мына төбе-таулар бар: Семізбұғы, Сарытау, Имекжал, Қожаахмет, Аюлы, Шешенқара, Ботақара, Хантау т.б. Шешенқара мен Ботақара жоталары қалмақ пен қазақ батырларының есімдерімен аталғандығы жоғарыда айтылды. Керней тауы Керней батырдың атына қойылған. Көкбөрі Керней қазақтың бас батыры, хас батыры болмаса, Сандықтас тауы Кернейтау атала ма? Бір сәт ойланып қараңыздаршы, ағайын. Тау-жоталарды батырлар есімдерімен айғақтау, сол батырларға халықтың қойған еңселі ескерткіші, баға жетпес, қастерлі сыйы, жүректерді жарып шыққан, ерекше құрметі.

Қостанқол тауында көптеген сарбаздар жерленген. Тау биігіне төрт адамның сүйегі қойған. Тең үш бұрыш құрап тұрған үш сардардың қас ортасында жатқан бас сардардың сүйегі болуы әбден мүмкін. Бас сардар моласының үстіне биіктігі жеті метр шамасында, пирамида пішініндегі тас құрылым қаланған, оның сыртына квадрат периметірлі, биіктігі бір метрге жетерлік қоршау тұрғызылған. Үш сардар пирамидаларының биіктіктері үш метірден. Төрт мәйіттің оң және сол қапталдарынан көптеген сарбаздар мәңгілік орындарын тапқан. Тастардың ұзын саны, орта есеппен 10000-ан асқан. Сонда мына зиратқа 10000-ан астам адам тас тастаған. Сондықтан да бұл үлкен шайқасқа 15000 шамасында қазақ жауынгерлері қатынасқан деп топшылауға әбден болады. Яғни, соғыстан соң зиратқа тасталған тастар саны аман-сау қалған сарбазар есебін анықтайды. Бабастың Бапағынан шыққан Рамазан батырдың айтқаны: «Бұл 1635 жылғы, Жәңгір хан

басқарған Қостанқол шайқасы еді. Осы соғыста көрсеткен асқан ерлігі үшін жас Кернейге «Көкбөрі Керней» атағын Жәңгір хан өзі берген, ал халық хас батырдың көрсеткен ерлігіне тәнті болып, бұрынғы «Сандықтас» тауын «Кернейтау» деп атап кеткен.»

Рамазан батыр 83 жасында үш ай бойына үшті-күйлі жоғалып кеткен. Бір күні, 20-30 қылқұйрықты Ұлытаудың жылқы жасырар сайынан тауып, ел-жұртты таңқалдырып, Алғабас ауылына айдап келген. Батыр бабамыз 90 жасқа келгенінше, жаз айларында 20-30-ғы жігіттерді жекпе-жек қазақша күреске шақырып, оп-оңай оң жамбасына алып, олардың қос жауырынына жер искеткен. Қысы-жазы киімді жеңіл киген. Қыс бойына қарды күреген. Қыста «Қарасудың» мұзын ойып, қақаған аязда да оның суына түскен. Аязды боран күндері адасып, сайын далада қалып қойып, сусақтары үсіп, түсіп қалған. Бес қарулы барымташыларға есе жібермеген. Елден ұрланып кеткен жылқыларды иесілеріне қайырып отырған. Сойыл мен шоқпарды оңды-солды әдіс-айлаларымен, еркін сермеген. Өмірінде бірде-бір адам бұл кісіні төр атынан түсіре алмаған. Қарсыластарын шоқпарымен жіліншіктен бір-ақ рет қағып түсірген. Тістерін аршамен тазалаған. Дүниеден өткенінше бір де бір тісі түспеген. Денесін тік, сұңғақ ұстаған. Рухы мен намысын уысынан шығармаған. Намазын еш уақытта қаза қылмаған. Оразаны жеті күн артығымен ұстаған. Ташпиғын қолынан тастамаған. Әділетті, тақаппар, халыққа сыйлы тұлға болған. Үш-ақ күн ауырып, 111 жасында дүниеден озған.

Шорман мырзаның жылқышылары тақымы мықты, сайдың тасындай, айла-әдісті, алпамсадай алып жігіттерден таңдап алынатын болған. Бірде Шорманның жылқышылары «Біздерден тірі пенде еш уақытта да жылқы ала амайды» деп, мақтаныш пікірлерін байқамай айтып қалады. Бұл сөз Рамазан батырдың да құлағына жетеді. Рамазан батыр көк тұлпарын ерттеп, сын жолына қамданады. Уақытты көп созбай, Шорман бидің қалың жалқысына жасырын жетеді. Көк тұлпарына еңкейе жабысып, қалың жылқы ішіне еш жанға байкатпай, тұлкідей жайлап кіреді. Жылқы үйірлерін сүзе қарап, тұяқ алыстарын бағамдап, келісті үйірлерді қалың жылқыдан бөле қақпайлап, оларды жымын білдірмей, асқан ептілік әдіспенен айдайды. Бұл әректті бақташылар кешігіңкіреп көреді. Айдаудағы жылқылар ұзай түседі. Біраз уақыт өткен соң қуғыншылар Рамазан батырдың ізін кеседі. Рамазан батыр қуғыншыларды тізелерінен шоқпарымен бір-бір қағып, олардың барлығын аттарынан түсіріп, үйір-үйір жылқыларды жайбарақат жусата айдап, кете барады. Бұл сонау Қаракөлден бергі Қандыкөлге дейінгі ұзақ арақашықтық. Осынау адам баласы сенгісіз оқиғаны естіген Шорман өте мазасызданады. «Елдің көзі төртеу, құлағы алтау. Ұрыны тауып, ауылға шақырып әкеліндер», деп атарман-шабармандарына қайсарлана, қатулана бұйырады. Рамазан батыр Шорманның шақыруын құп алып, би ауылына келіп түседі. Шорман мырза Рамазанның алдына үйеме астау ет пен дәу тегене қымыз қойғызып, қадірменді қонақ қылады. Рамазан батырдың ет алуына, қымыз ішуіне таңырқай қарап: «Үйір-үйір жылқыны түйдегімен сіңіретіндей екен,

сары қымызды сірестіре сіміретіндей екен. Батыр болса асты болсын! Дана болса басты болсын! Даналық ойы болса, сұңғақ бойы болса, алмайтын жерден де алып кетеді екен-ау», - деген екен. Иығына шапан жауып, басына бөрік кигізіп, астына ат мінгізіп, Шорман мырза Рамазан батырды асқан ыждахаттылықпен еліне шығарып салады. Рамазанның өр рухтылығы мен ер жүректілігіне, бет әлпеті мен дене бітіміне, Шорман мырза қайран қалады. «Батыр болса, Рамазандай батыр болсын. Елімізге тиген жауды да менің мықты-мықты ерлерім тәрізді допша домалатары хаһ!», - деп Рамазан атамызға Шорман би өте жоғары баға берген екен.

Кеңестік үкімет заманында Қостанкол тауындағы зират тастарын К-700 тракторларымен құрлысқа қолдану үшін тасып әкеткен. Тас тасуға Айтқожа Шәйкенұлы да ширақ қатысқан. «Сол кезде молалар тасын алып жатқанымызды білмеппіз», дейді ағынан жарылып, Айтқожа. Тас тасуды ұйымдастырған адам, осы оқиғадан кейін, тура бір жылдан соң дүниеден өтіп кеткен. қапияда қайтыс болған.

2011 жыл. 27 мамыр. Құрмет Бұқпанұлыменен әңгімелесу мақсатында, телефон арқылы, 42 шақырым қашықтықтағы, Ботақара шоқысы етегіндегі, Ботақар кентіндегі үйне мені қонаққа шақырды. Ақ тұлпарымды ерттей салып, «аудан орталығы қайдасың» деп, сәске мезетінде, Құрекеннің үйіне жетіп, ат тізгінін тежеп, еңселі шаңырақ қоңырауын қақтым. Оң аяғыммен киелі табалдырықты аттай беріп, «Ассалаумағалейкүм» сәлемімді беріп, бөлмеге кірдім. Үмітай жеңгей өте жылы шырай танытып, құшақ жая, мені қуаныш сезімінде қарсы алды. Апай: «Төрлет, құлыным!» сөзімен өзімді марқайтып тастағандай еді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Құрекен қайда кеткен?» деп, уақыт тапшылығын сездіргендей кейіпте, апайға басты сауалымды қойдым.

-Жайлаубайдың қайын ағасы қайтыс болған. Бүгін сол кісіні жерлейтін күн, намазға кетті.

-Иманды болсын, жарықтық!

-Әумин!

-Ағай қашан үйге келер екен?

-Келіп қалатын уақыты болды. Өне-міне дегенімізше үйге келіп те қалар.

-Апа, Құрекен үйге келгенше көшеге шығып, керекті кеңселерді аралап, шаруаларымды тындырып, олай-бұлай жүріп қайтайын.

-Жарайды, жаным. Шруанды ыңғайлап, бір айналып келе ғой.

Жұмыстарымды жайлап, үйге қайрадан оралсам, Құрекен де намаздан келген екен. Жаңа ғана бабына келіп, қайнап-піскен семіз жылқының сүр етінің исі мұрын жарғандай, өзіңізге тіл үйірткендей, тәттілік әсерін сыйлайды. Сәлемдесіп, аман-саулық сұрасып, түрлі-түрлі тағамдармен жайнап тұрған столды айнала біздер жайғасқан соң, атадан атаға жалғасып, өшпей, ұрпақтарға мирас болып келе жатқан сөзден сөз шығып, ойды ой қозғап, Құрекеннің әсерге толы, мәні терең, қызықты әңгімелері Қорқыт атамыздың баяғыдағы желмаясындай желе-жортты:

«Қазақтың Қаржасынан төрт рулы, еңселі ел тарайды. Біз, Бабастар, осы төрт руға кіреміз. Ел-жұрт арасында мынандай тұжырым кеңінен таралған: «Өкір Бабас!» Бұл ұғымның түсінігі-Бабастар өте ұйымшыл, бірі үшін бәрі тұрады, бәрі үшін әрқайсысы тұрады деген қортындыға келіп саяды. Басқаша айтқанда: ынтымағы жарасқан, бірлігі берік, бір-бірлеріне бауырмал ел түсінігінде.

Орта есеппен алғанда, менің әкем Бұқпан 1878 (1976) жылы, атам Танаш 1821 жылы, арғы атам Сүгірәлі 1759 (1856) жылы, бабам Байкүшік 1701 жылы, арғы бабам Үсен 1658 жылы, алтыншы атам Жанақ 1617 жылы, жетінші атам Бабас 1570 жылы дүниеге келген тәрізді. Әкем Бұқпанның айтқандарына қарап, Жанақ пен Керней (1619-1702) бабаларымыздың жастары қатарлас, замандары тұстас екенінде еш бір күмәнім жоқ, айдай анық дүние деп есептеймін.

Жоғарыда есімдері аталған ардақты аталарымызды жүз жасаған адамдардың қатарына қосқанымыз дұрыс. Бабастардың байырғы жері Бұқар жырау ауданындағы Қандыкөлден бастау алып, Молодежный ауданындағы Шідерті өзеніне дейінгі кең алқапты алып жатыр. Бұл үлкен өлкенің төңірегінде Ақшоқы, Борсықты, Қара және Ақ құдықтар, Қызыл Еспе, Шағалалы және Шыбынды көлдері, бұлардан да басқа тарихи, адамдарға берер тәлім-тағылымы мол географиялық атаулар аймақта жетіп артылады. Шорман Сүгірәліге «Белағаш бойын жайла» дейді. «Белағаш» Баянауыл тауларынан басталып, Қарқаралы тауларына дейінгі аралықты қамтитын, ойдым-ойдым орманды, бұталы және тобылғы-қарағанды, ұзынша келген жолақ тәрізді. Сүгірәлі құдығы мен жайлауы, Танаштың Ақшоқысы мен тұйығы, Бұқпанның белағашы мен бұлағы Керней тауының солтүстік-шығысына қарай 15-20 шақырымдай қашықтықта тұр. «Белағаш» сөзінің мәнісі: қисая-майыса, арбаның белдік ағашы сыяқты өсетін қайың ағаштарының көп шоғырлары. «Ақшоқының» биігіне шыққан адамға айналаның барлығы алқанға салғандай, ап-анық көрінеді. 1600-1700 жылдары, жаугершілік заманда қазақтың қарауыл адам қойатын көптеген шоқыларының бірі болған.

Керней тауының шығысна қарай мол сулы, көп көзді, «Кернейдің қара суы» бар. Бұрындары бұл қара судан керней ұрпақтары малдарын суарса, бүгіндері осы төңіректегі елдің төрт түлігі шөлдерін қандыруда. Сөзден сөз шығады дегендейін, есіме мына оқиға түсіп отыр.

1700-1800 жылдары, қыс уақытында жылқышылар қамыс үстіне киіз үй тігіп, көл қопасында малдарын жайған. 1797 жылы Баянауыл-Қарқаралы аймақтарында жаз жайлау құрғақ-қуаңшылық, қыс қыстау қақаған-қаһарлы болып, төңіректегі көптеген көлдердің сулары ортайып, кейбірі тартылып та қалған. Сол жылы, ең даланы алып жататын, мыңдаған жалқының шөлін қандыру қиындаған. Осы кезде Шорман (1788-1837) мырзаның қалың жылқысы Қаракөл жайылымында екен. Ерементәу бағытында, солтүстік тұсқа қарай, қазіргі Молодежный кентінен 40 шақырымдай жерде Қаракөл көлі орналасқан. Қаракөлдің суының деңгейі күрт төмендегендіктен,

жылқыларды Шыбындыкөлге түсірмек ниет туындаған. Жылқыларды Шыбындыкөлге жақындатқан сайын, олардың алдынан бір дәуқара адам, ақбақай тұлпарын ойнақтата, ақыра кеп, айғайға басқанда, қыл құйрықтылар кейін серпіліп, суға қарай беттей алмай, қасқырлар қысқаннан да бетер үрке оскырынып, тарыдай шашылады екен. Жылқышылар жан ұшырып, айғайға басып, сойыл астына алып қуса дағы, жылқылар Шыбындыкөлге түспей қойыпты. Таңқаларлық жайыт Шорман мырзаның құлағына да жетеді. «Бұл, сірә, «Керней ұранды, дуалы дауыспен» жауына тиетін, жүз басы Сүгірәлі батыр. Жылқыларды Шыбындыкөлге беттетпес бұрын Сүгірәлі батырға барып сәлем беріндер, үй белдеуіне ту биені байландар, сөздің шырайын келтіріп, жылқыларды суғаруға рұқсаттарыңды сұрандар. Сонда ғана Сүгірәлі батыр жылқылардың алдын кесіп, дауыл дауысқа баспас болар.», - деген екен Шорман мырза. «Жылқышылар Шорман мырзаның айтқан сөзіне құлақ асып, Сүгірәлі батырдың найзағай ойнағандай күркіреген даусынан арылып, қарасы қалың жылқыны Шыбындыкөл жайлауында емін-еркін жая берген екен», - дейді қариялар.

Қазіргі уақытта Керней тауының солтүстік беткейіндегі жер телімі Бабас ішіндегі Бапаққа жататын Сансызбай Саманбекұлына (Жоғарыда әңгімеленген емші, Нұрғайша, Сансызбайдың жұбайы) қарайды. Қазақта Бапаққа байланысты мынандай пәлсафалық сөз бар: «Бай болсаң Бапақтай бол, Азнабай сапақтай бол!» Құдайға шүкір бүгіндері Бапақ ұрпақтары ата атағына сай келерлік дәрежеде, бай-дәулетті негізде өмір сүріп жатыр. Ата-баба аманаттарына адал, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қағиданы берік ұстанған. Біраз шегініс жасап, Бапақ бабадан тараған аталарымыз жөнінде бір қысқа естелік айтып өтейін.

Танаштың замандастары, Бапақтан шыққан Түлкібай, Қойлыбай және Рамазан, барлығы да, алып денелі, аса зерделі, аталар сөзінің қадірін білетін батырлар. Олардың да ата-баба қоныстары кернейлермен көршілес, Керней тауының теріскей тұсына таман 10-25 шақырымдай жерде орналасқан. Рамазан батыр жарық дүниеден өткенінше омырау-құйысқаны қайыспен таспаланып өрілген, күміспен өрнектелген ертоқымды, жеті өрім қыл шылбырлы, жезбен әшекейленген ноқта-жүгенді, желісі майда, жүріске шыдамды, жолбарыс жонды, арқалы «көкшағыр» аттарынан (осы көкшағыр айғыр тұқымы асылын сақтап отырған) түскен емес. Зор тұпатты тұлпарына, сол жүзден асқан жасында да, өзі мініп, өзі түсетін, сүйегі асыл, еті тірі жан еді ғой. Көршілес ауылдардағы шаруасын тындыруға да, той-томалаққа да, намаз-дұғаға да, автокөлікті керек етпей, Көкшағырын ерттеп, шапанын киіп, бөгелмей желе-жортып баратын. Рамазан батырдай, көкшағыр аттай көненің жәдігері тәрізді алтынның сынығын байкамау, оны өз көзіңмен көріп, өнерлерін тамашалау осы заманда мүмкін болмай бара жатқан сияқты ма, қалай? Рамазан батыр 111 жасында, қарттық сын-сымбатын айбалтаның өткір жүзінде жарқыратып, өр рухын асқақтатып, Алғабас ауылында бес күндік бұл жалған дүниеден, сөнбес жұлдызға ұқсап, нұр-сәулесін шашты. Көкбөрі Керней, Қаракерей Қабанбай, Иманның

Амангелдісі тәрізді батырлардың замандарындағыдай Сүгірәлі, Түлкібай, Қойлыбай, Рамазан, тағы да басқа ардақты аталарымыз сынды, сол кездердің қан-қырғынды майдандарында ерліктің үлгісін көрсетіп, елі мен жерін жаулардан қорғауға бір кісідей қатынасып, халық абройына бөленіп, батыр атанған. Көкбөрі Керней келбетті ерлер мен батырлар жөнінде аталарымыздың әңгіме-дастандарын талай мәрте құлағыммен естіп, көзіммен көргендей әсерленіп, сана-сандығыма қастерлеп дестелеген жайым бар, Мақсұтхан».

Ұлан-байтақ жерді баянды тұрғыда иемдену, оны жаулардан қызғыш құстай шырылдап жүріп қорғау, оңай дүние емес екендігі бес енеден белгілі. Мұндай ұшы-қиыры жоқ жерді өз бақылауында ұстау үшін, күш-қуатпен қатар, адамдарға ұшар құстың ұшқырлығы қажет. Қазақтардың қанаты пырақ тәрізді көлік. Жылқы атаулы шұрқырап, туылған жеріне жусағанды аңсайды, өскен өлкесі түсіне кіреді, өз иесіне үздігіп емренеді. Жылқы малы таза ауаға, мөлдір суға, қайратты шөпке тоқтайды, сол жерден ком жинайды. Жылқы қазақ үшін мінерге көлік, ішерге сусын, ауқаттануға тамақ. Жылқы қазақ үшін сапарда жол серік, самғай ұшарға қанат, шығармашылыққа шалқарлы шабыт. Қазақ үшін жылқы малы ерекше әспеттелетін, нәзік сезімді, асыл тастай, ақіреттік ақ матадай жануар. Қазақ елінің еркіндігі – бабалар батылдығының ұтқырлығынан. Қазақ жерінің жалпақтығы-тұлпарлар тұяқтарының ұшқырлығынан. Халықтар арасында «қазақ жылқы мінезді» деген теңеу тегіннен тегін текті қазаққа телінбеген. Мұнда терең мән-мағына жатыр. Бұл сонау ықылым заманынан бері халық арасында айтылып келе жатқан қанатты да қайратты ұғым.

Қазы-қартаны бес саусағыммен алып, бал қымызды сүйсіне тартып, әңгімені рақаттана тыңдадым. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа, көк сандық есте сақтау қабілеттің арқасында, өтіп кеткен сонау ғасырлар шежіресі, қаз қалпында, беріліп келе жатқан, баға жетпес, қымбат дүние. Шынайы, жанды деректерге негізделген, алаулаған тарих шам-шыарққа үніліп, сол санаға сіңісті оқиғаларды ой-елегімнен ыждахаттықпен, сараптай да саралай елеуіштеп өткіздім. Ас қайырып, аруақтарға құран бағыштап, Құрмет Бұқпанұлының ақ батасын алып, Үмітай жеңгеме бар рахметімді ақ жауындай жаудырып, бір Алладан медет тілеп, Керней ауылына қарай жаңа үмітіммен бірге бетімді бұрып, жыланша ирелендеген қара жолға түстім. Ұзын жол бойында түрлі-түрлі ой тереңіне қайра баттым. Қазақ жерінің көлемі қандай ауқымды? Аталардың есте сақтау, жадында ұстау қабілеттері таңқаларлық, осы заманғы компьютерден бетер, анағұрлым ауқымды. Ата-бабаларымыз дархан елін, дардай жерін нендей күшпен сақтап қалған, біздерге, ұрпақтарына бақ-дәулетті шашып-төкпей, бүтіндей қалайша мирастаған? Бұл білектің күші, көсемдіктің көрінісі, ақыл-парасаттың ауыз толтыра айтарлықтай жемісі, адамдар арасындағы өзара түсіністіктің, ынтымақтың, бірліктің киелі шаңырағымызға дарығаны. Жаппар Жаратқанның әмірімен бақыт құсының еліміз бен жерімізге ұшып келіп, ұзағынан сүйіндіре қонғаны.

XVI ЖЫРАУ

Қожаберген жырау

Жоңғарларға жылдам және оларды жойып жіберетіндей соққы беру мақсаты қазақтардың алдына қойылды. Осы тұрғыда 1726 жылы Ордабасы тауында Бүкілқазақтық құрылтай өтті. Құрылтай шешімі шеңберінде әрбір ру басы жауынгерлік жасақтарын құрып, оларды бүкілқазақтық бір үлкен қолбасшыға бағындырып, қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін жоңғар жендеттеріне қарама-қарсы қойды. Бас сардарбегі Қанжығалы Бөгенбай қолбасшылығымен қазақ жауынгерлері басқыншыларға қарсы жұдырықтай жұмылып, ұлан-ғайыр жеріміздің барлық төңірегінде асқан ерлікпен шайқасып, тарихи ұлық жеңіске қол жеткізді.

Бүгінгі тілмен айтсақ, ой-санасы, тілі бір үйсіндермен одақтасып, ғұндардың бес ғасыр бойы өмір сүрген ұлы империясын құрғаны мәлім!

КСРО Ғылым академиясының «Наука» баспасы 1980 жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: «Монголы: истоки происхождения народа и истоки культуры» деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, ғұндарды түрік тілдес болған,-дейді, ал ғұндардан қият, тайшуыт тарайды.

Біздің ата-бабаларымыздың да жауынгер болғаны тарихтан мәлім. Егер олардың қолданған сан түрлі айбатты қару-жарақтарын дәл осылай жеке көрме ретінде ұсынса, рухымыз көтеріліп, патриоттық сезіміміз еселеп артар еді». Бұл-елордадағы Президенттік мәдениет орталығында өткен «Мемлекеттік Эрмитаж жинағынан XV-XIX ғасырлардағы орыстың салтанатты және аңшылық қару-жарақтары» көрмесін тамашалағаннан кейінгі Республикалық ұланның 0112-әскери бөлімінің жауынгері, аға сержант Аймұқан Солтыбаевтің ойы.

Мәскеудегі Мемлекеттік Эрмижазда өткен ғасырлардағы түрлі өнер туындыларының жинағына толы десек артық емес. Сол құнды жәдігерлердің ішіндегі бір төбесі-саны 15 мыңға жететін қару-жарақтар. Бұларды өткен ғасырлардағы қару ұста шеберлерінің дарыны мен еңбегінің туындылары деуге болады. Коллекция бұйымдарының қатарын негізінен жоғары деңгейдегі салтанатты, аңшылық, жекпе-жек және соғыс қарулары құрайды. Бір қарағанда олардың техникалық мүлтіксіздігі ғана емес, сонымен бірге бай жабдықтармен ерекшеленетінін байқауға болады. Германия, Италия, Франция, Түркия, Иран, Жапония мен Үндістан қатарлы елдерінен әкелінген көне сауыт-саймандар, басқа да түрлі қарулар, қылыштар мен қанжарлар, тапаншалар мен дуылғалар – осынау коллекцияның негізін құрайтын дүниелерге жатады. Ал олардың әлемдік қару-жарақ коллекцияларының бірегейлері санатына кіретінін де айта кеткен жөн.

Көрмедегі бұйымдардың көркемдігі мен басқа да ерекшеліктері орыс қару-жарақ шебер ұсталарының дарыны мен шеберліктерін айқындады десек те, онда шығыстық үлгі менмұндалап тұрған сыңайлы.

Бір ғана мысал, коллекцияның ең алғашқы жәдігері 1811 жылы Түркиядан олжа ретінде әкелінген семсер екенін айтсақ та жеткілікті.

Орыстың қаруын көре отырып, мұндай қару-жарақ жәдігерлердің топтамасы неге бізде жоқ деген ой келеді. Бізде әр өңірден табылған ескі қарулар сол жерде сақталады.

Астанадағы біздің Эрмитаж болып саналатын – Президенттік мәдениет орталығында қазақтың, тіпті түріктің түп тарихынан сыр шертетін айбынды қару-жарақтарымыздың коллекциясы жиналып, жұрт назарына ұсынылса, рухымыз ояу жүрер еді!

Қазақ сарбаздары мынандай қару-жарақтарды шайқас даласында қолданды: сойыл, гүрзі-шоқпар, қанжар, найза, қылыш (семсер, наркескен, селебе, алдаспан т.б.), садақ, айбалта, білте мылтық. Қазақ жауынгерлері үстіне болат сымнан тоқылған сауыт, басына темірден құйылған дуылға киді. Қазақ сардарбегілер мен сарбаздарының ерлігін біздің заманымызға жеткізген ақын-жырауларды атап өтейін: Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Көшен, Бұқар жырау т.б.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы елеулі оқиғалар:

Бұранты шайқасы Сайрам (1682 ж.), Түркістан (1723 ж.), Үлкентор (1725 ж.), Бұланты (1728 ж.), Анырақай шайқасы (1730 ж.), Аягөз (1745 ж.)

...

«Атанның ұлы болып тума, елінің ері болып ту»

*Жекпе-жекте қарсыласын қаусатқан,
Садақты тартқанда жауын дәл атқан.
Елі, жері үшін дау-дамайға түскенде,
Тапқырлықпен дұшпанын тоқтатқан.*

*Қазақ қолын жеңіске бастаған,
Жеті қаруын басына жастаған.
Төбе басында болған жиында,
Дананың нақыл сөзін қостаған.*

*Жау сөз түсінбей, барғасын дауға,
Батыр ұқсап кеткендей биік тауға.
«Аттан», -деп рух күшін шақырып,
Тап берді жер қайысқан көп жауға.*

*Арам ниет жауыздарды сұлатты,
Секеңдеткен қара туын құлатты.*

*Бастарына қара бұлтты төндіріп,
Ерім жауды еңкілдетіп жылатты.*

Ер-баһадүрлерді қайталап айта бергім келеді. Батырлар туралы тарихи деректерде Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында болғандығы айтылады. Жүз он үш жас жасаған, қазақтың бес ханын көзімен көрген, Абылай ханның ақылшысы, осынау, қазырғы заманымызды көрегендік-дәлдікпен болжаған Бұқар жырау үш қолбасшының маңында мынандай қаһарман батырлардың жүргендігін осы уақытқа жеткізді: Шакшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық қожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл. Сонымен қатар: Жасыбай, Малайсары, Қожаберген, Түгел, Шақантай, Қошқарбай, Байболат т.б. Жоңғарға қарсы шайқастарға әйелдер де қатысты. Батыр қыздар: Айтолқын, Айбике, Гауһар, Назым т.б.

XV-XX ғасырлар төрінен орын алған, кезінде қазақтың данқын аспандатқан, қол жиып, атқа қонып, сауыт киіп, қалқан ұстап, шоқпар сілтеп, қылыш сермеп, найза түйреп, садақ тартып, мылтық атып, оқ-дәріні жарып, жері мен елін жаудан қорғаған, өр намысын ешкімге бермеген, ұлттық биік рухты ту қылған, мемлекет тәуелсіздігіне жету жолында шыбын жандарын құрбан еткен, осынау асқақ мақсатты орындау үшін өзінің септігін тигізген тарихи тұлғаларды, соның ішінде, «Елім-ай», - деп өмір бойына дұшпандармен арпалсып өткен төменде есімдері ескерілген ерен ерлерін қазақ халқы мәңгілікке жады-жүрегіңде сақтамақ: Қобыланды Токтарбайұлы, Жалаңтөс батыр, Қарасай Алтынайұлы, Есет Көкіұлы, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырық Тоқтыбайұлы, Өтеген батыр, Қойгелді Сартұлы, Райымбек Түкеұлы, Наурызбай батыр, Олжабай Толыбайұлы, Ағыбай батыр, Сырым Датұлы, Жауғаш Қырбасұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Исатай Тайманұлы, Саурық Стамбекұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Баян Қасаболатұлы, Аманкелді Иманұлы, Бауыржан Момышұлы, Қайрат Ырысқұлбекұлы т.б.

Екі би айтысқанда жалпы үкімді шығару үшін Төбе би сайланған. Би болатын адамның бойынан бірнеше ерекше қасиет байқалып тұруы ләзім. Ол шешендік өнер мен аталы сөзді меңгерген, адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ, пара алу дегенді білмейтін, қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете білетін, аса сыйлы адам болуы шарт. Би «Қасымханның қысқа жолын», «Есімханның ескі жолын», Тәукеханның «Жеті жарғысын» жатқа білуі керек. Би әділ де тапқыр, Әйтеке би айтқандай, «Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаның сөзін тоқтата білген» дана болуы міндетті. Би өзінің сіңірген еңбегі үшін «бидің билігі» деген сыйлығын алады. Қазақ тарихында өшпес із қалдырған атақты билер: Майқы би, Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би т.б.

Қазақ елі Ресейге қосылғаннан бастап ақ патшаға әртүрлі жағыдаймен жолығуға әр аймақтан біршеше депутациялар ұйымдастырыла барған. 1-ші депутация 1847 жылы Баймағамбет сұлтан Айшуақов бастаған топ; 2-ші депутация 1850 жылы Жантөрин бастаған топ; 3-ші депутация 1859 жылғы ішінде *Дәулеткерей күйші, Есет батыр* бар топ; 4-ші осы депутацияны 1860 жылы Мұқамбет (Мұқан) сұлтан Жантөрин бастаған топ. Солардың бірі еліміздің батыс аймағынан барған депутация мүшелері. Осы беделді тұлғаларды ерекше атап өтейін.



Суретте Санкт-Петербургта 1860 жылы Ресей императорының қабылдауында болған Батыс өлке қазақтарының 4-і депутациясы

Солдан оңға қарай 1-ші қатарда отырғандар:

Бекшорин Сердалы-Төртқара руының Қаракемпір аталығының ру басшысы, зауряд-хорунжий;

Тәукин Мұқамедқали – Орынбор қазақтарының Батыс бөлігінің сұлтан-әкімі, подполковник;

Қасымов Ермұхаммед (Елекей), сұлтан – Шөмекей руының ру басшысы, әскери старшина;

Шегенев Бірімжан – Арғын руының Жоғарғы Шекті бөлігінің биі, зауряд-жүзбасы;

Жантөрин Мұқамбет (Мұқан), сұлтан – Орынбор қазақтарының Шығыс бөлігінің сұлтан-әкімі, есауыл, депутация басшысы.

2-і қатарда тұрғандар:

Байғанин Алдаш Шөмішті – Табын руы Асан аталығының биі.

Сейдалин Әлмұхамед Күнторыұлы, сұлтан – подпоручик, депутация тілмашы;

Есенбаев Ғұбайдолла, тархан – Ішкі Орда Қамысты Самар бөлігінің басшысы.

Фото суреттегі Елексей сұлтанның сол жағында отырған адам – Шегенев Бірімжан. Арғынның жоғарғы Шектісінің биі. Шені зауряд-жүзбасы. Шенді 1858 жылы алған. Жоғарғы Шекті руын ол кезде оның туған ағасы Шегенев Қазыбек басқарып отырған. Бірімжан – атақты Шақшақ Жәнібек батырдың тікелей ұрпағы. Жәнібек батырдың Кіші жүзді Ресейдің қол астына қарату үшін Әбілқайырға зор қолдау көрсеткені

тарихтан белгілі. Орыс патшалығы оның осы еңбегін ескеріп, ұрпақтарына көп қолдау көрсетіп отырған. Осы қолдаудың бір көрінісі ретінде Бірімжан биді депутацияның құрамына кіргізуі. Оның үстіне, *Жәнібек тұқымдары патша үкіметіне адал қызымет еткен, болыс-биліктен түспеген әулет.*

Ресей ҒА Санкт-Петербургтегі Антология және этнография музейінің (Кунскамера) қоры

Қарағанды облысының әкімі С. АХМЕТОВКЕ
Қарағанды облысы ономастикалық алқасына
«Орталық Қазақстан» газетіне
Керней ауылының тұрғындары атынан

Өтініш хат

«Келдібек би атаңыз, Жайлатты «Ботақараны». Тау бауыры қыс қыстау, Көк орай шалғын, ен жайлау, «Сандықтас» тауын еншілеп, ататтырды «Керней тау»»

Ақтамберді жырау

Орыс-қазақпен әңгіме тарқатысып, үш-төрт ғасырлық тарих тұңғиығына тереңдедік. Қаракесек руынан тарайтын Керней бір ғасырға жуық ғұмырын туған жері үшін, асқақ елі үшін ат үстінде, түн ұйқысын төрт бөліп, күн ыстығына шыжып, түн суығына тоңып, қазақтың жоғын жоқтап, бұрысын дұрыстап, жаумен жағаласып, дұшпанмен арпалысып, өршіл мінезімен, қазақи-бөрілік болмысымен, жоңғар қалмақтарына қарсы қаһармандық қаһарымен өмір-ғұмырын ат үстінде өткізген. Ат үстінде туған, ат үстінде өлген. Бірақ-та, Кернейдің есімі, мұқалмас қайрат-жігері, аспандаған рухы өлген жоқ. Керней, осынау төңіректі, осы күнгі «Керней» ауылы тұрған жерді, Кернейтауды, төбелер мен адырларды 1626-1702 жылдар аралығында мың мәрте басып өткен. Бұл жерлерде бабаның өшпес ізі қалған. Керней кіндігінен тараған ұрпақ осы, бүгінгі күнге дейін өсіп өнуде, гүл жайнауда. Қазақ ішінде, Арғын ішінде, Қаракесек ішінде, өз алдына бір төбе ел, төрт құбыласы сай ел, даңқ-абройы ұлықты, бақ-дәулеті келісті, Керней ұлысына айналды. Мұнда қазақты ру-руға, тайпа-тайпаға бөлейін деп айтпаймыз, бүтін қазақ үшін мақтаныш ретінде айтамыз. Қазақтың көшпелі заманы тұсында Керней кіндігінен тараған ұрпақтарының бақ-дәулеті тасып, малы өсіп, өрісі өрбіген. Сол жылдары кернейліктер Балқаш көлінің солтүстігінен бастап Шилі өзенінің сол жақ ағысына дейінгі төңірекке, төрт мезгілдік көшуде болған. Олар: қыстау, көктеу, жайлау, күзеу. Кернейліктер Кернейтау баурайында қаржас румен көршілес тұрып, жаз жайлауларында малдарын өріске өргізген.

Үкімет басында отырғандарға, халық қалаулыларына, тарихшы ғалымдарға, көкірегі ояу азаматтарға біздің тілек сөзіміз жетер деп топшылаймыз. Елбасы мен ғалымдар тарапынан қолдау көрсетіліп, тарихтың қақ төрінен Керней батыр бабамыз лайықты орнын алады деп сенеміз. Төрт ғасырға жуық уақыт аралығында Керней есімінің өшпей сақталуы тегіннен тегін емес. Ой таразыға салып көріңіздерші, кімнің есімі осынша уақыт халықтың жадында сақталған, еш ұмытылмаған, ел ішінде аңыз-әңгімелер қатарласа айтылған. Жаңа жерді алдамшы тәсілмен иемденушілер келіп жер-су аттарын, ешкімнен сұрамай-ақ, жөн-жосықсыз, әділетті заңға жүгінбей-ақ бұрмалаған, тарихи атаулар өрескел өзгеріске ұшыраған, одан әріректе орыстандырылған. Бұл тарихқа жасалған қиянат, құйтырқы саясат. Өз беттерімен Керней ауылын «Корнеевка», Көкбөріні «Волчи» деп, ал Кернейтауды «Кернейгора» деп атап кеткен, еш қиындықсыз, қаламның бір сипауымен ғана, өздерінше заңдастырып алған. Бұл кезде жер-сулардың тарихи, заңды атауларын қайтару мүмкін болмай отырғаны қалай? Павлодар, Петропавловск, сол сияқты, Астанаға Қарағандыдан барар күре жол бойындағы толып жатқан Корнеевка тәрізді, елге еңбегі сіңбеген орыстардың «евка» аттары. Бұл қазақты басынғандық! Осы үшін біз ұяламыз, іштей қан жылаймыз. Керней бабаға бір ауыл атын беруді біз сіздерден өтініп тұрып сұраймыз.

Қысқаша тарихи деректер:

Ақтанберді жырау: «Керней атаң кім еді?» Қазақ ССР ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Алматы. 1991 (1675 – 1768) «...*Керней атаң кім еді? Жаудан беті қайтпаған, Жүрегі түкті ер еді...*»

Материалы киргизскому землепользованию. 4 Павлодарский уездъ. Томъ IV-й. Воронежъ. Типо-литография В.И. Изаева, Большая Дворянская улица, д. д-ра Столь. 1903. «...*Керней...*»

Мұхтар Мағауин: «Қазақ тарихының әліппесі» («Орталық Қазақстан» газеті. (№45, 26.03.11., №52, 09.04.11.) «...*1643-1644 жылдардағы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның қалың қолын басқарған тұста Көкбөрі Керней сарбаздары қиян-кескі ұрыста шеішуші жеңіске жетті...*»

Ю. Г. Попов: «Ботакаринский узел» Караганда, 2010. Стр 87: «...*Еще вот что примечательно. Новоселы быстро подружались с казаками. Переняли от них название лесков, сопки, родников. Многие переименовали свой, еврейский манер. Так, к юго-востоку от поселка расположена гора Керней. Ее отметка – 748,8 м над уровнем моря. Неподолеу есть старые могилы рода Керней. Отсюда и Кернейский, превратившийся по воле русского писателя в село Корнеевское... ...В 1906 году топограф Дуббейский произвел нарезку Кернейского и Коньирского переселенческих участков...*»

Аталардан келе жатқан ауызша тарихи деректер. (ауыз әдебиеті)

«Корнеевка» ауылына тарихи «Керней» атауын қайыруды өтініп сұраймыз!

Башаев А. (Корнеевка ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.)

Ақжаяуов С. (Корнеевка ауылының Имамы.)

Абсатов Б.

Ақышев М.

Асылбеков С.

Байделдинов Е.

Батраков И.

Батракова Д.

Жаманбаев Ж.

Қикымов Қ.

Оңайбекова Қ.

Саманбеков С.

Саманбекова Н.

Сарсембаева С.

...

**Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Корнеевка ауылы.
01.07.11.**

Көкбөрі Керней - қазақтың атакты батыры!

Қаракесек руынан Карсон-Керней деген екі ұрпақ тарайды. Керней қазақтың атакты батыры. Керней батыр Шилі, Қаратоқа, Шат өзендерінің арасында Қалмақ әскерімен соғыс ашып, осы соғыста батырлық көрсетіп, содан кейін, осы тұстағы тауды «Кернейтау» атаған. Осы Керней батырдың есімімен «Керней» ауылы аталатындығы жөнінде аталарымыздан келе жатқан ауызша дерек бар.
Түсіпов Таяқбай

Дерек

Рух іздеп қайда бармадық

Бір кездері Алаштың ақсұңқар ақыны Сәкенді іздеп қайда бармадық?! Қазақ даласы жетпегендей орыстың ит жеккен пұшпағы Магаданнан іздедік-ау Сәкен ізін. Біреулеріміз онымызды түсіндік, екіншілеріміз сөктік. Сөйткен қазақ баласы Сәкен ұланын әлі іздеп жүр. Өйткені Сәкен – қазақ баласының рухы еді.

Біздің де тірлігіміз сол тірлік. Қазақ рухын іздеген тірлік, өйткені біздің бабамыз – Көкбөрі Керней де қазақ рухы болатын!

Біздің тарих бүгінгі күнге жұқа болып жетіп отыр. Өзгелер жазған тарих еді. Бүгінде сол тарихымызды өзіміз жазып жатырмыз. Өндіріп жатқанымыз шамалы, алайда алға жылжып бара жатқанымыз анық.

Алдымен Алаш болғанбыз. Соңынан қазақ атандық. Қайсақ, қырғыз аталып күні кешеге дейін келдік. Ресми түрде қазақ атауын алып берген Сәкен Сейфуллин болатын.

Қазақ елі Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ сынды алып мемлекеттерден тұрды. Қазақ елі – осындай ірі тайпалық одақтардың заңды мираскері. Теңіздің тамшыдан тұратыны белгілі. Арғынның Қаракесек тайпасының Керней бұтағы – сондай тамшының бірі.

Осынау қазақ сахарасын сақтап қалуда біздің бабаларымыздың да есепсіз қаны төгілген, жері үшін, ділі үшін, діні үшін соғысқан. Содан да барып Керней атаның балалары жер-жаһанға шашырап кеткен. Аңыз әңгімелерден білетініміз бабаларымыз Жоңғар шапқыншылығында, Қытай шабыншылығында соғысқа қатысып, өшпес ерлік үлгісін көрсеткен. Бұл қазақ ұландары үшін Отан соғысы болатын.

Біздің түсінігімізде соғыс бола қалса, ол міндетті түрде жер үшін соғыс болады. Шын мәнінде, біздің бабаларымыз бұдан жоғарырақ тұрған. Балта батыр бабамыздың башқұрт Салауат Жолайдың жағында соғысуы осыны көрсетеді. Башқұрттар жеңіліп шегінгенде қазақтар да Еділ, Жайық бойына ығысады. Және сол жерлерде тұрақтап қалады. Осыдан барып Кіші жүзде біздің Балта батырдың сегіз баласы қалып қойған. Оларды қазақтар жағы Естек десе, башқұрттар жағы Балтас дейді. Башқұрт жерінде Балтас деген аудан бар десек не айтар едіңіздер?! Сол жердегі Балта атасының ұрпақтарымен Сары атасының үрім-бұтағы тұрып жатыр. Ал олар өздерін Арқа төсін жайлап отырған Сарым руының ұрпақтарымыз дейді. Бұл соғыс дін ғана емес, діл соғысы да болатын. Сірә, мұндай мысалды көптеп келтіруге болатын шығар. Қазақ жеріндегі ұрыстардың бірде біреуінде қазақ ұланы сырт қала алмаған. 19 ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздің патшалық Ресей мен Қоқан хандығына қарсы ұрыстарына өздері тікелей қатыса алмаса да, Арқа қазағы үйірлеп мал айдады. Олай болса қазақ баласы қашанда өз жерінің қорғаушысы бола білген.

Керней аталығы да барлық рулар сынды небір зұлыматты бастан өткерген. Ашаршылықта адам жеген арғын атанады, отыз жетіде қазақтың еврейі атанады, екінші жаһан соғысында сатқын атанады... Қайда жүрсе де қуғын-сүреңнен көз ашпайды. Сөйтіп жүріп те жер бетінен құрып кеткен жоқ. Бүгінде тарыдай тарап кеткен Керней аталығының ұзын саны отыз мыңның үстінде деп білеміз. Осы аталықтың Малсейіт тармағы қиын-қыстау күндері Қытайға өтіп кеткен екен.

Осыншама өсіп-өнгенімізді осыдан алты жыл бұрын берген асымызда ғана білдік. 2005 жылы Арқада бұрын-соңды болмаған Керней бабамыздың асын өткіздік. Сол асқа төрткүл дүниеден ұрпақтары жиналды. Кереқарыс шежіре кітабымызды шығардық. Одан кейін бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Деректі бейнефильмдер түсірілді. Керней бабамыз жөнінде дерекке құрылған кітап та жарық көрді. Бұл бағыттағы жұмыстарымыз одан әрі жалғасын табуда. Аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсетілді, жағдайсыз балалардың оқуына қол ұшы берілді. Жарылғап

ауылындағы мектепке компьютер сыныбы сыйланды. Бұл атқарылған жұмыстарымыздың бір парасы ғана. Алдағы жұмыс мұнан да көп деп білеміз.

Бүгін біздер бабаларымыздың аяғының ізі қалған жайлауға келдік. Керней атасының малды ата болғаны белгілі. Бізде мыңды айдаған байлар аз болмаған. Бір ғана Шолақ байға он жеті мың қылқұйрық біткен. Сондықтан да соншама малды асырап-сақтау оңай болмаған. Жайлау мойны сонау Есілге дейін барған. Аяқты малға ол да алыс емес. Сол жолда ереуілдейтін жері болған. Бүгінгі Керней ауылы – сол бабаларымыздың ереуіл жері. Көшке ілесе алмайтын малын осы жерге тастап кеткен. Сондықтан, бұл көшті ел кәдімгідей тосатын болған. Біздер сол топырақты бастық. Бабаларымыздың осынау ереуіл жерін бұрыннан білетінбіз. Осы жерде жергілікті халықтың ыстық ықыласына ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Олар өз тарапынан Корнеевка болып бұрмаланған ауылды қайтып қалпына келтірді. Мектепке батыр бабамыздың есімін берді. Біздер бұл шаралардың ішінде бола алмадық. Батыр ортақ, аруақ ортақ деген осы. Сондықтан, Керней ауылының ақылман қариялары мен ақжаулықты әжелерімізге басымызды иеміз, кейінгі Толқын бауырымызға ілтипатымызды білдіреміз.

Осыдан он жыл бұрын жер-жерлердің бәрінде төл тарихымызды жер атауларымен жазу өріс алды. Елімізде қаптаған Ивановка, Петровкалардан арыла бастадық. Мынау біздің Ақадыр ауданында олары аздай ауылдар нөмірленіп кеткен-ді. Біздер сонымен де күрестік. Сондай ауылдың бірі Корнеевка болатын. Ол ауылдың тарихын белгілі жылнамашы, қазақ даласының шежірешісі Юрий Попов өз жазбаларында қалдырды. Керней бұлағы, Керней өзені, жалпы Керней ауылының тарихын мөлдіретіп жазып қоймай, оны баспасөз арқылы жарыққа шығарды. Сол деректерді негізге ала отырып Керней ауылының тұрғындары тарихи атауларын қайырып алды. Соны естіп іштей ризашылығымызды айтып жүретінбіз-ді. Сол ризашылығымызды білдірудің реті енді келген. Абыз ақсақалдарымыз сол азаматтарға құрмет көрсетіңдер, басына бөрік, иығына шапан жабыңдар, реті келіп жатса, ат мінгізіндер деген. Сол тірілікпен атқа мінгенбіз.

Біздің бұл жиынымыз тірінің қамы еді. Өйткені бабаларымыз «Өлі жарымай, тірі байымайды» деп айтып кеткен. Олай болса осы ауылдың тұрғындары-керейліктерге «Бәріңізге бір Алла жар болсын» деген ыстық ықыласымызды жеткізгіміз келген. Осындағы мектепке компьютер сыныбын сыйласақ па деп едік. Алайда түсініспеушіліктер орын алды. Желсөз белең алды. Барсақ күні кеше ғана Керней ауылы деген сөз өшіріліп тасталыпты. Бұл қалай деп сұрасақ, ауданның осы саласын басқаратын Сәуле Шибаева деген қарындасымыз сондай пәрмен жасапты. Керней мектебіне Сұлтанмахмұт Торайғыров атын беру бойынша қол жинапты. Осыған байланысты шам шақырушылар болды. Тіпті мектепке арналған сыйлығымыздан бас тартты. Сонымен, кернейліктер осыдан он жыл бұрын Корнеевканы Керней ауылы деп атау үшін күресіп еді, енді қайтадан

Корнеека қыламыз деп әуре. Бос әурешілік дейтініміз бұл ешқандай Корнеевтің жері емес. Бұл – т.қазақтың жері.

Осы аста қарапайым халықтың ықыласы бөлек еді. Жергілікті қаламгер Мақсұтхан Ақышев ағамыз тіпті «Кернейдің әулие бұлағы» деген кітапша шығарып сыйлағанда аузымызға сөз түспей қалғанын несіне жасырайық. Аста Алаштың ақсұңқар ақыны Серік Ақсұңқарұлы, Жанат Жаубас, Смет Алтай, Амантай Рәшитұлы, белгілі жазушы Өмір Кәріп, туған өлке шежірешілері Сәулебек Жүнісов, Қанат Боранқұлов, Әділ Бәкір, халық қалаулысы, Мәжіліс депутаты Нұрлан Әбдіров, Керней ауылының тұрғындары, Тарихшы Мақсұтхан Ақышев, кезінде ел тізгінін ұстаған Бақи Әбсатов, Таяқбай Шәкірұлы және басқалары сөз сөйлеп, игі тілектерін білдірді. Қарағанды қаласы Балақажы мешітінің найб имамы Өмірзақ қажы Бекқожатегі мен Жарылғап ауылының имамы Мәкітай Байсақалұлы ел тәуелсіздігі жолында құрбан болған ата-бабаларымыз рухына дұға бағыштап, Сәдібекбаласы Жұмақас ақсақал бата қайтарды.

Ас соңында кәдімгі бауырлас ағайын болып құшақтасып тарастық.

Керней ауылында осы атаның бір баласы да тұрмайды. Батыр бабамыз аттас аталарын тауып алып, елдімекен атауы сол кісінің есімімен аталды деген де қисынға келмейтін сөз. Қазақ тегін адамның есімін жер атауы ғып бермейді. Керней ауылын аруақ жанаған жер дейтініміз содан. Жанағаны сол, талай осындай ауыл пышырап кеткенде бұл ауылдың түтіні түзу ұшқанынан таймай тұр.

«Орталық Қазақстан» газеті, 28.07.11. №122 (21114). Төрехан МАЙБАС, ҚР Мәдениет қайраткері

«Рух іздеп қайда бармадық» атты «Орталық Қазақстан» газетінің, 28.07.11. №122 (21114) санындағы Төрехан Майбастың ой-толғамдарын толықтай құптай отырып, мен Мақсұтхан Ақыш, төмендегі әңгімені халыққа айтқанды жөн санадым.

Керней ме, әліде, Корнеевка ма?

Кеңес үкіметінің жетпіс жылдық құйтырқы саясат дәуірінде ел ішін арам мәңгүрттік пен қысыр кеуделік жайлап кеткенге ұқсайды. Мұндайларда қазақы діл де, мұсылмандық иман да, адамгершілік сипат жоқ. Бұлай деуге итермелейтін негіз жетіп артылады. Баяғыда қазақ сөзге тоқтаушы еді. Қазір ол жоқтың қасы. Осы күнгі орта жастағылардың жарым-жартысы, кейбір кәрілер де желікпе, желді өсектің желісінде адасып жүргендей сыңай танытады, олардың айтқан сөздері мен көрсеткен қылықтары, адамның арына тікенектей, істіктей болып тиеді, жан-дүниенді жүдетеді. Арандатушылардың арамдық айдауында кеткен, арамдық пиғылға шырмалған. Ішкендері арақ, жегендері насыбай, ауыздарында боқтық сөз. Қазақта: «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» немесе «Бір қарын майды бір құмалақ арамдайды» деген терең мағыналы тұжырымдар бар. Қазақтан қалмай келе жатқан мынадай керіқар қылықтар бар – біреудің дәрежесі

өзгелерден асып бара жатса, оны тұзаққа түсіріп, тоқтату қажет, немесе біреу байып кетсе, оны тақырға отырғызып, жойып жіберу керек. Абайды ұрған сол бір қазақтан, Мұхтарды қудалаған сол бір қазақтан, Шәкәрімді өлтірген сол бір қазақтан не сұрарсын. Ондай қазақта не қадір, не қасиет, не имандылық бар? Корнеевка ауылының саусақпен санаулы ғана кәрілері желікпелерді руаралық қарама-қайшылыққа айдап салуда. Олардан мен арамдық пиғылдарды көрудемін, боқтық сөздерін естудемін. Бір кәрінің айтқаны: «Қаракесектер қаржас жерінде еш уақытта да болған емес. Бұл жер қаржастың ғана жері. Еш ру адамдарын жерімізге жібермейміз. Қаржас жерінде тек қана қаржастар жүруі керек. Қаракесектер жерімізді басып алайын деп жатыр. Оған жол бермеу керек. Ауылдың атауын өзгертсек жеріміз өзімізде қалмайды. Қаракесектің кернейінің есімі бізде болмау керек...» Осы іспеттес тұжырымдарды өз құлағыммен естіп, мұндайға сенер сенбесімді білмей, қайран да қайран қалып жүрмін. Сорақылықты естіп-көріп, адамдардың сана-сезімдері мұндай деңгейде болуы мүмкін емес деп өзімше ойлаймын. Бірақта, өкінішке орай, ауылымыздағы жағдай осылай болып тұр. Менің түсінігімде қазақ қонақжай халық болатын. Алыстан алты жасар бала келсе, ауыл қариясы оған барып сәлем салатын. Кез келген қонаққа төрінен орын беретін. Еш адамды, еш руды, еш ұлтты жатсынбайтын, барын бөліп беретін. «Алтау тату болса, алыстағы келеді. Алтау араз болса, алдындағы кетеді.», - дейді аталарымыз. Татулыққа не жетсін? Араздықты басымызға бір Алла бермесін. Қаракесек те, қаржас та бір Мейрамның баласы, қара орман болған, тәуелсіздік алған қазақтың бел баласы. Руға бөлінгеннің жүзі сынсын, ақылға келсін, даналық сөзге тоқтасын: «Түбі бір қазақ бір болайық!» Адамдық мына асыл қасиеттерді түсінейік те ұғынайық қандастар: ақыл-ес, ар-ұждан, достық пиғыл, жақсы мен жамандықты айырып, дұрыс шешім қабылдау. Бәтуа түбі – өзара түсіністік!

Қазақтың төл тарихы, құдайға шүкір, жан-жақты зерттеліп, тәтпіштеліп қайрадан жазылып жатыр. Тарихшы ғалымдарымыз ізденіс үстінде. Қазақ тарихын ықылым замандарға, дешті дәуірлерге тереңдетуде. Жалпы тарих жекелеген тарихтан тұрады. Адам тарихы, жанұя тарихы, ел тарихы, ұлт тарихы... Бұлақ тарихы, өзен тарихы, төбе тарихы, тау тарихы, жер тарихы, ер тарихы... «Болатын ел бірін-бірі батыр дейді, болмайтын ел бірін-бірі қатын дейді.» Жаугершілік замандарда жанын қиған, қанын төккен мың-мыңдаған батыр іздеусіз, атаусыз қалған. Мың-мыңдаған батырлар халық ішінен шықпаса, дүние жүзінде тоғызыншы орын алатын, шексіз де шетсіз, құстың қос қанаты талатын даламыз қайдан келген? Сол мың-мыңдаған батырлардың ішінен, өкінішке орай, аталмай жүрген батырдың бірі, бірегейі қаракесектен шыққан Керней батыр! Ол бір рудың батыры ғана емес, қара орман қазақтың бас батырларының бірі, бірегейі. Жаугершілік замандарда жоңғар қалмақтарымен атақ үшін, ру үшін соғысқан жоқ. Батырлар қазақ жерінің тұтастығы үшін, қатын-баланы, кемпір-шалдарды елге тиген жаудан

қорғау үшін соғысты. Нағыз батырлар ат үстінде асыл анадан туды. Айтулы батырлар отан үшін ат үстінде жантәсіліс етті, Отан үшін арпалыста өлді.

Ислам діні адамдарды руға, тайпаға, нәсілге, ұлысқа, ұлтқа бөлмейді. Барлық мұсылманға иман шарты ортақ. Бұрындары Үміткер ауылынан 6-7 шақырым жерде мүрдесі жатқан Алшынбайға үлкен ас берген. Бұл асты беруге қаракесектермен қатар қаржастар да ат салысты. Қандай жарасымды! Ол астан ешкім де ұтылған жоқ. Халық бір жасап қалды. Адамдар елдігін дүйім жұртқа паш етті. Шараның тәлім-тағылымдық мән-мағынасы зор болды. Жастарға өнеге, аруаққа тағызым. Қаржастар мен Қаракесектер жеке-жеке мемлекеттер емес. Керней бабаға «Корнеевка» ауылы маңында ас берсе несі айып? Атақты, халқына еңбектері сіңген хандардың, төрелердің, билердің, батырлардың сүйектері қазақтың қай жерінде жатқан жоқ? Өлген адам тек қана туған жерінде ғана қойылған ба? Өліде қазақтар туған жерінен ешқайда аяқ аттап шықпаған ба? Ойлап қараңыздаршы!

Басқа мәселе. Мысалы, сонда қалай, Қарқаралы ауданын қаракесек, Бұқар жырау ауданын қаржас қана басқаруы (аудан әкімі) керек пе? Сонда облысты, республиканы қай ру азаматы басқарады? Корнеевканың қара сақалы есінді жый. Доңғойларды айтақтауды қой. Адамгершілік қасиетке орал. Қара ниеттілерді есімдеп атауға менің ұятым, ар-намысым жібермейді. Мұндайлар үшін елімнің атынан, қаржастың атынан қатты ұяламын. Жұртымдағы қара ниеттілердің кесірінен, ер намысыммен, өр рухыммен қара жер қойнына кіріп кетуге шақ қана жүрмін. Қара ниеттілер қылығынан керней қорының президенті, тоқсан жасқа аяқ басқан Мәжит Әбдіров ағамыз қатты науқастанып, төсек тартып, жатып қалды. Жаппар Алла жар болып, қадірменді ағамыз, атамыз жазылып кетсін!

Құран Кәрімнен басқа ешқандай да кітап адамның өміріне әсер етіп, ешкімді де өзгертпегені тұмар-тарихымыздан белгілі. Мың жылдықтардың тұсында миллиондаған адамдар Құранның маңыздылығы жайлы өз өмір тәжірибелерінен куәлік берген. Кемелді-Тәңірдің тағылымдары, жан дүниені жаңартады. Құран сүрелері шынайы, олар наданды да дана қылады. Әрі әділ – Тәңірінің бұйрықтары, Олар жүрекке қуаныштың нұрын құяды. Тәңір өсиеттері сондай сәулелі, көзді ашады да жарқыратады. Кернейліктер баба асын жайдан-жай, тегіннен-тегін беріп отырған жоқ. Ас ақуалы жоғарыдан жерге, Қанатқа періштелер арқылы аян-ұсыныс ретінде беріліп отыр. Құран Кәрім кітабы Құдай Рухының жетелеуімен жазылып, тәлім беру, әшкерелеу, түзету, әрі әділдікке тәрбиелеу үшін өте тиімді. Сондықтан қара ниетті адамдар дұрыс түсінікке, өң ұғымға келіп, Төрткелдік Алпысбай тәрізді, амдар жіберген өз қателерін бір кісідей мойындап, Жаратқанға шүкіршілік айтып, тәубелеріне келуі керек-ақ. Аруаққа бағыштап дұға оқытқанға қарсы тұру аса білместік, Құдайға күпірлік. Сол адамның ойынан байқалған білімсіздік, бойынан шыққан дарақылық. Ондай қара ниеттілерге Құран кітабын оқы, білімінді жетілдір деймін. Өзіңді өзің тәрбиеле, дөрекілігінді бойыңа жасыр.

Көкбөрі Керней бабамыздың рухына арнап ас беруді ұйымдастырып, жүзеге асырған Мәжит Әбдіровке, Әділ Бәкіревке, Қанат Боранқұлывқа, жалпы керней ұрпақтарына «Керней» ауылының азаматтары атынан, мен Мақсұтхан Тирмизиұлы, адамгершіліктік рахметімді, кісілік ризалығымды, шын жүрегімнен білдіремін!

Мен Көкбөрі Керней асында Серік Ақсұңқарұлы, Жанат Жаубас, Смет Алтай, Амантай Рәшитұлы, Өмір Кәріп, Сәулебек Жүнісов, Садық Сұмағұлов сынды, айтулы тұлғалармен жүздестім. Көптеген адамдармен сұбаттаса-сырласа отырып, рухани баии түстім, сыйластық ләззатін алдым. Ғалым аға-бауырларымды, сыйына құрметі сай апа-қарындастарымды көіммен көрдім. Бұдан, «адамның күні адаммен» деп, айырықша айтқым келеді. Жаңа достарды тапқанға не жетсін? Достарымыз көбейе берсін, дана қазағым!

Елім үшін, жерім үшін керней ұрпақтарының киелі Бұқар жырау ауданында ас беруі білгендік, бабаға деген ұлы құрмет, халық батырына деген зор ілтипат, қазақ халқының аруақты батырлары алдындағы абройлы борыш, Алла алдындағы парыз.

Ағайын-ау бұл қазақтың жері ғой. Қазақтың ұлан-байтақ жерінде, кез келген елді мекенінде руына да, ұлтына да қарамай кез келген адам емін-еркін жүре алады да, тұра алады да. «Қаржастың жері, Қаракесектің жері» деп бөліп-жарып алу қайдан шыққан бәле? Қазақстанның «Ата заңында» «Қазақтар ру-руға бөлініндер, үкіметтен бөлек меншікті жерлерің бар» деген сөйлем бар ма?

Орта есеппен, бұдан 10-15 жыл бұрын, өте қиын жағдайда, ауыл және мекеме атаулары Кернейліктердің жалпы жиналысында (сходта) түбегейлі былай шешілген-тін: ««Корнеевка» есімін тарихи «Керней» атына ауыстыру». Бұл жалпы жиналыстың хаттамасы қайда екенін білмеймін. «Корнеевка» «Керней» болды деп жергілікті әкімшілік халықты алдапты. «Бұрынғы жартас, сол жартас» ештеңе де өзгермей, «Жабулы қазан жабуымен» «Корнеевка» мызғымай «Корнеевка» болып қалып қойыпты. Осынша уақыт халықты алдап келгендері қалай? Мұндай заңсыздыққа кім жауапты?

Мектеп жөнінде бірер сөз қозғап өтейін. Көп жылдардан бері Керней ауылының мектебі, шын мәнінде, «Керней орта мектебі» атанып келе жатқан. Керней ұрпақтары бабаларына ас береміз деген күннің ертеңінде, «Керней ауылы» атауын бояп тастаған күні, мектеп директорының хатшысы, мұғалімдердің ұзын ырғасы тізімделген, бірнеше парақ қағазға, әп-сәтте ұстаздар қолын қойғызып алды. «Керней орта мектебін» «Сұлтанмахмұт Торайғыров орта мектебіне» ауыстыру ауданнан талап етілді. Мұндайда бізде былай: «Қойсаң да қоясың. Қоймасаң да қоясың. Қолды қайтсең де қоясың. Қоймай көр! Сағатыңнан айырыласың. Жұмыстан қуыласың. Көрге кіресің!» Мектебімізде, өткен оқу жылында, мұндай әбестік бірнеше мәрте қайталанған. Сондықтан да хатшы тізім әкелсе болды, көзіңді жұмып қолыңды қоясың. Міне біздегі басынғандық,

«демократия». 20 жыл бойына «о»-ны «е»-ге, яғни, «Корнеевканы» «Кернейге» ауыстыра алмай жүргенде, бір-ақ күнде, «Корнеевканы» «Сұлтанмахмұтке» өзгертіп жіберген, Құдайдан қорқпайтын, қандай «батыр»? Ол кім? Соған Павлодар мен Петропавловскіні де қазақшалайып алайық, ағайын!

Қысқаша тарихи деректер:

Ақтанберді жырау: «Керней атаң кім еді?» Қазақ ССР ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Алматы. 1991 (1675 – 1768) «...Керней атаң кім еді? Жаудан беті қайтпаған, Жүрегі түкті ер еді...»

Материалы киргизскому землепользованию. 4 Павлодарский уездъ. Томъ IV-й. Воронежъ. Типо-литография В.И. Пзаева, Большая Дворянская улица, д. д-ра Столь. 1903. «...Керней...»

Мұхтар Мағауин: «Қазақ тарихының әліппесі» («Орталық Қазақстан» газеті. (№45, 26.03.11., №52, 09.04.11.) «...1643-1644 жылдардағы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның қалың қолын басқарған тұста Көкбөрі Керней сарбаздары қиян-кескі ұрыста шешуші жеңіске жетті...»

Ю. Г. Попов: «Ботакаринский узел» Караганда, 2010. Стр 87: «...Еще вот что примечательно. Новоселы быстро подружились с казаками. Переняли от них название лесков, сопок, родников. Многие переименовали свой, еврейский манер. Так, к юго-востоку от поселка расположена гора Керней. Ее отметка – 748,8 м над уровнем моря. Неподолеку есть старые могилы рода Керней. Отсюда и Кернейский, превратившийся по воле русского писаря в село Корнеевское... ..В 1906 году топграф Дуббейский произвел нарезку Кернейского и Коньрского переселенческих участков...»

Аталардан келе жатқан ауызша тарихи деректер. (ауыз әдебиеті)

Төменде келтірілген ақсақалдардың 14 және ауылдастардың 113, барлығы 127 қол, Керней ауылының беделді азаматы Абсатов Бақи Жұмажанұлының халық алдында және көгілдір экран арқылы Қарағанды облысы көрермендеріне 5 арнадан айтқан мына ұсынысын: «Керней ауылы да, Керней әкімшілігі де, Керней мектебі де, Керней ауруханасы да, Керней кітапханасы да, Керней байланыс бөлімі де тарихи тұлға Керней баба есімімен, «Керней» атымен аталуы заңды...» дегенді толығымен құптайды.

Бір атадан ала да, құла да туады. Ондай-мұндай ханның қызында да болады. Оны біз мойындауымыз керек. «Көш жүре түзеледі», - дейді қазақта. Көш жөнелер. Керуен кетер. Көңіл ағарар. Көсегеміз көгерер. Ел ішінен шыққан әбестік қылықтар үшін мен сіздерден кешірім өтінемін. Ойы тазанын, сөзі таза. Ой-өрісіміз пәк болсын! Тілек-мақстатымыз ақ болсын! Ойымды түйіндей келе, елдегі саусақпен санарлық ғана қандастарыма мынаны ескерткім келеді:

*Арлан тарих көшіне мен де ердім,
Кернейтауды аралап келем дедім.
Сан қилы қиындықтарға кездесіп,
Қандастардан таяқты да жедім.*

*Талай-талай жерлерді араладым,
Жүрегімді сен несіне жараладың?
Мені Қаракесекке сатылдың деп,
Көңіліме шаң түсіріп, қараладың.*

*«Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін», - дейді қазақ ата.
Руға бөлініп шашырағанды жақтай алмаймын мен.
Егер, ру-руға ыдырап кететін болса әрбір жанұя,
Сірә, шөлдегі жұртта жалғызсұрап қаларсың сен.*

Құдайға шүкір, Көкбөрі Керней ұрпақтары сан мен сапа жағынан алып қарағанда, өз алдына ру-тайпа болуға айналды. Көкбөрі Кернейге арналып ас берілді, оның рухына бағышталып дұға-құрандар оқылды. Дұғалардың «Кернейтауда» оқылуы, астың Бұқар жырау ауданы орталығында берілуі ел-жұртым үшін зор мәртебе. Бұл адамдар арасындағы тіріліктің, силастықтың және бірліктің белгісі іспетті. Бұл батыр бабаларымызға деген, оның ішінде, Көкбөрі Керней батыр бабамызға деген үлкен разылық, құрмет. Сондықтан да, өз әулетімнің атынан, елімнің атынан Көкбөрі Керней ұрпақтарына шексіз рахметімді айтамын.

*Қазақтың әуендерін естіп шаттанамын,
Жақсыны көруге сапарларға аттанамын.
Алыс-алыс жолдарда елмен дидастарласып,
Ақылгөй гұламалардан мен хаттанамын.*

*Қысыр сөздерді қаперіме еш ілмедім,
Көкбөрі Керней батыр рухын іздедім.
Жиырма жыл тектен-тек өтпейті,
Мінекей, кернейліктермен кездестім.*

*Көкбөрі Керней ұрпақтары өсе берсін,
Жол қиындықтарын жеңіп кете берсін!
Әр қазақтың мәртебесін асқақтатып,
Ақ желкенді армандарына жете берсін!*

*«Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.*

*Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман!
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.»*

«Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады!»

Қария сөз

Бозторғай үнді «Заман-ай!»

Қалиасқар Шыныбектегі – каламгер, ақын, композитор, журналист, ұстаз. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы, Алғабас ауылында дүниесі ашқан. Қалиасқардың әкесі – Рапығатбек (Мықтыбай), анасы – Күлбан (Көктай). Шыныбектен: Спатай, Аушаһман (Мырза), Мырзатай, Әлтәй. Мырза әнші, ақын, саятшы болған. Қалиасқардан: Ақжан.

Қалиасқар, сен асылтас асқағындайсың,
Жазушы-ақындардың ізін басқандайсың.
Жеті сәулелі дарынынды елге паш етіп,
Өнеріңмен көп адамдардан асқандайсың.

Сенімен сан жолдарды жүріп өттім,
Арманның тұңғиығына түсіп кеттім.
Қиын-қыстау күн-түндерді өткеріп,
Мақсат-мұраттарға келіп жеттім.

Ағаш ектім, үй салдым, бала өсірдім,
Өз қазақтың қыл арқанындай есілдім.
Өзімнің сыр-серілігімді өзің сұрасаң,
Өлеңмен ойымды өрнектеп, көсілдім.

Қалиасқар, сені көрмегелі көп болды,
Сөзіңді естітер сәт те міне, дөп келді.
«Заман-айдың» тарихын еске түсіріп,
Құлағыдар етші бүгінгі күн, нар елді.

1990 жылдары адамдар санасында жаңа сілкініс, ұлттық жад жаңғыра бастағандай еді. Әліде кеңес өкіметі тарамаса да, мың жылдан бергі қатқан тоң жібіп, көктем келгенінен хабар бергендей кезең болатын. Қазақ руханиятының бір кездегі көшбасшысы болған Бұқар жыраудың еміс-еміс айтыла бастағаны-тын. Бұқар жырау турасында жаңғырған тұрпатта сөз түйіндеу тетігі Шопанай ағаға бұйырғандай...

Жыраудың аты аталсын, ал жырын қалай жаңартамыз деген сауал жүретін ойда. Әр нәрсенің реті, сәті болады екен.

Басымыз азат, босбас күніміз. Жаңа ғана оқу бітіріп, қай жерде не бар? – деген күн ғой. Әйтеуір, туған ауылдың түтінін сағынып, әке-шешеге жәрдемдесуге жұма сайын ауылға сабыламыз. Бәрі Алғабастағы Аманкелдінің қара шаңырағындағы қоңыр дастарханнан басталған. Сондай күннің бірі. Әнші Жанкелді Шәйкенұлы: Бота жеңгем сендер неге Бұқар жыраудың жырларын насихаттап, концерт қоймайсындар деген ұсыныс айтты. Сен қалай қарайсың?!

Әрине, іздегенге-сұраған, қос қолдап қолдау көрсеттім. Салып ұрып бізден гөрі сол кезде атағы бар әнші-термеші Қайролла ағамыздың есігін қақтық. Түннің бір жарымы. Қашанғы әдетпен қарсы алып жатыр. Ұсыныс қолдау тапты. Қайрекең бабаның бір термесін мақамдайды. Жакен біреуін, мен біреуін. Сонда қандай мәнермен орындаймыз? Бұл – үлкен сауал болды. Нобайлап концерттің бағдарламасын түздік. Бірер аптада тағы да тоқайласпақ болып таркадық. Бұл 1991 жылдың көкек айы еді.

Мамыр бойына қандай номерлерді кіргіземіз деп баптандық. Бағдарлама дайын болды. Әзіл-сқақ, терме, арнау, фольклорлық топ, ән, көркем сөз оқу боп белгіленді. Би билейтіндерді таппадық.

Маужыраған мамыр туды. Жоғарғы жакты үздіксіз өзінің рухты жазбаларымен атқылаған Шопанай аға Бұқар есімін тасқа қашауға бел буған – жырау жатқан жерінен зәулім кесененің іргетасы қалануға дайындалған уақ. Екі өкпеміз өрекіп Жәкең екеуміз абзал ағаның үйіне бас сұқтық. Бірден тоқпақты уәжбен көпшіктеді. Келесі жолы аудандық әкімшілікке жетелеп апарды. Айтжан Жарылғасынұлы, сол кезде әкім орынбасарының алғашқы сөзі «Қолдаймын, қолдаймын» - болды.

Сонымен бағдарламаның жарнамасы, билеті, тасымалдайтын көліктің жағдайын мешіт беруге уағда берді. Қуанышымыз аспанға шарықтап біз жөнелдік.

Екі апта дайындыққа мұрсат алдық. Кернейдің КТУ-дегі спорт залы мекен болды осы уақта. Вокалды-аспаптық топ бар екен. Ол жігіттерде де талағының биті бар. Қайрат Жүнісов сентизаторда, бас гитарада Тайыр Сыздықов пен інісі Нұркен ұрмалы аспаптарда ойнады. Эстрадалық екі-үш номер дайындадық.

Ол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің төртінші айқармасында «Қалжың қалта» деген сатира беті болды. Содан таңдап жүріп М.Шерімнің «Тоғы таусылған экстрасенс» пен «Телебағдарлама» атты әзіл-интермедия көңілімізге ұнап, қолдан келгенше ұқсатуға ниеттендік. Сәтті дайындалған сияқты болды.

Домбырашылар тобы – Құрманғазының «Балбрауыны» мен Ә.Желдібаевтің «Ерке сылқымын» екі дауыста ұштасыра бебеулеттік. Фольклорлық топпен М.Әубәкіровтың «Наркескені» мен Құрманғазының «Адайы», Түркештің «Көңіл ашары» шеберлікке үстеме теруге жәрдем болды. Бұқар бабаның «Биік тауға жарасар» термесі Қайролланың орындауында өз орнын тапты. Мен «Айналасын жер тұтқан», «Ақсаңнан биік тау болмас» деген толғауларды тоқайластырып, өзімше қияли мақамға

салған болдым. Ал, «Заман-ай» толғауы ерекше сұранысқа ие даналық ой мәйегі десе болды. Оны Жанкелді толғады өзінің ашық әрі биік даусымен. Алғабас ауыл мектебінің оқушылары Қ.Маамировтың шәкірттері – Жанар Батталова, Гүлжан Сармантаева (марқұм) сынды жас өскіндер фольклорлық топпен де, жеке дауыста да өнер көрсетті.

Кейіннен бұл топқа төрткөздік Шайзада Резина мен Жанар Шегентаевалар қосылып, ән өнеріне таласы бар екенін дәлелдеді. Жалақов Қайырбек деген азамат өте дарынды музыкант болатын. Приманы жақсы меңгерумен бірге төрт дауыста «Тобылғы сай» әнін безбендеуге атсалысты. Енді қажетті өнер бағдарламасы дайын, комиссия шақыру қажет, жүргізуші керек деген жауапты сәт келді. Ауылдың «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Мақсұтхан Ақышев ағамыз білек сыбана жәрдемдесеті. Концерт жүргізушісі әрі жолбасшымыз Мақанмен сапарымыз сәтті жалғасушы еді.

Ұмытпасам, 1991 жылдың маусымы. Емтихан тапсырған студенттей болдық. Шопанай аға, Мүгілсім Шибаева – мәдениет меңгерушісі, Айтжан аға бастаған топ аталған мезетте дік етті училище спорт залына. Жүрек лүпілдеп «ә» дегеннен бастап жібердік. Бағдарлама екі сағат уақытты мағлұмдады. Енді тамырда қан атойлап, бізге естіретін үкім сәтін күттік. Сәл-пәл кемшін тұстарды тілге тиек еткенмен, берген бағалары «жақсы» болды. Шопанай аға: Бүгінгі қойған концерттеріңе «жақсы» деген баға берем. Ширатындар, көбірек баба сөзін енгізіндер. Әй Шыныбектегі, сен анау күйінде домбыраның түбінде шыңқылдатасың. Бұқар жырау олай шыңқылдамаған. Соны түзе...

Біз сабақ алдық. «Бұқар бабама» ең алғашқы күйлерімнің бірі еді. Оны мен бабама арнаппын. Сол екпінмен марқұм ақын, сазгер, журналист Дәулет Сәтбеков Бұқар кесенесі басында орындатып, күллі республикаға жайған жағдайы да еске түседі.

Сонымен маусымның 14-күні ең алғашқы тұсаукесер концерт «Қандыкөл» бұрынғы «Озерный», қазіргі «Бұқар жырау» ауылында өтті. Ел жақсы қарсы алды. Арнайы жәшік те істегенбіз. «Бұқар жырау кесенесіне көмек» деген атаумен. Оған да, билеттен де қаржы түсті. Билет құны 3 сом. Ол кезде осы ақшаға 10 литр бензин келеді. Басында жүрексіне бастаған ойын-сауығымыз үйреншікті жәйтке айналды. Семізбұғы, Шалқар, Керней, Бабай, Үлгі, Алғабас т.б. бүкіл ауданның қазақ ауылдарын араладық. Сол кезде ораза айт айы да келді. Сахнадан ойнымызды құранмен бастаған күндер болды. Афиша көркем, автобус жүйткіп тұр. «Заман-ай» ансамблі деген жазу мен мұндалайды. Алаулатып, жалаулатып аудан орталығындағы «Салтанатты Сарыарқа» мерекесіне қатыстық. Ең алғашқы көріністі безбендедім. «Абылай-Бұқар жырау болжамы» деген сәтті шықты.

Бұл мерекеде жазғы спорттық-мәдени шаралар бәсекесінің бәсі қызатын. Шайхан Жандаев ағамыз марқұммен кеңесе отырып, әңгіме-сұхбат құрғанымыз есте. Ол кісі естіген-білгенін қойындәптеріне түртіп отырды. Ұмытпасам, бұл маусым айының 30 – 31 жұлдызы болатын. Көп ұзамай аға дүниеден қайтты. Ең соңғы мақаласының бірі ««Заман-ай»

сапарға шықты» деген атаумен шілде айының бір номерінде жарыққа шықты.

Гастроль Баянауыл ауданында жалғасты. Тізгінші – Үміткердің сері жігіті Сейсенбай Мұстаев. Өте қадірлі түндер, кештер болды. Қай ауылға барсаң, туыс, дос-жаран, өнерді бағалаушы жандар қарсы алды. Бір жарым ай лезде өтіп, елге бет алдық. Бұқар бабаның құрлысы басталған кесенесіне құран бағыштап, үйді-үйімізге оралдық, олжа алып қайтқандай.

Билеттен, жәшіктен жинаған ақшаны санап кеп жібергенде 9 мың 700 сомның көлемін құрады. Бір су жаңа көліктің құны. О кездегі сом бағасы доллардан құнды болғанын ескерсек, едәуір дүние.

Осы жерде Алғабас клубының меңгерушісі Қайролла Қуантаев еңбегі де ерекше болды. Өзі кассир болды, өзі актер болып ойнады. Бір сөзбен айтқанда әнші, күйші, актер деген үш өнерді бір арнаға тоғыстырып, елге баба үлгісін таратыппыз. Бізге нендей күш әсер етті. Қазір ойласам таңдай қағам.

22 жылды артқа салған сол күндердегі іс-шараларды осы күнгі біздің іні-қарындастарымыз істер ме еді?!

Ойландырады, күмәндандырады.

Азды-көпті еңбек осылайша өрбіген. Бұл өнер серуені ансамбль мүшелерін әншілікке, күйшілікке, әнші-термешілікке, ақын-серілікке үйретті, өзіміз бен өзіміз өнер қайрақтадық.

Келе-келе (5 – 10 күннің мағдарында) сахна әдетті жұмыс бөлмеміздей болып кетті. Әңгіме айтып, «әй, менің кезегім ғой, қазір» деген деңгейге жеттік. Одан кейін қанша сахнаға шықсақ та ондай киелі сезім өнерпаздарға оралмады.

«Заман-ай» ансамблі Тәуелсіздік таңы атпай тұрып, Бұқар жырау боп жаңғырған біздің бозторғай үніміз еді.

Жоңғарларға жылдам және оларды жойып жіберетіндей соққы беру мақсаты қазақтар алдына қойылды. Осы тұрғыда 1726 жылы Ордабасы тауында Бүкілқазақтық құрылтайы өтті. Құрылтай шешімі шенберінде әрбір ру басы жауынгерлік жасақтарын құрып, оларды бүкілқазақтық бір үлкен қолға бағындырып, қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін жоңғар жендеттеріне қарсы қойды. Қолбасшы, бас сардарбегі Қанжығалы Бөгенбай бастаған қазақ жауынгерлері басқыншыларға қарсы жұдырықтай жұмылып, ұлан-ғайыр жеріміздің барлық төңірегінде асқан ерлікпен шайқасып, тарихи ұлық жеңіске қол жеткізді.

Бүгінгі тілмен айтсақ, ой-санасы, тілі бір үйсіндермен одақтасып, *гұндардың бес гасыр бойы өмір сүрген ұлы империясын құрғаны мәлім!*

КСРО Ғылым академиясының «Наука» баспасы 1980 жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: «Монголы: истоки происхождения народа и истоки культуры» деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, *гұндарды түрік тілдес* болған, - дейді, ал *гұндардан қият, тайшуыт* тарайды.

Біздің ата-бабаларымыздың да жауынгер болғаны тарихтан мәлім. Егер олардың қолданған сан түрлі айбатты қару-жарақтарын дәл осылай жеке көме ретінде ұсынса, рухымыз көтеріліп, патриоттық сезіміміз еселеп артар еді». Бұл-елордадағы Президенттік мәдениет орталығында өткен «Мемлекеттік Эрмитаж жинағынан XV-XIX ғасырлардағы орыстың салтанатты және аңшылық қару-жарақтары» көрмесін тамашалағаннан кейінгі Республикалық ұланның 0112-әскери бөлімінің жауынгері, аға сержант Аймұқан Солтыбаевтің ойы.

Мәскеудегі Мемлекеттік Эрмитаж өткен ғасырлардағы түрлі өнер туындыларының жинағына толы десек артық емес. Сол құнды жәдігерлердің ішіндегі бір төбесі-саны 15 мыңға жететін қару-жарақтар. Бұларды өткен ғасырлардағы қару ұста шеберлерінің дарыны мен еңбегінің туындылары деуге болады. Коллекция бұйымдарының қатарын негізінен жоғары деңгейдегі салтанатты, аңшылық, жекпе-жек және соғыс қарулары құрайды. Бір қарағанда олардың техникалық мүлтіксіздігі ғана емес, сонымен бірге бай жабдықтармен ерекшеленетінін байқауға болады. Германия, Италия, Франция, Түркия, Иран, Жапония мен Үндістан қатарлы елдерден әкелінген көне сауыт-саймандар, басқа да түрлі қарулар, қылыштар мен қанжарлар, тапаншалар мен дуылғалар-осынау коллекцияның негізін құрайтын дүниелерге жатады. Ал олардың әлемдік қару-жарақ коллекцияларының бірегейлері санатына кіретінін де айта кеткен жөн.

Көрмедегі бұйымдардың көркемдігі мен басқа да ерекшеліктері орыс қару-жарақ шебер ұсталарының дарыны мен шеберліктерін айқындады десек те, онда шығыстық үлгі менмұндалап тұрған сыңайлы.

Бір ғана мысал, коллекцияның ең алғашқы жәдігері 1811 жылы Түркиядан олжа ретінде әкелінген семсер екенін айтсақ та жеткілікті.

Орыстың қаруын көре отырып, мұндай қару-жарақ жәдігерлердің топтамасы неге бізде жоқ деген ой келеді. Бізде әр өңірден табылған ескі қарулар сол жерде сақталады.

Астанадағы біздің Эрмитаж болып саналатын-Президенттік мәдениет орталығында қазақтың, тіпті түріктің түп тарихынан сыр шертетін айбынды қару-жарақтарымыздың коллекциясы жиналып, жұрт назарына ұсынылса, рухымыз ояу жүрер еді!

Қазақ сарбаздары мынандай қару-жарақтарды шайқас даласында қолданды: сойыл, гүрзі-шоқпар, қанжар, найза, қылыш (семсер, наркескен, селебе, алдаспан т.б.), садақ, айбалта, білте мылтық. Қазақ жауынгерлері үстіне болат сымнан тоқылған сауыт, басына темірден құйылған дуылға киді. Қазақ сардарбегілер мен сарбаздарының ерлігін біздің заманымызға жеткізген ақын-жырауларды атап өтейін: Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Көшен, Бұқар жырау т.б.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы елеулі оқиғалар:

Бұранты шайқасы Сайрам (1682 ж.), Түркістан (1723 ж.), Үлкенор (1725 ж.), Бұланты (1728 ж.), Анырақай шайқасы (1730 ж.), Аягөз (1745 ж.) т.б.

«Атанның ұлы болып тума, еліңнің ері болып ту»

Жекпе-жекте қарсыласын қаусатқан,
Садақты тартқанда жауын дәл атқан.
Елі, жері үшін дау-дамайға түскенде,
Тапқырлықпен дұшпанын тоқтатқан.
Қазақ қолын жеңіске бастаған,
Жеті қаруын басына жастаған.
Төбе басында болған жиында,
Дананың нақыл сөзін қостаған.
Жау сөз түсінбей, барғасын дауға,
Батыр ұқсап кеткендей биік тауға.
«Аттан», - деп рух күшін шақырып,
Тап берді жер қайысқан көп жауға.
Арам ниет жауыздарды сұлатты,
Секендеткен қара туын құлатты.
Бастарына қара бұлтты төндіріп,
Ерім жауды еңкілдетіп жылатты.

Батырлар туралы тарихи деректерде Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында болғандығы айтылады. Жүз он үш жас жасаған, қазақтың бес ханын көзімен көрген, Абылай ханның ақылшысы, осынау, қазырғы заманымызды көрегендік-дәлдікпен болжаған Бұқар жырау осы үш қолбасшының маңында мынандай қаһарман батырлардың жүргендігін осы уақытқа жеткізді: Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық кожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл. Сонымен қатар: Жасыбай, Малайсары, Қожаберген, Түгел, Шақантай, Қошқарбай, Байболат т.б. Жоңғарға қарсы шайқастарға әйелдер де қатысты. Батыр қыздар: Айтолқын, Айбике, Гауһар, Назым т.б.

XV-XX ғасырлар төрінен орын алған, кезінде қазақтың данқын аспандатқан, қол жиып, атқа қонып, сауыт киіп, қалқан ұстап, шоқпар сілтеп, қылыш сермеп, найза түйреп, садақ тартып, мылтық атып, оқ-дәріні жарып, жері мен елін жаудан қорғаған, өр намысын ешкімге бермеген, ұлттық биік рухты ту қылған, мемлекет тәуелсіздігіне жету жолында шыбын жандарын құрбан еткен, осынау асқақ мақсатты орындау үшін өзінің септігін тигізген тарихи тұлғаларды, соның ішінде, «елім-ай», - деп өмір бойына дұшпандармен арпалсып өткен төменде есімдері ескерілген

ерен ерлерін қазақ халқы мәңгілікке жадында сақтамақ: Қобыланды Токтарбайұлы, Жалаңтөс батыр, Қарасай Алтынайұлы, Есет Көкіұлы, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырық Тоқтыбайұлы, Өтеген батыр, Қойгелді Сартұлы, Райымбек Түкеұлы, Наурызбай батыр, Олжабай Толыбайұлы, Ағыбай батыр, Сырым Датұлы, Жауғаш Қырбасұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Исатай Тайманұлы, Саурық Стамбекұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Баян Қасаболатұлы, Аманкелді Иманұлы, Бауыржан Момышұлы, Қайрат Ырысқұлбекұлы т.б.

Екі би айтысқанда жалпы үкімді шығару үшін Төбе би сайланған. Би болатын адамның бойынан бірнеше ерекше қасиет байқалып тұруы ләзім. Ол шешендік өнер мен аталы сөзді меңгерген, адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ, пара алу дегенді білмейтін, қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете білетін, аса сыйлы адам болуы шарт. Би *«Қасымханның қысқа жолын», «Есімханның ескі жолын», Тәукеханның «Жеті жарғысын»* жатқа білуі керек. Би әділ де тапқыр, Әйтеке би айтқандай, *«дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаның сөзін тоқтата білген»* дана болуы міндетті. Би өзінің сіңірген еңбегі үшін *«бидің билігі»* деген сыйлығын алады. Қазақ тарихында өшпес із қалдырған атақты билер: *Майқы би, Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би* т.б.

Кенес дәуірінде дінді, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мақсатында күрескен, сол үшін қудалауға шұраса да, алған бетінен қайтпаған. Кенес үкіметі қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни ұстанымына тыйым салды. Молдаларды, ишандарды, жалпы діни көзқарасты адамдарды қудалады, жазалады. Осыған қарамастан, аймақтарда кенестік саясатқа қарсы бой көтерулер қазақтың жер-жерлерінен қыл-қылаңын берді. Соның көпшілігінің басшысы, рухани көсемі, діни қайраткерлері болды.

Моллалар Құаран Кәрім мен шарифі кітаптарды араб, «Шахнама» парсы, «Диуани Хикмет» көне түрік, әдебиет пен тарихи шежірелерді көне шағатай тілдерінде оқыған. Діни қайраткерлер осы үш тілді қазақ тіліндей дәрежеде, толық меңгерді. Моллалар діни ілімнен өзге жаратылыс тану, астрономия, математика, жағрапия ғылымдарын да өте жақсы игерген.

Орыстың дәулеттілерін «меценат» деп дәріптесе, қазақ байларын қудалап, қолындағы мал-мүлкін кәмпескелеп, өздерін жер аударды. Онымен қоймай, олар туралы жалған насихат жүргізіп, теріс пиғылдар пәрменін қалыптастырды. Қазақ байларын, қарапайым халықты қанап байығандар түрінде көрсетіп бақты. Қоларындағы малдарын күштеп алып, оларды жер түпкірі, сепкірайға қойша айдап, қоқан-лоқы көрсетті.

Кенес үкіметі тұсында көптеген діни қайраткерлер қуғын-сүргінге түсірілген. Елдің көзі ашық, көкірегі ояу, сүт бетіне шығар қаймақтарына *«Бай баласы», «Халық жауы»* деген тұмар тағып, итжеккенге айдады, оларды атып, көздерін құртты. *«Байлардың мал-мүлкінен түк қалдырмай сыпырып алуға, әсте, болмайды. Олардың отбасына жетерлік напақа*

қалдыру керек» деп жаппай қарсы шыққандарды Кеңес үкіметі 88 статьямен айыптап, «Халық жауы» атандырып, істерін «Үштіктің» қарауына жолдады.

Ислам діні адамды адалдыққа, әділдікке, кісіге қиянат жасамауға, бауырмалдыққа баулитын үкілі үміттің, терең тәрбиенің мектебі. Діни қайраткер сол мектептің ұстасы, биік мінберден сөз айтар ұстазы! Ішкі сенім, алдамас сезім, мәңгілік құндылықтар, бойда рухани қуат болса, түптің түбінде әділдіктің жеңіске жетіп, салтанат құратыны айдан анық!

Алматы – тәуелсіздік бесігі!

«Алашорда» үкіметінің идеясы, Аманкелді Иманов сарбаздарының көтерілісі 1916 жылға, Желтоқсан көтерілісі 1986 жылға, жері мен елі үшін туған Жұмабек Тәшеновтың қазасы 16 желтоқсанға дөп келеді. Бұл тарихи оқиғалардың алты санымен аяқталуы кісіні ойландырады?

*Ата-баба алты жүз жыл аңсаған,
Қазаққа ашылды алтын ғасыр есігі.
Алатаудың бауырайын таңдаған,
Алматы шаһары тәуелсіздік бесігі.*

2016 жыл, қазақ халқының жады-тарихында ерекше болып қалмақ! Себебі, бұл жылы Алматы шаһарына 1000, желтоқсан көтерілісіне 30, ал Қазақ елі тәуелсіздігіне 25 жыл!

*«Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын, алтын әнім, жас өркені өз халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп...,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, айналайын, арда ұлдары халқымның!»*

Ақын Мұхтар Шахановтың осы тарихи шумақтары қазақ халқының болмысын дөп басқандай емес пе? Жыл сайын желтоқсан айы елімізге өткенін саралап, тәуелсіздіктің бағасын бағамдайтын уақытқа айналды. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі жыл өткен сайын жанғырып, жаңа тұрпатта қайрадан тарихтың асау толқынымен бізге жеткендей.

Осыдан отыз жыл бұрын қазақтың кең даласын ғана емес, барша әлемді дүр сілкіндірген халқымыздың маңғаз да мәрт мінезі құлдық сананы құрдым құдығына құлатты. Бүгінгі күні тәуелсіздігіміздің тас тұғырын мызғымастай бекітіп, әнұранымызды әуелетіп, Елбасының сарабдал саясатымен, бірлігі мен тірлігі, беделі мен ірілігі жарасқан елдердің санатына қосылдық. Ал осындай егемендікке себепші болған тарихи жылда туылған бала бүгін орда бұзар 30 жасқа толды. Ендеше, елдің есіне түсіріп, өзіміздің кім екенімізді таразылап, тарих куәгерімен кездесудің арқасында, желтоқсан көтерілісінің

жастарға тигізер әсерін құлақпен естіп, көзбен көрудің оңтайлы сәті түсіп-ақ тұр.

Желтоқсан көтерілісі Колбиннің үкімет басына келуімен, яғни аяқ астынан, кездейсоқ болған жәйіт емес. Бұл ұзақ жылдар бойы атеизмге, қазақы болмысты, қазақ тілін, жалпы ұлттық құндылықтарды тұншықтырып баққан солақай саясатқа қарсы қордаланып қалған қазақ халқының селт етуі, жанайқайы-тын.

Мұғалімдік арман-мұратты атқарып, жергілікті қазақ тілі қоғамын басқарып, ауыл мектебінде қазақ сыныптарын ашуға мұрындық болып, өзге де саяси, қоғамдық, әлеуметтік жұмыстарда жүгіріп жүргенімде, талай рет халқымызды төмендету теперішін өз басымнан өткердім. Одан кейін де халқымызға жасалып жатқан көпе-көрнеу қиянатты да, қуғын-сүргінді де, қазымыр сергелдеңді де өзімнің көзіммен анық көрдім. Ал осы желтоқсан көтерілісі солардың барлығының шешуші тұтқа-тетігі болып табылады. Алматыдағы алаңға ең алдымен зиялы, үлкен кісілер бейбіт мақсатпен шыққан екен. Кейін олардың қатарын жастар толықтырып, сол уақыттағы халықтың бойындағы азаттыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке деген асқақ рухты жай сөзбен сіздерге жетікзу оңай шаруа емес-ау деймін. Осындай өрлі өтеу, ақ пейілді, мимандос мінезді, жұмсақ жүректі, аға-апаларының ел болашағы үшін көрсеткен ерлігі мен сіңірген еңбегі келер ұрпаққа жасымас жігер мен қайыспас қайрат нәрін берері сөзсіз.

Сол Брежнев атындағы алаңға шыққан қазақ қыздары мен ұлдары құрметке лайық. Ызғарлы желтоқсанда алаңдағы жастарды аяусыз соққыға жыққан жендеттерден жасөспірімдер мен студенттерді арашалаған қазақ қыздарының қайсарлығына қайран да қайран қаласың! «Метель» атты мұздай қаруланған жендеттер ер, қыз, жас, кәріге «кісі ғой, адам екен» деп адамгершілік сипат-шуақ байқатпады, қасақы қанішерлік, қабан қасқойлық қылықтарды дәрекілік түріменен көрсетті. «Жазықсыз жастарды соққыға бермейміз» деген өрімдей қыздарымыздың желкелерінен түйгіштеп, тайғақ мұзға отырғызды – кейіндері олар бала көтермесін деген ниетпен. Алаңдағы жастарды автобустарға тоғытып, ел-жұртсыз, сайын далаға апарып, соққыға жығып, қарлы қырғын құрсауына қалдырды. Сол кездегі жантүршігерлік көріністерді толық, ширата айтып кетуіме, дәт-дәрменім жетпейді – сай-сүйегім сырқырайды, жан-жүрегім заржылайды.

*Мен қара қазақпын, күнге қақталған,
Тұлғамда ұлттық болмыс сақталған.
Әзәзіл амалында, меңіреу қамалында,
Талай талқыға түсіп, кейін ақталған.*

*Алдаспан-найза, барыс-байрағы қолында,
Тәуелсіздік үшін кім қызыл қанын төкепеді?
Жылап тұрып анаң еркіндіктің жолында,
Қайғы құсасында, қара жерге кім шөкпеді?*

Қазақстан аумағын ежелгі замандардан бері мекендеген тайпалар мен ұлыстардың кезінен бастап-ақ ұлан-ғайыр дала үшін, оның кеңістігі мен әрбір сүйем жері үшін қан төгіп, жан алысып, жан беріскен күрестер мен шайқастар болды. Біздің бүгінге дейінгі тарихымыз Еуразияның қақ төрінен орын тепкен жеріміз үшін, келер ұрпақтың еркіндігі мен азаттығы үшін, ұлт-азаттық қақтығыс-қозғалыстарға толы.

1986 жылдың 16 желтоқсаны қазақ тарихында, қазақы санада ерекше атап айтарлықтай, айшықты орын алды. Дәл осынау күні, ойымда ештеме де жоқ, мұғалімдер бөлмесіне кіріп келсем, өзге ұлт өкілдері өршелене даурығуда...

-Сендер естідіндер ме, қазақтар не істеп жатыр? Өздері көкіген екен. Қазақ жастары арақты ішіп алып, Алматының көшелірінде қиқулатып, ұрандатып ойран-топан салуда. Қазақ балаларында тәрбие де, білім де жоқ. Қарай көріндер, сонымен қоймай, әліде қандай боп, қазақ тілінде сайрауға көшіпті, өздері. Бұларды жоғарғы оқу орындарынан қуу қажет. «Менің Қазақстаным» әнін айтып, еліруде. Бұл не деген шектен шыққандық? Бұл не деген сұмдық! Қазақ халқы бұзыла бастаған екен – деп, бір-біріне дес бермей, ұлардай улап-шулап отыр екен.

-Қазақ, Ана тілінде сөйлесе, айыпты болып, күнаға бата ма? Сіздер бүтіндей бір халыққа қара дақ жақпаңыздар. Ел-жұртқа тіл тигізуге құқықтарыңыз жоқ. Мұндайда ой тоқтатып, жан-жағыңызға бағамдай қарап, сөзді байқап, байқап айту керек. Ұлыт – ұлы ұғым! Ұлыттың төл тілі бар. Қазақтың тілі сұлу, бай, өте қанық бояу-өрнекті. Қазақ тілі аса құнарлы тілдердің қатарынан кереметтейін көркемділігімен бағаланып, әлем тілдері ішінен, алғашқы ондық санатынан көрінеді. Ұлыт болашағы – жастар! Жастарды тәрбиелейтін – мұғалім, ұстаз, сіздер! Ұлытты тәлімдеп ілімдейтін, білім байлығын беретін Ұлы тұлға – ұлағатты да парасатты Ұстаз! Қазақ студенттерін оқудан аластату, ұлттың болашағына балта шабумен пара-пар. Жастар қозғалысының шынайы да әділ бағасын уақыт төреші ғана бере алады. Ал уақыт төреші дегеніміз – таразылы да тарлан тарих! Қазақ жерінде, қазақ елінде тұрғанымыз өтірік емес. Халықтар арасындағы өшпенділік судың құрсауында қалған өрттей өксіп өшсін. Өз ұлтынды шын жүрегіңмен сүй, өзге ұлтты құрмет тұт. Халықтар мен ұлыстар достығына не жетсін?! Ұлытқа, ұлысқа, ру-руға бөлінбейік! Бөрі бөлінгенді жейді. Ұлт-ұлтқа бөлініп жауға жем болмайық! Шындық пен әділдік үшін күрес майданына шыққан жанды, жұрты мен жері үшін жанын пиде еткен адамды, Отанының патриоты есебіне енгізеді, туған елі, қарға тамырлы, қара орман халқы. Патриоттық іс, көрініс Ұлыттық рухпен айғақталады. Студенттердің ұлт болашағы үшін алаңға атойлап шығуы – Жан жалауы, Рух алауы, Жүрек қалауы. Қалай ойлайсыздар, бүгінгі күнге дейін, қазақ елін, Қазақстанды басқаратындай, халықты алға бастап жүретіндей қазақтың жерінде ешбір дана да данышпан, есті де іскер тұлғаның туылмағаны ма? Әр уақытта халықтың ішінен дара да, дана да,

еліне пана да адамның шығары дәлелдеуді қажетсінбейтін анықтаса, әккі аксиома. Сондықтанда, бүтіндей халықты қаралауға еш уақытта да болмайды! Халық ортасы – шексіз кеніш, тұнып тұрған рух-теңіз. Даналықтың мызғымастайын тас тұғыры халықтың ішінен табылады. Халық – дана! Данадан Дана туылады!

Осы оқиғадан соң мені партия ұйымының ашық, жалпы жиналысына салды. «Айтқан сөздерінді қайтып аласың ба?», - деді. Мен қасқайып тұрып, жоқ дедім! Жоғарыда айтқандарымды қайталай, толықтыра түйіндей, сөз-сарамды, ой-толғамымды дәлелді негізде өрбіттім. Жиналыстағылар ләм-им дап ауыздарын ашпады, барлығы да үнсіз қалды, мылқау жандар іспетті. Не дұрыс, не бұрыс деп жақ ашуға ешбір жанның, ешбір қазақтың шама-шарқы жетпеді. Талқыға түсу нәтижесінде, партия билетімнен ада қалдым. Сөзіме сенсеңіз, ашу-ызаға өзімді алдырғаным соншама – партиялық құжатымды столдың үстіне лақтырып кеп жібердім.

Содан, «Мені абақтыға қашан алып кетер екен?» деген ой төңірегінде, күйзеліс күйде, өмір-өзен арнамен, дара да, сара жолымды жалғастырдым. Жоғарғы жақтағылар «Ұлтшыл, кәрі қазақты қайтеміз?» деп топшылаған-ау деймін, кейінгі уақыттарда да, менің мазамды ешкім де алған жоқ.

Жан-жүрегімді жарып шыққан «Желтоқсанның жойқын желі» жыр-шашуымды қабыл алыңыздар, құрметті оқырман қауым:

*О-о-ой, қайранды да, сайранды,
Ата-бабаларым туып-өскен жер.
О-о-ой, қайранды да, сайранды,
Қалықтап бұлттар көшкен жер.*

*Жыр жорға желе-жүйткіді,
Жүген-ауыздығымен алысып.
Қарлы боран ұлып, ұйтқиды,
Тұлпар жанарына жабысып.*

*Мен жырлайын, шаршамайын,
Ағызып құнарлы сөздің майын.
Жапанды жорықтарға шыдар,
Баптап көк тұлпардың тайын.*

*Ілесіп келемін қалмай өмірдің ұлық көшінен,
Жеміс тердім қазақтың жасуһазын төсінен.
Тарих тарланның тамаша тәлімі-тәрбиесі,
Шықпаса деймін келер ұрпақтардың есінен.*

*Жалған осынау өмірге қамықтым,
Қуаныш пен қайғы арасына қанықтым.*

*Жан сезімім кейде күз, кейде қыс,
Сондықтан да айтар сөзім анық тым.*

*Өмір-өзен шексіз, шетсіз қозғалыс,
Тағдыр тарихы бекерден бекер өтпейтін.
Адамдардың күні де түні арпалыс,
Жаратылыстың күш-қуаты жетпейтін*

*Қайранда-қайран, асыл жерім-ай,
Кіндік кескен, туып-өскен белім-ай.
Қайыспас, майыспас, есіл ерім-ай,
Бірлігі мен ірілігі жарасқан елім-ай.*

*Тәуелсіздік бабалардан қалған аманат,
Ұрпағы аманатқа жасамайды қиянат.
Бас қамалды еш жан қирата алмайды,
Отаны үшін қандай патриоты аянад?*

*Отыз екі тамырдан сарқылмас қызыл қан,
Нақақтан нақақ қан төктірмейтін Ата заң.
Өтер-кетер қоғамда, сынақ-сынау кезде де,
Кісі киесіне, жер иесіне атары шуақты таң.*

*Қара суық теріскей тұстан есті де,
Көгіміздегі зіл-батпан бұлт көшті де.
Көңіліме ой салғаны, алтын мекен,
Құлдарына тәңірі-тағдырын кесті де.*

*Теріскейден жеткені ызғарлы жел,
Қарлы жаңбырға ұрынды, бүкіл ел.
Одақ ішінде халықтар буырқанып,
Ару Алматыны оятқаны әзәзіл сел.*

*Астың көбінде, бастың аمانында,
Өктем көрінді Кеңес Үкіметі нарқы.
Горбачевтің қайта құру заманында,
Жетісіп тұрмаған-тын қара нарқы.*

*Жастардың алдында шешіле сөйледі Қайрат,
Отан-Ананың тілінде, жыр-өлеңдете сайрап.
«Менің Қазақстаным» әнін шырқатты Ләззат,
Әз қазақ халқының намысты жігерін қайрап.*

Аруларды бұрымынан сүйреген,

*Қарусызды тұлмынан түйреген,
Жауыз-жендеттерді елестетем,
Адами қадір-қасиеттері күйреген.*

*Дауыл тербетіп жазаны,
Қыз жаны қалады сағаны.
Қара түн төніп басына,
Көмекке шақырды азаны.*

*Желтоқсан, мұз жастанған ызғарлы күн,
Тарих қойнауынан жаңғыра жетті жаралы үн.
Ап-пақ қарға тамшылап, қып-қызыл қан,
Қазақы қаһармандықты паш етті, қаралы түн.*

*Жас сұңқардың еркіндікті қалауы,
Желтоқсан айында тұтанған, алауы.
Тәуелсіздіктің биігінде желбіреп,
Асқақ рухты, арда қазақтың жалауы.*

*Кең байтақ жерім, қайранды елім,
Тәуелсіздіктің таң рауанына малынды.
Тәкаппар тауым, бұйратты белім,
Ғарыштың өзінен бет-бейнең алынды.*

*Қарт Алатау бәрін де байқап,
Көрсетіп берді асқарлы биікті!
Шерушілер дәу күшін шайқап,
Тәуелсіздіктің көк туын тікті!*

*Құйтырқы саясат уын суырып көрінен,
Кеңес Одағының теперіш тасын қиратты.
Елбасы Біріккен ұлттар ұйымы төрінен,
Қазақы тілі-тізгіні, ой данасын ширатты.*

*Сулы-отты өткелдерден мұқалмай өттік,
Жоғары жетістіктерге ерлікпен жеттік.
Үлкен жоспарларды жүзеге асырамыз деп,
Алдымызға арман қойып, адымдап кеттік.*

*Жыр жауһарын толғадым келіге түйіп,
Даңғойы қара ниеттердің отына күйіп.
Қазағым жеңістен жеңіске жеткенде,
Еліммен масаттанамын Отанды сүйіп.*

Таразы талғам, зерде-зейін ерек,
Қазақтың парасат-нәрмені ұтқыр.
Білімді, ғылымды жастар керек,
Зымырандай жылдамдығы ұиқыр.

Адал болсаң нағыз адамсың,
Иманнан айырылсаң қарамсың.
Жақсы-жаманды білмесең,
Сүмірейіп тұратын надансың.

Отты құрыштай ерітілемін.
Күй домбырадай шертілемін.
Сексен алтыны еске түсіріп,
Денем мұз қатып кертілемін.

Бодандық қайғы-мұңым менің,
Жер үшін, ел үшін алар демім.
Тәуелсіздік бақ-дәулетің сенің,
Жүрек қиналғанда, болар емің.

Бірліктің берекелі бел бесігі,
Қазақтың кең-байтақ даласы.
Азаттықтың ашылған есігі,
Алатаудағы Алматы қаласы.

Ғалам кереметінің жетеуіндей,
Армандарым жүзеге асқандағы.
Толқыған қан дария өтеуіндей,
Желбіреген ту ашық аспандағы.

Азаттықтың ар байрағы тігілген,
Бақ-дәулетті Алматының қаласы.
Бодандықтың болат-бұғауын үзіп,
Бостандыққа жетті қазақ даласы.

Айқара ашылған жер-ұйықтың есігі,
Астана ынтымақтың сенімді серігі.
Рух айбыны найзағайлары атойлаған,
Батырлықтың-батылдықтың берігі.

Лаула, лаула, желтосанның алауы,
Отансүйгіштік, бар қазақтың қалауы!
Желбірей түс, мәңгілікке желбіре,
Желбіре, желбіре, Қазақстн жсалауы!

*Тәуелсіздігім менің жырың сенің де,
Болаттай берік болсын бірлік-бақыт елімде!
Ақ жауын жырдан шашу шашқанда,
Асқақтай аспандасын, көңіл-күйім, менің де!*

Қазақ халқы қазіргі аумағына басқыншылық жолмен келген жоқ. Олар ғасырлар бойы осы жерді мекендеген тайпалар мен ұлыстардан құрала-жымдасты және олардың қалыптасу тарихының үзілмес үкілі үміті, тарам-тарам тамырлары бар. Қазақ халқы тарихтың сан қилы тар жол тайғақ кешулерін басынан қанды қайсарлықпен өткерді. Бұл жол негізінен бүгінгі тәуелсіздігімізді жариялау және бүгіндей ғаламшар жұрттары мойындаған мемлекетімізді құру жолындағы тоқтаусыз күрестер керуенімен кестеленді.

Желтоқсан қозғалысы қазақ халқына қазалы-қызымыр қасіретімен қатар Тәуелсіздіктің арайлы таңын ала келді. Ата-бабаларымыздың қызыл қанымен, қиямет-қайымымен бізге жеткен еркіндік елігін қастерлеп, аялап, ардақтап, әрбіріміз шынайы жүрегімізбен, Тәуелсіздіктің баянды болуы жолында екпінді еңбек етіп, еліміздің дамып-өркендеуіне, болашағымыздың сәулелі де жарқын болуына күш-жігерімізді аямай сарп етіп, халықтар достығына, ұлыстар бірлігіне адалдық көрсетіп, өз үлестерімізді қосқанның үстіне қоса білейік, ардақты халқым!

Орайы келіп тұрғанда, тіл мәселесіне қайрадан тоқтала кетейін. Ата-бабаларымыз «Жеті елдің тілін біл» деп аманаттап кеткен. Бұл дегені «Жеті елдің тілін білсең, жеті жұрттың қамын жейсің» дегенге жұртты жетелейді. Заман өзгереді. Заманға келісті Ата заң да қайта қаралды. Бүгінгі күннің талаптарын ескеріп, төмендегідей тұжырымдарды жасауға болады. Жеті елдің тілін білсең, жеті елдің адамгершіліктік тәлім-тағылымын меңгересің. Жеті жұрттың тілін білсең, жеті түрен білім-ғылымынды еліңе де, жеріңе де енгізесің. Өзінің тілін жетік білген адам – мәдениетті! Екі тілді білген – екі есе мәдениетті! Үш тілді білген – үш есе мәдениетті және рухани тұсынан үш есе тартымды. Көп тілді білу – адамзатты толығырақ тану, оларды сүйсіне сыйлау және түрлі халықтарды асқақты ардақтау! Дегенмен де...

*«Ана тілің арың бұл!
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!»*

деп Қадір Мырза-Әлі жыралағандай, осы үштілділіктің қасіреті мен «қасиетін» қайран қазағым әлі күнге дейін көріп келеді. Олай дейтінім, ел басқарып отырған кейбір шенеуліктеріміз орыс тілінде жүйрік жайрандай жүйткісе, ана тіліне, қазақ тіліне келгенде жалқау жабыға ұқсап, тұтыға кібіртіктеп, екі сөздің басын құрай алмай, мән-мағналы, мардымды сөйлем құра алмай, ежіктей еңтігіп, жан-жүйкесі жыланша мұздап, ал бет-жүзі

маймылша жыбырлап, жүз бір құбылады. Егемендікті ту етіп, азаттық пен еркіндіктің арқасында қалың жұрт, қайран қазағым, өз тілімен қуана қайта қауышты. 70 жыл шынжыр бұғауда жатқан қайран тіл, енді өз Отанында, өз ошағынның басында бұлбұлдай сайра, гүлдей жайна! Бөркінді зенгір көкке атып, қуанышыңды тойла!

Мұхтар ағамның «Тас үтіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөз ғана, халқымызбен бірге жасап келе жатқан мұра сөзімді арзандатып алмайық» деген сөзін ұран ғып ұстап, тілімізді келер ұрпаққа дәріптесек, тіліміздің мәңгі жасары хақ.

1986-ың желтоқсан қозғалысы қанша жалдар жылжып өтсе де адам баласының жадынан өшпейді, есінен шыкпайды. Қанша қыз-ұлдарымыз жалған жаланың құрығына ілініп, құрбандықтың қанды қақпанына ілікті?

Қарапайым халықтың көзқарасымен, ой-пікірімен, арман-тілегімен еш-бір санаспай-ақ, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп Г.Колбиннің жасырын түрде тағайындалуы жастардың қозғалысына өзінің әсер тигізіп, ұлыттың ұйқыдан оянуына тікелей түрткі болды. «Бейбітшілік келісіммен ымыраға келеміз» деген оймен алаңға шыққан жастар күтпеген жерден таяқтың астына алынып, жөн-жосықсыз, айуандық жапасын шекті. Қыз балаларды дене-құрылымдары еңгезердей солдаттар керзі етік киген аяқтарымен бастан, бүйректен, іштен тебуі, соперлік күрекпен ұрып-соғуы, оларды бұрымдарынан сүйреп, үстеріне мұздай су шашып қорлауы тәрізді жан түршігерлік қылықтың орын алуы қазақ жастарының намыс-найзасын, жігер-жебесін, сенім-семсерін қайрады, олардың ұлттық, қаһармандық қасиетін онан сайын жани түсті. Қанішерлік қылықта қанша адам жантәсілім еткені, осы күнге дейін беймәлім... Жаппай тұтқындауға қарсы тұру, бүкіл Қазақстанның территориясында, бір жерлерде ашық, бір жерлерде жасырын түрдегі ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты. Олар ұлыттық мұрат-мүдде үшін денсаулығын, болашағын, тіпті өз өмірін құрбан етті. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің басты кейіпкерлері: Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбиралар...

*«Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
Еркек тоқты – құрбандық,
Атам десең атыңдар...»*

Қайрат Рысқұлбеков

«Қақаған, қасіретті, қанды желтоқсанның» қайғылы қысы ел есінен еш уақытта да кетпейді. Желтоқсандағы қазақ жастарының жазықсыз жапа шегуі, қайсар қазақ баласына, 21 жасында тас тұғырлы ескерткіш орнатып кеткен Қайрат Рысқұлбековтың ерлігі, «жігіттерді қорғаймыз» деп соққыға жығылған қазақ қыздарының өрлігі, барлығы, барлығы, барлығыда жадымызда мәңгілікке жатталып қалады. Әлбетте, «Желтоқсан қозғалысы» ияки «Желтоқсан көтерілісі» «Қазақ халқының дамуына үлесімді қосамын»

деген ұрпақтарымыздың сан сынаққа моймайтынына, сын сағатта сағы сынбайтынына, мен, ұстаздық үкілі үмітіммен кепілдік келтіремін.

«Бізге тек өз есіміміз ғана мәңгілікке беріледі, біз өмірден өтеміз, алайда, атымыз қалады»

Жүсіп Баласағұн

XVII АБАЙ

Абай

Абайдың әлемі

*Бір Жаратқанды ұлы дейміз,
Құдаймен ешкім де тең тұрмас.
Адамды Ғақтың құлы дейміз,
Алламен еш пенде сайыс құрмас.*

*Меккенің қасиетіне қайырыламын,
Мың шүкіршілік жүктеп тағдырыма!
Неге Ғақтың ілімінен айырыламын,
Еш тозаңын түсірмейтін ғұмырыма?*

*Аспаннан әуен келеді құлағыма,
Біріліктің Меккесіне алдыратын.
Шыңнан су төгіледі бұлағыма,
Тірліктің мекенінде қалдыратын.*

*Алланың сөзін естігендеймін,
Сол керемет әуенді тыңдасам.
Мөлдірлік көзін көргендеймін,
Сезімнің кәусарын шыңдасам.*

*Кең жазиралы қазақтың даласы,
Тудырдың әлемдік деңгейлі дананы.*

*Мың шалқарлы қазақтың баласы,
Түлеттің, гасрлық үлгідегі сананы.*

*Тауым, тоғайым, төрт түлігім бар,
Төрт құбылага мәні мен сәнін сыйлаған.
Күй, ән, қобыз, домбыра мүлігім бар,
Қазақы жетістікті, жеңісті тойлаған.*

*Оу, менің қазағымның күйі қандай,
Әсем әуендер бір арнаға құйылғандай.
Күмбірлеп домбыра күй төккенде,
Басымды ием бір Аллаға сыйынғандай.*

*Оу, менің қазағымның өлеңі қандай,
Өнерлі құстар бір қырга жиналғандай.
Тау-тасты жаңғыртып әндеткенде,
Дархан дала киелі сахнаға айналғандай.*

*Тылсым әні алыстан келгендей,
Жүректің жыр жорғасын жеккендей.
Алланың шеберлігінде шек жоқ,
Жерге жақсылықтың дәнін сепкендей.*

*Ертеден бар қазақтың ата жолы,
Салт-дәстүрдің қазынасына толы.
Қара көзде іркіледі жас мөлдіреп,
Шашыңнан сипамаса ананың қолы.*

*Бәрі де қос шектен өткізілген,
Меңіреу мұң, қағылез қуаныш та.
Бәрі де аспаппен жеткізілген,
Сөз сарасы, жанға жұбаныш та.*

*Домбыра мен гитара ойнаған,
Өнердің өлкесінде біз тойлаған!
Аспаптар мұнша үндеседі деп,
Кәне атыңдаршы – кім ойлаған?*

*Жер мен ел егіз –
Бір атадан, бір анадан туылғандай!
Күй мен ән егіз –
Бір серітте, бір сәтте буылғандай!*

Бұқар жарауша айтқанда:

*«Өлгенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді!»*

*Өлгенде не өлмейді?
Ардақты адамның аты өлмейді!
Өлгенде не өлмейді?
Асқақты адамның заты өлмейді!*

*Ат дегенім адамның есімі,
Зат дегенім күй аспаптың өсімі.
Бір Жаратқанның кесімі,
Адамның тал бойындағы төзімі.*

*Сөзден түйін түйген соң,
Бұлбұл деп ойлайсың адамды.
Саз-әуеннен иін иген соң,
Дүлдүл деп ойлайсың адамды.*

*Сөз маржаны жаныңа жағып,
Арнасына толған өзендей ағады.
Саз жауһары терезенді қағып,
Мойныңа гауһар-тұмар тағады.*

*Суы таза бұлақ сарқырағанда,
Домбырадан күй болып төгіледі.
Абай шабыттана арқырағанда,
Сәулет-өнері құлтырып сөгіледі.*

*Абай! Саз-күйдің падишасы,
Кісінің ой-зердесінің кірін кетіретін.
Абай! Ән-өлеңнің патшасы,
Тіл құдіретінің шұрайын келтіретін.*

*Абайдың өлеңдерін оқығанда –
Шабыт тұлпарымен таласамын.
Абайдың әндерін тыңдағанда –
Көңілдің пырағымен жарысамын.*

*Абай! Деп мақтанамын,
Абай! Деп шаттанамын!
Қазақ салт-дәстүр көшіне,
Абай! Деп мен аттанамын!*

*Абай! Деп алыптанамын,
Абай өлеңдерін оқығанда.
Абай! Деп қалыптанамын,
Абай әндерін тыңдағанда.*

*Абай! Деп шырақтанамын,
Оңашада бір сәт қалғанымда.
Абай! Деп пырақтанамын,
Өнердің бір әсерін алғанымда.*

*Абай! Деп шаттанамын,
Кәусар суына малынғандай.
Абай! Деп аттанамын,
Күн сәулесіне шалынғандай.*

*Абай! Деп ұрандатамын,
Таудың шыңынан ақырғандай.
Абай! Деп құрандатамын,
Таңсәріден азан шақырғандай.*

*Абай! Деп желдей естім,
Сөзімді жеті өлшеп кестім.
Абай! Деп дария кештім,
Ой-зердемді мықтап естім.*

*Абай! Көрегендіктің көзіндей,
Абай! Гүлдеген даланың сөзіндей.
Ұлы халықтың ішінен шыққан,
Абай! Данышпандықтың өзіндей.*

*Қара орман қазақ халықын тіктеп,
Абай рухы жақсылықты қолдайды.
Жақсы мен жаман арасын жіктеп,
Еліне ақыл-кеңесін Абай жолдайды.*

*Абайды асқақтатып өрінде,
Келбетті, көрнекті еттім әрбіріңе!
Абайды көрсетіп ел төрінде,
Кереметті үлгі-өнеге еттім бәріңе!*

Құдайдан кейінгі күшті – халық! Халықтан кейінгі күшті – салт-дәстүр!

Автор

Әлемдерді жаратушы Алла Тағалаға шексіз мадақ арнап, жан-тәніммен мақтау жолдаймын. Құдайдан қорыққан тақуа жандар жақсылыққа жетеді. Адамзаттың ұлы ұстазы Мұхаммедке (с.ғ.с.) сансыз сәлем бағыттап, шын жүрегімнен салауат айтамын.

Ұстаз шәкірттерін тәрбиелеу арқылы олардың бойынан жаман қылықтар мен теріс мінезді түп тамырымен жояды. Сол арқылы туралыққа бастайды. Жақсы ұстаздың адам өміріндегі орнын мына мысалдан түсінуге болады. Диханшы еккен егіні мол өнім беруі үшін сол жердің арам шөбін жұлып, түбін қолыменен копсытады. Осы секілді ұлағатты ұстаз да шәкірттерінің бойындағы теріс қылықтарды жоюдың жолын қарастырады. Иә, бұл таусылмас жолдың жолаушысына оның қателерін түзеп, туралыққа бағыттап отыратын ұлы ұстаз міндетті түрде қажет. Ұлы ұстаз – Алла Тағала!

Ұстаздан ұрпаққа өсиет:

1. Адамға ғұмырлық серік болатын ізгі амалдар жаса.
2. Нәпсіге қарсы тұрып, жақсылықтан ләззат ал.
3. Дүниені Алланың ризалығы үшін жинап, оны Алланың жолына жұмса.
4. Өмірде тақуалық жолды таңда.
5. Өзіңде барға қанағаттанып, өзгенің дүниесіне қызғанышпен қарама.
6. Шайтаннан басқамен дұшпан болма.
7. Қолда бар дүниенді кедейлермен бөліс.
8. Құдайға тәуекл қылып, Аллаға ғана арқа сүйе.

Бабадан балаға бата:

*Ақ босағаң берік болып,
Ел-жұртыңда ерік болсын!
Шаңырағың биік болып,
Ісіңе ақылың серік болсын!*

*Ұрпақтарың өрбісін,
Өмірде өз ізін қалдыратын!
Ғылымың серпілсін,
Ілімнің шыңын алдыратын!*

Шам-шырағың өштей,

*Семсерін қызыл тіл қайрасын!
Бақ-дәулетің көшпей,
Қоңыр қаз, аққу құс сайрасын!*

*Салт-дәстүрің өнегелі болып,
Сұрлеу-соқпағың үлгілі болсын!
Дастарханың берекелі болып,
Ел-жұртымыз мерекелі болсын!*

Ұрпаққа жолдар кеңес:

Шамаң келмейтін мәселеде ешкіммен де талас-тартысқа түспе. Надандар – жүрек ауыруына шалдыққан науқастар. Ғалымдар – науқастарды емдейтін данышпандар. Ақылды әрі түсінігі мол адам қызғаныш, ашу, атақ, мансап және байлыққа қызығушылық секілді қасиеттерден ада.

Өзің амал жасамай, уағыз-насихан айтпа. Жұртшылыққа өз қателерін ұқтырып, дерттерін дөп басып, бостан-бос өткізген уақыттары үшін өкіндіріп, жіберген қателіктерін түзетуге үйрет. Сенің негізгі мақсатың – жұртшылықты өткінші дүниеге ешбір алданбай, о дүниенің камын ойлауға, тойымсыздықтан тыйылып, қанағат етуге шақыру, сараңдықтан сақтанып, жомарттыққа ұмтылу, бейғамдықтан оянып, сергектікке жол тарту, менмендікті тәрк етіп, тақуалыққа берілу.

Әділетсіз басшылармен араласпа. Кімде-кім олардың өмірінің ұзақ болуын қаласа, онда жер бетінде күнә жасайтындардың ұзақ жасауына сенің де әсер еткенің.

Адал жолмен келгенін анық білсең де, басшылардан келген силықты алма. Өйткені, олардан бір нәрсе алу құштарлығың өзіңе зиянын тигізеді. Оларға деген жағымпаздықты туындатып, олардың зымиян-зұлымдықтарын қолдағандай боласың.

Егер сенің қызыметшің болып, оның саған қалай зыр жүгіріп еңбек еткенін қаласаң, сен де Алла Тағаланың алдында солай болуға тиіссің. Себебі ол – Ұлы!

Өзіңе қандай қарым-қатынас жасағанын қаласаң, өзге адамдармен де сондай қарым-қатынаста бол. Өзіңе қалағанды өзгеге де қаламайынша, иманың толық болмайды (1). *Бухари, Мүсілім, Ахмад, Тирмизи жеткізген хадисте «Өзіңе қалағанды мұсылман бауырына да қаламайынша, мүміннің иманы кәміл болмайды» делінеді. Бұхари мен Мұслимде тағы мынандай хадис кездеседі: «Бойында мына үш сипаты бар жандар иманның ләззатын сезінеді: Алла мен елиісі ол адам үшін бәрінен де жоғары тұрады. Мұсылман бауырын тек Алла үшін жақсы көреді. Бұрынғы гапылдықпен сүрген өміріне қайта қайтудан отқа түсіп кетердей болып сақтану».* (Бухари, *Иман* 1/56, 60; Мұслим, *Иман*, 1/66-67; Ахмад, «Мұснада», 3/103; Тирмизи, *Иман*, 7/373).

Қайсыбір ғылыммен айналыссаң, онда сол ғылым сенің жүрегінді тазартып, рухыңды тәрбиелеуі керек. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Шын мәнінде, Алла Тағала сендердің дене-бітімдеріңе, түр-тұрпаттарыңа қарамайды, жүректерің мен істеріңе қарайды» (53), - деген.

Аста-төк дүние-мүлік жинама. Егер олай жасай алмасаң, бір жылдық азық-түлікті жинаумен тоқтал.

Әрдайым оқып жүретін дұғалар:

Алла Тағалам! Нығыметің мен қорғауыңды, мейіріміңе бөленуді сұраймын. Кешіріміңе бөленуді, ешкімге мұқтаж болмайтындай ризық, бақытты ғұмыр беруінді сұраймын. Бізге көл-көсір жақсылық, жеткілікті нығымет, кеңшілігіңді бере көр!

Алла Тағалам! Бізден бетінді бұрма, бізге әрдайым болыс. Ақтық деміміздің жақсылықпен аяқталуын нәсіп ет. Бізге мол үміт сыйлай көр. Таңымыз бен кешімізді ізгілікке толы ет. Өткеніміз бен болашағымызды мейіріміңе бөлей көр. Кеңшілігіңмен біздің күнеларымызды кешір. Айыбымызды жасырып, жақсылыққа айналдыр. Ақиреттік азығымызды тақуалық болуын нәсіп ет. Өзіңе тәуекл еттік һәм арқа сүйедік.

Алла Тағалам! Туралықта табанымызды нық ет. Ақиретте сан соқтыратын істерден бізді мына дүниеде қорғай көр. Біздегі ауырпалықты жеңілдетіп, ізгі жандардың қатарында ғұмыр кешуді нәсіп ет. Бізді залымдардан құтқар. Туған-туыстарымыз бен ұлағатты ұстаздарымызды тозақ отынан сақта. Я, Азиз! Я, Гаффар! Я, Карим! Я, Сәттар! Я, Халим! Я, Жаббар! Я, Алла! ... Я, Алла! ... Я, Алла! ... Я, Рахим! Өзінен бұрын еш нәрсе болмаған ұлы Жаратушы! Өзінен кейін еш нәрсе болмайтын ұлы Жаратушы! Уа, құдірет иесі! Уа, міскіндердің қамқоршысы! Уа, мейірімділердің мейірімдісі! Сенен басқа Тәңір жоқ. Сен кемшілік атаулыдан пәксің. Мен жаза басып өзіме зұлымдық жасадым.

Туған топырақ, қонақжай қазақ

Адамзат түсінігінде ғалам және ғаламшар деген түп-төркіні ұқсас ұғымдар бар. Ғалам – кеңістік, уақыт және қозғалыс категорияларымен астасып, шетсіздік, мәгілік, тынышсыздық түсініктерімен анықталады. Сол ғаламнан ғаламшарларды шұратамыз. Ғаламдағы адамзаттың тұрағы – Жер. Жерді алты материкке бөліп қарастыру адамзаттың ұйғарымымен жүзеге асырылған тоқтам. Қазақ баласы болғандықтан туған топырағың мен еркелеткен еліңді іздейсің. Іздей жүріп, ойға батып жер ауданы жағынан бүкіл әлем бойынша тоғызыншы орындағы, Евр-Азияда көсіліп жатқан Ұлы далаға тап боласың.

*Өрттей жанып тұрған кездерім,
Көмейімнен ағып тұрған сөздерім.
Ата-бабалардың рухы қуат беріп,
Жай оғынша жарқыраған көздерім.*

*Құстар да бірге ұшады тобымен,
Көкте жарқыраған Құс жолымен.
Шапағатишы мейірімін төкендей,
Шашымнан анам сипаса қолымен.*

*Не деген алыс аспан-жер арасы,
Кең көсіліп жатыр қазақ даласы?
Өр халықтың дархандық мекені,
Жақсы мен жайсаңда жоқ аласы!*

*Қарашы шыңына мұздың қатқанын,
Ала таудың ерекшеленіп жатқанын!
Байқамадым күннің қалай батқанын,
Байқамадым таңның қалай атқанын?*

*Жолыға тағдырдың сан бұрауына,
Үңілемін тарихтың мың құрауына.
Келемін күнімен де түнімен асыға,
Көз жіберіп білімнің шыңырауына.*

Дүниежүзілік тарихты былай қойғанда өз еліңнің төл тарихын бес саусағындай білу оңай шағылатын жаңғақ емес. Ықылым заман тарихы түбі-шеті жоқ шыңырау-тұңғиық. Ол дәуір-дастан тарихын ықылым заман ғұламаларының айтқан-жазған дүниелеріне ден қоя жүріп зерттеп-зерделеп, көрінер-көрінбес адамзат өмірінің көкжиегінен жобалап, шым-шымдап қана біз тарих тағылымын шырамыта аламыз. Ал қазақтың тарихын, еліміздің тарихын, Отанымыздың тарихын бүкіл әлемдік тарихтан іздеп, теңіз тұңғиығының титімдей нүкте тамшысынан көргендейміз. Ұлыт болу үшін тіл, өнер, мәдениет, жұрыт, жер керек. Осының бәрі қосылып ұлттық салт-сананы, ғұрып-дәстүрді, бітім-болмысты бек-бекемдеп береді. Уақыт-төреші барлығын орын-орындарына қояды – ақыл-ойдың, салт-дәстүрдің, ілім-білімнің, адами рухтың пайымдық пирамидасын төрт тағандатып тұрғызады, оны ғылыми тұрғыда табжылмастай қылып шойын-темірдей қылып тұғырлайды.

*Құлтырған қызыл гүлдер бау аңғары,
Жарасып күнде жүрген тау заңғары.
Қырқадан жер-жазираға қарағанда,
Нұрын шашып шығушы еді от-шары.*

*Ғұмыры арасындай қас-қағымның,
Корунд белгісі боп жас шағымның.
Семізбұғы тауынан көзімді алмай,
Құшағында тұрушы ем сағымның.*

*Байлықта өлшеусізі өнер-білім,
Ойыма зер қойсаң, кемелді ілім.
Өнерді үйрену бар, жирену бар,
Оқысаң өн-бойыңа сіңер ғылым.*

*Тарихты таңғажайып теремін зой,
Бірді айтып, көпке кете беремін зой.
Қызудың құшағында құштарланып,
Өлмес өлеңнің өрлі өресін өремін зой.*

*Қою шай, мол дастархан, сәнді көзге,
Ден қойған кісімін, мәнді терең сөзге.
Қазақтың қасқалдақ сөзін қондырған,
Көрген жоқпын-ау дана адамнан өзге.*

*Қазақ ішінен санасаң сан-алуан әулет,
Бабалар өзінің дәуірінде құрған сәулет.
Қазақ бар алты алаштан асып туған,
Маңдайларына біткені мыңбір дәулет.*

*Қашанда сабақты ине өз сәтімен,
Кісі қасиеті көрінеді сөз затымен.
Есіме алдым, Сарыарқадағы елді,
Бұрынғы өткендердің әз хатымен.*

*Пайдасын туған жерге тигізгендей,
Бота көз баласы аруананы игізгендей.
Көрінді сонау көкжиектен ел-жұрт,
Жарқырап, оқалы шапан кигізгендей!*

*Желіккенде жүйрік атқа жеткізбейді,
Сарыарқа елі салтсыз сауық өткізбейді.
Жаз айлары, шілде өтіп сүмбіле аумай,
Елім сал-серілерді ешқайда кеткізбейді.*

*Арқа жері алты алашқа киелі мекен,
Топырақтағы бабаның қадамы екен.
Қақ төрде отырған шежірелі галым,
Көз тоймас сұлулықтың адамы екен.*

*Атымды шідерледім қозғалы сайға,
Сал-серілердің аузын малдым майға.
Ойдан-қырдан жиналғанда жұрт,
Көңілім толып тұрды мекен-жайға.*

*Сал-сері – ән-жырдың жамалындай,
Көкжиекте батар күннің амалындай.
Ел-жұрт ұйып отыр өнердің өзеніне,
Саз-әуені Сарыарқаның самалындай!*

*Адамға өрлі қасиет қонады екен, анық,
Бойынан, болмысынан күй тарамданып.
Ғалам ғаламаттарындай бояуы қанық,
Ғарыштағы жұлдыздарша құрамданып.*

*Мың бір түрлі адамның байлаулары,
Болады Күлтөбе биігінде сайлаулары.
Алтай мен Қаратеңіз алыс аралары,
Қазақта озып тұр өзгеден ойлаулары.*

*Ғылымға білік-білімін теліп,
Ұрпақтарым от-ошақты көсепті.
Ақылға салып, нақылға келіп,
Шығарыпты қыл күрмеулі есепті.*

*Тарихпен тоқылған тағылым,
Адамның ой-орамын күшейтеді.
Өнер, ілім, білім және ғылым,
Адамның сана-зердесін есейтеді.*

XVIII ТАРИХ ТАМЫРЫНА ТЕРЕҢ ТҮСКЕНДЕ

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылымының ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмір-өзеннің туғызған ғұрып-дағдылардың жүйелі жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін халықпен қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт-дәстүр ұлыт үшін өлшеусіз өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындауменен қатар оны құрметтеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін толығыменен, әділ атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік беру ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлім-тәрбиелік, халықтық мәні өте зор. Халықтан атадан балаға көше жүріп, дамитын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің

көрінісі ұлттық дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – ұлттық мәдениеттің көрнекті байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге аса бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүрдің айқын көрінісі.

Қазіргі таңда салт-дәстүр мәселесі тәлім-тәрбие негізінде алғашқы орындарды берік ұстап тұр. Қазақ халқында көптеген салт-дәстүрлер мен ырым-жырымдар бар. Бірақ, өкінішке орай, адамдардың көбісі ырым мен салт-дәстүрді шатастырады. Ата-баба өсиеті болып келе жатқан салт-дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым-жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған.

Адамды тұлға ретінде тәлім-тәрбиелеп қалыптастыратын, негізінен, үш орта бар:

1. Ата-ана (жанұя).
2. Ұстаз (мектеп),
3. Орта (қоғам).

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде айқын бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек еш жазып қалдырмаса да, білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар, әрине, болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған. Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсат-мұраты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды. Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырды. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына тыңғылықты үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеген. Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке тарту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу сияқты істерге бірге, қасына ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше

тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде жатыр. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыру да оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі боп табылады. Үлкенді құрметтеу отабасы мүшелерінің бір-бірінің ұлттық, қазылы-қазақы тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған. Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «зандары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті көрінеді.

Тарихты білмей тұрып, қазіргінің қадіріне жету, болашақты бағамдау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп, ғылымның бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Адамзаттың жинақтаған материалдық және рухани байлықтары қандай ұшан-теңіз болса, оның адами болмыстық қоры да сондайын көп. Бұлардың бәрі – баршаға бірдей кректі алтын қазына. Сол ғұмыр-ғұрыптық, салт-дәстүрлік, мындаған жылдық тарихы бар мәдени мұрамызды талдап, таразылай білу, оны қастерлеп бағалай білу, шашау шығармай халыққа жеткізу – ұлағатты ұрпақтың абройлы арманы.

Тірілік толқынымен, ұрпақ қамы үшін ата-бабаларымыз аттың бауырында, түйенің қомында күн кешіп, қазақы киіз үйді паналап, суды сағалап, қырды қиялап, көшіп-қонып жүріп, дархан даланы мекен еткен. Ұлы бабаларың ұшы-қиыры жоқ, көздің қарашығына ілінбейтін, шексіз ұлы да дархан даланы, өз ата қонысына, ата мекеніне айналдырып, ұрпақтарына мирас қылып қалдырды.

Б.з.б. VII – III-ғасырларда сақ (сака, скиф, сай) тайпа одағындағылар өте қатты негізде дәуірледі. Одан кейінгі замандарда үйсін (усун), қаңлы (қаңли, қаңжүй), қыпшақ (куман, половец, янса), иуз (иуж, иужі, жүз, ұлы жүз), қарлық қатарлы тайпа одақтары өз шаңырағын көтерді.

Әдетте, бергі аталарын ғана атап жүре беретін көшпелі, жартылай көшпелі бұл халықтардың өзінің жалпылық ортақ атын сирек қолданғаны тарихтан белгілі. Бірақ та, соның өзінде, де «Қазақ» деген атау, Бартольд сияқтылар айтқандай XV-ғасырға жеткенде ғана емес, ең бері дегеннің өзінде, пайғамбар заманында (V – VII-ғасырларда) әлем сахнасына тарады. Бұған «Жаңа Таннамадағы» және Фирдоуси шығармаларындағы «қазақ», «кіса», «аса» атауларының өзі-ақ айғақ. Осы күні де тіліне жеңілдік тілеген қытайлықтар «қазақ» дегенді «хаса» деп айтады.

Қаңлы мемлекеті б.з.б. II-ғасырда пайда болғаны айдан анық. Сол кезде Үйсін, Қаңлы мемлекеттерін зерттеуге келген қытай елшісі Чжан-Цзянь бұл елдерде 13 жыл жүріп, өзінің көріп-білгенін қағазға жазып қалдырған. Сондықтан, біз тарихымызды ең аз дегенде осы дәуірден бастауымыз жөн. Онда қазақ халқының тарихы бес ғасыр емес, кем дегенде 25 ғасырға кетеді. Себебі әрбір тайпа мемлекет болар алдында халық ретінде қалыптасуы қажеттілік. Ол үшін аз дегенде бірнеше ғасыр уақыт керек. Ендеше, бүгінгі

күннен санағанда тек Қаңлы мемлекетінің пайда болғанына 25 ғасыр уақыт өтті деп айта аламыз.

Тайпалықтан ұлттыққа ауысу – тарихи сабақтастықтан туындайды. Ғұн күшейген кезде ғұн, үйсін күшейген кезде үйсін, қаңлы күшейген кезде қаңлы..., кейін түрік, тағы басқа да аттармен дүниеге біз мәлім болдық. Сондықтан да, қазақ этногенезінің бастау-бұлағы бағызы-бағызы, талай-талай мыңжылдықтар мамыражайында сайрап жатыр.

Тарихтың табан тірейтін негізгі құралы – жазба дерек. Ал біздің түрік тұқымдас халықтардың, соның ішінде арғы қазақтардың рухани құндылықтары, ең басты идеологиялық қаруы бағзы руника алфавтіндегі жазба ескерткіштерінде сақталған. Өкініштісі, тарихымыздың терең қатқабатына еркін жететін кәсіби маман-ғалымдарға өте зәруміз. Қоғамдық өміріміздің ежелгі дәуірін зерттеушілердің арасында сол кезеңнің төл жазба деректерін түпнұсқадан тікелей оқи алатын ғалымдардың жоққа тәндігі ұлттық тарихи санамызды қалпына келтіруге елеулі тосқауыл. Иә, әлемдегі мұқым ұлт пен ұлыстың ішінде санаулылары ғана өркениеттің кілті – өз жазу-сызу үлгісін жасай алған. Солардың санатында біздің байырғы бабатүрүк руна жазуымыз да бар. Бірақ сол төл жазу үлгімізді оқи алатын Ұлттық Ғылым академиясының жанындағы бес бірдей қоғамдық ғылыми-зерттеу институтында бірде-бір маманның жоқтығы тарихымызға деген көзқарастың қаншалықты мүшкіл екенін көрсетеді. Талас бойынан табылған, тасқа түсірілген ескерткіштер мәтінін ғалымдар – Ш.Жұмағұлов, А.Аманжолов, С.Е.Маловтар оқып, аударған болатын.

Алайда олардың аударған нұсқалары тиісті орфографиялық ережені ұстанбаудан аса қымбат қазына барлық қадір-қасиетінен жұрдай болып, арқалаған деректік жүгінен айырылды. Осы ретте рунатанушы Тайжан Досжановтың орыс тілінде жарық көрген «Этюды по памятникам письменности древних усуней» (Алматы. «Жалын», 2002) деп аталатын еңбегі түріктану ғылымына қосылған сүбелі үлес екендігін айтқан жөн. Ғалыми түрде Талас жазба ескерткіштері біздің жыл санауымызға дейінгі III-ғасырдағы усун елінің рухани қазынасы екенін дәлелдеді. Біздің жыл санауымызға дейінгі III-ғасырда үйсіндер «усын», «усын улыты» деп қолданса, яғни сол кездегі үйсіндердің тілі, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тілінің әдеби нормасының деңгейін аңғартқандай! Демек, қазақ тілі сол дәуірде ежелгі төрүк тілінің әдеби нормасымен бірдей қолданылғанының айғағы. Оған Талас бойынан табылған үйсіндердің жазба ескерткіштері нақты куә. Төрүктанушылар арасында қазақ тілін кейінгі дәуірлерде пайда болған жаңа тіл деушілер бар. Бұл тілдің ежелгілігіне ескерткіш, сенімділік дәйегі болады. Мысалы, қазіргі ана тіліміздегі «Ұлық болсаң, кішік бол» дегендегідей бағзы лексикалық тұлғалардың сақталып қалуы бұл пікірімізді қуаттап, бекіте түседі. Бар қызығы, отандық ғылыми элитаның бұл игілікті жаңалыққа ләм-им демей, үнсіз қалуы олардың интеллектуалдық өрісінің қаншалықты деңгейде екендігін анық көрсетті.

Бүгінде қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, ұйғыр, Түркия және Әзірбайжан түріктері, башқұрт, алтайлықтар мен басқа да көптеген түрік мемлекеттері мен қауымдырын қалыптастырған тайпа және тайпалық одақтар тарихта түрлі саяси құрылымдардың құрамында болған. Олар тарихтың бір сәтінде бір мемлекеттің, кейде әр түрлі мемлекеттердің қоластында өмір кешкен. Өз одағын толығымен құрған тайпалар бөлінген уақытта өз мемлекетін жариялаған және бұрынғыдан өзгеше атпен жаңа бір мемлекеттерге айналған. Сақ, Ғұн, Қаңлы, Үйсін, Авар, Табғаш, Теле, Көктүрік, Ұйғыр, Қырғыз, Қарлұқ, Түргеш, Қимақ, Құман-Қыпшақ, Оғыз, Пешнек, Қарахан, Селжұқ, Атын Орда, Шағатай, Темір, Татар, Өзбек, Ноғай, Қазақ, Түркімен болған. Олардың әрқайсысы өзгеше саяси одақ болса да, олардың аттарына қарап отырып, әр басқа этностық құрылым екендігін айтуға болмайды. Өйткені тарихта болған түркі мемлекеттері мен тайпалық одақтар үстем тайпаның (ғұн, ұйғыр, қырғыз...), тиісті ұлттың (көктүрік), құрылған қала немесе аумақтың (Ғазна, Хиуа, Бұқар т.б.) мемлекетті құрған немесе жоғары беделге ие мемлекеттік қызметкерлердің (Селжұқ, Өзбек, Ноғай т.б.), қалыптасқан жағдайға байланысты әлеуметтік және саяси мағынаға ие (Қазақ) атауларды алған. Қазақтарды қалыптастырған тайпалар қазақ деп аталмас бұрын Өзбек, Жошы ұлысы, Ноғай, Темір, Шағатай, Моғол, Қыпшақ, Қимақ, Қарлұқ, Ұйғыр, Көктүрік, Авар, Табғаш, Қаңлы, Үйсін, Ғұн, Сақ сияқты түрлі саяси жүйелердің құрамында болып, түрлі аттарға иелік еткен.

Енді, қазақы салт-дәстүрге, әдет-ғұрпқа тұздық болатын, бірнеше термин-тайпалық атауларға қысқаша тоқталып өтейін.

Сақтар (сақалар) — б.з.б. 1-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан аумағын мекендеген үлкен тайпа. Сақтардың қуатты тайпалық одақтары: массагеттер, исседондар, аландар, каспийлер, сарматтар.

Парсыларға тұтқынға түскен сақтардың Скунха деген көсемі, Бехистун, Иран, Парсылардың патшасы Құрыш II, Лүдия патшасы Кройсоспен б.з.б. 558 – 529 жылдары соғысқан. Кейін Құрыш сақтары, оның ішіндегі массагеттерді өздеріне бағындыруды ұйғарған. Құрыш Сақ жеріне кіреді. Алайда парсылар сақтарды жеңдік деген кезде, сақ жауынгерлері тұтқиылдан келіп, бас салған. Құрыш та, әскері де құртылған. Тұмар туралы аңыз осы кезде шықты. Бұл аңыз шындыққа келеді – Құрыш ұлы Қамбуджия – массагеттерге өкілдерін жіберіп, әкесінің мәйітін алғызған. Жазба деректерге тағы көңіл бөлейік. Сына жазуы мәтіндерінің кейбір этнонимдері грек деректемелеріндегі тайпалар аттарымен иланымды ұқсастырылады. Геродоттың айтуы бойынша Ахаменид державасының оныншы әкімшілік округіне кірген (Геродот, III, 92) ортоққарибантийлері тиграхауда-сақтарға, амюргийлік сақтар — хаумаварга-сақтарға (Геродот, VIII, 64), ал дайлар — Авестаның және Ксеркс жазбасына сәйкес келеді.

Басқа да грек авторларының көпшілігі сияқты, Геродот та кейде «азиялық скифтер» деген терминді қоса отырып, сол бір сақтарды скифтер деп атайды. Бұл атау грек тарихшыларына жақсы таныс. Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Алдыңғы Азияның көшпелі скиф тайпаларына қарап айтылды. Бірақ грек деректемелерінде ахаменидтік сына жазуларында кездеспейтін басқа атаулар да бар, олар: массагеттер, савроматтар (кейінгі кезде сарматтар), аргиппейлер, аримаспылар, ассилер, пасиандар, сақарауылдар (сақарауықтар) және басқалары.

Парсы және антик деректемелеріндегі тайпаларды Қазақстан мен Орта Азияның осы заманғы картасына орналастыру туралы мәселе әлі түпкілікті шешілмеген. Теңіздің арғы жағындағы сақтарды оқшаулап бөлуде таяу уақытқа дейін екі көзқарас болып келді. Бірінші көзқарас (В.В. Струве) тұрғысынан, парадрайа сақтарды Арал теңізінен шығысқа таман және Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі бойларына орналастыру керек-тін. Мәселені бұлайша қоюға I-Дарийдің сақтарға қарсы жорығының жүрген жолы туралы әңгімелейтін Бехистун жазбасының бесінші бағанының екінші жартысын қайта құруды ұсынуға негіз еді. Бехистуннан алынған мәтінін қалпына келтірілген бөлігін, ал одан кейін Нақши-Рүстем және Персепол жазуларын антик деректемелерінің мәліметтерімен салыстыру негізінде – парадрайа сақтардың және «Соғдының ар жағындағы» сақтардың массагетгерге, дайларға, каспилерге сәйкестігі туралы болжам жасалды.

В.В. Григорьев басқаша көзқарасын айтады, оған қарағанда парадрайа сақтар деп Оңтүстік Ресей және онымен шектес аймақтар аумағын мекендеген еуропалық скифтерді түсіну қажет. Бехистун жазбасын жаңадан зерттеу және аудару Бехистун жазбасының V бағанасын басқаша қарап, басқаша түсіндіруге әкеп соқты. Қазіргі уақытта парадрайа сақтарды Қара теңіздің солтүстік төңірегіне орналасты деу дұрысырақ. Орта Азия мен Қазақстан сақтарының басқа екі тобы (хаумаварға мен тиграхауда) Таяу Шығыстың халықтарына көбірек мәлім болған. Кир мен Дарий жорықтар жасаған тиграхауда сақтар Ахаменид бедерлері мен мөрлерінде бірнеше рет бейнеленген. Олардың Скунха деп аталатын көсемінің тұлғасы басқа да бағындырылған халықтардың патшаларымен бірге Дарийдің бұйрығы бойынша Ирандағы Бехистун деген жердегі жартасқа қашап салынған. Ежелгі Шығыстың ең көне және аса маңызды саяси құжаттарының бірі деп әбден орынды саналатын Бехистун жазбасының сақ көсемін тұтқынға алумен байланысты оқиғаларға арналған V бағанасының 20—30-жолында былай делінген:

«Дарий патша былай дейді: содан кейін мен әскеріммен Сақтарға аттандым. Шошақ бөрік киетін сақтар шайқасқа шықты. Мен теңізге жеттім де, бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Сөйтіп мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым да, екінші бөлігін тұтқынға алдым... Скунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз дегеніммен екінші

біреуін (олардың) көсемі қылып тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады».

Бұл мәтін шошак бөрік киетін тиграхауда сақтар туралы ақпарат беретін, сақталып қалған бірден-бір жазбаша құжат болып табылады. Онда тиграхауда сақтар жері басталатын бір судың бар екендігі де айтылады.

Сақтар мен массагеттер еліне Ахаменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы II Кирдің жорықтары тарихи анықталған фактілер қатарына жатады. Осы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі әңгімелейтін Геродот массагеттер жерін Каспий теңізінен шығысқа қарай, «Аракыс өзенінің арғы жағындағы күннің шығу бағыты бойынша орналастырады (Геродот, I, 201, 204). II-Кир мен Дарий жорықтарының жолдары талас туғызады. Бірі Дарий өзінің ізашарының жүрген жолын қайталай отырып, сақтармен Әмударияның арғы жағында Арал теңізі маңында кездесті деп санайды, екіншісі II-Кир массагеттермен Үзбой өзенінің арғы жағында (Әмударияның бүгінде тартылып қалған батыс сағасы) шайқасты, ал Дарий сақтар жеріне Әмударияның орта тұсынан өтті деп санайды. Бір нәрсе айқын: пікірлердің қайшылықтарына қарамастан, екі жорықта массагет сақтар тайпаларына қарсы бағытталған; бұлардың жері Геродоттың орто-карибантийлерінің немесе Бехистун жазбасындағы тиграхауда сақтардың жерімен толық немесе ішінара сәйкес келеді деп топшылау керек. Жағырапиялық жағынан алғанда, бұл — Каспийдің шығыс төңірегі мен Үзбайдан Сырдария өзеніне дейін қоса алғандағы Арал өңірінің аймағы. Массагет одағы, сірә, дербиктер, әбийлер, апасиактар сияқты тайпаларды да біріктірсе керек.

Сондай-ақ тиграхауда сақтар Шашты, Тянь-Шанды және Жетісуды мекендеген деген пікір де бар. Страбонның айтуы бойынша, массагеттерден солтүстікке таман, «Меотидадан жоғары» (Страбон, XI, 9,2) жерлерде дай тайпалары қоныстанған. Сырдарияның арғы жағындағы олар Ескендір Зұлқарнайын замандастарына да мәлім болды. Антик авторлар оларды, бұрынырақ Геродоттың жазғанындай, массагеттердің иелігіндегі жерлерде орналастырады. «Дақ» атауы неғұрлым ертеректегі деректемелер-«Авеста» мен Ксеркстің «дэвтер» туралы жазбасында да мәлім. Мұның бәрі дақтардың (дайлардың) әуелде массагеттердің солтүстігіне таманғы аймақты мекендегенін, не массагеттердің бірлестігіне кіргенін көрсетеді. Б.з.б. III-ғасырдың орта шенінде дайлар тарих ересінде массагеттердің орнын алып, Каспий маңының оңтүстік-шығысынан, Парфия шекарасынан келіп шығады. Осы уақыттан бері «көптеген скифтер, Каспий теңізінен бастап, дайлар деп аталады» (Страбон, XI, 8,2).

Парсы сына жазуларының хаумаварға сақтар ең ірі тайпа немесе тайпалар тобы болып, грек деректемелерінде амюргий сақтар деп аталады. Көптеген зерттеушілер амюргий сақтарды ежелгі Бакрия және Маргияна аймақтарына (Әмудария мен Мұрғаб өзендерінің жағалауы) орналастырады. Бұлар ертедегі парсылар танысқан алғашқы сақ тайпалары еді. Геродот былай деп жазады: «Бұл — амюргий сақтар деп аталған тайпа (ол шын

мәнінде, скифтік тайпа). Өйткені парсылар скифтердің бәрін сақтар деп атайды.

Кир әскерінің басып кіруі

Б.з.б. 530 жылы сақ жеріне Кир бастаған парсы әскерлері басып кірді. Бұл кезде сақтардың билеушісі Тұмар еді. Кир әскерлерімен Сырдарияға дейін келіп, өз елшілерін Тұмарға жібереді. Бірақ Тұмар "Әйел болса да, жаудың шапқыншылығынан қорыққан жоқ" деп жазады Рим тарихшысы Помпей Трог.

Сақ патшайымы Тұмар келіссөз жүргізуден бас тартады. Парсы патшасы Кир сақтарға қарсы шабуылға шығады. Өз жерінде соғысуға қолайлы деп есептеп, Тұмар парсылардың судан өтуіне әдейі мүмкіндік береді. Кир әскерін өзеннен өткізіп, біршама жер жүргеннен кейін қостарын тікті. Келесі күні ол қулық ойлады: әдейі қорыққан болып, лагерін тастап, қаша бастаған сыңай танытты. Патшайымның баласы Ыспарғапис жаудың соңынан қуып, тәжірибесіз жас болғандықтан, торуылға түсіп қалады. Баласының қайтыс болғанын естіп, Тұмар қалың әскермен Кир жаққа аттанады.

Ғұндар – көшпелі халық. Ғұндар тәңіршілдік дінді ұстанып, түркі жазуын пайдаланған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған. Шығыста Мөде «шығыс қу» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сәнби және ұқуан тайпалары кірген. Мөде батыста юеди (юечжи) тайпаларына қарсы жорықтар жасаған. Бұл кезде қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ ғұн шаңюйлерінің қол астына түскен, ал солтүстікте ғұн конфедерациясына біріккен тайпалар Байкөлден арғы оңтүстік аудандарға дейінгі аумақты алып жатты. Деректемелерде ғұндардың Саян-Алтай тайпаларына жасаған жорықтары туралы да айтылады. Шежіреші б.з.б. 201 жылы сүннулердің солтүстікке және солтүстік-батысқа қарай жорығын жалғастырып, Қунюй, Түсүйше, Динлин, Гекүн және Сіңлі елдерін бағындырғандығын хабарлайды. Мәтінде берілген түсініктемеде әлгі айтылған бес елдің сүннулердің солтүстік жағында жатқаны айтылады, ол батысында Кем (Енисей) өзенінен Іле алқабына дейін созылып жатса керек. Б.з.б. 201 жылғы жорық кезінде ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырған, бірақ олар бұл аумақты толық қол астына қаратқан жоқ. Қалай дегенмен де, сол кезде осылай болғанын жазбаша деректемелер де, археологиялық материалдар да көрсете алмады.

Одан кейінгі онжылдықтарда ғұн тайпаларының күшеюіне қоса олар батыста да қызу қимыл көрсете бастайды. Б.з.б. 177 жылы Мөде көршілеріне қарсы өз бетімен қимыл жасады деген сылтаумен өзінің батыстағы түктерін (кінәздерін) юедилерге қарсы жорыққа аттандырады. Ғұндардың атты әскерлері Жаңие-Гәнжоу ауданы маңында юедилерді жеңіліске ұшыратып, сонымен бірге ғұндардың қалыптасып жатқан бірлестігінің шет аймағындағы бірнеше үлесті бағындырған. Келесі жылғы

жазда бұл жөнінде шаңюй былай деген: «Аспанның рақымымен жауынгерлер аман, ал аттар мықты шықты: олар юедилерді жойып, жуасытты; семсердің ұшына іліп немесе бағындырып, өз билігін нығайтты. Лоулан, Ұсын, Құтзе және оларға шектес 36 үлес (кінездік) сүннулерге қаратылды. Олардың бәрі сүннулердің әскеріне кіріп, бір әулетке айналды».

Бұл құжат өте маңызды, бірақ сын көзбен қарауды талап етеді. «Отыз алты мемлекет» деп қазіргі Шығыс Түркістан аумағына орналасқан кінездіктер, яғни жалпы алғанда батыстағы Каспий теңізінің жағалауына дейінгі бүкіл жер айтылған. «Тарихи жазбалардың» (Шитизи) авторы Сыма Тысан юедилердің «толық» талқандалғаны туралы хабарды құп алып, бұл орайда б.з.б. 177 жылы қытайларға юедилердің (юечжилердің) Сары өзеннің солтүстік ойпатынан батысырақта мекендеген бір бөлігінің ғана белгілі болғанын ескермеген. Қытай деректемелерінде юеди деп аталған көшпелі тайпалар Грек-Бактрияны талқандағаннан кейін олар туралы мәліметтер өзінен-өзі бүкіл Орта Азияға да тарала бастайды.

Сірә, б.з.б. 177 жылы сүнну-ғұндардың Тынық мұхиттан Каспий теңізінің жағалауына дейінгі барлық елдерді бір кінездің атты әскері күшімен бағындыруы шындыққа жанаспайды. Дегенмен де, шығыстағы юедилердің бағындырылғанына күмән жоқ, нақ сол сияқты Лаулаң, Ұсын және Құтзе бірлестіктерінің юедилерге тәуелді болғаны туралы хабар рас па? Бұл этникалық-саяси атаулардың жағырапиялық орны онша айқын емес. Қазіргі қартаға Лобнор ауданындағы Лаулаң (Крораина) кінездігі ғана аздықөпті сәйкес келеді. Қытай жазбаларындағы басқа деректерге теңестірілген Құтзе жерінің немесе тайпасының этнонимі жергілікті Айғыр атауынан шығуы мүмкін. Ол Ұсын және Тізәңкүң елдерінің арасында, яғни шамамен Оңтүстік Алтайда болған. Геродот аргиппейлер тайпасы осы маңайда орналасқан деп саналады. И.Х.Дворещскийдің пікірінше, аргиппейлер деген сөз ертедегі гректерше «арғымақ», «тұлпар» дегенді білдірді, демек нақ сол ұғымға жақын әлдебір жергілікті атаудың аудармасы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ертедегі қытай тілінің жоғарыда аталған транскрипцияларын түркілердің «арғымақ» немесе «айғыр» деген сөздерімен салыстыру дұрыс сияқты.^[1] Ғұндар бірлестігінен шыққан тегі әр түрлі тайпалар немесе этникалық-саяси құрылымдар кірген. Конфедерацияның қоғамдық өміріне бір орталыққа бағынғысы келмейтін қуатты күштер, кең-байтақ жердің әр түрлі аудандары арасында берік саяси және экономикалық байланыстардың болмауы зор ықпал жасады. Алғашқы кезде біршама бірлік ғұн қоғамындағы фратрияаралық ұйымның ерекше түрі болуы арқылы орнаған.

Сүнну-ғұн тарихынан әулеттік бірлестіктің үш, ал кейін төрт экзогамиялық билеуші рулардан (фратриялардан) тұрғаны мәлім. Деректемеде былай делінген: «Құйаң руы, Лаң руы, олардан кейін Сүйбу руы пайда болды; оларда ең атақты тармақтар да нақ осы үш әулет». Бұл орайда сол қанатты құрайтын Құйаң руы ең атақтысы болған, ал Лаң және

оған еншілес Сүйбу он қанат болған. Бір қызығы, шаңюйлік Луанти руы атақты ру деп аталмаған. Ал Құйаң мен Лаң шаңюймен құданда туыс болған. Біздің заманымызға жақындағанда құдандалы туыстық біраз өзгерген. Оңтүстік сүннулерде шаңюй руы Сүй-Лян-ти деп атала бастады, басқа ақсүйектер әулетінен Құйаң, Сүйбу, Тсүлиң және Лаң аталған. «Осы төрт әулет олардың елінде атақты рулар болған және әдетте шаңюймен құдандалы туыс еді». Онда бұдан әрі былай делінген: «Құйаң руы сол (яғни шығыс және үлкен) қанат, ал Лаң және Сүйбу рулары оң (яғни батыс және кіші) қанат болған». Тағы екі ғасырдан кейін олардың патшалық руы алмасқан және өз атауын өзгерткен. Тізіп келтірілген ең атақтысы енді Дүге (Тұғлақ) руы болып шығады, ол «ең батыр және ұлығы болған, сондықтан шаңюйлер солардан шыққан. Олардың атақты төрт руы Құйаң руы, Сүйбу руы, Лаң руы, Тсәо (Тсүлиң) руы болған, бірақ ең атақтысы - Құйаң руы, одан канцлерлер, сол және оң қанаттағы житшүлер шыққан». Уақыт өте келе шаңюй руының белгісіз рудан «ең ержүрек» болуы негізінде «ең ұлық» руға айналған эволюциясы ерекше көрінеді. Тегінде, мұнда белгілі бір кезеңде сол кезде-ақ болған ер адам жағынан мұраға қалатын қағидатты көрсеткен еркек (патриархаттық) тегінің іс жүзінде үстемдік етуімен дуалдық ұйым қалыптасқан болса керек.

Б.з.б. I ғасырдың орта шенінде-ақ сүнну қоғамы өзінің вассалдық иеліктерінен айырылумен бірге «байырғы» құрамында екі топқа — Қуқаниешаңюй бастаған оңтүстік және Чжичжи басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. Оңтүстік сүннулер Ордос аумағын мекендеп қалды да, солтүстік сүннулер өз тайпаластарының қысымымен Саян мен Байкөл өңіріне ығысып, солтүстік пен батысқа қарай қоныс аударған.

Б.з.б. 49 жылы Чжичжи көрші кінәздікке дипломатиялық сапарға кеткен Қуқаниенің аз уақыт болмауын пайдаланып, оның жерін басып алып, сол арқылы конфедерацияның бірлігін қайта орнатуға әрекет жасайды. Алайда оның күші оған жетпеді. Шежірешінің айтқаныны: «Чжичжидің өзі сүннуде күшпен нығая алмайтынын білді». Ол үйсін гүңмосы Үтізутудан көмек сұраған еді, бірақ соңғысы оның елшісінің басын алып, Чжичжиге шабуыл жасауға 8000 атты әскер жіберді. Чжичжидің атты әскері үйсіндердің жасағын талқандайды, ал одактассыз қалған Чжичжи оңтүстік гүндардың жерінен кетуге мәжбүр болады. Одан әрі деректемеде бұл және одан кейінгі оқиғалар былайша суреттеледі: «Чжичжи үйсін әскерінің көп екенін, өз елшісінің әлі оралмағанын көріп, өз әскерін орналастырды да, үйсіндерге лап қойып, оларды тас-талқан етті; солтүстікке бет бұрып, Үтізеге соққы беріп, бағындырады. Чжичжи өз әскерінің көмегімен батыстағы Тізәңкүнді қиратып, солтүстікте Данлинді бағындырады. Үш кінәздікті бағындырған соң ол бірнеше рет үйсінге әскер жіберіп, әдетте оны жеңіп жүрді».

Түркі қағанаты. Ерте Түркі мемлекеті - Түркі қағанаты 552 жылы құрылды. Оның негізін салған - Бумын қаған 553 жылы қайтыс болады.

Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырады, оның бастауымен түріктер жоғары жағында бір жердегі Бұкрат (Мула) тауларында аварларды екінші рет жеңеді. Қара-Есенің мұрагері деп шежіреші оның інісі Иркінді (Ицзинь) атайды, ол қағандық тағына Мұқан қаған деген атпен отырады, оның лақап аты Йанту болды. Мұқан қаған (553-572) билік құрған жылдары Түркі қағанаты Орта Азияда үстемдікке ие болады. Олар Маньчжуриядағы кидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырады, Солтүстік Қытайды алым-салық төлеп тұруға мәжбүр етеді. 563-567 жж. эфталит патшалығын басып алады. Міне, осыдан кейін олардың жері Каспий теңізінен Солтүстік Индияға дейін және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан.

Бұл жылдары түріктердің батыста жасаған соғыс жорықтары бұлардан да күшті бола түседі. Бұларды Бумынның басқа бір інісі Иштеми бастайды. 552 не 553 жылы батысқа жасалған жорықтардың бірінде Иштеми Бумынмен бірге болып, «Он ұлы жетекшіні (немесе қауым бастығын) басқарды, он түмен әскері болды; ху елін (соғдылықтарды) жуасытуға аттанды және «Он тайпалық» деп атап өзін қағанмын деп жариялады».

Түркілер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне дейін баратын Жібек жолына иелік етті. Олар өздерінің жаулап алу жорықтарын жүргізуде Иранға қарсы Византиямен одақтасты, 571 жылы түріктердің әскери қолбасшысы Иштеми Солтүстік Кавказды басып алады, сөйтіп Керчь түбегіне (Боспорға) шықты. Оның баласы Түріксанф Керькті басып алып, 576 жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Иштеми өлгеннен кейін 582-593 жылдары билік үшін қырқыс басталды. Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588 жылы Герат түбінде түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады. Өзара қырқыстар, әлеуметтік қарама-қайшылықтар қағанатты әлсіретіп, оның 603 жылы Шығыс және Батыс түркі қағанаттарына бөлінуіне әкелді. Шығыс Түркістаннан Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейінгі жер Қағанат қарауына көшеді.

Түркі мемлекетінің басында - қаған тұратын, оның оң қолы (көмекшісі) – «Яғбу» титулымен аталатын. 568 жылдан бастап Түркі қағанаты 4 аймаққа бөлінді. Қағанның ордасы - Алтайда болған. Халық 3 әлеуметтік топқа бөлінген - бектер, қара будундар (жалпы халық), таттар (құлдар). Түріктерге бағынатын тайпалардың барлығы - оғыз деп аталатын.

581 жылы Қытайда Чжоу династиясының орнына Суй династиясы келгеннен кейін, жаңа патша түріктермен барлық сауда қарым-қаныстарды үзді. Енді Қытай жібек маталары Орта Азияға келмейтін болғандықтан, түрік қағандарының Ұлы Жібек жолындағы рөлі азая бастады. Тобо хан қайтыс болғаннан кейін, түркі қағанатында өзара қырқыс басталады. Суй династиясының патшалары осы ішкі өзгерістерді сезіп, түркі қағанатын ыдыратуға, әлсіретуге тырысады. Осы саясаттың нәтижесінде, 602 - 603 жылдарға қарай, түркі қағанаты екіге бөлінеді.

Қыпшақ – қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропа мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі.

Қыпшақ атауы ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде алғаш кездеседі (қазақша «Қыпшақтану»). Мақмұт Қашқари еңбегі бойынша, 9 ғасырдағы Қыпшақтардың құрамына имақ, субар, қанлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрілі, т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақ Түркі қағандығы ыдырағаннан кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, 11 ғасырда бөлініп шыққан. Қыпшақ хандығы жедел арада күшейіп, Қыпшақ Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастады. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атады. 13 - 14 ғасырларда Қыпшақ сөзі жалпы «Түркі» ұғымын алмастырылып, Алтын Ордадағы саудагерлер үшін қыпшақ сөздігі – «Кодекс Куманикус» шығарылды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қыпшақ көптеген ұлыстарға бөлініп кетті. Бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірді. Н.А.Аристов қазақ халқының құралу кезінде көлденең, ұзын, танабұға, қарабалық, т.б. Қыпшақ рулары болған деп көрсетсе, В.В.Радловтың айтуынша ол кезде Қыпшақ тайпасы құрамында торайғыр, түйшіке, қытай-қыпшақ, бұлтың, қарабалық, көлденең, танабұға, ұзын, көкмұрын рулары болған. Қазақ шежірелерінде 92 баулы Қыпшақ деп аталады, бірақ ешқайсысында оның барлығы толық таратылмайды. Шежіре бойынша Қыпшақтардың өсіп-өнуі төмендегідей сипатталады: Қыпшақтардан ақтамсопы, одан құлан-қытай, одан сүлімалып, одан кебекалып, одан мүйізді сарыабыз. Мүйізді сарыабыздан қытай-қыпшақ, қарақыпшақ, сарықыпшақ, құланқыпшақ тарайды. Қазақ құрамына енген Қыпшақ шежіресі бойынша, қарақыпшақтың ірі-ірі бес атаға бөлінеді – ұзын, бұлтың, көлденең, қарабалық, торы.

Қарақыпшақтан басқа үшеуі туралы мәлімет жоқтың қасы. Әйтсе де Қыпшақтарды Орхон жазбаларында «сір» (мүмкін «сары»), 9-ғасырда қимақтар ығыстырған кезде шары (сары) деп атаған. Бірқатар ғалымдар (Аристов, Л.Н.Гумилев, Г.Е.Грум т.б.) Қыпшақтардың сырт пішіні әуелде еуропалықтарға ұқсас болды дегенді алдыға тартады. Қазақстанда жүргізілген антропологиялық зерттеулер орта ғасырларда Қыпшақ мекендеген жерлерде моңғолдық және еуропалық нәсілдер аралас қоныстанғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, шежірелерде келтірілген қытай-қыпшақ атауы да ежелгі замандарда Қытаймен көршілес отырған Қыпшақтардың атауы болуы да әбден мүмкін. Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр он бесінші ғасырда көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілқайыр ханның замандасы ретінде сипатталады. Қай өңірді жайласа да, Қыпшақ бір халықтың әр түрлі тобы есебінде көрінген, бірақ бір тілде сөйлеп, бір тектес болған. Қыпшақ қазақтан басқа да түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, әзірбайжан, түркімен, балқар, т.б.) ұлыт болып қалыптасу барысында елеулі орын алған. Қазақ халқының құрамына енген Қыпшақ, негізінен, Сыр

бойын, Арқа өңірін, Ақмола, Қостанай, Торғай аумақтарын өздерінің атак қонысы қылған. Қыпшақтардың ұраны – Ойбас, таңбасы – екі тік сызық (II, қос әліп)

Половцылар. 1055-жылдың өзінде-ақ половцылар командар Переяслав аймағына қарады: олардың князі Болуш Всеволодпен бітім жасасқан. Пешенектермен, бәлкім, қазіргі қырғыздармен (қазақтар – ред.) де тайпалас бұл көшпелі халық Каспий теңізіне жақын азиялық даланы мекендеді; ұздарды (біздің жылнамада түріктер деп аталған осылар сияқты) ығыстырып шығарды; олардың көпшілігін Дунайға қашуға мәжүбір етті (ол жақта олардың біразы асқазан жарасынан қырылып, біразы гректерге қарай кетті); пешенектерді де қазіргі Ресейдің оңтүстік-шығысынан қуып шыққан сияқты, сөйтіп, Қара теңіз жағалауынан Молдавияға дейінгі жерді иеленіп, барлық көрші мемлекеттер: грек империясы, Венгрия және тағы басқаларды үрейде ұстады. Олардың әдет-ғұрпы жөнінде жылнамашылар тыжырына жазды: тонау, қантөгіс олар үшін жай ермек сияқты, баспанасы шатыр, бие сүті, шикі ет, мал қаны, өлексе – олардың күнделікті тамағы болды. Мұндай варварлармен бітім жасау да қауіпті еді. 1061-жылы половцылар жазға дейін күтуге шыдамай, князь Секалдың басшылығымен Ресей жерін басып кіріп, Всеволодты жеңді де, мол олжамен Донға қайтып оралды (Москва. «Наука», 1998. 45-6).

Қазақтар – Орталық Еуразияны мекендейтін түркітілдес этнос-ұлыт. Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген көптеген этностар мен этно бірлестіктердің өзара араласуының нәтижесінде қалыптасты. Қазақтар ретінде Қазақ хандығының құрылуымен белгілі бола бастады. Тілдік құрамынан түркілік боп, солтүстік-батыс қыпшақ тобына жатады. Қазақ тілінде сөйлейді.

Қазақтар Қазақстанмен көршілес Монғолия (Баян-Өлгей аймағы), Қытай (Іле қазақ автономиясы), Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдерінің жеріне бірінғай қоныстанған. Қазақстандағы қазақтар саны 18 млн. адам (2018 жыл), әлемдедегі қазақтардың саны шамамен 17 млн. адамды құрайды.

Бала мен ұрпақ мәселесі көшпелі жұртышылықтың қашанда назарынан түсіп көрген емес. Ең ұлы адамдардың өздері де балам болса деп армандайды. Бала – келешек өмірдің тірегі. Мұрагері жоқ отбасының болашағы да жоқ. «Адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. «Балалы үй – базар, баласыз үй қу мазар» дейтін де мақал бар. Бүкіл тарихи ғұмырын ат үстінде өткізіп неше рет өліп, неше рет тірілген көшпенділер ұрпақ мәселесіне айырықша мән берген. Ақылды да көрікті әрі тәртіпті балаларды тәрбиелеу үшін ата-бабамыз қолдан келгеннің бәрін істеумен болды. Көшпенділердің сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, көк түрік, қыпшақ, арғын, алшын, найман және т.б. бірлестіктері мен ру-тайпалары өздерінің ауызша өлең-жырларында да ең алдымен ұрпақ мәселесін сөз

қылып отырған. Фольклорымыз бен ауыз әдебиетіміз педагогикалық ілімге толы. Қай шығарманы алсаңыз да, ананы ардақтау, балаға жан-жақты тәрбие беру мәселелері көркем әңгіме болатынын байқайсыз. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені адамдар арттағы ұрпаққа қалдыруға тырысқан. Тіпті ертегілердегі ақ қасқыр, самұрық құс, боз інген сияқты хайуанаттар бейнелерінен де ұрпағы үшін жанын пиде ететін ана образын көреміз. Біздің ежелгі замандарда өмір сүрген арғы бабаларымыз балаларына не тіледі екен? Қандай мақсаттар көздеді олар? Заманымыздың көрнекті ғұламасы Әлкей Марғұлан ертедегі ауыз әдебиеті түрлеріне арнаған саликалы еңбегінде былай деп жазған: «Қой бастаған ақ қошқар сенікі болсын. Тікірейген құлағының түбінде қара қалы бар, көзі мөлдіреп, үйірін бастаған ақ боз айғыр сенікі болсын, құлыншағым. Жалы желмен желбіреп, адамдардың үрейін ұшырап келе жатқан қара бура да, оның соңынан ерген түйе келесі де сенікі болсын. Азуы ақсиган қасқыр көрсе, қарағайдай мүйізін шаншып, тарпа бас салатын боз бұқа да, ол бастаған сиыр табыны да сенікі болсын». Аз сөзбен барлығын айтып беру мүмкін емес, бірақ көшпенділердің өз ұрпақтарына қалдыратын аманаттарын былай жіктеуге болар еді: 1. Нәрестенің бесігінен бастап оған қатысы бар заттардың барлығына құрметпен, ұқыптылықпен қарау. 2. Келешек ұрпақты өмірге әкеліп, тәрбиелейтін әйел затына сыйластықпен қарау. 3. Жастар мен жас сарбаздарды жылқыға, ат әбзелдері мен ер-тұрманын дайындай білуге үйрету. Ежелгі сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың Көкшетау, Бурабай, Қарғалы, Шелек, Есік төңірегінен табылған археологиялық мұралары бұл жұрттардың бала бесігіне, бесіктің безендірілуіне жете мән бергенін байқатады. Әдетте бесікті өте сапалы ағаштан жасап, оны алтын жалатқан бүркіт бейнелерімен, сом алтыннан құйылған бөрі мүсінімен әшекейлеген. Бұлар тұмар сияқты баланы сақтайды деп сенген. Осыдан-ақ, көшпенділердің өз балаларын бүркіт пен қасқыр сияқты сымбатты әрі күшті болғанын қалағанын байқаймыз. Бабаларымыз бала тәрбиесіне қатты ден қойған. Бұл кейбіреулер сияқты баланы босқа мәпеледі деген сөз емес. Тіршіліктерінің басты шарты кеңістік пен уақыт ішіндегі қозғалыс болған көшпенділер қауымында өмір өзеніне келген баланың көзқарасы да өзінше қалыптасқан. Әке-шешенің аялы алақанында тәрбиелене жүріп-ақ, бүркіт пен көкжал бөріні пір тұта білді, тезрек есейді. Сөйтіп, жастайынан-ақ ер қанаты аттың құлағында ойнап шыныққан сарбаз болып өсті. Ертедегі сақтардың, үйсіндердің, қаңлылар мен ғұндардың барлығы да ат үстінде жүріп, өмірлерін өткізген жауынгерлер. Бейбіт заманда өз ісімен айналысып жүрген малшы шапқыншылық жағдайында лезде қылыш-найзамен қаруланған жауынгер болып шыға келетін. «Қиын-қыстау шақта шайқасқа даяр тұру, жауға қарсы шығу я болмаса алыс жорыққа аттану олардың өмірдегі ісі болатын» деп, таңырқай жазды ертедегі тарихшылар. Жойқын соғыстан кейін ауылда кемпір-шал, бала-шаға ғана қалған уақытта 12-13 жасар жеткіншек балалардың қолдарына қару алып, ел қорғауға шыққан кездері жиі кездескен. Ұланғайыр өлкені мекен етіп жатқан көшпелі

қазақтар сан мәрте түрлі шапқыншылықтарды бастан өткізді. Соған қарамастан, халқымыздың кемеңгері Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858—1931, Павлодар облысы, Баянауыл ауылында туған) – ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Арғын тайпасы, Сүйіндік руы Күлік бөлімінен шыққан. Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Сонымен бірге, ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады десек артық болмайды. Қазақ жері күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие бола қойған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында лаулаған отқа күйіп, күш-пәрменін жиып, сусын орнына қызыл қанды жұтып, жауымен жағаласып, жатпен жарысып, күн демей, түн демей жорықта жүріп, атысып-жұлысып, қара қанға қанығып, шыбын жанын нысана басына байлап, не бір маңғаз, не бір алып сарбаздары жеңіс жолында оққа ұшып, сөйтіп жүріп алған жері еді ғой. Клешек ұрпақ жайлы қамқорлығы сол қалпында сақтала отырып, бізге жеткені намыстың нұры, рухтың рауаны.

**Өтейбайдақ Тілеуқабылұлы: «Шипагерлік баян» кітабынан
(Үрімжі, 1994. Алматы. «Жалын». 1996)**

Тектілігі

Жауһар ақсақал жарықтықтың жазбаша айтуынша Қазғақ дәурендеп өткен бір заманның болғаны айқын (404 б).

–ата Дешті	–ата ?	–ата ?
–ата Кешті	–ата ?	–ата ?
–ата Албан	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата Ғазез
–ата Арық	–ата ?	–ата Көрнек
–ата Гүрлен	–ата ?	–ата Жарма
–ата Іңкәр	–ата ?	–ата ?
–ата Қашқан	–ата ?	–ата ?
–ата Тескін	–ата Жарыл	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата ?
–ата ?	–ата ?	–ата Алтын

–ата Азнақ
–ата Бөкен
–ата Геліс
–ата Жарғақ
–ата Дана

–ата Анақ
–ата Бодан
–ата Даныс
–ата ?
–ата ?

–ата Ғал
–ата Сағынай
–ата Жоса
–ата Кәрлен
–ата Созғақ

Соңғы ұрпақ борышты жазып қалдырған жалғаспалы аталар шұбыртқысы:

–ата Қазак
–ата Алаш
–ата Ғауыл
–ата Жанс
–ата Арыс
–ата Қаныс
–ата Болыс
–ата Марлан
–ата Лармак
–ата Қамар
–ата Рақат
–ата Нағар
–ата Дағран
–ата Мерген
–ата Нағрау
–ата Шәпе
–ата Жаға
–ата Қорқыт
–ата Әніс
–ата Пақыр
–ата Алап
–ата Сана
–ата Қыпша
–ата Жанак
–ата Қанжа
–ата Жанық
–ата Қарық
–ата Морт
–ата Далақ
–ата Гармат
–ата Далаш
–ата Алқар
–ата Санақ
–ата Ғасса
–ата Жекір

–ата Талға
–ата Ношырау
–ата Қазуа
–ата Андас
–ата Көрке
–ата Сағына
–ата Ағынай
–ата Кеке
–ата Қызылқақ
–ата Түркеш
–ата Жегжау
–ата Қалқақ
–ата Жона
–ата Арғанат
–ата Байкал
–ата Зере
–ата Қақбар
–ата Қауыс
–ата Ажыра
–ата Көкнұр
–ата Жағал
–ата Тәңгір
–ата Зәура
–ата Айнақ
–ата Сонар
–ата Ырыс
–ата Шарыш
–ата Қалжат
–ата Арда
–ата Қараман
–ата Сағыр
–ата Ашқа
–ата ?
–ата Зарман
–ата Жете

–ата Тілеуқабыл
–ата Топай
–ата Кеніс
–ата Жаныс
–ата Бақтияр
–ата Үсен
–ата ?
–ата Майқы би
–ата Қараша
–ата Бәйдібек
–ата Абақ
–ата Райыбет
–ата ?
–ата ?
–ата Жарғышак
–ата Албан
–ата ?
–ата Шыбыл
–ата ?
–ата ?
–ата Молболды
–ата Қоңырбөрік
–ата Өтеген
–ата Қалқаман
–ата Тама
–ата Бұқар
–ата Қангелді
–ата Бұршақ би
–ата Тұтқыш
–ата Жолдас
–ата Ыстанбай
–ата Түменбай
–ата Нұрай
(422 б).

Қазақ батырлары

Еділ қаған немесе **Аттила** (лат. Attila, гр. Αττίλας) батыс ғұн тайпалар одағының аңызға айналған көсемі. Империяға өз билігін жүргізген, адамзат тарихында өзіндік орны бар, ерекше тарихи тұлға. Сол кезеннің оқиғалары туралы тарихи шығармаларда, жылнамаларда және эпикалық туындыларда Еділ туралы мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар, германдықтардың батырлар жырының 18-ші шығармасында ғұндар мен оның патшасының ұлы істері көрініс тапқан.

Еділдің тұсында империя өзінің шарықтау биігіне көтеріледі. Шығыста Кавказға, батыста Рейнге, терістікте даниялық аралдарға, күнгейінде Дунай өзенінне дейінгі жерлерді ғұндар бағындырды. Қайтыс болған күніне дейін Еділ жалғыз өзі ғана Ғұндар мемлекетін басқарды.

Тарихшылардың сипаттауына қарағанда, Еділ қаған көптеген қиындықтарға тап болады. Оның басты себебі жазба нұсқасында біздің заманымызға дейін жеткен деректер көбіне грек немесе латын тілінде жазылған. Көсем туралы ең көп мәлімет берген римдік тарихшы әрі дипломат Приск Паний. Приск 449 жылы II Феодосидің қасына еріп жүріп, тарихи кездесулерге қатысып, сол кездегі болып жатқан оқиғалардың куәгері болған. 8 томдық шығармасында Приск Еділ қағанның болмыс-бітімін бейнелеген.

Присктің көптомды шығармасынан басқа бізге дейін жазба түрінде Прокопий және Иордан атты алтыншы ғасырдың тарихшыларының мәліметі жеткен. Оларда көбіне Присктің еңбегіне сүйене отырып мәлімет қалдырған. Византиялық тарихшы Марцелин Комит және канцлер Юстианин аздап, фрагмент ретінде өз жұмыстарында ғұндардың көсемі туралы деректер жазып қалдырған. Тағы бір дереккөздері VI - XII ғасырлардағы шіркеулік шығармаларда шұрасады. Ғұндар өз көсемін

каһарман ретінде ауызба-ауыз аңыз-дастандарында жырлаған. Олардың үзінділері бізге дейін скандинавтардың және немістердің сагалары арқылы кеп жеткен. XII ғасырда мажар жазушылары ғұндарды өз бабалары деп көптеген шығармаларында құрметтеп, ұлттың батыры ретінде өздерінің пір тұтқан.

*Жусан-жазиралы жер бар,
Тұлпарлары керіле шабатын.
Дүние жүзіне белгілі ел бар,
Мәселенің шешімін табатын.*

*Сақ пен ғұнның қорымында,
Гот пен Рун өрнегі хатталған.
Талай ұрпақтың ұғымында,
Ата-бабаның сөзі жатталған.*

Күлтегін (684-731 жж.) - Құтылық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге Білге қағанның (Могилян) туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Ашина текті. Күлтегіннің жеті жасында әкесі Құтлық (680-692 жж. билік құрған) қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған (692-716 жж.) отырады. Күлтегін мен Білге, Қапағанның інісі Бөгүні (716 ж.) тақтан тайдырып, қағандық билікті Білге қолына (716-734 ж.) алады.¹¹

Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «Көк түріктің көк семсері» атанған атақты батыры. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы катып, бұғанасы бекімей жатып, қару-жарағын асынып, түрік еліне тұс-тұстан төнген басқыншы жауға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерліктің үлгілерін көрсетеді. Бұл ретте түріктің атақты Білге қағаны Күлтегін батырдың басына қойылған құлып тасқа ойып жаздырған ғұмырнамасында: «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды» деп жазды. Тарихи деректерді салыстыра зерделесек, бұдан Күлтегіннің он жасында ер атанып, алғаш көзге түскен соғысының табғаш елінің әйел патшасы У хыуд Қапағанның басына ақша тігіп, кімде-кім оны өлтірсе, соған «Жан чо» («Чоны өлтіруші», яғни Мочо Қапағанды өлтіруші) деген атпен бірінші дәрежелі кінәз атағын беремін деген уәдесін арнайы жарлықпен бекітіп, түрік еліне жазалау жорыққа қалың қол аттандырғаннан кейінгі, 694 жылғы Жау жыу және Дин жыу аймақтарында болған соғыс екені анық көрінеді. Қапаған осы соғыста 90 мың тұтқынды қолға түсірген. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін, дулығасы жарқырап, жауын жапырып қан майданның ортасында жүргенін тамсана баяндайды. Бұл арада сол деректерді тізіп жатпай ақ, батырдың өзіне арнап орнатылған ескерткіштегі мына жазулардан да біраз

жайды аңғаруға болады. Тас жазудың авторы Йолығ тегін Күлтегін ерлігін былайша тізбелейді:

«Он алты жасына келгенде... алты чуб, соғыдыларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Ол қарулы басшыларды қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандады. Жиырма бір жасында Чача Сенүнмен айқастық. Күлтегін әуелі Тадықан шораның Боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбыр Жамтардың боз атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарымады. Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде қырғыздарға қарсы аттандық. Күлтегін Байырқының Ақбоз айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын окка ұшырды, екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақбоз айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін Азбан ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты.... Оғыздармен соғыстық Күлтегін Жетімек (Өгсіз) атқа мініп шауып, тоғыз ерін шанышты... Түргеш халқы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. Қара түргеш халқы сол жерде өлім тауыпты...

Осылай жалғаса береді. Қарап отырсаңыз, Күлтегін батыр 47 жасқа жетіп, қаза тапқанша соғыссыз өткен жылы болмапты. Соның бәрінде ол жау қолына жасындай тиіп, түрік қолын жеңіске жеткізіп отырыпты.

Әкесі Құтылығ (Елтеріс) қаған Екінші Шығыс Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерсе, артында қалған екі баласы: үлкені Білге қағаны ел бастап, кішісі Күлтегінді қол бастап, сол қағанаттың айбынын асырып, мерейін тасытыпты. Ағайынды екі ұлан ақыл қосып бірге қимылдап, елінің бірі алтын тұтқасына, бірі айбарлы асыл тірегіне айналыпты. Ажал алтын тұтқасына, бірі айбарлы асыл тірегіне айналыпты. Ажал жетіп, сол асыл тірек құлағанда Ұлы Дала күніреніп, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, Күлтегін рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатыпты.»

Сол ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде тәуелсіз еліміздің астанасында, Еуразия ұлттық университеті бас ғимаратының төрінде тұр. Батыр бабаның бақытты ұрпағы күн сайын ескерткіш қасына келіп, ұлы Ерлікке тағзым етеді, ата рухына адалдықтарын білдіреді.

ХІХ ИНТЕРНЕТ ИГІЛІГІ ИІРІМДЕРІНЕН

Шыңғысхан

Шыңғыс хан (Монғ.Чингис хаан), шынайы аты – Темүжін (Монғ.Тэмүжин) — Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есугей баһадүрдің отбасында туған.

Монғол империясының шаңырағын алғаш көтерген Шыңғысхан 1155 жылы (кейбір деректерде 1162 жыл) Монғолияның Кендітау аймағындағы

Онон өзенінің жағасында, Болдоң деген жерде Есугей батырдың отбасында туған. Темүжін 9 жасқа толған кезінде әкесі татарлар қолынан қаза табады. Өзінің әскери таланты арқасында және дұшпандарының әлсіздігі мен бытыраңқылығын пайдаланып, 1183 – 1204 жж. өкімет билігі үшін күресте негізгі жауларын — Меркіт тайпасының көсемі Тохтадан бастап, Найман тайпасының басшысы Таян ханға дейін – талқандады да, кең-байтақ территорияны басып алды, сөйтіп онда мекендейтін көптеген ру-тайпалық одақтардың бірден-бір билеушісі болды.

Осы жеңістері және тайпа көсемдерін өз манына топтастыруға бағытталған бірсыпыра әлеуметтік шараларды жүзеге асыруы нәтижесінде Темүджін дала ақсүйектері құрылтайының шешімімен барыс жылы (1206) барлық тайпалардың ұлы ханы болып жарияланды да, «Шыңғыс хан» (түркі тілдеріндегі «теңіз» деген сөзден шыққан деп есептеледі) лауазымын алды. Шыңғысхан Есугейден кейінгі хан сайланады.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Осы кездегі өркені өскен сан-салалы өнер мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысты. Орта ғасырда адмзат ілім-білімінің молайп, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаларының бірі – қазақ топырағынан шыққан данышпан перзент, Әбунасыр Фараби (870 – 950) болды.

«Фараби бабамыздың ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі, ауыру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің тікелей әсерімен қалыптасады, өзереді, ол уақыттың өтуімен дамиды. Фарабидің пікірінше тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін түзеп үйретуден, баулудан жалықпау керек. «Жаман қылық – ол жан ауыруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауыруын емдеуші дәргерге ұқсауымыз керек» - дейді ғұлама. Фарабидің «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, дос пейілділік т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндалады. Ол деп сөз қозғайды: «Енді біз жақсы адамгершілік сапалар туралы, сондай-ақ олардың негізінде туатын және ақлақ (мораль) саласында ең абзалы болып табылатын нәрсеге қарай ойымызды сілтейтін мінез-құлық нормалары (қалыптары) туралы әңгімелегеніміз жөн.» (153 б.)

Әбу Насыр Әл-Фараби (араб: أبو نصر محمد الفارابي) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки (870 - 950 ж. ш.) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, ливист, соғия мен музыканы зерттеушісі. Абайдың Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде нақтылы мәліметтер жоқ. Дегенмен Сағдидық: «... философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болуымен бірге осы ғәқпиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді» (Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық

музейі. Инв. №172, 17-6.), - деп айтылған пікірі Абайдың Фараби еңбектерімен таныс болғандығын анықтай түседі. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім...» - деп ескертуінде мәні терең сыр жатыр. Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «Өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасының 10 000 теңгесіндегі купюра (2003). Әл-Фараби осындай 1 теңге (1993), 1000 теңге (2000) және 5000 теңге (1998) сияқты Қазақстандық ақша белгілерінде түсірілген.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында, арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жанның жибилі қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды» - деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен жетінші, он жетінші, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші қарасөздерінде сол түпнұсқадағы қапында немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның он төртінші, он жетінші қарасөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...», «Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдерінде арнайы сөз болып, талкыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының бастау алар көзі Фараби еңбектерінде жатыр.

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне сезім (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға бойлай қарау мешаиын (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен

Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Фараби «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» (әл - Фараби. Философиялық трактаттар. -А. 1973, 289-6.), - деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Ақын Фараби ұйғарысындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл-ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хауас», «үш құю» (имани гүл), «жә уан мәрелік», «әділет», «шапағат» жайлы ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар Фарабидің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымының негізі. Осы Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсаниаттың кәмаләттығы», «бенделіктің кәмаләттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т. б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Фараби еңбектеріндегі ой желісінен туындайды. Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» (космогония) жайлы еңбегінде жалпы хакаса, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері - хауаси хамса жайлы философиялық ұғымдары Абайдың жиырма жетінші, отыз сегізінші қарасөзі мен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде сол түпнұсқадағы қалпында берілген. Ақынның «Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты» деген тұжырымы дүниенің жаралуы жайлы Фарабидің тәңірі әуелі жансыз дүниені, есімдіктерді, жан-жануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан дейтін сатылы танымынан туындайды. Бұл таным Фараби көзқарасының әлсіз жері болса, Абай танымының да осал жағы болып табылады. Ойшыл ақын өз шығармаларында Фараби дәстүрімен хауаси хамса заһириге ерекше мән береді. Ақыл, сана дегеніміз бізді қоршаған өмір шындығының сыртқы бес сезім арқылы, яғни, танымның жибили қуаты мен адамның санасында сәулеленуінен пайда болатын рухани құбылыс деп таниды. Абайдың ақыл мен сананың пайда болуы туралы дүниетанымының негізі Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» (әл-Фараби. Философиялық трактаттар, 295-6.) деген ой желісімен өзектес келеді. Фараби жан қуатын қозғалттыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам

бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Фарабидің бұл танымы Абайдың шығармашылығында сол тұрғыдан психологиялық ұғымдардың баламасы ретінде сөз етіледі. Ақынның қарасөздерінде адамның сыртқы бес мүшесі мен ішкі сезім мүшелері бірлікте алынып, хауас ретінде түсіндіріледі. Абайдың хауас ұғымы көбінесе, бейнелеу қағидасымен (ахси жиһан) ұштасатындықтан, қырық үшінші сөзінде адам бойындағы жан қуаты жөніндегі Фараби танымдарымен іштей сабақтасып жатады. Ақынның «адамды танымақтық» деп өз алдына сараланатын ұғымдары Фарабидің жан туралы ойларымен өзектес келеді. Фарабидің адамның дүниені танып білу қуатына (әл-қуат алмутехайла) ерекше мән бере караған, негізгі ой желілері Абайда арнайы сөз болатын хауас, хауаси хамса заһири, хауас сәлем ұғымдарынан көрініс тапқан.

Фараби заманында мұсылман қауымының ой санасында бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін мүтекәллиміндік негізде түсіндіретін жаңа бағыт қалыптасты. Мүтекәллиміндердің танымындағы түбірлі қателігін аяусыз сынаған Фарабидің сыншыл ойын Абай панисламизм идеясы қанат жайған тұста одан әрі дамыта түсті. Ақынның Фараби сынаған мүтекәллимінді: «Ақыл мен хауас барлығын, Білмей дүр жүрек, сезе дүр, Мүтекәллимін, мантикин, Бекер босқа езе дүр...» - деп, түбегейлі әшкерелеп терістеуінде терең таным сыры жатыр. Абай арнайы көтеріп отырған хауас жайындағы ұғымы ақын шығармаларында «хауаси хамса заһири», «хауас сәлем», «хауас» деген үш түрлі мағынаны растады. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде мүтекәллиміндер мен логиктердің хауасты түсіндірудегі пайымдауларын әшкерелей терістеуі ақынның әлеумет ортасындағы батып сыншылдық бағытты танытты. Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударар нәрсе ақынның Фараби түзген ғылымды классификациялау принципі мен таныс болуы. Ақынның Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жөнінде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен, қырық бірінші сөзінде. «... дүниеде есепсіз ғылымның жолдары, бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...», - деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді. Ақынның отыз сегізінші сөзінде ғылым салаларын біршама жүйелеу принципі ұшырасады. Ғалым, хакімдер туралы пікір қозғағанда: «... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ бірлән батылдықты айырмақты үйреткендігі...» - деп, қоғамдық ғылымдарды өз алдына дербес топтастырады. Абай отыз сегізінші сөзіндегі «адамның білімі», «алланың ғылымы», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «заһири ғылым», «дүниені танымақтық» тәрізді ғылым салаларын Фарабидің филосософиялық тұжырымдарында қолданылатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түрдегі атаумен қарастырады.

Бабамнан сұрап ақ бата,

*Алысқа ұшып кеткім келеді!
Жалықтым жата-жата,
Ғаламға үңілсем нем кетеді?*

*Шетсіз аспанды әнге бөлеп,
Ақ бауыр бұлттар қалқиды.
Шексіз әуен бар бітпейтін,
Көңілім көтеріліп шалқиды.*

*Қайран қазағым,
Мың өліп, мың бір тірілген!
Таңданамын мен,
Домбыраға күй шертілген!*

*Жаңбырмен жер көгереді,
Баба батасымен ел көгереді.
Ұрпақ бабаға сөзін береді,
Жақсы болғанын көзі көреді.
Атадан қалған аманат,
Жауапкершілікті арттырады.
Ұлыдан жеткен ұлагат,
Ілім-ғылым нәрін таттырады.*

*Ата-бабадан –
Суат-жазиралы жер аманат!
Ата-бабадан –
Мақсат-мұратты ел аманат!*

*Ұлының ұлагаты –
Қазақты қанаттандырады!
Ұлының ұлагаты –
Отанды шабыттандырады!*

*Ұлы дала деп мақтанып –
Алтын реңді біліммен ақталамыз!
Ақ арманмен құпталып –
Мәңгілік халық болып, сақталамыз!*

Ұстаздық. «Ұстаз болу – ұлагаттың белгісі» дейтін қазақ халқы бала тәрбиелеп, бала оқытып, өнер-ғылым беруді аса игілікті іс санап, ұстаздарды әлемге өнер-ғылым дәнін себуші, адамдардың көкірек көзін ашып ой-санасын нұрландырушы деп, оларды ерекше құрметтеп, төрлерінен орын, төбелерінен жол берген.

Ертеде өнер-ғылымды, оқыған, тоқыған, зерделі, ақыл-парасатты кісілер: «Ұсазсыз шәкірт тұл» деп карап, өз өнер-білімін үйретіп, арттарына өз жолдарын жалғастыратын шәкірт тәрбиелеп кетуді азаматтық парыздары санап, көзі ашық, көкірегі ояу адамдарға өз өнерін үйреткен және білім мен ғылым үйретіп, адамзат мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үдіксіз жалғастырып отырған. Қазақ ұғымында: білуге, мейлі, қандай өнер үйретсін, оқымысты, білімді, өнерлі адамдарды «Ұстаз» деп атаған. «Ұстаз» деген сөзді ардақ тұтқан қазақ халқы ұлағатты ұрпақтарына мол өнер-білім үйреніп, ақыл-ойын молайтып, білік-білімін көбейтіп, халыққа білім нәрін шашуға талаптандырып, тұтас халықтың көкей көзін ашып, өнер-білім-ғылым үйретуге қалыптастыруға жетелеген. «Ұстазды жақсының ұстанымы жақсы» деп өнегелі, өнерлі ұстаздан тәлім-тәрбие, ғибадат-ғибадат алған шәкірттер өмірге ой көзімен қарайтын, ғылым мен білімді қастерлейтін, тамаша азамат болып жетіледі. Өзі білген өнер-білім-ғылымын елге үйретпеген адамды «ішмерез» деп қатты жек көрген.

Шәкірт. «Ұстаздың панасын көрмеген шәкірт – өнер-білім-ғылымның қарасын көрмейді» деп, ертеде қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу ұл-қыздары жаппай оқып, өнер-білім-ғылым игеруден тыс, жалпақ жұртқа аты шыққан өнерлі, білімді адамдарды іздеп барып, оларды ұстаз тұтып, сондайын үлгі-тағылымды адамдардан тәлім-тәрбие алатын дағыды болған. Сондай-ақ, қандай адамнан тәлім-тәрбие алып, өнер-білім үйренсе де, сол өнер-білім үйреніп, тәлім-тәрбие алған кісілерінің алдында өздерін «Шәкірт» деп атап, үлгі-өнегелі адамдардан тәлім-тәрбие алып, шәкірт болғандарын мақтаныш етіп жүрген.

Шәкірт болу ұрпақтарға кішілік пен кісілікті үйретеді. Жастардың өнер-білім-ғылым үйрену ынтасын жоғарлатады. Ғылым мен білімді, сондай-ақ өр өнерді қастерлеу сезімін оятып, өнерлі, білімді, ғылымды адамдарға деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

Ұстаз-шәкірт. Жоғарыда айтылғандай, «Ұстазсыз шәкірт – тұл», «Ұстаз көрмегеннен ұлағат шықпайды», «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ» деп білген қазақ халқы жастайынан ұстаз қолында оқып, өнер-білім-ғылым үйренуді өздерінің перзенттік парызы санаса; өнер-білім-ғылымды, көзі ашық, көкірегі ояу адамдар да «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деп өзі білген өнер-білім-ғылымды талапты жастарға үйретіп, адамгершілігі асқақ, білімі терең азамат етіп жетілдіруді «Ұстаздық парызым» деп білім, ұрпақ тәрбелеу жолында көз майларын таусып, жүрек қандарын сарқуды даңқ деп білген. Сондықтан да қазақ дәстүрінде ұстаздық міндет арқалаған ардақты адамның мойнына шәкірттер алдында қалтықсыз білім беріп, тамаша үлгі-өнеге көрсетіп, өнер-білім-ғылым арқылы адамзат санасын нұрландыру парызы түссе; ал ұстаз алдына барған барша перзенттің мойнына да өте жақсы оқып, білім алу, өнер-білім-ғылым игеріп, адамзат баласына бақыт жарату парызы түседі.

Ұстаз адам өз бойларын пенделік қылықтан аулақ ұстап, мораль, адамгершілік жағынан шәкірттеріне, сондай-ақ, басқа да ел-жұртқа үлгі-өнеге болуы, үйрету, білім беру парыздарын әділдікпен атқаруы шарт. Қазақ ұғымында: халыққа өнер-білім-ғылым үйретіп, көкірек көзін ашудан сауапты іс дүниеде жоқ деп саналады. Шәкірттер санасына адамгершілікке жат, жаман қылықтар сіңірген ұстаз – барша адам баласы алдында ұстаздық парызын әділдікпен атқармаған, өте нашар адам есептеледі. Сол секілді, жақсы оқып, өнер-білім-ғылым үйренбеген, жақсы үлгі-тағылым алмаған, ұстаздарын құрметтемеген және оларға тіл, қол тигізген шәкірт те өз борышын әділдікпен атқармаған пасық адам есептеледі.

Осынау қазақ халқының салт-дәстүрі адамдардың өнер-білім-ғылым үйренуге және үйретуге деген борыштылық күй-сезімін ұлғайтып, ұстаздық-шәкірттік жауапкершілігін ұғындарады. Адамдарды өнер-білім-ғылым үйреніп, ғылым-білім-өнерді құрметтеуге баулиды.

Бүкіл әлемді өнер-білім-ғылымымен таңқалдырған бірінші ұстаз – Аристотель, ал екінші ұстаз – Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз. Әл-Фараби біз үшін, қазақтар үшін баға жетпес мақтаныш!

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845 – 1904) – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби-көкем тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға жақындата отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген үкен реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен.

*Жүрек қылын шертетін,
Патша көңілді қазағым!
Қоңыр тасты ерітетін,
Қарға тамырлы қазағым!*

*Абай – сәулелі гұмыр,
Қайран қазағым-ай деп қиналған!
Абай – мәуелі тұғыр,
Асқарлы қасиеттерді жиналған!*

*Тәрбиеге Абай ғаламы қосылса,
Қазақ елінің салт-дәстүрінің жеңісі!
Абайдың университеті ашылса,
Кемелденгені білім-ғылымның теңізі!*

*Дана көрегендігіне сеніп,
Келер күндерге біз кетеміз!
Ғаламтор жүйесіне еніп,
Асқақ армандарға жетеміз!*

Мұхтар Әуезов айтқандай: «Құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны» - данышпан ақын хақында, оның ақындық айналасының, туған-туыстары мен замандастарының зор ризашылдыққа, терең сағыныш пен сүйіспеншілікке толы жүрекжарды сырлары болып табылады. Оларды зерделей келгенде, көз алдымызда «Қайран елі қазағының» нағандық құрсауындағы тағыдырына қабырғасы қайысқан ұлы ақын әрі елжанды күрескер бейнесі тұрады. Сонда туған халқан тұмшалаған қараңғылық қапасына қайткенде де сәуле түсіріп, болашағына қалың тұманда жылтырап көрінген жарық секілді жол сілтеген өлеңдері сана-зердемізде қайта жаңғырыққандай күй кешер едік:

*«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол –
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз. ...»*

(1886 ж)

Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абай 10 тамыз, 1845 жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны, Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған.

Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай, деген 4 ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскебай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, “Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар” деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады.

Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күнкеден – Кұдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұпак жоқ. Абайдің «Атадан алтау, анадан төртеу едім» дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Ахмет оқиды. Медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, киссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Фзули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады.

Абайдың басқа балалардан алымдылығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Абай әке қасында болған жылдарда атқамінер би-болыстардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласындағы ыдырай бастаған феодрулық қатынастардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриапхалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсінді.

Патша үкіметінің отаршылық саясаты мен парақор орыс әкімдерінің жергілікті би-болыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күресуге бел буды, «Елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деген тұжырымға келді. Осы мақсатпен болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1876-1878 жж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары Абай өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразасын тең ұстауға күш салды. Әлсізге зорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатты жазаға тартып, халықтың қамқоршысына айналды. Оның ел басқарудағы бұл бағыты

халықты қалауынша езіп-жаншып жүрген шонжарлар тарапынан қатты қарсылыққа ұшырады, үстінен оязға жалған арыз айтушылар көбейді. Соның бірі Үзікбай Бөрібаевтің «Таймақкөл деген жерімді тартып алды» деген жалған арызы бойынша көтерілген іс 10 жыл сүргінге созылып, ақыры Е.П.Михаэлистің көмегімен аяқсыз қалды. П.В.Маковецкий бұл істі 1884 жылдың 27 тамызда жалған жала деп тауып, қысқартып тастады. Ақын үстінен жазылған «Абай барымта алды, ауыл шайып әйел қорлады» деген бір топ шонжар дұшпандарының арызы да нәтижесіз қалды.

Ақын саяси қызметі үшін 1870 жылдары Санкт-Петербургтен Семейге айдалып келген Михаэлиспен, 80-жылдарда орыс демократтары Н.И.Долгополов, А.А.Леонтьевпен танысады. Бұл озық ойлы азаматтардың Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасына игі ықпалы тигізгені сөзсіз. Бірақ Абай Құнанбаев орыс мәдениетімен, әдебиетіменен, демократтық көзқарастарымен осы кісілер арқылы ғана танысты деу ағат айтқандық болар еді. Бұл тұста М.О.Әуезовтың «Ал, кейін орыс тілін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларын оқып, кең, терең тарбие алды. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік» деген тұжырымын келтірсек те жеткілікті. Абай осылайша Европаның Гете, Байрон сияқты ақындарын, Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин сынды ғұламаларының туындыларын оқыды. Сөйтіп Әуезовтың сөзімен айтқанда «1884 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, ол дүниеден көп мағлұматы бар кісі болды.» Абай осы тұста, 1886 жылы досы Михаэлистің ұсынысымен, Семей облысы Статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланды.

1875 жылы Қоңыркөкше елінде өткен сайлауда жеңіп шығып, 1878 жылға дейін болыс болады. Қазақ халқының дәстүрлі ел билеу жосындарын, әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін Абай ел ішіндегі әр алуан әкімшілік-құқықтық реформаларға белсене араласады. Егде тартқан шағында әкімқара биліктен, атқамінерліктен іргесін аулақ салып, шығармашылықпен ғана шұғылданады. Абайдың көптеген шығармаларында Адам, Болмыс және Ралам тақырыбы, сондай-ақ, абсолюттік ақиқат сыры тұрақты орын алады.^[5]

1885 жылдың мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің генерал-губернаторы Цеклинцкийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзірледі. Бұл қазақ қауымында ежелден қалыптасқан керітартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат-тын. Оның

әсіресе ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ Абайдың атақ-даңқын осынша көкке көтерген Қармола съезінен кейін оның дұшпандары тіпті еліріп кетті. 1890 ж. Байғұлақ, Құнту деген жуандардан бастаған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде Абайға қарсы дұшпандық әрекет ұйымдастыруға сөз байласады.

1891 жылдан бастап Абайдың басына ауыртпалық түсіп, бір-біріне ұласқан қайғы бұлты ашылмай қояды. Осы жылы ақынның сүйікті інісі Оспан жарық дүниеден өтеді. Одан кейін орысша әскери білімді, зор үміт күткен баласы Әбдрахманнан айырылады. Бұлардың қазасының ақын жанына қандай батқаны оның осы тақырыпқа арнаған топтама өлеңдері айғақты. Сөйтіп жүргенде соңғы тіренішіндей болған дарынды ақын баласы Мағауия да қайтыс болды. Осындай қабаттасқан қайғы-қасіреттен күрт сынған Абай Мағауияның қазасынан кейін, қырық күннен соң, өзі де дүние салады. Ақынның сүйегі Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай мекенінде, інісі Оспанның жанына жерленеді. Бұл күнде ол арада қазақтың ұлы екі перзенті — Абай мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісіндей болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр.

1891 ж. Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға, Абай өміріне қастандыққа әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиренішті сырын, өзінің ақ екендігін «Сенатқа хатында» барынша айғақты деректермен дәлелдеп береді. Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаса, өз өлеңдерін шығаруды шамамен 1880-1997 жылдар аралығында көбірек қолға алған. Өлеңдерін әркімдердің атымен таратып, Көкбай атынан бастырған ақын жазған өлеңдерін «Жинауды» шәкірттеріне 1896 жылы ескерткен. Ал қара сөзбен жазылған ғақлия-өсиеттерін 1890-1998 жылдар аралығында қолға алған. Абай 3 әйел алған. Байбішесі Ділдадан: Ақылбай, Әбдірахман, Құлбадан: Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен: Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәіл, Кенже деген 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858—1931) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келген — ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Арғын тайпасындағы Сүйіндіктен, руы Күлік бөлімінен.

Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоса өзге де көп тілдерді меңгерген ғұлама.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Сонымен бірге, ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады. Қазақтың жері, “Күн батысы – Сырдария,

күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кешегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында су кешіп, сусын орнына қызыл қан жұтып, жаумен алысып, күні-түні жұлысып, қара қанға бөгіп, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздарын жау жолында оққа ұшырап, сөйтіп алған жері еді...”

10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысады.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2-3 жыл уақытты қамтыса керек. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады.

Келесі жылы Бұхарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Йасауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді.

Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған.

Ол ел арасынан: «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырында, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» т.т. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» тәрізді басқа шығармаларды да

жинаған. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын Мәшһүр Жүсіп 1866 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз. Ал «Алтынбас-Күмісаяқ» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін жинаған В.Радлов екендігін Мәшһүр Жүсіп көрсетіп кеткендігі де белгілі. Бұл үлгілерді Мәшһүр Жүсіп В.Радлов жинағынан ала отырып, олардың бәрін қолжазбаның әр жеріне шашыратпай, бір жеріне ғана топтастыра орналастырған. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде «Сайын батыр» жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген де дерек бар.

Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған – «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке-дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру керектігі аян.

Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тын үлгілерін де жинаған. Мәселен, «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман - Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы - Сақау ақын айтысы», «Қуандық - Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей -Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айдаболдың Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман - Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берілген.

Сондай-ақ қолжазба ішінде ақын айтыстың: «Қыпшақ Өске Тәтті қыз», «Қолға түскен Алтай жігіт – Найман Опан қыз» айтысы 46 жолдан, «Шортанбай қожа мен Арыстанбай ақын» айтысы 100 жолдан, «Шал мен қыз», «Шөже мен Қалдыбай», «Жанақ пен Түбек», «Ұлбике мен Күдері» айтысы – 106 ауыз өлең, «Жанкел мен Ұлбике» айтысы – 100 ауыз өлең, «Заман қожа мен Осы қыз» айтысы – 50 ауыз өлең, «Тоғжан мен Сақау» айтысы – 78 ауыз өлең т.б. деген түрлерін қанша жолдан тұратынын дерегімен де бірге берген.

Ақын қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлеңдері мен қиссалары, дастандары т.б. бар: Бұхар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын - Қамбар Жанақ, Найман Сабырбай, Найман Түбек, Найман -Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік - Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағазға түсірген.

Бұл жинаушылық барысында белгілі фольклорист-ғалымдар: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин, т.б. тәрізділер сияқты Мәшһүр Жүсіп те өзіндік жинау әдісіне сүйенгені белгілі. Олар: тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпынан көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинау, т.б.

Сондай-ақ айтушы не айтты – бәрін түгел қалдырмай жазу шарты, еш сөзін қысқартуға, алып тастауға немесе өз жанынан басқа бір нәрсені қосуға мүлде болмайтындығы, диалектілік ерекшеліктер болса оны да тастамай көрсетіп отыру керектігі жөніндегі т.б. талаптар барлық фольклорист ғалымдар үшін ортақ. Сол тәрізді шығарманы кім, қашан, қайдан, кімнен естіп жаттап алды деген сауалдарға жауап жазу керектігі тәрізді талаптарды Мәшһүр Жүсіптің орындап отырғандығы бізге мәлім.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда аражігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға тырысу тек Мәшһүр Жүсіп ерекшелігі емес, сол тұстағы көптеген ғалым-фольклоршылардың шарты.

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мәселен, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ», «газет» деген мағынаны береді.

Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Сарыарқа тарихы», «Шоң, Торайғыр билер», «Абылай аспаған сары бел», «Қоқан хандары тарихы», «Кіші жүз ұрандары мен рулары», «Шанышқылы Бердіқожа батыр тарихы», «Едіге мен Төле би», «Көлеби батыр», «Олжабай батыр тарихы», «Абылай хан», «Махамбет деген батыр шығыпты деп барып

тапқан 92 батыр» турасында, қазақ шежірелері (Орта жүз тарихы, Мейрам сопы тарихы, Қуандық, Қаракесек, Найман, Қыпшақ тарихтары), «Барпық әңгімелері», күлдіргі сөздер, «Қаракесек пен төрелер ұраны» туралы, Мөңке би, Досбол би, Қожакент пен Өзкент, т.б. қалалары турасында, «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», діни нанымдар т.б., Сарман, Қиғара, Қосдәулет билер хақында, жыл басы туралы, Орманшы ақсары Шотана батыр жайындағы деректер орын алған.

Қолжазбадағы кейбір материалдардың жазылған жылдары да көрсетілген. Мәселен, «Төбет ішіндегі Жанкелді» деген әңгіме 1908 жылы жазылды десе, «Бір ханның жалғыз баласы өлгенде» деп басталатын шығарма 1921 жылы хатқа түсірілді деген белгілер бар.

Жалпы ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларды жинаушылардың көпшілігі ұстанған дәстүрдің бірі – экспедициялық әдіс екені белгілі. Бұл экспедиция сапарларында В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев т.б. сынды ғалымдар көптеген ауыз әдебиетін жинайтын тілшілер мен өз елінің мәдениеті мен фольклорына жанашыр көзқараспен қарайтын энтузиаст адамдардың да көмегіне сүйеніп отырғаны мәлім. Және де фольклорист-ғалымдар қолданған мұндай тәсіл фольклорлық үлгілердің жанр жағынан жан-жақты жиналуына негіз болды.

Жинаушылықтың осы формасын «экспедициялық» әдісті Мәшһүр Жүсіп те көп қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп жоғарыдағы фольклорист-ғалымдар тәрізді тілшілер, т.б. көмегіне сүйенбеген. Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілін жете меңгергендігі, бір жағынан, оның жинаушылық қызметінің тілдік қиындықтарға ұрынбауын негіздесе, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілерінің мол болуына да ықпал етті.

В.Радлов, Г.Потанин тәрізді фольклорист-ғалымдар фольклорлық үлгіні жинағанда жанрдың көнелігіне баса назар аударып, көмекшілеріне көбінесе сол жағын көп тапсырғаны байқалады. Онысы дұрыс та, әдетте бір ел өкілі екінші бір халықтың тарихын, әдет-ғұрпын білгісі келсе, ең алдымен оның фольклорын, яғни әсіресе көне жанр түрі – аңыздарына зейін салатыны мәлім. Сол арқылы бүкіл халықтың түсінігін, арман-ойын, салт-ғұрпын, мәдениетін, т.б. түсінеді. Мәшһүр Жүсіп болса, халыққа сол кезеңде «не керек?» дегендерді аражігін ашпай жинай берген. Яғни, елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктері, тұрмыс-салты, т.б. жақтары – бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Сонымен жинаушылықтың негізгі мақсаты халыққа «не пайдалы?» деген тұрғыдан жүргізілгендіктен де басқа дамыған елдер қатарында өмір сүру үшін қазаққа не қажет, өскелең ұрпақты қалай тәрбиелеген жөн, ол үшін қандай үлгі-өнеге боларлық іс-әрекет қолдану керек. Сондай-ақ тарихтың қай кезендері: үлгілі билер мен айбарлы хандар заманы ма, әлде аты аңызға айналған Асан қайғы мен Жиренше шешен тәрізді бабалар дәуірі ме, қайсысында кейінгілер тағылым аларлық қаншалық

мән жатқандығы – бәрі Мәшһүр Жүсіпті қызықтырған. Осының бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының негізін құрайды. Міне, бұдан біз Мәшһүр Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарасынан туындағанын көреміз.

Қазақ халық әдебиетінің жиналу тарихын сөз еткенде, өз әріптестеріне Ш.Уәлиханов, В.Радқ сипаттарымен қатар Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшеліктері мол екеніне алдымен көңіл бөлу керектігін айтқымыз келеді. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізу мүмкіндігі болды. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға бастайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады.

Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма фабуласын берумен шектелмеген. Ақын белгілі бір материалды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған.

Екіншіден, әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген. Әсіресе, сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесуіне көп көңіл бөлінетінін, дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемділігіне пәрменді ықпал жасап отыратынын бағамдасақ, бұлай жазу қазақ тіліндегі сөздер фонетикасы тарихын жасауда да елеулі рөл атқаратынын дәйектеуге болады.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп қай материалды кімнен қандай жағдайда қалай жазып алғанын жеткізіп отырған. Демек, ол қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық, т.б. мәні айрықша болатыны күмәнсіз.

Төртіншіден, ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Соңғы айтылғандары Мәшһүр Жүсіптің естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар.

Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы;

Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі;

Үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері.

Ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерді жинау барысында Мәшһүр Жүсіп белгілі бір жинау принциптеріне сүйенген. Ол ақынның ағартушы-демократиялық көзқарасынан туындаған. Ең алдымен айтатын нәрсе,

Мәшһүр Жүсіп фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған. Сол себепті, Мәшһүр Жүсіп кімнен не алса да көрсетіп отырған.

Мәселен, «Әз Әйтеке би» әңгімесінде бірнеше мәтелдер шоғыры беріледі де, оның иесі, яғни жеткізушісі есебінде төрт Шөмекейге қараның ханы болғанын тілге тиек еткен.

Мұндай мысалдар ақын қолжазбасында көптеп кездеседі. Екіншіден, фольклорды тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал деп білген. Сондықтан, әр мәтіннің шығу тарихын, айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Малшы Алтай» әңгімесі. Мұнда Қуандықтың баласы Алтай деген жігіттің Піспекбайдың жылқысын ерінбей, жалықпай тер төгіп, адал еңбегі арқасында жұттан шашау шығармай аман алып шығуы баяндалады. Жылқышының таза көңіліне, адалдығына т.б. қасиеттеріне тәнті болған бай оған өз қызы Байбикені қосады. Кейін Байбикеден туып, тараған ел «Жоғарғы Алтай» аталатындығы сөз болады.

Сондай-ақ, Байбике өлген соң, бай Алтайға екінші қызы Аққоянды да беріп, одан «Төменгі Алтай» деген ел тарайтындығы баяндалады. Міне, көріп отырғанымыздай, адал еңбегі арқасында малшының да мұратына жеткендігін баяндай отырып, Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы жастарға осы іс-әрекетті үлгі ретінде ұсынады.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда, Мәшһүр Жүсіп фольклорлық үлгілерді тек үлгі-өнеге т.б. үшін ғана жинамаған тәрізді. Автор сол нұсқалар арқылы өзіндік ой-топшылауларын да бірге беруге тырысқан. Яғни, фольклорды халықтың сана-сезімінің өзіндік көріну формасы деп бағалағандығын көруге болады. Ал, бұл Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық пен зерттеушілігінің бір арнада тоғысқандығын дәлелдейді. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіптің фольклорды ауызша тарих, тарихтың көзі деп тануы. Бұған, мысал ретінде Абылай ханға қатысты 16 әңгімелер циклін келтіруге болады. Мұнда ханның жас кезінен қайтыс болғанға дейінгі кезеңдері келтіріледі. Жалпы бұл әңгімелерде қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын қалмаққа қарсы елдің бостандыққа, тәуелсіздікке күрес жолы сипатталған. Яғни, қиын қыстау кезде ел басына хан боп көтеріліп, өзінің сенімді билері мен батырларына сүйенген хан Абылайдың жаужүректілігі, даналығы, ақылдылығы, тапқырлығы, ең бастысы, елдің бірауыздылығы, бірлігі, татулығы, ынтымақтығы, т.б. арқасында халықтың өз арманына, мұратына жеткендігі айтылады.

Жинаушылықтың төртінші ұстанымы – фольклорды Мәшһүр Жүсіптің филологиялық тұрғыдан қарастыруы, яғни сөз өнері деп білуі. Ол фольклордың ел арасында ерекше мәртебеге ие екенін, қазақтың сөз өнерін аса жоғары қастерлейтінін барынша айқын көрсетуге тырысқан. Мәшһүр Жүсіптің халық арасында ең алдымен ақын-жазушы ретінде танылғанын ескерсек, онда оның фольклорды өз шығармаларына да арқау етіп

отырғаны, сонымен бірге оны тіл байлығының, сөз өнерінің, т.б. қайнар бұлағы есепті бағалағаны анық.

Мәселен, ел аузындағы «Жиренше шешен» аңызын қолжазбасына түсірген Мәшһүр Жүсіп, ол турасында өзінің көзқарасын да білдіріп кеткен. Онда: «Міне, жігіттер, бір ауызды сөздің түбін, төркінін білемін деп ізлегендіктен қалыңсыз бір ханның қызын алды. Өз ханының сатусыз, пұлсыз уәзірлігін алды. «Жігіттікте жаннан кеш те, іс қыласың, өлесің, өлмесең, кісі боласың!» – деп бұрынғының айтқаны осы!» – делінген ақын тамсануы да бар. Ал «Шоң биге» қатысты жинаған әңгімесінің бірінде Мәшһүр Жүсіп, құны жүз бие болатын сәукелені екі ауыз сөзбен-ақ Сақау ақынның ақысыз, пұлсыз алғандығын ескертіп өтеді. Осыдан көріп отырғанымыздай, Мәшһүр Жүсіп сөз өнерін, т.б. дәріптеуге арналған фольклор үлгілерін көбінесе тарихи адамдар есімдерімен ұштастырған. Фольклор үлгілерін жиыстырғанда Мәшһүр Жүсіптің билер сөзінің де ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі, айнасы екендігіне көңіл бөлгені байқалады.

Жинаушылықтың бесінші ұстанымы – Мәшһүр Жүсіп фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруын аламыз. Яғни, белгілі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т.б. қатысты деректердің Мәшһүр жазбасында молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» әңгімесі ішінде «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан шыққандығы төңірегіндегі аңызға ақын өз көзқарасын да бірге берген: «Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген де аталарының аты болса керек. «Жүз» деген атты ұруға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, алаш» деп шабындар, «Алаш, алаш» демегенді әкең де болса ұрып жық деп бата қылысыпты. Кеше «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз сонан қалды. Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, өз алдына отау тіккен емес, әр жұртқа бұратана қоңсы болып жүрген.

Иман

*«Исламның бес парызының бірі – иман,
Таптайды бұл бесеуін дүние жалған.
Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт Құдай үшін жанын қизан.»*

«Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естеріңде болсын, оны “шайтан” – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денеңе арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегіңді толқытып, өзінді бұзады. «Шайтан» деген өзіңнің ойың...»

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жайлы жаңа кітап жарыққа шықты Павлодарда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы мен өмірі жайлы жаңа кітап жарыққа шықты. Өз заманында озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ қолжазбаларының көбі түрлі себептермен сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел - әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл біліп, бір жыл бұрын асын бергізіп кетуі дәлел. Аңызға бергісіз мұндай деректер мен шығармалары қазір 20 том болып басылып жатыр. Ал, жарық көрген кітаптар деректермен толықтырылды. Ғалымдардың айтуынша, Мәшекеннің зерттелмеген мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа азық болмақ.

Ақылды да парасатты, зерделі де зерек қазақ халқы адамдардың таным-түсінігі, ойлау-талдау қабілеті, ес-ақыл, рухани жан-дүниесі, сондай-ақ, тәлім-тәрбие алу деңгейіне қарай адамдарды «ес-ақылы дұрыс, рухани жан-дүниесі таза» және «ес-ақылы кем, рухани жан-дүниесі кінәратты» деп үлкен екі топқа бөлген, әрі мынандай адамдарды ес-ақылы дұрыс, рухани жан-дүниесі кінәратсыз деп қараған:

Ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты, жақсы мен жаманды, адал мен арамды, обал мен сауапты айқын айыра алатын адам.

Кеңпейіл, кешірімді, мейірімді, қайырымды, адал, ақ көңіл, әділетті адам.

Өз нәпсісі мен сезімін тежей алатын, атақ-даңқ, шен-шекпенге мазданбай, өмірге ой көзімен қарайтын, мәнсапты беттің кірі деп білетін адам.

Уәде-сертке берік, айтқанында тұратын, адам баласын жатсынып жатырқамайтын адам.

Ата-анасын қадірлеп, үлкендермен білім, өнер иелерін құрметтейтін, ел қамын өз қамындай ойлайтын адам.

Түрлі иіс пен ащы-тұщының дәмін парықтай алатын, исіне де, ләззатана да, күйіне де, кектене де, кешіре де алатын, ауырғанын, тойғанын, сөйлегенін, ашыққанын сезіп-біле алатын, ойлаған ойын тілмен бейнелей алатын адам.

Заманның талабына сай, қоғам дамуы мен заман ауқымына сай идеясы мен көзқарасын жаңалап отыратын, бірақ адамдық қасиеті мен ұлы мақсат-мұратынан айырылмайтын адам.

Өмір заңдылықтарын терең түсінетін, жан баласына жамандық жасамайтын адам.

Ән-күй, өлең-жырдан ләззаттана алатын, киімін таза, ретті киетін, көркемдікке, тазалыққа көңіл бөлетін, «ердің ері – егеудің сынығы» екендігін толық сезіне алатын адам.

Өзінің ертеңін, ұрпағының болашағын, ел-жұртты мен халқының тағдырын ойлайтын, адамгершілік пен ар-намысты бәрінен жоғары қоятын, мақтап-марапаттауға тасып, даттауға жасымайтын адам.

Ал, мынандай адамдардың ақыл-есі кем, жан-дүниелері ақаулы, кінәратты деп қараған:

Дұрыс пен бұрысты, ақ пен қараны, адал мен арамды, обал мен сауапты, жақсы мен жаманды, ізгілік пен жауыздықты парықтай алмайтын адам.

Кекшіл, күншіл, іші тар, қызғаншақ, мақтаншақ, қатыгез, әдепсіз, арсыз, өсекші, өтірікші, мыжыма адам.

Өзіндік майдан-көзқарасы жоқ, өркөкірек, атаққұмар, баққұмар, шенқұмар, тәкаппар адам.

Адамға табынатын, белгілі бір идеяға жабысып алып, идея-көзқарасын жаңаламайтын, жаңалыққа жатырқай қарайтын тоңмойын және шаш ал десе бас алатын әпебақан адам.

Өз нәпсісі мен сезімін тежей алмайтын, не сөйлеп, не істегенін аңғармайтын адам.

Ашушаң, суықбас, дөрекі мінез, тоңмойын, ұрысқак, тырысқак, жанжалқор адам.

Ата-анасы мен үлкендерді құрметтеп, кішілерді аялауды білмейтін, туған-туыстары мен баласына жанашырлық, жақындық танытпайтын, әйелдер мен балаларға қамқорлық жасауды білмейтін, махаббаты, мейірімі, шапағаты жоқ адам.

Өмір заңдылығын түсінбейтін, өлетінін білмейтін, өнер-білім-ғылым, үлгі-тағылымға мән бермейтін, атақ-даңқ, шен-шекпен, мал-дүниені бәрінен жоғары қоятын адам.

Ән-күй, өлең-жырдан ләззатана білмейтін, еңбекті, ілімді, білімді, ғылымды, мәдениетті қадірлемейтін, тойғанын, жеңілгенін білмейтін адам.

Өзін өзгелерден артық санайтын, сабырсыз, күйгелек, жалақор, пәлекор, арызқой, дәукес, ешбір жақсылықты білмейтін, үнемі өзгелердің ізін аңдып, жақсылығын көрмейтін адам.

Жуынбай, лас, салақ, ынжық, киімін ретті, таза киюдi білмейтін, әсемдік пен сұлулыққа мән бермейтін адам.

Өзін тектеп-тергей алмайтын, ішімдік-шегіндікке жаны құмар, тойымсыз, пайдакөс, арсыз, ұятсыз, біреуге бір тиын ақымды жегізбеймін дейтін, сыған адам.

Қазақ халқының бұл көзқарастары адамдардың өзара байланыс жасағанда, әртүрлі өкпе-реніштен аулақ болып, тату-тәтті, береке-бірлікті жасауына мүмкіндік береді. Әр алуан өштік-кастықтың, дау-жанжал мен ұрыс-керістің алдын алады. Адамдардың көңіл-күйі тұрақтылығын сақтап, түрлі рухани қысымнан және жан-дүние мен жүйкеге кері әсер ететін құбылыстардан аулақ қып, сау-саламаттықта өмір сүруге негіз қалайды.

Қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрінің бірі бата – тілек білдіру. Ата-бабаларымыз «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді» деген ой-

пікірді уағыздап, кейінгі ұрпағына ықылас білдіріп, ақ ниетпен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған.

Адал ниет, ізгі тілек білдірудегі ұлттық дәстүріміздің бірі бата беру кәдесі. Бата – халқымызға амандық, ырыс-ынтымақ, бірлік, құт-береке т.б. жақсылықтарды тілеп қана қоймай, қуаныш сәтінде ақ ниетін, алыс сапарға шығарда ақ жолын айтып, қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет болатын рухани қазына.

Бата беру, ақ тілеу – халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлеріміздің бірі, бұл сөз арқылы адам тағдырына, дүниеге ықпал етпек ниетпен жамандықтың бетін қайтару мақсатында туындаған. Халқымыздың ұмытылып бара жатқан осы бір қасиетті салтын, игі дәстүрін күнделікті өмірде қолдана білу қажет.

Өткен замандарда халық ақындары мен би-шешендеріміздің бүгінгі және ертеңгі ұрпақтарымызды отаншылдыққа, ұлттық ілім-тәдімге, елдікке, туған жерді, ата-анасына, барша ел-жұртқа мейіріммен қарауға тәрбиелейді. Сондықтан бабаларымыздың өсиет сөздерін, баталарын жас ұрпақтар біліп өсулері керек. Әрбір ата-ана өз жанұясында бала-шағасының қасында болған кезде, батаның тәрбиелік мәнін айтып отырғаны абзал. Содайын тәрбие алған ұрпақ мәңгі ел болады деп ойлаймыз. Ендеше, бабалардан қалған бата – біздің дүниенің бір асылына айырбастағысыз асыл қазынамыз – деп бағалауымыз орынды.

Бата сұрау

*Айбат көрсетіп болмысыма рух беріп,
Намыстың қуаты кетті-ау боймды керіп.
Құлаштан сермеп қалдым қамшымды,
Бір тамшы жас жанарымнан түсті еріп.*

*Тұлпарыммен жүріп келем, жарып жел,
Көкжиектен бұлдырайды Сарыарқа бел.
Қандай сапарға сен жол тарттың деп,
Жан-жақтан даус жеткізеді, қалың ел.*

*Таң алдында түс-тұстан мөлдіреп шық,
Жоргаммен жүйткіп барамын нұр құшып.
Мені жаңғыз жібергісі келмегенді боп,
Гәккулеткен аққу келе жатыр бірге ұшып.*

*Шыққанда шығыстан күн жарқырап,
Кең далада мөлдіреді шық жарқырап.
Аспаннан ағып түссе бір көк жұлдыз,
Астымдағы қанатым қалады арқырап.*

*Ақ батаменен ел көгереді,
Салт-дәстүр бусанып, шырақ жрқырап!
Ақ жауынмен жер көгереді,
Қара топырақ суланып, бұлақ сарқырап!*

*Қазағым! Көл-көңілің мынаған аусын,
Тыңдашы қаңқылдаған қаздың даусын!
Аспанды торлаған батпан бұлттан,
Бабаның батасындай жауын жаусын!*

Бата – жақсылық пен игі ықыластың, яғни, ақ тілектің айғағы. Бата-тілектердің өзіндік мән-мағынасы мен жол-жобасы, талғам-таразысы бар. Ол кез келген жерде айтыла бермейді. Үлкен той-мерекелер мен маңызды бас қосуда, игі бастамалар көтеріп, ұлы істерді бастарда ақ бата беріледі. Батаның барлығы да көркем де көсем, өткір де шешен сөздермен шебер өріліп айтылып, кісілер көкірегінде жатталып, жүректерінен өшпестей орын алатындықтан, оның баурау қуаты мен тәрбиелік мәні өте зор болады.

Қазақ баталарының кйбір түрлері:

Ықылас батасы – ақсақалдар мен үлкен кісілер өздерін силап, құрметтеп, бір кесе қара шайға болса да кабақ шытпай барып, ықылас-бата сұраған адамдардан ақ ниетімен ықылас батасын аямаған. Алайда, ықылас бата үй иесінің кісілігі, мақсат-мұрат, талап-тілегі бойынша әр алуан мазмұн, әр алуан түрлерде беріле береді.

Ақ бата – ата-ана мен ақсақалдардың, сондай-ақ, ел ағаларының ұрпақтарына білдірген жүрек-жарды тілегі мен елі үшін еңбек сіңірген азаматтарына ақтарыла айтқан алғысы, яғни, ата-анасының ризашылығын алған перзенттер мен жас талаптарға, жорыққа, білімге аттанғандарға, құдалық және достық салтына, өнер қуған, ел тізгінін жаңа ұстаған талапты жастарға, жас отаулар мен «Батаңызды беріңіз!» деп өтінген адамдарға берілетін ықыластың бір түрі. Ол түрлі орта және нақты жағдайға қарай әр алуан мазмұнда жасала береді.

Ас батасы – дастархан жайылып, ас келгенде немесе тамақтанып болып, дастарханды жияр алдында жасалатын ықылас. «Азған елде бата болмайды, тозған елде бата болмайды» деп білген қазақ халқы, асқа (дастарханға) бата жасамауды азғындықтың белгісі, сондай-ақ, көргенсіздік, тәрбиесіздік санап, дастархан жайып, ас ішкен сайын қол жайып «Асқа адалдық, денге саулық бер!» деп бата жасап, тілек тілеп отыруды өздерінің адамдық парызы деп білген. Қазақ ұғымында астан ұлы, дастарханнан қасиетті ешнәрсе жоқ. Себебі, ас – адамның арқауы, тіршіліктің тірегі!

Алғыс бата – ақсақалдар мен беделді кісілердің азаматтардың аса игілікті істері, ерен қызыметі мен ел-жұртқа көрсеткен еңбектеріне деген ризалығы әрі ықыласы.

Қазақ халқы бір игі істі бастау үшін, ауылдағы ақсақал мен беделді кісілерді шақырып міндетті түрде баталарын алады. Бұл аузы дуалы қариялардың айтқаны айнымай келіп, ісім сәтті, шаруам табысты болса екен дегені.

Мереке батасы – бейбіт күнге жаны құштар, әр таңым арайлап атып, ән-күй, мереке-мейрам, той-думанмен өтсе екен деп аңсайтын қазақ халқы, айт-наурыз күндері мәре-сәре қуанып, күліп-ойнап бір жасап қалады әрі ондай мерекелік бас қосуларда тілек-баталар беріледі.

Сапар-жорық батасы – жат жұрттан теперіш көріп, әккі жау, айралы дұшпаны аяғынан көп шалған қазақ халқы сапарға, жорыққа аттанар алдында туған-туыс, ел-жұртын жыйнап, ақсақалдары мен аузы дуалы кісілерден міндетті түрде бата алуды дағдыға айналдырған. Бұл баталы қариялардың айтқаны келіп, сапарым оң, жорығым сәтті болса екен деген игі тілек негізінде қалыптасқан жоралғы.

Наурыз мекекесі күні кәрі-жас, ер-әйел, бала-шаға үй-үйді аралай жүріп «Наурыз көже» ішіп, бір-бірімен кездескенде: Жасыңыз құтты болсын! Өмір-жасың ұзақ болсын! Көктем көңілді, ұрпақ өмірлі болсын! Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін! деген сияқты игі тілектер атып, бір-бірлерін құттықтап әр үйге кіріп, дастархан басында бастарын қосады.

Той батасы тойға және тойға сойылатын малға жасалады: *Той-тойға ұлассын, тойдан кенде қылмасын! Өлең-жыр боп күндіз-түн, Ауыл-аймақ жырғасын!*

Ас-нәзір батасы – әдетте, ас-нәзірге сойылатын малға бата жасалмайды, тек мойнына немесе жалына ақтық байлап, Құран оқып сояды, әрі дастархан жайлған сайын марқұмға арнап Құран оқылып отырады да, дастархан жаярда тілек айтылады.

Қазақта бата-тілекті тек жастар ғана ала бермейді. Кей-кейде жетпіс-сексенге келген ақ сақалды аталар мен ақ самайлы әжелерде өздері ұнатқан қадірлі, аузы дуалы кісілерді шақырып баталарын алып, оны өздеріне рухани азық етіп, көңілдерін көтеріп, жігерлерін шыңдап отырады.

Қазақ халқында «Жауынмен жер көгереді! Батамен ер көгереді!» деп көпті көрген білікті қариялардан, сондай-ақ, халық қадір тұтқан аузы дуалы, қасиетті кісілерден «Мына жаман шаранаға батаңызды беріңіз!» деп жаңа туған сәбилеріне де бата сұрайтын салт бар.

Балам адамгершілікті, өнер-білімді болса екен, өз құрбыларынан оза шауып, Отаны мен халқының азаматы болса екен деп, жатса-тұрса жар құлақтары жастыққа тимейтін ата-аналар балалары ес біліп, өнер-білімге талпына бастаған кезде ауылдағы қадірлі, өнегелі қариялардың бірін үйге шақырып: «Мына балаңызға батаңызды беріңіз, жолыңызды ұстап, арман-мұратыңызды жалғастырсын!», - деп балаларына бата сұрайды.

Қазақ халқы қыздарының ақылына көркі сай, өнерлі де білімді, іскер де ісімер болып есейуін тілеп, аузы дуалы, қасиетті қарттардың ықылас-баталарын алып отыруды өте бір игілікті іс деп карап, қыздарына сондай ұлағатты кісілерден бата алған.

Қазақ салтында алыс жерден, өзге ру-тайпалардан келген білікті кісілер өздерін сыйлап, құрметтеген қасиетті қара шаңырақтарға бата берген.

Қазақта бөтен ел, бөтен жерден келген кісілер ерекше сыйлы болады. Оларды барған елі тік тұрып күтеді. Сондай кезде қонақтар ел мен жерге деген ризашылықтарын білдіреді.

Әдетте, бастарына үй тігіп, бауырларына қазан асып, үйлі-баранды болған білікті күйеу балалар мен қыз-қарындастар ата-ана, аға-бауырларының ықылас-баталарын алу үшін оларды үйлеріне шақырып қонақ қылғанда: «Бізге баталарыңызды беріңіздер» деп үлкендердің батасын алады.

Қыс күндері қазақ халқы үй басы сайын бір-бір ірі қарадан соғым сояды әрі бірін-бірі соғым басына шақырып қонақ қылады. Соғымға шақырған қонақтар: «Соғым шүйгін болсын!» деген игі тілек айтады. Ал, ет пісіп, алдыға соғым басы тартылып «Әумин» дегенде, жасы, жолы үлкен кісі бата береді.

Ақ көңіл де ашық-жарқын, қонақшыл қазақ елі құда-жегжат, туған-туыстан сырт, өнер-білім, үлгі-тағылымды адамдарды құшақ жая қарсы алып, бір малдарын алдарына көлденең тартып: «Әумин» деп бата тілейтін қасиетін күні бүгінге дейін сақтап келген жомарт халық. Сондай кездерде үй иелерінің ынта-ықыласына сай бата береді.

Әдетте, ел тізгінін жаңа ұстаған азаматтардың ауыл ақсақалдары мен өнер-білімді, бет-беделді кісілері, сондай-ақ, туыс-туған, дос-жарандарын шақырып: «Алдағы қызыметімді қолдап-қуаттап, ақыл-кеңес бере жүріңіздер» деп бата сұрайтын дағдысы бар.

Әдетте құрбы-құрдас, дос-жаран және жезде, балдыздар арасында бір-бірінің сый-құрметтеріне көңілдері толмаса, әзіл-қалжың, сын-сықақ баталар береді.

Теріс бата – ел-жұртты шулатып, бейуаз халықты жылатқан, ата жолынан тайып, салт-дәстүрді бұзған бұзақы, сатқын, қанішерлерге, ата-анасына қол және тіл тигізген азғын, тәрбиесіз ұрпақтарға, діннен шығып, ата-баба аруағын қорлаған, Отанын сатқан опасыздарға алақанды теріс қаратып тұрып айтылатын лағынет, қарғыс.

Теріс бата ел ішінде өте сирек қолданылады. Себебі, ол өкпе-реніш, ашу-ыза, жиреніш-кектің өте қатты әрі ауыр түрде ауыз екі бейнеленуі. Теріс батаға жолыққан адамның сүйегіне өшпес таңба түсетіндіктен, ел-жұрт ондай жаман адамдарға жирене қарап, олардан ат-тондарын ала қашады. Яғни, теріс бата ел-жұртты жамандықтан жирендіріп, кектендіріп, күшті тәрбиелік міндетін атқарады.

Табиғи ортамен етене араласып өскен қыр қазағының, сыр қазағының өзіндік таным-тіршілігі әлемдегі ешбір халықтардың тәжірибесінде жоқ түйсік-толғаныстарына толы. Табиғаттың тылсым күшін, қуатын тек қана аспан денелерінің құбылыстарынан ғана іздемей, күнделікті өзі аралас-құралас болып жүрген жер бетіндегі тіршілік атулының, оның ішінде, төрт түліктің өмір сүруі, дамуы, бір-бірімен қарым-қатынасы сияқты

құбылыстарды жеті байқай жүріп, бақылап, топшылап ауа райы мен табиғат мезгілдерінің ауысуын өздерінше жорамалдауға бейімділік негізінде олардың ой-тұжырымы қалыптасты. Табиғаттық, тіршіліктік, қоғамдық құбылыстар қазақ халқының сана-зердесіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, айырықша оңтайлы әсерін тигізді.

Қазақ халқының кісілік, кішілік, кешірім тәрбиесі «Тас атқанға – ас ат, алдына келсе – атаңның құнын кеш, кішілікке – кісілікке бастайтын сара жол» деген халық даналықтарынан басталады. Онан соң, ұрпақтарына: «Кең болсаң – кем болмайсың – кішік бол» деп ұрпақтарының бойына кішіпейілділік, кешірімділік сияқты тамаша кісілік қасиет қалыптастырып, жан баласына жамандық жасауға, кекшіл болмай, көпшіл болуға, менмен, тәкаппар, өзімшіл болмай, кішіпейіл, кешірімді болуға, яғни ә десе, мә деп кек алатын кекшіл болмай, өзгелерді кешіре де білетін, өзгелерден кешірім сұрай да білетін ізгі ниетті адам болып жетілуге тәрбиелейді. Сондай-ақ, өзіне жамандық істегендерге де жақсылық жасап, адмгершілік танытып, жамандық атаулыны жақсы ниет, жақсы іс-әрекетімен жақсылыққа өзгертіп, тату-тәтті, береке-бірлігі жарасқан тамаша өмір салтын орнатуды дәріптейді.

Қазақта «Ағадан – ақыл, Атадан – нақыл» деген сөз бар. Бұл не деген сөз? Ағадан – ақыл! Атадан – нақыл! Қалай жақсы айтылған! Бұл ағадан бұрын іні, атадан бұрын әке сөйлемесін деген қазақ табиғатында бар болмыс – жасы үлкенді сыйлаудың үлкен үлгісі. Осы еңбегімде аға-ата, ақыл-нақыл, патша көңілді парасат несі ретінде мына тұлғаларды атап өткенді жөн санадым: Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Өскенбаев, Қаныш Имантайұлы Сәтбайев.

*Қазақтың нұр өлеңі дертім еді,
Қазақты аспандату сертім еді.
Жүрегімді жайлаған жалыным,
Бұл өмірде өшпейтін өртім еді.*

*Сезімімдегі сергелдеңді баса алмай,
Таулардың жоталарынан аса алмай.
Көңіл кілті келер шақты пайымдап,
Жер кеңінде жүргенім бар уайымдап.*

*Бозөкпелікке шалдырмай,
Сұңғыла ойлар келіп сұранса.
Құйын ішінде қалдырмай,
Биікке көтерілсем қыранша.*

*Уақытым болды қала көрген,
Гүл әлем, сыр әлем дала көрген.
Елу жыл ұстаздықта жүріп,*

Дарыны көл-дария бала көрген.

*Үлкенді сыйлау қанда бар,
Ұрпақты ұрпаққа жалғайтын.
Мақал-мәтел қазақта бар,
Тағылым термесін толғайтын.*

Қазақ салт-дәстүрлері:

Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері. Қазақ халқы дүниеге бір перзент келсе, тек сол перзент келген отбасы ғана емес, бүкіл ауыл, ел-жұрт, туған-туыс түгел мәре-сәре қуанып, шашу апарып «Бауы берік болсын» айтуды кісілік парыз санайды. Перзент дүниеге келіп, оны құндақтап орап анасының қасына жатқызған соң, жолы, жасы үлкен бір әйел шашу шашады.

Халықтық дәстүр тәрбиесі. Қазақ халқының дәстүр тәрбиесі отбасынан бастау алады. Ертеде әрбір қазақ отбасы – үлкен мектеп, үлгі-тағылым ордасы болған. Онда жалпы тәрбиенің өзегі – адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, жақындық, достық, береке-бірлік, еңбекқорлық, адалдық, арлылық, әдептілік, мұраттылық, тазалық, көпшілдік, халықшылдық, Отаншылдық сияқты адамзаттың ең бағалы қасиеттерін негіз еткен.

Ырым-салт жоралғылар. Қазақ халқы: «Өнер алды – қызыл тіл» деп тілді барша өнерден жоғары қойып, оны бір ұлттың құрып-жоғалуы мен көркейіп-гүлденуіне қатысты өте келелі мәселе ретінде қараған. Қазақ ұғымында, тіл болмаса адамдар өзара пікір алмастырып, сырласып-сұхбаттаса алмайды. Барыс-келіс, алыс-беріс жасау қиынға соғады. Тіл – достық пен береке-бірліктің дәнекері.

Қыз сыны. Жігіт сыны. «Қызым жақсы болсын десең – қылықтылармен ауыл бол» дейтін халық даналығын берік ұстанып, қыз балаларды ес біліп, етек жаба бастаған кезде-ақ өнерлі, текті, тәрбиелі, адамгершілігі жоғары кісілермен барыс-келіс, алыс-беріс жасап, олармен көрші отыруға, бірге жүруге құлшынған, әрі ресми тәрбие жүргізе бастаған. Ержігіттің қалай болу керектігі, ел-жұрт, үлкен-кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, әйелдер мен балаларға қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай үлгі-өнеге болу, қиын сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істердің барлығы мұқият үйретіледі.

Бата-тілектер. Той-мерекелер. Ажал-өлім туралы. Бата – жақсылық пен игі ықыластың, яғни, ақ тілектің айғағы. Ал, «Бата сұрау өзі қалаған адамнан ықылас пен жарасымды алғыс сұрау деген сөз». Қазақ халқында үйіне келген қонаққа барын беріп, жасы, жолына қарай мүшелі сүйектерін тартудан тыс, білімді, мәртебелі, сыйлы қонақтарына бір малын көлденең тартып, батасын алып сойып беретін салт бар, яғни, үй иесі малын әкеліп қонағына «Әумин!» деп қолын жайғанда, қонақ та қолын жайып:

*Мал-басың көп болсын,
Өрісің шөп болсын.
Қам-қайғың жоқ болсын,
Ел-жұртың тоқ болсын.
Ұл-қызың ақты болсын,
Отбасың бақытты болсын! –*

деп батасын береді. Міне, бұл «Бата сұрау» және «Бата беру» деп аталады.

А.Нүсіпоқасұлы мен Ә.Жапарұлының бес кітабынан бес мәселе теріліп алынды.

Қазақ жұрты Алтайдан бастап Қара теңізге дейінгі ұлан-ғайыр территорияны алып жатқан. Қазақ халқының: салты – Скифтен (Сак), ғұрпы – Ғұннан, тағылымы – Тұраннан, танымы – Түркі әлемінен, дәстүрі – ұлы даладан, ерекше асқақтығы – Алтайдан, асқан бауырмалдығы – алтын бауырлы ағайыннан, қонақжайлылығы – Қара теңізге құятын, еш уақытта сарқылмайтын, сансыз бастау бұлағынан!

XX ТӨРІТ ТҮЛІК

Қазақтың қазынасы

*Жырым теңіздей тасыған,
Кең дүние сандығына сыймай.
Ер-намыс қашан жасыған,
Дұшпанның айылын қыймай.*

*Кім қаруын оқтамайды,
Атом күші жерді опырганда?
Күй керуені тоқтамайды,
Мәңгілік ел гүлі құлтырғанда!*

*Аспанда күн қияқтанған,
Ұлы далама жарығын беріп.
Көңілім жай сияқтанған,
Ғұмыр-ғалам арқанын керіп.*

*Салт-дәстүр бар дараланған,
Тәлім-тәрбиенің нұрын шапқан!
Қазақия өнер бар сараланған,
Қарсы келгеннің мысын басқан!*

Көк жүзін қиқуңа салып,

*Аққуым биікке ұштың зой!
Ата-бабаңды есіңе алып,
Туған жерді құштың зой!*

*Туған жердің суы-ай,
Кәусардың ақ кәусарындай!
Туған жердің нуы-ай,
Қазақтың бек қазағындай!*

*Туған елді сағынамын,
Дидарласып, сөз-өрнегін өрмегендей!
Туған жерді сағынамын,
Таудан асып, жүз жыл көрмегендей!*

*Туған елдей ел болмас,
Бірлікке, тірілікке үйреткен!
Туған жердей жер болмас,
Ерлікке, серілікке сүйреткен!*

Қазақ халқының маусымдық қоныстары:

Көктеу – көктемгі қоныс. Мал жаятын өріс ретінде көктем айларында көк қаулап шығатын жер таңдалып алынған. Малшылар жақын жердегі өзен-көлдің маңына, шаруаға қолайлы қыратты тұсқа қоныстанған. Көктеуге мал бағатын адамдар наурыз айының соңында көшіп келген. Көктеуде малдың төлдеуі аяқталған.

Жайлау – жазғы қоныс. Оны суы мол, шөбі шүйгін, ауасы желді, жәндігі аз жерден таңдаған. Көбіне адамға да, малға да қолайлы бұлақ, өзен, көл жағалауындағы тау-төбелі алқаптарға қоныстанған. Жайлауға шыққанда төрт түліктің төлдері марқайған. Бие байланып, қымызмұрындық берілген. Сиыр сауылып, сүгінен қаймақ, май, ірімшік, құрт дайындалған. Той-томалақ, жиын-кеңес жайлауда өткізілген. Жайлауда маусым айынан қыркүйек айының соңына дейін отырған.

Күзеу – күзгі қоныс. Күзеуге малдың қонданып, ет алған шағында көшкен. Көш жүгі жаздай даярланған азық-түлік, киім-кешек, алаша-текемет, тұрмысқа қажетті өзге де заттардың есебінен молыға, салмақтана түскен. Күзеуге мал аяғы тимеген, шөбі мол, қыстауға таман жайылым таңдалған. Қойларды суға тоғытып, жүнін қырыққан. Жүн сабаланып, киіз басылған. Тары-талқан түйіліп, қақаған қыс-қырауына қам жасалған. Қараша айының соңында қыстауға көшкен.

Қыстау – қысқы мекен. Мұнда қарашаның соңынан наурыз айының соңына дейін тұрған. Мал қыстауға қолайлы, су-бұлағы бар, ықтасынды, шөбі мол жерлер таңдалған. Тау-қыратты аймақта мал тебіндеп, жайылатын күнгейді, қарағанды, шілікті, қорықты сай-саланы ізестірген. Қыстауда малшыларға арналған тұрғын үй, жылы мал қора, жем-шөп қорлары болған.

Мал төлдеуі қыстауда басталған. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге жапсарлас жатқан.

Қазақ халқы қой-ешкі, сиыр, жылқы, түйе малдарын төрт түлік деп атайды. Олардың сүтін, етін тағамға, жүні мен терісін киімге, қылы мен тұяғын тұрмысқа, күші мен қуатын жұмысқа қолданылады. Қой-ешкі төрт түліктің ішіндегі өсімтал, тез жетіліп, қонақты атқаруға жаратады. Сиыр үйдің берексін келтіреді. Сүті мен еті – бағалы тамақ өнімдері. Жылқы қазақтың қанаты саналады. Ол салт міну, жүк тарту, еті мен қымызын алу үшін өсіріледі. Түйе – төрт түліктің төресі. Қазақ халқы түйе малын байлық ретінде де, азық ретінде де, көлік ретінде де қолданады. Қазақ амандасқанда «Мал-жан аманба?» дейді. Ол деген, мал (сусын, тамақ, көлік) болса, адамдар аман-саулықта жүредіге саяды.

Дешті –Қыпшақтағы жылқы малы.

Бұл елде жылқы малы өте көп, бағасы да арзан емес. Мәселен, ең жақсы деген аттар өз ақшаларымен елу, алпыс дарһам тұрады. Бұл біздің динарымызға дәл келеді. Ал Мысыр базарларындағы «акадиш» деп аталатын аттар осы мемлекеттен (қыпшақтардан) барады. Қысқасы, бұл елдегі түркі халықтарының тіршілігі тек осы жылқы малымен байланысты десек, артық айтқандық болмайды. Біздің елімізде қой малы қанша көп болса, бұл елде жылқы малы сондай көп екен. Бәлкім, мұндағы жылқы малы біздегі қой малынан да көбірек сияқты әрі пайдалы сияқты. Әрбір түріктің мыңға тарта жылқысы болады екен. Бұл елде жылқы малын өсіру түркілердің негізгі кәсіптерінің бірі саналады.

Түркілер әйелдері отыратын арбаларына бір кездей ұзын шыбықтың ұшына бір қарыс шүберек байлап, оны арбаның бір шетіне қадап қояды екен. Мұндай шүберек байланған шыбықтың әрбіреуі бір мың бас жылқының белгісі екен. Мен сондай шүберек байланған шыбықтардан бір арбада оннан артық шыбық байланғанын көрдім. Осылайша бұл елде өсірілген жылқы малының бір бөлігі Үндістан еліне де кетеді (Араб жиһанкезі – Ибн Баттута.186 б).

Жылқы. Қазақстандағы қазіргі археологиялық қазбалардан табылып жатқан жылқы сүйектерін шартты түрде екіге бөлуге болады: біріншісі – шоқтығына дейінгі биіктігі 130 – 140 см, бұлар жабы тұқымынан еш айырмашылығы жоқ, екіншісі – шоқтығына дейінгі биіктігі 150 см астам, бұлар сирақты жылқылар, оларды арғымақ тұқымдас деп атауға болады. Яғни, көшпенділер сақ-скиф заманынан бермен қарай жылқының осы екі түрін қатар өсіріп отырған әрі жылқы тұқымдарын асылдандыру сол кездерден-ақ басталған ғой. Біздің заманымыздың басында Парфияның, Бактрияның, Ферғананың асыл текті, сұлу арғымақтары әлемге әйгілі болды, бұлар араб жылқысының негізін қалады. Қазақ халқы өз жылқысын жақсарту үшін көрінген жылқы тұқымдары айғырларын биесіне әкеп сала бермеген. Қазақ жылқысы үшін ғасырлар бойы халықтың аналитикалық

тәжірибесінен өткен тұқымдар: араб және түркімен тұқымының асыл тұқымды айғырларын алу үшін ештемесін аямаған.

Мысалы, араб айғыры үшін бай қазақ жүздеген қой, оншақты қазақ жылқысын, ең әдемі күнді, бір құшақ асыл бұйымдарды қуана-қуана берген. Ал қазақ жылқылары өз кезінде Ресей жылқы шаруашылығының негізін қалаған. Ол туралы жылқы тарихының көрнекті маманы Вилькинс: «Барлық жұмысқа жарамды бесаспап қазақ жылқыларын біз назардан тыс қалдырмауымыз керек, сонымен бірге бұлар бүкіл орыс жылқыларының арғы тегі болып табылады...» - деп тебірене жазды.

Қазақ жылқысының әлемдегі басқа тұқымдастардан өзгешелігі және артықшылығы сол, оның ерекше төзімділігі мен шыдамдылығы. Қазақ даласында ғасырлар бойы жаздың аптап ыстығы мен қыстың аязды-қарлы боранында, көктемнің қара суығы мен жауын-шашынында ашық далада өз қорегін өзі тауып жеген жылқы тұқымдарының әлсіздері құрып, тек мықтылары қалып отырған. 1877 – 1878 жылдары орыс-түрік соғысында Аустрия атты әскерінің қолбасшысы Ленеизен Орал казактары мінген қазақ жылқыларын көргенде былай деген екен: «Нағыз жылқылар, кавалерия үшін бұлардан артық не керек, сауыры жалпақ, еті тығыз әрі өте шапшаң ылдым-жылдым, тез бұрылады». «Австрия атты әскер маманының осы қысқа да нұсқа және өте дәл берген бағасы бүкіл қазақ жылқысының табиғатын көрсетеді», - деп жазды А.Попов өзінің естелігінде. Шын мәнінде, 1877 – 1879 жылығы орыс-түрік соғысынан кейін қазақ жылқысының ерекше шыдамдылығы мен күй талғамайтындығы, алыс қашықтықтарға моймайтындығы Еуропа елдеріне тарап кетті.

Қазақтардың сонау ежелден-ақ көрші елдермен жасасқан негізгі саудасы – төрт түлік мал, әсіресе, соның ішінде жылқы болды. Көршілеріміз Ресей, Қытай мемлекеттері қазақтың екі нәрсесіне асық болды, біріншісі – ұлан-байтақ жеріміз, екіншісі – есепсіз жатқан жылқымыз. Қытай ілкіден өзінің жүз-мыңдаған әскерін дала жылқысы есебінен қамтамасыз етті, Ресей ХІХ ғасырда қазақ жерін тұтастай басып алып, шекарада айырбас керуен-сарайларын ашып, жылқы саудасын күшейтті. Азды-көпті орыс-қытай мәліметтерінің мәліметтерін саралай отырып – ХVІІІ ғасырдың ортасынан бастап, 1917 жылға дейін қазақ жерінен 150 жылда 15 млн жылқы әкетілген деген болжамға келеміз.

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Ботақара-Нұра өңірінде Темірқаш және Тегісжол коныстарында, бірлескен қазақ-британ архиологиялық экспедициясы зерттеу жүргізді. Қазақ тарапынан зерттеу жұмысына академик Е.Буктов атындағы ҚарМУ доценті, архиолог В.Ворфоломеев пен Қарағанды қаласының басқа оқу орындарының архиологтары қатысты. Британ мемлекеті тарапынан Эксетер университетінің профессоры, доктор Алан К.Оутром, доктор Елена Исава және Эксетер университетінің 14 студенті қатысқан. Бірлескен зерттеу жұмысының мақсаты – ежелгі дәуірдегі дастархан мәзіреті, азық-түлік, тағам түрлері жөнінде мәлімет алу. Бұл үшін Тегісжол және Темірқаш

қоныстарында рекогносцирлік қазба жүргізілді. Қазба жұмысы басталмас бұрын «Bartington Dual-Array Fluxgate Gradiometer» магнитометрін қолданып, екі қоныс ауданына барлау жасады.

Бұқар жырау ауданы аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі жылқы көшпелі өркениеттің бір бөлшегі екенін көрсетті. Бұл – жылқының қасиетті жануар екендігі, жерлеу рәсімінде қолданылуы – жануардың киелі болуында. Соңғы жарты ғасырда жүргізілген археологиялық қазбаларда үш мың жыл бұрын жерлеу рәсімінде мәйітпен қатар құмыраға сүт тағамдарын қою қалыптасқан. «Ер қанат – жылқы» деген сөз осы ұғымдарға қатысты шықса керек.

Қой. Негізінен ет-жүн бағытындағы және биязы, жартылай биязы жүн бағытындағы қойлар болып екі топқа бөлінеді. Ет-жүн бағытындағы қой шаруашылығы ылғалы жеткілікті және ауарайы біршама жұмсақ аудандарда, ал биязы жүнді қой шаруашылығы неғұрлым құрғақ аудандарда тараған. Нақтырақ айтқанда, ет-жүн бағытындағы қой шаруашылығы Солтүстік және Оңтүстік Американың, Аустралия мен Оңтүстік Еуропаның, Орталық және Орта Азияның, Оңтүстік Африканың қоңыржай және субтропиктік белдеулерінің құрғақ аудандарында жақсы дамыған.

Қой сүтқоректілердің жұптұяқтылар отрядының күйіс қайыратындар тобына жатады. Қой мен ешкілерді ұқсастық белгілеріне сәйкес бір топқа біріктіреді. Екеуін төрт түліктің бірі деп есептейді.

Қой бұдан 10 – 11 мың жыл, ал ешкі 11 – 12 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Қойдың арғы тегі – жабайы қой муфлон және арқар таулы алқаптарда таралған. Қойдың алғашқы қолға үретілген орталықтарын Жерорта теңізінің маңы, Орта Азия, Қазақстан, Орталық Азия, Оңтүстік Африка.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тамырлас тұр. «Мал өсірсен қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым жатыр. Көшпелі қазақ үшін қой киелі түліктің бірі. Оның пірі – «Шопан ата» деп аталады. Сондықтан Шопан атадан тілеу тілегенде «Малды берсең, қойды бер» деп өтінген. «Бірінші байлық – денсаулық, еінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» дегенді айтқан да біздің қайран бабаларымыз ғой!

Жібек жолы қазақ дүниенің түпкір-түпкірімен байланыстырып, әлемдік өркениетке өз үлесін қосуға ықпалдасқан.

Қыл қобыз – Қорқыт атаға байланысты дүниеге келген, өте көне музыкалық аспап. Аспап қайың, арша ағаштарынан шауып жасалады. Ол үш бөліктен тұрады: бас, кеуде, аяқ. Төменгі тұсы терімен қапталып, оған тиек орнатылады. Шектері жылқы қылынан жасалады. Аспаптың мүмкіндіктері зор, түрлі-түрлі дыбысты, оның ішінде адамның даусы, қасқырдың ұлуы, аққудың сұңқылы, ағаштың сыбдыры, жел мен судың сылдыры т.б. аудармай айғақтайды. Заманның зарын, дәуірдің дүрбеленін құлаққа

жеткізгендей болып, адамның зердесіне уақыттың өтіп бара жатқанын білдіреді. Қобыздың түрлері: қыл қобыз, жез қобыз, нар қобыз...

Қазақ халқының бас аспабы – домбыра. Домбыра – кең қолданыстағы музыкалық аспап. Дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғыртуы күшті тұт пен қатты үйеңкі ағаштарынан ойылып, не құрастырылып жасалады. Аспап үні қоңыр, жұмсақ күмбірлейді, құлаққа жағымды. Әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, күрделі әуендік шығармаларды орындауға қолданылады. Домбыралар рғақтың реңіне қарай былай бөлінеді – екі шекті, үш шекті, шіңкілдек. Негізінен алғанда, қазақ жеріне домбыраның 24 түрі тараған.

Жетіген – жеті шекті қазақ халқының музыкалық аспабы. Бір әпсәна бойынша – қарт адамның жеті ұлы қапияда қайтыс болыпты-мыс. Қария қайғыдан қан жұтып, әр ұлына бір-бір шектен арнап, өз қолымен жасап шығарған «Жетіген» аспабымен қайғы-қасіретке толы жеті күйін өмірінің соңғы сәтіне дейін, күн сайын зарлатқан. Осы уақытта он үш шекті жетіген де қолданыста бар. Аспаптың қазіргі шеберлер жасаған үлгісінің дыбыс ауқымы 2 – 2,5 октаваға дейін жеткізілген.

Қазақ халқы күй, жыр, ән, би арқылы өз ұлтының тарихын – жеңісі мен жеңілісін, кемеңгерлігі мен кемістігін, қуанышы мен қайғысын ғалам кеңістігіне паш етіп отырған ғой.

*Жорға тай жұмсақ желеді,
Білінбейді өрістен қайтқаны.
Уақыт өткен соң дөп келеді,
Данышпан адамның айтқаны.*

*Жарты жалғанға жар салып,
Байқағандай армны-мұратын.
Шығарып салып, қарсы алып,
Әке мен шешем мені тұратын.*

*Гүлдері Сарыарқаның жайқалады,
Күндері жастық шақтың шайқалады.
Көзінен көрген сайын ата-ананың,
Бақшасы бал дәуренімнің байқалады.*

*Қимадым да қатты қиналдым,
Көздерімен қайра-қайра қарайды.
Жадыда жаңғырады қандай ой,
Бойға қызыл қан ағыны тарайды?*

*Айналамды ақ нұр құшады,
Алтынмен апталып өңірім!
Шарқ ұрып көкке ұшады,*

Аққу-арман, менің көңілім!

*Өтті күндер қанатын қағып,
Өмір отын өшпестей жағып.
Қайсар қазағым келе жатыр,
Мойнына әз тұмарын тағып.*

*Өткен күндердің мәні көп,
Жастық шақтың сәні көп.
О-о-оу, дариға, дәуренім-ай –
Қайран қазағымның әні көп.*

*Тарлан тарихыма алыстан қарасам,
Әнінде, күйінде қазақтың жаны бар.
Түп тамырымды тереңнен барласам,
Жырында, биінде қазақтың қаны бар.*

XXI ҚАЗАҚ

Қазақ! Ол кім және қайдан шыққан?

Қазақ Адам ата мен Хауа ананың ұрпағы екендігіне ешкім де шүбә келтірмейді. Дәуірлер, ғасырлар өтінде түрлі-түрлі тайпалар, ұлыстар, ұлыттар жер бетінде өз қауым-мемлекеттігіне әрқилы жолдармен жетті. Кез келген әулеттің, ұжымның, қоғамның силы адамы, көшбасшысы, елбасы болады. Ықылым ғасырлардың үн-ырғағын мен дөп басып айта алмаймын, бірақ, тарихи әдебиеттерді оқи отырып, ғұлама ғалымдардың зерттеу-туындаларын зерделей жүріп, қазақтың буырқанған бұлақ бастауы, өмір-өзенінің үш қайнар-қасиеті, түп-тамыры, ауыз толтырып айтарлықтай мақтанышы мына тұлғалар деп түйіндеймін: Әл-Фараби, Еділ, Шыңғысхан...

Шыңғысхан былай деген екен: «Бір істі бастасаң қорықпа. Қорықсаң бастама». Бұдан байқайтынымыз – Шыңғыстай атақ-даңқы жер жарған хан болып, топырақ бетінде ізі қалып, дүниежүзілік тарих тақтасының қас төрінен орын алуы қорықпауында, яғни, қаһармандығында. Қазақтың көзсіз батырлығы, қалтықсыз қаһармандығы өз бастауын Шыңғысханнан алғандай байқалады. Төмендегі бірінші суреттен, сарбаздар ортасынан Шыңғысханды көреміз.

Қазақтың ең алғашқы мекені – Алтай тауларының ең биік шыңы (ортаңғы сурет)

Бабадан – бабаның дара сөзі. Атадан – атаның сара сөзі. Әкеден – әкенің қара сөзі.

Ғұн дейміз! Сақ дейміз! Түрік дейміз! Атилланы аспандатамыз! Қазақ тарихы сонау ықылым замандарда-ақ өзінің түп тамырын жер-жаһанға

жайған, тұңғық-тереңіне түсірген. Қазақтың төл-тамырын сонау Ватикан, Қытай, Ресей мұрағаттарынан, музейлерінен іздеуіміз керек. Қазақтың болмыс-бітімін Марко Поло жазбаларынан жолықтыруымыз таңқаларлық жаңалық болмасы анық. Қазақ елінің тарихы қазақ жерінен әлідекайда алыс жерлерде жасырынып жатыр. Қазақ тарихы шексіз теңіз, түпсіз мұхит. Шексіз теңізді, түпсіз мұхитты хаттап шығу таусылмас ізденіс, зерттеу, зерделеу, оны таспа беттеріне том-томдап түсіру. Қазақтың сансыз ғасырлар сұрлеу-соқпақтарында шындалып, қалыптасқан озық үлгідегі сұңғыла санасы, ою-өрнекті өнері, рауанды рухына негізделген салт-дәстүрі, Құдайға шүкір, бар.

Бұлақ бір көзден бастау алады. Бұлақтар қосыла-қосыла өзенді құрайды. Өзендер суын теңіздерге төгеді. Теңіздер тоғыса-тоғыса мұхиттарды толтырады. Ал жан иесі жұп арқылы көбейеді: жанұя, әулет, ру, тайпа, жүз, ұлыс, ұлт. Мұнда бір жалқыға, екі жұпқа әкеліп саяды. Сондықтан да, адамның ғұмырын, шартты түрде, өмір-өзен деп алып, табиғат пен адамды бөлінбейтін, біртұтас болмыс ретінде қарастырған ой-толғамға қонымды. Адамға туған жері мен елі ыстық дүние. Қазақтың жері құрақты да майлы, елі шуақты да жайлы. Британдықтар Қаныш Сәтбаевтың ойы мен бойына таңқалысып:

-Сіздің ойыңыз жүйрік, бойыңыз биік. Қазақ ішінде Сізден сұңғағы жоқ шығар, - депті. Сонда атақты геолог-ғалым, қолыма-қол былай жауап қайырыпты:

-Қазақ халқының ой да, бойы да маған қарағанда анағұрлым биік.

Осы тұста мынаны айтайын. Қазақ тұлпар-пракка мінсе оның кеудесін ешкім де баса алмайды. Арғұмаққа қонған қазақ онан сайын биіктеп, жоғарыдан жортқан дұшпандарына сесін кезеп, шыңнан шынайы достарына сыйын безеп, заңғарлық рухтың риясыз рауанын дүниенің дінгегіне, әлемнің әулетіне жеткізеді.

Қазақ! Ол кім? Қазақ – адам. Ал адам баласы Адам ата мен Хауа анадан тарайтыны белгілі. Адамдар өсіп-өне келе, дамып бүгінгі күнгі ұлыттарды құраған. Сол адамның бір өскіні, сол ұлттардың бірегейі қазақ халқы. Жер-жерлерден табылған көптеген археологиялық жәдігерлер қазақ мәдениетінің өте жоғары деңгейде болғандығын ғылыми негізде растайды.

Қазақ халқы дүниеге перзент келсе қатты қуанып, шашу шашып, ат шаптырып той жасайды. Азан шақыртып есімін қояды (қойдырады). Балаға қойылған есім тағыдырына оң ықпалын тигізеді деп ырымдайды.

Ата-бабаларымыздың ескертуі бойынша, кісі үш мәселеде қателеспеуі керек:

Мамандық таңдауда.

Жар таңдауда.

Дос таңдауда.

Мамандық дегенім – нан табатын, күн көретін, өмір сұранысын қанағаттандыратын экономикалық негіз.

Жар дегенім – жанұяны жандандыратын, шанырақты шайқалтпайтын, өмірлік жан-жолдасың.

Дос дегенім – қуанышта да, реніште де қақ жаныңнан табылатын рухани демеуші, шынайы жанашыр, ғұмырлық пікірлес.

Біздің болмысымыз халқымыздың еркіндік, тәуелсіздік жолындағы ізгі ниетін, ұлтымыздың үлгілі ұлылығын, мәрттігін, қайсарлығын, адамзат алдындағы арлылығы мен адалдығын, алтын есік, алтын бесік – туған топырағымыздың ырыс пен құт, бақыт пен береке, шаттық пен мереке мекені екендігін паш ететін, туған елді, кіндік кесіп, өніп-өскен жерді мәпелеп жүруге, аялап сүйуге, оның атақ-даңқын асқақтатуға үндейтін үздік салт-дәстүр бар.

Қазақтың әні-күйі – бойға зор патриоттық сезім ұялататын бұлбұл да сандуғаш әуен-саз. Одан ел деп соққан жүректің лүпілі естіледі. Оның бойынан өміршең оптимистік рух лебі есіп тұрады. Ол кез келген азаматқа өршілдік қуатын береді. Соныман қатар, ұлттық сана-сезімнің әлеуметтік құбылыстарға әсерінің және қазақ ұлты төңірегінде топтасқан барша отандастарымыздың ортақшылдық ниетінің беріктігін айқын айғақтайды.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (Мұхаммед Қанапия) 1835 жылы Қостанай облысы, Саыкөл ауданы, Құсмұрын ауылында дүниеге келген – қазақтың ұлы ғалымы, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен «Шоқан» аталып кеткен.



Шоқан

Шоқан 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде қазіргі Қостанай облысы Әуликөл ауданындағы Құсмұрын жерінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол кезде Аманқарағай дуанының (орталығы Қараоба мекені) аға сұлтаны болған. Округ орталығы 1844 жылы Құсмұрын қамалына ауысқаннан кейін дуан аты Құсмұрын болып өзгертілді. Шоқанның өз атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Арғы атасы Қазақ Ордасының Ұлы ханы Абылай, Шоқан оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы қыс кезінде Обаған бойындағы Күнтимес ордасында, жазда Есілдің оң саласы Аққанбұлақ алабындағы ата жайлауда өткен. Әжесі Айғаным тұратын

Сырымбеттегі хан ордасында балдәуренін өткізген. «Жеті жұрттың тілін білуге, жеті жұрттың өнерін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, Күнтимес ордасындағы әкесі ашқан ауыл мектебінде хат таныған. Шоқан сол мектепте ортағасырлық қыпшақ-шағатай тілін меңгереді, парсыша, арабша тілін сындырады. Шоқанның жақын туыстарының естеліктеріне қарағанда, ол бала кезінен білімге бейім әрі құмар болған екен. Шоқан тарихи аңыз-әңгімелерге ерте бастан-ақ қызыққан. Ол жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, акындардың өлең-жырларын зор ықыласпен тыңдап өскен. Оған тәрбие беруде сұлтан әулетінен шыққан әжесі Айғанымның ықпалы күшті еді. Ол жас Шоқанға ежелгі қазақ аңыздарын, дастан-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін жиі айтып отыратын. Шоқан 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, мұсылман діні ілімімен танысты. Шоқан ауылдық бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды.

Шоқанның ата-бабалары атақты сұлтандардың әулетіне жатады. Оның арғы бабасы Абылай хан XVII ғасырдағы айбынды қазақ билеушілерінің бірі болды. Ал атасы Уәли хан патша үкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы еді. Шоқанның әкесі – Шыңғыс Уәлиханов білімді адам болған. Ол 1834 жылы Омбыда Сібірдің қазақ әскери училищесін бітіріп, орыс армиясында жоғары әскери шен - полковник атағын алды және Қазақстанды басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызметтер атқарды: Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болды. Россияның алдында сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. Шоқанның анасы жағынан туыс нағашылары — Бянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті. Шорманов Мұса орыс армиясының полковнигі, белгілі қазақ биі, Баянауыл сыртқы округының аға сұлтаны еді.

*Қамшының сабы сынды өмірде,
Өскен бірге гүлдей болған өңірде.
Қазақтың Шоқаны қандай еді,
Жұлдызы жарқыраған көгімде?*

*Қазақы домбыраны күмбірлетіп,
Қырандары тас-қияларды шалған.
Қазақтың дүлдүлдері дүбірлетіп,
Ән-әуен бұлбұлдары ұясын салған.*

*Үкілі бөрік киген қазақ қандай,
Арайын ақ таңның сүйген қандай?
Атаның өсиетін бағдар тұтқан,
Көңілдің түпкіріне түйген қандай?*

Аялап атаның махаббатын,

*Еліне сүйсініп бата алатын,
Жұрт сүйген ұлы дала бар,
Қазақ қазынасы аталатын.*

*Болмысыма тұмар байланған,
Жасырын жатқан – сырым еді.
Ғасырдан ғасырға жалғанған,
Ұлы дала – мәңгілік жырым еді.*

*Қырық ару керуенінің көшіндей,
Қазыл алма кербез сұлу төсіндей.
Күннің шуағына үңіліп тұрмын,
Сары дала, қызыл іңірі кешіндей.*

*Қайран қалып Алланың күніне,
Құлақ тосайық әнші құс үніне.
Сәтті күн, ақыл жеңер бәрін,
Сүңгіік інжу-маржан түбіне.*

*Аптақ әлем алдымнан ашылады,
Көңіл шіркін қалайша басылады?
Әсем әнге қосылып ыргақтары,
Аспанда нөсер сейіліп басылады.*

*Бұлбұл әнімді шырқайыншы,
Шоқанның есімі қалды ел ойында.
Сандугаш боп сайрайыншы,
Шоқанның жұлдызы ақ тойында.*

*Ғылым ғаламымен табыстырып,
Данышпандар даналығына ерейін.
Жұртқа Шоқанды таныстырып,
Өсірейін қазақ халқының мерейін.*

Қазақ халқының қысқаша тарихы

Қазақстан Республикасы – Еуразия кеңстігіндегі мемлекет. Республика жері батысында Еділ өзені алабынан, шығысында Алтай тауына дейін 3000 шақырымға, солтүстігінде Батыс Сібір жазығынан, оңтүстігінде Тянь-Шань тауына дейін 1650 шақырымға созылып жатыр. Жер ауданы 2724,9 шаршы шақырым. Көлемі жағынан дүние жүзінде 9-орында. Шекарасының ұзындығы 13,2 мың шақырым, әлем бойынша құрлығы ең ұзын ел.

Қазақстанның ең биік нүктесі – Хантәңірі шыңы (6995 м). Ол республиканың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Тянь-Шань тау жүйесінде

орналасқан. Ең төмен тұс – Қаракия ойысы. Ол Каспи теңізінің шығыс жағалауында теңіз деңгейінен 132 м төмен жатыр.

Орталық Қазақстан – республикадағы ірі индустриалды аймақтардың бірі, минералға бай. Бұл аймақта Қарағанды облысы бар. Ондағы өндірісті қалалар – Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған орналасқан. Аумағына Сарыарқаның ұсақ шоқылары тән келеді. Сарыарқаның Ұлытау өңірі – казак халқының ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды жадыда жаңғыртатын құтты мекен.

Солтүстік Қазақстан – елдің ең үлкен астықты аймағы. Сонымен қатар машина жасау және кен өндіру мен байыту, металл өңдеу өнеркәсіптері бар. Құрамына Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстары кіреді. Аумағында Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы орналасқан. Ірі қалалары: Павлодар, Петропавл, Қостанай, Екібастұз, Көкшетау.

Оңтүстік Қазақстан – ауыл шаруашылығына маманданған өңір, онда жеміс-көкөністер, мақта мен күріш өсіріледі. Оңтүстік-батысында әлемдегі ең ірі және ең тығыз жұмыс кестесі бар Байқоңыр ғарыш аймағы орын тепкен. Солтүстік Тянь Шаньдағы Кнгей Алатауының табиғаты көркем шатқалында орналасқан Көлсай көлдерінің маңында туризм жақсы жолға қойылған.

Шығыс Қазақстанның жер құрылымы биік таулы, жоталы. Шыңдарының көпшілігін мәңгілік мұздықтап тұрақтаған. Негізінен мал шаруашылығына икемделген. Ірі қалалары: Өскемен, Семей. Осы аймақтағы қарағай мен қайың, шырша мен терек өскен Қатон-Қарағай таулы орманында туризм жақсы дамыған. Шипалы суының құрамында көп мөлшерде көмір қышқылы, радон газы бар Рахман қайнары мен Марқакөл көлінің маңында панкотринмен емдейтін демалыс орындары халыққа қызмет қылады.

Батыс Қазақстан аймағы табиғи көріністерге бай, мұнда мұнай өнімдері, газ, химия өнеркәсіптері шоғырланған. Құрамына Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары кіреді. Үлкен Өзендері: Жайық, Жем, Сағыз. Көлдері: Индер, Аралсор, Қамыс-Самар және Каспи. Бекет Ата мешіті көзге ерекше көрінеді.

Менің Қазақстаным! Бұл адамның көңіл-күйіне, атап айтарлықтай, кереметтейін әсер етеді. Оны естігенде ел мен жерге деген сүйіспеншілік бойынды билеп, туған халқың мен туған топырағыңның алдындағы перзенттік жауапкершілік жайлы ойлар жадына оралады. Одан серілік пен өрлікке, жайсаңдық пен жасампаздыққа, парасаттылық пен патриоттыққа бастайтын ірілік күші мен ерлік рухы сезіледі.

Қазақта «Өр Алтай, Асқар алтай» деген қанатта сөз бар! Бұл деген казак тарихы алтай аймағынан басталады дегенге саяды. Бұл сөздің жалған еместігін дәлелдеу үшін тастағы жазуларға, архиологиялық қазба жәдігерлеріне және атақты тарихшылардың еңбектеріне сүйенеміз. ...Ғұн, сақ, түрік... деміз осыдан әкеліп қазақты шығарамыз. Орта азия мен осы

күнгі қазақ жерін VI ғасырды орта шенінен бастап түріктер жайлаған. XIX ғасырда архологтар таңқаларлық жазбалары бар құлыптастарды тауып алған. 1893 жылы ғана дат ғалымы Вильгельм Томсен бұл жазулардың құпиясын анықтаған. Енді сол құпиясы мол тастарға қысқаша ғана тоқталайын.

*Таудың шыңында тұрған,
Асыл тастан болды тұғырымыз!
Әлем көңілін өзіне бұрған,
Алтын үлгілі болды ғұмырымыз!*

*Тарихын тасқа түсіріп,
Білімнің құдығын қазған.
Атадан атаға көшіріп,
Жыр-дастанын жазған.*

*Қазақ затымыз кестеленген –
Биік шаңырағы, кең керегесі.
Хат-хабарымыз дестеленген –
Адамзатқа көрсетер өнегесі.*

*Қыл-қобыз зарлайды –
Біқылым заманнан сыр тартып.
Күй-домбыра барлайды –
Болашақ дәуірлерге жүк артып.*

Қазақтың бір байлығы бабалар сөзі, аталар аманаты. Бабалар сөзінде ұлттық салт-сана ұлағаты, ал аталар аманатында қазақы тәлім-тәрбиенің фибраты таза су айнасындай мөлдірейді.

...Бұл 1923 жылдың тамыз айының 18 – ші жұлдызы, жаңарған күн еді. Содан қайтып хат-хабар болған жоқ. 1926 жылы Арқадан Арғындар келіп еді, сұрастырсақ білмейтін болып шықты. Іле-шала кәмпеске басталды, тұрымтай тұсына, балапан басына кетті. Бұл қазақтың бір өткінші өмірі ғой, әйтеуір...

1.Бұғыт тасы VI ғасырдың 20 – 80 жылдары Монголиядағы Бұғыт тұрағында Таспара қаған құрметіне қойылған. Ол көп жерді жааулап алып, өз заманының ақылды да батыл қаған болған.

2.Тоныкөк тасы өзінің үкімімен 716 жылы қойылған. Тас Монгол Республикасының астанасы Улан-Батордан 60 шақырымдай арақашықтықтағы Баин-Цокто шатқалынан 1897 жылы табылған. Тоныкөк – Түрік басшыларының ақылшысы бола отырып, өте үлкен басшылыққа ие болған әскери қолбасшы дәрежесінде үстемдік жүргізген (682 – 744 жж.).

3.Күлтегін Түрік қағанатының ержүрек сарбазы, қолбасшы (718 жылғы табғандарға қарсы соғыс). Ол Білге қаған тұсында ғұмыр кешкен. Күлтегіннің тасын 1889 жылы орыс археологиялық экспедициясы Көші-Цайдам өзенінің оң жағалауынан кезіктірді.

4.Білге қағанның тасы 735 жылы Көші-Цайдам өзеніне таяу тұстағы тауаралық шұғыл тармағына орнатылған. Бұл осы күнгі табылған ескерткіш тастар ішіндегі ең ірісі.

5.Талас жазуы

6.Білге жазуы

5.6.Тастағы жазу ерте түрік және қытай тілдерінде мәтінделген. Мұнда Түрік халқының Білге қаған билігі кезіндегі ерлігі айтылады.

7.Білге қаған тасы

8.Тұрпан жазуы

9.Енисей тасы

10. Құпия тастар

11.Бұқар жырау кесенесі

12.Аймағанбет қажы тасы (Әрбір тірі жан иесі өліктің дәмін татады)

Ғылым. Өз тегінде қазақ халқының ғылым-мәдениет деңгейі мен өнер өрісі де өте жоғары болған. Бірақ, олардың барлығын бір-бірлеп таныстырып өтуді мақсат тұтпадық, тек, қазақ халқында осындай ғаламат ғылым-мәдениет, өркенді өнер болған еді, ата-бабаларымыз өз заманында оларды жетік меңгерген еді дегенді ғана мақсат еттік.

Өзіміз жаратылыс тану пәндерінің мұғалімі болғандықтан, осы екі ғылым саласына қысқаша тоқталайық.

Физика-химия. Қазақ халқы бұдан 7 – 8 мың жыл бұрын қола, мырыш, темір, қалайы, қорғасын, күкірт, сынап, күміс, алтын т.б. элементтерді жер қойнауынан тапқан, сондай-ақ, кейбір элементтерді араластырып, булап алуан түрлі бұйымдар жасаған. Қару-жарақ, сауыт-сайман және құрал-саймандар құрастырып, сәтті пайдаланған. Оған қазақ халқының ертеде жасаған әртүрлі заттық бұйымдары мен жоғарыдағы элементтер атының химиялық элементтер кестесінде сақталып отырғандығы және тарихи жазба деректермен бекітілгендігі, сақтардан қалған мыс кені, Орхон-Енисей құлыптастары, Күнес, Моңғолкүре, Үрімжі т.б. жерлерден табылған алтын, күміс, мыс, қола т.б. жасалған жәдігер-мұралар куә.

Астрономия. Қазақ халқы ертеден астрономия ғылымынан да сауатты болған. Мұнда тұтас аспан әлемі мен жер жүзін, жұлдыз, күн, ай, тау-тас, өзен-көл, өсімдік және жан-жануарларды түгел барлап, бақылап, түрлі жаратылыстық апаттардың алдын алып, мал-жандарын қорғап жүрген. Сондай-ақ, жұлдыздар, күн, ай аттарын ғылыми жүйеге келтіріп, күнтізбе жасап, оны ерте уақыттан бері пайдаланып келген. Тіпті, күннің қай күні жауып, қай күні ашылатындығын, күз бен көктемнің, жаз бен қыстың қалай

өтетінін бес саусағындай, анық біліп отырған, мал мен жанды жұтқа, апатқа бермейтін есепшілері болған.

Экология. Қазақ халқы қоршаған ортаны қорғауды сонау ықылым замандардан-ақ жетік меңгеріп, табиғат дүниесіндегі жан-жануарлар мен өсімдіктердің, жер мен көктің, топырақ пен судың бір-бірімен тығыз байланыста болатындығын, егер, осылардың әлде біреуі бүлінсе бүкіл экологиялық ортаға орны толмас зиян тиетінін өте жақсы білген. Экологиялық ортаны қорғауды ерте заманнан жалпы халықтық тұрмыс-салттарының маңызды бір бөлегіне айналдырған. Мысалы, құстардың ұясын бұзбау, жұмыртқасын шақпау, балапандарын өлтірмеу, аң-құсты қырмау, әсіресе, жалғыз ағашты кепеу, жалғыз аңды атпау, өзен-көлдерге дәрет сындырмау, шөпті жұлмау, таптамау, бұлақтың көзін ашу, бір тал ағаш кессе, орнына он тал ағаш егу, түнде от жақпау, далаға күл шашпау секілді толып жатқан ырым-тиымдары мен «Көшпенділер мәдениетін» дамыту, сондай-ақ, көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп төрт маусым қоныс жүктеп, жердің тұяқ кесті болып бүлінуінің алдын алып отыруы – теңдессіз ғылыми қазына. Міне, осы арқылы қазақ халқы жерді анасындай құрметтеп, қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап, өсімдіктер мен жан-жануарлардың өсіп-өркендеуіне мол мүмкіндіктер жасаған.

Қазақ жері не деген кең-жазиралы!? Қазақ елі не деген кең пейілді!? Қазақ халқы қандайын биік еді!? Әлемге қазақ жерінің дархандығын, қазақ елінің данышпандығын, сүйікті Отанының дарабоздығын өзінің қазақы, көркем келбетімен алғашқылардың бірі болып көрсеткен – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (Ғабдулғани) – геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.

Биыл аты аңызға айналған академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр. Кезінде Жезқазған-Ұлытау өңірінің тарихын, мәдениетін зерттеуде көп еңбек сіңірген ғұламаның есімін ұлықтау – өте маңызды міндет.

Қазақ жері не деген кең-жазиралы!? Қазақ елі не деген кең пейілді!? Қазақ халқы қандайын биік еді!? Әлемге қазақ жерінің дархандығын, қазақ елінің данышпандығын, сүйікті Отанының дарабоздығын өзінің қазақы, көркем келбетімен алғашқылардың бірі болып көрсеткен – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Нәрестеге Ғабдул-Ғани деген есім берілді. Үлкен ұлы Ғабдул-Ғазизді

еркелетіп Бөкеш дегені сияқты, Ғабдул-Ғаниын да анасы Әлима "Ғаниым, Ғанышым" деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Қаржас бөлімінен шыққан.

Дарынды ұлдың анасы Әлима Исақызы кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде дүние салады. Жас бала Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының мейірбан әрі құтты бауырында өсті. Болашақ ғалым өз әкесінен, ауыл молдасынан, оған қоса жергілікті төрт жылдық Ақкелін мектебінен алғашқы білімін алды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда аяқтайды. 1911 жылдан бастап Павлодардағы 2-сыныпты орыс-қазақ училищесіне аттанады. Аталған білім ордасын мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады.

1914 жылы Семей мұғалімдер семинариясына түсіп, оны төрт жылда аяқтап, бастауыш мектептерге орыс тілінен сабақ беруге құқық беретін куәлікке ие болады.

1918 жылдың күзінде Земство басқармасының қаржысымен Алаш қалашағында ашылған, ауылдық қазақ мектептері үшін мұғалім болудан еңбек жолын бастайды. Курс бастығы - Троицк медресесін тәмамдаған Мәннан Тұрғанбаев, оқу ісінің меңгерушісі Павлодарда және Семейде өзімен сыныптас - Жүсіпбек Аймауытов.

Томск технологиялық институтының математика факультетіне түсуге даярланады. Оқуға түсу үшін математика және ағылшын тілінен емтихан тапсыруы керек-тін. Осы мақсатта Томск университетінің математика факультетін бітірген Семей қаласында еңбек ететін Ғарифолла Нығметулиннен қыс бойы математика пәні бойынша қосымша сабақ алады.

1919 жылы қатты науқастанып, ауруханаға түседі. Ауруханада емдеген дәрігер С.Н.Разумовский науқасқа бұдан былай Семейде қалуға болмайтындығын ескетеді.

Қаныш Сәтбайев: «Одну тридцать шестую часть всего мира занимает свободолюбивый казахский народ. Свободный – вот его поэтическое название. Свобода – вот за что он непрерывно борлся в веках. Священ и велик в его сознании смысл этого слова...» (1949 г.)

Қай қырынан алса да, қалай дәріптесе де жарасатын ұлы тұлға Қаныш Сәтбаевтың қазақ ұлтына, жалпы, адамзат қауымына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қаныш еліміздің орталық бөлігіндегі табиғи қазба байлықтың кен орындарын ашып, бүкіл әлемді дарынымен таң қалдырған бірегей болмыс.

Неміс жазушысы Лион Фейхтвангердің «Талантты адам – қай істе болсын талантты» деген сөзі Қаныш Сәтбаев тұлғасын дөп суреттейді. Қазақ «Көп қырлы адам» деп баға беретіннің бірі, әрі бірегейі, ғалым, геологтығы өз алдына, инженер де өзі, заңгер де өзі. Қаламгерлігі, суретшілігінің өзі неге тұрады?!

«Ол – он жылдық қазақ мектептеріне алгебра оқулығын алғаш жазған. Ол – Абай шығармаларының алғашқы бір басылымының редакторы. Ол – Ер Едіге туралы жырға алғысөз, түсініктеме жазып, жинақ етіп шығарған.

Ол – Мұрын жырау мен Қырымның қырық батырын жазған. Ол – өз дәуірі тыныс-тіршілігінің шежірешісі» деп баға береді Қаныш туралы қаламын тербегендер.

Егер табиғаттың тілін түсінбесе, өзі айтқандай, туған жерінің тағыдырына толғанбаса, ол туралы ойланбаса, туған жердің қара тасын мақтан ете білмесе, туған жерінің тауы мен тасын дәл Сәтбаевтай зерттей алу мүмкін емес. Елінің әр тауын, әр тасын қадірлеп, жанымен сезіне білу – Қаныштың ең басты қасиеті. Өзінің елінде өмір сүру және жұмыс істеу секілді зор құрметтің үлесіне тигендігін өзі үшін ол ең үлкен бақыт санады. Оның еліне деген құрметін Ангияға барған сапарында У.Черчилльдің «Сіздің елде қазақтардың бәрі сіздей биік пе?» деген сауалына «Ол не дегеніңіз, халқым менен де биік» деп жауап бергендігінен-ақ байқаймыз.

*Семізбұғы, Қызылтау, Баянтау –
Бір-бірімен үйлесімді жалғасқан.
Көреген көзге түседі Ақбеттау –
Таң шапағы сұлуымен таласқан.*

*Балалықтың бал дәурені жадымда,
Шалқар жаққа шығушы едік бесінде.
Жора-жолдас жүретін жанымда,
Қызыл іңір, қараган сайының ішінде.*

*Ән тербеп, ұлы даланы күй кернеген,
Төбе-жоталар жүрер жолды қиялаған.
Қазақтың кең маңдайлы перзентіне,
Жыр-дастанның нұр жауһары ұялаған.*

*Баянаула – жер сәулеті,
Көркіңді көріп қайран қалам!
Есте Сәтбайдың әулеті,
Қаныш ғалымнан өнеге алам!*

*Жер қойнауын зерттеп,
Пайдалы қазбаларды ашқан.
Құла тұлпарын ерттеп,
Айналасына шуағын шашқан.*

*Англияда мәжіліс құрып,
Қазақтың бойын өсірген.
Туған топырағында тұрып,
Елді жезді өңіріне көшірген.*

Қазақ ұлы даланың иесі,

*Еркіндікті, елдікті төр еткен.
Елге қымбат жер киесі,
Бесігінде бірлікті тербеткен.*

*Ұлылығына ел тамсанды,
Қаныш жарқырады жасындай!
Қаныш еркіндікті аңсады,
Таудың қыран-бүркіт құсындай!*

*Ғылымның шыңын алған,
Ұлы ғұламалықтың ұраны!
Ғаламшарда есімі қалған,
Қаныш, қазақтың қыраны!*

Ақжар ауылының қариясы, руы Бабас – Жанқозы – Шегіртке сопыдан тарайтын, сол кездегі бесінші сынып оқушысы, Шайхыислам Сағындықұлы Қойлыбайтегінің айтқаны: «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1950 жылы Жоғары Кеңестің депутаттығына үміткер болған тұста, қазырғы Бұқар жырау ауданындағы Үлгі ауылына ақ түтек, ат құлағы көрінбейтін боран күні, кешкі ымырт уағында жетті. Қанекенді ауылдың үлкен-кішісі ерекше ізет-ілтисиппен, тік тұрып, көтеріңкі көңілмен күтіп алды. Ғалым ауылдың барлық адамымен қол ұстасып, асқан әдептілікпен, ерекше мейірімділікпен, сондайын сғынышпен сәлемдесті. Атақты ғалымның бойының биіктігіне, қолының жұмсақтығына, кереметтейін кішіпейілдігіне, жас бала болсам да, қайран да қайран қалып, қатты таңдандым! Ол Шәдетов Жұмаштың үйінде аса құрметті қонақ болып, алыс жолдан шаршап-шалдығып келгендігіне қарамай, тартымды да тағылымды, қазақы әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге, тәлім-тәрбиеге өте бай, ғибратты әңгімелерімен, үй ішіндегі жұртты әп-сәтте, толығымен баурап-ақ алды. Ертеңгісін түтеген боранның кесірінен, өкінішке орай, туған топырағы, Теңдікке табан тірей алмай, Керней мен Ағабс ауылдарына көш басын бұрғызып, Алматы қаласына жол тартты.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Ақши ауылында Төлеубек есімді шебер атарба мен атшананы бабына келтіріп, әшекейлеп жасайды екен. Бірде ресорлы, жеңіл, оймақтай арбаға Нөгербай молла қызығып:

-Төлеубек мына арбаны маған бер, - дейді. «Сүрінбейтін тұяқ жоқ, Жаңылмайтын жақ жоқ» сынды қазақ мақалында айтылғандай, шебер арбаны қимай, не ия, не жоқ деп тіл қатпай, тақыр жерге қаққан қазық тәрізді, үн-түнсіз, мелшініп қала береді. Сонан соң Төлеубек кісікйіктік дертіне тұмшаланып, тірі жанның көзіне түспей, түнекке тығылуда күні мен түнін өткізе береді. Мұны байқаған ел-жұрт:

-Төлеубекке нендей жың жабысқан? Көзіне адам көрінсе көрпеге оранып, тығылып қалады. Сөзден сөз шығып, Төлеубектің Нөгербайға арбасын бермегендігі ел-жұрттың құлағына желпінген желдей есіп жетеді. Бірде ауылдың ақсақалы:

-Төлеубек, Нөгербайға арбаңмен қосып ат-шапан айыбынды бер, қарғыс қырсығын қайыру ниетіңмен, молладан кешірім сұра дейді. Төлеубек қарияның айтқанын екі етпей орындап, жеті күн өткенде, тал-бойына жабысқан жаманнан тазарады. Сонда Нөгербай:

-Төлеубек, мен саған теріс батаны әдейілеп бермедім, бірақта қалауыма қарсылық келтіргеніне іштей ғана ренішімді сезіндім дейді.

Міне, осындай адам баласы нанғысыз, шын мәнісінде болған оқиғаны Қанекен жиналғандарға сол түнде әсерлі жеткізген еді. Өмір шындығынан алынған бұл мысалдан тіл-көздің, ішкі сезімнің, терең түйсіктің адам психологиясына оң немесе теріс әсерін тигізетіндігі, қазақ болмысындағы салт-дәстүрдің, атап айтқанда, қолдың кеңдігі мен тарлығынан көрінер нәтижеден хабардар етіп, адамның сана сандығына ойдың алтын дәнін себеді. Бұл «Кендік – жұмаққа кіргізеді. Тарлық – дозаққа енгізеді. Берген қолым – алаған, алаған қолым – берген. Қайырлы іс-шарада береке, адамның қалаған дүниесін бергенде мереке бар» деген ұлылар ұғымына пара-пар түсетіндігін, ойша топшыладым. «Жанның алауы, Жүректің қалауы» тұжырымынан туындайтын қазақы салт-сананың ұлағатында ерекше ерік-жігер мен керемет күш-қуат жасырынғандығы, Ақши ауылында болып-өткен оқиғадан ап-анық байқалады.»


*Ақбеттегі елімде –
Көңіл-күйім кеңдігім!
Баянаула жерінде –
Туған жерім Теңдігім!*

*Әрдайым сенде назарым –
Баянтауымдағы киелі киігім!
Қарға тамырлы қазағым –
Бәрінен де биіксің зой биігім!*

Ә.Жапаровтың 1911 жж. Павлодардағы училищеде оқып жүрген кезін суреттейтін әңгімесінде айтылғандай, жақсыны көретін көз, оны түйсіне білетін көңіл арқылы туған жерінің әр тасынан байлықты, игілікті көре білген зеректігі, еліне деген асқан сүйіспеншілігі Қанышты ұлы ғалым етті. «Ақбеттің биік құзын, қалықтай ұшқан қос сұңқарын, ит тұмсығы өтпейтін қарағай орманын, көгілдір Жасыбай көлін» қағаз бетінде көрсете алуы, елінің желін әуен қылып, музыкаға қосуы, зерттеу жүргізген жерлерін көркем-шұрайлы тілмен жеткізіп, бірнеше жылға болжам жасай алуы – ғалымның көп қырларының бірі ғана көрінісі. Шыныда да, геологияға сіңірген еңбегі үшін-теңіз Қанышқа қазақ қана емес, бүкіл әлем қарыздар. Ғалымдығы мен ғылымға сіңірген еңбегі жайлы баға беру қолдан келмес, бірақ, халқына ғалымдығымен мәңгі таусылмайтын «қазына көтеріп кеткенін» айту – парыз! Шексіз кеңітікте, уақыт ырғағында, Күн жүйесінде, өзге планталармен бірлесіп, «Сәтбев ғаламшары» (планета) да қалықтауда!

Шаттық шаңырағы

(Киіз үй – Мәгілік елдің Ақ Ордасы)



Киіз үйден ғарышты игеруге дейін (кеше, бүгін, ертен).

Киіз үй – қазақтардың көшіп-қонуға ыңғайлы баспанасы. Ол тарихымыздағы ең бірінші, ең қолайлы, ең жеңіл сәулеттік нысан. Үйдің іші қыста – жылы, жазда – салқын.

Киіз үй шамамен алғанда, кейінгі дәуір б.з.б. VIII – V ғасырларда пайда болған деп топшылаймын. Киіз үй ғұн дәуірінен белгілі. Ежелгі көшпенділердің үй-көрсетілімдері, суреттері жартасқа ойылып салынған.

Киіз үй қолданысы мен үй иелерінің дәулетіне қарай әртүрлі болып келеді. Орда – салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар басын қосып, елдік мәселе шешетін немесе ерек құрметті хан, би, сұлтан, батырлар отыратын үй. Орда алгоритімі:

Алтын орда – 30 қанаттан тұратын ханның мәжіліс ордасын.

Алтын үзік – 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.

Ақ-ала орда – 8 қанатты өте дәулетті бай үйі.

Ақ үй – 6 қанатты дәулетті бай үйі.

Боз үй, қоңыр үй – 4-5 қанатты орташа үй.

Қараша үй – кедейдің үйі.

Отау – жас жұбайлардың үйі.

Осылардан байқағанымыздай, Шыңғыс хан дәуіріндегі Ақ орда, Көк орда, Алтын орда дегендердің өзі, кенейтілген киіз үйдің бейне-болмысын, көз алдымызға келтіреді.

Киіз үй – жер бетіндегі ең көне тұрғын-жай

Төрт мезгілдік қоныстан қонысқа көшіп жүруге қолайлы құрама үй, қазақтың ең алғашқы, ғылыми көзқарасқа сай келетін сәулеттік құрылым.

Қазақы ұлттық бояу, болмыс тынғылықты танылады. Табиғи дүлей күштерге төтеп беретін, тұрмысқа қолайлы, қауіпсіз тұрақ. Киіз үйдің негізгі бөлшектері: кереге, уық, шаңырақ, есік.

Киіз үй – дүниетаным мен космогониялық түйсік-түсінікке байланысты рухани-фәлсафалық, әлеуметтік, тұрмыс-тіршілік, қарым-қатынасының жарқын айнасы. Үйдің іші-сыртына аздап мән-мағна берейін. Қонақтарды жасына, ел арасындағы беделіне байланысты төрден бастап орын-орындарымен жайғастырады. Қасиетті төрге аса силы адамдар отырады.

Киелі қара шаңырақ – үздіксіз ұрпақ, үлгілі дәстүр символы, бауырлық, бірлік пен беріктіктің белгісі, мәңгілік өмір мен жарық дүниенің куәсі іспетті. Қара шаңырақтың қысқаша мән-мағанасы:

1.Әрбір әулеттің қара шаңырағы киелі орын болып саналады. Оған кіріп келе жатқан әрбір адам ізеттілік жасап, басын иіп, оң қолымен жүрегін басып сәлем салуы парыз, ол қазақтың салт-дәстүрінде ежелден бар нәрсе. Қара шаңырақ әулет мүшелерінің жиналып тұратын орны, ерекше немесе өмірдегі шешуші сәттерде бата беретін не алатын бас ордасы. Қара шаңырақтың болашақ иесі, әкенің ісін жалғайтын мұрагер, жанұя дәстүрін сақтайтын адам, негізінен, кеже ұл.

2.Мәдени немесе үкіметтік зәулім ғимраттар – қара шаңырақ. Ғимраттың саханасы киелі орын, шаңырақтың қак төрі болып саналады. Сахана қоғамдық немесе мәдени қайраткерлерге шабыт пен жігер келтіреді, адамдарға ерекше күш пен қуат береді. Мұндай саханада ғылым мен өнер тарландары халқымен қауыша сұқпаттасып, дарын нәтижесін паш етіп, оларға жүрек жарды энергиясын сыйлайды.

3.Ауыл – қара шаңырақ. Оның иесі, ақылшысы ауыл қариясы немесе аса беделді адамы. Олар ауылдастардың салт-дәстүрді берік ұстануын қадағалап, ықпалдарын тигізіп отырады, тұрғындардың кейбірін ақылға салады, жан-жағына байыппен қарауды үйретеді, дұрыс ел болуға баулиды, қонақ-жиындарда тәлім және тәрбиелі сөздерін айтып, ақ баталарын беріп отырады.

4.Қазақстан – қара шаңырақ. Оның тұрғындары Қазақстандықтар, киелі төрі Ақ Орда ғимраты, шаңырағы Қазақтың дархан жері, оның заңды иесі Қазақстан Республикасының Президенті, жол сілтеушісі Қазақстан Мемлекетінің Ата Заңы, елді сипаттап танытушысы Мемлекеттік рәміздер.

5.Жер ғаламшары бүкіл адамзаттың қара шаңырағы, үлкен үйі, құтты мекен – тарихи құтты тұрағы. Шаңырақтың иесі адамзат, төрі әрбір кісінің туып өскен, кіндік кескен мекені, ақылшысы – асқан адамгершілік қасиеттер, данышпандық ой-тоқтамдар, адамдар арасындағы ұлы достық деңгейіндегі қарапайым қарым-қатынас. Достық дегеніміз көңіл толқындары жарасымды адамдар арасындағы сезімді бөлісу, өзара жарасымды сый-сипат көрсетісу. Доссыз өмір тұзсыз ас тәрізді, дәм-татусыз болады. Доссыз адам тамырсыз ағашпен пара-пар, өзінен-өзі қуарып, аяғында солып қалады. Балдай тәтті балалық шағындағы достық –

ыстық достық, ақыл тоқтатқаннан кейінгі достық – құнды достық, өмірлік достық – шынайы достық, шет елдік достық – халық аралық достық, ең бірегей мәуелі достық – ол асқақ рух деңгейлі ұлы достық! Ел-жұрт сенің достарыңа карап, баға береді, адамдар арасындағы беделінді байқайды, қандай жан иесі екенінді айна қатесіз айырады, халықтық, дұрыс баға береді. Шынайы, адал достарың көп болғанына не жетсін? «Достары көпті жау да алмайды» деп Қазағым бекерден-бекер айтпаған ғой!

Жоғарыда айтылғандардан «өз отынды өшірме» деген халық нақылы ойға оралады. Бұл деген жанұяның да, жалпы өнердің де өркендеуін сипаттайды, діл мен діннің рухтық қуатын қолдауды меңзейді, ұлттық мүддені өз тілегіннен жоғары қоюға, салт-дәтүрдің тозығын тастауға, озығын алуға, оны дамыта жалғастыруға ел-жұртын үндейді.

«Өз үйім-өлең төсегім» демей ме – қонақжай қазақ. Үй, ондағы сүттей ұйыған жанұя үлкен мемлекетіміздің тірегі, кіші отаны, негізі.

Киіз үйдің құрылымы, эстетика-тәлімдік және ғылыми сипатына тоқталайын:

Тарихты зерделеп, ауыл қарияларының әңгіме-дастандарын саралап, ата-бабаларымыздан мирас болып, қан арқылы жалғасқан зерде заңғарына сүйеніп, мынандай ой-түйіндерімді айта аламын: қазақ досына жайлы, инабатты, қонақжай халық болған, ал дұшпанына ымырасыздығы, қайсарлығы, батылдығы, батырлығы және сөз өткірлігі құдіретімен ерекшеленеді. Мұндай қастерлі қасиеттер адамға кіндік кескен жерінен, ошақ жылуынан, от басынан, ата-бабаның озық салт-дәстүрінен дариды.

Қара шаңырақтың киесінен жан-дүниесі асыл, пейілі кең, сымбаты келісті, ерік-жігері мықты, білімі ұшан-теңіз, өнері асып-тасыған мәуелі ағаш іспетті, сегіз қырлы, бір сырлы, нағыз қазақы тұлға шығады. Жарқын болашаққа деген үміт-мұраты айқын, арман-тілегі асқақ, Оанының патриоты – от жүректі азаматтар көбейе түседі. Елін, жерін сүйер ұрпақтың жүрегі әр уақытта «Отан», - деп соғады, ұлағатты дала мен кара шаңырақтан даналық дәнін өз зердесіне ұялатады, құяды, сіміреді. Яғни, ғұламалық көзі туған жерді, өсіп-өнген ел-жұртты, ордалы Отанды қастерлеумен есептеледі, өрелі бас үйдің төріндегі қариялардың өсиеттерімен өрімделеді. Шаңырақта хатталған сөз сарасы, шырқалған ән әуені, мың бұралған би қимылы, сиқырлы домбыра мен күніренген қобыз үндері қазақтың сана-сезіміне сіңіп, ой-өрісін кеңейтіп, ағзаға таза ауадай, мөлдір судай, қасиетті нандай сіңімді болып, рухымызды табиғат кереметтерімен де, ғарыш тұңғыықтарымен де байланыстырып тұрары хаһ. Жаһанданудың кара шаңырақтан бастау алатынын, әлбетте, ғылым мен өнер майталмандарының әлемдік сахна төрінде, Қазақстандық дарабоздар жеңістерінен көреміз, олар бүкіл дүние жүзілік деңгейде көк Туымызды желбіретеді, Ел Таңбамызды жарқыратады, Ән Ұранымызды шырқатады! Ғылым мен өнердің шыңын алу, олимпиада чемпионы болу, биік-биік таулардың ақ басты шындарын бағындыру, ғарышты адамзатқа қызмет еткізу, бүкіл әлемдік деңгейлерге жете беру, жете беру, яғни төрткүл дүниенің назарын Қазақстанға аудару,

оларға үлгі болу деген сөз түйіні ғой. Қоғамның эволюциялық дамуы, оның ішінде, білім, ғылым, өнердің, жалпы мәдениеттің қарқынды дамуы, Алла жазса, Қазақстанды айтарлықтай айғақты, таң-тамаша қаларлық нәтижелерге алып келеді, әлеуметтік сананы жоғарлата түседі, рухты түлетіп, оны асқақтатады, Қазақ ұлты дүниежүзілік сахнада алтын тұғырлы орынын алып, жарық жұлдыздай жарқырай түседі, жарқырай береді!

*Ұлы бардың қызықты ізі бар,
Қызы бардың қылықты ісі бар.
Елдің жақсы атын шығарар,
Ұлы далада данышпан кісі бар.*

*Жарлы жерге еліңді көшірме,
Төрелі шаңырақтың аталы киесі бар.
Арда қазақтың сөзін өшірме,
Зәулім шаңырақтың баталы иесі бар.*

Ата мен әже, әке мен шеше ұрпақтарын табиғат анамен тілдестіреді, құстардың сазды әнін тыңдатады, мейірім мен парасат шапағын олардың періштедей пәк жүрегіне құяды. Ұрпақ біздің келешегіміз, жалғасымыз. Адамзат ұрпақтарымен мәңгілік, оларға ең керегі шаңырақтарының еш уақытта шайқалмауы!

Киіз үйге байланысты, төмендегідей қанатты сөздер ойға оралады: «Біреудің қанжығасын қиып алсаң, өз айылыңнан айырыласың», «Босағаны керме, есігің ашылмайды», «Үйін жанға толсын, қораң малға толсын», «Босаған берік, шаңырағың биік, бас арқаның берік болсын», «Мал-жаның өрісті, жан ұяң келісті болсын»...

Киіз үй элементтері.

1. **Табалдырық** – босағаның төменгі ағашы, дала мен үйдің шекарасы. Үйге табалдырықты аттап кірген жөн, ол екі әлемнің шекарасы.

2. **Босаға** – есіктің сол және оң жақтаулары. Қазақ ырымында «босағаны керме» дейді. Босағалар табалдырыққа перпендикуляр және өзара параллель кесінділер.

3. **Есік** – кеңістіктегі жазықтық. «Есігің жабылмасын» дегені, үйге көрші, туыс, қонақ (құдайы, мейман, кезбе...), бала, немере, шөберелердің келіп тұруларын меңзейді.

4. **Кереге** – киіз үйдің қаңқасы, іргесі. Кереге тор көзді болып келеді – формасы өзгеріп тұратын геометриялық фигуралар. Кереге - өмір тынысының қанаты.

5. **Уық** – кереге мен шаңырақты жалғастыратын бір басы иіктеу ағаш. Уықтарды ойша адамдармен салыстыруға болады. Ғылыми мағынада уықтар күн шапағын білдіреді.

6. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, етегі шеңбер іспеттес, мәңгі өмірдің түсінігі. Шаңырақ – уықтарды біріктіріп, адамдарды өзара силастыққа, ымыраға шақырғандай. Шаңырақ – киелі орданың шыңы. Шаңырақ бақытты отбасының жарасымын көрсетеді.

7. Басарқан – киіз үйді беріктейтін жылқы қылынан өрілген жіп. Адамдарға «белінді бекем буып, ісіңе мықты бол» деп айтатындай, астрономиялық терминде – орбита (экватор).

8. Киіз үй – бұрынғы ата-бабаларымыздың негізгі тұрағы, баспанасы. Киіз үйдің астрономиялық негізін аспанның жарты сферасына балаймын. Киіз үй – далалық ежелгі обсерватория. Шаңырақтың ең жоғарғы нүктесі – зенит. Шаңырақ – жұлдыз немесе күн. Уық – күн сәулесі. Кереге – доға, керегелер – доғалар жиынтығы, біріге келе шеңберді құрайды. Табалдырық – екі кеңістіктің шегі. Бас арқан – жұлдыз траекториясы, киіз үйдің жермен шектелетін шеңбері – көкжиек. Киіз үйдің сыртындағы, керегелерді әшекейлеп тұратын ою-өрнекті дөгелектер параллелдердің, ал уықтар мердиандардың сұлба-кескінін суреттегендей.

Киіз үй – келешектің зәулім, компьютермен жабдықталған ғимраттың, оның ішінде, оқу орындарының (компьютерлік сыныпты), не болмаса ғарыштық кемелердің символы. Келешекте Қазақстанда биіктігі 777 метір болатын, төбесі күмбезделген, дүние жүзіндегі ең биік, компьютер тілінде адамдарға қызмет ететін, өзі электр қуатын өндіретін, басқа да экономикалық, мәдени, әлеуметтік қызмет атқаратын, интернетпен қосылған болашақтың адам нанғысыз, керемет, зәулім үйі. Қазақстандық ғарыш кемелері мен жер серіктері халыққа бейбіт қызмет жасайды, ғылымды, экономиканы, мәдениетті дамыта түседі.

9. Ошақ – киіз үй центрііндегі от жағатын орын, шамшырақ – термоядролық реакция жүретін күн яросы тәрізді. «Ошағың сөнбесін» деген сөйлемнің мағынасы – ұрпақтардың жалғасуы. От, ошақ – энергия көзі. 2015 жылы Ақтау, Балхаш, Курчатов қалаларында АЭС-ы салынса, Қазақстанда энергия мәселесі толығымен шешіледі, әлеуметтің әл – ауқаты, қуат – дәрежесі жоғарлайды, халыққа құт – береке келеді.

10. Бақан – шаңырақтың тіреуі, алтын қазығы, зенит пен надирді басып өтетін тік сызық, сфера жазықтығына перпендикуляр...

Қазақтардың киіз үйі көшпелі тұрмыс-тіршілікке арналған, мұндай орташа үй бір түйенің жүгі боларлықтай ғана ескерілген. Қанаттар киіз үйдің барлық қабырғасын қамтиды, ал ағаштан жасалған кереге, уық, шаңырақ қаңқаларының үстінен жылдың мезгілдеріне орайластырылып, сырттағы температураға байланысты қабат-қабатпен киіз жабылады. Бірнеше қабат киіз үйді жауын-шашын, аяз-бораннан өте жақсы қорғайды. Кереге торлары бір-бірімен қайыспен біріктіріліп, лезде жиналады, тез жазылады, киіз үйді тіккенде де, жыққанда да көп уақыт алмайды және де өте ыңғайлы. Үйдің қабырға-іргесін қоршаған керегелер екіден сегізге дейін болады, керегелердің барлығы біріне-бірі жалғасып, байланғанда қанаттар құралады. Иілген ұзын ағаштар киіз үйдің күмбезін құрайды, уықтардың

төменгі ұштары керегеге байланады, ал олардың жоғарғы ұшы күмбездің төбесіндегі шаңырақ бүйіріндегі тесіктерге кигізіледі. Киіз шеңбері мен уықтарды өзеннің жағасында өсетін қара талдардан иеді. Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал тәрізді түрлері кеңінен қолданылады. Яғни, киіз үй қаңқасын жасауға аса қолайлы ағаш түрі – иілгіш тал. Талдан жасалған уық-керегелер жеңіл әрі берік келеді, ал қайыңнан істесе – үй өте мықты, бірақ та салмақтырақ болады. Киіз үйге орнатылатын ағаш есік «сықырлауық» деп аталады. Сықырлауықтың бөлшектері өзара, бір-біріменен шегесіз бекітіледі. Есіктің жоғарғы маңдайшасына таға бекітіліп қойылады. Ол қазақтың ырым-нанымында, ұзақ жолға шығатын адамдарға ақ жолтай сапар, үй ішіндегі кісілерге, жанұяға таусылмас құт-береке, мықты денсаулық пен ұзақ өмір тілеп тұрады дегендей.

Шаңырақ деп киіз үйдің жоғарғы тұсындағы күмбез пішінді дөңгелек ағашты атайды. Шаңырақ жер ошақта жағылған отынның түтінінің шығуына, күдіз үй ішіне жарықтың түсуіне, содай – ақ, іш ауаның үздіксіз конвекциялық негізде ауысып тұруына өңтайлы. Шаңырақ жіп арқылы, арнаулы киізбен керегінше ашып-жабылады. Үйге жабын киіздер ауданы жағынан да, аталуы жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Керегелерді жабатын төменгі тұстың киізін туырлық десе, жоғарғы жақты – уықты жабар киіз дейді. Шаңыраққа тартылатын квадрат пішінді жеңіл киізді түндік дейді. Киіз үйдің көп тараған түрі – алты қанатты үй, ол алты керегелі. Киіз үйдің көлемі қанат санымен пайымдалады. Қанат санына орайлы кереге бастарының саны, неше уық қажеттігі шығады. Екінші өзгешелік, кереге көздерінің үлкен-кішілігіне қарай тор көз кереге (бір жұдырық сиярлықтай) және жел көз кереге (қос жұдырық сиярлықтай) болып екі түрге бөлінеді.

Киіз үй мәдени-тұрмыстық және саяси-экономикалық тұрғысынан мынандай түрге бөлінеді: көктем-жаз-күздік қоныс аударуға негізделген тұрғын үй; той-томалаққа құрылатын салтанат үй; соғыс-жорыққа сайланған кеңсе үй; қару-жаракқа қажетті қойма үй; тамақ-қоймаға арналған ас үй. Хан шатыры, ақ орда, ақ үй, боз үй, үлкен үй, отау үй болып киіз үй атаулары жалғаса береді.

XIX ғасырдағы қазақтың би-хандары орыс патшаларына сыйлаған немесе түрлі көрмелерге жіберген киіз үй қаңқасын таза күміс не күміс жалатылған темірден жасатып, үйдің іші-сыртын алтын ұнтақты өю-өрнектермен әшекейлетіп безендірткен.

Біздің заманымызда киіз үй жасау жетілдірілген, тың техника-технологиялық негізде өнеркәсіптік жолға қойылып, онымен арнаулы кәсіпорындар айналысады. Олар киіз үйдің архитектура-кострукциялық құрылымын берік сақтай отырып, химия мен физика заңдылықтарын ұтымды пайдаланып, жалпы алғанда, ғылым жетістіктеріне сүйеніп, жоғары технологияға негізделген үй моделдерін XXI-ші ғасырдың тұрмыс-тіршілігіне дизайн, эстетика және экологиялық тұрғыға сай етіп жасай

бастады. Мұндай асқақ моделді киіз үймен үйлестірілген зәулім құрылымдар (куполды), кішілі-үлкен шаһарларға сән-салтанат беріп, қазақтың тағылымды тарихынан әрлі де нәрлі сыр шертіп тұрары хақ. Дана халықтың мәдениеті, өнері, тілі және асқақ рухы еш уақытта өлмек емес, себебі олар бір-бірімен талай ғасырлық берік байланыста шынығып, мұқалмас алмас семсер тәрізді шындалған. Бұған мен кәміл сенемін.

Ия, бірінші Алла деймін! Жаратқанға шүкіршілік айтамын. Қазақтың қызғалдағы құлпырған, жусаны мұңкіген, төрт түлігі жайылған, дархан даласы бар. Күн шуақты, нұр жазиралы, құнарлы да киелі жерінде еңселі қазақ халқы бар. Қазақтың от-ошағы өшпей, қастерлі де қасиетті шаттық шаңырағы биік тұр. Дархан даласында, еңселі елінде, шаттық шаңырағында қаһарман қазақ халқының сәулелі санасын, заңғар зердесін, бай болмысын ескеріп, ұлттық, озық салт-дәстүрді елдік-ерліктің елеуішімен сұрыптап, уақыт төрешіге тексертіп, тарлан тарихымыздың қалауымен тұмарланып барып қабылданды. Бұл дегенім, қазақтың салт-дәстүрінің ірге-тасы ғылыми негізде қаланғандығы. Осынау арда қазақтың, теңіздей терең-телегей, ұлттық салт-дәстүрінің бір түйірін ғана сіздерге термелеп берейін.

XXII ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ

Жеті ата. Жеті атаға дейін қазақ туыстық қатынасты үзбейді. Сондықтан жеті атаға дейінгі ұл-қыздарға үйленуге рұсат жоқ.

Шашу – қуанышты күндері шашылатын тиын, құрт, ірімшік, кәмпит т.б. Тұсау кескенде, сүндетке отырғызғанда, келін түсіргенде, күйеу бала үйге келгенде, жүйрік ат бәйгеден озғанда, алыс сапардан жолаушы оралғанда т.б. жағдайларға байланысты жұрт жиналған жерде шашылады. Әдетте жасы үлкен әйелдер, ардақты әжелер шашады да, оны жұрт жиып алады.

Құдалық – түп тамыры тереңде жатқан ұлттық салт-дәстүр. Жаңа туыстық қарым-қанынастың ақ бастауы. Некелесу салтында ата-ананың ризашылығы – ең басты шарт. Құдаласу қызға сырға салумен басталады. Оған жігіттің ата-анасымен бірге 3 – 4 туысы еріп барады. Құдалыққа жігіт жағы ерекше дайындықпен барса, қыз жағы құдаларын лайықты түрде күтіп алады. Оны бастап баратын беделді, жасы үлкен адамды бас құда деп атайды. Жігіт әкесі – бауыздау құда. Келген құдалардың алдынан арқан керу, төс қағысу, құйрық-бауыр асату т.б. кәделер жасалып, сый-сыяпаттар таратылады.

Адам адамға қарап, ағаш ағашқа қарап өседі деп білген қазақ халқы: «Қызым жақсы болсын десең – қылықтылармен ауыл бол» дейтін халық даналығын берік ұстанып, қыз балаларды ес біліп, етек жаба бастаған кезден-ақ өнерлі, текті, тәрбиелі, адамгершілігі жоғары кісілермен барыс-

келіс, алыс-беріс жасап, олармен көрші отыруға, бірге жүруге құлшынған, әрі ресми тәрбие жүргізе бастаған.

Мұнда, білікті аналар сәби қыздарын бір тізерлеп отыру, қалай болса солай отырып тұрмау; үнемі «сіз-біз» деп сөйлесу, тасыр мінез, кеселді сөзден аулақ болу; кісі бетіне, әсіресе ер адамдардың бетіне қылымсып немесе тіке қарамау, тамақты ауыз толтыра асап, былшылдатып, шалпылдатып шайнамау; ыдыс-аяқты жуғанда сылдыратпау; үлкен адамдар келгенде тұрып жол беру, аман-сәлем жасау, ата-ана мен үлкен кісілер арасында отырғанда білермендік істемеу, сөзге қыстырылмау, «Шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» дейтін халық даналығын есте берік сақтау; көпшілік ортасында жыртақтап күлмеу, арын таза сақтау, ата-анадан рұқсатсыз жөнсіз қыдырмау сияқты істерден егжей-тегжейлі тәлім-тәрбие жүргізеді.

Ұлағатты аналар әр жолғы бас қосулар мен дастархан бастарында қыздарына: «Семіз қыз – жұт, арық қыз – құт», «Ерте тұрған әйелдің бір ісі ілгері», «Нәпсісін тежеген қыздың намысы қорланбайды», «Елгезек қызды ел мактайды», «Бұрынғының қыздары бармағының шұңқырындағы асқа тояды» деген сияқты халық даналықтарын дәйексөз ретінде келтіріп, қыздың тамақты мөлшермен жеп, аз ұйқтап, қомағайлыққа, нәпсіқұмарлыққа, жалқаулыққа салынбай, ел-жұртқа үлгі-өнеге болып, сергек, сезімтал, іскер, сымбатты болып есею жөнінде ақыл-кеңес беріп, өнегелі, тәрбиелі, ар-ұятты, ізетті, ибалы, ақылына көркі сай болып жетілуге меңзейді.

Қыздың некеленбей тұрып жыныстық қатынас жасауы, ата-ананың ризалығынсыз күйеуге еріп қашып кетуі, ақ некелі күйеуінің көзіне шөп салу сияқтылардың жиренішті жаман қылық екендігі жүйелі түрде ұғындырылады.

Текті, тәрбиелі отбасылар қыздарының жөнсіз қыдыруына, жалғыз-жарым жүруіне жол бермейді. Бөтен үйлерге қондырмайды. «Қызды – жеңге, жеңгені – теңге бұзады» деп бойжеткен қыздарды жеңгелеріне орынсыз ертіп жібермейді. Тіпті құда түсіп, өлі-тірісін беріп қойған өз күйеуіне де орынсыз жолатпай, қыздарын күндіз-түні қызғыштай қорғаштап, көз қарашықтарындай аялап өсіреді.

Бұл тәрбие қыздарды арлы болып, адамгершілігін биік ұстауға; өнерлі іскер болып, ар-абройын таза ұстауға баулиды. Ерлерді қадірлеуге, құрметтеуге, отбасының ұйтқысы, перзенттерінің тәрбиешісі, ұстазы болып, адамдық арына дақ түсірмейтін өнегелі, үлгі-тағылымды адам болып есейуге ұйтқы.

Қыз ұзату – қыз баланы жарының шаңырағына шығарып салудағы рәсім. Құдалар келісімінен кейін, қыздың туыстары ұзату тойын өткізеді. Тойдың алдында түрлі кәдеге арналған мал-мүліктерін алып, күйеу жігіт пен оның туған-туыстары келеді. Қалыңдық ұзатыларда ата-ана, ағайын-туыс, құрбы-құрдастарына, жолдас-жораларына, туып-өскен жеріне

қимастық сезімін білдіріп, ел-жұртымен қоштасу сипатында сыңсу айтады. Қызды екі жеңгесі қолтықтап, ақ тілектерін ән-жырмен жеткізіп, бір көш жерге дейін ұзатады. Болашақ құдаларының үйіне жеңгелері қызғбен бірге барады. Ата-анасы қызының жаңа шаңырағына арнап алғашқы жүгін, қыз жасауын, отау үйге жеткізеді

Ұл тәрбиесінде ер балаларға болашақ ел мен жердің қорғаны, отбасының ұйтқысы, халыққа бақыт-байлық жаратушы екендігін шынайы ұғындыру басты мақсат етіледі. Ер жігіттің қалай болу керектігі, ел-жұрт, үлкен-кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, әйелдер мен балаларға қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай үлгі-өнеге болу, қиын-қыстау сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істердің барлығы мұқият үйретіледі.

«Ұл жақсы болсын десең, біліктімен ауыл бол» дейтін халық даналығына сай, ұлдары тайға мініп өз тізгінін өзі ұстап жүруге жарай бастаған соң, адамгершілігі жоғары, ілім-білімі терең, жақсы адамдармен көрші болып, өнерлі, үлгі-тағылымды кісілермен жиі барыс-келіс жасап, аралас-құралас болып, ұрпақтарының тамаша үлгі-өнеге алып өсуіне қолайлы шарт-жағдай жасап береді. Арлы, адал, өнерлі, білімді азамат болып шығуына талпындырады, түрлі жиын-тойлар мен үлкен-кішілі ортасында әдепті, ибалы, тәртіпті, мәдениетті болуға, өзін дұрыс ұстап, оқыс мінез, қырсық қылық, дөрекілік көрсетпеуге дағдыландырады. Үлкен-кіші қоғамның ортасында орынсыз сөз сөйлеп, асып-тасымауға, қалай болса солай жүрмеуге үйретеді. Қай жерде жүрсе де, қандай қызымет істесе де кішіпейіл, қарапайым, қажырлы болып, ер азаматқа лайықты ерлік, серілік танытып, еркектік мінез, азаматтық тұрғыдан жоғары тұруға тәрбиелейді. «Еркек мінезді әйелден, әйел мінезді еркектен без» деп еркекте еркектік, әйелде әйелдік қасиет болуын дәріптейді.

Бұл тәрбие ұл балалардың жауапкершілік және иелік сезімі мен отбасына, балалар мен аналарға, ел-жұртына қамқоршы, тірек, қорған болу жауапкершілігін молайтады. Есейгенде ақыл-айла, күш-қайрат жағынан есейіп, туған жерге, Отанға, халыққа мол үлес қосу сапасын арттырады. Әрқашан өздерін ел алдында ер азаматтық биіктен көрсетуге тырысатын намысқой, батыл, батыр, халықшыл азамат болып шығады.

Ер балаларға 12 – 13 жастан бастап отбасы туралы тәлім-тәрбие беріле бастайды. Мұнда адам баласы үшін отбасының бақыт-байлық ұйтқысы, шаттық ошағы, азаматтың өсіп-өркендейтін алтын ұясы екендігі түсіндіріледі. Отбасына пайдалы адам – ең жақсы адам. Қоғамға да, халыққа да, Отанға да пайдалы адам – азамат. Ал отбасына зиянды адам – қоғамға да, халыққа да, Отанға да зиянды адам. Сондай-ақ, ер азаматтардың жар сүйіп, отау көтеріп, балалы-шағалы болып, өсіп-өркендеп, отбасын, алған жары мен ұрпақтарын ешнәрседен тарықтырмай бағып-қағып, жақсы тәрбиелеу бас тартуға болмайтын адамдық және азаматтық парызы екендігі жан-жақты ұғындырылады.

Бұл тәрбие ұрпақтардың от басын сүйе, ата-анасын қадірлеу, ұқыпты, үнемшіл болу, мейір-шапағатты болу, отбасына, ел-жұртына, туған халқы мен Отанына пайдалы адам болу саналылығын жоғарлатады. Артына жақсы ұрпақ қалдырып, адамзат қоғамының өсіп-өркендеуіне үлес қосу, сондай-ақ, отбасы мен ұрпақтар алдындағы жауапкершілік сезімін оятады. Алғашқы адымда көпшілік танымын орнатып, қоғамдық барыс-келіс, алыс-беріс істеріне дағдыландырады. Аналарды құрметтеп, балаларды аялау және оларға қамқорлық жасау санасын өсіреді.

От ауыз, орақ тілді, шаршы топта сөз бастайтын, ақылы мен біліміне сүйеніп, өзін туған халқының кеткен кек, өткен өшін алатын, дауын даулап, көңілін аулап, шокпарға тоқтамағанды қызыл тілмен тойтарып, елін жауға, жолдасын дауға бермейтін, қызыл тілін безеп, қылыштайын кезеп дауда ойнайтын, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін ерекше шешен жігіт.

Бар қаруын асынып, қайыспас қайратын қайрап алып жауды жайрататын, өктемдік пен жауыздықты тұсайтын, жеріне қорған, халқына тірек болатын, яғни, дұшпанына жол, жамандыққа қол бермейтін, туған жері мен Отан, халқына қауіп-қатер төнгенде атойлап атқа қонып, жауын ықтырып, дұшпанын бұқтырып, елі мен жерін, Отаны мен халқын қорғайтын жүректі де білекті жігіт.

Осындай, көркіне кісілігі сай қаз бен албырттығына адамгершілігі сай жігіт бірін бірі толықтырып, жетілдіріп босағасы берік, шаңырағы шайқалмайтын, елім деп егілетін, жерім деп жегілетін, Отаным деп төгілетін жанұя болуға, әсте, лайықты.

Үйлену тойының сәні – ән-жыр, ойын-сауық, үлкеннің ақ батасын алу. Қазақ былай дейді: «Үйлену оңай, үй болу қиын!» Мұнда терең мән-мағына жатыр.

Қазақ жастардың үйлену тойына ерекше мін-мағына береді. Бұл – ұлдың ер жетіп, қыздың бойжетіп, кәмілет жасына толып, өмір өрнегіне өз орнын тапқандағы салтанаты – үйлену тойы.

Қазақтың салт-дәстүрінде мынандай ұлағат айтылады: «Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар. Екі баласы бардың өкпе, бауыр, жалы бар. Үш баласы бардың бұқарада пұлы бар.» Жастар үйленіп, шаңырақ көтерген соң балалы болғанға не жетсін? Бүгінде қазақтың ұлан-байтақ жерінде 18 миллион ғана адам бар. Мұның ішінде қандас бауырларымыздың саны мен сапасын көтеру мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Ұлыттық, озық, үлгілі тәлім-тәрбиеге малынып, қазақы салт-дәстүрдің тау-тамырында, мән-мағынасында, сән-салтанатында өсіп-өнген балдырған бала, ел-жұртының мақтанышы, адамзаттың ардақтысы болар еді.

Қазақ салтында ата болған кісілерге өз отбасында да, өзге жерлерде де «Ақсақал» деп төрдің төбесінен орын ұсынады. Оның алдын кесіп өтуге, сөзін бұзуға, айтқанынан бас тартуға болмайды. Оның айтқаны – бала-шағалары мен немере-шөберелеріне, тіпті, бікіл ауылға хатқа жазған заң іспетті. Оны орындау – ұрпақтарға парыз! Себебі, аталар отбасы мен ауылы,

онан әрі, бір тайпа елдің ұйтқысы, ақылшысы, батагөйі, сондықтан атаны құрметтеу, қадірлеу, қастерлеу – оның балалары мен немере-шөберелеріне, сондай-ақ, бүкіл ауыл адамдарына міндет саналады. Ақсақалды қариялары бар елге келген қонақтар оларға сәлем беріп, баталарын алуды өздерінің азаматтық борыны санаған.

Әжелер – отбасы мен ауыл-аймағының, ел-жұртының бай-бақытты, тату-тәтті, қам-қайғысыз өмір сүруін тілейтін тілеуқоры, ел бүтіндігін, халықтың амандығын аңсайтын қамқор анасы. Ана тілі мен халықтық сат-дәстүрдің қаймағын бұзбай сақтап, ұлағатты ұлдары мен қылықты қыздарына үлгі-өнеге көрсететін ұлттық сал-дәстүр мен үлгі-өнегенің қасиетті қоймасы. Әжелерге ұлы мен келіні, немерелері мен шөберелері, онан басқа, бүкіл ауылдағы үлкен-кіші құрмет көрсетіп, айтқанын екі етпей орындайды. Қазақ салтында, ата-әжеге, әке-шешеге қарсы шығу – Құдайға қарсы шыққанмен пара-пар.

Қазақ салтында, ақ босағаны аттаған келін қайын атасына өз әкесіндей, тіпті одан да артық құрмет көрсетіп, оған қызымет қылуда тік тұрады. Әдепті, ибалы көрініп, қайын атасымен әке-балалық қарым-қатынаста болады. Қашанда әдеп сақтап, атасы әңгімеге тартпаса, сөзіне орынсық қилікпейді. Кірін жуып, тамағын әзірлеп, әрқашан «аталап» зыр жүгіріп жүреді.

Қазақ халқының кісілік қарым-қатынас салтында, келіннің білгішсініп ата сөзіне орынсыз араласып, бетінен алып, бейберекет жүріп, тіл немесе қол тигізуі, атасының алдында баласының бетінен сүйіп «балам» деп мейірленіп, омырауын көрсетіп отырып емізуі немесе ақырып-шақырып баласын ұруы, күйеуі және басқа отбасы мүшелерімен сөз тартысуы, жалаңаяқ, жалаңбас ашық-шашық жүруі, атасының атын атап «сен» деп дөрекі сөйлеуі, тілін алмауы, орнынан тұрып сәлем салмауы сияқты қылықтардың бәрі, бәрі, бәрі көргенсіздік, тәрбиесіздік, тексіздік, тіптен арсыздық, бұзықтық.

Қазақ халқы «Құдайы құда» деп бұрын ешқандай алыс-беріс, таныс-білістігі жоқ, ойда-түсте болмаған байланыс адамдармен «Құдай» қосып құдаласуды айтады. «Құдайы құдалыққа» тікелей екі жастың, яғни, қыз бен жігіттің махаббат-сүйіспеншілігі дәнекер.

Қазақта келін түсіріп, ата болған адам балаша қуанып, келінін өз қызындай, тіпті, кейбір ибалы, әдепті, тәрбиелі, ақылды келінін өзінің туған қызынан да артық көреді. Әрқашан келінімен әкелік тұғыда қарам-қатынас жасап, түрлі жағдайда да келініне тіл және қол тигізбейді. Атаның келінге қол, тіл тигізуі арсыздық, тәртіпсіздік саналады. Сондықтан да, ата болған барлық кісі келініне айтарын сын-ұсыныс, ақыл-кеңес, сұрау-өтініш ретінде келтіріп, келіні алдында ата-балалық қарым-қатынасқа жат әрекеттерден аулақ жүреді.

Қазақта ене келіннің ең жақын, ең қамқор, екінші анасы есептеледі, яғни, ене – жаңа түскен келіннің болашақтағы өмір жолындағы ұстазы, ақылшысы, қамқоршысы. Ал, келін – ененің шәкірті, ізбасары, сырласы.

Солай болғандықтан, келін енесін өз анасындай жақсы көріп, сырлары мен көңіл-күйлерін айтып, қысылғанда, қиналғанда, мәселе туындағанда ақыл-кеңестерін алып, айтқандарын орындап, үйдің бар қызыметіне әзір тұрады. Қандай жағдайда да енесінің бетінен алып, тіл мен қол тигізбейді. Ата-ене алдында құдды бала секілді құрдай жорғалап, иіліп, қарсы сөз, оғаш мінез көрсетпейді. Ененің құптауынсыз отбасылық маңызды іс-шараларға, алым-берімге билік жасамайды.

Қазақтың ақылды да алғыр, өнерлі де білімді, әдепті де ибалы келіні ата-енесін өз ата-анасындай бағалап, еркелеп, жарасымды, ұнамдылық негізінде дидарласып, күйеуі мен қайындарына, абысын-ажындарына орындата алмаған мақсатын, іске асыра алмаған арман-тілегін өткізіп, үй іші мен ауыл-аймағының береке-бірлігін сақтайды. Ал, орынсыз талас-тартыс, дау-дамай, ұрыс-керіс, төбелес-жанжал тудырып немесе білгіштік жасап, өркөкіректік көрсетіп, дәрекілік мінезге ұласқан тәрбиесіз, көргенсіз келін ата-енесі мен ел-жұртының сөгісіне шұрап, «Көкбет, долы, ұятсыз, тәрбиесіз, тексіз, көргенсіз келін» аталады.

Келін – ұлының жары, өмірлік жан-жолдасы, жаңа көтерілген отаудың ұйтқысы, тірегі есептелетіндіктен, ақылды, білімді, іскер ене тәрбиелі, көргенді келінді өзінің туған ұлынан да артық көріп, баласына бермегенді соған ұсынып, туғанына айтпаған сыр сөзін соған айтып, бар аналық мейір-махаббатын төгеді.

Келінге ақыл-кеңес беріп тәрбиелеу, баулу, алыс-жақын, туған-туысты таныстыру, алыс-беріс, барыс-келіс жобасын үйрету, салт-дәстүр мен ғұрып-әдетті ұғындыру тәріздінің барлығы ененің борышы саналатындықтан, келінін жақсы тәрбиелеп, жөн-жосығын үйретпеген, туған перзентіндей көріп бауырына басып ақыл-кеңес бермеген, келін отырса опак, тұрса сопак қып ұлына жамандап жүрген, ізіне шөп салған, келініне тіл және қол тигізген ене келіні алдында енелік борышын өтемеген мейірімсіз, тасбауыр, жаман адам деп жорылады.

Халықтық дәстүр тәрбиесін алған әрбір азаматтың адамгершілігі асқақ, білімі берік, дүниеге деген көз қарас ауқымды келеді. Өнер-өнегені, ілім-ғылымды бәрінен де жоғары қояды. Сүйіспеншілігі мен самарқаулығы айқын, обал-сауап, ақ-қара, адал-арам түсінігі кең болып, ержеткенде ой-зердесі, ақыл-парасаты жоғары, Отанына, халқына атақ-даңқ әперетін, өнегесі мол азамат дәрежесіне жетеді. Ұсақтық пен қулықтан тұла-бойын аулақ ұстайтын саналы, адал, пәк, арлы, ұятты негізде есейеді.

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде: «Баланды бес жасқа дейін жаныңдай жақсы көр, он бес жасқа дейін қара құлыңдай жұмса, бас алдырмай өнерге үйрет, он бес жастан асқан соң, досыңдай ақылдас» деген ұлттық қағиданы ұстанады. Бұлайша тәрбиелеудің ғылыми тұғыры берік. Жеті атасын білген бала туыстық қарым-қатынасқа мән беретін, бауырмал, көпшіл келеді. Әр отбасы, әулет балаларына кем дегенде әкесінің, атасының, арғы атасының, бабасының, түп атасының, тек атасының аттарын жаттатқызып, туыстық қарым-қатынас жолдарын ұрпақтарына толық

үйретіп қоюы керек. Мұндай жас махаббат пен неке істерінде түрлі ұятты іс-әрекеттерден аулақ жүреді. Жастайынан адамгершілік, ізгілік, еңбекшілдік тәрбиесін алған бала есейгенде ел-жұрты мен ата-анасына мейірімді. Халықтық дәстүр тәрбиесі жанұядан басталып, қоғамдық ортада заңды жалғасын тауып, жалпы ұлттық деңгейдегі ұтымды ұлағат пен ғұмырлық ғибратқа ұласады.

Халықтық дәстүр тәрбиесіндегі жеті қасиет жүктемесі:

Адал да арлы, әділ де турашыл, батыл да батыр, іскер де еңбекшіл, мейірлі де шапағатты болу, тылсым сырлар мен сырлы сөздерді түсіне алатын тұлға бойында, болмысында тамаша қасиет қалыптастыру.

Зейін-зердесі мен ой-өрісі кең, іздемпаздық пен тапқырлық, қажырлылық пен қайсарлық қасиетті болу.

Жан иесіне жамандық жасамайтын, жігері мықты, қиындыққа қиналмайтын, басына бақ-дәулет құсы қонса тасымайтын, дүниеге ойлы көзбен қарайтын ұстамдылық қасиеті болу.

Білім-ғылымы мол, бірталай өнер-мәдениеттен хабардар, табиғат дүниесінің қыры мен сырына қанық, сегіз қырлы бір сырлылық қасиетінің болуы.

Заманға сай өз көзқарасы мен таным-түсінігін, жан дүниесін үнемі жаңалап, жаңғыртып, уақыттың талабына оңтайлы алға басатырып, іскерлік, ісімерлік қасиеті болуы.

Кішіпейіл, ашық-жарқын, жаман іс-қимылдардан өз басын аулақ ұстайтын, кіршіксіз тазалық, періштедей пәктілік қасиеттің болуы.

Алланы бірінші орынға, өзгені екінші орынға қоя білетін, қайырымды да қонақжай, пайымды да парасатты, шуақты да шарапатты, мерейлі де мейірімді, сондай-ақ, намысы нұрлы, рухы рауанды, бет-бейнесі иманды, иманы кәмілдіктің алтын шеңберіндегі қасиет.

Халықтық дәстүр бойынша, ер балалар буыны қатайып, ат жалын тартып мініп, ақ-қараны ажыратып, оңы мен солын тани бастасымен, оларды әкелері өзіне ертіп жүріп алыс-жақын ел-жұртпен таныстырады. Айтулы асқа, жиын-тойларға апарып аты шыққан би, елге белгілі батыр, ақын-жыраулармен өнерлі, үлгі-тағылымды адамдарды сыртынан көрсетіп немесе жүздестіріп олардан өнеге алып, өнер-білім үйренуге шабыттандырады. Сондай-ақ, баласын сыйлы, тәрбиесі мол кісілердің арнаулы ілімдеп тәлімдеуіне береді. Ел мен жерді аралатып, ата қоныс-суаттарын, жайлау, қыстау, күзеу, көктеулерін, ру-тайпалардың мекенді жер-суын көрсетіп, тарихи шекарасын ұғындырады.

Бұл тәрбие ұрпақтардың көз аясын кеңейтіп, білім-білігін бекемдейді. Ұрпақтары Отаншыл, халықшыл болуға, ел-жұртын ұмытпауға, туған жері мен өскен ортасына деген азаматтық сүйіспеншілігін ерек арттырып, қоғамдық қарым-қатынасын нығайтуға ықпалдайды. Ой-өрісін кеңейтіп, көпшіл, халықшыл болуға жетелеп, қоғамдық санасын жетілдіріп, адамдық қасиеттерін одан сайын арттырады.

Қыздарды оң босағаға отырғызған соң, оларға отбасын қалай басқарып, қалай жөнге салу жөнінде тәрбие жүргізуменен қоса, қазақ салт-дәстүрлері мен айтыс, көріс, жоқтау өнері үйретіледі. Мұнда, білікті аналар ертелі-кеш оң босағада отырған қызына айтыс, көріс, жоқтаулардың сан алуан халықтық үлгілерін айтып, оны үйретіп шығады. Ал, оны өзінің үйрету мүмкіндігі болмаса, айтыс, жоқтау, көріс өнеріне жүйрік кісілерге үйреткізеді. Онан соң, қыздарын торқалы той, топырақты өлімдерге ертте жүріп айтыс, көріс, жоқтау өнеріне машықтандырады.

Бұл өнер қыздарды психикалық жақтан қайғы келсе жасымайтын, бақыт қонса тасымайтын, орнықты, байсалды болып, өмірге ойлы көзбен қарайтын, поэзия мен тілге жақын, өнер сүйгіш, жаны жайсаң, мінезі биазы болып шығуына тәрбиелейді.

Қалыптасқан салт бойынша, бойжеткен қыздар ұзатылуға таяғанда дәулет-жағдайы бар адамдар қыздарына жеке отау көтеріп, қасына бір жеңгесін қосып, бөлек шығарады. Қазан-ошағын, ыдыс-аяғын толықтап, азық-түлігін қамдайды. Бұл қызды отаулау!

Бөлек отауға шыққан қыз әр күні ерте тұрып, кеш жатып, өз алдына қазан-ошақ ұстап, қонақ қабылдап, болашақ отаудың түрлі жұмыстарының қыр-сырымен танысып, анасынан үйреген және көрген-білген үлгі-өнегесін жетілдіріп, отбасына қажетті кем-кетігін толықтырады.

Қызды отаулау ата-ана тәрбиесінің көрінісі, қыздардың дербес өмір сүру қабілеті мен болашақ отаудың қандай да шаруасын қымсынбай, қиналмай, қайғырмай істеп кетуге мүмкіндік. Қыздардың еңбекшілдік, іскерлік, ісімерлік қабілеттерін жоғарлатады. Болашақта үлгілі, өнегелі ана болуына негіз.

Атамекен, Отанды сүйу тәрбиесінде әрбір отбасы, әулет ұрпақтарына: атамекен, туған жер, Отан деген ең қасиетті нәрсе, атамекен, туған жер, Отанымыз – басың оңға қарап, бағың жанбайды. Отаның мен туған жерің – алтын бесігің! Алтын бесігіңді аяла, қастерле, оның атақ-даңқына кір келтірме, туған жерің мен Отаныңды қорғау – азаматтық борышың деп ұғындырып, ұрпақтарын жастайынан туған жерін, атамекенін, Отанын сүйюге баулиды.

Бұл тәрбиеде өнегелі ата-аналар өз перзенттеріне жастайынан атамекен, туған жер, Отан туралы толық түсінік береді. Мысалы, ата-бабаларымыз кір жуып, кіндік кескен, ғасырлар бойы мекендеп, туған-туыс, ата-бабаларының сүйегі – басы жатқан жерді – туған жер, атамекен, Отан деп ерекше қастерлейтіндігін: «Жат жерде сұлтан болғанша, өз жерінде ұлтан бол» деп шетелде, жат жұртқа хан-ханан болғаннан гөрі, өз еліңнің қатардағы бір азаматы, тіпті құлы болуды артық санайтын ерекше текті, тәрбиелі халық болғандығын; туған жерін, атамекенін, Отанын сатқандарды шектен шыққан бұзықтық деп қарап, ондай опасыз, оңбаған адамдардың етегін кесіп елден қуатындығын: «Адам – туған жеріне, ит – тойған жеріне» деп, Отан мен атамекенін жан-тәнімен сүйіп, оған қауіп-қатер төнгенде атойлап алға шығып, ерлікпен қорғау керектігін жанды мысал, бұлтартпас айғақтар

арқылы мұқият ұғындырады. Сондай-ақ, ұрпақтарына Отан мен туған жерінің тау-дала, өзен-көл, орман-тоғайы мен жан-жануарлар, өсімдіктеріне дейін шынайы сүйіспеншілік танытып, ата-бабалары ғасырлар бойы қан төгіп, қорғап келген қасиетті Отанын қызғыштай қорғап, салт-дәстүр, ғылым-өнерін, баға жетпес мәдени мұраларын жан-тәнімен сүйіп және қастерлеп, туған халқым мен Отанымның ыстығына күйіп, суығына тоңамын, қажет кезде қыршын жанымды қиямын дейтін берік сенім орнату әрбір адамның азаматтық парызы, перзенттік борышы екендігін көкейлеріне құйып, жүректеріне ұялатып, ұрпақтарын Отаны мен халқына қалтықсыз адал болып, Отанын, атамекен, туған жерін мәңгі сүйіп өтуге үндейді.

Бұл тәрбие ұрпақтардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, Отанды, атамекенді ардақтайтын тамаша мінез-құлық қалыптатыруына мүмкіндік жасайды, әрі балалардың ой-толғамын байытып, туған жер, Отан тарихына деген таным-түсінігін тереңдетеді. Сонымен бірге, мораль, мұрат, рух сенімін бекемдеп, адамдарды Отаншыл, халықшыл болуға бастайды.

Келін түсіру. Біздің халқымыз үшін дүниедегі қызық пен қуаныштың ең бастысы осы келін түсіру. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды, намысы бір қазақта «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген сөз бар. Ал келін түсірудің өзі де, «Боладысы» да қызық.

Қазақ салты бойынша келінді ауылға көлікпен әкелмейді. Бір қырдың астына жеңгесімен бірге түсіріп кетеді. Ауылдың қыз-келіншектері жас келінді сол жерден қарсы алады.

Кіндік кесу. Кіндік ақ балтамен кесіліп, таза жіппен байланады, түбіне күл себіледі. Байланған кіндік үш-төрт күнде түседі. Ер баланың кіндігін ырымдап, «Үй күшік болмасын» деп қырдан асырып, лақтырып жібереді, ал қыз баланың кіндігін «Үйдің құты болсын» деген оймен от басы, ошақ түбіне көмеді. Сонымен қатар бала кіндігін оқымысты болсын деген ниетпен кітап арасына сақтап қоятын, ат құлағында ойнасын деген тілекпен аттың жалына байлайтын ырымдар да бар. Тіліміздегі «Кіндік кескен жер», «Кіндік қаны тамған жер» деген қадірлі, қасиетті сөздер осы дәстүрге байланысты қалыптасқан.

Ат қою. Балаға ат қою –қазақта аса салтанатты жағдай. Әдетте ата-анасы әдемі, атақты, құрметті адамның атын қоюға тырысады. Сол атқа лайықты болуын қалайды. Атты сыйлы, құрметті адамға қойғызады. Ат қойған адам сәбиге батасын береді. Ат қою кейде қандай жағдайда, қай ортада, жылдың қай мезгіліне сәйкес келгеніне байланысты да қойылады.

Бесік – қазақ үшін киелі дүние. Оны қарағай, қайың, тал тәрізді ағаштардан жасайды. Мұндай бесік жеңіл, берік, нәрестеге жайлы, көшіп-

конуға ыңғайлы келеді. Бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш, бойы жылы, тәні таза, көңіл жай болады. Баланы бесікке бөлер күні «Бесік той» дәстүрі жасалады. Бесікпен қоса, оның ішіне салынатын күс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізежастық, бесік көрпе, түбек, жіліктен шүмек даярланады. Бесікке баланы бірінші болып аймақтың ең құрметті анасы бөлейді. Ол кісіге «Бесікке салар» сұлығы беріледі.

*Жыр тиегін тарқатып,
Шашуды шашып алайық.
Әлдиім әнін шырқатып,
Бөбекті есікке салайық.*

*Әлди, әлди ақ бөнем,
Құт бесігіңе жат бөнем.
Махаббатқа бөленіп,
Тәтті ұйқыға бат бөнем.*

*Домбыраны күмбірлетіп,
Күйдің ақ бұлағын ағызайық.
Бүлдіршінге тілек айтып,*

Бұл күндері конструкциясы мен технологиясы жетілдірілген, заманауи электрондық жүктемемен тербелетін, саз-әуенді бесіктер сәтті жасалуда.

Баланы қырқынан шығару – шақалақ дүниеге келгеннен кейін, қырық күн өткен соң, орындалатын игі шара. Қазақта жаңа туған нәрестені 40 күнге дейін үйден шығармай, сырт көзге көрсетпей ұстайды. Нәрестенің шашын, тырнағын алып, 40 қасық суды себелей баланың үстіне құйып, тырнақ алды тілек айтады. Баланы шомылдырған ыдысқа күмістен жасалған әшекейлер салынады. Оны баланы қырқынан шығаруға жиылған әйелдер, жақсы ырымға балап, өзара бөлісіп алады. Шаңыраққа келген кісілерге қонақкәде үлестіріліп, ақ дастарханнан дәм таттырады.

Тұсаукесер – сәби аяғынан қаз тұрғаннан кейін жақсы жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүрісі ширақ, өмірден көрген-түйгені көп адамға кестіреді. Тұсауы кесілген баланы екі қолынан ұстап, жүргізеді – жүгіртеді. Баланың анасы шашу шашып, тұсау кесушіге кәде-сый береді. Балалар арасында түрлі ойындардан, өлең-тақпақтан жарыс ұйымдастырылады.

Сүндет – мұсылмандық міндет. Жеті жасқа дейінгі ер баларды сүндетке отырғызады. Ұл балаларды сүндетке отырғызу ата-ананың борышы. Баланы ашамайға мінгізіп, сүндет той өткізеді.

Сүндет той – 5 – 7 жасар ер баланы сүндеттеп, мұсылман қатарына қосу мекеі.

Тілашар – жеті жасқа толған балардың білім-білікке жетелеу тойы. Тіл тегеуріні, тіл төрелігі, тіл тұтастығы – баға жетпес үкілі ғылым. Ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне ерекше мән беретін ата-бабаларымыз балаларға ырғақты, сазды, нақышты, түсінікті өлең-жыр үлгісінде келетін, сондай-ақ, әлем құпиясын, сырын ашуға оңтайлы, қазақы нақылды, ақылды, мазмұнды, түйінді, сөз мәтіні адамға ой салатын, оның зейін-зердесін ашатын, мүлтіксіз сөйлеу қабілетін құрыштайтындай тіл ғылымына күш кереметін теліген. Ұлттың бірінші белгісі оның төл тілі, ана тілі, ата тілі. Ұлыттық тілдің үлгілі тіл дәрежесінде қалыптаса дамуы үшін қырық қалаулы, тоқсан толғаулы, жүз жалаулы ғасырлар илеуі, дәуірлер билеуі, замана түйреуі, анығында, аздық жасайды.

*Тіл деп теңіздей төгілемін,
Құнары мол жеріме егілемін.
Ата-бабалар сөзін айтып,
Бал-шырындай боп езілемін.*

*Тілім деп мұхитқа құйыламын,
Қонақжайлылықты жыр қылып.
Бүкіл әлем халқына жар сала,
Ұлттық мәдениетті сыр қылып.*

*Қазақ тілінде мен сайраймын,
Қазақтың қан тамырын нар етіп.
Ана тілінде рухты қайраймын,
Қазақтың хан болмысын бар етіп.*

*Қазақ тіліммен мақтанамын,
Жыр-күйіммен шаттанамын.
Ғаламды барлау мақсатында,
Шексіздікке мен аттанамын.*

*Қазақ тілі – асыл тас,
Нұрын зеңгір көкке шашатын.
Қазақ тілі – сандуғаш,
Әлімнің сырын көпке ашатын.*

деген тәрізді балалардың ойлау қабілетін арттырып, көрегендік аясын кеңейтіп, зейін-зердесін зорайтып, таным-түсінігін тереңдетіп, жан иесін таудай тапқырлыққа, таусылмас ізденгіштікке итермелейді. Қазақ халқының тілдік қорын тыңдайды, ойланып сөйлеудегі қабілетін шыңдайды.

«Өнер алды – қызыл тіл» деген нақыл ойды данышпан қазақ халқы бекерден-бекер айтпаған ғой. Әнуэрбек Байжанбаев пен Сауық Жақанова атап айтарлықтай, бұлбұл сынды, ерекше өнер иелері. Олардың үні таза, дыбысы ашық, сөзі шұрайлы, дикциясы қойылған, алтын дауысты, атакданқы жер жаратындай, кереметтейін дикторлар. Мұндай көркем үн, әсем дауыс сөздің алтын арбасын сүйретіп, құздағы алау, мұздағы жалау тәрізді, жарығы жоқ қараңғы, суық жерге қазақ тілінің ақ сәулесін құйып, рулы елдің, қазақ халқының ұлттық рухын аспан әлеміндегі шоқ жұлдыздар іспетті жарқыратты. Тіл тұлпар төл тарихты түгендейді, сөз сарасындай өрнекті өнерді өркендетеді, арда қазақтың дуалы ауызынан күндей күркіреп, күмбірлеп шыққан мың-мыңжылдықтар мәдениетінің мәртебесін жержаһанға, самал өтіндегі жібек орамалдай желбіретіп жеткізеді. Қазақтың тілі қара қазанда піскен, маңызды мәселе түйін-күрмеулерін асқан шеберлікпен шешкен, ата-бабадан ұрпаққа бұйырған рухани байлық, баға жетпес, өте қымбат мұра.

Қорта айтқанда, тіл кереметі, сөз құдіреті қисапсыз күшке ие. Сөз семсері соғысты тоқтатады. Сөз сарасы қиындықты жеңеді. Ұғымтал ұрпаққа айшықтап айтарым:

Қасыңа жақсы адамдарды жыйна.

Өзгенің алажібін аттама.

Өз нанынды өзің тап.

Үй тұрғыз.

Бала өсір.

Ағаш ек.

Кіндік қаның тамған жерді, өзіңді мәпелеп өсірген елді еш уақытта да жады шеңберіңнен шығарма – ішкі және сыртқы сұғанақтардан Отаныңды көзіннің қарашығындай қорға!

Ер баланы ерлікке, елдікке баулу – қазақта ертеден бар дәстүр.

Ат мінгізіп, шапан жабу – құрметті қонақ келгенде жасалатын салт, кәделі сый. Елге еңбек сіңірген айтулы ғалым, ақын, батыр, палуан т.б. азаматтарға, алыстан келген сыйлы қонақтарға көрсетілетін ең жоғары құмет.

Қазақ сонау бағзы дуірлерде жылқы малын қолға үйретіп, өзінің талмас қанатына, мұқалмас тұяғына айналдырған. Қазақ – жылқы мінезді, бәйле жүрдек, тұлпар тегеурінді.

Қазақ пен жылқы бір бүтін. Қазақтың жылқылары: қазмойын, қарабайыр, қазанат, жабы. Қазақтың асау қымызы 60 күнге дейін дәрумендік, сусындық, тағамдық қасиеттерін еш жоғалпай сақтайды.

Атқа мінгізу – 4 – 5 жасқа толған ер баланы жылқыны ауыздықтауды үйрету. Тоқым қағар – ұл баланың алғашқы рет атпен ұзын жолға аттануы алдындағы той.

Бәйгінің бірнеше түрі бар: тай жарыс (1 – 2 жасар тайлар), Құнан жарыс (2 – 3 жасар құнандар), топ бәйге (3 – 4 жасар дөнендер), аламан бәйге (Ұзын қашықтық). Ат жарыстары: аударыспақ, көкпар, қыз қуу, теңге алу, жамбы ату, бәйгі...

Текемет – жылы болу үшін тұрмыста пайдаланатын төсеніш. Сәндік-қолданбалы өнер туындысы. Киіздің бетіне түрлі-түсті ою-өрнек басылады. Шашақты текеметті қымбат маталармен әрлеп безендіреді. Ауданы үлкен болады, үйдің еденін толықтай жабады. Үйдің ішіне сән беріп тұру үшін қабығаға да іліп қояды. Келісімді жасалған текемет көз жауын аларлықтай көркем.

Алаша – әр түрлі түске боялған мақта, жүн жіптерінен тоқылады. Өрмек арқылы екі әйел тоқиды. Бірі – түрлі-түсті жіптерді жарыстыра жолақтап тоқу. Екіншісі – әр түске боялған жіптерді кезектестіре санап отырып, көп мәнерлі өрнектер түсіру. Алашадан төсеніш, тұс кілем, қоржындар жасалады.

Қазақы кілем – үй жиһазы. Тоқылу ерекшелігіне қарай түкті, тақыр, барак кілем болып бөлінеді. Жібек, масаты, қыл жіптерінен тоқылады. Әсемдеу үшін ою-өрнектің көп түрлері қолданылады. Кілемге түсірілген өрнектерден ертедегі және кейінгі заманға сай ұлттық нақышты байқауға болады. Кілем қазақтар тұрмысында көптеп тұтынылады.

Ұлыттық тағамдар. Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды бәрінен жоғары қойған. Сол үшін де бабаларымыз: «Астан үлкен емессің!» деген. Олар асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің көзін таба білген. Ел мен елді татуластыруды, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеуді, өздерінің мырзалық, мәрттік қасиеттерін қазақ кең дастархан арқылы көрер көздерге көрсеткен. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың негізгі асы – ет пен сүт тағамдары. Ал сүттен көптеген тағамдар дайындалған. Сиыр, қой, ешкі сүттерінен құрт, кілегей, қаймақ, ірімшік, сары май т.б. дәмдер әзірленген. Негізінен ас даярлау ісін қазақ әйелдері о бастан-ақ өз мойындарына алған. Қазақ әйелдері сан алуан тағамдарды әзірлеудің, оларды жазда да, қыста да бұзбай сақтаудың әдіс-тәсілдерін өте жақсы меңгерген.

Қазақтар үшін басқа тағамдарға қарағанда, сүттің алатын орны ерекше болған. Себебі, сүт және сүттен жасалған тағамдар денсаулыққа пайдалы. Ол ас қорту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі ширатып, жақсартып, арттырып отырады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрумендік қасиеті де мол. Олар емдеу, ауруды алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылады. Ал, жылқының сүтінен әзірленген қымыздың емдік қасиеті ықылым заманнан-ақ белгілі еді. Онда жүректің жұмыс істеуін жақсартатын дәрумендер жеткілікті. Сонымен қатар, шұбат та денсаулыққа өте пайдалы. Осы астардың пайдасын жерімізде медицина ғылымы пайда болмай тұрып-ақ

білген ата-бабаларымыз, ерекше атап айтарлықтай, нағыз әулие-данышпан ғой.

Қазақ халқының ұлттық тағамдары

Қайталап айтайын, қазақ халқының дастарханы, негізінен, мал шаруашылығының өнімдері – ет, сүт тағамдарынан құралған. Қазақ салтында бас табақ, сый табақ, орта табақ, аяқ табақ деп негізінен төрт түрге бөлінеді.

Қазақ халқы сыйлы қонақтарға міндетті түрде мал сойып, оны Құдайдай көріп күтеді. Мал союдың өзіндік, мұсылмандық жөн-жобасы бар. Малды союға дейін дені сау, семізін тандайды. Егер де мал өріске шықпай союға тура келсе, онда, сойылатын малды алдымен суарып немесе аузына шөп қыстырып бауыздайды. Соятын малдың төрт аяғын мықтап байлап, онан соң, басын құбылаға қаратып: «Бісміллә, Аллаһуакбар» деп бауыздайды.

Қазақша ет. Әдетте ет асқанда ең алдымен жіліктеп, қазанға салынатын етті адам санына қарай мөлшерлейді. Тойға немесе қонақасына көбінесе қой сойылады. Қой етін жіліктегенде 14 мүшеге бөледі: жамбас – 2, ортан жілік – 2, асықты жілік -2, беломыртқа – 1, сүбе – 2 (сүбемен бірге бүйректен жоғары 5 қабырға кетеді), қабырға – 2, төс – 1, омыртқа – 1, жауырын – 2, тоқпан жілік – 2, кәрі жілік – 2, бұғана – 1, мойын – 1, бас – 1. Осылай асуға дайындалған етті жуып-шайып тазалап, қазанға салады да, ет бататындай су құяды. Кейін қазанды қызуы күшті отқа қойяды, бетіне шыққан қанды көбігін алып тастап, шамалап тұз, пияз салып отын бәсеңдетеді де, 1 – 1,5 сағат ет әбден піскенше шым-шымдап қайнатады. Балбырап піскен етті сорпасынан бөліп, тартылған табақтың санына қарай мөлшерлеп тұздық әзірлейді. Ет туралып болған соң тұздықты еттің үстіне құяды. Әдетте кәделі жіліктермен бірге сыйлы қонақтарға малдың басын (қой), ірі қараның жарты шекесін, қазы, қарта, жал-жаяны табаққа бірге салып береді. Сонымен бірге қамыр, бітеу пісірілген картоп қосуға да болады.

Меймандос, қонақшыл қазақ халқы «Ас барда ел таны – беріп жүріп», «Қуыс үйден құр шықпа» деп арнаулы шақырылған сый қонақтары түгілі, үйіне бас сұққан кез келген кісіні сусындатып, азықтандырып, үйінен дәм-тұзын татқызып шығарып салуды игілікті, қуанышты іс-әрекет санап, әрі оны адамгершілік парыз деп білген. Келген қонаққа ас-табақ тартудың өзіндік үлгі, ережелері қалыптасқан. Яғни, адамдардың жасы, жолы, ел ішіндегі беделі, атақ-абройы, өнер-білімінің деңгейі, қонақ болып барған үймен туыстық қарым-қатынасы, құда-жегжаттық байланысы ескеріліп, ас-табақ тартуды төмендегідей бірнеше түрге жіктейді:

Бас табақ.

Сый табақ.

Күйеу табақ.

Келін табақ.

Қыз табақ.

Қос табақ.

Сыбаға табақ.

Ошақ табақ.

Бас табақ әдетте, құда-құдағилар мен ел-жұртқа беделді, білімді, өнерлі кісілерге, сондай-ақ, малға бата жасаған ақсақалдарға, достарға, кимас жолдастарға тартылады. Бас табаққа ұсақ мал сойылса, бас пен жамбас, бір кәрә жілік, екі тал сүбе, екі тал омыртқа, ұлтабар және бір ортан жілік ағаштан жасалған астауға салынады. Ал, ірі қара сойылса, жарты шеке мен жарты жамбас және жылқыдан қос қазы, сиырдан тасты пісіріледі.

Қазақ халқының ұлттық ойындары тапқырлықты, шапшаңдықты, шеберлікті, өжеттілікті талап етеді, олардың түрі сан алуан. Қазақтың ұлттық ойындары: ат бәйгесі, қыз куу, теңге алу, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ, күрес, жорға жарысы, арқан тарту, жаяу жарыс, бәйге беру, көкпар тарту, ойын тартыс, алтыбақан, балтамтап, тең көтеру, ақсүйек, асық ату, дойбы, тоғыз құмалақ, ханорда, жасырынбақ т.б.



Шапан киіп ортада отырған Қажымұқан

Күрес – екі адамның топ ішінен суырылып шығып белдесіп, бірін-бірі жығуды мақсат тұтқан күш сынасу. Сондай-ақ, қазақ халқының өте ертеден жалғастырып келе жатқан дәстүрлі спорт ойындарының бір түрі.

Қазақ күресінің қағидасында: күресуші палуандардың жасы, жынысы, үлкен-кіші, арық-семіздігі, ауыр-жеңілдігі ескерілмейді. Қайта «Әлі жеткен алып та, шалып та жығады», «Күш атасын танымас» деп, күресетін адам мейлі ер, мейлі әйел, мейлі шал, мейлі бала болсын, қарсы жағымен «Күресемін» деп, беліне мықты белдік байлап ортаға шықса болғаны, оны шектемейді. Қайта күрескен екі адамның қай-қайсысы да қарсыласын нендей амалмен болса да жығып, жаурынын жерге тигізсе болғаны, жеңген есептеліп, жүлде алады.

Ертеде күрес өнері белгілі бір ауылдың, рудың және елдің атақ-абройына ерекше әсер еткен. Сол себепті әр ру, әр ауыл, әр ел өздерінің ең

күшті, ең қарулы деген азаматтарын үлкен жиын-тойларға арнайы алып келіп күрестіріп, атақтарын асырып, абройларын көтеруге күш салған.

Күрес өнері адамдардың бұлшық еттерін жетілдіріп, денесін шындап, шынықтырып, күш-қуатын арттырып, ақаусыз өсіп-жетілулеріне зор мүмкіндік жасайды. Сонымен қоса, бәсекелестік сезімі мен үміткерлік сезімін арттырып, оларды батыр, батыл, ержүрек, қайсар, табанды болуға дағдыландырады. Ақыл-айласын, ептілігін кемелдендіре түседі.

Қазақша күрес – жекпе-жек сайысы. Қатысушылардың жеке күш-қайраты, жігер-намысы, ептілігі, жылпостығы сыналады. Оның айла-тәсілдері алуан түрлі. Қазақша күрест өзіне ғана тән келетін ереже бойынша жүргізіледі. Жекпе-жек барысында бір қолмен белдіктен немесе күрте жағасынан, жеңінен ұстап шалу, үйіріп, сүріндіре, жұлқу, тізеден қағу, іліп лақтыру, кеудеден асыра тастау, қос жамбасты жер искету сынды әдіс-тәсілдер қолданылады. Бүгінгі таңда қазақша күрестен «Қазақстан барысы», «Еуразия барысы» сайыстары өткізіліп, күрес жеңімпаздарына өте бағалы жүлделер тігіледі.

Нұрмағанбет Баймырзаұлы Балуан Шолақ (1864 – 1919) – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны.

Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Тегі – Ұлы жүздің Дулат тайпасының Шымыр ішіндегі Сәмбет руынан. Аталары ерте кезде Арқаға қоныс аударғандықтан, оның бүкіл өмірі Көкшетау өңірінде, атығай, қарауыл руларының арасында өткен. Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Әкесіне қарағанда, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған дейді. «Алып – анадан» деген ғой, Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күш иесі болған.

14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құғында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әр түрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған. Мысалы: жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (830 кг-дай) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 жылы орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35 жаста еді.

Сондай-ақ, Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Бертін келе, жігіт шағында Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады. Әкешесі қайтыс болған соң, Ғаникей деген қызға үйленген Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші,

палуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауық құру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған.

Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болады. Олардың әнші-композиторлық дәстүрін берік ұстанып, кейін өзі де ән шығарады. Бұл тұрғыдан алғанда, Балуан Шолақ қазақтың әншілік өнерін өрістетуге үлкен үлес қосқан композитор. Көкшетау, Қарқаралы, Қараөткел, Сарысу бойындағы елдерді түгел аралаған. Балуан Шолақ Баянауыл, Семейде болады, Арканың әндерін Жетісуға жеткізеді. Осы сапарында Кенен Әзірбаев Балуан Шолақтың көптеген әндерін үйреніп, халыққа таратады.

Балуан Шолақтың «Ащылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Кенже қоңыр», сияқты әндері бар. Оның халық арасына кеңінен тараған әндері – «Ғалия» мен «Сентябрь». «Ғалия» нәзік сезім дүниесін, мөлдір махаббатты шеберлікпен сыршыл әуенде жырлаған ғашықтық лирикасы болса, Балуан Шолақтың әндерін шебер орындаушылар Ж.Елебеков, М.Көшкімбаев, М.Тырбаев, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосынов, т.б. болды.

Белгілі музыка зерттеушісі А.В.Затаевич ел арасынан Балуан Шолақтың бірнеше әндерін жазып алып, оны «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарына енгізеді.

Сан өнерімен халқын риза қылып, Сарыарқаны саз әуенімен тербеткен, заманының айтулы сал-серісінің бірі болған Балуан Шолақ Баймырзаұлы 1916 жылы өзінің өскен өңірі Өзектісайда қайтыс болады.^{[1] [2][3]}

Өнерпаз Балуан Шолақтың қыранша қомданып, абызша асқақтап айтар сырының түйіні мынандай болар:

-Е, карағым-ай, аумалы да төкпелі, тар жол, тайғақ кешуді біздің халық өткен күнде басынан сан кешірген. Замананың қай хатын парақтасаң да, түп тамырымыз шұрайлы Алтай тауларынан тарайды. Дүркірей-күркірей өткен дәуірлерде қазақ ұлан-ғайыр жері мен кең пейілді жұртын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, ашы терін ағызып, қызыл қанын төгіп қорғап, сақтап оның барлығын келер ұрпақтарға аманаттап кетті.

*Домбыра шертемін күйім тасып,
Боз таңым атты, нұрын шашып.
Даланы жайнатып түрлі гүлдер,
Күн жүзіне қарайды көзін ашып.*

*Бәйтеректің саясын саялаған,
Бұтагын кеңінен жаяды адам.
Шапагына шомылып шұғыла,
Келер күннің әр сәтін аялаған.*

Сөз тұмар алға қарап шапқылардай,

*Басында Көкшетаудың бақ тұнардай,
Балуан Шолақ ерен күш шырарындай,
Аспанның астындағы көк мұнарындай.*

*Балуан Шолақ – әсем жырдың аты,
Балуан Шолақ жердегі қырдың аты.
Есебі, қырга салсаң шыңға өрлейтін,
Теңіз тереңінде тұнған сырдың аты.*

Қажы Мұқан Мұнайтпасұлы — Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыз.

Орасан күш иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде тек қазақта болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтамын. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу – сол заманда асқан ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбеді. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа бермеген оғылан. Кеудесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді.

Тарихи деректерге сүйенсек ол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел деген ауылда дүниеге келген. Кейбір зерттеулерде, оның 1886 жылы туғандығы айтылады. Қажымұқан кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Сөйте жүріп, күреске түсіп, той томалақтарда елге көрініп, бала балуан деген атқа ие болған.

Былай басталатын өлең жолдары Қажы Мұқанның сал-серілігінен де хабар береді:

*«Туған жер Қараөткелдің маңайында,
Сол жақта туған-туыс ағайын да.
Құдайдың берген күші арқасында,
Шет жердің бала болдым талайына.»*
Қажы Мұқан Мұнайтпасұлы

Сонда сол циркте жеңген палуан, ең соңында жеңген палуан мен Қажымұқан күреске түседі. Оны жыға алмайды, дегенменен халық арасына танылады. Злобин деген цирктің қожасына ұнайды да, бұл жаңағы барлық зерттеулерде жазады ол «Ваня ағай» деген атақты алғашқы кәсіби Санкт-Петербургтағы мектепті ашқан атақты Лебедевке хат жазып жібереді. Сол арқылы ол сол жаққа барады. Сол жақта үш жылдай дәріс алады. Содан кейінгі өмірі Қажымұқанның үлкен өрісте болады, жылдан жылға биіктей түседі. Ол орыстың көптеген палуандарымен танысып, дос болады. Олардың ішінде Иван Поддубный, Иван Шемякин сияқты мықты-мықты дүние жүзіне белгілі жауырыны жерге тимеген, Иван Зайкин тәрізді балуандар бар. Шульц деген палуан осылармен тек қана күресіп қана қойған жоқ, рухани жағынан жақындасып, ұзақ жылдар дос болды.

Қажымұқанның тұңғыш рет әлемдік деңгейде көрінген шағы, 1906 жыл. Алманияда өткен дүниежүзілік сайыста ол әлем чемпионы атанады. Бірақ орыстарға бұратана халықтың атын шығарған палуан онша ұнай қоймайды. Сол үшін де Қажымұқан орыс палуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Қажымұқанға неше түрлі лақап аттар беріледі. Сол кездегі саясат бойынша, бізде тек орыстар ғана емес, жапондықтар да күреседі деген жарнамалар жасалып, Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» деген лақап атпен күрестіреді. Сонымен қатар, Мухан, «Иван Чёрный» сияқты лақап есімдері болған.

1909 жылы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзіне Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастайды.

1910 жылы Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте ол Америка чемпионы атанады.

1911 жылы Мұқан Мұңайтпасов Істамбұлға барады. Сол кезеңде әлемде түрік палуандарынан мықты палуандар жоқ сияқты көрінетіндігі соншалық, ол жаққа орыс палуандары аяқ баспайтын-ды. Осы ретте намысқой Қажымұқан өзі түркі халқының өкілі ретінде Түркияға баруға бел буады.

Ол поляк қызымен отау құрған. Омбыда мешітке апарып, оған Бәтима деген ат беріп, мұсылман дініне кіргізген. Патша үкіметі құлаған соң, балуанның отбасы азамат соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелдеңге тап болады.

1937 жылы Қажымұқанның ізіне ІХҚ қызметкерлері түсіп: «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы» - деп қудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажы Мұқан отбасын тастап, Түркістан мен Өзбекстанда бас сауғалайды. Өмірінің соңғы кезеңі Түркістан жерінде өтеді.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кеңестің төрағасы Қазақбаевқа жолығып, оған «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем» - деген ұсыныс айтады. Бұл

ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп, цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады.

Егер ол өз заманында тәуелсіз елдің азаматы болса, оның Мұқан Мұңайтпасұлы деген шын есімі әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылар еді. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнап, 50 шақты медальдің иесі болып, жеңіс тұғырынан түспеген дара тұлға - қазақтың нағыз балуан-батыры, хас қаһарманы.

Ол 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды. Темірлан деген ауылда, қабырының басына ескерткіш орнатылған. Оның төрт әйелінен тараған ұрпақ Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүруде.

Ең алғашқы лақап аты «Муханура», Лебедев мырзадан дәріс алып, күрес өнерін дамытқан еркін күрестен әлемнің бірнеше дүркін жеңімпазы, француз күресінен өзімен бірдей дәрежеде күресетіндер болмады.

Қажымұқан

Қажы Мұқан – қазақ елінің көгіндегі ерекше дараланып көрінетін жарық жұлдыз. Ұлтымыздың мақтаныштары саналатын өзге тұлғалардан бөлек орны бар тау тұлға. Олай дейтініміз, қарапайым халықтың жүрегiнiң түбiнде мәңгiлiк өшпейтiн бейнесi бар алып. Ұлы бабамыз тұтас ғұмырын үлкен өнерге, күреске арнап, ұланғайыр жерi мен өршiл халқын бiрiншi болып бүкiл әлем жұртына танытты. Өзiнен бұрын қандастары баспаған топырақты басып, өзге ұлттарды көрiп, басқа қазақ тақпаған алтын, күмiс медальдарды мойнына тұңғыш iлген де, жеңiс тұғырына көтерiлген де осы, қазақ жерiнде, қазақ елiнде ендi қайтып қайталанбас, қаһарман қайраткер.

Қажы Мұқан өмiрден өтерiнде Қалмақан Әбдiқадiров ағамыз арқылы мынандай өсиет қалдырыпты: «Арқада – Есiл жағасында туып едiм, Сырда – Арыс жағасында өлем. Жөргекке ораған жер мен кебiнге оралған жерiмнiң арасы алыс болады, өкiнбеймiн. Қазақ даласының алысы жоқ», - деген екен. (Қажы Мұқан кiтабы. Алматы 1989 ж. 210 б) Сондықтан, бар қазақтың бағына бiткен ұлы тұлғаны әр жаққа тартқыламай, барша қазақтың Қажы Мұқаны деп бiлуiмiз қажет. Қажы Мұқан өз өнерiн қарапайым қазақ күресiнен бастап, дүниежүзiлiк күрес түрлерiнен бiрнеше дүркін әлем чемпионы болған, алапат күш иесi.

Алтыбақан – көпшiлiкке арналған ойын. Далада, алаңқайда көктем-жаз айлары кештерiнде ойналады. Оны құру үшiн алты бақан мен үш арқан қажет. Қазiргi уақытта бел арқанның орнына жеңiл тақтайша қолданылады.

Қатысушылардың санына еш шек қойылмайды. Алтыбақанда бойжеткен қыздар мен бозбалалар жұп-жұптасып, алма-кезек ауысып тербеледі де әуелете ән шырқайды. Өзге ойыншылар өз кезектері келгенше әнге қосылып, көңілді думан қызуы түн ортасына дейін жалғасады. Жастарды серік таңдауға, өнерлікке бейімдейді. Ән-жырға деген қызығушылығын оятып, түсіністікке баулиды.

Қазақ тарихында асық ойындары атап айтарлықтай орынға ие. Асықтың төрт түрлі жатысы айшықты айтылады: алша, бүк, шік, тәйкі.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы қазақтың атын бүкіл жаһанға танытқа палуан.

Ертеректе ауыл сыртына құрылған «Алтыбақан» жастардың кешкісін ойын-сауық өткізерін орны-тын. Алтыбақан бірін-бірі ұнатқан жастардың өзара көңілдерін білдіретін орын саналған.

Өз иманын күбірлеп, өлеңмен айтқан:

Күнәйім көп иллаһи,

Кешіре гөр мұнымды.

Барар басқа жерім жоқ,

Ұсындым Хаққа мойнымды.

Ата-анам едің қара жер.

Аша гөр енді қойныңды.

«Абай туралы естеліктер» 353 - 354 б. 08.12.1984 ж. Қарауыл селосы.

Сауын айту – қайтыс болған кісіге бір жыл өтіп, берілетін астың күні, сипаты мен салт түрлері (ат жарыс, балуан күрес, жаяу жарыс т.б.) белгіленген соң, осыларды елге хабарлап, жан-жаққа шабарман жіберу.

Ат тұлдау – ер адам қайтыс болғанға дейін мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды. Бұл дәстүрді «Ат тұлдау» деп атайды.

Іргеден шығу – қазақ салты бойынша күйеуі өлген әйел ерінің жылы өткен соң, қайта тұрмысқа шығуына болады. Ол енді өлген күйеуінің ағасына не інісіне тұрмысқа шығуы керек. Мұндай жақындары болмаса, әйел басына бостандық беруді сұрайды. Бұл мәселені ауыл ақсақалдары шешеді. Егер әйелге бостандық беріліп, ол басқа адамға қосылатын болса, онда әйел ерінен қалған мал-мүлікті ала алмайды. Өзінің үйінен келген жасауымен ғана кетеді. Бұны «Іргеден шығару» дейді.

Айрылыс қазан асу – қазақ халқында біреу шаруа жайы, тіршілік қамымен басқа жаққа қоныс аудармақ немесе басқа бір елге кетпек болса, үн-түнсіз жүре бермей, міндетті түрде қазан көтеріп, көрші-қолан, туған-

туыс, дос-жарандарын шақырып, мән-жайын ұғындырып: «Көп уақыт дәм-тұзымыз жарасып, тату-тәтті өттік, артық-кем сөзім, әбестік қылығым болса кешіріңіздер! Іргем бөлінгенмен, ақ ниетім бөлінбейді!» - деп үйінен дәм татқызады.

«Айырылыс қазанға» келгендер дастархан үстінде тату-тәтті өткен күндерін тебірене еске алысып, көшетін үйге «Бет-алдыннан жарылқасын» айтып, оған ақ жол тілейді. Көшкенде жүгін артысып, риза-қоштықпен аттандырып салады.

Түс жору – қазақ халқының ертеден келе жатқан ғұрыптарының бірі. Қазақ халқы бал ашу, жұлдызға қарау, алақанға қарап тағыдырды болжауға қарағанда, түс адамның рухани жан-дүниесімен тікелей байланысты болғандықтан, ол әлдеқайда болмысты, шындыққа жақын деп есептейді, әрі түс жоруда түс көрушінің рухани жан-дүниесі мен дене тазалығына, сондай-ақ, түс көрушінің түс көрген мезгілдегі төсекте жату жағдайы мен түс көрген уақытына қарай, түстерді жеті сағат, жеті күн, жеті апта, жеті ай, жеті жылда келетін түс деп бөледі. Белгілі бір адам бүкіл жан-дүниесі мен денесі ақаусыз, таза болып, ол оң жамбасынан жатып таң атқанда түс көріп оянса, онда оның түсі жеті сағат пен жеті күннен аспай келеді деп жорылады. Ал жоғарыдағы шартпен түн ортасында немесе сол мезгілдің алды-артында түс көріп оянса, онда оның түсі апта немесе жеті ай мөлшерінде кеді деп жорамалданады. Егер алғашқы ұйқыда көрген түс болса, онда ол жеті ай немесе жеті жылдан ары келеді деп жорамалданады. Сондай-ақ, түс көрушінің нелерді көріп, нелерді істегеніне қарай оны нақтылай түседі. Егер, белгілі бір адам рухани көңіл-күйі ақаусыз, денесі таза болып, ол таңғы ұйқыдан өзіне қайтыс болып кеткен бір адам бір нәрсе беріп жатып оянса, әрі ол сол кезде оң жамбаспен жатқан болса, онда, ол адам жеті сағат, жеті күн ішінде мол пайдаға кенеледі немесе бір олжалы болады.

Ал, таза, оң жамбасымен жатып, түн ортасы немесе оның алды-арты мөлшерінде тұрымтай, сұңқар, қаршыға, шағалам аққу т.б. құстарды көріп оянса, онда ол жеті апта немесе жеті ай мөлшерінде аңсаған арман-тілектеріне жетеді.

Егер, бір бойдақ жігіт немесе қыз өн бойы таза болып, оң жамбасымен жатып алғашқы ұйқыда түсінде қолына көбелек немесе құс қондырып жүріп оянса, онда ол жеті ай немесе жеті жыл мөлшерінде өзі сүйген адамымен үйленеді. Ол үйленген адам болса, бастарына бақыт «Құсы» қонады.

Ал, денесі пәк, оң жамбасымен жатып, таңғы ұйқыдан түсінде оң жақ азу тісі түсіп қалғанын көріп жатып оянса, онда оның аталас туыстарының бірі, сол жақ азу тісі түсіп қалғанын көріп жатып оянса, нағашылары жақтан бір адам қайтыс болғандығы хабарын жеті сағат немесе жеті күн ішінде естиді деп жориды.

Түстің жақсысы да, жаманы да, тіпті аянышты, қорқыныштысы да болады. Бірақ түс жорушылар оны көбіне жақсылыққа жориды. Түстегі

жылауды өндегі қуанышқа, түстегі өлуді өндегі ұзақ өмірге, түстегі жақсы көрген адамымен қауышуды өндегі бақытқа, түстегі алтынды елден көретін рахым-шапағатқа, түстегі қойды өндегі атақ-дәрежеге жориды. Қысқасы «Түсті көршіден емес, жорушыдан сұра», «түсінде қорыққан өңінде қуанады, түсінде жылаған өңінде күледі» деген сөз осындай жақсы ниеттен туындаған. Тіпті, кейде жаман түс көргендерге «Түс түлкінің боғы» деп ондай жаман түстен алаңдау қажетсіз екендіктерін де ескертіп отырған.

Түс жору – адамдарды рухани тазалық және тән тазалығына дағдыландырып, оларды болашаққа деген сенімге, үміткерлікке баулиды. Адамдарды бір қырынан, яғни, оң жамбасымен жатып дағдылануға жебеп, жүректің қалыпты соғуына мүмкіндік жасайды. Сол жақ жамбасынан немесе шалқасынан жатып жүрек қызыметіне кедергі жасау, кеудесін қолы басып қалып қорқынышты түс көру, шошып ояну сияқты кінәраттардан сақтандырады. Түсті қамтыған көптеген сырлы мәселелерді шешуге және оның себебін ашуға кісіні құлшындырып, адамдарды тапқырлыққа, жасампаздыққа, ізденгіштікке жетелейді. Ой жүгірту, талдау жасау, қиялға түсу қабілетін жоғарлатады.

«Қарындастан айырылған жаман екен,

Екі көзден мөлтілдеп жас келеді ...» деп «Елім-ай» жырында тамаша айтылғандай ағайыннан аңырап айырылған, қабырғалы елдің аспанына қара бұлт төнген бір кезде... Бір жақсысы, бір әулеттің көшу себебіне сыбыр болып, сыпсың болып жеткен жел сөз жоқ. Соған тәубе етеміз. Тірілік дауылымен ұрпақ қамы үшін ата-бабаларымыз аттың бауырында, түйенің қомында күн кешкен ғой... Содан бері талай заман өтті-ау! ...

Пайғамбар қарызын сұрау. Әдетте, қазақ дәстүрінде қарыз сұрай келген адамдар болса, мүмкіндігі бар сұраушының меселін қайтармай, сұраған затын беріп, сұраушыны риза етіп қайтарады. Себебі қазақ халқы «Садақа бергеннен, қарыз берген жақсы, ол адамдар арасындағы достықты нығайтып, барыс-келісті жиілетеді. Зәру адамды қиындықтан шығарады» деп қарайды. Солайда, жай қарыз сұраушыларға сұраған затын беру-бермеу әркімнің өз еркінде болады. Әрине, берген жақсы, бар бола тұрып бермеу – әбестік. Ал «Пайғамбар қарызы» деп сұраса, онда ешқандай адам бас тартуға хақы жоқ. Сұраған нәрсесін міндетті түрде беріп қайтару қажат. Себебі, қазақи әрі мұсылмандық жосында Алланың елшісі атынан қарыз сұраған адамға бар бола тұрып бермеу мұсылманшылыққа жат жаман қылық есебінде. Солай да, кез келген адамның, кез келген уақытта Алланың және пайғамбардың атымен ант ішіп қарыз сұрауы қатаң тектеледі. Ол тек өте зәрушілік көріп, басқадай шығар жол таппаған қиын сәттерде ғана амалсыз істелетін әрекет. Қазақ салтында Алланың және пайғамбардың аты – адалдық пен берік сенімнің кепілі, сондықтан да кез келген адам Алланың, Пайғамбардың атымен қарыз сұрағанда қиналмай, ақ көңілмен береді. «Затымды сұрап алып, қайтармай кетеді-ау» деп күмәнданбайды. Олай болатыны «Пайғамбар қарызын» алған адам қайтарамын деген мерзімді

уақытынан қарызын кешіктірмей қайтарады. Олай етпегенде ауыр күнға батқан болады және ел сенімінен айырылып, болашақтағы жолы кесіледі.

Жоғарыдағы «Ат майын сұрау», «Көлік сұрау», «Емге сұрау», «Пайғамбар қарызын сұрау» болсын, барлығы да адамның бір-біріне деген достық сүйіспеншілігін арттырады. Барыс-келіс, алыс-берісін жиілетіп, қоғамдық қарым-қатынастарын нығайтып, өрістерін кеңейтіп, достықтарын молайтады. Адамдарды орнықты, өркениетті қоғам құрып, береке-бірлік жасап, қам-қайғысыз, шад-шадыман өмір сүруге жетелейді.

Құран аудару – мұны әркім жағдайына қарай істейді. «Құран аудару» дегеніміз – Құран Кәрімді бастан-аяқ оқып шығу. Әдетте үй иелері «үші» мен «жетісі» беріліп болған соң, көңілі қалаған молданы тандап, Құран аударуды өтінеді. Жауапкершілікті мойнына алған молда қаза болған кісінің «қырқы нәзіріне» дейін Құранды аударады. Молданың қызыметіне жол-жора жасалады. Ілгеріде бұл іске құнан өгіз берген адамдар да болған.

Құран оқыту. Қаза болған кісінің мәйітін үйден шығарып әкеткенше құран оқылмайды. Мәйітті үйден алып шығып кеткен соң, мал сойылып, нан пісіріліп, құран оқылады. Құран оқу жоқтап келгендерге арналып, сондай-ақ жұма күндері, ораза, айт мерекелерінде жалғасады.

Сауын айту. Қайтыс болған кісіге жыл өтіп, берілетін астың күні, сипаты мен салт түрлері (ат жарыс, балуан күрес, жаяу жарыс т.б.) белгіленген соң, осыларды елге хабарлап, жан-жаққа шабарман жіберу.

Ас беру – өлген кісінің артын күту салтының соңғы, ең үлкен жолын жасап, ауқымды жиын өткізіп, қалың қауымға дастархан жайып, ойын-сауықтар өткізіп, құран оқыту.

Аста да тойлардағы секілді түрлі-түрлі жарыстар, ойындар: ат шабыс, ат бәйге, балуан күрес, ат тартыс, аударыспақ, көмбе алу, теңге алу, көкпар тарту, тана көкпар, жорға жарыс, атан жарыс, жамбы ату т.б. өтеді.

Жарыстарда берілетін сый-бәйгелердің өз атаулары бар. Солардың бірі тоғыздар. Олар бас тоғыз, орта тоғыз, аяқтоғыз деп, бас тоғыздың бар малы маңдай мал, маңдай малсыз түрі тоқал тоғыз деп аталады.

Қазақ дүниеге өлеңмен келеді. Қазақ дүниеден өлеңмен өтеді. Қазақ дүниеден өткен ата-бабаларын есінен шығармайды. Қазақтың парызы – дүниеден өткен аруақтарға дұға бағыштау.

**Түнгі толғаныстың тұлпар тұяғын тербеткені,
Таңғы жырдың өр-қыратты өлкесін еніреткені.
/отты жол-шумақтарының өртті-жалыны/**

Түнгі толғаныс тұлпары тұяғы

*Жан-тәнімді мың тербеткен еді.
Адам баласының шексіз сұрағы,
Түсімде де мені тебіrentкен еді.*

*Көрінбей ешкім көзіме,
Таңдайым теңіз суын иіріп.
Қараған жанды өзіме,
Тартам магниттей үйіріп.*

*Көкейімде күй болса,
Ерке саздылары сіздікі.
Жүрегімде жыр болса,
Ерен наздылары сіздікі.*

*Алыстамайды менің жанымнан,
Туып-өскен, тау-бөктерлі жерлерім.
Көк мұз, ақ қарларын жамылған,
Достарыммен асыр салған белдерім.*

*Батамын ойға мың-бір түрлі,
Жүрегіме көк пен жер сыйып.
Самалды желі сипап бетімді,
Көңіл сарайыма нұрын құйып.*

*Дене тұрғанда күнге балқып,
Жайлауда жұпарлы гүлдер аңқып.
Жүрем көркіне көзім тоймай,
Аспанның биігінде қаздай қалқып.*

*Көрдім талай-талай тауларды,
Сапарлап шалғай-шалғай жақтарда.
Араладым көп бақша-бауларды,
Шоқ жұлдыздар көрініп жатқанда.*

*Көзге ілінеді шексіз аймақ,
Мөлдір суында қазы қаптаған.
Айдынын ешкім де лайлап,
Аққуын ешкім де шошытпаған.*

*Жазирасы күнге күймеген,
Өскіндері желмен ойнаған.
Жануарына жан тимеген,
Жапыраққа шаң қонбаған.*

Самал жел есіп тау жақтан,
Қазбауыр бұлттар бусанған.
Жер бетін қалың қар жапқан,
Жартастың жүзі жұмсарып.

Жетті ме көктем елге де,
Өтті ме қыстың қатты ызғары?
Жарқырап түнгі оттай,
Жарылды ма ақ құздың мұздары?

Ұрынбай мың жылғы мұздаққа,
Жылымық жел тұрды ма оңынан?
Көктемнің жылуы тау жаққа,
Келуші еді асықпай, көш соңынан!

Адамдармен көп достасам,
Кісілермен талай қоштасам!
Жан иесіне деген махаббат,
Өзгермейді деймін ешқашан!

Келешегің көп күмістей,
Ұрпағыңа осыны сәлем ет!
Сабыры сары алтындай,
Қазағым қандай керемет!?

Самалы бетіңді сипаған,
Бұлағы сусыныңды қандырған.
Құрағы көңілді шайқаған,
Ән-күйі жүрегіңді жандырған.

Ықылымнан бері өңірді,
Тамылжыған ән-жыр билеген.
Ықыласты, ұзақ өмірді,
Содан бері келед әуен әлдилеп.

Бірде әлемді құшқандаймын,
Әсем әнмен жұптаса тербеліп.
Бірде көкке ұшқандаймын,
Сандуғаш әнді алдыма өңгеріп.

Ұлттық болмысты құрметтеп,
Қазақтың өнерінен ләззат алам.
Қаһарман халқымды әспеттеп,
Қазақтың жеріне қайран қалам!

Үйдегі киелі домбыраны
Қалды ма деп шаң басып.
Өзімше әндете ыңылдап,
Қараймын оған үн қосып.

Қайрадан соқты қайырылып,
Қос қанаттарым майырылып,
Шыдай алмай қайран жерім,
Кетерме екен қақ айырылып!?

Аяңдап келдім талай жерге,
Аз уақыт қалды кіруге көрге.
Сыбызғыша сөзім сайрашы,
Сайран елімді сүйреп төрге.

Өлгенімде айналам құз болар,
Астыма төсенгенім мұз болар.
Қараңғы қабырда қамалып,
Жамбасқа батары тұз болар.

Өмір, бақ-дулет дегенің,
Ағып жатқан сумен тең.
Лайлайлы судан көргенің,
Ойлап тұрсам, умен тең.

Өмірім ағып өтіп сынаптай,
Қояр емес адамды сұлатпай.
Жатыр ма екен ішімде шер,
Шерлі намысым шыдатпай!?

Өмір зымырап өткендей,
Жылдар легі сағынышпен жеткендей.
Өзін сүйген гүлді өлкенің,
Құшағында мауқын басып кеткендей.

Осы болар алаулаған нұрлы шақ,
Жыр құшағында маужыраған бақ.
Шығыстан шыққан күнге қарап,
Беткейден құлдилайды асау бұлақ.

Боз торғай әнін айтты да,
Бүкіл әлемге әуен сәлемі тез кетті.
Боз таң асықпай атты да,

Елге өнер-кереметін көп көрсетті.

*Арайлап жарық таңымыз,
Сол төбе жақтан ататын.
Сол біздің – биік тауымыз,
Еліктері ойнап жататын.*

*Қосылып қонақжай елменен,
Жанарымды қармаққа ілмегем.
Дүние жүзінде сол төбеден,
Биік нүкте бар-ау деп білмегем.*

*Биікке біткен шынардай,
Баяғыдай дәуренді шағым жоқ кезім.
Жүретін шыңда биіктеп,
Жарқырап сәулелі қырандайын көзім.*

*Өзгеше болды аққу-қаздың әні,
Өзгеше еді таудағы гүлдің сәні.
Көктемгерді кейін де көрніммен,
Ерекше көктемнен аспады мәні.*

*Алтын нұрдың ынтығып,
Білсемші, қай жерге үлбіреп барғанын!?
Алқызыл гүлдің құлтырып,
Білсемші, қай жерде бүршік жарғанын!?*

*Білсем галамның құпияны мен,
Бар адамзатқа жар салар ем!
Қолға бақыт құсын қондырып,
Атаның нар батасын алар ем!*

*Тау – адам рухының қарлы шыңы,
Үздіксіз ұмтылатын заңғарлы пенде.
Тау – адам арманының берік діңы,
Арманның көк шыңына бетте сенде!*

Бала – бал, қазақтың қазақтығына қайран қал!

Адам баласының ең қасиеттісі – жанұясы. Ең жақыны – жары. Ең тәттісі – ұрпағы. Ең құртеттісі – ата-анасы. Ең жақыны – туған-туысқандары. Ең қымбаттысы – Отаны. Ең биік бәйтерегі – халқы. Ең ұлысы – Жаратушы! Осы еңдердің ішінен немереге тоқталып өтейін. Қазақ халқында «Немерең өз балаңнан да ыстық, жақынырақ!» дейді. Халықтың

айтқаны қандай керемет! Мен бұл тоқтаммен толықтай келісемін. Немере – бал! Немере – тәттінің ең тәттісі! Алина біздің тоғызыншы немереміз. 2019 жылы Астана қаласында дүниеге келді. Интернет арқылы байқап-тамашалағанмыз болмаса, шынайы бейне-болмысын бүгінгі күнге дейін көрген жоқпыз (07.06.19.). Тоғызыншы немереге деген, атап айтарлықтай, сғыныштан ішкі дүниеміз өртеніп, жан-жүрегіміз елжіреуде!

Ұлыттың тарихын, ата-бабасының шежіресін білмеу – намысқа тиетіндей надандық. Туған ұлтының салт-дәстүрін білмеу – ата-жұртты титықтардай азғындық. Сен кімнен тусаң соның бел баласысың. Қазақ халқының баласы екенсің – қаның қазақ, ділің қазақ, тілің қазақ, рухың қазақ. Ұлттың намысы, ұлт адамдарындағы ең мықты намыс. Ол намыстан алыстаған адам, өзін жаратқан ең алдыменен бір Алла алдында күнәһар. Одан әрі ұлтына, ата-бабасына, әке-шешесіне күнәһар. Ондай адамдар қашанда өз құлқыны мен бас пайдасының құрт-құлы. Олар қашанда ұлтын, Отанын сатып кетуге дайын келеді. Намыссыз надан ұлық ұлтын да, ата-бабасының аруағын да, әке-шешесінің абройында, ұрпағын да ұяттың шұңқырына құлатады.

Жалғасым – ұрпағым! Әкеңді жұмсақ алақаныңа салып тербет! Анаңды жылы алақаныңа салып әлдиле! Ата-ана қарызына, сенің өмір бойы өтеген борышың жетпейді. Жанұясын сүйе алмаған адам, Ұлытын да, Отанын да сүйіп жарытпайды. Ұлтты сүю үшін ұлттың тарихын бес саусағындай біл, одан тәлім-тәрбие ал, намысыңды шында, ұлыттық рухыңды шарықтат. Ұлытың, Отаның үшін суға сүңгі – бапайсың, отқа оран – жанбайсың! Ұлтыңның тарихын, салт-санасын, ғұрып-әдетін, ұлыттық қағидалары мен әдеп-ибаларын біл, түсін, атқар, бүкіл кеңістікке насихатта, тарат!

«Жеті атасын білмеген, сұр жетімдіктің белгісі.» Ата-бабасының шежіресін білмеу тексіздік. Ұлттың салт-санасын, бітім-болмысын білмеу ездік. «Тегін білу – тектілік.» Туыстық махаббат пен мейірім – қазақылықтың белгісі, адамзатты сүйудің алтын тұғыры. Ұлтын сүю – Отанын сүюдің күміс тұтқасы. Баланың екі әкесі болады. Біріншісі – өзінің туған әкесі. Екіншісі – өзін туған халқы.

Жастар! Қалауыңды табар болсаң, ойларыңды ата-анаңмен ортақтас. Байқап жүрміз барлығын, «Батасыз құл жарымас.» Махаббат пен жанұя азабын аз тартасың, ұлтыңның ата-дәстүрінен жол тартасың, «Баталы құл арымас».

Өзіне-өзі сенген жастардың алдында аса алмайтын тау жоқ. Өзін жеңген жастардың алдында, жеңе алмайтын қиындық жоқ. Қарағым-ай! Ең жақын, сен үшін жан қияр достарың кімдер? Мүмкін ойыңа осындай сауал түскен шығар. Оған мен жауап берейін. Мына тіршілігінде қазақ ұлты үшін әке-шешеннен, ахиреттік жарыңнан, балаларыңнан асқан жақын досың болуы мүмкін емес.

Адамның есте сақтау қабілеті шексіз. Тек оны тәрбиелеуде табанды болсаң жеткілікті. Адам баласының қиялы да шексіз. Тек ол арманға ұласып, саған жақсылық әкелсе болғаны.

Басқалардың табысына тарлық етпе! Сенің де өз жолың бар кара жер мен көгілдір көкте. Қызғансаң қызғанышың бәсекелесіңнен озып кетудің бастамасы болмақ. Бүгінгі жауың – ертенгі досың. Азықсыз адамда жан болмайды. Рухани өмірсіз, адам тіршілігінде мән де, сән де болмайды.

XXIII СӘКЕН

Рухани жаңғыру – Туған жер. Сәкен сейфуллиннің туғанына 125 жыл.

Сарыадырдағы Сәкен Сейфуллин (Сегіз бөлімді мәтін бір-бірімен тығыз байланысты оқиғаларды қамтиды).

Қазақтың от-жалынды жазушысы, алатаудай асқақты ақыны, ұлттық әдебиетімізді қалыптастырушының бірі, дарынды драматург, ұлағатты ұстаз, зерделі зерттеуші, Қазақстан Журналистер одағын алғаш рет құрушылардың бірі. Қырғыз (қазақ) АКСР Халық Комиссарлар кеңесінің алғашқы төрағасы, Коммунистік (большевиктік) партияның көрнекті мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сталиндік саяси репрессияның құрбаны.

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин Ақмола облысы Ақмола уезіндегі Жезқазған өңірінде Қарашілік қыстағында (қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында) 1894 жылы қазанның 15-інде дүниеге келген.

I Өтебай мырза

Баба екі әйел алған. Бәйбішеден: Өтебай, Дүйсен, Шәкір. Тоқалдан: Баянды, Баяс. Өтебай және одан тараған ұрпақтар жөнінде халық арасында жүрген тарихи әңгімелер осы уақытқа дейін ел жадында сақтаулы. Мысалы. Қанжығалы Ералы шешен бір сөзінде былай дейді: «Қаржас, оның ішінде Алтынторы ұрпағы, Өтебай деген құдамыз бар. Өтебай Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі Саққұлақ бимен құда. Үш әйелінен он бір ұл және бірнеше қыз балалар туған. Ұлдардың әрқайсысы бір-бір ауыл болған».

Күз айы. Айнала құлпыра түскен, әсем де көрікті табиғат. Ағаштардағы алтын түсті жапырақтар күнмен шағылысып, көздің жауын алады. Сулы-нулы жер. Аққу ұшып, қаз қоған көл. Тал түс. Аспаннан күн «күлімдеп» тұр. Адамдардың көңілі шуақты, айнала жап-жарық. Жарық жарықтыққа не жетсін? Жарық адам жанын жадыратады, сезімін зор бақытқа бөлейді. Шіркін-ай! Қарымды тұлпар қуғыншыға жеткізбейді, қуғанға жетеді. Нағыз тұлпар – ердің қанаты. Салт атты жүргіншілер желе-жортып келе жатыр. Ә, дегенше, болған жоқ, аттардың аяқ алыстары ширай түсіп, құлақтары қайшылана тікенектене қалды, оскырына дем алып, қобалжи тыпыршиды. Ат үстіндегілер де секем алып, елендеп, жан-жақтарына көз жүгірте бастады...

Сәл-пәл жүрген соң, қалың Қаржас елінің билер кеңесінен қайтып келе жатқан арқаның жақсы-жайсаңдары, ен далада бытырай қаптап, бейқам жайылып жүрген қалың жылқының үстінен түсті.

Ақсақалдар жылқышылардан: «Бұл жылқы кімдікі? Иесі кім?», - деп сұрайды.

-Руы Қаржас. Алтынторының Өтебайынікі.

-Бізді Өтебайдың ауылына ертіп апарыңыздар.

-Кідіре тұрыңыздар, бір ту биені ұстайық.

-Ол ту биені қайтесіздер?

-Бұрындары Өтекең бізге: «Жылқылық жолаушы жолықса – жылқы, қойлық қонақ кездесе – қой ала келіндер» деп ескертіп қойған-тын. Сол себепті, бай бізді қайрадан жылқыға жібермес үшін, сіздерге арнап бір ту биені апарғанымыз жөн болар...

Ауылға тақай бере, ақ шағаладай жарқыраған, еңсесі биік, ақшаңқай үйге ат басын треу ниетімен, дәрет алып, «Ұзын бұлақ» басында жуынып-шайынып, өз-зімізге келіп, бие сауынындай уақыт дем алып, қонақ күтіп алушыларға: «Енді бізді бауырымыз Өтебайға баста» деген ишрат білдірдік.

Құдайы қонақтарды Өтебай бар сый-салтанатымен, зор ізет-ілтипатымен қарсы алады. Күрестің көрігі қызды. Айтыс ақындары арқаланды. Өн мен күйден шашу шашылды. Құлақ құрышын қандырап әңгіме әпсанасы әріден, әлімсақтан қозғалды. Ту биелік кәде, атан түіелік кәдеге ұласты. Қонақ кәде соңында ақсақалдардың ең беделдісі Өтебайдың өзінің еліне оралуын, бауырмалдық терең тебіреніспен кеп өтінді. Құрдасы Сакқұлақ бидің көңілін қалдырмау мақсатында, туыстарының бұл қолқа салуына Өтебай жұмған аузын ашпады, терең ойға шомды, іштей тынды. Оның өзегінде лаулаған ой мәйегі мынау еді: қазақта бүйрек, өкпе, бауыр, жүрек, қан... деген сөздер бар. Бұл сөздердің мәнісі терең тамырлы. Туыстарымда дос-жарандары түгілі қас-дұшпандарына да ешбір өкпелері жоқ. Ал, мен болсам үндемедім. Мұным қалай? Олардың бүйректері бұрылып, бауырлары езіліп, жүректері сыздап, мені өз еліме шақырып тұр ғой. Емешектері үзіліп тұр. Мені туған жерім-ай! Мені туған елім-ай! Енді қайтейін? Туысқандарым қандай қаншыл едің? Елім, жерім мені сағынған екен-ау? «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегеннің мәнісі, мергеннің жебесіндей болып, менің шөл даладай маңдайыма қадалды. Аузымды да аша алмай қалдым-ау. Амалым жоқ. Ерлік рух-намысым, елдік қажыр-қайратым қайда кетті? Қайран халқым не дейді? Мұным қалай?...», - деп ішкі дүниесі өршелене жанып өртенді, шыбын жаны шегірткедей шырылдады.

Жеті күн қадірменді қонақ болып, әбден тыныққаннан кейін, елге қайтар уақыттары таянғанда ақсақалдар жуып-тазартылған өздерінің киімдерін киіп, бай үйі ауыстырып берген киімдерді иесіне қайыруға ыңғай білдіргенде, күтуші бұл әрекетті кілт тоқтатты. «Бұларыңыз қалай», - дегенде? Мәйек болып жүрген жігіт: «Бай – бермес болар, берсе – қайтып алмас болар!», - деп жауап қайырды.

Қазақ ішінде «жұрт аузы жетеу, ел құлағы елу» деген үкілі сөз бар ғой, қонақтар Өтебайға ризашылықтарын білдіріп, байдың қолы ашық, дана адам екендігін аңызға бергісіз сөздің мәйек-тереңіне түсіріп, құлпырта құбылтып,

жұрттың құлағына жеткізе құйып, ел-жұрттың арасына жайып жіберген-тін. Ақсақалдар Шорманға барып, Қанжығалы елінде Қаржастан тараған, өзіміздің бауырымыз, Өтебай деген мырза тұратындығынан хабардар етеді. Содан, Шорман би қара суды теріс ағызатын, көріпкел адамды қанжығалы еліне жіберіп, Далба тауының етегінен жайлау мен қыстауға жер бөліп, елге Өтебайды көшіріп алады. Бұқар жырау ауданындағы Бұқар жырау ауылының бұрынғы қыстауы бүгінгі күнге дейін Өтебайұлы Тінәлі атымен аталады. Ал Бұқар жырау бабаның жерленген және үш жүздің бірлігін білдіретін, үш тұғырлы кесенесі тұрғызылған жер Өтебайдың бел балалары Тінәлі-Тінібек қыстауларының қақ ортасын ала орналасқан. Сол маңдағы биіктігі мың метір шамасыдағы шоқы «Тінәлі» төбесі деп аталады. Есентай Тінібекұлы өз заманында он алты жыл болыс болған сыйлы тұлға. Соған қарағанда Өтебай балалары Тінәлі мен Тінібектер де өз ортасында осал азаматтар болмаған. Тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінін Біржан сал мен Сара қыздың айтысындағы мына бір шумақпен тәмамдайын:

*Тінәлі, Тінібегім жұрттан асқан,
Байлығы өз елінде құп жарасқан.
Сімтібай алып қара, екі қосым,
Соқырдың сораңынан әрең асқан.*

«Сәулімді» мен сәулем деген жалпы атау ғой деп түсініп, көзге түскен бір ару болған-ау, әлде қиялынан шығарған біреу болар деп жүретінмін. Олай емес екен, өзінің өмірдегі аты-жөнімен, қайғы-қасіретімен әдіптелген Сәулім Балабайдың аса ерке, кенже қызы болыпты. Оның үстіне домбыра тартып, ән айтатын өнері болған соң Сәкеннің көңілін аударғаны рас та, ышын көрінеді. Оны әуелі «Тар жол, тайғақ кешу» бетінен мөлдіретіп суреттеуінен бір аңғарсақ, екіншіден, қызды азан шақырып қойған атымен атауының өзі Сәкен шыншылдығын, өтірік айта білмейтіндігін растай түседі. Оның үстіне іште кеткен арман-мұңның лебі де желпи ескендей.

II Сәулім сұлу

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданында Сарыадыр деген шұрайлы жер бар. Сәкен Сейфуллин қуғын-сүргін жолында жүргенінде Сарыадырда үш айдың шамасында болған. Сәкен Сәуліммен сол Сарыадыр қыстағында жолығады. Сәулім, Балабайдың бетінен қақпай, өте еркелетіп өсірген кенже қызы-тын. Сәулімнің мінезі көркіне сай, ән шырқап, домбыра шерткен. Нәзік сезімді, сүйкімді қыз Сәкенге қатты ұнайды, оның махаббат сезімін селт еткізеді. Сәулімде Сәкенге «Кет әрі!» болмаған. Екеуі аз уақыт ішінде сөз байласып үлгерген сыңайлы. Сәкеннің нағашысы Мұқай жастардың шешімін Балабайға жеткізгенде «Қайдағы бір қаңғырып жүрген біреуге қызымды қор қыла алмаймын! Аман-сауында өз елін тапсын!», - деген соң Сәкен мен Сәулімнің жолдары екі айырылып, бір арнада тоғыспайды. Сәкен кетіп, Сәулім құса жұтып, ақ арман жетегінде Сарыадыр қыстағында қала

береді. Кешіктірмей Сәулім қызды Балабай жат жерге ұзатып жібереді. Жарасымын таппаған тірілік қатты қорлықпен өтіп, ол перзентті болғаннан соң да еш басылмайды. Кейін Сәулім, көңілі қалаған, Бақтияр сынды жігіт ағасына, кәмпеске уақыты қызып тұрған тұста, тұрмысқа шығып кетеді. Бақтиярдан бір ұл, бір қыз көріп, жұрт қатарлы өмір сүріп жатқанда, Ұлы Отан соғысы басталады. Бақтияр соғыста болмағандығына қарамастан, ауыл тірілігімен майдандағы жауынгерлерге жәрдемін тигізген. Сәулім басына түскен түрлі-түрлі қайғыдан жылай-жылай су қараңғы болып қалады. Соған қарамастан, ол екі баласын, көзінің ағы мен қарасын – Бибіжамал мен Ғалымтайды, тағыдырдың қатаң тәлкегіне мойымай, қиындық қаһарына қарсы тұрып, ер жеткізді, ел қатарына қосты, бір-бір сәулетті де бақдәулетті шаңырақ иесі етті. Ғалымтайдың ақарлы да шақарлы жанұясына қысқаша ғана тоқталып өтейін. Ғалымтай үй салды, бала тәрбиеледі, ағаш өсірді...

Ғалымтай мен Бибіжамалдың он төрт атасын тізбектеп өтейін: Арғын, Мейрамсопы, Қаржас, Ерім, Алтынторы, Мәмбетей, Жандос, Тасболат, Кедей - Өтебай – Тінәлі-Тінібек – Балта – Мақат – Бақтияр.

III Ғалымтай ғибраты

Ғалымтай

Ғалымтайдан: Нұркен, Қожа, Нұрхан. Нұркеннен: Ернар, Әсет.

*«Арғыннан әрі барсаң адасасың,
Мен жетпес көп дүниеден шатасасың.
Ол кезде сенде жоқсың, менде жоқпын,
Несіне осынау шежіреге таласасың?»*

деп Мәшһүржүсіп Көпейұлы Қазанқапқа айтқан екен.

Бақтиярұлы Ғалымтай 1941 жылы Қызылтаудың бурайында өмірге келген. 1958 жылы мектепті бітірген. 1968 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын тәмамдап, 47 жыл ұстаздық қызмет атқарған. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», тағы да басқа көптеген үкіметтік марапаттардың иегері. Үміткер мектебінде жылыжай салып, онда қысы-жазы түрлі өсімдіктер өсіріп, ұсақ жануарларды күткен. Оқушылардың тіршілік атаулыға деген қызығушылықтарын арттырған. Екі жыл заңды

демалысына шықпай, 1000 түп ағаш отырғызып, мектеп маңын жасыл желекке бөлеген. Ұстаздықтың ұстамы ретінде, Ғалымтай көп ізденіп, ойдан да, қырдан да мәлімет-деректерді жинап, «Қаржас – алтынторы шежіресі» атты кітабтын жазып, оқырман қауымға ұсынған.

Сұңғақ бойлы, терең ойлы, қалың қасты, жанары жылы, қыр мұрынды, жіңішке ерінді, қызыққа да шыжыққа да толы тарихи әңгімесі мол, «жоқ» деп айтуды білмейтін, ашық қол, айналасындағы адамдарға деген тәләм-тағылымдық қасиеттері ұлан-ғайыр, шәкірттеріне ұстаз, еліне ұста, жігіттің төресі, замандасым, ақылдасым – Ғалымтай атты ұлағатты ұстаз. Ғалымтай ағаймен дидарласып сөйлесу өте тартымды, ол кісімен әңгімелесе отырып рақатқа батасың, мың бір жасап қаласың. Ғақанның оқиғаны суреттеп, дерек келтірудегі сөз өрнектеу мәнері адам жанын жадыратып, сол уақиғаның бел ортасында сіз өзіңіз жүргендей әсерге бөлейді.

*Қызылтау таудың төресі,
Омпасынан түсіп жатқан паңдай.
Күн сәулесін елге бұрып,
Күншуақтап қызара атқан таңдай.*

*Қызылтау айдарынан желі ескен,
Сай-салаларында еркелеп елік өскен.
Жарық дүниенің есігін кең ашып,
Нәресте Ғалымтай, кіндігін кескен.*

*«Арманға жетпей қоймаймын» деді,
Аталар шежіресін толгаймын деді.
Ғалымтай жұртты сөге тартып,
Бабалар аманатын қозғаймын деді.*

*Алтынторы – алтын сандық,
Басымыздан өтті, талай-талай хандық.
Қазақта тарихты білу бақыт,
Шежіре-кітапты алып, қатты қуандық.*

Дәмет жеңгей ақ көңілімен, ақ пйілімен, ақ ниетімен ерекшеленеді. Дәмет Үміткер ауылында 38 жыл акушерлік қызмет атқарған. Көптеген балалардың кіндік шешесі.

Ғалымтай мен Дәмет бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, олардың жоғары білім алуларына жағыдай жасап, қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырған бақытты жандар.

Балалары:

Нүркен – Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы департементінде бөлім бастығы.

Гүлден – Е.Букетов атындағы колледжде компьютерден сабақ береді.

Сәуле – Қазбек би ауданында бас бухгалтер.

Гүлмира – КарГУ-де экономист.

Нұргүл – ағылшын-орыс мектебінде ұстаз.

Немерелері:

Ернар Нұркенұлы – Қарағанды облыстық әкімдігінде «экономика, инвестиция» бөлімінде бас маман.

Әсет – «Сарыарқа» компаниясында экономист.

Әсел Нұркенқызы – КарГУ-дің студенті.

Аида – Қарағанды экономика колледжінің студенті.

Диляра – екінші сынып оқушысы.



Омарұлы, Тоғайбай қажы Құлманұлы, Сануар, Сара Айсанова, Бактиярова Бибіжамал, Ақын, Жасұлан Есентаев, Бекешов Дулат, Астана қаласы. Сәкен Сейфуллиннің ескерткіші алдында солдан оңға қарай тұрғандар: Әжелер 3, Нәзігүл Төлеуқызы, Мәукен Бактияров Ғалымтай, Айсанова Алтын, Мейрамгүл Төлеуқызы, Бактиярова Дәмет, Нәзігүл Амантайқызы, Әжелер 2, Айсанов Айткен. /Астана қаласы, Сәкен Сейфуллин ескерткіші алдында./

IV Балабайұлы Әбіжіктің батылдығы

Күн шығыстан бастап Сарыадырдың айналасын мына жоталар мен жадағай таулар тізбегі қоршап жатыр: Қу, Қарқаралы, Балабай, Қарағайтау, Кардон, Кернейтау, Дөнкол, Сарытау, Қызылтау, Далба, үлкен және кіші Семізбұғы. Сарыадырдың суы мол, шөбі шүйгін, мал-жайға таптырмайтын, шұрайлы жер болатын. Сарыадырда биіктігі бір метірден асатын сасыр деген шөп көптеп өсетін. Бұл уақытта Сарыадырдың суы да, шөбі де, жері де сұйылғандай. Суы азайғанға, нуы құлдырағанға, шөбі селдірегенге, жері құнарсызданғанға ұқсайды.

1914 жылы жаз айында Сарыадырға ат-көліктерімен, мұздай қаруланған, бала-шағалы, шошқа-торайлы 200-дей орыстардың көші келіп, ат шалдырып, тоқтап-тыныстайды. Мұжықтардың мінгі-жегін аттарын бармташылар бөле-жарып, бір түнде айдап кетеді. Орыстар: «Жылқыларды сендер ұрладыңдар», деп Сарыадыр маңындағы қазақтарға қоқан-лоқы көрсетеді. Ат құйрығынан қыл қиып алады да, қолдарын артына қайырып, бас бармақтарын айқастыра қылмен шандып, арбаның дөңгелегіне 5-6 ер адамды байлап-матап тастайды. Мұны естіген 300-дей қандастар Сарыадырға дереу жиналады. Қаракесектен аудармашы тілмашты алдыртып, мұжықтарға: «Біз жылқыларды ұрлаған жоқпыз. Барымташылар түзден, алыстан келген. Байлаудағы адамдарымызды болсатындар», - дегенді қазақтар орыстарға әрең дегенде барып түсіндіреді. Мұжықтар қазақтарға мынаны шарт етіп қояды: «Жылқыларды үш күн ішінде тауып әкелулеріңе мұрсат береміз. Үш күн ішінде жылқыларды қолымызға тигізбесеңдер жасыңды да, көріңді де аямаймыз. Барлығыңды да қырып тастаймыз!...»

Ағалы-інілі Өсербай мен Жәмшит, Ақкекіл мен Қысқаштар Сарыадыр төңірегінен бұрындары барымталап жылқы айдап кетіп жүрген. Ағалы-інілі төртеу басқарған барымташылар шымқай ақ-боз аттарды мінген, барлығы 25 ұры. Аттары әккі, қарулары сай, өздері мал айдауға тәнті, нағыз дегенбай, баукеспелер. Астындағы аттары жүз шақырым жолға қиналмайтын, шаршау-шалдығу дегенді білмейтін, беліне түскен жүкті місе тұтпайтын, құбажал жылқылардың нар-төрелері. Зор денелі ұрылардың жылпостығы, айлакерлігі, ұзақ жолға төзімділігі талай жан иесіне үлгі боларлықтай. Олар анау-мынау қуғыншыларға дес бермейтін, қаһарлы барымташылар болаты-ғұн.

Барымташыларды қайткен күнде, асығыс арада іздеп табу керек. Көзге анадайдан жылқы қуғандар шалынды. Нияз жақ беттен, алыс жоннан, оларға көмекке келе жатқан бір топ барымташылар да байқалды. Барымташылар қуғыншыларды көріп, жүрістерін үдете түсті. Көптің ішінде 25-30 жастағы, орыстардың жылқысын кім ұрлағанын білетін, Төлебай да бар екен. Төлебай қуғыншылардың барымташылар соңына түскенін бұған әлде қашан жеткізіп үлгерген. Ақыштарға қуғыншы шалдар да келіп қосылды. Қуғыншылардың ойы Сарыадырдан Керней, Қушоқы, Қаракөл бағытында жылқыны қыспалап айдап бара жатқан барымташыларды Ниязға, жақындатпай, тез тоқтату. Нияз жеріне оларды (кеңес үкіметі кезіндегі Осакаровка ауданындағы Тельман совхозы) жібермеу керек. Ниязға өтсе, қуғыншыларда қауқар қалмайды, өлді деген сөз.

Түзден келген жау ізін кесуге Ақыш (Аймағанбет кажының үлкен ұлы, менің бабам), Әбіжік, Қарабайлар –т барлығы жеті жігіт, Сарыадырдан шығады. Ақыштардан кешікпей дұғаларын оқып, ат бетін құбылаға бұрып, жоқ іздеуге 10-15 ақсақал жолға шығады. Әбіжікте 12 өрімді, таспа ортасы қорғасындалған «дұр» қамшы. Әбіжіктерге Ақыш былай деді:

-Еш қобалжымандар. Мен сендердің сондарыңнан бақылай жүріп, біріңе де жау сойылдарын дарытпаймын. Барымташыларға жетіп тигенде барынша шапшаң-батыл қимылдаңдар. Қамшы таспасын жау тізесіне доп тигізіндер. Тізеге тиген қорғасынды таспа адамның жанды жеріне дарыған дұр соққымен пара-пар. Жаны кеткен адамнан күш-қуат қашады, қарсыластар сасады. Қауқарсыз адамдарды малша қайырып, өз дегенімізді істейміз. Жауға дәу жұдырықтай жұмыла, топ жылқыны айналдыра жуас желіспен тиейік. Ал жігіттер, алға!» Әбіжік Ақыштың сөзін құптап:

-Алға жігіттер!, - деп барымташылардың бір шетінен жас-кәрілерді бастап, тықсыра тиді. Іс-әрекетті бақылау мақсатында, мылтықтарын асынған қос орыс, өз қараларын жұрттан жасырып, іздеушілердің ізінен бір елі де қалмауға тырысты-ау. Ақырында қуғыншылар барымташыларды тұтқындап, ұрланған аттарды түгелімен Сарыадырға айдап келді. Ақсақалдар кеңесіп, ұрланған әр малға екі бастан кесіп, барымташыларға төлетті. Толықтай өзара бітімге келулеріне екі айға жуық уақыт жұмсалды.

Қуғыншылар барымташыларды қолға түсіргеннен кейін, олардың қатын-баласын елінен алып келіп, 40 күн бойына қолдарында ұстады. Осы 40 күн ішінде, қатын-баланың еш кінәсі жоқ екенін ескеріп, Әбіжік, оларға ешкімнің де қолдарының ұшын да тидірген жоқ. Бұдан, ел-жұрт басына қиын-қыстау сәт туғандағы Әбіжіктей аталарымыздың елдік, ерлік іс-әрекеттерінің куәсі болғандаймыз. Мінекей, Әбіжік атамызға байланысты көп тарихтың ішіндегі бір ғана оқиға.

V Балсары

Құраманың бастығы Момынтай ат-шапан беріп: «Егер де Сәкенге (Сейфуллин) байланысты түрмеге түспеймін десең, жыраққа қашып кет», - дейді. 1930 жылы Құрамадан Әбіжік Омбыға кетеді.

Арғыннан келіп тарайтын Әбіжіктің ата тегі: Сарғалдақ, Жарылғап, Балабай, Абдрахман (Әбіжік). Әбіжіктің үш әйелі болған:

Жанқозыдан шыққан Қасқабастың қызы Минә. Бұл екеуі 16 жасында шаңырақ көтерген. Минә Қасен-Құсан есімді егіз балалы болып, кешікпей өзі дүниеден қайтқан. Минә Сарадырда жерленген.

Немере балдұзы Мәкен Жүнісқызынан туған балалар: Үкібай, Нәби. Мәкен үшінші баладан қайтыс болды. Сарыадырда жерленген.

Қыпшақ Балсарыдан: Сағиролла, Сәби, Жақсылық, Темірғали, Жетпіс, Таунық, Айтқұл. Айтқұл үш жасында Ешмағамбеттің көзі тиіп қайтыс болған. Әбіжік Балсарыдан 20 жасқа үлкен. 11 құрсақ көтерген.

1927-30 жылдары Арқада алапат аштық жылдары кезінде, Балсары көп көштің біріне ілесіп, азып-тозып, әрең дегенде Омбы қаласына жетеді. Сол замандағы қазақ баласының басында болған қиындықтар: қайырсыздықты, жетімдікті, жоқтықты, жалаңаштықты, аштықты, аштықтан ісініп өлгендерді, адамдардың адамның етін жегендерді, бәрін-бәрін де өз көзімен көрген, көре жүріп жабырқаған, қиналған. Бір үйдің «отымен кіріп, күлімен шығып» жүргенінде, біреу Балсарының қалтасына ешкімге білдіртпей, төрт

бүктелген қағазды салып кетеді. Балсары сауат аспаған, «қарыпты әріп деп білмейді, танымайды». Қалада адамды тонау мақсатында, кісі өлтіру дерегі тіркелген. Айыптыны іздеушілер Балсарының төс қалтасынан жаңағы қағазды тауып алады да, оны абақтыға апарып, қамап тастайды. Бағлан баланың басына қиындық үстіне қиындық қосылады, бірақ та ол еш мойымайды, жігерленген үстіне жігерлене түседі. Титімдейінен еркек шора болып өскен. Бет әлпеті де, шаш қойысы да, мінез-құлқы де, киім киісі де ер балаша. Қамаудағы бір топ адамдар қара қапастан құтылу амалын, абақтыдан қалайда қашу қаракетіне кіріседі. Олар қарауылдың жұмыс істеу кестесін қадағалайды, түрменің тәуліктік тәртібін мүмкіндіктерінше зерттейді, осал тұстарына зер салады, қарақта тұрғанды ұйқы қысып, маужырайтын уақытын дәлме-дәл анықтайды. Бостандыққа шығуға жан-жақты дайындалады, қапастан қашып шығу жоспарын мұқияттап құрады. Берілетін аз тамақты үнемдей, үзіп-жара тырнақтап, кепкен нан тілімдерін жасырын түрде жинай береді. Оңтайлы сәт түсіп, таңсәріде төрт адам түрмеден қашып шығады. Түнгі сағат төрттер шамасында, төрт адам төрт бағытты ұстанып, дорбаларын қолдарына алып, дымдарын білдірмей, биік те тығыздала өскен қалың шөпке судай сіңіп, «қалың қамыс қайдасың» деп, кете барады. «Іздестіру тоқтады-ау» дегенде, Балсары Омбыдағы «Қаржас» ауылының шет жағындағы үйге жасырын түрде келіп кіреді. Мұны Әбіжік анадайдан байқап қалады, байқап қалады да ол әйел бала екенін бірден сезеді, байқайды. Баланы тамақтандырып, өзіне-өзін келтіртеді, жөн-жобасын сұрайды. Осылайша, ойда жоқта, бір Алланың жазуымен, Әбіжік жан жарымен қауышады. Сірә «тағыдырдың сыйы» деген осы болар.

Құтпанұлы Иманжүсіп Қыпшақтан тараған ұрпақ. Құтпан мен Жәментік бірге туған, ағалы-інілі. Жәментіктен Өмірбай. Өмірбайдың жалғыз қызы-Балсары. Сондықтан да, Иманжүсіп пен Балсары аталас, жақын туыстар екені тәтпіштеп айтпаса да түсінікті.

VI Иманжүсіп пен Балуаншолақ

Иманжүсіп дегенде Қараөтел жәрмеңкесінде болған мына жәйіт еріксіз ойға оралады. Иманжүсіп жәрмеңкені аралап келе жатқанында жетектегі аты кілт тоқтай қалады. Артына аңтарыла қараса, ат құрығын бір адам тарта ұстап тұр екен.

-Япырмай, бұл кім болды екен? Деген сауал аяқ асты Иманжүсіпті мазалайды. Ол көзін тоқтатып қараса, ат құйрығын оң қолымен ұстап тұрған Балуаншолақ екен. Қазақта бірін біріне айдап салу тәрізді құйтырқы сөз орны бар. Иманжүсіп пен Балуаншолақты қоршап алған қазақтар екеуін күрестіріп, қызыққа батқылары келеді. Олар: «Күресіндер, күресіндер, күресіндер...», - деп, екуін қолпаштауын қоймайды. Балуаншолақ Иманжүсіпке: «Халық сұрап тұр ғой, олардың сөзін жерге тастамайық. Бірақ біздің жас аралығымыз үлкен, сондықтан да белдеспей-ақ қояйық. Менің мойныма саусақтарыңды байлап қикындыр. Егер де мені қикындыра алсаң, сенің жеңгенің. Егер де мені қикындыра алмасаң, сенің жеңілгенің.

Осы айтқаным кесісесің бе, Иманжүсіп?». «Халықтың сұрауынан ұлық тілек бола ма? Қазақ әр уақытта да сөзге тоқтаған. Мен де қазақтың бір баласымын. Айтқаныңызға құлдық. Шартыңызға келісемін, Балуан аға!», - деген екен өр мінезді Иманжүсіп. Қос қолдап Иманжүсіп Балуаншолақтың мойнын қапсыра қысады. Қанша күштеп ол қысқанымен балуан еш сыр бермейді, елге қарап, қасқып тұра береді. Браз уақыттан соң Балуаншолақ жұтынып қалғанында Иманжүсіптің саусақтары тырыс етіп ашылып кетеді. Балуаншолақтың елді бағалауына, ал Иманжүсіптің үлкеннің сөзін қабыл алуына, ой жүгіртіп қарасаңыз, қазақы ұлыттық мәдениеттің ұшқыны жатыр. Сондағы Иманжүсіптің байқағаны, Балуаншолақтың мойны адам баласы таң қаларлықтай, жұп-жуан екен. Ірі балуандықтың, һас батырлықтың, қисапсыз қаһармандықтың белгісі жуан, майыспас мойында жатса керек деп мен де қатты ойланып қалдым! Адам баласы, қандай қиындық болса дағы қыл мойныменен көтереді ғой.

VII Сәдуақас – қалын қазақтың Сәкені!

Сәкеннің кіндік қаны тамған жері, бала болып ойнап-күлген өңірі Жаңаарқаның алтын тақты төріндей. Сәкеннің көрік-келбеті көктемде ерекше құлпырған, Көкшетаудың көңіл-күйді көкке шарықтатар жыр-әуенінің назындай. Сәкеннің ән-поэмалары, жыр-дастандары самалды желі жібектей есілген, Сарыарқаның құлақтың құрышын қандырар мың сандуғаштары мен мың бір бұлбұлдарының салтанатты сазындай.

*Аспандағы жұлдыздардай жарқыраған аталар,
Ерекше ақылға ұста ойларын қалдырған саналар.
Ұрпақтар қандай істеріменен ақтай алар екен,
Ақ сүтіңізді ақ жаулықты, пейілдері кең аналар?*

*Осы жалған дүниеден өткен таудай тұлғалар,
Ілім, білім, ғылым көкжиектері дария, даналар.
Скиф, Сақ, Ғұн, Түрік, алты Алаш, арда Қазақ,
Бабалардан жеткен, қабыл болсын ақ баталар!*

1919 жыл... Жаз айының бастауы. Сәкен Сейфуллин Семізбұғының толықсыған көлін көріп, таудың табиғатын тамашалап, бой жазып қайтайын деп ақ боз атын ерттеп мініп, Сарыадырдан күнгеі тұсқа бетін түзеді. Аспан кара-қошқыл бұлтты, шығыс тұстан ескен өткір жел Сәкеннің бетін тілгілегендей, жан жарасын қозғағандай мінез байқатты. Бүгінгі күннің қытымыр болатындығынан табиғаттың қатқыл қабағы хабардар еткендіктен, ақын ертеректе анасы сырып берген желеткесін иғына іле салған-тын. Толқын-толқын болып жалт-жұлт еткен қара шашына бет әлпеті асқан сұлулықтың жеті реңді бояуын беріп, сұңғақ бойына киген киімінің үлгісі жарасып, ақын келбетін онан сайын көркемдей түскен. Міне, көз алдымызда тән сұлулығы да, жан сұлулығы да, таң шапағындай, арайлап

нұрын шашып тұр. Табиғи таза, көз жауын алар сұлулыққа не жетсін, шіркін! Қисапсыз сұлулық әлемін баға жетпес әсем суреттей бояулап, ауызбен айтып жеткізуге сөздің алтын қоры жетер ме екен, ә? Сәкенді тәтті де тартымды тілмен суреттеп болмас-ау деймін. Ол қазақ жігіті мен жігіттерінің сұлулық символы болып, шексіз ғасырлар ұзынында қала бермек, қала бермек, қала бермек. Сәкен, адамзаттың көріктісі, кезінде ай мен күндей жарқыраған, Қор қызы іспетті талай сұлу қыз-келіншектерді таң-тамаша қалдырып, олардың түн ұйқысын төрт бөліп, өзіне сөзсіз, көзсіз ғашық еткен, таңдайларын қақтыра тамсандырған тау-тұлға.

Алтын Күннен төгілген шұғылалы сәуле көз аштырмайды, көк шөптегі таңғы шық түннің қоңызы тәрізді, кез келген жапырақ бетінде жұлдыздай жарқырайды. Аспанда арқан бойына ілінген бозторғайлар кезек-кезектесе шырылдасып, қанаттарын безек қақтырып, әлденеге көңіл-күйлерін көтергісі келгендей, құстар әнін, өздерінің әуезге толы әуендерін әуелетеді. Тұлпардың аяқ алысы ширақ, жүрісі жайлы, желісі ұлпа қардай жұмсақ. Ақ боз ат бірде жүрдек аяңға басады, бірде тымық су айдынындағы қайық-қалықтап барып, желе-жортуға ауысып, сері жігітті ән-саз әлемі бесігінде тербетіп, тебіреністі күй-толғауға кеңістігіне терең тоғытқандай болып, жан сезімнің сәулесін сүйкімді сергітеді. Сарыарқаның көз жауын алар мың құбылған көріністері, құлақ құрышын қандырар тылсым-сазды үні ақынды арман-қиял қанатында қалықтатып, шабыттың қол жетпес көкжиегіне алып ұшып, ән әлеміне әкеткендей болып, көк майсалы өлкеден көл айдынына, одан әрі қарай тау арасына қарай қол бұлғап шақырғандай. Сәкен Семізбұғы тауының ең биік жотасына көтеріліп, терең күрсіне демін ішіне тартып, айналасын көз қиығымен ерсілі-қарсылы шолумен болды, түпсіз зерде тұңғиығына да батты, ала-сапран дауылды көңіл-күйге де түсті, асқақ тебіреніске де бой алдырып өтті, тіптен бүтін ғұмырын, тайғақ кешуін қас қағым сәтте-ақ ой елегінен өткізіп үлгергендей қалыпта қалғандай. Семізбұғы көлінің шипалы суна шомылып, жұпар иісті кілемдей құлпырған құрағына аунап-қунаған сәтте сұнғақ бойы мен асқақ ойын туған жері мен еліне деген сүйіспеншілік, гүл шоқты сағыныш сезімі бір сәтке сезімін билеп кеткендей. Уақыт сонша тезімен өтіп бара жатқандай. Дөңгеленген күн ұясына қып-қызыл болып батып барады. Өні-міне дегенінше кең дала түн көрпесіне тұмшалана, орана бастады. Тау бөктерлерінде жалғыз жүргенінде желмен жарысқан желмая сынды сужорға, жас жүректердің сыр ақтарысқан уәделі тұстағы сүмбіл шашты қыз, жаз жайлауын жайлаған ел-жұрт көңілінді елеңдетіп, судай толқыған жан тебіреністегі жас жүрегіңді баурап алады, көңілдің шу асауын матап тастайды. Ақынның зерде кеңістігіндегі «Тар жол, тайғақ кешу» сүрлем-соқпақтары осынау сары даланың жұмбақ-адырларында рет-ретімен дестеленді: Қарашілік, Қызылжар, Омбы, Татарка, Славгород, Кереку, Баянауыл, Далба, Қызылтау, Семізбұғы, Сарыадыр, Қарқаралы, Нілді, Ақадыр, Тағылы, Бұғылы, Ортау, Иманақ...

Таңсәріде бір бүйірінен қарағаныңда Семізбұғы тауы жусап жатқан күйлі бұғыдан аумайды. Семізбұғының маңғаз тауына шыққанында Бұғылы-Тағылыдай егіз таудағы айықпас жара дертіне шұраған, мұң тереңіне батқан, ұзын кірпіктері көздің жасына малынған, өлім аузында жатқан семіз бұғының қарақаттай мөлдіреген, аянышқа толы қос жанары Сәкеннің жадында ұмытылмастай өте қатты сақталып қалғандығы сондайын, оның жан дүниесін тақыл-тақыл дүр сілкіндіріп, күпті жүрегінде найзағай оттарын дүркін-дүркін ойнатып қояды ғой. Қиналған бұғының жанар тұңғиығынан мөлдіреп түскен ыстық жас тамшылары ақынның асқар тау шыңындағы шынар гүліндей үлбіреген, нәп-нәзік сезім пернелерін тез басып-басып жіберіп, бойындағы алпыс екі тамырларының бастауларын бусанта келіп, оның әр-бір сағасын буырқантып барып, сай-сүйегін сырқырататын. Міне көл айдынындағы аққу қаздың әсерлі әуені мен буын биі сері құлағына шалынып, көзіне ілінгенді. Сыңарынан айырылған аққу қаздың мұңылы әні де, оққа ұшқан семіз бұғының көз жасы да періште кейіпті жанды, ыркына көндірмей, қасірет аралына бірге апарып түсіргендей. Осыншама мың құбылған, жалған дүние-ай. Кей сәттерде сол жаралы жапан жануарларының өмір үшін арпалысы ақынның көз алдына өзінен-өзі келеді. Өзінің де осыған ұқсас жан айғайы, басынан кешкен, азабы бір пендеге жетерлік дүние еді ғой. Ұмытылмас күндерінің елесі ағзасын оспақтай тілімдеп, болаттай берік намысын онан сайын шындай түсіп, мұқалмас рух рауандарын көк күмбезіне шарықтата асқақтатып, құлағына әсем саз толқындары құйылып, көкірегінен әсерге толы әннің мөлдір бұлағы сынды қайра-қайра төгіліп, айнала төңірекке арнасынан асқан әуен ырғақтары телегей теңіздей болып, Домалақ ананың даналық шашуындай шашылды келіп. Тіршілігінде адам баласы қилы-қилы заманды, жағдайларды басынан өткеріп, жарық дүние-кербезді көзімен көріп, өмірдің атан түйелік, қисапсыз ауыр жүгін білеуленген иғыменен, қыл мойныменен, жұдырықтай жұмырланған жүрегімен көп көтереді. Мамыражай, тебіреніске толы тіршілік тартуын да, сүрлеу соқпақтың сергелдеңін де асығып аптықпай тізгіндеп, тапқырлық-табандылықтың сәкілерінен де сүрінбей, еш шаршамай өтіп, өр мінезді жігіт сұлтаны тағдыр тәлкегін де асқан байсалдылықпен, еңсесін тіп-тік ұстап, қасқия тұрып қарсы ала білді. Сәкеннің ғұмырнама кеңістігінде тау мен дала кербезі бұғылар да, аспан мен көлдің еркесі аққулар да, нақақтан-нақақ жазаланған, темір торға тоғытылған, зәредей де кінәсі жоқ жандар да талай мәрте кездескен-тін.

*Бұғыны көздеп ату,
Табиғатқа тіл тигізу.
Дәрекілік тіл қату,
Адамға нөқта кигізіу.*

*Кісінің өмірін қиу,
Жауһазын гүлдерді таптау.*

*Көз жасын тыйу,
Өмір-өркені өсиетін сақтау.*

*Сұлулықты отау,
Кісі келбетін кескілеу.
Сәкенді құрықтау,
Адам баласын езгілеу.*

*Ұлағатты кісінің кісілігі,
Іскерлік істерінің ірілігінде.
Ұлы адамның адамдығы,
Табиғи тамаша тірілігінде.*

*Сұлулық сұңқарын саялап,
Кісілік жерінде қақталайық.
Ананы өмір бойына аялап,
Адамдық елінде сақталайық.*

*Сәкен сұңқар байқалды саңқылдаған,
Жақсылықтың ақ туын желбіреткен!
Сәкен, тұлпар санатты аңқылдаған,
Қазақтың жан-жалауын үлбіреткен!*

VIII Тау ішінде түнделетіп ...

Ғарыштан жұлдыздар жымын қағып, бейне бір аспан шырақтарындай жалт-жұлт етеді. Адамның ғұмыры қас-қағым сәтте өте шығатындай, жүріс екпінінің ыстық лебі түннің тастай қараңғылығын тіліп-жара, жуықта ғана Балабай ақсақал сыйлаған дойыр қамшысымен тұлпарын қақпайлай қағып, жорға жүріске түсіріп, әуен ырғағында тербетіліп, дүрсіл қаққан жүрегі бұлқынып барып, көмірдей қара даланы күңіреттіп, ақын қайрадан әндете жөнелді:

*Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймақты күңіреттіп өлеңдетіп,
Астымда ақ боз атым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп...*

Түн ауа Сәкен Сарыадыр жеріне ат табанын тіретті. Қараңғылық қапасында кірпік айқастыра алмаған Балабай ақсақал Сәдуақасты кең құлашын, құшағын жая, қуаныш сезімінде, көңілді кейіпке келіп, тұлпардан ілтипат-қошаметпен түсірді. Балабай-Сәдуақас арасындағы диалог былайша өрбіді.

- Кешіктің ғой?
- Уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалыппын.

- Семізбұғы қалай екен?

- Жер жаннатын іздеген жұртқа таптырмайтын мекен, құтты жұмақ тәрізді. Жерінің асты да үсті де тұнып тұрған, сарқылмас байлық па екен деп ойлап қалдым. Семізбұғының биігінен қарағанымда солтүстіктен - Көкшетау, шығыстан - Тарбағатай, оңтүстіктен – Қу-Қарқаралы, батыстан - Бұғылы-Тағылы таулары көрінгендей әсерге түстім.

Сол сәтте, жұлып алғандай, Балабай ақсақал былай дегені: «Мына Сәдуақас кіндік қаны тамған сұңқар-белін, туып-өскен сұңқар-елін сағынған екен. Оның таяудағы мұраты Жаңарқаның киелі жерін басу, туған елімен қауышу, кірпіш қазының, сары қымыздың дәмін тату. Елдігімізді, өрлігімізді көрсетіп, оның осы арман-тілегінің ордалуына бір адамдай ат салысайық, ағайын!», - деді жиналып қалған қыстақ маңындағы атқа мінерлерге. Бұл ұсынысты Ақыш бастаған топ та құптады. «Ақ боз ат бабына келген соң, бір Аллаға сыйынып, «Қарашілік кайдасың?» деп, жолға шыға беруіңе әбден болады. Ақыш өзінің алдындағы салт аттыларға сойыл-шоппарды тигізбейтіні аян. Осы Ақыш бастаған жігіттер өзіңді туған ауылыңа, туған еліңе серіктесе жүріп, жеткізіп салады. Сәдуақасжан, саған өмір ұзынында таусылмас бақ-дәулет, жортқаныңда сәтті сапар тілеймін» деп, Балабай ағынан жарылып, таңсәріде-ақ ақынға ақ батасын беріп те үлгерді. Бұл зұлматты заман, дүрбелеңді дәуір, зар зұлымды құбылыс қазақ халықы үшін күн-түн арасында ұйқатамайтын, түннің тыныштығы тұмандана бұзылған, ұзақ күннің қанды қарбаласы торыға созылған, қақтығыстарға толы, уақыттың қаракеті болса керек!?

*Рүстем-дастан жырым болды,
Ішіме жасырған алуан түрлі сырым болды.
Жарық дүниеге екі мәрте келіп,
Ақ боз атпен жортқанымда жолым болды.*

*«Қайран да қайран қазағым» деп,
Қияметі-қайымына төзді азап вагонының.
Сәкен жоғары лауазымда болып,
Келешегін ойлады ана-қарындас, аға-інінің.*

*Тас-түрмеге де түстіңіз гой,
Қызылдарды құптап жақтасаңыз да.
Қасқая қарап тұрдыңыз гой,
Аязды бораннан жаурап қатсаңыз да.*

*Асқан қаталдықпен, Сталин тіл қатты гой,
Олай-бұлай адымдап, Кремльдегі бөлмесінде.
Жендеттер қаруларын сізге кезеп атты гой,
Қызыл империяның қызыл қанды тұрмесінде.*

*Сәкендей тау тұлға бірақ рет туады,
Атой салып, қазақтың ұлан-ғайыр даласында!
Ескерткіші халықына қарап тұрады,
Қазақтың астанасы, салтанатты қаласында!*

Бүгінгі күні Семізбұғы тауының оңтүстік-шығысында Сәкеннің үңгірі, бұлағы, көлі «Мен мұңдалап» тұр. Оныншы сыныпты тәмамдайтын 1967 жылы, осынау «Сәкен көліне» біржолата кетіп қала жаздағаным бар. Сол сұм ажалдың арандай ашылған қанды аузынан сыныптасым Дүкенбаев Қинаят мені өлім өтінен арашалап қалған-тын. Сол жолы өлімнің қармағына мықтап ілінгенімде, бұл эссе-әңгімем ақ қағаздың беттеріне дестеленбес еді. Халқы үшін, жұрты үшін абройлы қызымет жасаған, ақ пейілді ел азаматына жарық дүниеден өткенімше қарыздармын. Полиция ардагері, полковник Қинаят Сүлейменұлы Қарағанды қаласында тұрады. Қинаят досыма шексіз алғыс-ризалығымды жолдаймын!

XXIV АЛАТАУ АТАЛАРДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Өлең – сөзін патшасы, күй- көңілдің падишасы!

Дүние – шексіздік, шетсіздік, тұңғықтық! Дүниенің сырын, құпиясын, бек-дүкпесін бүгі-шігесіне дейін жеткізе сәулелендіру, әсте, мүмкін бе!? Сол шексіздіктен бір белесті, елесті ғана алақаным салайын. Қолымдағы жазықтықтың төрт бағыты – шығыс, оңтүстік, батыс, теріскей – сынды төрт табалдырығы, төрт есігі бар. Екеуі – қалғандыкі, екеуі – алғандыкі. Яғни, қалған дүниеге, алған дүниеге екі-екі есіктен келетіндігі кісіге мәлім. Жер үстіндегі адамға ішке кіретін, сыртқа шығатын есік жан иесінің өмірі бойына ашылып-жабылып тұрады. Дүниеде жарық пен қараңғы, ақ пен кара, биік пен аласа, оны мен солы үнемі кезекпе-кезек келеді. Ақылдының әр әрекеті – Алланың аянынан, пайғамбардың парасатынан пәрменденген. Әсерлі әрекет – сулы, мөлдір өзеннің арқырай аққанындай! Өмір өлкесінде жүргенің көңіл-күйіңнің көл-дариядай толып тасығаны. Аспан көгінде көк көгершіндей, ақ періштедей қалықтағаның. Өнердің көгілдір көкжиегіндей шалқығаның. Ақылсыздың қаракеті – шайтанның шалғанынан, ақымақтың арбауынан анық аңғарылады. Қатерлі қаракет – улы, сұр жыланның қапияда шаққанындай! Жыланның ондырмастай шаққаны, өмір өлкесінен өкіне-өкіне, өкси-өкси, жылай-жылай клместің кемесінде кеткенің. Бақилықтың қос есігін бір ашып, мәңгілікке жапқаның, кара жердің астына, ксілердің көмегіменен қараңғының қапасына көмілгенің. Шоққа құлаған қорғасындай былжырап, сенің етіннің сортаң-сорғалап көр түбіне аққаны, сүйегіннің курап, сайын далада шашылып қалғаны. Өмір мен өлімнің арақатынасы, өзара салмағы осындай есепте. Төменде осы өмір мен өлімді жырыма арқау етемін.

Қазақтың портреті мынандай болса игі: нұр бейнелі, көкірегі таза, кеудесі кең, ниеті түзу, өресі биік, бойы сұңғақ, ойы заңғар, жаны жайсаң,

иманы кәміл, тілек-мақсат-арманы асқақ. Осынау, ерекше тұрған бітім-болмыс иелері адам баласына күш-жігер, қуат-шабыт шалқарын шуақтайды, сыйлайды.

Санаға серпін, өмірге өзгерістер әкелетін қуатқа ие дүниелер адамзатқа қажет-ақ. Адам баласының қасиетін шынайы тану, оны қадірлей білу орынды. Рухани мәдениеттің түпқазығын адам болмысынан іздеу абзал, осы мақсатқа орай, адам жаратылысына тереңдей үңілуге және сол тұңғыықтан танып-білген жаңалықтарын көркем бейнеге айналдыра отырып, адамды адам арқылы кемелдендіруге ұмтылған дұрыс. Нәтижесінде адамзаттық ақыл-ойда гуманистік көзқарастың алға шығуына әсерін тигізеді. Ал адам баласын алаламай қадірлеу идеясын ұстанған гуманист әлемдік көркем сөзді биікке көтереді. Дінге қатысты үстірт түсініктер мен адам өмірінің мән-мағынасын бекерлікке балаған аскеттік ұстанымдарға қарсы гуманистік идеялар мен ой еркіндігіне негізделген және өз дәуіріндегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен, мінез-құлқынан, өмір-салтынан жан-жақты мағлұмат беретін, негізінен, шындыққа құралған деректердің жиынтығы.

Ақылды, текті, сұлу, тәрбиелі, өздерінің қарапайымдылығымен адам баласын еліктіретін кісіге кім жетеді? Әйелдер көбінесе құбылмалылау, жеңілтектеу, секемшіл, күйректеу, қорқақтау, сезімтал болып келеді.

Ел-жұрттың қал-ақуалынан еш хабары жоқ, өзінің басының пайдасын ғана, жалған дүние жайын ғана ойлайтын, берген антынан айни салатын, мешітте болудың орына шарапханаларда шылымнан сөзі тұмандалып, арақтан өзі тәлтіректеп, Құдай жолынан думан қызығын артық санайтын жап-жас қыздар мен жігіттерді көре жүріп, өте қатты қиналамын-ау. Адамдардың осы күге дейін жасаған күнәлары мен заман ақырына дейін жасайтын күнәларының бәрін бір кісі ғана жасаса және ол кісі тақуа адам сияқты опық жеп, өкінер болса, адамға деген махаббаты мен мейірі мол ұлы жаратушы иеміз оған ақ пейілмен кешірім етпек, әрине, ол үшін ештеңені бүгіп, жасырып қалмау керек.

Төбенің жан-жағынан таптаза сулы жеті бұлақ, таңғажайып сурет іспетті, сәнді бақша мен көкорай шалғынға күні-түні нәрін беріп тұр. Бұл жер салауатты да тәрбиелі қыз бен жігіттерді өзіне тартып тұрғандай әсер береді.

Алатау аталардың алтындап-асылдап айтқандары ұрпаққа жолданған теңіз-тілек, асқар-аманат, ерек-өсиет. Дәуірлерден дөңгеленіп, замандардан зымырап, уақытпенен уызданып бізге үлкендерден үкіленген қобыз бен домбыраны, табиғат пен адамды, өмір мен өлімді шашу тәрізді шаштым, асудан асу астым, компьютерге керуенді келтірдім. Шашылған шумақтарды ой-орамына сайма-сай, жыр-желісіне дәлме-дәл, қию-құймасына тұп-тура тәтпіштеп, кірпіштер кейіпті кестелесе, қазақы-ұлттық болмыс-бітімі өзінің ілім-ілтисатын, өнер-өрнегін, салт-салтанатын ұлық сезімнің самалына сүңгітеді, тебіреністің тереңіне түсіреді, сананың сандығына салады. Мысалы, мынандай түстегі кірпіштер: ақ – өмір, қара – өлім, қызыл – қобыз, көк – домбыра т.б. Бұларды мықтылығына, көлеміне, түсіне орайластыра

алтын сымдайын тізіп, өрмекшінің өрнегіндей өріп, теңдеулі есептей теріп, ақыл-ой сұңқарын саздай илеп-сылай отырып қалағанда, өте қымбат бағаланатын өнер туындысы, өзінің тарихи салтанаттылығымен, мазмұндылығымен, өміршендігімен жан иесінің жүрек анарын, түйсік қанарын, көз жанарын, телегей тәнтілікпен озық мәдениеттің мамыражай бесігіне, бал-бөбектей баптай мәпелеп бөлейді.

Көктем келді

*Сексенге аяқ басқанымға именем бе,
Қартайдым деп қамырша иленем бе?
Жалғанның мол қызығына тоймай,
Қанағатсыздық есігіне мен енем бе?*

*Жадыраған күннің көзін көргеніме,
Бұл жалған дүниеде бақыттымын.
Жырдың жібек арқанын өргеніме,
Халқымның алдында жауаптымын.*

Көктем күні келді шуағын, гүлін, құсын алып. Көктем күні келді бұлтын, найзағайын, жаңбырын сіркіретіп. Көктем күні келді үлкен-кішіні, жан-жануарды, құрт-құмырсқаны шұрқыратып.

Әлі есімде, нақ осы бүгінгідей ерте көктемнің шуақты күндерінің бірі болатын. Әкем екеміз Ұзынбұлақтағы алма бақты аралап жүр едік. Кенет ол есіне бірдеме түскендей кілт тоқтады да, маған қарап: «Көрдің бе балам? - деді алма ағаштарының бүртік-бүртік бұтақтарын сұқ саусағыменен нұсқап. Мына байғұс бүр жарып кете алмай, әбден булығып, механат шегіп тұр. Құдайдың күні күркіреп, найзағайы бір ойнап берсе ғой, жарықтық алманың да жаны жай тауып, бүртіктері шешек атып, жадырап қалар еді...»

Ертеңіне бақ жаққа тәнертең ерте терезеден қарап, өзімнің көзіме өзім сенбедім. Алма ағаштары бейне бір ақша қарға көміліп қалғандай, аппақ боп гүл-шоқтанып тұр екен. Түнімен аспанды олай-бұлай найзағай оты тілгілеп, күн күркіреп, кешікпей-ақ, іле-шала селдете-көлдете жаңбыр сіркіреген-тін.

Мына алма ағаштарының да адам тәрізді кейде жаны қиналады дегенге кім сенер екен? Ағаштар да құдды қалың ұйқыдағы адам сынды қыс бойы маужырап, бусанып, талықсып жатады дегенге ше? Көктемгі найзағайдың құдіретті гүрілі бір түнде-ақ қатты ұйқыдағы күллі тіршілік атаулының апай-топайын шығарып, бәрін-бәрін де шырт ұйқысынан оятып жібергені шын ба деп қалдым.

Қашанда күн күркірер қарсаңында адамдар да, түрлі жан-жануарлар да, тіпті гүл екеш гүлдер де өзінен-өзі булығып, қиналып тұрғандай болып көрінеді. Найзағай ойнар алдында ауа аяқ астынан тымырсық тартып, тарылып, жай таппай кетеді. Ал, жай оғы көкті аямай бір-екі рет шықпырта, жарқ-жүрқ еткізіп, айқыш-ұйқыш қамшылап жіберген соң адамның тынысы

кеңейіп, жан-дүниесі жадырап сала береді. Әдетте найзағайдан соң іле-шала жанға жайлы, қоңыр-салқын самал есіп, кейде артынан нөсерлете жаңбыр жауып береді.

Мүмкін, мен де бүгін нақ осы алма ағаштары сияқты күні ертең төбеде ойнайын деп тұрған найзағайдың алдында булығып, көкірегім шерге толып, талағым тарс айырыла жаздап, қиналып тұрған шығармын.

Мына ағаштар қашан гүлдейді? Ертең бе? Бүгін түнде ме? Ертең гүлдесе мен оны көре аламын ба?

Бір сәт мен айнала төңіректегі мәңгі сұлулықты – көгілдір аспанды да, құдіретті күнді де, көктемгі алма бақты да, туған жердің мақпал лебін де соңғы рет сезініп тұрғандай бір түрлі елгезектік көңіл-күйге түстім. Мына жан-дүниені тебіренерлік сұлулық менен кейін де, тағы мын жылдан соң да дәл осылайша көз тартып, жайнап, жасарып тұра береді-ау деген ойдың құдығына түстім.

Асықпай, басқа еш нәрсені ойламай, айнала төңірекке зер қоя қарашы. Аспанға, тауға, жерге, көлге, көлдегі аққуларға... мына алма бақтарына біраз көзінді тоқтатып көр. Көреген көз жанарына бұл тұнып тұрған сұлулық қой! Тіптен, сонау серуендеп жүрген бейтаныс кісілер де бір анадан туған туыстай көзге жып-жылы, жақын көрінеді. Барлық адам мейірімді болып кеткен сияқты ма, қалай өзі? Соншама ғажап сұлулықты, адамға ғана тән жылылықты көрмей, білмей, сезінбей қалай ғана өмір сүруге болады десеңші? Мұның бәрін осы уақытқа дейін қалай ғана байқамадым, екен, ә? Өмір мұншалықты әдемі емес сияқты еді ғой. Көркіне көз сүрінетін мына табиғат бейнесін, жан слұлығын күні бүгінге дейін мен өзі қалайша байқамай келгем, ә? Себебі мен тап осы секундқа дейін ешқашан да мына жап-жарық дүниеге, айналадағы адамдарға өмірінде соңғы рет көріп тұрмын деп қарап көрмесем керек. Ең соңғы көруім деп қарасаң бар ғой, бүкіл әлем сыры көзіне кереметтей көркем, бұрынғыдан мүлдем басқаша болып көрініп кетеді.

Жаңа ғана өскін беріп келе жатқан көк-шалғын шөп қазір түнгі шыққа малынып, көктемгі күннің алтын реңді нұрына шағылысып, бейне бір теңіз түбінен алынған асыл маржандай жалт-жұлт етеді. Құдіретті күннің көзі алма ағашының бұтақтарына қонақтап алып бүртік-бүртік шық тамшыларын да күмістей жылтыратып, сом алтындай асқақтатып, ерекше әрлендіріп жіберіпті. Алма ағаштары жапырақ жая алмай қатты қиналып, терлеп-тепшіп тұрған тәрізді. Жапырақсыз, жалаңаш бұтақтардың ара-арасынан жерге көлбей шашылған күн сәулесі, құдды жоғарыдан төмен қарай тартылған өрнектің жіп-жіңішке жібек жіптері сынды болып көрінді, маған бүгінгі күні.

XXV ЖАЙЛАУДА ЖАТҚАН ЖЫР-ЖОТАЛАР

1.

*Керемет күй, тәтті ән силасам,
Қазақтай халықым риза болмай ма?
Жайсаң жыр, сәтті сөз айтсам,
Адамның күш-рухы разы болмай ма?*

*Қазақтың мол мұрасын әріптесем,
Төл тарихымызды ел құрметтемей ме?
Қазақтың өрлі өнерін дәріптесем,
Нұр мәдениетімізді ел әспеттемей ме?*

*Өмір өлкесі әлпештей жұбатады,
Кей-кейде жалтыр жарға құлатады.
Ғұмыр гасыр ежектей сұлатады,
Көңілді түсіріп, көз жасын бұлатады.*

*Өмір дегенім –
Бұлағым бар таудан құлап ағатын.
Өлім дегенім –
Құрағым бір сәтте сұлап қалатын.*

*Өмір дегенім –
Тұмарым мойныма бір тағатын.
Өлім дегенім –
Шынарым суалып кеуіп солатын.*

*Өмір дегенім –
Самалым қуанып биылдайтын.
Өлім дегенім –
Дауылым денені типылдайтын.*

2.

*Өмір дегенім –
Көзім қарақаттай құйылатын.
Өлім дегенім –
Тамырым қапиядан қиылатын.*

*Өмір дегенім –
Бой толысып, тіл қуыратын.
Өлім дегенім –
Ой талықсып, күл қуаратын.*

Өмір дегенім –
Сенің жалған қызығын қапқаның.
Өлім дегенім –
Сенің дүние терезесін жапқаның.

Өмір дегенім –
Күн-қайырымдарымның көрінгені.
Өлім дегенім –
Күн-түн қайғыларымның өрінгені.

Өмір дегенім –
Жүрегім дамылсыз соғатын.
Өлім дегенім –
Қор денемді көрге тығатын.

Өмір дегенім –
Шырақ жарығын шашатын.
Өлім дегенім –
Тұрақ қараңғылық басатын.

3.
Оу-оу-оу өмір, сен өтіп қаларсың,
Қуаныш-қайғысы су менен удай алмасқан.
Оу-оу-оу өлім жетіп мені аларсың,
Күзі жаңбыр, қысы қар құдай жалмасқан.

Өмірімнің соңында –
Құладым тағыдырдың құрағына.
Келер күннің таңында –
Аттандым келместің тұрағына.

Өмірге деген жер тарма,
Кісіні жүз жасатып қойсаңшы?
Өлмейтін жан есі барма,
Көр топырағың енді тойсаңшы?

Өлдім дегенім бекер білгенге,
Жалған дүниені зерттеп жүргенге.
Ілімді танып құлаққа ілгенге,
Ғылым галанда, киттей жүзгенге.

Кім айта алады,
«Қорқыт ата өмірден өтті» деп?!
Кім ой салады,

«Абай һакім өмірден кетті» деп?!

*Көсем де өткен дүлдүлдей,
Шешен де өткен бұлбұлдай.
Бұл жалганда не болмады,
Ел-жер үшін жан пида-ай?!*

4.

*Ел! Деп жанаттанып,
Жұрттың жетістігіне паңданамын!
Жер! Деп қанаттанып,
Даланың дархандығына таңданамын!*

*Қайранда-қайран халықым –
Қандай сөз айтайын өзіңе арнап?
Көңілі ақ, дархан халықым –
Қазақ! Деп өмірден өтем сарнап!*

*Қазақ! Менің бар болмысым,
Дәуірден дәуірлерге жалғасар.
Қазақ! Менің мақтанышым,
Уақытпен жарыса алға басар.*

*Қазақ! Асыл сөз тот баспайтын,
Адалдығынан ешбір жан қашпайтын!
Қазақ! Биіктеп тұрған бәйтерек,
Асқақтығынан ешбір адам аспайтын!*

*Қазақ! Деп күй тартып, әндеге –
Жар салдырам бүкіл әлем төрінде.
Қазақ! Деп жүк артып, сәндеге –
Ескерткіш қойдырам, дала өрінде!*

*Арайлап атты ақ таң,
Күннің шуағына боленіп, дала.
Алыстан көрінеді аң,
Түннен мазасыз ұйқысы шала.*

5.

*Семізбұғы – кенді тауым қайдасың,
Жауынды күні бұлттан бөрік киген?
Семізбұғы – тұзды көлім қайдасың,
Аққу-қаздарды ақ айдынына жиган?*

*Семізбұғы – зеңгір көкті қайдасың,
Сұңқары менен бүркіті жарысқан?
Семізбұғы – қырлы мекен қайдасың,
Жігіттері мен қыздары жарасқан?*

*Семізбұғы – биік көделі қайдасың,
Бұғылары мен киіктері араласқан?
Семізбұғы – мың өрелі қайдасың,
Адамдары бір-біріне қарайласқан?*

*Жүрегім семіп, денем салқындады,
Жастардан жақсылық тосатындай.
Сөзім кемелінен асып толқындады,
Даналар ойына ойымды қосатындай.*

*Сөз сарасы сандугашты ілетіндей,
Тілдің кереметі темірді тілетіндей.
Тәрбиеге қанған қазақтың баласы,
Баталы сөздің бағасын білетіндей.*

*Сөз періштесі жазады жараны да,
Ақ қылады қараңғыдағы қараны да.
Алла шеберлігінің шегі боламайды,
Жалғанында ойлантады дараны да.*

6.
*Табиғатты өзгерту қиын,
Мәселелерді шешеді тиын.
Өмір теңіз толқынындай,
Жіберіп тұрады өз сыйын.*

*Алатаудай ақ айбарым бар,
Қаратаудай қайратым бар!
Қайран да қайран қазақтай,
Майырылмас айбатым бар!*

*Ақылға кемел бастарым бар,
Жібек желкеннен астарым бар!
Данагөй, көреген халқымның,
Жолын жалғар жастарым бар!*

*Тұлпар болар тұлға тайынан –
Жарыстарда суырылып алға шығар.
Даналыққа жететін ұлға тән –*

Тілінің өтімділігінен дұшпаны ығар.

*Тұлпардың шабысы-ай,
Сұңқардың шабыты-ай!
Жұртына құт сыйлар,
Еңбеккердің табысы-ай!*

*Ақ арымның алауы-ай,
Жүрегімнің қалауы-ай!
Жалғандағы тұмарым,
Жанымның жалауы-ай!*

7.

*Іші сырлы дүние-ай,
Сырты нұрлы дүние-ай!
Тылсымы тұңғиық,
Қырық қырлы дүние-ай!*

*Сүрінбейтін тұлпар бол,
Мүдірмейтін сұңқар бол!
Алаш ұранды жас қазақ,
Ауырға мойымас нар бол!*

*Әулет дәурен құса,
Қиналған жеріңе салма жара.
Өмірің өрлеп тұрса,
Өзіңнен төменге жақсы қара.*

*Қиналған жанды тоқтатып,
Көмек қолды созсаң жарайды.
Күнәдан күнәсізді ақтатсаң,
Теріңнің құрысқаны тарайды.*

*Болсын таусылмайтын қазына мол,
Жалғасар ұрпақтарға ашылсын жол.
Егізден төлдетіліп төрт түлік мал,
Елге қазақ үлестірсін оңы менен сол.*

*Бақ-дәулетке толып алақан-усы,
Еңсесін көтеріп, алашаң баса жүрсін.
Басына балапандап бақтың құсы,
Қазақтың елі мәңгілікке өмір сүрсін.*

Сапрано-сығыр сазды ата мұрамыз домбыраға ескерткіш

Беу-беу, беу-беу, қобыз-домбыра!

1.

*Мен жылаймын, мен жырлаймын,
Ер боп туғансоң теріме сыймаймын.
Сөзімді айтып болмай тынбаймын,
Жанды өлім деген азәзілге қимаймын.*

*Күн бір шығады, бір батады,
Жарық пен қараңғы үнемі ауысады.
Адамда да күн мен түн кезек,
Көңілділік пен көңілсіздік қуысады.*

*Қайғым – қыс, қуанышым – жаз,
Өмірде бір қайғы, бір қуаныш, ол рас.
Жақсыларды көрсем болам мәз,
Жаман лаңнан жүрекке батады тас.*

*Таңсәріден оянып ап сайраймын,
Қызыл тілімді егеумен қайраймын.
Сайраймын да сөзімді арнаймын,
Ел тарихын түгендеп, зарлаймын.*

*Ойымды ойым толғайды,
Көненің тілі тоттанып тозбайды.
Тіл сөз сымын жалғайды,
Ата-ана тіліміз тереңге бойлайды.*

*О-ой, о-ой, о-ой ойдан кел ой,
Бір де жаурайды, бір де жіпсиді бой.
Тербелген тіл, түрленген ой,
Бұрынғыны да, бүгінгіні де ойлап қой.*

2.

*Таңсәріде көзге анық көрінетін,
Қобыз, Шолпан сынды галамшардан.
Шоғырланып жанарға ілінетін,
Домбыра, Үркер сияқты жұлдыздан.*

*Қобыз – жарқыраған Күн,
Кеңістікке жыр шуағын шапқан.
Домбыра – толықсыған Ай,*

Түн қараңғысына құшағын ашқан.

*Қазақ! Деп Күн мен Ай тұтыламын,
Кең далаға, бас қалаға жұтыламын.
Қолыма қобыз бен домбыра алмасам,
Қайғы-қасіреттен қалай құтыламын?*

*Беу-беу, қобыз-домбыра құрамдалған,
Өзіңді таныстырайынышы адамзатқа!
Беу-беу, қобыз-домбыра тарамдалған,
Сен лайықсың зой дүл-дүл деген атқа!*

*Қобыз – ақ-күміс сақалды Алатау,
Тоғайлары қаулап тұрған жиегінде.
Домбыра – қара мұртты Қаратау,
Кеме қалған су-тасқынды тиегінде.*

*Қобыз – Қорқыт атасы Алаштың,
Түркі жұртының жадында жатталған.
Домбыра – Абай ақыны Қазақтың,
Өшпейтін сана-сандығында хатталған.*

3.

*Қобыз – жұмсақ көрпедей,
Адамның дене жылуын молайтады.
Домбыра – өлеңді өлкедей,
Жан иесін самалымен марқайтады.*

*Қобыздың жылы лебі құйылады,
Болмысыңды ана алақанындай аялап.
Домбыраның самалы жиылады,
Қызымет-ісіңді ата қолындай саялап.*

*Жылағанды қобыз жұбатады,
Анаң тал бесікті мың тербеткендей.
Қиналғанды домбыра уатады,
Атаң қыл көпірден секіріп өткендей.*

*Қайыспас қайрат
Қыратта нені салдырдың?
Шайқалмас ақыл
Ойпатта не із қалдырдың?*

Жылы жүрек

*Адам баласына мейірім сыйла!
Мызғымас ар
Әр қазаққа жақсылықты ойла!*

*Қобыз бен домбыра әнді төгілтіп,
Ақылды, бейілді, намысты мықта.
Қобыз-домбыра күйді жосылтып,
Туған ел мен топырағыңды сақта.*

Қос қанатым – қобыз-домбыра

1

*О-у, о-у қария қобыз,
Өнердің қасиетті өркенін өрдің.
О-у, о-у ария домбыра,
Күйдің өсиетті кермесін кердің.*

*О-у, о-у қайран қобыз –
Сырласасың бар ғаламмен.
О-у, о-у сайран домбыра –
Тілдесесің сансыз әлеммен.*

*Қобыз бен домбыра –
Қос қанатым қағылатын!
Қобыз бен домбыра –
Жан шуағым жағылатын!*

*Қобыз бен домбыра –
Бұлағым таудан құлдилаы ағатын!
Қобыз бен домбыра –
Жыр тұмарым мойныма тағатын!*

*Қобыз бен домбыра –
Баба мен атаның гибраты.
Қобыз бен домбыра –
Әке мен баланың иираты.*

*Қобыз бен домбыра –
Ана мен қыздай салауатты.
Қобыз бен домбыра –
Дос-жолдастай инабатты.*

2.

Қобыз бен домбыра –

*Асқақ аргұмақ аттай арқырайды.
Қобыз бен домбыра –
Тозбайтын заттай жарқырайды.*

*Қобыз бен домбыра –
Қос аққудай тосылады.
Қобыз бен домбыра –
Егіз өзендей жосылады.*

*Қылқобыз бен күйдомбыра,
Мәдениеттің үлгісі сияқты!
Су айдынындағы қос аққу,
Махаббатың белгісі сияқты!*

*Қобызды ұстап алақандарым,
Таратты тамырыма ата қанын.
Домбра шертті саусақтарым,
Төбірентті игілікті баба жанын.*

*Қобызда күбірлеттім жырымды,
Қандырайын деп өнерге құмарымды.
Домбырада күмбірлеттім күйімді,
Шыңға шығарайын деп шынарымды.*

*Қобыз бенен домбыра –
Жұрыт өнерінің өркені.
Қазақтың әні мен күйі –
Ұлттың рух-намыс кені.*

3.
*Қазақта өнер сегіз еді,
Қобыз-домбыра егіз еді.
Ұлылардың ұғымында –
Сан-сәулеті тоғыз еді.*

*Бір тоғыз дегені –
Тілдің қайнарлы бұлағы.
Екі тоғыз дегені –
Сөздің қаулаған құрағы.*

*Үш тоғыз дегені –
Қасиетті-өсиетті сөздің атасы.
Төрт тоғыз дегені –
Бабаның ұрпаққа берген батасы.*

*Тогызбен силық саналған,
Аламан бәйгі жарысында.
Тогызбен жасау анықталған,
Тарлан тарихтың арысында.*

*Тогыз саны тоқтаусыз,
Ұзын сонар, кете береді.
Тогыз саны тоқыраусыз,
Алыстарға жете береді.*

*Қобыз бен домбыра –
Қазақ өнерінің бастауы.
Басқа мәдени мұра –
Кейініректеу жастауы.*

4.
*Қобыз бен домбыра –
Түйенің қос өркеші тәрізді.
Қобыз бен домбыра –
Таудан күй бұлагын ағызды.*

*Қобыз бен домбыра –
Адамды ақын-датады.
Қобыз бен домбыра –
Алысты жақындатады.*

*Қобыз бен домбыра,
Ағаштан болды жаның!
Қобыз бен домбыра,
Адамзаттан еді қаның!*

*Қобыз бен домбыра –
Аспаптарды көрдім көзімен.
Қобыз бен домбыра –
Тарихты тарқатады өзімен.*

*Қобыз бен домбыра,
Санамды жудың ашы теріңмен.
Қобыз бен домбыра,
Зердемді толтырдың шеріңмен.*

*Қобыз бен домбыра –
Жүрдің тылсымға толы ізбен!*

*Қобыз бен домбыра –
Тогыстың бүгінгі ұрнақ бізбен!*

5.

*Қобыз бен домбыра –
Бір-бірінен айырылмастай бауыр.
Қобыз бен домбыраның,
Жаһандағы көтеретін жүгі ауыр.*

*Қобыз-домбыра әсерінен –
Жазирамызда ақын жүректі халық!
Қобыз-домбыра әлемінен –
Әншілікті ұлт болып ұстап қалдық!*

*Қобыз бен домбыраның жүрегі,
Қазағым деп жұдырығын ұрады!
Қобыз бен домбыраның тиегі,
Жыр-дариядай құбылып тұрады!*

*Қобыз бен домбыраның күшімен,
Аласапыран заманнан аман шықтық!
Тарихтың тағылымдық үніменен,
Қазақтың бабалық болмысын ұқтық!*

*Қобыз бен домбыраны шұлықтаған –
Қара ормандай қазақтың зар-мазағы!
Қобыз бенен домбыраны ұлықтаған –
Қарға тамырлы қазақтың нар-қазағы!*

*Қобыз бен домбыра,
Дархан даланың нұр-таңын атыр!
Қобыз бен домбыра,
Қазақтың рухын саз-әуенге батыр!*

6.

*Беу, сымбатты қобыз-домбыра,
Қазақтың мәңгілікті елдігінде қал!
Беу, қымбатты қобыз-домбыра,
Күй-ғұмырымызды сандығыңа сал!*

*Беу, беу, беу сырлы қобыз-домбыра,
Елге беретін білім-тәрбиең өсиеттелінсін!
Беу, беу, беу жырлы қобыз-домбыра,
Күй құдіреті, сөз құдіреті қасиеттелінсін!*

*Өмір – қозғалыс тоқтамайтын,
Қарама-қайшылықты жақтамайтын.
Қиын болар қоғамдағы адамдар,
Тарихын өз жадысында сақтамайтын.*

*Жарық дүниенің қызығы махаббатта,
Мұны айтып кеткен ата-бабаларымыз.
Өмір-өзеннің әр шыжығы лақап атта,
Соны ойлаңдар балдырған балаларымыз.*

*Тағыдыр талқысы кез болмай ма,
Біреуге кеш, біреуге тез болмай ма?
Бір кезде аяғыңды қисық бассаң,
Жаман ісі артқыға сөз болмай ма?*

*Сол тұста қобыз бен домбыра
Аһ-аһ ұрып, қалмайма безектеп!?
Жүз аспап жарысып шұрқыра,
Алға тұра ұмтылыса, кезектеп!*



Қоркыт

Қикулашы қобыз!

1.
*Өлең – сөздің патшасы,
Қияннан қарыптарды құрастыратын.
Күй – көңілдің падишасы,
Желкенді желменен жарастыратын.*

*Қобыз бен домбыра –
Ұлттың үн-қайратын қайрасын.
Қазақтың әні-күйі –
Жыр даланы жаңғырта сайрасын.*

Қобызды еменнен ойған,

Өз заманында Қорқыт ата,
Қобызында күй ойнаған,
Сұраған кісіге берері бата.

Кәрілік, келіп қалдың,
Айтшы, қай жағымнан?
Өмірлік ісімді алдың,
Сөйлеймін тіл ағымнан!

Ежелгі қобыз аспабын –
Жасы жеткен қарияға балаймын.
Балаймын да ойлаймын –
Кәріні сыйлаганды мен қалаймын.

Ойға ой құйғандық –
Қазаққа берді сананы.
Жас ұлғайғандық –
Қобызға берді дананы.

2.
Күйді тарта –
Еске түседі адамдық үлгісі.
Қорқыт ата –
Дархан даналықтың белгісі.

Қобыз қуана нені айтады,
Өмір өлкесіне адам келгенде?
Қобыз қинала не сөйлейді,
Өлім өксігіне адам кеткенде?

Өмірдің көңілділік сәулесі –
Елге сыйлайды той-думан, сайранын.
Ғұмырдың көңілсіздік әуресі –
Кісіге жеткізеді мұң-қайғы, ойранын.

Қыл қобыз бір күңіренді,
Қайырсыз адамдарды даттап.
Шаң қобыз мың толғанды,
Қайырымды кісілерді хаттап.

Өнердің серкесі әсем күйде,
Жетері саз аспабын баптаудан.
Бақ-дәулеттің үлкені үйде,
Сүйкімдісі сөз бабын қаптаудан.

*Қобыз – ұлардайын шулайды,
Қыр-қыратта найзағай оты ескенде.
Қобыз – тай тәрізді тулайды,
Қыл-арқан мойнына алғаш түскенде.*

3.

*Айтшы қыл қобыз,
Болама қиындыққа түңілуге?
Әрқашан дайынбыз,
Жақсы кітаптарға үңілуге!*

*Қоңыр үнді қобыз –
Қазақ халқының данасындай!
Сұлу сазды қобыз –
Қазақ жұртының анасындай!*

*Қобыз үнін естігенде қобалжымын,
Дала сахнасын алғаш сәндеткендей.
Қобызды қолға алғанда елжіреймін,
Бұлтты көк күңіреніп әндеткендей.*

*Қобыз –
Аққу болып аңқылдайды.
Қобыз –
Сұңқардай сұңқылдайды.*

*Қобыз –
Тұлпар болып тулайды.
Қобыз –
Қозы-лақтай шулайды.*

*Қобыз –
Жылан болып ысылдайды.
Қобыз –
Тамшыша тырсылдайды.*

4.

*Қобыз –
Гауһар болып шашылады.
Қобыз –
Адамдар сынды ашылады.*

Зорлық замандарынан өттік,

*Жыраулардың легін қақсатқан,
Жаймашуақ дәуірге жеттік,
Қадірлеп қазы-қарта асатқан.*

*Қобыз – таудайын такапарланады,
Мықты өнерпаз қобызында ойнағанда.
Қобыз – домбыра сазына парланады,
Қазақтың жері жайқалып жайнағанда.*

*Қобыз – ғаламшар сынды шуақтанады,
Көктем келіп, жайлау жері бусанғанда.
Қобыз – қазақ сәулетіндей баптанады,
Даңқы артып, шоқ-жұлдызы жанғанда.*

*Қобыз – дауыл боп соғады,
Өсімдіктерді қиратып, жайратып.
Қобыз – өзен сынды ағады,
Қаз, үйрек, шағалаларды сайратып.*

*Қобыз – зәмзәм суындай боп сарқырады,
Меккеден имендылық негізбен жеткізілген.
Қобыз – қазақтың туындай жарқырады,
Ғасырдан ғасырға биік көтеріп өткізілген.*

5.

*Талап қыл білім-білікке,
Артық ілім-ғылым кітаптан!
Босқа жұрме тірілікте,
Арлы мамандыққа талаптан!*

*Қобызың қолыңнан түспесін,
Қазақтың баласы, асып туған!
Қобыз үні құлақтан кетпесін,
Жастарым өнер-білімді қуған!*

*Қобыз – зымыраған пырақ,
Өмір жарқылымен алдар бірақ.
Ертеңгі күнің қайда екенін,
Сен оны анық білесің бе шырақ?*

*Өмір – арпалыс, күрес, жанталас,
Табиғаттың шеберлігінен қарашы!
Өмір – еш таусылмас бақталас,
Бітпестейін бақталасқа жарашы!*

*Адамның өмірлік шырағы –
Жаңа жұлдыздың жанғаны.
Адамның өлімдік жырағы –
Жарық жұлдыздың сөнгені.*

*Жарық жұлдыз сөнгенде,
Күңіренбеші көненің көзі қобыз.
Өлімнің бұлты төнгенде,
Кісінің көңілін аулашы ән қобыз.*

Думандатшы домбыра!

1.

*Алла! Деп алқандарымды жайдым,
Жалғанда Жаратқаннан тілеп рақым!
Алдыма мұрат-мақсатты қойдым,
Жыр тұлпарына мініп, қысып тақым!*

*Ақ бата сұрадым, Қоқыт атадан –
Аттамай ұлттың салт-дәстүрінен.
Әз өсетті өтіндім, Абай данадан –
Беріле оқып кітаптың түр-түрінен.*

*Ойлана-толғана кірдім үйіме,
Төрдегі домбыраны алдым қолыма.
Аспапты түсіре құлақ күйіне,
Көз жүгірттім жүретін жолыма.*

*Абайдың жан-дүниесінен,
Қазақтың домбырасын көргендеймін!
Қазақтың ән-жыр-күйінен,
Өлкемде өнердің өрнегін өргендеймін!*

*Тарихты қопарып жүргендеймін,
Қолыма алып қасиетті домбыраны.
Тұлпарды ерттеп тұрғандаймын,
Кейіне түсіп қайсар қыр қыраны.*

*Сөйлеші, сайрашы сыр-домбыра,
Термелеші, төгілші жыр-домбыра!
Қайратты қайрап күй-домбыра,
Шалқышы, шырқашы ән-домбыра!*

2.

*Сұңқар боп,
Қанаттана сусылдайды домбыра!
Аққу болып,
Махаббатты жырлайды домбыра!*

*Тұлпар боп,
Тағатсыз тытырлайды домбыра!
Ер болып,
Қаһармандай зырлайды домбыра!*

*Домбырамен даланың исін сезіп,
Қуанышқа толы кеудемді керемін.
Домбырамен кісінің әлемін кезіп,
Жас балаусаның қылығына еремін.*

*Қазақ домбырасы қос шекті,
Құрметпен қарайсың өнердің өріне.
Жылжыта келтіріп тиекті,
Қондырып бәйтеректің қақ төріне.*

*Кәрі домбыра сөйлетесің,
Ата-бабаларымды ертедегі.
Нар домбыра ойлантасың,
Әке мен баламды бертіндегі.*

*Дерек домбыра дүбірлетесің,
Ұшы-қиыры жоқ ұлы даланы.
Ерек домбыра сыбыратасың,
Заңғар тау, төбе, сай-саланы.*

3.

*Нар домбыра еміреніп,
Тау бұлағы сынды құлай сарқыраған.
Нұр домбыра тебіреніп,
Жердің асыл тасындай жарқыраған.*

*Қазақты бүкіл әлемге танытып,
Дауылдатып қалықташы үн-домбыра!
Қазақтың мәдениетін дамытып,
Дуылдатып шарықташы күн-домбыра!*

*Қобыз бен домбыра жырларым,
Шексіздік әлемін нығыздап қаптаған.*

*Мың аспапты, зор оркесторым,
Музыкаға гашықтығымды құптаған.*

*Қобыз бен домбыраға арнаған дүнием,
Баға жетпес қымбат қоймама сыймады.
Көп аспапты сөйлетпегеніме күйінем,
Құдайым, неге өмірімді ертерек қимады?*

*Думандатшы домбыра –
Жылқы мінезді қазақты қолдап.
Дүбірлетші домбыра –
Үлгілі үндеуіңді халыққа жолдап.*

*Көк тұлпардың шабысы-ай,
Қазақтың рух-күшін аспандатқан!
Көсем түріктің табысы-ай,
Адамзат ой-санасын асқақтатқан!*

4.
*Алланы, адамзатты, әділетті –
Сүйспениілікпен түсір домбыраға!
Осы үшеуін баба аманат етті –
Есте сақта қарындас-апа, іні-аға!*

*Жүгі жаниты темір тордың,
Құламасында тұрғандай ордың.
Тағыдарымның тұтқырын-ай,
Тапталдым түрмесінде қордың.*

*Тор дегенім қаладағы керме,
Ауасы ауыр, ақ іргесі жалдан.
Ор дегенім даладағы терме,
Ауасы тәуір, керегесі талдан.*

*Абай-домбыра –
Жігер-семсерімді қайрашы-ай!
Абай-домбыра –
Сандуғаштай кеп сайрашы-ай!*

*Күй-керуеніңе сүйсіне,
Тоты құстай тыңдайын.
Жыр-дастан әуездерін –
Әспеттеуден тынбайын.*

*Қобызды тазарттым мүктен,
Домбыраны арылттым түктен.
Әуез-сазды снамда сәулетпен,
Құтылдым жанышқан жүктен.*

Ой, ақыл, дәулет

1.

*Бұл сөзімде
Үш асылды айттым.
Бұл бөзімде
Ойымды сайраттым.*

*Бірі қыл қобыз –
Аргы атам!
Екісі домбыра –
Бергі атам!*

*Үші болмыс –
Өмір мен өлім!
Үшеуін сез
О дария-көлім!*

*Ардақты аталарым,
Қазір Сіздер қайдасыздар?
Мен ойлана қарасам,
Жердің қойынындасыздар!*

*Мен адаммын жүрген саяқ,
Айтайын сөзімді бастан аяқ,
Тілімнен жегенім бар таяқ,
Жүрсем болар еді-ау жай-ақ.*

*Өмір сүрсең ойға ойды қосып,
Ақылың жан атаулыдан асар.
Ар-намысың болса бекемнен,
Кісі табылар ізіңді дөп басар.*

2.

*Ерінбей еңбектенсең беріліп,
Бақ-дәулетің теңіздей тасыр.
Әсерлі күйді тартсаң керіліп,
Сайранды дүниең мың жасар.*

*Бар болғаныңа айтсаң тәубе,
Жарылқап жазығын берер жауға.
Тәубе – от, күнә – отын екен,
Теңесер болғанменен, биік тауға.*

*Имандының көкірегіне нұр толар,
Абайлап ақылмен ісін даралағанда.
Үлкен ғалымнан сәулелі сөз қалар,
Тындырған жұмысын саралағанда.*

*Күй – қасиет,
Қазақтың ойынан орын алған.
Күй – құдірет,
Қазақтың бойынан табылған.*

*Күйменен тарихты түгендеп,
Ұрпаққа тағылымды тұмарлайды.
Күйменен дәстүрді жүгендеп,
Төл салыт-санаға елді құмарлайды.*

*Күйменен рухымыз биіктеп,
Қазақтың ары аспанда арқырайды.
Күйге самұрық құсы еліктеп,
Қазақтың ақ жұлдызы жарқырайды.*

3.

*Қобыз-домбыра –
Үлкен-кішіні қатты ойландырады.
Қобыз-домбыра –
Ай менен күнді шыр айналдырады.*

*Қобыз-домбыра –
Ақылыңа ақылын қосудай-ақ қосады.
Қобыз-домбыра –
Жерге сәлесін шашудай-ақ шашады.*

*Қобыз-домбыра –
Дәулет пен сәулетті тең жаратты.
Қобыз-домбыра –
Жалғанның жұртын өзіне қаратты.*

*Қобыз бен домбыра –
Біріңнен біріңді оздыра алмаймын.
Қобыз бен домбыра –*

Күнә кәрін мен қоздыра алмаймын.

*Қобыз деп,
Ғасырлар қайнауында қақталамын.
Домбыра деп,
Дәуірлер қойнауында сақталамын.*

*Қобыздың қарымы –
Қазақтың телегей-теңіз қасиеті!
Домбыраның барымы –
Бабаның ұрпаққа ұсынған өсиеті!*

4.

*Оу-оу-оу қобыз,
Күңіренші беу, беу қобыз!
Оу-оу-оу домбыра,
Тебіренші беу, беу домбыра!*

*Оу-оу-оу қобыз,
Тембірлеші беу, беу қобыз!
Оу-оу-оу домбыра,
Күмбірлеші беу, беу домбыра!*

*Оу-оу-оу қобыз,
Сайрашы беу, беу, беу қобыз!
Бабалардың батасын тармақтап,
Болашақтың бел баласы шарықта!*

*Оу-оу-оу домбыра,
Сөйлеші беу, беу, беу домбыра!
Аталардың тілегін қармақтап,
Қазақтың қара сөзімен қалықта!*

*Сабыр – су,
Су құрамында керекті, адал зат.
Уайым – от,
От құрамында у газы, арам тат.*

*Қария қобыздан аманат сынды,
Тамшылар домалап жетті бұлаққа.
Дарига домбырадан салауат енді,
Жайма-шуақтанып естілді құлаққа.*

5.

*Күй – тербіреністің талшықты қиығы,
Шыңырауына ой да, бой да жетпейтін!
Күй – толғаныстың балшықты иығы,
Ет-сүйегіне ұстараның жүзі өтпейтін!*

*Күй – адамның сезімін әлдилеп тербетеді,
Өзінің аса ардақ тұтқан, туган анасындай.
Күй – ғаламның келбетін сәндеп өрлетеді,
Ғаламат ғалым, бүкіл әлемнің данасындай.*

*Күйімменен күйім бірге еді қобыз,
Жырмменен жырым бірге қобыз,
Қайда жол тартсам да үзеңгілес,
Қобызым менің ғұмырыма сен ілес!*

*Лашын құстай мен де ұшушы ем,
Қобызымды құшағымға құшушы ем!
Қобыз халықым үшін қымбат зат,
Болғандай жан-жолдасың қазанат!*

*Тілімменен тілім бірге домбыра,
Сөзімменен сөзім бірге домбыра.
Қайда барсам-дағы айырылмас,
Домбырам менің қалай сайрамас?*

*Желдей есіп мен де жүруші ем,
Домбырамен бірге тұрушы ем!
Домбыра қазақ үшін ғаламат,
Еліме қара домбырам аманат!*

6.

*Бірін айтта, бәрін де айт,
Қобыз бен домбыраны айт!
Аман-саулықта тұрғанда,
Елге қызымет жасап қайт!*

*Елімді айтсам дәудей сомданамын,
Теңіз тәрізді айдынды толқындатқан!
Жерімді күйге қоссам қомданамын,
Найзағай сынды ауаны солқылдатқан!*

*Қобыз бен домбыраны көрсем,
Жайнаймын ерте көктемгі гүлдей!
Қобыз бен домбыраны естісем,*

Жадыраймын зой шуақты күндей!

*Қобыз-домбыра –
Өнер өлкесінің мөлдіріндей!
Қобыз-домбыра –
Қазақтың маңдай теріндей!*

*Қобыз-домбыра –
Терме теңізінің тұнығындай!
Қобыз-домбыра –
Қазақ асылының сынығындай!*

*Қобыз бен домбыраны
Сайлаймын түнгі ұйқыға жатарда.
Қобыз бен домбыраны
Қанжығама байлаймын таң атарда.*

7.
*Тұлпарым тулап тытыршиды,
Қобыз-домбыра қайда дегендей?
Жылқы жануар бір түрлі енді,
Халық қамын қатты жегендей?*

*Аспапта да аспап бар –
Саз шығаратын сан қырлы.
Ағашта да ағаш бар –
Сыр тарататын көп түрлі.*

*Қобыз, домбыра, сырнай –
Сызыла сайрайсыңдар тынбай.
Терек, қайың, балқарағай –
Жыл бойына өсесіңдер сынбай.*

*Аспаптың аспабы бар –
Желше, суша, жерше күбірлейтін.
Ағаштың ағашы бар –
Құсша, аңша, кісіше күмбірлейтін.*

*Ағаш, аспап, адам –
Татигаттың бір гана белгісі!
Ән тарам-тарам –
Адамзаттың аса әсем елісі!*

Әнмен өткізілген –

*Іріліктің жүрегі лауласын!
Сөзбен жеткізілген –
Бірліктің тірегі аумасын!*

8.
*Айтқанымды алтынмен әрлеймін,
Қазақтың асыл қайетімен нәрлеймін.
Ата-бабаларды аса ардақ тұтып,
Ұлыт намысын, еш кімге бермеймін!*

*Адамы, аспабы, ағашы бар –
Бір-бірімен күрмеп байланған.
Әрқайссының ашысы бар –
Өздеріне тән етіп сайланған.*

*Қорқыт ағаштан әуен аспабын қашап,
Өлімменен қырық бір жыл арпалысты.
Абай жан серігі өз домбырасын жасап,
Өмірді үкілеп жан берісіп жан алысты.*

*Өмірдің ыстығы бар,
Тәніңді ерітіп, терге батыратын.
Ғұмырдың суығы бар,
Жаныңды дірілдетіп қатыратын.*

*Қобызым еменді шойын,
Сәлдесіне жұпарын жаққан.
Домбырам сұңқар мойын,
Бөріне үкі қанатын таққан.*

*Қарату бабалардың сызғаны,
Таспа таспасымен затталсын!
Алатау аталардың жазғаны,
Адам жадысында жатталсын!*

9.
*Тоты құспен тілдескендеймін,
Таңның тыныштығын толғаған.
Тас мүсінмен кездескендеймін,
Тұлпардың тұлпарын таңдаған.*

*Тұлпар десе делебем қозады,
Аламан бәйгеге шабатындай.
Тай желісте жорғам озады,*

Түрікі тектіні табатындай.

*Жылқы – қазақтың қанаты,
Мінсе бойына күш-қуатын төгетін.
Өнер – қазақтың жаннаты,
Ігерсе, рухына жайлап кеп бөгетін.*

*Дыбыстың келбетін көлдеткен,
Қобыз-домбыра менің сүйіктім!
Дауыстың сән-әуезін селдеткен,
Қобыз-домбыра белгісін тіктім!*

*Қобыз-домбыра жан қияр досым,
Ұзақ сапарда жан-жүректі саулайтын.
Қобыз-домбыра жан-жолдасым,
Ұзын жолда мінез-құлықты жайлайтын.*

*Ұзақ сапарым аяқталмайтын,
Жылдан жылға аяғым алашаң басатын.
Ұзын жолым таға жалмайтын,
Дәуірлерге дәуірлер жалғанып асатын.*

10.

*Еділ патшаның елесі өштеген,
Ғасырлардың қойнауына өткенмен.
Шыңғысхан жадыда кетпеген,
Қанишама қоғам жеріне кеткенмен.*

*Ақсақ Темірдің нары таттанбаған,
Адамзатты соғыстың кәрінен қорғайды.
Абылай ханның нұры тоттанбаған,
Уысына түсіреді көкжиекті, шалғайды.*

11.

*Қобыз – қырандай қанат қаққан,
Қырғиды бүріп те, тіліп те шашқан.
Домбыра – сұңқардай суси аққан,
Ұшар құстарға аспаннан жол ашқан.*

*Қобыз – жортқан жолбарыстай,
Қамыс сыбдырын құлаққа келтіретін.
Домбыра – таудағы барыстай,
Жолынан кезіккен жауын өлтіретін.*

*Қобыз – рылдаған арыстандай,
Рылымен зәре-құтты кетіретін.
Домбыра – келісті жезтаңдай,
Мән-жайды барынша білдіретін.*

*Қобыз – бурадай буырқанған,
Қаңтар қысындағыдай бораған.
Домбыра – жас шымшықтай,
Ұяның ұла-мамығымен оранған.*

*Қобыз бен домбыра,
Қияметтік дос құшақтасқан.
Қобыз бен домбыра,
Өмірлік жолдас шарттасқан.*

*Қобыз бен домбыра,
Таусылмас байлығым да, кенім де.
Қобыз бен домбыра,
Сендерде болашағым да, сенім де.*

12.

*Қолымда замана қалдырған хат,
Қобыз-шежірені кестелеп жаздырған.
Қос алақанымда ең қымбат зат,
Биік таудың асар шыңынан қаздырған.*

*Қобыз-домбыра,
Қос қауырсыны қалған самұрықтан.
Қобыз-домбыра,
Тараған мамыражай, сом ұрықтан.*

*Қобыз-домбыра,
Бір анадан бір күнде тугандай.
Қобыз-домбыра,
Мың орам ою-өрнекті бугандай.*

*Қобыз-домбыра деп,
Шаһнаманы адамзатқа жеткіздім.
Қобыз-домбыра деп,
Қыл көпірден сөзімді әрең өткіздім.*

*Өмір – қас қағымдағы қозғалыс,
Ұзындығы жүз жылға жететін.
Өлім – бірге жақын, екіге алыс,*

Көз қарасынан көрінбей кететін.

*Қобыз-домбыра,
Ой-зердемді құптайды.
Қобыз-домбыра,
Ән-дәуренді сақтайды.*

13.

*Қобыз-домбыра,
Сүйемелдеуіңмен шырқалған әнім.
Қобыз-домбыра,
Сендерсіз келмейді-ау менің сәнім.*

*Қобыз-домбыра,
Іледі лашындай қаз бен қуды.
Қобыз-домбыра,
Біледі адамдай бал мен улы.*

*Бал дегенді балбыратқаны –
Қобыз-домбыраның жақсыны баптағаны.
У сайқалды салбыратқаны –
Қобыз-домбыраның жаманды таптағаны.*

*Жақсының өмір жолағы жарқын,
Бола бермек барлық адмзатқа өнеге!
Жаманның гұмыры білмес нарқын,
Олар жарық дүние есігін ашады неге?*

*Бар дейді сондай жақсы адам,
Қолынан қобыз-домбырасын құлатпаған.
Кезігетін көрінеді жаман кісі,
Маңайына қобыз-домбыраны жолатпаған.*

*Дейді қобыз-домбыра:
«Жақсы адамнан – шарапат», - деп.
Күйзеледі қобыз-домбыра:
«Жаман жаннан – кесапат», - деп.*

14.

*Кешірімді кісі кіршіксіз таза,
Жаңа туған жан, періште сынды.
Кенеттен келген сұмдық қаза,
Есеңгіретеді, еңіретеді де мыңды.*

*Қуаныш пен қайғы жүреді қатар,
Бірінен бірі еш қалыспай-ақ жатар.
Бірінің күні шықса, бірінікі батар,
Ажал қысса да, кім Отанын сатар?*

*Келсем қобыз-домбыраны жүз жыл бағып,
Мөлдір бұлақтай болар едім жатқан ағып.
Өнердің не бір биіктерін мен бағындырып,
Өлмесем отырамын, жұлдызымды жағып.*

*Бабалар ғылымның жетпіс екі түрін білді,
Ішінде меңгергені болды жепіс жеті тілді.
Күн-түн демей, жатпай да тұрмай іздене,
Ойдың алауына, Құдайдың қалауына үңілді.*

*Сүбелі сөйлейтін болды ұйқыға кетсе көзі,
Келісті, қазыналы қобыз-домбыраның сөзі.
Дәуірден дәуірге көркейте көңілді көтеріп,
Өнердің өлкесін өркендетті, халықтың өзі.*

*Қобыз-домбыра бір-біріне қарамады теріс,
Қобыз-домбыраға жат өзара шабыс-керіс.
Егер, адамдар арасында болса өкпе-реніш,
Кешірісе, қол алыса, құшағыңды аша келіс.*

Мені «әу!» дегізген қобызым мен домбырам!

1.

*Сөз бастадым білейін деп көптің ойын,
Айтқаныма жұртым бұра ма екен мойын?
Ортаға қобыз-домбыра қатар қойылды,
Келтіріліп құлақ күйі еркін, тіктеп бойын!*

*Ағашта ағаш бар сырғаланған,
Самал ескенде ырғалып шайқалған.
Адамда адам бар аса бағаланған,
Топ ішінен тұлғасымен байқалған.*

*Аспаптардың үн ағашын мықтап қаша,
Қобыз-домбыра мүсінін жақсылап жаса.
Бетіне салғайсың нақыш-сурет өзгеше,
Таңырқап тұратындай жұрт ауыз аша!*

Қобыз-домбыра қымбатын түйсінгендер,

Таңданып, жұмақты бірге тамашалағандай!
Қобыз-домбыра сымбатына сүйсінгендер,
Зор сахананың ақ төрінде ықыласталғандай!

Қобыз-домбыра,
Бурадай буырқанып көбік шаиқан.
Қобыз-домбыра,
Тұр елің тамашалап таңырқасқан.

Қобыз-домбыра,
Қазаққа аброй бердіңдер әу баста.
Қобыз-домбыра,
Жеңдім жауларыңды бала жаста.

2.
Туган топырақ сағынған, қайдасың,
Қолымдағы қобыз-домбыраны шерлеткен?
Тулаған тұлпар жарап, жайнайсың,
Қобыз-домбырадағы ән-әуенін терлеткен!

Қобыз-домбыра мақтанышым,
Халықымның мәртебесін өрлеткен.
Қобыз-домбыра ауа-тынысым,
Жұртымның несібесін төрлеткен.

Қобыз-домбыра жақұтым,
Көңіл төрімді жарқыратқан.
Қобыз-домбыра бақытым,
Өмір-өзенімді сарқыратқан.

Қобыз-домбыра мың ізім,
Қуаныш-қайғымды түгендеген.
Қобыз-домбыра тең ізім,
Асаудың асаун да жүгендеген.

Қобыз-домбыра сезімім,
Махаббаттың мұңын жұбатты.
Қобыз-домбыра төзімім,
Жаудың салмақтысын сұлатты.

Қобыз-домбыра уатты,
Ата-анасынан айырылған бөбекті.
Қобыз-домбыра қуатты,
Қалтыратты менменсінген бекті.

3.

*Қобыз-домбыраның қолдан түскені,
Қазақтың киелі өнерінің құрдымға кеткені.
Қазақ бойынан ақындықтың үріккені,
Жұрттың өлімнің жар құдығына жеткені.*

*Қазақтың ақын жүректі болмауы,
Қазақ халқының жартылай өлгені.
Ана тілін қазақ баласының білмеуі,
Халықтың өлімнің өлкесіне келгені.*

*Қобыз-домбыра,
Жүрегімнің үн қылын шертеді.
Қобыз-домбыра,
Санада қатқан мұзды ерітеді.*

*Қобыз-домбына,
Ұйқтаған көкірегімді оятады.
Қобыз-домбыра,
Шерленген көзді жсайнатады.*

*Қобыз-домбыра,
Кекештенген тілімді сайратады.
Қобыз-домбыра,
Ердің мұқалған рухын қайратады.*

*Қобыз-домбыра,
Қашан төл өнерім өркендейді?
Қобыз-домбыра,
Қыздың қылығын көркемдейді!*

4.

*Әу-у-у дегенім,
Аспаптар сүйемелдеуімен әндеткенім.
Сазды сезгенім,
Қазақтың қош-қаракетін сәндеткенім.*

*О-у-у-у даригай, әнім-ай,
Қайда екен аққудың қос балапаны?
О-у-у-у аридай, сәнім-ай,
Көрініші гашықтықтың алапаты?*

Ғашықпын Сарыарқадай жеріме,

*Кең керіліп, жайсаң жатқан қырыма!
Сүйсінемін Ұлы Отан деген еріме,
Қарақат көзді, қолаң шапты қызыма!*

*Не деген қымбат аққу-махаббат,
Еш уақытта өшіп-сөніп қалмайтын?
Дер едім-ау өз-өзіме де мархабат,
Жүрегім болса, у уыты шалмайтын!*

*Аман болыңдар қобыз-домбыра,
Көп кісінің созғанда қолы жетпеген.
Дәуір думаны келеді гой соңыра,
Саз-әуендері, таудан асып кетпеген.*

*Қобыз-домбыра,
Қосарланған жұлдыздайсың таңсәрідегі.
Қобыз-домбыра,
Қос мұңылық, Ләйлі-Мәжүнін әр-сәрідегі.*

5.
*Сездім қазақтың мақпалды желін,
Ұғындым ұлтымның агынды селін!
Қобыз-домбырадан байқаймын-ау,
Арудайын асқақты қазақтың елін!*

*Туган топырақты қасиеттеп,
Қобыз-домбырамен жерді барлаймын.
Қаһарман халықты әспеттеп,
Қобыз-домбырамен өңірді шарлаймын.*

*Қобыз-домбыра халыққа пір ме едің,
Тирмизидей имам хадисін ардақтаған?
Қобыз-домбыра қазаққа құт па едің,
Махамбеттей ер ерлігін салмақтаған?*

*Адамның өмір жолы тым қысқа,
Дананың атағы кеткен әрбір тұсқа.
Қобыз-домбыраны жасағандары,
Болды адамның баласына үлгі-нұсқа.*

*Қобыз-домбыра ойғанда жөнді,
Мың қиыннан қиыстырар шара.
Аспапың тембірін дөп қою енді,
Жеті тілді сәтті келтіру тура.*

*Болсын қара орман халқым аман,
Өткізіп одан соң қанишама заман.
Қобыз-домбыра қызымет қылып,
Әркелкілі әңгімем болсын тәмам.*

6.

*Шарықтап аққуындай айдын көлдің,
Қостанып сөйлеші қобыз-домбырам!
Жүрсемдағы тап ортасында шөлдің,
Әу! Дегізеді қобызым мен домбырам!*

*«Қобыз-домбыра» ескерткішін қойсам,
Тұсынан өткен жан басын өр өнерге бұрады.
«Қобыз-домбыра!» - деп тасқа жазсам,
Ән-жыр-күй адамның ойында сайрап тұрады.*

*Даланы самалды мақпал мәпелегендей,
Сезім сазы тұла-бойымды билеп кетті.
Балыны мамық алақан әлпештегендей,
Сүйіспеншіліктің сәулесін үкілеп өтті.*

*Данамен дидарласқандай күйге түстім,
Төл тарихымыздың тереңінде тұрғандай.
Қайран қалысып, таң-тамаша болысып,
Қазақы халықым маған басын бұрғандай,*

*Қобыз бен домбырадан көзге көрінді,
Осынау керемет құбылыстардың барлығы.
Қобыз бен домбырадан өркені өрілді,
Пайғамбар пайымы, бір Алланың жарлығы.*

*Мақсұтхан деген атым бар,
Қобыз бен домбыраны мақтаған!
Баба қазақ деген затым бар,
Жетіаспап жандарды жақтаған!*

XXVI ҚОС СЕМІЗ МҰНАРЛАНҒАН

Қанекеннің келбеті көз алдымда

Ботақара кентінің байырғы тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері,
Исабек Айтбаев:

«Қаныш Имантайұлы 1950 жылы №105 Қарағанды сайлау округі бойынша СССР жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болғанда

көрдім. Бұрынғы Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау) ауданындағы «Алғабас» колхозында, мен сайлау учаскесінің төрағасы болдым. Бір күні Қанекен сайлаушылармен кездеседі деген хабар естідік. Ғалым ағаны бүкіл ел болып қарсы алды. Сонда Қанекеннің зеректігіне таң қалдым. Елде бірнеше жыл болмаса да, ауыл ақсақалдары Бәйділденің Жүнісбегін, Әбілданың Қаженін, Бөстекбайдың Жәркейін жазбай таныды. Ыстық ықыласты осы кездесуде Тұрсынхан Кәрімдосов, жұбайы Рахима Қаныштың бетінен сүйіп амандасты. Кейіннен білдік, ол апай Қаныштың киімдерін тіккен, қолынан мөрі тамған тігінші екен.

Сол кезде Қали Нүрділдинов Қарқаралыдағы үш айлық оқуға кетіп, бухгалтер Әген Тентекбаев колхоз басқармасының міндетін уақытша атқарған. Парторг Қоқыш Түсіпбаев бар, бәріміз кешкілікте Қанекеннің әңгімесін тыңдадық.

-Жігіттер, колхозды атына сай алға бастыру үшін, маңдай тер төгіп, жұмыс атқару керек. Сол шаруаны жүзеге асыратын адамдарға қамқорлық жасау қажет. Мәселен, ең алдымен, ауыл маңына тоған салып, оның суын пайдалансаңыздар, біраз мәселе шешілер еді. Суармалы картоп отырғызып, көкеніс ексеңіздер, ол өздеріңізге пайдалы емеспе? Ал, тоғанда балық түрлерін өсіруге болады,-деді.

Қанекеннің сол кездің өзінде айтқан сөздері керемет көрегендік қой. Бұдан кейін атақты ғалымды Қарағандыда тұрған Қабылбек Исабаевтың үйінен тағы бір рет көрдім. Неше сағат әңгіме айтса да қаққан қазықтай тік отырып, бір иілмеуші еді. Қанағанның сондағы жарқын, келісті сөз сөйлеу мәнері, кішіпейілділігі, барлық қимылдары күні бүгінге дейін көз алдымда.»

Қаныш

Асан-Қайғы атамыз Желмаясымен жер-жаһанның қай түкпірінде болмады десеңізші? Сол бір сәтте Семізбұғы тауына тамсаныспенен карап, былай дегені жұрт жадында: *«Мына тау анадайдан жұлдыздай жарқырап, көз жанарын өзіне бек тартады екен. Алладан келері мол сыйлық. Баурайы толған байлық! Дәурені туған тұста осы таудың етегі көпшілікке құтты қонысқа айналып, жайсаң жұмырланып жатқан құт-қойнауы халықтың қажетін қанағаттандырады.*

Адамды аштықтан, жұртты жоқтықтан, жер-жаһанды жауыздықтан қорғап қалады».



Семізбұғы кеншінің кеншілері, 1928 ж.

1926 жылы Сарыарканың кең даласындағы Семізбұғы тауының кенді баурайынан, Кеңес Одағы бойынша теңдесі жоқ, шаруашылық-қорғаныстық маңызы орасан зор кеніш орны қауырт ашылды. Ленинград геологтарының ерен еңбегінің, тапқырлығының арқасында, балку температурасы 2050 градус, ал асылдығы, қаттылығы, мықтылығы тұрғысынан алып қарағанда, алмаздан кейін екінші орын алатын корунд минералының мол қоры анықталды. Корунд қоспасынан температураға төзімді, дәлдігі ерен, мықтылығы керемет техникалық құрылымдардың бөлшектерін құрастырады. 1927 жылы асыл тастың жүздеген тоннасы орталыққа жөнелтілді.



М. П. Русаков пен Қ. И. Сәтбаев

Семізбұғы кенішін ашушылардың бірі, Николай Иванович Наковник (1895 – 1975) тебірене отырып, былай деп жазды: «Үлкен Семізбұғының бүйірінен, массасы 5-10-15 тонналық, шұбатылуы 1 шақырымдай таза көк тастың шаирандысы мамандарды таңтамаша қалдырды. Бұрн-соңды гология ғылымы мұндай кварцты жыныстан корунд кенін тауып алу мысалын көрмеген. Михайл Петрович Русаков (1892 – 1963) екеуміздің корунд кенішін ашуымыз барлау-генетикалық емес, кездейсоқтық оқиға болды. Сондықтан Главкомның Семізбұғы геологозерттеулік партиясы біз ашқан жерді тағы да екі жыл бойы тау жыныстарын қайта-қайта қопарып, оны суретке түсірді.

Семізбұғының корундсы дүниежүзілік деңгейде теңдесі жоқ, өте сапалы және қор-қомақтылығы атап айтарлықтай аса мол болып шықты. Семізбұғы корундысының ұнтағы, мәйда ұны кез келген бетті айнадай ғып жылтыратуда таптырмас, тамаша байлық! Дүние жүзінің қандай да корундысы Семізбұғының коундсымен теңдесе, сайыса, айқаса алмайды!»

Ұлы Отан соғысы жылдарында Семізбұғының сондайын сапалы корундсы Нұра станциясының теміржолы арқылы Уралдың металлургиялық, машина құрастыру, станок жасау заводтарына жедел жеткізіліп тұрды. Жылдар жылжи Семізбұғының көк тасы Қарағанды, Алматы, Ленинград, сонымен қатар, шет елдердің музейлерінен өзінің көрнекті орнын тапты.

Семізбұғының інжу-маржандары

Семізбұғы жері – жасыл желекті, жұпар иісті, жұртқа өте жайлы жайлау! Семізбұғының көк корундсы сенім-нанымға сергек кісінің ішкі қуатын еселейді, есте сақтау қабілетін дамытады, ой-өрісін кеңейтеді, зерде-заңғарын ұлғайтады, ілім-білім-ғылымға деген ерекше қызығушылығын, құштарлығын тудырады да, арттырады да, табиғатқа тамсану сүйіспеншілігін шарықтатады!

Сарыарқадағы Семізбұғының корундысы мынандай көріністен хабардар етеді – рубин, сапфир, топаз, александрид – түрлі түстердің гаммаларымен әсерленіп, кісіге керекті көркемдік, емдік қасиеттерді көрсетуімен аса қымбат бағаланады.

Семізбұғының сұңғыла сілемі 50 жыл жемісін жалған дүниеге жомарттықпенен жолдады. Кеңес Үкіметі қамбасына 200 000 тонна абразивті корунд, көк тасы құйылды. Бірақ, бұдан Семізбұғы тауының байлық деңгейі, әсте, ортайған емес!

Ю.Г.Поповтың «Рудник Семизбугы его люди» кітабынан:

«Годы жизни еще одного семизбугинского горняка Мухамедия Искакова: 1900 – 12.11.1959. Через архивы и редкие достоверные публикации его внук, карагандинец Алибек Искаков осуществил первый поиск семейной летописи. Цитирую присланные им факты.

Мухамедия Искаков родился в ауыле №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семпалатинской области в зажиточной семье.

Его отец Скакь Аймаганбет в 1910 году был аксакалом хозяйственного ауыла №12 (по переписи 1897 г. - №21) административного ауыла №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области в урочище Каратас (Кенжеәлінің қаратасы).

Дед Аймаганбет кажы Кенжеалыулы (совершил хадж в Мекку предположительно в 1905 году) в 1897 году был аксакалом зимовки хозяйственного ауыла №21 административного ауыла №6 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области в урочище Кожа-керегетас.

Шежире: Мұхамедия – Скак – Аймаганбет – Кенжеәлі – Есентүгел – Жанак – Бабас – Қасаболат – Әлімбет – Телі – Құлеке – Қаржас – , ... , – Арғын.

Мухамедия с 25 сентября 1936 года начал работу на руднике Семизбугу в качестве запальщика горных работ.

Ниже приведены некоторые сведения от 01.01.1955 года из Государственного архива Карагандинской области, фонд №125, дело 84 «Рудник Семиз-Буга» Главного управления абразивной и алмазной промышленности «Главабразивалмаз».

ФИО: Искаков Мухамедия. Год рождения 1900. Национальность Казах. Партийность – беспартийный. Образование – 4 класса. Занимаемая должность и когда – назначен заместителем начальника горного цеха с 25.02.1952. Стаж работы – с 1936 г. Где в данное время учится – нигде.

За время работы на руднике Искакову Мухамедие, как многим работникам рудника, неоднократно объявлялась благодарность за выполнение плана и доблестный труд...

Про Аймаганбета Кенжеала (1838 – 1925) из рода Бабас надо смотреть «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. Том IV.» Это первая перепись Российской Империи провадилась в 1897 году. Зимовка Кожа-

Кенші Ысқақов Мұхамедияның (Минаның) ұлен ұлы Қадырхан (1944 – 1994) – медицина ғылымдарының докторы. Ол Семізбұғы кенішінде туған. 1951 – 1961 жылдары Семізбұғының орта мектебінде, 1961 – 1967 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтында оқыған. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң «Казахском институте гигиены труда и профессиональных заболеваний» ұжымында невропатолг-дәргер қызыметін атқарған. 1969 жылы конкурстан өтіп, КГМИ-дің аспиранурасына қабылданған. Аспирантураны аяқтаған соң Орталық ғылыми-зерттеу зертқанасында «кіші ғылыми қызыметкер» дәрежесінде еңбек еткен. 1973 жылы «Некоторые клинико-функциональные особенности кардиологического синдрома при вибрационной болезни у горнорабочих» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағап, «Госпитальды терапия» кафедрасында істеген. 1981 жылы бөлім бастығы, онан соң «Қазақ кардиологиялық ғылыми-зерттеу институтындағы «Ғылыми-клиникалық орталығында» директордың орынбасары лауазымын аса абройлы атқарған. 1993 жылы «Разработка новых методов ограничения зоны наркоза и профилактики реперфузионных осложнений при остром инфаркте миокарда» тақырыбында докторлық диссертациясын аса асқақ қорғаған. Жүзден астам ғылыми құнды еңбектердің авторы. «Денсаулық сақтаудың үздігі» белгісімен марапатталған. Кеншілердің денсаулығын жақсартуда атап айтарлықтай еңбек сіңірген, Қадырхан Мұхамедияұлы сынды апталды азамат, тұғырлы тұлға «Ел-жұрттың жанашыры, шипагері болсын», - деп екі қызы – Шарипа мен Айманға дәргерлік мамандықты, ғалымдық мансапты мирас етіп қалдырған.

Месторождение Семизбуга

Корунд – уникальный минерал вулканического происхождения, по твердости уступает только алмазу. Прозрачные разновидности корунда являются драгоценными камнями: синий-сапфир, красный-рубин, обыкновенный и мелкозернистый корунд-абразивный материал (наждак). Образцы семизбугинских минералов хранятся не только у нас, но и в коллекции геологического музея города Бандунга в Индонезии. В Санкт-Петербургском минералогическом музее создан специальный стенд о богатствах Семибуги.

1926 год. Из выступления академика А.Е.Ферсмана в АН в Москве: «... подобного синего камня нет ни на Урале, ни в Канаде, ни в Индонезии и Южной Африке. Там имеются только низкосортные корунды. Семизбугинское месторождение произведет сенсацию в минералогической науке мира. Это «Жемчужина Казахстана», самое крупное месторождение мира». Корундное месторождение оказалось не только самым крупнейшим на земном шаре. Корунд Семизбуги прославился исключительно высокой абразивностью, ни один корунд в мире по своим абразивным свойствам не был с ним сравним. За открытие корунда на горе Большой Семизбуги М.П.Русаков и

Н.И.Наковник были удостоены Знака Министерства геологии СССР «Первооткрыватель месторождения».



**Ленинград. 1963 жыл. Всесоюзная конференция по
околорудному метасоматизму. Н.И.Наковник, Ш.Ж.Машрапов,
Логинов.**

... У подножья сопки жили братья Амирбек, Тулеубек, Тишбек Дабыловы. Они и стали первыми рабочими рудника открытого в 1926 году. Из ауыла Кызыл Агаш пришел знаменитый степной кузнец Шарты Балгожин и вместе со стариком Савченко обеспечивали работу всех механизаторов. Пришли работать Губайдулла Шибаев, Омарбек Кыпшакбаев, Искаков Мухамедия, Муслим Рашев, Хамит Мустафин, Бекен Идрисов, Сарсен Шанин, Габбас Калиакпаров, Мурсал Олжабаев, Абдугани Махметов, Исмаил Укубаев и другие. Целыми семьями пришли работать из Кернея, Акоре, Белагаша: Переяславские, Блудчие, Вьюн, Ефремовы, Лукьяненко, Слизенок, Ильченко, Мельники, Мишкины, Мартыновы, Кривенко.

Поселок обустривался, в предвоенные годы проживало около тысячи человек. Чтобы обеспечить население продуктами, было создано подсобное хозяйство, в котором уже через год насчитывалось 20 дойных коров и 200 овец, 300 гектаров пашни. Уже в те годы были построены школа, клуб, магазины, пекарня, баня, заложен большой красивый парк. За парком был родник и вода потихоньку стекала в парк, как естественное орошение.



Семізбұғы. 1960 жыл. Отырғандар, солдан оңға қарай
Тілеубаев Серік – Семізбұғы поссоветінің төрағасы, Машрапов
Шәрапиден – кеніш директоры, Қошығұлов Дүйсенбай – тау
кенішінің бастығы, Әбікеев Қожаберген – кеніштің бас маманы.
Тұрғандар: Магомедов Анди – бас бухгалтердің орынбасары,
Саттықұлов Әнтай – бас инженер, Бисекеев Ораш – бухгалтер,
Көккозов Мереке – ауырухананың бас дәргері, Түсіпов Таяқбай –
бухгалтер, Шәйкенов Қабыжан Рахымжанұлы – жоспарлау
бөлімінің басшысы, Жүнісов Ләу – кенші.

Корундный Семизбуга не прекращал своей плодотворной деятельности и в период Великой Отечественной войны, день и ночь работал на оборонную промышленность. У многих рабочих была бронь, освобождение от фронта. Забойщиками ударно трудились Жалаковы – Касымбек, Катай, Кумшек, Шукеев Аукали, Коцегулов Дуйкен, Бисекеев Киналбек, Бисекеев Несипбек, Орынбаев Тайлак. Десятниками работали Искаков Мухамедия, Коцегулов Дюсембай. На складе взрывчаток «Динамит» сторожили Исабаев Сагат, Жалаков Касымбек, Бажанов Омен. Завторгом снабжения, продовцом был Шибаев Губайдулла. Выписка из районной газеты: «... 20 декабря 1941 года домохозяйки Дармодехина, Панфилова, Борисовская, Калиакпарова обошли рудник. Собрали бойцам новогодних подарков – сахара 20 килограммов, чая 10 пачек, сливочного масла 3 килограмма, свиного сала 3,5 килограмма, папирос 1 пачка, ниток 3 катушки, одеколон 10 флаконов». Все они ковали Победу в тылу.

Интернеттен

Семізбұғы –сағынышымыз, көркемдік келбетіміз

Жаным таза мөлдір судан да,

*Үзілмес үмітті күтем қудан да!
Өзім бақатты боп тугам ба,
Бақыт гүлін көрем, таудан да?!*

*Туған елім! Өз жұртым, өнегеге бай ортам,
Саған деген сағынышымды көрсетіп қайтам!
Елім еңселі, Сарыарқада емін-еркін жортам,
Батагөй ата-бабаларыма рахметімді айтам!*

*Аталарға сәлемімді беріп масаттанамын!
Аналарға басымды иіп, ерекше шаттанамын!
Ағалар қаһармандығына, апалар шуағына,
Қайран да қайран қалып, ерек қуаттанамын!*

*Туған жерім! Өз мекенім, өз өлкем!
Сені теңерге табылмады сөзім көркем!
Жерім жомарт, қойнауың қазына,
Өскені орман, сырғалы қайыңым еркем!*

*Тауыңа қарап қатты таңданамын!
Көліңе қарап керемет тамсанамын!
Есіл еріңе, қырмызы қызыңа қарап,
Көңіл босап, жанарға жас аламын!*

*Семізбұғының самал желі қандай,
Еркелетіп маңдайдан сыйпайтын?
Семізбұғының кенді жері қандай,
Менделеев кестесіне сыймайтын?*

*Семізбұғымыз қандай-ды?
Көркемдеп айтуға сөзім жатпейді!
Семізбұғымыз қандай-ды?
Қастерлеп жатуға төзім жетпейді!*

*Семізбұғымыз жиделі-байсынды тұрақтай,
Сымбатты тастарынан өр шашуын шашқандай!
Семізбұғымыз жарық-жұлдызды шырақтай,
Сұлулықтың сырын бар әлем жұртына ашқандай!*

*Бұлт-бөрікті тауымыз бар,
Семіз бұғымызға ұқсап қалған.
Қыл-арқаннан бауымыз бар,
Мықтылықты ұстап қалған.*

*Семізбұғының адамдары қандай,
Өз елін, туған жерін жыр ететін?
Семізбұғының асыл тасы қандай,
Алмаздан басқаны тентірететін?*

*Семізбұғымыз қыз-ұлымен көрікті,
Семізбұғы талай қызықты көріпті.
Тарихымыздың көкжиегіне үңіліп,
Алтын сиямен әр әріптерін өріпті.*

*Даласына көп ұлтты сыйғызған,
Семізбұғының кісілері кең пейілді.
Данасынан мол мұраны алғызған,
Семізбұғы жазығына дән себілді.*

*Қаулап өсті өлеңшөп пен бетегең,
Кейінгі кезде ол бұлбұл ұшты көзден.
Қызылагаш не деген жалпақ едің,
Аумаған ою-өрнекке толы ақ бөзден.*

*Қисапсыз қиналысым, сынау болар,
Ізі де қалмапты жорытқан аң, киіктің.
Дүз тағысы қасқыр, тау көркі бұғы,
Жаман көрінгені қара сұлбасы күйіктің.*

*Қайран еліміз,
Көгілдір аспанның астында!
Туған жеріміз,
Корундылы таудың үстінде!*

*Туған елдей ел болмас,
Мың бір қайталап, толғанбай өтпейтін!
Туған жердей жер болмас,
Сағыныш сезімі еш уақытта кетпейтін!*

*Туған ел, өзің дегенде,
Көгілдір корундыдай ысып, балқимын!
Туған жер, өзің дегенде,
Айдындағы аққудай болып, қалқимын!*

*Семізбұғы кеніші Мәскеуге қарады,
Таудың даңқы бүкіл әлемге тарады.
Корунд минералының ерен қасиеті,
Ыстыққа шыдамдылығы жарады.*

*Семізбұғымыз биіктен көрінеді,
Сағыныштың от құшағына бөленеді.
Семізбұғының бағасын айтсам,
Миллион-миллярд динармен төленеді.*

*Ұсақ-ұсақ елеуіштің тор көздеріменен,
Семізбұғының корундысы сұрыпталған,
Семізбұғының адамдары сөздеріменен,
Тарихтың төрінде гажап қарыпталған.*

*Елеуіштің тар көзінен түсіп қалмайық,
Асыл кісі, көк жұлдыздай жарқырайық!
Бірлік-тірілік-елдігіміз асқақ жарасып,
Асау өзеннің кең арнасында арқырайық!*

*Семізбұғылықтар еңбекпен шыңдалды,
Білікті галым мәртебесінде тыңдалды.
Адамдардың ауыр жұмысы бағаланып,
Көп дауыспен депутаттықа таңдалды.*

*Семізбұғы тауының биігіне өрлеп барғанда,
Бабалар өсиетімен елге жеткен ұрандайсың!
Асанқайғының заманынан әрірек қарағанда,
Семізбұғы иірімдері қасиетті Құрандайсың!*

*Сағынышты арқалап мен келдім алыстан,
Жаңылыспай таныдың ба бауырмал достар?
Туған жерді, Ұлы Отанды есінде сақтаған,
Жүрек-жарды сезімді құрдастар қоштар!*

*Көрдің бе аруақтар жатқан қорымды?
Аруақтар үшін аямай жұмса барыңды.
Өлі разы болмайынша тірі байымайды,
Аруақтарға арналған құраның орынды.*

*Семізбұғы тауы етегінен бастау алып,
Атқарылар қызыметіміз баянды болсын!
Дүниеден өткен кісілерді есімізге салып,
Оқылар сүре-дұғаларымыз аянды болсын!*

САМАРҚАН СЕЛОСЫ:

Леонова Лидия Семеновна родилась в 1938 году на Украине. В фашистском концлагерь попала в возрасте 5 лет. После освобождения в 1946 году приехала в Караганду и поступила в ФЗУ, по окончании которого работала мастером на швейной фабрике. В 1963 году преподавала швейную технологию в училище №19. С 1992 года живет в селе Самарканд. В 1996 году вышла на пенсию.



Сивенкова Прасковья Фоминична

родилась в 1925 году в деревне Росасно Дубровенского района Витебской области. В принудительном порядке весной 1943 года немцами вывезена в город Борн, а в 1944 году 5 мая вывезена немецкими оккупационными властями в Германию. 9 месяцев работала на земляных работах в городе Брескау. В мае 1945 года была освобождена частями Красной Армии. Перед возвращением на Родину прошла проверку НКВД. В 1960 году переехали в Казахстан в село Абай Егиндыбулакского района Карагандинской области. Работала дояркой, опрыскивала поля ядохимикатами. В 1993 году переехали в село Самарканд. Умерла в 2001 году.

Handwritten document, likely a military or administrative record, with various stamps and signatures. Visible text includes "Сивенкова Прасковья Фоминична" and "Росасно".

СЕМІЗБҰҒЫ СЕЛОСЫ:

Аккожин Сұлтан

Ақышев Термизи Ақышұлы 1904 жылы туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Польша жеріндегі ұрыста бірнеше әскери бөлімшелер қоршауда қалған. Т.Ақышев контузия алып, фашистердің Освенциум концлагерінен бір-ақ шыққан. Лагерьде карауылшылардың бақылауында, тас қопару карьерінде жұмыс істеген. Ұрыста алған жарақаты ауыр болып, бұл жұмысқа тіптен жарамаған соң, оны Дрезден қаласына басқа жұмысқа ауыстырады. Дрезден қаласы – Германияның ғылыми-мәдени орталығы болған. Бұнда немістің тілін төп-тәуір меңгеріп, жергілікті жұмыскерлермен жақсы қарым-қатынаста болған. Фашистердің концлагерінде тұтқындарды асқан қаталдықпен қинап жазалаған шаштарын қыркып, тістерін жұлып, терілерін сыпырып, оларды ажал пешінде тірі-ақ өртеген. Шаштан-мата, парик, тістен- протез, теріден-сөмке, өртеген адам күлін сәт тыңайтқыш жасаған. 1945 жылы кеңестік әскер арқасында тұтқыннан азат етілген. 1945 -1947 жылдары Донбаста шахтада болған.



От пен суды ұзағымен кешкен, зұлымдық пен катігездікті көп көрген Т.Ақышев ешқашан адамгершіліктің адал жолынан таймаған. Ұзақ жылдар бойы Семізбұқты кентінің ауруханасында шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып, сол жерде зейнетке шықты. 1974 жылы қайтыс болған.

Асмағамбетов Садық Семізбұғы ауылының тумасы. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыс кезінде шайқастардың бірінде тұтқынға түскен. Концлагерьде болып, небәрі

Ойдан ой туады, толқындарды қуады

*Қазақ халықын аузыма алам әуелі,
Семізбұғы, туған жерім нұр-сәулелі!
Тоғайдағы дәуір ағаштары мәуелі,
Адамды өзіне тартады, сүйікті елі!*

*Анам жуган-тын жөргегімді,
Көтердім жабырқаулы көңілді.
Жүрек түкпірінде жатты ой,
Жіберер күмбірлетіп ән-өңірді.*

*Қастерлеп жүремін көңілдің төрін,
Тербетіп, туған жердің талбесігін.
Мәпелеймін қазақтың қырын, өрін,
Айқара ашамын алтын қақпа есігін.*

*Кімнің от-жүрегі алаулап,
Миқайнаған еңбектің ішінде?
Көңілі шіркіннің жалаулап,
Қинады көргені мұң түсінде!*

*Қазақтың маңдайын жанаған оқ,
Зерде сандығымдағы зар-иманым!
Тағыдырдан ешбір хабарым жоқ,
Несіне жасырынад жар-иманым?*

*Налысам да көрінген кемшілікке,
Туған жердің ұлы боп қаламын да!
Тамсана ерекшеленген кісілікке,
Бір уыс топырағыңнан аламын да!*

*Аруаққа дұға оқып, қазан асам,
Жұртым мені кешір мазаласам!
Менің өзге ойым болар ма екен,
Санадағы қоқысты тазаласам?*

*Мен емес сағымды қуалап,
Жырлайтын ердің көзсіз ерлігін!
Алла бар тарихты куәләп,
Танытатын ата-жұрт, елдігін!*

*Жеткенде сүбелі сөздер жүрекке,
Мен көрсетемін беріктікті ақ антыммен.*

*Тар жол, тайғақ өткелді заманда,
Мен біргемін ата-жұртым өз халқыммен.*

*Нұрын шашқан жұлдыз адамдар,
Әсемдік әлемін қатты құшыңдар!
Шексіздікте қалдырып қадамдар,
Ғарышқа самғап ұзаққа ұшыңдар!*

*Ел тұр мақтанып, мен масаттанып,
Жастар барады алыс сапарға аттанып!
Ата-бабалардың ерлігін еске түсіріп,
Мерейлі тойды жасамақшы, шаттанып!*

Алтын тажды Семізбұғы!

*Шешен адам сөз бастар,
Ақын, әншілер той бастар.
Батыр адам қол бастар,
Көпті көрген жол бастар.*

*Өшпестей қылып қалдыртты,
Хан, би,батыр-баһадүрлер аттарын.
Күреспен өтті ғасыр-дәуірлер,
Жазып тарих-жылнамалар хаттарын.*

*Айтқандары бұрынғылардың ақыл екен,
Ақ теңізде тұнжырап тұрған нақыл екен!
Өз халқына ата-бабалардың еңбегі сіңген,
Нар халқыма алғыс айтқаным мақұл екен!*

*Күн жарқырайды шырақтарымен,
Ғаламшардың бет-әлпетін ағартып.
Адам мың жасайды ұрпақтарымен,
Өмірдің үзілместей қылын ұзартып.*

*Семізбұғы – көңілі жай елдің аты,
Семізбұғы – кенге бай жердің аты.
Суы мөлдір, аққу-қаздары жүзген,
Семізбұғы – бүйірі сай көлдің аты.*

*Елменен бірге өткізгенде айлы түнді,
Не жетсін естігенге Семізбұғы үнді?
Жырға қосса болмайма туган жерді,
Алла бегендіктен шуаққа толы күнді?*

*Кездестім Семізбұғының халқыменен,
Ақ көңілдің сағынысқан шартыменен.
Туған жер құшақ жайып қарсы алды,
Жолықтым көненің көзі қартыменен.*

*Мақтайды әрбір адам туған жерін,
Шыбықтай өсіп-өніп тұрған жерін.
Жердегі аң, аспандағы құс, жануар,
Ұмытпайды тіршілік құрған жерін.*

*Кіндік қаным тамған жерім-ай,
Сайран құрған Семізбұғы белім-ай!
Жады түкпірінде жатталған,
Қайран да қайран, сүйікті елім-ай!*

*Семізбұғы!
Өзіңді сағынғанда жарылады жүрегім.
Семізбұғы!
Сен есіме түскенде бұрылады бүйрегім.*

*Семізбұғы!
Кіндік кесіп, жөргегімді жуған өлкем.
Семізбұғы!
Орамалды аналарың не деген көркем?!*

*Алтын тажды қос Семіз мұнарланған,
Жаратқанның жазумен тұмарланған.
Семізбұғының көк-бұйра тасын көруге,
Талай толқын ұрпақтар құмарланған.*

*Семізбұғының бұғысы болат тұяқты,
Алыстан қарағанда Асқар тау сияқты.
Семізбұғы құтты қойнауын ашқанда,
Бітпес байлық, мол қазына бар сияқты.*

*Тұлдыр да тұлдыр, сол бір заман-ай,
Өткенім көне, жарық дүниенің жалғаны-ай!
Қан сонар, қарға қарқылды уақытта,
Бұқар жырау болжамдарының болғаны-ай!*

*Мың құбылған дүние,
Ағың да, қараң да бар.
Ой тереңіне шомсам,*

Алаң да, дараң да бар.

*Көкек! Көкек! Дем көп бақырасың,
Өзіңше желпіне, желіге ақырасың!
Ұя жоқ, ошақ жоқ, мекенің жоқ,
Көкек, сен мені қайда шақырасың?*

*Көздің бұлдырайтыны болады екен,
Ауылдың құлдырайтыны болады екен.
Жердің де гүл-дәурені өткеннен соң,
Жұрттың ыдырайтыны болады екен.*

*Семізбұғы, сен неліктен құлдырадың,
Саған қандай адамның жұдырығы батты?
Семізбұғы, сен неліктен бұлдырадың,
Корунд ерекше берік еді, алмастай қатты?*

*Ұлы Отан соғысы жылдарында,
Қазақтың кең-байтақ тылдарында,
Семізбұғының еңбекші-кеншілері,
Әспеттелді ақынның жырларында.*

*Жауды жеңу үшін корунд керек еді,
Семізбұғы тасының қсиеті ерек еді.
Темірді тесетін, бұронды бұзатын,
Неміс танкісін тоқтатар тірек еді.*

*Семізбұғыдан көрем қазақ тұлғасын,
Парасаттылықпен толысқан сұлбасын!
Ғақ Құдай өзі адамзатты қорғасын,
Сұм соғыс өрті еш уақытта болмасын!*

*Семізбұғы ертеде биік өрде тұрған,
Семізбұғы халқы қақ төрде тұрған!
Құлдырап кеттің, дауыл соққандай,
Қайда бақытты күнің сайран құрған?*

*Семізбұғы!
Тауыңның үсті жайқала өскен шөп еді.
Семізбұғы!
Тауыңның асты тереңге кеткен кен еді.*

*Семізбұғы!
Сан жанұяны өлімнен сақтадың ғой.*

*Семізбұғы!
Өзіңді Қаныш Сәтбаев мақтады ғой.*

*Семізбұғы!
Қайрадан түлеп, жаңаша сайрашы!
Семізбұғы!
Кеудеңді көтеріп, жігерімізді қайрашы!*

*Семізбұғы!
Құдайға шүкір, бас көтерер ұрпақ бар!
Семізбұғы!
Аруаққа арнап қан шығарар торпақ бар!*

*Отан! Дем мен рухтанып,
Қолыма қағаз-қалам аламын!
Отан! Дем мен қомданып,
Нар еңбегімді қоғамға салам!*

*Семізбұғы!
Өр мінез бар көктегі қыран құста.
Семізбұғы!
Көк туыңды қолыңда мығым ұста.*

*Семізбұғы!
Өрлік сипат бар корунд тасыңда.
Семізбұғы!
Адами асыл қасиет бар жасыңда.*

*Жақсы, тың бастамалар қошталды,
Жаңғыру-жаңару сағаты басталды!
Жасампаз Жаратқанымыз жар болып,
Екпінді еңбектің нұр ұраны тасталды!*

*Жүз жылдық қырқасындай асуды асып,
Сана-қуатың кемелденсін, асып-тасып.
Ұлан-асыр тойыңда, жомарт жұртым,
Құттықтаймын өлеңнен шашу шашып!*

XXVII ЖАНҰЯ

**Бар сендей бір адамның баласы
Көзіне түскені арқадағы қарағанды қаласы**

*«Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді ішімде
Ғашықтық жарасы.
Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.»*

Абай

Балаларым! Оң құлағыңмен де, сол құлағыңмен де тындап, анық есті! Жаныңды сатсаң да, туған топырағыңды сатпа: туған жерің болса, бәрі өзінің орнына келеді. Бақыт сені іздеп келмейді. Бақытыңды өзің іздеп табасың. Бақытты іздеуде жалықсаң бақытыңнан құрқол, құралақан қаларсың, байқа, қатты ескертемін. Жоғарыда ұсынылған сауалымды қайрадан қояйын. Бақыт деген не!? Бақыт деген – сен іздеген, сен аңсаған армандарың. Бақыт деген сан-алуан. Қызыметінде ерен табысқа жету, аңсаған ғашығыңмен басқұрау. Жанұяңның жарасымдылығы. Тәңірдің берген ұл-қыздары бар, мұның бәрі де бақыт. Сен аман-есен, денің сау, басыңнан өткен айлар мен жылдардың, күндер мен түндердің барлығы сенің зор бақытың. Бақыт қажымас қайраттың ажырамас бөлігі.

Балаларым, кешірімшіл, кең пейілді болыңдар! Қазақ былай дейді: «Кең болсаң, кем болмайсың». Кең болмасандар ел болмайсыңдар. Ақылың мен ғылымың, білімің мен білігің тең болса, ешкімнен де кем болмайсыңдар. Басқа барымташыларға да жем болмайсыңдар.

Бал-балауса, балдай тәтті балаларым! Ахыреттік алған жарыңнан, әкешешеннен, бірге туғандарыңнан, сен десе бәрін де берер, талай сыннан өткен бірер досыңнан, сірә, артық жан иелері болмас-ау. Бұл айтқаным «Дос» деген сөзге түсінік болсын. Тас бауырлық жақын-жекжатынды жат қылар. Руыңды ұмыттырар. Дос таппақ оңай. Достық шартқа тоқтау қиын. Достықтың шарты мен серті болмаған жерде, «Досым» деген сөз, ондай сатып кетер достардан, шошын деген ескерту сөз. Тонаушылар да, адам өлтіретіндер де, қаракшылар да, топтасып қимыл жасайтындар да «Доспыз» дейді. Ішкісі келген ішкіш те басқаларды «Досым» деп, арқаға қаққыш келеді. Шынайы дос – өмірлік дос!

Алина есімді немерем дүние есігін ашып, барша әулетіміз қуаныштың құшағында! Төмендегі Алинама арнап жазған шумақтарым.

Алданышым – Алина.

*Алинам менің Алинам,
Мен сені қисапсыз сағынам.
Алинам менің Алинам,
Сиқырлы сезіміме бағынам.*

*Алина деп жыр жазамын,
Қуаныштың бесігіне бөленіп.
Қайламенен кен қазамын,
Еңбегіммен жұртыма еленіп.*

*Жырыммен айтамын бөбекті,
Балапандарды жақсы көргендіктен.
Ғажап деп айтамын төңіректі,
Сүйіспеншіліктің жібін өргендіктен.*

*Ақылдассаң ауылыңмен,
Ақылды болып кетерсің.
Ақылды алсаң атаңнан,
Арманға өзің жетерсің.*

*Сұрасаң ақыл үлкен ағадан,
Армансыз болып өмірден өтерсің.
Ал ақыл алмас жан болсаң,
Адамдықтан алыстап кетерсің.*

*Тұлпарды салақ жігіт жауыр етер,
Жауыр атты пысық жігіт тұлпар етер.
Аңқау адам арамға айналып кетер,
Ондай оғаш қылығы өз басына қауіп етер.*

*Қу адам істің ебін тауып кетер,
Жігіттер ізгілікті ұмытпаңдар.
Нашарды етегімен жауып өтер,
Қайқы қиындыққа қамықпаңдар.*

*Ақылды әйел жан-жағын ауыл етер,
Долы қатын үй ішінде шаңдауыл етер.
Ақылыңның алмайтын қамалы жоқ,
Дос тұрмақ, дос болып жауға да өтер.*

*Атқан таңнан айналайын,
Сәулесін жер бетіне шашқан.*

*Батқан күннен айналайын,
Түс көрудің терезесін ашқан.*

*Қазағыма намыссыздық жабысты,
Түсінбестік жақынды да, алысты да.
Рух төмендеп ұлттан ұрланды тіл,
Мысықтайын мяулатып барысты да.*

*Телегей-теңіз ойдың тереңін,
Білім-ғылым кәусарын сүзгеннен сұра!
Кемеңгер кісінің тұлға-реңін,
Көрегендік кемесімен жүзгеннен сұра!*

*Адам ойымен дараланады,
Адамды өрлі адам қылған сана деп!
Кісі бойымен сараланады,
Ел-жұртын, дара халқын дана деп!*

*Жақсы әйел көп алдында жаныңды жай таптырар,
Жаман әйел көп алдында ақ жүзіңді жер қаптырар.
Жақсы еркек көп алдында бұлбұлдай сайрап тұрар,
Жаман еркек көп алдында айналасына тұзақ құрар.*

*Балғынды мақтауға сөзім жетпейді,
Тазалығы таудан аққан кәусар бұлақтай ма!?
Баланы мадақтауға көзім жетпейді,
Мөлдірлігі жұлдыздан шыққан шырақтай ма!?*

*Немере, көзімнің қарасындай,
Ешқандай да баға жетпес, қымбат.
Немере, өзеннің саласындай,
Әсемдік байлауына беретін сымбат.*

*Күттім таңның атқанын,
Аңсап хош иістің мақпалын.
Көруге ынтықтым сүйсініп,
Алинаның күліп жатқанын.*

*Алина жаным ақ қанаттым,
Алланың бізге берген періштесісің.
Сен мені қатты қуаныттың,
Тамаша зой қылығың, әрекет-ісң.*

Жердің байлығы мал деген,

Қазаққа ерсі сөз шал деген,
Сәбидің шүлдірі бал деген,
Сіз соған қайран қал даген.

Баланың қызығын көріп жүрмін,
Қызыметім болғандықтан мұғалім.
Сөздің маржанын теріп жүрмін,
Әсерін байқағандықтан мың галым.

Балаларды жақсы көремін,
Барлық дүниеден биік қойып.
Жасқа қарап өлеңімді өремін,
Қалам алып, қағазды жайып.

Ұл – көк, мұрагерлік жалғасы,
Қыз – жер, мейірімділік нұсқасы.
Ұл мен қыз Отанның ертеңі,
Мәңгі елдіктің алтын тұтқасы.

Алинам – аққу күйім қанымдағы,
Қазағымның санасына қонақтайтын.
Алинам – жырырым жанымдағы,
Қазағымның данасына тұрақтайтын.

Таң шапағымен оянып,
Көңіл күлімдеп, шуақ шашыласың.
Күн нұрымен боянып,
Қызыл гүл қауызындай ашыласың.

Сандуғаш сазын сезініп,
Әнге іштей қосылып сайрайсың.
Бұлбұл әуеніне еміреніп,
Рақаттанып мың масайрайсың.

Далада жүргенде айналаңа зер сал,
Тылсымды табиғаттың берері зор.
Табиғаттан керегіңді термелеп ал,
Сонда өмір-өзеніңде болмайды сор.

Айтулы азамат бол, айналайын –
Айменен де күнменен де таласқан.
Қолқабысы бол, қайран қалайын –
Қазақ елінің ірге-тасын қаласқан.

*Алина деп асқақтаймын,
Көңіл-күйім қара теңіздей толқып.
Ата дәстүрді сақтаймын.
Судағы желкенді қайықтай қалқып.*

*Алинаға қазып айтқандарым,
Барша бүдіршіндерге ата-жолдауым.
Қорта жазып жатқандарым,
Қазақтың болашағына бата-қолдаум.*

Көш көлікті болсын!

2019 жылғы, маусымның 17 жұлдызында, Бұқар жырау ауданындағы «Керней» ауылынан Қарағанды қаласының «Күнгей» атты мөлтек ауданына көшіп келдік. «Шынайы дос» дегеннен шығады, сол «Керней» ауылында Қазкен есімді қимас дос, біздің көшіп кеткеніміз үшін өте қатты қиналыста қалған-тын. ...

Мақсұтхан:

Жұлдыз шығысқа да, батысқа да, тіпті күнгей мен теріскейге де нұрын аямай шашады. Сол жұлдыздардың бірі Күн! Күн – сарғыш түстес жұлдыз! Күн-жанары – жер шарындағы барша-болмыстың да, табиғат-тіршіліктің де күлімдеген көзі! Күнгей – бүгінгі сөзімнің лифмотиві!

Ата-бабаның заңы мен салт-дәстүрін бір кісідей білген, оларды өзінің өмірі жолында саналы түрде қолданған адам, сол ұлттың парасатты перзенті, инабатты иегері, дана халқының жасампаздық ізін жалғастырушы. Бірлік пен тірлікті біріктіре алған, орынды үйлестіре алған ұлыт – адамзаттың ең озық ғылымымен, мәдениетімен үнін үздік негізде үндестірген ұлыт, атақ-даңқын бүкіл әлем жұртына асқақтатқан ұлыт, дүние жүзіндегі ілімді, білімді, білікті, ізгілікті, бақытты ұлыт!

Ұлытын сүйетіндер жер шалғайлығымен еш-бір есептеспейді. Ұлтына өзге ұлыттың көзімен қарамайды, қазақты атаға, руға, жерге бөлмейді. Өзінің ұлытын жақсы білген, ұлытын сүйе білген адам ғана қайсы ұлыт, ұлыс, нәсіл болмасын жүрегімен сүйе біледі. Ұлытын құлай сүйю, ұлыты үшін жан-тәнімен күресу ұлытшылдықтың жолына жатпайды. Адамды шынайы сүйю – Құдай жаратқан жаратылысы алдындағы, ұлыты алдындағы мұсылмандық қасиет, кісілік құбылыс. Отаныңды жаныңнан артық сүй! Отан үшін бар дүние-мүлік құрбандық. Отан топырағындағы барлық ұлыт, адамзат атты алып қоғамның заңды мүшелеріміз. Отанымызды бірлікпен қорғау, дамыта өркендету біздің ортақ, абройлы міндетіміз.

Ұлыт данасы болғың келсе, өз ұлтыңа ұқса, мінезінді мамырлат. Ұлыт тілін білмегенді ұлым деме! Тілден безінген ділден де, діннен де безінеді. Ұлытың – тарихың. аАа-бабаң – шежірең, Жанұяң – кіші мемлекет. Ұрпақ үшін ұлытының тарихын, руының шежіресін шерітпеу – шерменді шумақ. Ұлыттың тілі ұлытқа ғана тәуелді. Басқа ешкімге тәуелді емес. Тіл ұлыттың

тарихымен бірге түлеп қарқынын алған. Мемлекетке, қоғам ұлыт тілінің дамуы үшін қызымет қылуы қажет. Ұлытымыз үшін алғанда: «Ертегі білмейтін әжеден, бесік жырын білмейтін анадан қорық» дейді халық даналығы. Қазіргі заманда: «Шежіре білмейтін атадан қорық. Алып қой дейтін батадан қорық. Еркекке айналған қатыннан қорық. Қатынға айналған еркектен қорық. Қазақша сөйлер тілі жоқ, қазақ үшін қотыр құлын құны жоқ, қазақ деген атыннан қорық», - деймін-ау, қынжылып!

Адамдар өзінің тұрмысын біліп жүріп, екі білекті түріп жүріп, күліп жүріп өткізуге тиіс. Білу дегеніміз – білім-ғылым. Білек түру дегеніміз – ерен еңбек, Күлу дегеніміз – тапқан табысың, рухани көңіл-күйің, өнегелі өмірің.

Қариялық қуатыңмен, жастық жалыныңмен ұлытыңның жүрегін жылыт. Балалығыңды, еркелігіңді ертерек ұмыт. Жас кезінде жасық болсаң, кейінгі өмірің қиындықпен өрбиді. Соны сезін, жас-өспірім.

Достасу дәстүрін ұмытқан адам ақылдың кедейі, білімнің кемтары, өмірдің өксік өгейі. Жол табу мен қасқиған қайсарлық бір-бірін толықтырып, қолтықтап, демеп отырады. Соны біл, жас-жеткіншек.

*Ауыр сөзді деу қиын ауыр алма!
Еркелікті жүк етіп жүрекке салма.
Басқа кісінің көңілінде жота,
О жотаның ой-шұңғылында қалма.*

*Сенімді жан дос болады,
Сенімсіз адам қас болады.
Түсінігі тым төмен кісі,
Дос деген сөзге мас болады.*

*Досы жоқты, сырlassызды –
Жеке адамдарды қосар деймін тіріге.
Дос қылығын қағазға сызды,
Білім-ғылымды кісілерді балап серіге.*

*Гүл-құлпырған өмір деген,
Өктемшіл болып өтпей ме?
Біреулер еңбекпен жүріп,
Жүз жасқа келіп жетпейме?*

*Кімдерден қашқақтайсың балам,
Неге ойқастайсың қиялы беткейге?
Ел жүгіне нар боп неге шөкпейсің,
Бар рзығыңды ит талап кетпейме?*

Ұсақшыл болсаң бауырым,

*Құлама жар астында жүргенің,
Алыстан көрсең бауырым,
Қаратаудай биік нарға мінгенің.*

*Денің сау, гүлжайнап жүргенде,
Жан-жағыңды зерделеп байқарсың.
Жүріп өткен талай жолдардан,
Алтыңға жалықпай-ақ шайқарсың.*

*Әулетіңнің гұмырлық нарқымен,
Қайдан, кім екеніңді елге айтарсың.
Ризалық білдіріп қайран халқыңа,
Баяғы туган жеріңе бір қайтарсың.*

*Дөңің өзгенің тауындай гой,
Оны ойласам кетеді ауырлап ой.
Жырым, жігерім, жаным да,
Отанда, ұлтта, қазағымда гой.*

*Дара билік дәурендеген заманда,
Заң адамды қорқытар құралы гой.
Дара билікті қолданған адамда,
Қоластындағы халық жаралы гой.*

*Дарақыдан қыңырлы сөз шығады,
Қытымыр қылықтан көз шығады.
Қысыр кеңестен қолды сүртетін.
Желпілдеп, желбірер бөз шығады.*

*Ақылменен жолды боларсың,
Жолыңды шаң мен дау қылма!
Еппен жау мысын басарсың,
Дұшпанның бәрін жау қылма!*

*Бір ауыз сөздің құны мың санында,
Сана-сезімнің нарқы өр-қырында.
Ойларға ойды тіркеп тұрғанымда –
Жан-дүниемнің нарқы әр сырымда.*

*Ескеріп ойдан ой құрағанымды,
Түнімен жүремін елге көрінбей.
Өмірден аламын сұрағанымды,
Таңертең ерте тұрып, ерінбей.*

*Сырларым торланған,
Тасқараңғылықтың түндерінде.
Сезімдерім қорланған,
Жаншуақтылықтың күндерінде.*

*Күй құлағымда күмбірлейді,
Рухани деңгейімді өсіргендей.
Жыр жауһарлары үлбіреді,
Көңілімді көкке көтергендей.*

*Сұңқардың қанаты талған,
Ұшы-қиыры жоқ кең далам.
Тұлпар тұяғының ізі қалған,
Қасиетке бай, шексіз галам.*

*Бар сендей бір адамның баласы,
Көзіне түскені арқаның қаласы.
Сыйдырған көпшіліктің көңілін,
Қандайын кеңсің, қазақ даласы!?*

*Бүкіл әлем жұртына жар салып,
Қазақтың даласымен мақтанамын!
Барша галам халқына сыр ашып,
Қазақтың баласымен мақтанамын!*

Құдайға сен! Өз басыңа сен! Әке-шешене сен! Туған-туыс, дос-жаран, сүйікті халқыңа, абзал адамзатқа жан-тәніңменен сен! Басқасына кісілігіне, адамгершілігіне, жалпы, имандылық пәктігіне сенерсің. Бірде абайлап сену сені орға жықпас-ау. Жауыңа, дұшпаныңа, жылмақайларға, алааяқтарға, әсте, сенбе.

Хан да адам, қара да адам, барлығы да адам. Адамның ең жақсысы адамның адамдық қасиетін білген, адамзатты сүйген адам. Туған елінің, тәлім-тәрбие берген халқының қас-қабағына қараған, керек-жарағына жараған кісі – келбеті келісті, сымбаты сүйкімді, берекесі базарлы, болмысы бай, адамзаттың асылына сай адамның нағыз адамы.

Адамның адам болып жарық дүниеге келудегі арман-тілегі санап тауысқысыз, заңғар, зәулім таудай! Алуан адамның алуан-алуан арман-мақсаттары бар. Барлығын жинап, бес топқа бөлейін:

1. Фани дүниенің жарығы мен жақсылығына масаттану. Бақи дүниенің жәннат-бағына кіруге үміттену.
2. Отанын сүю, қорғау, ұлытына жауын жолатпау. Ұлыттық, қазақ тіліннің кәусарымен ұдайы нәрлену.

3. Білім мен ғылым алу, жаңалық ашу, оны өндіріске кіргізіп, халықтың ризалығына кенелу. Техника мен технологияның жетістіктерімен үнемі сусындау.
4. Ұстаздан үйрену, сонымен қатар, ұстаз болу. Заманауи, озық ұстаздық ұстанымын ұлықтау.
5. Жанұя құрып, ұлағатты ұрпақ қалдыру. Ұрпақтың ұстанымын болаттай берік қылып, өлместейін рухын алтын шегелермен шегендеп бекіту.

Суға қанған бәйтеректің тамыры әлей, мықты болады. Білімге, ғылымға, ілімге қаныққан адамның ой-зердесі, болмыс-бітімі, рух мықтылығы атап айтарлықтай, ғаламаттылығымен көзге көрінеді.

Сыр – адам баласының болмыс-бітімінде бұғып жатқан құпия-қазына, кім-көрінгенге айтыла қоймайтын жасырын дүние, сөздің құлаққа естілмес сыбыры. Қыздың сыры – жүрек тұңғиығында. Ұлдың сыры – жүрек тереңінде. Адам сыры – жұдырықтай жүректе! Сыр бағасы, арзан-қымбаттылығы, парық-нарқы кісінің кісілігімен, адамның адамдығымен өлшенеді, анықталады. Кісілігің керемет, адамгершілігің айырықша болса, сыр-қазынаң өте-өте қымбат. Кісілігің кемсін, адамгершілігің азырақ болса, сыр-қазынаң аса-аса арзан. Сыр көкжиегін, сыр әлемін қалыптастыратын, өсіретін, өркендететін үш орта әлемсақтан-ақ жұртқа белгілі: табиғаттың күші, жанұяның қауқары, қоғамның қуаты.

Бақыт сені іздеп келмейді. Бақытты өмір бойы іздеу, кісіге парыз. Бақытты іздеуді қойсаң, өміріңнің мәні кемиді. Мәнсіз өмір – мағынасыз әрекет. Жіліктің майы ішінде, адамның ой-өрісі ішінде. Адамның сыры дегеніміз – ой құпиясы. Ішкі ойлары, жан сыры болмаған адамдарды ой қоржыны толмаған адам деуге болғандай.

Азаматтық жасқа толған соң, үйлі-баранды болған соң, өздерінді-өздерің бағындар. Құс баласы да, қанат-құйрығы жетілсе өз бетінше жем іздейді. Кеңістік пен уақыт ешкімнің де жеке меншігіне жатпайды. Араласқан адамдарыңның артығы мен кемі сенің ойыңмен өлшенбейді. Оны дұрыс өлшей алатындар: Заң мен тәртіп. Ұлыттың психологиясы мен мораль, салт-сана, дәстүр мен ұлыттық болмыс. Бұларды өмірдің өз заңы дейміз. Азамат, өзінді солай өлшесең, қоғамның озығы сен жаққа шығады.

Күнгей – Қарағанды қаласына жапсарласып жатқан, жаңадан бойын тіктеген, мөлтек аудан. «Күнгей» термині нені мензейді? Күнгей сөзі қаланың күншығыс тұсын көрсетеді. Көкжиектен көрінген күнменен қатарласа адамның қимылы ширап, өзінің күнұзақтық қарқынын алады. Көкжиектен күн батқанда адамның белсенділігі бәсеңсиді. Атқан таңнан айналайын. Таң – адамзат қимылының қарқынды қостаушысы. Батқан күннен айналайын. Түн – адамзат денсаулығының дәрумендік демеушісі. Көшеде жүрсең де, көлікте отырсаң да, ұшақпен ұшсаң да, қайда барып қайда тұрсаң да айналаңа зер салуды әдетіңе айналдыр, тигізер пайдасы зор. Асудан асу асасың, бақыттың бағын өзіңше аралайсың. Биік асудан асамын десең, сенімің мен жігерің асудан биік болуы заңды. «Бақыт» деген не өзі?

Сенің тіршілігіңнің биік бекеттерінде жолыққан толағай қуанышың мен жемісті қызыметтеріңнің ой-зерде елегіндегі толымды тойлар. Баянды бақыттың өлшем-мөлшері болмыс-бітіміңнің, табиғи, дара дарыныңның жаратқан нәтижелеріңнің сапасымен сипатталады, таразыланады. Ырыс та, дәулет те, бақыт та адамдарды тандап, ой-түйінін түсініп, ғазиз басына қонатын құс – «Бақыт құсы». Тілін тапсаң сенікі, таба алмасаң сол бабын тапқан басқа кісіге ұшып кетеді. Бақыт, дәулет пен ырыстың үркетіні – керіжалқау, кесір, кесапат. Ай мен Күн алыс болғанымен, қалайда болсын, көзіне ап-анық көрінеді. Адамгершіліктің, достықтың, жолдастықтың жолы да алыс, әрі жақын. Жақын болатыны – күнде бірге боласың. Алыс болатыны – өмір бойына оның шегіне еш уақытта да жетпейсің.

Мен жетпіс жасқа келіп, мұндай ұзақ та, азапты түнді көрген емеспін. Ащы шектей шұбатылған не деген таусылмайтын, ұзақ-сүре қап-қараңғы түн десеңізші. Күні бойы еңбек етіп, әбден діңкелеп, ал түнде түкті де сезбей тез ұйқтап қалудың өзі зор бақыт екен.

Түні бойы ой-қиял әлеміне саяхат жасап, көз шырымын бір де алмай, донбекшіп шықтым.

Біз таң атып, күн шыққан сайын қуанамыз ба, жоқ па? Егер қуанбай жүрген болсақ, онда көп нәрседен құр қалып жүргеніміз анық. Алтын таңның арайлап атуын күн сайын көруден артық ләззат бола ма? Бүгін түнде тұңғыш рет соны байқадым. Бірақ күнделікті күйбеңмен көптеген ұлы құбылыстарды мүлдем ұмытып кетеміз ғой.

Бүгіннен бастап, күн сайын ұйқыдан ертерек тұрып, күллі әлемге жарық әкелетін құдіретті Күннің көкжиектен қалай көтеріліп шығарын күн сайын тамашалаймын. Мұны бүкіл ғұмырым бойына қайталаймын.

Неге дейсіз ғой? Бұл сауынға бір-екі сөзбен жауап бере салу қиын. Таң құдіретін, Күн шапағын толық түсіну меніңше кез келген адамның қолынан келе беретін оп-оңай іс емес. Мұны тек түнде түскен бейуақ қараңғылықта ажал дейтін үрейлі сезіммен жекпе-жек қалып, ұзақ түнге таңның атуын әрі асығып, әрі қорқып тықырши күткен жандар ғана өте жақсы ұғынады.

Қап-қара көрпе жамылған осы тылсымға толы түн мен өлім қатері арасында әншейінде көзге шалына бермейтін құпия бір байланыс бар ма деп ойлаймын. Әйтеуір қара бояу мен ажалдың арасы онша алыс емес сияқты?

Ал, таң шапағы адамдарға әр жолы шексіз қуаныш әкеледі. Сол қуаныш қазанынан осы таңда сыбаға ала алмай, құр қол қалған жандар ертеңгі күнге үміт артады. Өйткені олар ертең де міндетті түрде дәл осындай таң атып, күн шығатынына сенеді. Өмір атты керуен осылайша күн сайын игі үмітке иек артып, тоқтаусыз, алға қарай жылжи береді, жылжи береді, жылжи береді!

Ал, мен ше? Мүмкін, енді сан миллиондаған жылдардан кейін де, мінгі-бақи мен үшін ешқашан да таң да атпай, күн де шықпай, осы қара түнек басып тұра беретін шығар? Аспан шырағының басқалар үшін жарқырап жанғанынан маған не пайда?

Рас, басқалар таң шапағын мен сияқты асыға, аптыға, құт-берекісі қашып күтпейді. Тіпті күткеннің өзінде де маған ұқсап қылаң бере бастаған таңғы сәуле бүгін маған өмір сыйлай ма, өлім сыйлай ма деп еш қорықпайды. Өйткені олардың бойында өздерін қыл мойынға тақап, төзімін таусып бара жатқан мендегідей үрей-үрку сезімі жоқ. Мына тылсым түннің кара түнегін қос қолменен ысырып тастап, арайлы таңның атарына да, күн шұғыласына өздерінің шомылып аларына да олар шүбә келтірмейді.

Ертең ұйқыдан ояна салып, өзінің бауыр еті баласын да, мейірім шашқан анасын да, сенімділік ұялатқан әкесін де, адал жанды, ақ жүректі жарын да құшақтап сүйе алатынына титімдей де күдіктенбейді. Күн шығысымен-ақ қызыметтес жолдастарын көретініне де, сүйікті жұмысын әрі қарай жалғастыра түсетініне де имандай сенеді олар. Сау-саламатты адамды күдік құрты неғылсын.

Қазір түн ортасы, мен терезе жаққа қарап жатырмын. Дала бүгін де тас қараңғы. Бір кезде күн күркіреп, жай оты жарқ-жүрк ете қалды. Нақ сол сәтте керуендей шұбатылған ой дүрмегін кенеттен үзіп алдым. Найзағай ойнағанда бөлме іші қас қағымдай бір сәтке күндізгідей жап-жарық болып кетті. Іле-шала жаңбыр себезелеп, терезе шыныларын тарсылдатып соққылай бастады. «Ертең алма ағаштары гүлдейтін шығар» деп ойға белшеден шомдым. Бірақ, сол бадырақтай-бадырақтай ғажайып ақ гүлдерді мен көре алам ба?

Кешкі апақ-сапақта мамық түсті қазбауыр бұлттар көкжиектен аспанға жайлап көтеріле бастады. Сәулем оны өзінді күтіп, бақ ішінде жүргенімде көргем. Енді қазір, түн ортасында сол бөлек-салақ ұлпа бұлттар өзара тұтаса қосылып, аспан әлемінен тоқымдай да ашық жер қалдырмай, теп-тегіс торлап алған шығар-ау. Бағана күн ұясына батарда шарбы бұлттардың бетіне қан жүгіргендей сәл ғана қызғылт түс пайда болған. Мұндайда қариялар: «Ертең күн шайдай ашық болады», - деп жорамал айтатын-ды. Мүмкін, солай да шығар? Бірақ сол ертеңгі шайдай ашық аспанды мен өз көзіммен көрем бе?

Бәрін ұмытайын деп қанша жан салсам да, осы бір күдік атты қызыл көз пәле қыр соңымнан қалмай-ақ қойды.

Адам қайта балалық шағында ақылдырақ бола ма деп қалдым. Ол кезде ойынға да, мектепке де, үй шаруасына да, тіпті армандауға да уақытымыз молынан жетіп жататын, асып қалатын. Ал, есейіп, ер жеткен соң «Уақыт жоқ» деген сылтауды қалай қолдану керектігін мықтап меңгеріп алдық. Біз өз жалқаулығымызды осы арзан сылтаумен бүкпелеп, өзімізді өзіміз алдап жүрген жоқпыз ба? Кейде маған солай болып көрінеді де тұрады.

Балауса шағымда, нағашы атамның қолында болғанымда, маған түннің тамашасы күндізгіден де көп боп көрінетін. Төбесі жайпақтау келген, аласа ғана шағын үйде тұрдық. Жазда мен сол үйдің төбесінен түспеуші едім. Кешкі асты апыл-ғұпыл іше салып, көрпешемді аламын да, сатымен үйдің төбесіне өрмелеп шығам. Сонда түнеймін.

Үй төбесіне шалқамнан жатып алып, шайдай ашық аспанда жымын қаккан көп жұлдыздарды қызықтаймын. Алдымен өзім білетін жұлдыздарды түгендеймін. Бәрі орын-орнында тұрғанына көзім жеткен соң басқаларына жанарымды жүгіртемін.

Аспан әлемі маған бас көтермей оқи беруге болатын ғажайып, қызық кітаптай болып көрінетін. Сол кітапты оқып жатып, Арман ауылына өзімше саяхат жасайтынмын. Сонау қиял жетпес жұлдыздарға да талай мәрте «барып қайтқам». Айға ұшып жететін «ғарыш кемесінің бас капитаны» да болдым. Өзімше бұрын ешкім байқамаған жаңа жұп-жұлдыздарды да «аштым». Тіпті оларға өзімше әдемі ат қойып та үлгергем. Мысылы, «Қос аққу!»

Ертегілерде ғана кездесетін Арман ауылын емін-еркін аралаудың өзі де бір ғанибет емес пе? Балауса шақта қиял қуып, армандап көрмеген адамдар өмірде көп нәрседен құр алақан қалғанын сеземе? Егер адамдар тек нақты есептерге ғана арқа сүйеп, арман атаулыны ұмытып кетсе не болар еді, қалай болар еді? Армандауды ұмыту жөнінде ойланудың өзі үрейлі емес пе?

Біреудің қандай адам екенін білу үшін оның ақыл-парасатынан гөрі, арман-мақсатына көбірек назар аудару керек. Адамды өмірге ынталандырып, барлық тіршілікке мән-мағына беретін де ақ арман емес пе? Бізді ғұмыр бойы алға жетелеп, биік шыңдарға шығаратын, шабытты еңбекке жігерлендіретін еш уақытта да таусылмайтын армандар ғой.

Адамдар сонау көне заманнан бастап, ай мен жұлдыздарға баруды армандап, өзінің қиял-мақсаты жөнінде ғажайып ертегілер айтпағанда, бүгін ғарыштық кемелер шексіз әлем кеңістігінде зырқырап ұшар ма еді? Мұның бәрі бір кездегі арманнан, қиялдан, аңыздан басталған жоқпа? Демек армандау – еріккеннің есерлік ермегі емес.

Арман – адамның майырылмас, алтын қанаты. Олай болса, неге біз ер жеткен соң тәтті қиялға берілуге, ізгі мақсатты армандауға уақыт таппай қаламыз, ә? Тіпті бос арман, құрғақ қиял деп әлі де жас балаша армандай алатын жандарды мазақ ететін кездеріміз, өкінішке орай, болады. Бір кезде адамға қанат жасап, аспанға ұшуды армандаған жандарды: «Есі ауысқан», - деп тірідей отқа тастап, өртегені көне көз тарихтан мәлім. Бірақ табиғаттың бүкіл әлемдік ұлы заңдарын ашқандар, сол «қияли жандар, есі ауысқандар» ғой. Онда біз неге бүгінгі арманшыларға миығымыздан күліп қараймыз? Қазіргі қолда бар нәрсенің бәрі бір кезде тек адамдардың қиялында ғана болды емес пе?

«Қиялдың күш-қуаты білімнің өзінен де маңыздырақ». Мұны айтқан ұлы ғалым, физик Альберт Эйнштейн. Демек, арман-қиялдың қуатты қанатына арқа сүйегендер ғана басқалар шыға алмаған биік шыңдарды игеріп алады.

Мен сан қилы ойға шомып, қиялға беріліп, дөңбекшіп жатырмын. Қазір жұрттың бәрі шырт ұйқыда. Адамның күні ертен істейтін жұмысы да, алдағы мақсаты да, көңіліне ұялаған арманы да сұмдық көп қой. Әйтсе де адамдар соның бәрін бір сәтте мүлдем ұмытып, балдай тәтті ұйқыға

беріледі. Күні бойғы күйбеннен тынығып, рақат лаззатына батады. Сөйтіп адамдар қап-қараңғы, тылсым түннің өзін де кәдеге жақсы жаратып, оны жұмақ мекеніне айналдырады. Басқаларын есепке алмағанның өзінде, осы бір әрекетінің өзі-ақ адам табиғатының ұлылығын дәлелдеп көрсетуге толық жетіп жатыр ғой.

Таң қылаң бере бастады ма, аспандағы бұлт ыдранқырады ма, әйтеуір түні бойы қап-қара болып тұрған терезе жақ бозмықтануға айналады. Иә, әлемге тағы бір жаңа Күн шығып келе жатса керек. Өмірде күн сайын соны көруден артық қуаныш жоқ. Бірақ жайшылықта оған онша мән бермейміз. Тіпті оны ескермейміз де. Рас, әрбір таң арай шашып атқан сәтте біреулерге қуаныш силаса, енді біреулерге реніш ала келуі де ықтимал. Бірақ жұрттың бәрі одан тек шапағат қана күтеді. Өйткені адам табиғаты жамандыққа емес, жақсылыққа құштар. Ес біліп, етек жапқаннан бастап іздейтініміз де тек қана ізгілік. Өзімізге де, өзгелерге де, соны қалаймыз.

Әрине, мен қазір бүкіл жан-дүниесі, ой-сезімі, ақыл-парасаты о бастан-ақ күн шұғыласынан жаралған, өздері де жан-жағына мейірім-шапағатын шашып жүретін, жаны нұрлы адамдар хақында айтып отырмын.

Ал, мына жарық дүниеге жатырқап қарайтын, қашан да меңіреу қараңғылыққа үйір, көңілдері көн болып кеткен қорқаулар құдіретті Күннің отты көзінен зәре-құты қалмай қорқады. Хикая бұлар жайында емес. Өйткені мұндай жүрегі қара, түбі арамдарды адамзат ешқашан да өз санатына қосып санамаған.

Күн мен түннің ұзақтығы уақытпен ұлықталады. Адамның ғұмыры да уақытпен ұқыпталады. Уақыт – таразы. Ол – адамдық қасиетінің салмағын дәл өлшейді. Уақыт – сыншы. Ол – сенің қайрат қылышыңды қайрап, қатеңді қайталамауды ұғындырады. Уақыт – емші. Ол – адам баласының рухани да, физикалық та дертін дөп басып, оны емдеу тәсілін уағыздайды.

Өмірдің жолы тау жолы – ой-шұңқырлы, қия-шұңғылды жол. Тау жолын қалай бастау, оны қалайша қоштау сенің таңдауың. Осы жолды баспауың мүмкін емес, асудан асасың, соқпағын таптайсың. Өміріңнің жолында жан-жағыңды байқарсың, күміс пен алтынды да шайқарсың. Кейде разы, кейде наразы бола жүріп, кейде күліп, кейде күңірене жүріп өмірден де озарсың. Қалдырған ізін мен тындырған ісің арқылы кейінгі ұрпаққа кім болғаныңды күйттейсің.

«Күнгейдің» тамаша бір көшесін барлай жүріп өткеннен кейін, Нұрлан Мақсұтханұлы мен Арсылан Нұрланұлының, біріншісі гитара, екіншісі домбыра аспаптарымен орындаған, Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін рахат Меккесінде болғандай кейіпimde тыңдап, Қазкен Оңайбекқызының хат-хабарына жауап жазуға құлшына кірістім.

Ер жетіп, жанұя құрып, ел қатарлы еңбек жасап, қолдан келгенше халыққа қызмет қылып, зейнеткерлік жасқа жетіп, Сәуле Шәйменқызы екеуіміз Қарағанды қаласының «Күнгей» мөлтек ауданына көшіп баруға бел будық. Педагогикалық еңбек өтілімім 50 жылға толды, Құдайға шүкір. Туған жерім Семізбұғы кеншін де, азаматтық ғұмырым өткен Керней

ауылын да, көзкргендерді де, әсіресе, дос-жораларды қымаймын, аса қадыр тұтамын. Адамда сағыну, сүйісіну, аңсау, армандау т.б. қасиеттер, Құдайға шүкір, бар. Біз өзге мемлекетке, басқа ғаламшарға кетіп бара жатқан жоқпыз. Өте үлкен облыстың территориясында – желе жортар жолымыз, жайғаса жатар мекен-жайымыз. Десек де, жауап хатымды жауапкершілікпенен жазуға Қазкен Оңайбекқызының кісілік, адамгершілік, парасаттылық өтімді өрлігі, ерен ерлігі себепші болды.

Қазкен жөнінде қысқа да нұсқа қайырып айтсам, өмірлік шынайы дос, кітапты көп оқитын, зерттеп оқитын, шығармашылыққа жақын кісі. Көрген жерлері де, емен-жарқын дидаласқан адамдары да, ерекше атап айтарлықтай, молынан. Адамның адамдығы кіршіксіз адалдықтан, кіндік қаны тамған жерінен бастауын алады. Ақ бастаудың көзі мөп-мөлдір болса, жүргенде қадамын адымды, жүзгенде желкенің желісті, ұшқанда қанатың қайырылмас боларың хаһ. Тылсым тұңғығына жасырғаны бай табиғаттың тұғырлы тұлғаларына берер салмақты да салықалы сый-тартулары, ауқымды да асқақты құрмет-марапаттары өлшеусіз, мол.

*Көгілдір аспанда күн күлімдеп,
Тұрды көкжиектен ай шырақтанып.
Күнгейдегі уақыттың кереметі -
Көңілденді баршаға әлем шуақтанып.*

*Жолға көктемнің көк құрағы өсіп,
Күнге ұмтылды гүл шоғы шашу шашылып.
Сағыныштың сәулелі шуағы есіліп,
Хат келді Кернейден, көк қағазға басылып.*

Адам қамығады. Қамыққанда қай-қайдағыны ойлама, қамығудың қалай қалыптасқандығы мен оны қалай жеңерінді ойла. Онан соң қоғалы қиял мен самалды сезімге терең бойла. Самал мен қоға сыбдырлайды. Жақсы сөздерді құлағыңа сыбырлайды. Жақсы сөз – жарым-ырыс, жаныңа нұр шуағын сеуіп шашады.

Өмір болған соң, сол өмірде жақсы адам да, жаман адам да кезігеді. Жақсы мен жаманның арасы ұстараның жүзіндей, жіп-жінішке. Бір жағы жарық – күннің көзінен нұрланады. Екінші жағы қараңғы – жердің көлеңкесінен сұрланады. Жарық – көңілге үміттің үлбіреген ұлпасын үйеді. Қараңғы – көңілге қарлы, қаһарлы қабағын түйеді. Достық – данышпандыққа ілтипатпен үйіріліп, сені ізгілендіреді. Қастық – даракылыққа қыңырлықпен қыстырылады. Жақсы мен жақсы қас болмас, жаман мен жаман дос болмас.

Қазкен:

Аса қадірлі жан досым, мұнайғандағы мұндасым. Әрі сырласым, Сәулетай! Сен бұл елден «көшіп кетеді» дегеннен бері менің мазам жоқ.

Мақаң айтпақшы «Енді қалай өмір сүрмекпін!?». Не шара? Бірақ, адал достық адамдардың бір-бірінен ара-қашықтығы неғұрлым алыстаған сайын жарқын, жарық, сонымен қатар, болаттай берік бола түспей ме? Өзім солай ойлаймын ғой. Үйткені Сен қай жерде тұрсанда, қай жақта жүрсенде әрқашан да менің жадымдасың, жанымдасың! Осы өмірде Сендей жанның барына мың тәубе, шексіз шүкіршілік! Сен сияқты асыл адамдар бұл өмірде некен-саяқ! Қай жерде, мейлі қай елде болсаң да, көңілім де, болмысым да, ғарыштық ғалымым да Сенімен бірге, Сәулеш! Ұмытпа мені, жан досым, қазақтың дархан даласын жарықтың шуағына бөлейтін, жарқыраған шок жұлдызым.

Сәуле, бұл хатты жазу маған оңайға түспеді. Күндіз мазам кетті, түнім ұйқысыз өтті. Саған айтарым сансыз көп дүние еді. Ой соңынан ой туып, кейде көңіл-күйім асау теңіздей толқындатып, қос жанырым мөлдір бұлақтың мөлтілдеген суна толғандай, транстың түпсіз шынырау тұңғиығына түскендеймін. Сәулешім, сау-сламаттылықты, бақ-дәулетті, өшпес рухтың рауанын жұмыр, жұдырықтай жүрегімнің түпкірінен тілеймін! Мақаң екеуің бақытты баз кешіп, бала-шаға, немере-шөбере, туған-туыс, қарға тамырлы қазақтың арасындағы көңіл-күйлерің, сый-құрметтерің артқан үстіне арта түссін!

*Аяулы досым, жабырқама жадыра,
Талай күндерің шығады жарқырап!
Қымбатты замандасым салмақты,
Көзіме көрін ақ бұлақтай сарқырап!*

Сәуле:

Қазкен! Қатты қобалжып, көкірегім қарс айырылғандай күйге түсіп, көзімде жас парлап, жүрегіңді жарып шыққан, терең тебіреністен тамыр тартқан хатыңды толғаныс толқынында, қайра-қайра қайталап, әр сөзіңе мән-мағына бере үніліп, сол сүйкімді сөздерге сүйсініп, оқып шықтым. Жауап ретінде қандай сөз маржандарын терерімді білмей, абдырап та, абыржып та қалғандаймын.

Қазақта әкені «Асқар тау», ананы «Кәусар бұлақ», тау тұлғалы, келбетті де көрнекті адамды «Сөнбес шырақ» деп ұлықтап жатады. Ал шынайы досқа қандай теңеу дөп түсетінін тағы да мен білмей тұрмын!? Достық – еш уақытта да үзілмейтін мықты, өзара ажырамайтын өрімді, мәңгілік мекенінде мызғымайтын байламды, бір-бірімен мықтап дәнекерленген, қос мұңылық арасындағы шымыр байланыс деп өзімше топшылаймын.

Қуанғанымда да, қайғырғанымда да, қиналғанымда да тап қасымнан табылдың. Қуаныштарыма қомақты қуаныш қостың. Қайғыларымды теңдей бөлістің. Қиналғанымда үміттің үлбіреген шырағын жарқыратып жақтың. Жақсылықтың жайлы шуағындай ақтың, мойныма сенімділіктің қасиетті

тұмарын күміс-алтындап тақтың. Әрқашанда жаныма демеу, ойыма медеу, блмысыма темірдей берік тіреу болдың.

Туыс – қашық жерде тұрады. Көрші – көз алдында жүреді. Дос – жадыда жарық жұлдыздай жарқырайды. «Осылардың саған ең қымбаты кім?» деген, сауал төтеден қойылса, ел-жұртым ренжімесін, жаныңнан ең бірінші болып табылатыны өмірлік дос, ғұмырлық дос, шынайы дос, Қазкен!

Мұсылманның киелі сөзі, қазақтың жүрекжарды да жүйелі сөзі «Рахмет!!!» Қайырымды да, қадірлі де, құрметті де, мейірім маржанындай досым, Қазкен, Саған бір Алланың рахыметі ақ жауындай жаусын! Саған аста-төк алғысымды жолдап, шексіз рахыметімді жүрек қылымды тербете жүріп жеткіземін! Достығымыз мәңгілікке жалғассын!

Түйін:

Адамдар арасындағы достық дастанының үкіленген нәрі, үлбіреген үміті үзілмесін! Достықтың думанды дастаны, креметтейін күй-керуені күндіз де, түнде де жалғасып, уақыт төрешіменен қатарласа, тоқтаусыз толқында күмбірлесін! Төмендегі жеті сөйлемге зер сал:

1. Қараңғының ілінуі – күннің көкжиектеп батқаны.
2. Рауанның білінуі – күн сәулесінің шауқтанып жатқаны.
3. Тәңіріңнің жазғаны – өмірлік ұзақ жолыңды ашқаны.
4. Достықтың озғаны – жау атаулының қорқып-сасқаны.
5. Бастауы жақсының – бақ-дәулетінің құлаштап асқаны.
6. Қиындықтың өткені – мәселе түйіндерінің шешіліп кеткені.
7. Өміңнің өркендеп өскені – адамның нұр арманына жеткені.

Адам адамға қарап ойы мен бойын түзесе, түзелудің ғұмыры – күндік, ұзағында – айлық. Орта мен қоғамға қарап түзелсе, ғұмыры – жылдық. Адам өзін-өзі түзесе, оның ғұмыры – мәңгілік.

Қос сегіз міселесін алгоритімдейін (Досым деген адамыңа сегізді істе, сегізді істеме) –

Сегізді істе:

1. Қуанышымен құттықтауды ұмытпа.
2. Көңілі қаралы, жаны жаралы болса жанынан табыл!
3. Алыс жүрсен хабарласып, іздесіп тұр.
4. Әр қандай жағдайда уәдеңе берік бол. Болмаса себебін түсіндір.
5. Басы қатерге шұраса кеуде керіп қорғай біл.
6. Жанұяларыңда қонақ болысып, сыр бөлісуді әдетке айналдыр.
7. Досыңның айтқысы келмегенін сұрама.
8. Кешірімшіл, кең бол. Бір-біріңмен тең бол.

Сегізді істеме:

1. Досыңа алакөңілден аулақ бол. Айтқаныңнан әр кез айныма.
2. Ұсынған сұрағыңды қайтарып алма.
3. Қиыншылығымды шешіп бер деп қолқа салма.
4. Түн ішінде жар төсегінде жатқан досыңды далаға шақырма.

5. Ашуыңа, кегіңе көмекке шақырма.
 6. Әзіл айтамын деп асырып жіберме.
 7. Досыңның намысына тиетін сөз айтпа.
 8. Елдің көзінше досыңның жағымсыз қылығын бетіне баспа.
- Мемлекет заңы алдында қылмысын жасырма.



рухы алдынан кезіккен кедергілерден жұрттың аяроймен апыл шықты. Тереасіз тең, көрегісі кең, болашағы баянды ел болуымызға қуғам қайраткерлері тереңнен ой толғап, тыңнан даңғыл жол салып берді.

Ал бүгінгі күні қазақ халқы тәуелсіз ел Тәуелсіздігімізге - 25 жыл! Қазақ елі – құт-береке дарыған, бақ-дәулеттің ақ құсы қонған, ең жайлауында төрт түлгі ескен мекен. Басамызға қожан бақыттың қадірін біз білеміз бе? Әрине, білеміз!

Президентіміз Н.Назарбаевтың баыпты басшылығымен жарқын болашақты бетке алған халқымыз қолдауымен қыруар құмыстар жүргізіліп жатыр. «Мәңгілік Ел!» Жалпыұлттық идеясының төңірегіне топта-сқанда ғана біз еліміздің болашағын қамтамасыз ететін қуатты мемлекетке айналамыз. Бүгінгі өмірдің басты талабы осы. Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы – Елбасы ұсынған өміршен реформалардың іске асуына өзіндік үлесін қосу. Елбасының алтын тақтаға қашап жазғандай халыққа жолдаулары ел ішінде қолдау тауып, жүзеге аса беретіндігіне мен кәміл сенемін.

Мақсұтхан АҚЫШТЕП,
Көрней ауылы

Елім менің, өркендей бер

ның 20 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Бұқар жыраудың туғанына 350 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын және де облыстық білім басқармасының 80 жылдығын өз деңгейінде атап өте отырып, біз жалғы қазақстандықтардың рухани тұрғыда бұрынғыдан да күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер ұйымшыл халық екенін анық көрсеттік. «Қазақстан, тек алға!» деген біздің басты ұранымыз тарихтың жаңа жауапкершілікті іс-шараларында жанаша үн мен неғұрлым терең мағынаға ие болғандығына көзімізді жеткіздік.

Кең дала тесінде өмін-еркін жаз - жайлауға, қыс - қыстауға мезгілінде көшіп, өні мен жырын тамылжытып, сан-салтанатын, болаттай бекем бірлігін тәмилжытып, шығындай сақтаған ата-бабаларымыз қаншама қиындықтарды газиз басынан батылдырып, батырлықпен өткерді. Басына түскен қайғыны қайыспай қарсы алып, тәуелсіз еліміздің көк туын желбіреткен күнге де аман-өсеңдікте жеттік. Тарлан тарихтың беттерін асылып-апытымай, біртіндеп парақтасақ, қаншама көдергілер мен өткелдерден өткенімізді анық аңғарамыз. Сол қиындықтарды жеңуде жұрттың береке-бірлігін берік сақтаған қазыналы қарттарымыздың ақ ниетті, көк пейілді аналарымыздың махаббаты мен мейірімі ұрпақтарына құсалыс күш-жігер берді. Ержүрек ұлдарымыз бен батыл қыздарымыздың әл ертеңіне деген сенімі мен

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын, жүзгәен тұлпардың тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. «Елдің өркенін білең келсе жолына қара» деген түсінік қазақ халқында қалыптасқан. Тұрақтылық пен келісім деген не? Ол - отбасылық әл-ауқат, жер тұтасстығы, Отан қауіпсіздігі. Бейбітшілік - әке мен шеше қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты.

Бейбітшілік – ол тұрақты жұмыс орны, жетілдікті жа-лақы және ертеңгі күнге, болашаққа деген қалпысыз сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынты өң-белтен құрғап, нығайтуды қажетсініптің жалтмалықтық шара. Елбасымыз «Жастар - біздің болашағымыздың тірегі» дегенді үнемі айтып келеді. Мемлекет және бұ-мы барлық ескер мен жолдарды айқара ашты. «Тұрлы Жол», міне, біздің креативті жастарымыздың күш-жігерін жұмсап, қулашын кең сермейтін сәті. Біз үшін Конституциямыз, Қазақстан халқы Ассамблеясы-

«Бұқар жырау жаршысы» газетінен

Айтқан сөзіңе, ойлаған ойыңа, тұрмысыңа, қимылыңа, бәріне билік айтатын – жеткен жетістігің, нақты нәтижен, бағындырған биігің.

Қазақстан тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан бастап, балауса балаша қуанып, дана адамша толғанып, сенімімді – арман-үмітімді – қос қанат қылып, өмір атты өзенге ақыл-ойымды шомылдырып, халқымның тілеуін тіледім, жоғын жоқтадым. Тәуелсіз Қазақ елінің бір шөкімдей тұзының кемдігі байқалады. Дәмі татыңқырамай тұрған осы тамаққа шым-шым тұз сала алсам арманым болмас еді.

Қазақтың өні-түсі, көрік-келбеті, мінез-құлықы, салт-дәстүрі, білім-ғылымы, мәдениеті, толықтыра айтқанда, өзгелерге мүлдем ұқсамайтын болмыс-бітімі, халықтық қалыбы, үні, жан-тәні, жалпы жаратылысы ерекше сипатпенен берілген табиғи қайталанбас құбылыс. Қазақ халқында әншілік те, күйшілік те, шешендік те, көсемдік те, даналық та, данышпандық та қасиеттер айқын айғақталған.

*Байқа! Жыланның уы бір рет,
Арамза адамның уы мың рет.
Жылан шақса ем аларсың жазылар,
Арам адам шақса саған көр қазылар.*

*Қиын заманда тердім масақты,
Жанарымнан тамшылап жас ақты.
Бірақта мен бірде жасымадым,
Күттім жемісін мол беретін бақты.*

*Қандай шеше тербетеді бесігімді,
Кім ашады алтын жақтау есігімді?
Қандай адам билік айтар қазаққа,
Қалдырмайтын халықты мазаққа?*

*Бесік жырын жырлай білген шеше,
Әндетіп тербетеді ағаш бесігімді.
Сөзі қазыналы, ұстаздыққа ұста,
Иманды кісі ашады алтын есігімді.*

*Ойы биік, білім-ғылымды адам,
Қазақ елінің тұтқасын ұстайды.
Өнері өрлі, патша парасатты,
Көреген дананы халық құптайды.*

*Қасиетті жеріміздің иесі бар,
Өнегелі халқымыздың киесі бар!
Салт-дәстүрді берік ұстанған,
Ұранды ұрпағымыздың тиесі бар!*

*Қазақтың жасына –
Нұр-сәуле жанар деймін!
Қазақтың басына –
Бақ-дәулет қонар деймін!*

*Жерім мал-жанға толып,
Еңбектің қазаны қайнайды!
Өсиет-бата қабыл болып,
Ел-жұртым гүл-жайнайды!*

Жеткен арманың – желінген жақсы тамағың мен киген жақсы киімің сияқты. Адам өмірі асқар таулар мен кең дала. Даланың жазығын баспай, таудың асқарынан аспай, әсте, болмайды. Сен адамсың, мұны өміріңнің әр сағатында ұмытпа, асылдан асыл туған адамның баласы.

Азаттықты аялап, Тәуелсіздікті тұмар тұту – ұрпақ тірбиесіндегі ең маңызды, қасиетті жүйе. Алла Тағала талай ғасырлық азап пен мехнаттың өтемі ретінде, халқымыздың көз жасы мен төгілген қанының қайтымы ретінде Тәуелсіздікті қазаққа тарту етті! Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау, қорғау – қазақ ұлтына сын, келер ұрпаққан – аманат және де парыз!

Тамырсыз таста да тарих бар. Ал талай дәуірлер төсінен дүрілдеп өткен мына даланың сырын әлі толық тани алмай жүрміз. Қанша жерден зерттеп, зерделеп, ми қаптарында қортсақ та, тарихтың тұңғығын түсіне алмай кетуіміз әбден мүмкін. Сондай құбылыстың бірі – қасиетті Қағыба.

Тарихымыз адамгершілікті аңсап, игілік іздеген талай зиялы адамдармен таныс. Ақындар арындай жыр ағызса, ғалымдар қауымы тіршілік дүниесінің сыр-сипатын ой елегінен өткізіп, әлемге әйгіледі. Солардың нақ ортасында парасатты дін өкілдері де жан ұшырып жүрді. Ғасырлар бойы халыққа қызмет еткен, жанымызға жарасып, ойымызға орнаған дінімізден бір уақыттарда көз жазып қала жаздадық-ау...

Бұл жалған дүниеде қазақтың жері барда, қазақтың елі барда, тойлы да, ойлы да, халқымыз гүл жайнап, жасай бермек. Хлақымыз тәуелсіздікті тұғыр етіп, бірлікті ұран етіп, рухты ту етіп, жаратқанға жалбарынып, табыстан табысқа жете береді. Абызды сыйлап, жастарды жақтап, еңбекке беріліп, өнері төгіліп, бақ-дәулеті артқан үстіне арта түспек. Достықты дәріптеп, бабалар аманатын орындап, сүбелі де ақылды сөзге тоқтап, Ата заңға бағынып, халықымның пәрмен-пайымы қомақтанған үстіне қомақтанары айдан анық. Жерім деп тамырланамыз. Елім деп масаттанамыз. Ерім деп айбаттанамыз. Көк туымызды желбіретсе, биік ұстап, таулардың шыңынан көрінеміз. Ұранымызды аспандата шырықтатып, жігерленеміз, рухтанамыз. Елтаңбамызға қаратып, жер-жаһан жұртына үлгі-өнегемізбен һәм таныламыз. Ұлы Отанды, Отан-Ананы қастерлейміз, құрметтейміз, қадір тұтамыз!

1944 жыл. 16 шілде. Адамзат адамзат болғаннан бергідегі уақытта бүкіл Европаны, Солтүстік Африка мен Шығыс Азияны қамтыған ең ұлы, ең

қанқұйлы соғыс 1943 жылдың соңына қарай өзінің апогейі – шарықтау шегінен бұрқырата өткендей еді. Дегенмен де, олай болмай шықты. Зорлық-зомбылықтың ауқымды жалыны бетті қарып, жүректі күйдірді. Сол соғыс сұрапылының отты құйыны көкте де, жерде де, суда да ойнақ салды. Кесір-кесапат зұлматы-зардабын, өкінішке қарай, көптеген адамдар бүгінгі күнге дейін өз көздерімен көруде. Соғыс жүректі сыздатып, жанды күйзелтетін қайғы-қасірет.

Уақыт ұзыны да адам жадынан өшіре алмас, қандай қоғамда да мәнін жоғалтпас, құндылықтардың қатарында қалқып қалатыны Ұлы Отан соғысы жылдарындағы бар халықтық ерлік. Ұлы Жеңістің қызыл туы желбірегеніне жетпіс жыл толды. Арада бүтін бір ұрпақ алмасты. Қатары мықтап селдірей түскен кешегі соғыстың қарт сарбаздары басты құметтілеріміз. Ал Батыстан қайтып оралмаған боздақтар өз алдына бір төбе. Сол боздақтар, сондай-ақ, қан майданнан аман-есен келіп, бейбіт өмірде лайықты іздерін қалдырып, бақилық болған әкелер рухы ешқашан ұмытылмайды.

Ата-баба тарихына тереңірек үңіліп, өзінің шыққан тегін, ата-бабасын, көшіп-қонып жүрген жерін анықтай түсу мақсатында қолынан келген іс-әрекетін жүзеге асыруға тырысқан көзі ашық, саясаттан хабары мол, жұртшылық қамын ойлаған, дүние-дүрмектен аты-рухы кеткен, қазір немере-шөберелері арамызда жүрген кісілер турасында неге айтпасқа?

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп айтқан бұрынғылар. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің еңбектері де, ерліктері де келер ұрпаққа гибрат. Олар ауданымыздың құрметті азаматтары болмағаны қалай? Бүгінгі күні өмірде бар, Ұлы Отан соғысына қатысқан қаһармандарға, сондай-ақ, еңбек майданының майталмандарына «Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы» деген атақты берген дұрыс болар еді деп ойлаймын. Сондай-ақ, қой баққан, ой баққан, сан есептің, мән есептің маңғаз корифейі, Баян Көкенұлының жанқиярлық еңбегі атап айтуға лайық. Баян Көкенұлы сынды, ұлағатты ұстаздың 50 жылдан астам еңбек өтілімінде білім-ғылым саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз – академиялық деңгейге пара-пар. Билік тізгінін ұстаған тұлғалар мен өңір жұртынан – «Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы» атағын – Баян Көкенұлына беруді өтіне отырып, сұраймын.

Қолданылған әдебиет

«Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» М.Мағауин, Алматы, «Ана тілі» газеті, 1992.

«Ежелгі дүние тарихы» А.А.Вигасин, Г.И.Годер, И.С.Свенцицкая. Алматы «Рауан» 1998.

«Қазақ әдебиеті» С.Макпырұлы, Г.Құрманбай, А.Қыраубайқызы. Алматы «Мектеп» 2004.

«Кочевники» И.Есенберлин. Алматы 2005.

«Көне көкшетау, байырғы Баянаула байтағының тарихы» М.Апысбес, Т.Аршабек, Е. Кейкі. Астана 2005.

«Қаржас шежіресі» Д.Ж.Біләлов, Б.Д. Билялов. Қарағанды 2010.

Мәшһүр-Жүсіп және дін қағидастары» Ә.Пазылов. Шымкент 2013.

«Егемен Қазақстан» газеті, № 25 (28503), 07.02.15.

«Қария сөз» - ел ішінің әпсанасы, атадан атаға жалғасқан сөз-деректер.

Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. Том IV. Аккелинская волость. Ауыл №1, №11, №28, №32. Стр. 2, 14, 18, 18. Воронеж 1903 г. Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. Том I. Выпуск I. Повторное обследование. 1910 г. Аккелинская волость. Ауыл №1, №12, №21, №18. 1897г. Стр. 6, 10, 10, 14. Семпалатинск 1912 . ЦГА РК фонд 64 опись 1 дело 2339 связка 230

«Абай» I том. «Жазушы» Алматы 1986.

«Шокан Уәлиханов» I том. Алматы 2010.

«Планета Сатпаева» Медеу Сарсеке (Перевод с казахского Сергея Плеханова и автора). Алматы 2002.

Мәңгілік ел – Қазақстан. «Қазақстан энциклопедиясы» ЖШС. Алматы – 2017.

«Қазақ салт-дәстүрлері» «Балауса баспасы» Алматы 2017.

«Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» (Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері – бата-тілектер, той-мерекелер, ажал-өлім туралы. 5-том). Айып Нүсіпокасылы, Әкімбай Жапарұлы. «Өнер» Алматы 2011.

«Қажы Мұқан» (Нартұлға). Мұрат Керейбай. «Фолиант» Астана 2006.

«Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» Ауданбек Көбесов. Алматы «Санат» 2002.

«Европа. Тюрки. Великая степь.» Мурад Аджи. Москва «Астрель» 2011.

«Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию» С.Б.Булекбаев. Алматы «Bavis systems» 2016.

«Қазақ тарихынан» Алматы «Жазушы баспасы» 2004.

«Блама өсиет» Имам Ғаззали, Алматы 2017.

Абай Құнанбаев: «Адам деген данқым бар» «Халықаралық Абай клубы» Жидебай – 2018.

«Рудник Семизбугы и его люди» Ю.Г.Попов, Караганда, 2017.

Интернет жүйесінен ақпараттар алынды.

Мазмұн

Өмір-өрім -----	1
Кіріспе -----	3
I Акку арман – аққу әуен -----	5
II Өтініш-өсиет -----	8
III Әбу Ханифа мәзһабы -----	23
IV Аймағанбет қажы -----	33
V Әлемдегі ең үлкен ақиқат -----	57
VI Елигай елім-ай! -----	100
VII Ана – Жер-ана, Отан-ана -----	106
VIII Төл арихым – түп тамырым -----	111
IX Дәстүріміздің діңі де, тіңі де - дінде -----	114
X Ғасырдан ғасырға өткен -----	128
XI Отан оттан да ыстық -----	130
XII Аманатқа қиянат жоқ -----	148
XIII Әдебиет әлемі – көркем сөз келбеті -----	154
XIV Артық ғылым кітапта -----	176
XV Батырлар бейнесі -----	198
XVI Жырау -----	214
XVII Абай -----	245
XVIII Тарих тамырына терең түскенде -----	254
XIX Интернет игілігі иірімдерінен -----	272
XX Тәртіп түлік -----	299
XXI Қазақ -----	305
XXII Қазақтың салт-дәстүрі -----	324
XXIII Сәкен -----	353
XXIV Алатау аталардың айтқандары -----	367
XXV Жайлауда жатқан жыр-жоталар -----	371
XXVI Қос Семіз мұнарланған -----	402
XXVII Жанұя -----	420
Түйін -----	435
Қолданылған әдебиеттер -----	440

АҚЫШ Мақсұтхан Тирмизиұлы

АҚҚУ АҚ ЕРКЕМ – АҚҚУ ӨУЕНІМ

Қазақ тілінде

Редакторы Төрехан МАЙБАС
Корректоры Мейрам ҺӘКІМЖАН
Техникалық редакторы Нұрбол ИГЕН
Көркемдік редакторы Мильсим Жамиев

Теруге 07.10.2019 жіберілді.
Басуға 29.10.2019 қол қойылды.
Пішіні 60x90 1/16. Жоғары басылыс.
Шартты баспатабағы.
Есептік баспатабағы.
Таралымы 200.
Бағасы келісімді.

